

**Қарағанды облысында білім беруді  
дамытудың оқу-әдістемелік орталығы**



**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ  
ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ  
Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған  
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция**

**Республиканская научно-практическая конференция  
посвященная 180-летию  
И. Алтынсарина  
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ  
ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ»**

**Қарағанды 2021**

Редакциялық алқа:

Б.Х.Абдикерова, Н.А.Бейсенбекова, Г.Б.Жаркеева, Р.А. Кенешова, Г.Ж. Ахметова, Б.Ж. Махаева, Д.К.Тусыпбаева, М.А.Сагибаева, Д.Д. Бұланбаев

## **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ:**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары.

—Қарағанды: «№101 мектеп-лицей» КММ, 2021.

-672 б.

Жинаққа 2021 жылдың 26 қазанда өткен Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған республикалық «Қазақстандық білім беру жүйесіндегі дәстүр мен жаңашылдық» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енді.

Ыбырай Алтынсариннің ғылыми мұраларының бүгінгі күндегі өзектілігін анықтау мақсатында жазылған бұл тарихи деректер ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, студенттер мен оқушыларға арналады.

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

## МАЗМҰНЫ

М.Хамзин.....	20
Ы. АЛТАНСАРИН МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ .....	20
С. Оспанұлы.....	22
К. Мырзағалиева.....	22
АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАНТ АЛАШ АЗАМАТТАРЫ.....	22
Н. Т. Шектыбаева .....	26
Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ .....	26
Г.К. Ибрагимова .....	29
ВИЗУАЛИЗАЦИЯ НЕОТЪЕМЛЕМАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ОБУЧЕНИЯ .....	29
Д. Б. Бакаев .....	32
ЫБЫРАЙ САЛҒАН ІЗБЕНЕН.....	32
Ж.А.Рүстемова.....	34
ИСЛАМИ ДҮНИЕТАНЫМ Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДА .....	34
А. Т. Кызылбекова.....	38
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ: ИДЕЯЛАРЫ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	38
А. А. Жұмашева.....	42
«ИБРАЙ АЛТЫНСАРИН-ПРОСВЕТИТЕЛЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА» .....	42
С.К.Байготанова, К.Б.Уалибекова .....	44
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ САН ҚЫРЛЫЛЫҒЫ.....	44
А.Б. Жакипбекова.....	46
ҰСТАЗ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ .....	46
Сапарова Г.Б., .....	50
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	50
Козлова И.И. ....	52
ГЕНДЕРНЫЙ ПОДХОД В РАЗВИТИИ МЫСЛИТЕЛЬНЫХ ОПЕРАЦИЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ .....	52
Г.Б.Садуакасова .....	55
ӨРЕКЕТТІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІН ДАМУЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ .....	55
Ёлшина Л.С., Кусшибекова Г.Н. ....	58
ВЗГЛЯД УЧИТЕЛЕЙ - ПРАКТИКОВ НА СКРЫТЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ МЕЖПРЕДМЕТНОЙ ИНТЕГРАЦИИ ЗНАНИЙ НА ПУТИ РАЗВИТИЯ УСПЕШНОГО УЧЕНИКА .....	58
Медведева Т.В. ....	61
РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОСТИ ЧЕРЕЗ КОНТЕКСТНЫЕ ЗАДАЧИ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ В 5-6 КЛАССАХ.....	61

Ғ. Ғ. Смагулова .....	65
Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАУ .....	65
Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең табылады?». Өмірді өзгерткен кеңес .....	66
Б.Е.Ахметов .....	68
ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ .....	68
Ж. Р. Ибадельдаева, А. Б.Испулаева,.....	72
ЗНАЧЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ДИСТАНЦИОННОМ ОБРАЗОВАНИИ. .....	72
М.Б.Кабылова, А.Р.Макетова.....	74
МОБИЛЬДІ ДИДАКТИКАЛЫҚ ӨЗІРЛЕМЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ .....	74
Е.И. Дружинина.....	78
«РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ И ХИМИИ, ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТВОРЧЕСКИХ, ИНТЕГРИРОВАННЫХ ЗАДАНИЙ» ....	78
П. Бакыткызы.....	81
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ: «ЗАМАНАУИ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУ» .....	81
Асхатова Г. А. ....	84
РОЛЬ ШКОЛЬНОЙ БИБЛИОТЕКИ В ФОРМИРОВАНИИ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ: ВЫЯВЛЕНИЕ И АНАЛИЗ ЧИТАТЕЛЬСКИХ ПРЕДПОЧТЕНИЙ УЧАЩИХСЯ .....	84
Б.А.Тусупханова.....	86
А.А.Нағыметов .....	86
КІТАП ОҚУ ДӘСТҮРІН ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ РӨЛІ .....	86
Лазарева А.Л. ....	90
РОЖДЕННЫЕ ЧИТАТЬ, ИЛИ КАК ПОДРУЖИТЬ СЕМЬЮ С КНИГОЙ .....	90
Б.А. Касымова.....	93
КІТАПХАНА – МӨРТЕБЕСІ БИІК КИЕЛІ ШАҢЫРАҚ .....	93
Алиаскарова А.А. ....	96
ВЛИЯНИЕ ШКОЛЬНОЙ БИБЛИОТЕКИ НА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ УЧАЩИХСЯ. .....	96
Б.С.Абдыкул .....	98
МАТЕМАТИКА САБАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ .....	98
Қ.А. Абзалбекова.....	101
Ы.АЛТЫНСАРИН ЖАЙЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР .....	101
С.Е Абилда, Д.Э.Ахметов .....	103

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА ПСИХИКАСЫ МЕН ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РӨЛІ .....	103
А.Қ.Абилдина .....	107
ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДА ҰЛТ ҰСТАЗЫ – ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ АЛАР ОРНЫ .....	107
Г.А.Абикенова .....	110
ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ТҰСТАРЫ.....	110
Абикенова М.Б., Миллер Е.А.....	112
ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА КАК ГАРАНТ АКТУАЛЬНОСТИ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В БУДУЩЕМ. ....	112
Ж.А. Абилхаирова .....	115
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....	115
Абитаева Н.Е .....	118
РАЗВИТИЕ ЕСТЕСТВЕННО - НАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ .....	118
А.Т.Абишева.....	121
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТАҒЫЛЫМЫ – БҮГІНГІ БАСТАУЫШ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ .....	121
К.Е.Адилова.....	124
МҰҒАЛІМНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ РӨЛІ .....	124
Ж.К. Абикенова, Г.З. Аубакирова .....	128
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ: ШЫНАЙЫ ӨМІР ЖӘНЕ СЫНИ ОЙЛАУ .....	128
А.Х.Азбаева .....	131
Қ.Сәтбаев .....	131
ОҚУШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУ: ІЗДЕНІС, НӘТИЖЕ .....	131
Айдаркожина Д. Ж. ....	133
САМОСТОЯТЕЛЬНОЕ ИЗУЧЕНИЕ КАК ОДНА ИЗ ФОРМ МОТИВАЦИИ УЧЕНИКА В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ .....	133
Ш.М.Айтқожина.....	135
ЫБЫРАЙ – БІЛІМНІҢ ТУЫН АСҚАҚТАТҚАН АҒАРТУШЫ.....	135
Г.З. Акимбекова.....	139
САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІ (LESSON STUDY) ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ҰЙЫМДАСТЫРУ .....	139
Амандыкова Э.Ж. ....	143
Пшеничникова Л.М .....	143

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА НАГЛЯДНОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ НА ЗАНЯТИЯХ ПО КОРРЕКЦИИ НЕДОСТАТКОВ РАЗВИТИЯ РЕЧИ.....	143
Л.А.Амерханова.....	146
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....	146
К.Ж.Амирбекова.....	148
БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ .....	148
М.Н.Амиртаева .....	151
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ .....	151
Амирхаирова Г.Ж. ....	153
ПЕДАГОГ-ПРОСВЕТИТЕЛЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	153
Ш.Ж. Амирханова .....	155
АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ .....	155
Қ.А. Амралина .....	158
Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ КӨП ҚЫРЛЫ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАҢДА ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	158
Андреева А. В.....	159
МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ТРИЗ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИННОВАЦИОННОЕ СРЕДСТВО АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА .....	159
С. Ануар, .....	163
МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ .....	163
С.С.Арыстанова.....	165
КЕЛЕШЕКТІҢ КІЛТІ - КІТАПТА .....	165
Г.Р.Аханова.....	168
Б.Амалбеков.....	168
БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ - ЖАСАМПАЗДЫҚ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ .....	168
Ахметова Г. Ж. ....	170
НАУЧНЫЕ ОРИЕНТИРЫ ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ ПЕДАГОГИКИ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА .....	170
А. Ш. Ахметова .....	174
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ - ӨМІР ҚАЖЕТТІЛІГІ.....	174
Г.Е.Ахметова .....	178
Ы. АЛТЫНСАРИН ӨНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ .....	178
Ахметов Ж.А. ....	181
ДЕТСКАЯ ЛЕГКАЯ АТЛЕТИКА В ШКОЛЕ.....	181
Д.Т.Байжигитова, А.У.Уатаева .....	183

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК РӨЛІ .....	184
Р.Т.Байжантаева .....	186
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢДА Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	186
Ж.М.Баймуханова.....	189
АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	189
Б.М.Байсеркина .....	192
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ...	192
К. К. Балабекова, Н. Т. Пірімбет .....	194
ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ Ы. АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ .....	194
С.Балби .....	197
ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫНЫҢ Ы.АЛТЫНСАРИН ІЛІМІ .....	197
Ж.С. Балкеев .....	200
Ы. АЛТЫНСАРИН – ТҰҢҒЫШ КЕМЕҢГЕР .....	200
Батырбекова Н.Н. ....	203
ЫБРАЙ АЛТЫНСАРИН: «ВАЖНЕЙШАЯ МИССИЯ УЧИТЕЛЯ».....	203
Бахтина О. Б.....	206
ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРИ ОБУЧЕНИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ....	206
Баяхметова Г. Ж., Курманова А. Ж. ....	208
ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ..... ПРОЦЕССЕ.....	208
С.Ж.Баяхметова .....	211
ДАЛАНЫҢ ДАНА ҰСТАЗЫ .....	211
С.А.Бейбитов, К.С.Турганбаев .....	214
МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....	214
Н.А. Бейсенбекова .....	216
А.К. Тарыбаева .....	216
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНДЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ОҚЫТУДАҒЫ KEЙБІР ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР.....	216
Беркамалова Б.Н. ....	220
СОВРЕМЕННЫЕ ПРИЕМЫ И ТЕХНОЛОГИИ В РАБОТЕ С ТЕКСТАМИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В УСЛОВИЯХ СМЕШАННОЙ ФОРМЫ ОБУЧЕНИЯ. .....	220
К.К. Билялова, А.Н.Елубаева .....	222
ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА СЫНЫПТАН ТЫС ОҚЫТУДЫ ТИІМДІ ЖҮРГІЗУ .....	223

Г. К. Блялова .....	226
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ- ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ .....	226
Билько С. И. ....	228
ЫБРАЙ АЛТЫНСАРИН И ОГРОМНЫЙ ШАГ К ГЕНДЕРНОМУ .....	228
РАВЕНСТВУ В ОБРАЗОВАНИИ СОВРЕМЕННОЙ РЕСПУБЛИКИ .....	228
КАЗАСТАН .....	228
Қ.О.Битимбаева .....	230
МӘҢГІЛІК ІЗ ҚАЛДЫРДЫ ӘР САНАҒА .....	230
Бондаренко А.А. ....	232
Курохтина О.В. ....	232
АКТУЛЬНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИДЕЙ ЫБРАЯ АЛТЫНСАРИНА В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ .....	232
Ж.Т.Бримжанова .....	235
ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА НӘТИЖЕГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ЖАҢАША БІЛІМ БЕРУ .....	235
Д.Д.Бұланбаев .....	238
ЫБЫРАЙ МҰРАСЫНА ЫҚЫЛАС .....	238
Верстакова И. Н. ....	240
ПЕДАГОГИЧЕСКИ ИДЕИ ЫБРАЯ АЛТЫНСАРИНА .....	240
Гельманова Я.М. ....	242
ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ Ы. АЛТЫНСАРИНА НА УРОКАХ САМОПОЗНАНИЯ .....	243
Голобурдина А.В. ....	245
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СИСТЕМА Ы.АЛТЫНСАРИНА КАК ОДНО ИЗ НАПРАВЛЕНИЙ НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКИ .....	246
Гремякова Л.Н. ....	250
РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ .....	251
МАТЕМАТИКИ .....	251
Гудун Л.Л., Гусманова Г.С. ....	253
ФОРМИРОВАНИЕ У УЧАЩИХСЯ ОРИЕНТАЦИИ НА УСПЕХ НА УРОКАХ ИНФОРМАТИКИ .....	254
Даришева С. С., .....	256
МЕТОДЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДРАМАТУРГИИ В УЧЕБНОЙ И ВНЕКЛАССНОЙ РАБОТЕ КАК РАЗВИТИЕ МЕТАПРЕДМЕТНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ .....	256
С. Д. Дауылбай .....	259
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ .....	259
Даулетова Ж.Б.,Болатбекова А.Б. ....	261



ЭКОНОМИКАДА ЖӘНЕ ҚОҒАМДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ДАМУ РӨЛІ.....	261
Р. Ү. Демесинова .....	264
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ - БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ .....	264
Дикань Н.П. ....	267
Белая Н.И. ....	267
РЕАЛИЗАЦИЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ СРЕДСТВАМИ ХОРЕОГРАФИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ .....	267
Л.К.Доскенова .....	271
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ.....	271
Г.И.Достаева .....	274
ЫБЫРАЙ ӨНГІМЕЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА.....	274
Г.С.Дүйсембек .....	276
“ЫБЫРАЙ – ШАҒЫН ӨНГІМЕ ШЕБЕРІ” .....	276
А.Ж.Дюсекова, Д.Б.Қыйлыбай .....	279
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ҚАЗІРГІ БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНУ .....	279
Евдокимова Л.А.....	282
ОРГАНИЗАЦИЯ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ.....	282
П.А.Ермекова.....	285
ЖАС ҰРПАҚҚА ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ КІТАПХАНАНЫҢ РӨЛІ .....	285
Ш.А. Есенова .....	286
ХИМИЯ ПӘНІНДЕ ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ .....	286
Жакупбекова Д. Ж. ....	289
ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ .....	289
Л.Қ.Жалакова.....	292
ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫҚТЫ ҰСТАЗЫ .....	292
Жантенова А.А. ....	295
УЧИТЕЛЬ И УЧЕНИК: ПУТЬ К ИССЛЕДОВАНИЮ .....	295
Жапабаева А.С. ....	297
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	297
Г. Б. Жаркеева.....	300
ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....	300
Г. Ә. Жаркеева .....	302
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ.....	302

М.Е.Жармагамбетова .....	305
«ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ».....	305
Жәкен Н .....	308
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ .....	308
Ж.И. Жолдыбалина.....	311
«ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ» .....	311
А.К. Жолымбетова.....	314
А.М.Манат .....	314
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	314
Жубеков Н.А. ....	317
ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ.....	317
ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В.....	317
ВОПРОСАХ СОБСТВЕННОГО ЗДОРОВЬЯ .....	317
А.Т.Жумагулова .....	320
ЫБЫРАЙ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ.....	320
Ж.Т.Жулбаева .....	322
ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ .....	322
С.Е.Жунусбеков.....	324
«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ .....	324
А.Қ.Жұмадильдинова.....	327
Ы.АЛТЫНСАРИН - ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІН САЛУШЫ .....	327
Жұмашева А. А.....	330
«ИБРАЙ АЛТЫНСАРИН-ПРОСВЕТИТЕЛЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА» .....	330
Заит П.....	332
ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ – Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ МУЗЫКА ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	332
Звижинская Н.И.....	335
ФОРМИРОВАНИЕ ЖИЗНЕННЫХ КОМПЕТЕНТНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ ПУТЕМ ВНЕДРЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ХИМИИ.....	335
Зобнина И. Е. ....	337
РЕАЛИЗАЦИЯ ИДЕЙ ЭТНОПЕДАГОГИКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ .....	337
Итикеева М.А. ....	340
ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УЧЕБНЫХ ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ. ....	340

Б.А.Исбекова .....	342
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӨНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ТӘЛІМІ .....	342
Кабылова М.Б., Мұхаев І.Д. ....	345
ЭССЕ МЕН ШЫҒАРМАНЫ ШАТАСТЫРЫП АЛҒАН ЖОҚСЫЗ БА?.. ....	345
Н.С.Калкенова .....	348
Р.Асубаев .....	348
ДАЛАНЫҢ ДАРА ЖҰЛДЫЗЫ.....	348
Каликбергенова Г.Б. Омарова М.М. ....	353
РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ .....	353
Кантарбаева Г. ....	356
РЕАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПЦИИ «ОБРАЗОВАНИЕ ЧЕРЕЗ ВСЮ ЖИЗНЬ» НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	356
Н. Ш.Кашкынбаева.....	359
САУАТ АШУ ПӘНІНДЕ ТІРЕК СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ .....	359
Кенешова Р.А.....	361
Дилеева И. И. ....	361
ВНЕДРЕНИЕ ПРОДУКТИВНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЗАНЯТИЯХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРОЙ В ВОСПИТАНИИ НРАВСТВЕННОСТИ УЧАЩИХСЯ .....	361
Кожамжарова Ж. Б .....	363
МИНИ-ПРОЕКТЫ, ИССЛЕДОВАНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО .....	363
ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ .....	363
Н. Д. Койлыбекова, Л. Омирбек .....	365
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ .....	365
Колесникова О.И., Елшина Л.С. ....	368
ЭЛЛЕКТИВНЫЙ КУРС ПО ЕСТЕСТВОЗНАНИЮ «МИР .....	369
ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК», КАК ИННОВАЦИОННАЯ ФОРМА.....	369
ОБУЧЕНИЯ УЧАЩИХСЯ 5-6 КЛАССОВ .....	369
С. Б. Кенжегозина.....	372
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖӘНЕ РУХАНИ- АДАМГЕРШЛІК ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	372
Ким А.А. ....	375
Фатхуллина Н.В.....	376
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ И КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ: СПОСОБЫ И ПРИЕМЫ.....	376

Кирьянова Е.В. ....	378
Пашенко Н.В. ....	378
ОБУЧЕНИЕ ЧТЕНИЮ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ. ....	379
Киселева Е.С. ....	380
ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ. ....	380
Б.З.Киянбекова ....	383
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ ....	383
Клишина Л.А. ....	386
Филонова Е.П. ....	386
ЦИФРОВЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ И СЕРВИСЫ В РАБОТЕ ПЕДАГОГА ....	387
Б. Ж. Конуров ....	388
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ....	388
Копалова Г.О. ....	390
РАЗВИТИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ ....	391
Копбаева Е.В. ....	393
ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ЭФФЕКТИВНОЕ СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ СВЯЗНОЙ РЕЧИ В РАБОТЕ С ДЕТЬМИ С ООП В 5-6 КЛАССАХ ....	393
Ж. К. Куанышбекова ....	395
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ....	396
Кулсариева З.А. ....	398
ЖАС ҰРПАҚҚА БІЛІМ БЕРУДЕГІ КІТАПХАНАНЫҢ РӨЛІ ....	399
Кусаинова Н.Ж, Акбаева Б.К. ....	401
ЧЕМПИОНАТ ПО ЧТЕНИЮ ВСЛУХ: МЕЖДУНАРОДНОЕ ....	401
ПАРТНЁРСТВО ....	401
А. М. Қайыркүл ....	404
САБАҚ ҮРДІСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ЖЕТІСТІКТІҢ НЕГІЗГІ БАҒДАРЫ ....	404
Қапасова Б. Қ. ....	406
Елікпаев С. Т. ....	406
Ы. АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ ....	406
Н. Қасымұлы ....	409
ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ГРАФИКАЛЫҚ ОРГАНАЙЗЕРЛЕР ....	409
Лаптева Т.В. ....	412
Берзан О.В. ....	412

ПРИЁМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ (НА ОСНОВЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Ы.АЛТЫНСАРИНА).....	412
Ливинец Н.П.....	414
Бандалетова Е.С.,.....	414
ВНЕДРЕНИЕ QR-КОДА НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ В.....	414
НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ .....	414
А.И.Малгаждарова .....	417
КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ .....	417
Малютина С.Р.....	420
Фефелова М.В.....	420
ВЕБИНАР КАК СОВРЕМЕННОЕ СРЕДСТВО ОБУЧЕНИЯ .....	420
Манакбаева Г.Т.....	422
ПРЕПОДАВАНИЕ БИОЛОГИИ В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ.....	422
Г.М.Манатаева.....	426
ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ В ШКОЛЕ .....	426
Б.Ж.Махаева, К.М.Сатбекова.....	429
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	429
Т.Т.Мейрам .....	432
ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ: ЖАҢАДАН ЖАҢАНЫ ТАБУ .....	432
Л.Н. Мескен .....	434
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	434
Минасипова А.К. ....	436
ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ 21 ВЕКА В ОБРАЗОВАНИИ. ....	436
Ж. Т. Момынбекова.....	439
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ Ұ.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ .....	439
Т.Ғ.Молдабаев .....	442
«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ .....	442
Т.Ғ. Молдабаев .....	444
Т.О. Алтайбеков .....	444
«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	444
Мосунова И.Э. ....	446

РАЗВИТИЕ ПРОДУКТИВНЫХ СПОСОБОВ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ. .446	446
С.С. Мукашбекова .....	449
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ .....	449
Ж.Н. Мукушева .....	452
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ РӨЛІ.....	452
Муллина А.А. ....	455
ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ. ....	455
А.С. Мустафина.....	457
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕНУДІҢ БАСТЫ УӘЖДЕМЕСІ .....	457
Р.С. Мустафина.....	460
«ЫБЫРАЙ ТАҒЫЛЫМЫНДАҒЫ МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ БЕЙНЕСІ» .....	460
Л.К.Мухаметжанова .....	463
ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АКТ-НЫҢ РӨЛІ.....	463
М.К.Муханова .....	465
БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ .....	465
Г.Т.Назарымбетова.....	468
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ПЛАТФОРМАЛАР .....	468
А.М.Наурызбаева .....	471
МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ.....	471
Г. Б. Нуржаубаева.....	473
АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ .....	473
А.А. Нуримова.....	476
ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ.....	476
Д.Ә.Нұрбалаева .....	479
ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС ПАРАҒЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	479
Омарова М.М.....	481
Рахимова Г.Т.....	481
ЧЕРЕЗ ПРОБЛЕМНО- ДИАЛОГОВОЕ ОБУЧЕНИЕ – К УСПЕШНОЙ УЧЁБЕ!.....	481
Орлова О.Ю. ....	484
Павлова Н.Ю.....	484
РАЗВИТИЕ РЕЧИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ .....	484

Оспанова Б.Ж.....	488
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ТӘЛІМГЕРЛІК МҰРАЛАРЫ .....	488
Оспанова С.А.....	490
СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Ы.АЛТЫНСАРИНА .....	490
Пахомова М. С.....	493
ФОРМАТИВНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ НА СОВРЕМЕННОМ УРОКЕ.....	493
Пономарева Л.В.....	496
ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ У УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА КАК УСЛОВИЕ НА УСПЕХ.....	496
Кенешова Р.А., Привалова Е.Н., .....	499
ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ГРАМОТНОСТИ ЧТЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ШКОЛЫ-ЛИЦЕЯ № 101 .....	499
Э.Н.Рамазанова.....	501
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ – БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ БАСПАЛДАҒЫ.....	501
А.А.Рахимжанова .....	504
ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ .....	504
С. А. Рахметова, Ж. Т. Батырбекова .....	508
ЖАҢАША ІЗДЕНІС- ОҚУШЫНЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ.....	508
Ревтова О.Н.....	510
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ АКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА.....	510
Романовская Л.В.....	513
РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ПО МАТЕМАТИКЕ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ КУРСА «МАТЕМАТИКА В ОКРУЖАЮЩЕЙ ЖИЗНИ». .....	513
Рыспамбетова Ж.Б. ....	516
МЕКТЕПТЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ .....	516
Савельева Л.В., Долгомыслова Ю.А.....	521
ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В РАЗВИТИИ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ.....	521
М.А.Сагибаева .....	524
Ж.М.Джаксылыкова .....	524
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ .....	524
Садыкова Д.С.....	527

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ .....	527
Саденова А.Б.....	529
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ПЕДАГОГ, ЧИНОВНИК, ЧЕЛОВЕК.....	529
Ш. Сайлау .....	533
МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ. ....	533
Ж.С.Салықбаева .....	535
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫ – БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ НЕГІЗІ.....	535
Сатмаганбетова Ж.А.....	538
«ЗАГАДОЧНАЯ СТОРОНА ПРЕЗЕНТАЦИИ MICROSOFT POWER POINT».....	539
С. Сәулетұлы .....	543
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ....	543
Т.Г.Сейтжанова .....	547
М.Е.Нәжмәдин.....	547
МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА BILIMLAND ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ .....	547
Г.О.Сейтмаганбетова.....	549
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ .....	549
Г.С. Сейтбекова .....	552
БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ .....	552
У.К.Сембаева .....	555
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ .....	555
А.А.Смагулова.....	558
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӨНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АТА ТӘРБИЕСІ МЕН ҒИБРАТЫ.....	558
А.И. Смагулова.....	560
МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ .....	560
А.С. Смаилова .....	561
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ....	562
К.Сманов.....	564
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ. ....	564
Скорикова М.П., Аққазыева Е.М. ....	565
ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА ИЗ ТВОРЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА. .....	566
Соколова Р.Р. ....	569
НЕ ГАСИТЬ ЛЮБОПЫТСТВО И СТРЕМЛЕНИЕ К ЗНАНИЯМ.....	569
Стожарова Ю.Б.....	571



РОЛЬ ЧИТАТЕЛЬСКОГО ДНЕВНИКА В РАЗВИТИИ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ	571
Сысоева Е.А. ....	572
КОНЦЕПТУАЛЬНОЕ ПОНИМАНИЕ ОБНОВЛЁННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ..	572
Сыздыкова С.Р. ....	576
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ КРЕАТИВТІ КӨРКЕМДІК ҚОЛДАНЫСТАР .....	576
Қ.Б.Тайжанова .....	578
ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ	578
Татиев М.А. ....	580
ВНЕДРЕНИЕ СКВОЗНОГО ЭЛЕКТИВНОГО КУРСА «ФИЗИКА И ЖИЗНЬ» В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС .....	580
Темирова А. А., Цемох С. М. ....	585
ПРАКТИЧЕСКОЕ ОВЛАДЕНИЕ ОСНОВАМИ ОРАТОРСКОГО ИСКУССТВА .....	585
А. Н. Тиштыкова.....	587
БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ .....	587
А. Ж. Тлегенова .....	590
МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР .....	590
Ә.Қ Токутаева ағылшын.....	592
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ БІЗГЕ ЖЕТКЕН АСЫЛ МҰРАСЫ.....	592
А.М. Төлеукулова.....	595
М.К. Мусатаева.....	595
Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС .....	595
К.Ә.Төлеп.....	598
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ КӘСІПКЕРЛІК ТӘЛІМ .....	598
Д.Б.Тукенова, Ж.А. Даукишева .....	601
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ .....	601
С.Н. Туребаева .....	604
ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ .....	604
Турсунова Г.М. ....	608
ВНЕДРЕНИЕ В ПРАКТИКУ НОВЫХ ПОДХОДОВ В ПРЕПОДАВАНИИ И ОБУЧЕНИИ.....	608
М.М.Турсунова.....	610
БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ .....	610
Туспекова Е.....	613
РОЛЬ УЧИТЕЛЯ И САМОРЕГУЛЯЦИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА. .....	613

Г.А.Тусупова.....	616
БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ .....	616
Д.К.Тусыпбаева .....	618
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ .....	619
Челнокова Т.А., Тымкив Е. И. ....	620
ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ ПОСРЕДСТВОМ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ ПРОГРАММЫ «GEOGEBRA» .....	621
Урикбаева Қ. Қ. ....	622
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ӘДІС- ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ МҰҒАЛІМНІҢ ШЕБЕРЛІГІНДЕ .....	623
КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ, И КАК ЕГО РАЗВИТЬ .....	625
Файзулхакова Л.А. ....	628
ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ОБУЧЕНИЮ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ МУЗЫКИ..	628
Фишер Е.Б.....	631
ТВОРЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ЫБРАЯ АЛТЫНСАРИНА КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ ЧТЕНИЯ И ПИСЬМА НА УРОКАХ.....	631
РУССКОГО ЯЗЫКА .....	631
Хартунг Э.....	633
Суртубаева Д.А.....	633
РАЗВИТИЕ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПОДХОДОВ В СИСТЕМЕ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ .....	633
Хамитова А.Х. ....	635
МЕТОД RBL НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА КАК ПРОЦЕСС ПЕРЕДАЧИ ИННОВАЦИОННЫХ ИДЕЙ В ПРАКТИЧЕСКОЕ ПРИМЕНЕНИЕ.....	636
Б.О.Хасенова, А.Т.Садирбеков .....	639
ОҚУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ-САПАЛЫ БІЛІМ .....	639
А. Хуатай .....	641
БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ТІЛ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ .....	641
К. И. Шайлимбекова.....	644
МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ .....	644
Ш. Шамабаракова.....	647
БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ....	647
Шараева Н.В. ....	650
ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ, КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА .....	650
Шарипова Л.Х.....	653

ВОЗМОЖНОСТИ ШКОЛЬНОЙ БИБЛИОТЕКИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ.....	653
Шатенова С.Е.....	655
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ .....	655
Шах Л. А. ....	657
ОБНОВЛЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ: .....	657
ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ .....	657
А.К.Шахметова.....	661
СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ – ОҚУШЫ МЕН МҰҒАЛІМНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫ .....	661
Г. К. Шегебаева .....	664
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....	664
Г.А. Шоланова .....	666
Ы. АЛТЫНСАРИННІҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ .....	666
Ш. А. Усатаева.....	668
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ШЕШІМДЕР .....	668
Яушева Р.К.....	671
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА ПРОЕКТОВ В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ КАК СРЕДСТВА РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ.....	671

## **Ы. АЛТАНСАРИН МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ**

XIX ғасырды Ресейлік ғалымдарорыс әдебиетінің алатын ғасыры деп атайды. Қазақ ғылымында ұлттық әдебиеттің алтын ғасырына XX ғасырды жатқызу ғылыми тұрғыдан дәйектеледі. Бұл жерде бір жайтқа ден қойған абзал: ол – XX ғасырдың алтын ғасыр аталуына XIX ғасырды мықты алғышарттардың жасалуы. Махамбет, Дулат, Мұрат, Шортанбай т.б ұсталған бағыт бар да, жаңа жағдай, жаңа уақыт, жаңа саясат аясында ұлттың әлеуеттік асқан қуатын Ш.Уалиханов ғылым саласында, Ы.Алтынсарин педагогтік, ағартушылық салада, Абай поэзия, философиялық тереңдік саласында баршаға жарқырата көрсетіп, паш ете білді. Бір ғажабы, бұлар білім-ғалым жағынан әмбебап тұлғалар еді. Ірі аудармашылық, тарихшы, этнографтық, философ, мәдениет және өнертанушылық, саясаткерлік т.б сипаттары осы ойымызға дәлел бола алады. Оларға тұңғыш, ең алғашқы деген ұғымдар жарасады.

Мәселен, Ыбырай – мықты тәржімашы. Тұңғыш сауатты аудармашы. Балалар әдебиетінің негізін алғаш қалаушы. Табиғат лирикасын толыққанды етіп тудырған тұңғыш өлеңдер авторы. Прозаның шағын үлгілері болып табылатын әңгіме мен новелланың негізін салушы. Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми негізін жасаушы. Демократтың ірікөзқарастардың иесі. Педагогтік еңбегін, көзқарасын сыншыл реализммен ұштастырған тұңғыш қаламгер. Қазақ әдеби тілінің тазалығы үшін белсене күресуші.[1]

Және бір назар аударатын мәселе мында. Қандай тақырыпты өткенде де, мұғалімнің негізгі идеяны сол кезеңдегі қоғамдық – әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттармен тығыз байланыста алуы қажеттілігі. XIX ғасырда Қазақстан Ресейдің боданы болған. XVIII ғасырдың екінші жартысында басталған отарлау саясаты XIX ғасырда, әсіресе, екінші жартысында Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалысы тұншықтырылған соң тіпті күшейді. Әу басында байқау, аңысын аңдау сияқты саясат уақыт өте келе, өктемдік, қан төгу, күш көрсетуге ұласты. Бұрынырақтағы ескіше хат тану, медреселердегі оқу, діни білім алуға қатаң шектеу қойылды, олардың яғни оқу орындарының салынып, білім берумен айналысуына ояз бастықтарының рұхсаты қажет болды. Қазақ даласындағы отаршылық саясаты әбден қаһарына мінген сол XIX ғасырда қазақтың танымал, беделді адамдарының өзі жік-жікке бөлінді. Бірі Ресей билігін жақтады, бірі оған қарсы күресті жақтады. Ыбырайдың әкесі Алтынсары да атасы Балғожа да патша билігіне қарсы шыққан Кенесары қозғалысына қарсы болды. Алтынсары Кенесары әскерінің қолынан 1844 жылы қайтыс болды да, ұлы педагог, ағартушы жасынан-ақ Балғожа атасының тәрбиесінде болды. Демек, бұл жерде Кенесары бастаған қозғалысты жақтаған немесе оған қарсы болған адамдарды тізгеннен гөрі, екі түрлі көзқарас, сол кезеңдегі нақты саяси хал-ахуал атмосферасын басты назарда ұстағанымыз абзал.

Бұның бәрін егжей-тегжейлі айтуымыздың сыры мынада. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары, әсіресе, тәуелсіздік алған кезімізден бастап, кешегі тоталитарлық кезеңдегі бұрмаланған шындықты қалпына келтіруге байланысты көптеген ғылыми конференция, отырыстар т.б. өткізілді. Бәрі де игілікті істер. Алайда кейде әділдік болса да, оқыс ойлар, негізделмеген пікірлердің боп жатқаны да рас, соның бірі Ы.Алтынсаринге байланысты. Ол пікірлер, негізінен, «Ыбырай шоқынды», «Ұлттық болмыстан ажырап қалған», «орыс отаршылығының жетегінде болып, соның жақтаушысы болған», «орыс әліпбиін қазақ

балаларына күштеп үйретуші» деп келетін т.б. ойларға саяды. Егер өзің орыс империясының отары болсаң, іс қағаздары орыс тілінде ғана болса, ауыл молдасынан хат тану, медреседе оқу белгілі бір дәрежеде шектеуге ұшыраса, ауқатты адамдардың балалары ғана оқуға, онда да орыс оқуына қабылданса, өз ана тілінде оқытпау арқылы қазақ жастарынан орыс империясының сойылын соғар шенеуніктер тәрбиелеу зұлымдық саясатының негізгі де маңызды саласы болса, тура сол тұста Алтынсариннің қазақ балалары үшін шырылдап жүріп, мектептер ашуы, т.б. оқу орындарының ашылуына қол жеткізуі, орыс кириллицасы арқылы орыс, Еуропа, әлем елдеріндегі оқыту мен тәрбиелеудің озық әдіс-тәсілімен қаруланды. Ол ашқан мектептерден шыққан барлық түлектерді айтпай-ақ қояйық, бір ғана Ахмет Байтұрсыновтың өзін айтсақ та, көп жайтты аңғаруға болады. Ресей империясының отары бола тұрып қалайша орыс кириллицасына көшпегеу болады? Араб тілінде жазу, қарым-қатынас үшін сөйлеу Ресейдің боданында мүмкін болды ма? Абай да, Ыбырай да орыс тілі, орыс мәдениеті арқылы әлемнің ірі құндылықтарымен танысып, соны игеруге ұмтылды. Олар оны прогресшіл идеялары үшін пайдалануды көздеді. Ағартушы, педагог ешқандай да шоқынды болған жоқ. Олай десек, атақты шығармасын «Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар оқылық!» деп бастамас еді. Ресей империясы қазақтарды шоқындыру, оқу-білім арқылы өз халқына қарсы қою мақсатымен талай миссионерлерін азақ жеріне жіберді. Солардың бірі Ильминскийдің шынайы бет пердесін Ыбырай жетік білген. Сондықтан да оның ниеттесі, білім саласындағы әріптесі ретінде сыйласып, өз мақсатына жетуді көздеген ұлы педагог орыс отаршылығына қарсы наразылығын оған сездірген жоқ. Ильминскийге жазған хаттарында орыстың отарлық саясатына қарсы бір ауыз сөз жоқ. Олай болса, ұлы мақсатына жету үшін сыпайы, дипломатиялық қатынас орнаттың деп оны сөгудің еш реті жоқ. Қазақ балалары үшін шығарған «Қырғыз хрестоматиясын» Ы.Алтынсарин басқа елдер қаламгерлерінің балаларға арналған шығармаларымен де толтыруына болатын еді. Алайда ондай шығармалардың қазақ баласының ұғымына лайықты аудармаларын автор өзі жасайды және ең бастысы, өз туындыларын, сондай-ақ қазақтың байырғы мұраларын енгізді. Ал, уақыт өте келе, сондай көне мұраның бірі XX ғасырда қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдан, Бұқар жыраудан бастау керек деген тұжырымдамаға қарсы боп, монография шығарған, диссертация қорғап, әдебиет тарихын XV ғасырдан бастау қажеттігін дәлелдеген М.Мағауин үшін үлкен олжа болғанын қалың жұртшылық ұмыта қойған жоқ болар?![2]

М.Мағауин диссертациясына материал іздеу барысында Ы.Алтынсариннің 1879 жылы басылған атақты «Қырғыз хрестоматиясының» 1906 жылы шыққан «Мәктубат» нұсқасына (араб тіліндегі) тап болған. Және одан Шалкиіз жырауға қатысты дүниелер тапқан. Ы.Алтынсарин әйгілі жыраудың ел ішінде сақталған толғауларын осы «Мәктубатқа» енгізген. Міне, зерттеушіге тың серпін берген Шалкиіз мұрасының табылуы Ы.Алтынсариннің жинақтауы арқасында XX ғасырға жеткен деуіміз керек.

Ы.Алтынсарин туралы көп жайтты айтуға болады. Біз тек өзімізге өзекті боп көрінген проблемаларды ғана ортаға салдық.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. - 652. Т.3. Астана: Фолиант, 2005
2. Қирабаев С. Ыбырай Алтынсарин. Кіт.: Қирабаев С. Көп томдық шығ. жинағы. Т.8.А:Қазығұрт., 2007.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық. А.: Аруна, Ltd ЖШС, 2005.
4. Мағауин М. Мен. Роман-эссе. А.: САҚ АҚ, 1998.

*С. Оспанұлы ф.ғ.к. профессор*  
*К. Мырзағалиева ф.ғ.к. қауым. профессор*  
*А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*  
*Қостанай, Қазақстан*

## **АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАНТ АЛАШ АЗАМАТТАРЫ**

Ахмет 1891 жылы Ыбырай Алтынсарин негізінен қалаған Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқып, тәрбиеленеді.

Ыбырай – ұлы ағартушы. Халық ағарту ісінің де, ағартушылық әдебиеттің де, журналистиканың да негізін салушылардың бірі болса, Ахмет Байтұрсынов ол жасаған осы абыройлы істердің бәрін жалғастырып, дамытушы, талантты ізбасары.

Халқымыздың кемеңгер ұлдарының бірі Әлихан Бөкейханов 1925 жылы Ахметке хат жазып:

«Алтынсары баласы Ыбырай хақында өзің жазсаң жақсы болар еді. Ол сенің аған емес пе? Егер ол қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде оның ісін жасарың хақ»[1,стр.3], -деп екеуінің бір-бірімен рухани жықындығын, мақсаттарының бір екенін айтып, үлкен сенім артады.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде»[2, стр.204],- деп жазса, бұл ойды Ахмет Байтұрсынов «Мектеп жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы», - деп әрі қарай жалғастырып, іс жүзіне асырды. 1895 жылы педагогикалық училищені бітірісімен, ұстаздық жолға түсті. Қалың ұйқыдағы қазақ халқын маса болып ызыңдап, санасына білім құю арқылы оятуды алдына мақсат етіп қойды. Ағартушылық қызмет атқара жүріп оқу-білім, мектеп, оқулық, оқу жүйесі, мұғалім жайында көбірек сыр толғады. Ыбырай Алтынсарин «Облыстардағы оқу жұмыстарының жалпы жайы», «Мектептердегі оқу және тәрбие жұмыстары», «Оқу құралдарының жайы», «Мектептің шаруашылық жайы» деп халық ағарту мәселелері жөнінде толғанса, Ахмет те аға жолын жалғастырып, «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Оқыту жайынан», «Мектеп керектері», «Орысша оқушылар» деген сияқты келелі мәселелерді қозғайтын мақалалар тудырды. Оларда халық ағарту ісінің мұң-мұқтаждары айтылып, оқу ісін жақсартудың жолдары да көрсетілді.

Ыбырай қазақ балаларына лайықтап тұңғыш «Қазақ хрестоматиясын» (1879) құрастырып, сол жылы «Қазақтарға орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық» кітабын жарыққа шығарды. Ыбырай бастаған игі істі Ахмет жалғастырып «Оқу туралы» қазақша алифба (1 кітап. Орынбор. 1912), «Әліп-бій». Жаңа құрал (Қызылорда. 1928), «Қазақша оқу жайынан», «Тіл құрал» (Орынбор. 1914), «Баяншы», «Сауат ашқыш» тағы да басқа оқу-әдістемелік кітаптар жазды.

Ыбырай ұлттық сананы оятуға ойлап «Қазақ газеті» атты газет шығармақ болса, ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді, көтеру үшін баспасөздің атқарар қызметінің зор екенін түсінген Ахмет сол Ыбырай арман-мақсатын жүзеге асырып 1913 жылы биресми ұлттық «Қазақ» газетін дүниеге әкелді.

Ыбырай «Далалық облыстарды басқару жөніндегі «Уақытша Ереже туралы. 1968 ж.» деп аталатын жазбасында «Ережеге» қарсылық білдіре отырып, «жер мәселесін» шешудің мұндай тәртібі ежелден қалыптасқан жерді пайдаланудың халықтық салт-дәстүріне қайшы келеді», - деп аштық отырықшылықты күштеп енгізуден болып отырғанын айтады. ... «Дала адамдарының халықтық өмірін жасанды түрде төңкеруге кіріспес бұрын бұл халықты, оның өмірін танып-білу әлдеқайда ақылдырақ болар еді», - дейді. –Қатерлі қателік жасамау үшін бұл халықта аграрлық мәдени дамудың нышаны бар ма екен, отырықшы үстем халықпен

арадағы тікелей қатынастан қаншалықты әсер алды екен, бұл халық қошаған табиғаттың қандай жағдайында орналасқан және т.б. осы сияқтыларды біліп алған жөн. Өйткені тұтас ұлтты енжар ұлтқа айналдырумен пара-пар, осындай жай башқұрт халқымен болған деседі, сондай-ақ табиғат заңдарына кішкентай баланы бірден ересек адамға айналдыру мүмкіндігі болатын мысал да жоқ» [3, стр.41].

Ахаң 1913 жылы «Көшпелі һәм отырықшы норма» деп аталатын мақаласында «Отырықшы норма» дегеннің не екенін газет оқушыларына түсіндіріп, он бірінші шілдеде депутаттар Думада қазақ жерлерін орыс келімсектері жөн-жосықсыз алып жатыр» дегенде, «Переселендер басқармасының бастығы Глинка қазақ жерін қандай жолмен алып жатқандығын көрсетуге норманы қазаққа не үшін шығарғандығын жасырмай ашып айтып берді», -деп оның сөзін келтіреді. «Біздің қазақ турасындағы істеп отырған ісіміз жолды, - депті ол. Біздің жолымыз екеу-ақ. Бірі – қазақтан артық жерді алу, екіншісі – қазаққа тиісті жер беріп орналастыру қазақтың артық жерін алып жатырмыз – артық жерді алсын деген закон бойынша, қазаққа жер беріп, орналастырып жатырмыз – өздерінің тілегі бойынша. Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес, әдісіміз бар қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру турасында Думаға закон жобасын кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі: көшпелі қалпында жер беріп, орналастырсақ, қазаққа көп жер тиеді. Артыларлық жер аз болмақшы. Оны Дума арқылы законмен бекітіп, қазаққа берген соң, ала алмаймыз. Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін біз әдіс жасап отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз Министірлер Советінен ептілік рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ-тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді: қазаққа «отырықшы болып жер алуға риза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз» дедік. Айтуымыз-ақ мұң екен, қазақтар «отырықшы нормасымен жер бер» деп жабылып сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік».

А.Байтұрсынов осылайша Глинка сөзін келтіріп, «переселендер басқармасының Думада барлық депутаттар алдында айтқан сөзі өтірік деп айта алмаймыз», - деп, отаршылдардың айла-шарғысының сырын одан әрі ашып, анықтай түседі [4, стр.230].

Ыбырай 1878 жылдың 23 маусымында Ресей Әскери Министрінің атына жолдаған хатында: қазақтардың құнарлы жерлері Орынбор қазақ әскерлеріне беріле бастауын, 1874 жылғы Орынбор Генерал-губернаторының ол жайында бұйрығы шыққанын, соған байланысты қазақтардың әлеуметтік жағдайының күрт өзгергенін айтып: «7000-нан астам отбасы (ауданның қырғыздары) бүгінде 2300000 десятин жерде Новолинейный ауданында орналасып отыр. 1 млн десятин жердің өзіне тығыз орналасқан болар еді. Ал оларды 770842 десятин жерге орналастыру дегеніміз көптеген қырғыздардың шаруашылықтарының ыдырауына әкеліп соғады.

Ал 1878 жылғы 23 мамырдағы заң аудан қырғыздарының шаруашылығының іргесін берік етіп, әлеуметтік жағдайларының жақсаруын қамтамасыз етер еді. мына жоба жерді тарылтады, мал шаруашылығын дамытуға зиянын тигізеді. Ал ол халықтың күн көріп отырған – бірден-бір тіршілігінің көзі»[5], -десе. Міржақып Дулатов «Қазақ жерлері» деген өлеңінде 1868 жылдан бүкіл жер қазыналық деп танылып, мұжықтардың қоныс аудара бастауына байланысты жеріміз тарылып, қасиетті бабаларымыздың зираттары көшелерінің астында қаалғанын, көшкен бұлттай қаптаған мұжықтар енді зираттардың тасын алып, ағаштарын отқа жағатынын ашына жазады. *«Осы күнгі қалған жеріңнен айрылсаң малыңды топыраққа бағасың»,* -деп қатты ескертеді. Қандастарына *«атамекен жерің қайда, бәріңізді қуып шығып «хололдар» отыр, жер өлшеуге келген землемерлер құнарлы жерлер мен тұщы сулы бар мекендерді алып жатыр. Бұған аамал-айла таабааттын ерлер қайда?!»* - деп намысын қайрайды. Сөйтіп, ұзақ өлеңін: *«Он бестен кісі басы десятина жер берсе, сонда, қазақ, нешік халің?»*[6, стр.384]. –деп сұраулы түйінмен аяқтайды.

Отаршылдық дәуіріндегі ең басты проблема осы жер мәселесі болатын. Сол себепті де М.Дулатов бұл ойларын «Жер мәселесі» мақаласында да қайталай жалғастырып, Ресей отаршылдарының озбырлық әрекетін, өріс пен қоныстың тарылып, қазақтардың құнарсыз жерлерге, құм-шөлдерге ығысуын ашына жазады. Енді жер кестіріп алып, қала салтымен

тірлік етулері керек пе, әлде сол бұрынғы көшпелі өмірлерін жалғастыра ма – осы екі ұдай пікірдің тиімді-тиімсіз жақтарын көрсете отырып талқылап, таразылайды. Сөйтіп, Клеменец, Винер сияқты ғалымдардың ой-тұжырымдарына сүйеніп, малмен күн көріп отырған халықтың өрісін тарылту ақылға сыймайтын іс екенін қынжыла айтады. Қазақ халқының ежелден қалыптасқан негізі – тұрмыс-салтына тамырына балта шабу екенін нығарлай жеткізеді.

Автор мақаласында халықтың жұмысын түп-тамырымен бұзып өзгерту оңай іс емес екенін, *«қауіпті дертке ғалым тәуіп қанша керек болса, бұл мәселенің түйінін шешуге де сонша білім керек»* екенін, *«Өлгенді тірілту мүмкін болмаған секілді, бұл туралы өзгеріс қате пікірмен болса, түзетуге болмайтынын»* айтып, *«қала болу керек деушілердің пікірі»* мен *«көшіп жүру керек деушілердің пікірін»* келтіреді. Сөз соңын: *«Өзі қайда барарын біле алмай, адасып тұрған халықты бұрынғыдан жаман адастырып, басшыларымыздың екі жаққа тартуына қайғырып, тезірек бір ынтымаққа келуін тілейміз»* [6, стр.248], -деп аяқтайды.

Мағжан Жұмабаев «Дала, қала» мақаласында дала мен қала арасындағы қайшылықтарды айта келіп: «Оның балалары білімді, ойлы. Ол таң қаларлық істер істейді. Отты дүние айналған теңізді кезеді. Айшылық жолды алты аттайтын атсыз арба жасайды. Майсыз шам жандырады. Неше жүз шақырым жерден сөйлесетін құрал жасайды, қанатсыз көкке ұшып, бұлтқа араластырады. Түпсіз теріңге сүнгітіп, меруерт- маржан шығарады, қысқасы қала баласы асқан адамдар. Естімейтін нәрселері жоқ, қолдарынан бәрі келеді. Қала ол өнер-білімнің бесігі, анасы... Онда өнер бар, онда білім бар» [7,стр.101], -деп сөз нөсерін ағылта құяды. Бұл жолдарды оқығанда Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлені есіңізге түседі.

«Ол» Абай мен Ыбырайдың осы саладағы ойларын дамыта отырып, өнер мен білім жолына үгіттейді, оқудың пайдасын әңгімелеп, мәдениетті елдердің тіршілігін үлгі етеді [8], - деп академик Серік Қирабаев атап көрсеткендей Сұлтан-Махмұт Торайғыров та Ыбырай жолын жалғастырып 1912-1913 жылдардан бастап ақындықпен бірге ағартушылық жолға түсті. Мағжан Жұмабаев та оқытушылық қызметтер атқарып, мектеп оқушыларына, мұғалімдерге арнап «Педагогика» (1922,1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» (1925) еңбектерін жариялады.

Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына, ұстаздық жолына таалдау жасалып, жан-жақты баға берілген, әдебиет, мәдениет тарихынан алатын орнын көрсеткен Кеңес дәуірінде жазылған тұңғыш еңбектердің бірі Мухтар Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарыұлы (1841-1889 жыл, 48 жас)» деп аталатын мақаласы еді.

Кезінде ұлы ұстаз туралы «крест таққан», «шоқынған», «орысқа берілген», «сандығы толған крест екен» деген сияқты өсек-аяң да көп болған.

М.Әуезов осы мақаласында ұлы ағартушының еңбегін «қазақтан шыққан шын қазақ ақыны», «ұлт мектебінің іргесін қалаған бабасы» деген сияқты баға беріп «шоқынды» аталуының себебіне тоқталады.

Біріншіден, Ыбырайдың Еуропа мәдениетіне жол салуы, екіншіден, «қазақ өз алдына ел, қазақ еш уақыт ноғай болмайды», – деп Ноғай ағайындардың «мұсылмандар ноғай болуы керек» дегеніне қарсы шығуы, үшіншіден, Ыбырай кітаптарының орыс әрпімен (кирилицамен) басылуы, төртіншіден, Ыбырайдың абыройының асуы. Әуезовтің өз сөзімен айтсақ: «Ол заманда орысша оқып, қанжығаласып ел билеу ісіне қатынасқандар төре тұқымдарынан болған. Бұлардың ішінде бақ күндестік туды. «Жуан қоныш, сасық қазаққа не қылған адамишылық», – дегендей. Ыбырайдың тұрған облысына дабысы күшті, ел оны әулие қылып ұстай бастады. Бұл бұрыннан қазақ елін билеп, меншіктеп қалған төрелерге ұнамады». Бесіншіден, шеттен келген надан молдаларға қарсы болуы. М.Әуезов: «...Ыбырайдың ноғайдан, төреден, азған қазақтан шыққан дұшпандары ұрандасып, ел арасына айтылмыш өсекті таратқан. Ол өсек орынсыз», – дей келіп, Ильминскийдің Ыбырай қолымен от көсеп, қазақ балаларын шоқындыру ниетінен түк шықпағанын, Ильминскиймен қазаққа пайда келтіру үшін ғана жақындасқанын, Ильминскийге Ыбырайдың жазған хаттарында, істеген істерінде «орыстың исі шығып тұр» деуінің мүлде орынсыз екенін айтып, «хаттарында,



істерінде патша хукіметіне жылы сөз, қолайлы іс болса Ыбырайдың хайла-шарғысы. Ол Ильминскийлерді алдап, адастырған әдісі деп қараудан басқа орын жоқ», – дейді.

Ыбырай өлгеннен кейін сандығын Васильев дегеннің алып кеткенін, бір сандық крест дегендері бір сандық қағаз екені, айтуға жеңіл болсын деп орыс жолдастарының орысша ат қоюы «шоқындыға» жатпайтыны айтылады.

Мақала соңында автор Ыбырайдың еңбегін жоғары бағалап, атын ескерусіз қалдырмау үшін не істеу керектігін тағы да санап көрсетеді:

1. «Шоқынды» деп білмеуіміз керек. Ол жабылған орынсыз жала болса, Ыбырай қазақтан шыққан адал азамат болатын болса, ол қазақ-қырғыздық маданият тарихында тиісті орын алуы керек.

2. Ыбырайдың өмірін, ісін толық қылып жазып, жазған кітаптарын қазақша бастырып шығару керек»[8, стр.440].

М.Әуезовтің бұдан кейін ұлы ағартушының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында алар орнының жоғары екенін көрсететін мақаласы Қызылордада басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927 ж.) кітабында, 1937-38 жылдары жарық көрген Әдебиет хрестоматияларында, «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Уақыт және әдебиет» кітабында, бірлі-жарым түзетулермен жазушының он екі томдық шығармалар жинағында басылды.

1922 жылы желтоқсан айының басында сол кездегі республика астанасы Ташкент қаласында «Талап» атты қауым құрылды. Қауымның мақсаты – қазақ халқының әдеби тілін, ғылыми атауларын (терминология), емлесін, ұлттық өнерді, тарихын, салт-дәстүрін, оқу-білімін зерттеп, зерделеп, алға басуын қадағалау, ұлт қызметкерлері мен өнер қайраткерлеріне көмек көрсету, бұл істерді жүзеге асыру үшін дәріс оқу, баяндамалар жасау, көрмелер ашу, баспасөзге жазу, кітап, қолжазба, өнер үлгілерін жинау, білім, өнер жөніндегі еңбектерді жарысқа, сынға салып, бәйге тігіп, жүлде беру, халық ағарту жолында мамандар, шеберлер, курстар ашу, аудармашылар, әріп терушілер дайындау болатын.

1923 жылдың 29 наурызында «Ақ жол» газеті «Талап» қауымында соңғы өткен екі жұмада екі лекция болып өтті, –деп жазды. – Бұның бірі Мырзағазының баяндамасы – «Алтынсариннің өмірі һәм істеген істерінің жайынаан», екінші лекция Мағжандікі – «Абай өлеңдері туралы».

Мырзағазы Есполов – «Талап» ұйымының басқарма мүшесі болса, Мағжан Жұмабаев осы қауымның Жарғысын (Уставын) жазушылардың бірі еді.

«Баяндамашылардың екеуі де алған мәселелерін жете тексеріп, толық мағлұмат жинақтағандықтан, жиылған жұртқа ескі қазақ заманының екі ардақты адамы – Алтынсарин мен Абай жайынан бірталай жаңа сөздерді айтып берді.

Мұнан кейін газет редакциясы баяндамалардың мазмұнына аз-кем кідіріп, дәрісшілердің сүбелі ойларын келтірді. Мәселен, Мырзағазы тындаушылар Ыбырайды толық білмейтінін ескеріп, өмірі мен шығармаларынан толық құлақтанды етеді, «әр жерде жыбырлап сөйлеп, Алтынсаринді орысты көбейтүшінің бірі болды деп миссионерге таңып жүрген жаладан басын арашалап алады» да, қанқу сөзді Ыбырайдың сын садағына ілінген татар молдалары таратқанын айтады («Ыбырай қазақ үшін Еуропамәдениеті керек десе, түсінгендіктен, ел ішінде дін тарат деп мал жиып жүрген татар молдаларына қарсы болған, көбін өзі жүрген жерлерінен құғызған. сондықтан молдалар ішінен жауы көбейіп, жаманатқа солар ұрындырған")» [9, стр.42].

М.Есполов баяндамасы Мұхтар Әуезовтың 1922 жылы жазған жоғарыда аталған «Ыбырай Алтынсарин (1841-1889 жыл, 48 жас)» деп аталатын мақаласына үндес.

Мырзағазы Есболов – Ыбырай Алтынсариннің ұлы ағартушы екендігін айтып, «шоқынды» деген алыпқашпа сөзден қорғаған М.Әуезовтен кейінгі екінші тұлға.

Мырзағазы 1891 жылы Қостанай уезі Аманқарағай болысының № 4 ауылында туған. Алғаш ауыл молдасынан хат танып, кейін мұғалімдер мектебін бітіреді. «Алаш» қозғалысының қайраткері. «Қазақ» газетімен тығыз байланыста болып, мақалалар жазып тұрған. Петерборда шығып тұрған «Мусылманская газетанің» тілшісі болған.

Қай халықтың да болашағы – жастар. Олардың алға басып, еліне пайдалы адам болып өсіп-өркендеуі ғылым, білімде.

Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлы ұстаз еліміздің басына қандай да бір қауіп-қатер төніп, қабырғасын қиындық қысқанда да бейтарап қала алмаған.

Сондықтан да елім, жерім, халқым деп күресіп азаттықты аңсап өткен Алаш азаматтарының рухани күш-қуат алған бастау-бұлақтарының бірі – Ыбырай Алтынсарин идеялары мен еткен ісі екені даусыз. Оны осы мақала өзегінен де аңғару қиын емес.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Бөкейханұлы Ә. Бауырым Ахмет! Дулатова Г. Аманат//Жұлдыз, 1994. № 3-4.
2. Алтынсарин Ы. Таза Бұлақ. –Алматы: «Жазушы», 1988.
3. Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах, 1976.
4. Байтурсынов А. Көшпеллі һәм отырықшы норма. //Қазақ газеті. № 20, Ақ жол – Алматы: «Жалын», 1991.
5. Мәскеу әскери-тарихи архиві, фонд 1099, опись 1, дело 163.
6. Дулатов М. Қазақ жерлері. Шығармалары. –Алматы: «Жазушы», 1991.
7. Жұмабаев М. Дала, қала.//Айқап. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. –Алматы. 1995.
8. Қирабаев С. Ақын тағдыры //Социалистік Қазақстан, 1 мамыр 1990.
9. Әезов М. Ыбырай Алтынсарыұлы (1841-18899 жыл, 48 жас)//Шолпан 6-7-8 сан, 1923.Шолпан.-Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2010.
10. Хамзабекұлы Д. Руханият. –Алматы: «Білім», 1997.

*Н. Т. Шектыбаева*

*Ы. Алтынсариннің мемориалдық  
музейінің бас қор сақтаушысы*

#### **Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ**

19 ғасырдың екінші жартысында Европа мен Азияның көзі қарақты зиялы азаматтары арасында ерекше бір ғылыми – шығармашылық қатынастар қалыптасты. Екі түрлі менталитеті бар халықтар өкілдері өркениеттің өзекті мәселелері жөнінде ортақ тіл тауып, олардың арман мұраты үндесіп жатты. Солардың бірі жастайынан дәстүрлі тәрбие алып, өз халқының рухани дүниесін бойына сіңіріп Европа мәдениетіне қол созған қазақтың алғашқы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин болды.

19 ғасырдың екінші жартысында қазақ даласы түгелімен орыс империясының құрамына еніп, отаршылдық дәуірдің басталған шағы еді. Малдан, жерден айрылған қазақ жаңа өмірге бейімделу жолын іздейді. Қазақтың кейбір зиялы азаматтары құлдыққа толық түспеудің жолы білімде деп түсінді. Балғожа би сияқты ұрпағының келешегін ойлаған ойлы азаматтар өз балаларын орыс мектептеріне бере бастады. Бұл жағдай орыстың отаршылдық әкімшілігінің ойынан шықты. Өйткені жергілікті мемлекеттік аппарат қазақ тілін білетін орысша жаза алатын кадрларға мұқтаж болды. Оның үстіне орыс мектептеріне тек қана сұлтандар сияқты қазақтың ақсүйек өкілдерінің балалары ғана алынды.

1864 жылы қаңтар айында ресми түрде Торғай даласында алғашқы мектеп ашылды. Мысалы, осы мектептің ашылуы жайында А.В.Алекторов былай деп жазды: «1864 жылы 8 қаңтарда 200-дей қазақ әкімдері мен офицерлердің қатысу салтанаты үстінде Орынбор бекінісіндегі орыс-қазақ мектебі формалды түрде ашылды... Ат жарыс, палуандар күресі болды, азияша берілген қонақасыға қазақ әкімдері риза болы тарасты» [1].

Енді ашылған мектепті оқу-әдістемелік материалдарымен қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібіне енді.

Ы.Алтынсарин осы жылдың 14 қаңтар күні Орынбор бекінісінде мектеп ашу, оқу құралдарын жіберу туралы Орынбор облыстық басқармасына берген рапортында былай деп

жазды: «Биылғы қаңтардың 8 жұлдызында Орынбор бекінісінде мектеп ашылып, оған 13 қазақ баласы қабылданды, оларды орыс және татар тілдерінде сауатын ашуға мен осы айдың 9-жұлдызында кірістім. Шамамен 8 балаға арналған әліппемен Ильминский жасаған «Қазақтарға орыс тілін үйрету көрсеткіші» жеткіліксіз болып шықты. Сондықтан қазіргі уақытта материалдарға зәрулік көріп отырмыз, демек екі, тіпті үш балаға бір ғана әліппе бойынша оқытылуда» [2]. Мұнан біз мектептің оқулық және бұдан басқа да құрал жабдықтарға зәру екендігін көреміз. Әлбетте, мұндай оқулықтар ол кезде мүлдем жоқ еді. Сондықтан орыс алфавитін пайдалана отыра қазақ тіліне төменгі сынып оқушылары үшін оқулық жазу Ыбырай бабамыздың еншісіне тиді. Ағартушының аз уақытта-ақ біршама білім беріп үлгіргендігі туралы Торғай бекінісінің бастығы Я.Т.Яковлевтің өзінің 1864 жылғы 5 маусымында Орынбор және Самар генерал-губернаторына жолдаған хатында «28 майда жаңадан ашылған қазақ мектебінде оқу-тәрбие жұмысының жақсы жолға қойылғанын хабарлай келіп, барлық офицерлер мен дін өкілі (священник) училищеге шақырылды. Менің көзімше қазақ балаларынан емтихан алынды. Оқылған уақыттың аздығына қарағанда оқушылардың табысы өте жақсы. Төрт жарым айдың ішінде олардың алған білімдері өте қанағаттанарлық, тіпті кейбіреулері орыс тілінде басылған кітаптарды жақсы оқи алады, 9 бала қазірдің өзінде орысша жаза біледі, сондай-ақ мыңға жуық орыс сөзін дұрыс айта алады және 6 оқушы татарша оқи және жазады» [3] деп хабарлайды. Әрине бұл жетістіктер тек Ыбырай Алтынсариннің есімімен байланысты еді. Әрі кетсе ауыл молдаларының алдынан оқыған балалардың мұндай жетістікке жетуі ұлы ұстаздың, жаңашыл ұстаздың шеберлігі. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ы.Алтынсариннің 1864 жылы Н.И.Ильминскийге жазған хатынан үзінді келтірсек: «Мен әуелі оларға зат есімге жататын, зат аттарын үйретемін; содан кейін заттың сынын көрсететін – сын есімді үйретемін, осылардан кейін зат есімді олардың сынымен қосып: ақ адам деген сияқты сөйлемдерді құрып үйретемін. Осыдан кейін келіп самоучительден сөйлем аудартып үйретемін. Шәкірттерім аздап орысша үйрене бастаған кезде, мен оларды осындағы орыс балаларымен араластырып жіберемін. Кейін паракор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын» [4] деп оқыту тәжірибесімен бөліседі.

Елімізде 2009 жылдың тамыз айында Білім және ғылым министрлігі орта мектептердің тоғызыншы сыныптарына сол оқу жылының екінші жартысынан бастап, «Дінтану» пәнін аптасына екі сағаттан (барлығы 3-4 сағат) енгізу жөнінде шешім қабылданғанын білеміз. Ал Ы.Алтынсарин сол кезден –ақ, отсыз өрт тұтанып тұрған қиын заманда осы мәселеге көп мән берді. Оған ағартушының мына бір хаты айғақ: « ... күлсеңіз күле беріңіз, - мен кейбір, оқытудан бос уақыттарымда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын»[5]. Болашақты алыстан көре білген ағартушы Ы.Алтынсарин дәл осы мақсатпен «Шариат-ул Ислам» яғни «Мұсылманшылықтың тұтқасы» оқулығын 1884 жылы қазан қаласында араб әрпімен бастырып шығарды.

Мектеп ашқаннан кейін белгілі бір жүйеде білім беретін оқулық қажеттігін сезінген Ы.Алтынсарин қазақ әліппесін ұлттық ерекшелікке сәйкес құрып, қалыптастыруды арман етті. Ол үшін кириллица нұсқасын алып, оған қазақ дыбыстарының әріптерін қосуды жүзеге асырды. Сөйтіп алғашқы хрестоматияны жарыққа шығарды. Бұл ағартушының тұңғыш еңбегі және әдеби шығармаларының бірден бір жинағы, қазақ жазба әдебиетінің төл басы «Қазақ хрестоматиясы» алғаш рет 1879 жылы Орынборда жарияланды. Осы еңбектің жарыққа шығуы жөнінде Оқу министрі Д.А.Толстойдың арнайы бұйрығы болды. Қазақтың ана тілінде шыққан бұл тұңғыш кітап сол кездегі дала тұрмысы үшін ең көп – 2000 дана болып басылып шықты. А.Васильев бұл кітаптың шығуы жөнінде былай деп жазды: «Оқытушылар мен оқушылар арқылы ол тіпті мектептен тыс тарады, сондықтан да қазір Алтынсариннің хрестоматиясымен таныс емес сауатты қазақты өте сирек кездестіреміз... ұсақ халықтар арасында оқу-тәрбие жұмысының қойылуымен айналысушы адамдардың барлығына да аса пайдалы осы кітапты ұсынамыз. Алтынсариннің есімі соншалықты мәлім, сондықтан да оның еңбегі таныстыруды қажет етпейді» [6] Оқулық қазақ даласына кең тарап кетті. Осыған орай 60-жылдардың екінші

жартысынан бастап, орыс алфавиті негізінде оқулық құрастыру мәселесі күн тәртібінен мықтап орын алды. 70 – жылдардың бас кезінде бұл мәселелердің төңірегінде пікір алысу кең көлемде жүріп жатты. Осы жөнінде дұрыс түсініп, айқын пікір айтқан ғалымдардың бірі В.В.Радлов болды. Ол орыс алфавитін қазақтың жазу тілі үшін қолданудың қай жағынан болмасын пайдалы екендігін атап көрсетті. «Менің пікірімше, араб алфавитін түгелімен ығыстыру – әсіресе алғашқы кезең үшін өте қатал қимыл. Бұл тіпті қазақ халқының ішінде түсінбестікті немесе қарсылықты тудыруы мүмкін» [7] Мұның өзі қазақ ішінде ұзақ уақыт зерттеу жүргізген ғалымның объективті пікірі.

1875 жылы Орынбор оқу округінің қамқоршысы Торғайдың уездік басқармасының іс жүргізушісі Ыбырайға татар тіліндегі «Білік» оқу құралын (еңбектің құрастырушылары Бекчурин, Ильминский және Радлов) қысқартып, қазақ мектебіне лайықтау ісін тапсырды. Бірақ бұдан нәтиже шықпады.

Қоғамымызда әр ұлт өкілдерінің бірлесіп, араласа жұмыс жүргізулерінен қазақ менталитетіне өзгеріс енді. Оқу-ағарту істерінің басында Н.И.Ильминский, В.В.Григорьев, Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский және В.В.Радлов т.б. тұрғандары тарихта белгілі. Нәтижесінде оқулықты құрастыру Ы.Алтынсаринге жүктелгені баршаға аян. 1876 жылдың желтоқсанынан бастап «Қырғыз хрестоматиясын» орыс алфавитімен жазуға кірісті. Халықтың алға жылжу, өрлеу қадамындағы рухани мұқтаждығының орнын азды-көпті толтыру масатымен жазған оқулығының алғы сөзінде « Қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия бермейді. Оның ой -пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана – сезім жағынан жалпы білім мен өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, ешқандай жетекші құрал жоқ... осы күні халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралына аса сусап отыр» [8] деп жазды. Ал 1879 жылғы В.В.Катеринскийге жазған хатында «Кейін, жаңа қызметімде бірқатар бос уақытымды пайдаланып, хрестоматияның екінші бөліміне де материалдар жинамақпын» [9] деп жоспарынан хабардар етеді. Бұл ағартушының өз халқының бойындағы ерекше қасиеттерін бағалап, келешекке үлкен үмітпен қарауы. Әсіресе қазақ қанындағы еркіндік пен дербестіктігін : «оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия бермейді»- деген сөздермен танытқысы келгендей.

Әрине, сол заманда орыс алфавитін, орыс білімін қазақ арасында таратудың маңызы зор болды. Өйткені сол кезде көбінесе орысша білім алған қазақ жастары ғылыммен айналысуға, мемлекеттік жоғарғы қызметтер атқаруға қол жеткізді. Ыбырай ашқан қазақ даласындағы мектептер түлектері 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында Ресейдің және басқа Европаның қалаларындағы жоғарғы оқу орындарына түсіп, білім алғандары қаншама. Олардың көпшілігі жоғарғы сатыдағы мемлекеттік қызметтер атқарды. Мысалы, І.Омаров, Аспандияров Біләл, Қанапин Әмір, Қозыбаев Манаш, Мұстафин Тілеміс, Сұлтанғазин Әмірзақ және тағы басқалар. Сөйтіп, қазақ халқының атын әлемге таратты.

Қорыта айтқанда, көзқарастары әртүрлі болғанымен қазақ зиялылары Европа ғалымдарымен қарым-қатынаста болған. Империялық, шовинистік пиғылдағы көптеген орыс қайраткерлерінің қазақ жеріндегі қызметін біржақты теріс бағалауға болмас. Олардың келер ұрпаққа қалдырған мұраларын ұлттық тұрғыдан талдап, бүгінгі ғылымның қажетіне жарату ойлы зерттеушінің қасиетті міндеті. Ал, сол заманда орысша білім, тәрбие алған қазақ зиялылары әлбетте өз ұлтының мүддесін ұмытқан жоқ. Олар сол заманның ұлдары. Қолынан келгенше, қанатымен су сепкен қарлығаштай өз халқының рухани дамуы үшін қызмет етті. Солардың бірі дана және дала ұстазы Ы.Алтынсарин. Екі оттың арасында жүріп, аз ғұмырында көп шаруа бітірген ағартушы жөнінде жазылар еңбектер әлі де көп болар.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

- 1 Ә.Деріпсалин. «Ы.Алтынсарин өмірі мен қызметі туралы». Алматы, 1965. 46 б.
- 2 «Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары». Алматы, 1991. 25 б.

- 3 Күзембайұлы А. «История дореволюционного Казахстана». Учебник – Алма-Ата: Республиканский издательский кабинет по учебной и методической литературе, 1992 с. 324
- 4 «Ы.Алтынсарин таңдамалы шығармалары» Алматы, 1955. 273 бет.
- 5 «Ы.Алтынсарин таңдамалы шығармалары» Алматы, 1955. 274 бет
- 6 Ә.Деріпсалин «Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметі туралы». Алматы, 1965. 46 б.
- 7 «Торғай газеті» 1906 жыл. 17 декабрь.
- 8 «Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары». Алматы, 1991. 25 б.
- 9 «Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары». Алматы, 1991. 25 б.

*Г.К. Ибрагимова завкафедрой  
ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР  
по Карагандинской области*

## **ВИЗУАЛИЗАЦИЯ НЕОТЪЕМЛЕМАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ОБУЧЕНИЯ**

Проблема использования наглядности в обучении изучается педагогами в течение многих веков. Принцип наглядности является одним из самых первых сформулированных общедидактических принципов обучения.

Впервые проблема наглядности в обучении с педагогических позиций была теоретически обоснована в работах Я.А. Коменского и легла в основу дидактических принципов обучения. Коменский смог проанализировать, систематизировать и расширить практический опыт использования наглядности, применяя изображения в своих учебниках. Одним из первых в Казахстане Ибрай Алтынсарин, выделял необходимость наглядности в обучении, в своих трудах он написал: «Наглядное обучение основано именно на простоте учебных приемов и удобно понятности учительских объяснений» [1, с.129]

Классическое понимание принципа наглядности до настоящего времени не утратила своей актуальности, но требует доработки. Современная система образования Республики Казахстан характеризуется поиском оптимального баланса между сложившимися культурно-образовательными традициями в отечественной школе и новыми тенденциями образовательной практики.

Согласно психологическим исследованиям, основой для интеллектуальной деятельности ученика является образное (визуальное) мышление способствующее формированию интуитивного опыта, умения взглянуть на нестандартную ситуацию под другим углом зрения и т.д. Новые воззрения требуют пересмотра принципа наглядности обучения и «необходимости перейти от наивного использования наглядности, как средства повышения эффективности урока, к формированию визуальных знаковых понятий, которые по своему объему, степени обобщенности могут уступать привычным вербальным понятиям»[2].

К настоящему времени опыт использования визуализации для предъявления учебной информации расширился. Практика использования визуализации, а также теоретическое осмысление этой проблемы нашли отражение в работах С.А.Носкова (визуализация средств обучения как инструмент активизации учебной деятельности); Е.А.Макарова, В.И. Писаренко (как одна из стратегий создания инновационной образовательной среды); Е.И.Шангиной, Г.А.Шангина (методология когнитивной визуализации формирования учебной информации в современных технологиях обучения) и др.

Под визуализацией А.Г. Рапто понимает «всякий способ обеспечения наблюдаемости реальности, а под результатом визуализации или визуальной моделью – любую зрительно воспринимаемую конструкцию, имитирующую сущность объекта познания» [3].

В Большом энциклопедическом словаре понятие визуализации (от лат. visualis зрительный) обозначает методы преобразования невидимого для человеческого глаза поля

излучения (инфракрасного, ультрафиолетового, рентгеновского, ультразвукового и др.) и видимое (черно-белое или цветное) изображение излучающего объекта [4].

Подобные определения описывают визуализацию с позиции процесса наблюдения, минимизируя действия левого полушария мозга, связанного с мыслительными операциями и познавательной активностью обучающихся, а визуализированные средства обучения выполняют лишь иллюстративную функцию.

Другой подход в определении визуализации предлагается в педагогических концепциях авторов Р.С.Андерсона, Ф.Бартлетта (теории схем), Ч.Фолкера, М.Минского(теории фреймов) и др., понятие визуализации понимается ими как вынесение в процесс познавательной деятельности из внутреннего плана во внешний план – мыслеобразов, форма которых стихийно определяется механизмом ассоциативной проекции [5].

Данный подход является актуальным, так как под визуализацией понимается не только создание конкретного наглядного образа объекта, явления или процесса, но и совершение мыслительной операции по обработке информации на основе логических рассуждений перевод внутреннего графического образа во внешний.

Применение в обучении максимально дифференцированных способов, методов, форм визуализированного учебного материала, помогает улучшить эффективность обучения через увеличение объёмов усваиваемого детьми материала за единицу времени и мотивировать учащихся на самостоятельную деятельность в исследовании новых тем.

Методы визуализации имеют определённую классификацию и делятся на методы наблюдения, иллюстративные методы и демонстративные методы. Помимо этого, существует несколько классификаций способов визуализации, среди которых основными являются классификация по сложности структурной организации, по новизне и по типам средств обучения (классификация В. Оконю) [6].

Простые средства	10	Словесные – учебники, другие тексты
	11	Визуальные – реальные предметы, модели, картины и пр.
	12	Механические визуальные приборы – диаскоп, микроскоп, кодоскоп и пр.
Сложные средства	13	Аудиальные средства – проигрыватель, магнитофон, радио
	14	Аудиовизуальные – звуковой фильм, ТВ, видео
	15	Средства, автоматизирующие процесс обучения – лингвистические кабинеты, компьютеры и компьютерные классы, информационные системы, телекоммуникационные сети.

Рисунок – Классификация типов средств визуализированного обучения В. Оконю.

Кроме того, в ходе использования техник визуализации необходимо совмещать ортодоксальные методы её реализации и инновационные, к которым относятся мультимедийные презентации, интерактивные игры и прочее.

На сегодняшний день визуализация технологически концептуальна: от иллюстрации – к интенсификации обучения, к стимуляции критического мышления. Использование визуальной среды в обучении – это не просто презентация материала для удобства понимания аудиторией поколения Z, это фиксирование мыслительного процесса, моделирование текстопорождения. Эффективность визуализации доказывается практикой использования инфографики, мультимедиа и облачных технологий на различных уроках.

Рассмотрим основные виды визуализации, применяемые учителем в процессе обучения:

1) *Мультимедийная презентация* (использование программных средств) – программа, которая содержит текстовые материалы, фотографии, рисунки, слайд-шоу, звуковое

оформление, видеофрагменты и анимацию. Главное ее отличие от остальных способов представления информации является особая насыщенность содержанием и интерактивность. Мультимедийная презентация может быть подготовлена с помощью таких компьютерных программ как: PowerPoint, Prezi, Keynote, Canva и др.

2) *Диаграммы и схемы (кластерная диаграмма), фишбон, диаграмма Венна, пирамида, облако слов, лента времени.* Данная форма способствует развитию критического мышления, увеличивает процент успешного усвоения материала, а также способствует развитию «фотографической памяти». В основе метода лежит схематизация, сжатие большого объема учебной информации к малому ее размеру с помощью символов и выделения главного. Для создания данных диаграмм и схем рекомендуется использовать: Excel, Infogram, Sigma.js, Aristochart и другие.

3) *Инфографика* – это визуальная подача разнообразной, часто очень плотной статистической информации. Инфографика дает возможность приобрести учениками навыки организации собственного информационного пространства, найти эффективные способы поиска и преобразования информации для решения поставленных учебных задач и самостоятельной познавательной деятельности.

Одним из типов инфографики является так называемая *ментальная/интеллектуальная карта/(mind map)*. Ментальная карта – это техника визуализации мышления. Использование ментальных карт заставляет активно работать оба полушария мозга. Построение ментальных графических карт производится по простым, но непреложным базовым правилам: карта строится вокруг центрального понятия, идеи. После этого, справа по часовой стрелке отображается спектр дополнительных тем, детализирующих выделенный основной образ и связанных с ним.

*Скрайбинг* как прием визуализации изучаемого материала и рефлексии, помогает дополнить интеллект-карту иллюстрациями, значками и другими маркерами, позволяющими освоить образ и представить его индивидуально. Этот способ визуализации задействует не только зрение, слух, но и воображение обучающихся, благодаря чему качество усвоения и понимание учебного материала значительно увеличивается. Основными инструментами для формирования ментальных карт являются автоматизированные программы: SpiderScribe, Xmind, Mindomo, Wisemapping, iMindMap и другие.

Использование различных приемов визуализации материала позволяет учителю компоновать различные элементы содержания предмета и организовывать изучение материала, исходя из задач конкретных тем каждой образовательной области. В настоящее время имеется большое количество готовых графических материалов в виде презентаций, схем, рисунков, видеоматериалов, созданных педагогами и размещенных в Сети. Возможность скачивания данных материалов с сохранением авторских прав и их преобразование с помощью соответствующего современного программного обеспечения позволяет модернизировать любой материал в соответствии с учебной программой, целями урока, класса и т.п.

Таким образом, создается новая форма образовательной среды характеризующейся, в первую очередь, «фотографической» памятью, расширением памяти визуализацией, усилением информации, а также синтезом знаний, культуры, образования и высоких технологий. Визуализация неотъемлемая часть обучения и очевидна ее перспективность в образовательном процессе.

## **ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:**

1 Антология педагогической мысли Казахстана.[Текст]//Сост.Калиев С., Аюбай К. Алматы, 2012. – 129 с.

2 Резник Н.А. Методические основы обучения математике в средней школе с использованием средств развития визуального мышления: Дис....уч.ст.докт.пед.наук. – СПб.,1997. – С.71

3 Рапуто А.Г. Визуализация средств обучения как инструмент активизации учебной деятельности. – М.,2004. – С.7

4 . Большой энциклопедический словарь / гл. ред. А. М. Прохоров. – 2-е изд., перераб. и доп. – М. : Большая Рос. энцикл. ; СПб. : Норинт, 2001, 1456 с.

5 .Бьзен, Тони. Интеллект-карты. Полное руководство по мощному инструменту мышления. – М.: Манн, Иванов и Фарбер, 2018.

6. Классификация дидактических средств обучения. – [Электронный ресурс].<https://lektsia.com>.–[Режимдоступа]: <https://lektsia.com/1x6e44.html>

*Д. Б. Бакаев*

*Қарағанды облысы, Шет ауданын Ақсу Аюлы*

*Шет ауданының білім бөлімі*

*әдістемелік кабинетінің меңгерушісі*

## **ЫБЫРАЙ САЛҒАН ІЗБЕНЕН**

Ыбырай Алтынсарин «өнері мен білімі бар жұрттар тастан сарай салғыза алатынын» ежелден білген. Оған куә – бүгінгінің көздің жауын алар ғимараттары, білім алу ошақтары.

«Айшылық алыс жерлерден көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызуға» болатынын сонау 19 ғасырдың өзінде дәп кескен. Оған дәлел –пандемия кезіміздегі қашықтықтан оқыту.

«Аты жоқ құр арбаны мың шақырым жерлерге күн жарымда барғызды»[1,6],- деп бүгінгі әлеуметтік желіні меңзесе керек.

«Дүниені кезді жалықпай, білгендерге осылар – бәрі-дағы анықтай», [1,6]- дегенінен студенттеріміздің «Болашақ» бағдарламасымен әлемді танып жатқанын көруге болады.

«Ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай»[1,6],-дей келіп, педагог мәртебесінің де өз мәнінде ұлықталатынын сезгендей.

«Желкілдеп шыққан көк шөптей

Жаңа өспірім достарым,

Қатарың кетті-ау алысқа-ай,

Ұмтылыңыз, қалыспай,»[1,6] - деп, заманның бәсекеден тұратынын ерек ескерген.

«Біз болмасақ, сіз барсыз,

Үміт еткен достарым,

Сіздерге бердім батамды», - [1,6] деп, игі жақсыларды тәрбиелеу мәртебесін ұстаздарға аманат еткен. Ал киелі қазағым аманатқа қашан қиянат жасап еді?

Елдің игі жақсыларын бәсекеге қабілетті жан-жақты етіп тәрбиелеу бізге, ұстаздарға, бұйырыпты. Бүгінгі қаражат билеген заманда, тақ арқылы бақ орнайтын уақытта ниеті шынайы игі жақсыларды тәрбиелеуде кімді үлгі етеміз? Қаншалықты дұрыс әрекет етудеміз? Жанында тазалық, тілегінде ақтық, әрекетінде шынайылық, көзінде мейірімділік, алақанында жылылық, сөзінде жігері, қоршаған ортаға деген зор сүйіспеншілігі бар оқушыларды тәрбиелеуде қай ғұламаның дәнінен нәр алудасыз?[2] Біз, ұстаздар, Ы.Алтынсариннің мейірім қағидасын ұстанып, еңбекқорлық деген желеуін қолдап, қарапайымдылық деген көркем мінезін, жанашырлық деген қамқорлығын өзімізге үлгі тұтамыз. Ұстаздық жолында осы қағидаларды желеу еткен ұстаздар қауымы шоғырланған қара шаңырақтардың бірегейі – Қарағанды облысын Шет ауданы Ақсу-Аюлы мекеніндегі «Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп. (РО) жанындағы интернат» КММ. -92 жыл толды.

Өткенді білмей болашаққа қадам басу қиын емес пе? Сондықтан мектеп туралы ой бөлісуді жөн санадым.

Қара шаңырақ **1928** жылы кеңес және партия ұйымының шешімі бойынша бұрынғы Құмжон ауылында қаланды.



**1931-1932** жылы жеті жылдық мектеп аудан орталығында ашылды. «Үлгілі қазақ мектебі» деп аталған білім ошағын басқару ең алғашқы мектеп меңгерушісі Ахмет Әбдірахимов болды. Осыжылдары Хамза Малыбаев, Жүсіп Алтайбаев, Ахатай Қожабаев, Хасен Сәрінжіпов сынды мұғалімдер еңбек етіп, ауыл балаларын оқытты. Панасыз 30 балаға интернат үйі ашылды. Ауыл балаларын оқыту үшін мектеп мұғалімдерімен толыға бастады. Олар:Тұяқов Мұхамедия, Жексенбин Қожабек, Жүсіп Алтайбаев, Әкпар Сатбақов, Нұрбек Бөкеев,Александр Беккер, Смағұл, Мұқаев Мұса, Байыров Мұрат, Тоқтарбеков Айса, Әскенов Рымқұл сынды ұстаздар ауыл балаларына дәріс берді. Орталау мектепте алғашқы пионер ұйымы құрылып, Ильяс Нұрахметов оқи жүріп-ақ осы ұйымның пионер вожатыйы болған. Вожатыйлардың оқуын алғаш Хасен Есмағанбетов бітіріп шықты.

1938 жылы қазақ даласына алғаш білім қоңырауын соққан ағартушы, дала жұлдызы, қазақ халқының данасы, дарабоз дара ұстазы - Ыбырай Алтынсариннің есімі беріліп, «Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі» барлық қазақ балаларының білім ордасына айналды.

1960 жылдары ауыл адамдарын қуандырған жаңалық жаңа мектеп құрылысының басталып,1965 жылы жаңа типтегі үш қабатты мектеп қаңтар айында пайдалануға берілгені болды. Ұстаздар мен оқушылар үшін ең бақытты күн болғаны анық. Қара шаңырақтан92 жылдың ішінде 5000-ға жуық түлек ұшып шықты. Соның ішінде талай академик, ғалымдар, жазушылар, ақындар, дәрігерлер, спортшылар түлеп ұшты. Олар: профессор, академик Жамбыл Ақылбаев, ҚР-ның еңбек сіңірген қоғам қайраткері Қасымбек Медиев, ҚР–ның еңбек сіңірген дәрігері Рақымбек Рысбеков, ғалым, физика- математика ғылымдарының докторы Зекен Смағұлов, академик, профессор Баян Рақышев, доцент, профессор Мәуен Хамзин, ҚР-ның жазушылар одағының басқарма мүшесі, ҚР-ның мәдениет қайраткері, жазушы Кәмел Жүністегі, техника ғылымдарының докторы Кәрібек Тұрсынов, жазушы, публицист, Қазақстан журналистер сыйлығының иегері Рымқұл Сүлейменов, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, редактор Клара Хамзина, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, халықаралық дәрежедегі атақты шахматшы Пәну Әбдіқасова, Азия чемпионы, қазақ күресінен тұңғыш спорт шебері Тұрар Терлікбаев, техника ғылымының кандидаты, профессор Әйкен Құтжанова, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхаметқали Әбдуов т.б.

1992 жылы мектепте Шет аудандық білім бөлімінің №62 бұйрығы бойынша алғашқы гимназия сыныптары ашылды .

2005 жылы бұрынғы қазақ орта мектебі «Мектеп-гимназия» статусы мәртебесін алды.

2014 жылдан бастап Шет ауданының әкімдігінің №29/09 26.09.2014 ж. Қаулысы бойынша Ы.Алтынсарин атындағы мектеп – гимназиясы базасындағы тірек мектебі (Ресурстық орталық) болып, атауы өзгертілді. 2006 жылы құрамында 3 магниттік мектебі бар Ресурстық орталық болса, бүгінгі күнде 8 магниттік мектеппен жұмыс істеп отыр.

Бүгінгі таңда, білім алушылардың барлық деңгейде білім алу сапасы мен қол жетімділікпен қамтамасыз ету мақсатында зияткерлік, физикалық, рухани дамыған және табысты тұлға қалыптастыруды, ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық әлеуетін нығайтуды көздеген білім ошағына айналған.Білім алушыларға таңдау бейіміне қарай 2005 жылдан бастап 5-6 - сыныптарда «Ыбырайтану» курсы оқытылып келеді. Курста Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын бүгінгі оқушының көзқарсымен ұштастыруға, өмірі мен шығармашылығын терең зерделеуге, бүгінгі күнмен байланыстырып, тереңдетіп оқыту көзделген.

Курсты оқыту нәтижесінде дәстүрлі «Ыбырай оқулары» байқауы аудан көлемінде жылда өткізіліп, оқушыларымыз сахналық қойылым мен мәнерлеп оқудан жүлделі орындарға ие болуда. Ыбырайдың шағын әңгімелерін бастауыш сыныптарда оқыту мақсатында «Қуыршақ» театры құрылып, қазіргі таңда жалғасын табуда. Мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық байқаулар, мәнерлеп оқу сайыстарына қатысып, жүлделі орындарға иеленіп келеді.

Мектепте оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шындау үшін «Ыбырай үні» газеті тұрақты түрде жарыққа шығып тұрады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылар 20

минут кітап оқып, зейіндерін ашуға дағдыланған. Музыка пәнінің ұстазы Н.Тәжібекова «Ыбырай мектебі» әнінің авторы және бүгінгі күнде осы ән мектептің әнұранына айналған.

Қара шаңырақтың екі бірлей түлегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Б.А.Тусупханова -«Үздік педагог-2020» атағына ие болса, гимназия сыныптарының алғашқы түлегі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, А.Д.Бөлкенбаева Республикалық «Үздік педагог-2021» атағына ие болды. Мектеп түлектері республикалық, халықаралық білім, өнер додаларында биіктен көрініп келеді.

Ауыл мектептерінде оқитын балаларға арналған республикалық «IQanat»-олимпиадасына жылда мектеп оқушылары қатысады. Нәтижесінде 1 оқушымыз Көкшетау қаласындағы жоғары Қазақ-ағылшын «IQanat» жоғары мектебінің грантын ұтып алып, бүгінгі күнде Еуразия Ұлттық Университетінің 1 курс студенті. Жетекшісі математика пәнінің мұғалімі Омашева Дарибала Койбагаровна оқу жылының нәтижесі бойынша халықаралық ғылыми жобаға жеңімпаз дайындағаны үшін ақшалай сыйақыға ие болды.

Қазіргі таңда мектебімізде тұрақты түрде «Ыбырай» телестудиясы өз жұмысын жалғастыруда.

2009–2010 жылы ҚР Жазушылар одағының басқарма мүшесі, С.Сейфуллин атындағы халықаралық сыйлықтың иегері Кәмел Жүністегі атындағы қазақ тілі мен әдебиеті дәрісханасы ашылды. 2017-2018 оқу жылында Жұматай Құтжанов атындағы математика, Райза Жотабаева атындағы химия, Елеу Рашитов атындағы тарих дәрісханалары ашылды.

2019 жылы мектебіміздің 90 жылдық мерейтойын атап өтті. Мерейтойға мектепте қызмет еткен ардагер ұстаздар, атақты түлектер, қонақтар шақырылып, үш күнге созылған мерейтойда түрлі іс-шаралар атқарылып, «Шет ауданының білім бөлімінің құрметті қызметкері» алғашқы төсбелгілері мектептің ардақты ардагер ұстаздарына табысталды.

2020 жылдың желтоқсан айында «Ибраһим Алтынсарыұлы» атындағы музей ашылып, бүгінде Қостанай қаласындағы «Ы.Алтынсарин атындағы мемориалдық музеймен» тығыз жұмыс атқарылуда.

Қазақ: «Ағын су арам болмайды» дейді. Тұнық су мен ағын судың айырмашылығы – тоқтаусыз ағуында. Ешкідіріс жоқ! Ыбырай Алтынсарин де ешкідіріссіз толассыз аққан. Бір толқыны арқылы мектеп ашып, бір толқыны мен қара халықтың көзін ашып, оқыту үшін бала жинаған. Келесі толқыны алғаш оқу құралын жазғызса, енді бірі өлең өруге итермелеген. Толқынды толқын қу акеле, сауат ашуға лайықтап жазылған әңгімелер легі туған. Енді біз де оқушыларымыздың ағын судай үнемі қозғалыста, өзгерісте, бір мақамда қалып қоймай, ізденіс үстінде өсіп отыруын қалаймыз.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ы. Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар» Алматы, 1989ж
2. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж
3. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы. 2008ж, № 4,5

*Ж.А.Рүстемова*

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Академик Е.А.Бөкетов ат.Қарағанды  
университеті, Қарағанды қ.*

#### **ИСЛАМИ ДҮНИЕТАНЫМ Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДА**

Ыбырай Алтынсарин қаламынан шыққан көркем шығармалар туралы кеңестік дәуірде көп жазылды. Егер жазылған мақала, жарық көрген кітап мазмұнын қайталайтын болсақ,

жазушы туындыларын бүгінгі күнмен таразылау мүмкіндігін пайдаланбағандығымыз болып табылар еді.

Ы.Алтынсарин өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер, ең алдымен, М.Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарин» деген мақаласында жазылған жайларды егжей-тегжей білуі шарт. «Кемел ойдың кемеңгері Мұхтар Әуезов кеңестік саяси құрсауға толық мойынсұнбай тұрған кезінде, яғни 1923 жылы «Шолпан» журналының 6-7-8 сандарында «Ы.Алтынсарин» деген көлемді мақала (26 бет) жариялағаны жөнінде көпшілік хабарсыз. Оның себебі – бұл еңбек Мұхтар шығармашылығын зерттеушілер мен ғалымдардың, жазушының жинақтарын құрастырушылардың көзіне түспеді, немесе назарға алынбады. Кезінде бұл мақалаға ғылыми пікір де айтылмады. Соның салдарынан тарихи шындыққа қиянат жасалды»-делінген пікір[1, 117] Ыбырай өмірі мен шығармашылығын зерттеуде олқылықтың орын алып отырғандығын танытады.

Олқылықтың тағы бірі – Ы.Алтынсарин шығармалары талдауларының бұрынғы кеңестік сүрлеумен үстіртін, атүсті жасалуы. Кеңестік кезеңде Ы.Алтынсариннің қалың жұртқа әйгілі бір өлеңінің алғашқы жолдары түсіріліп берілгендіктен, ол өлеңді жас ұрпақ «Бір Аллаға сиынып!» деген жолдарсыз оқып жаттады. Бірақ Ыбырайдың қай шығармасында болсын, тіпті аудармаларында да, хаттарында да оның Аллаға сенген көңілі байқалып тұрады.

М.Әуезов мақалада Ы.Алтынсарин жайындағы «шоқынды, крест тақты» деген өсектің шығу себептерін фактілер, дәлелдер негізінде түсіндіріп бергенімен, бұл тұжырымдар кеңес кезеңінде басшылыққа алынбады. Қазіргі, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде де Ыбырай өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер Әуезовтің тарихи мәні бар осы мақаласына аса көп жүгіне қоймайды. Аса көп жүгіне қоймайды деуіміздің себебі, мақала туралы айтып, ондағы жазылғандарды атап өткендерімен Алтынсарин өмірі мен шығармашылығын зерттеуде ол жазылғандарды басты таяныш етуді қажет деп санамайтын сыңайлы. Ы.Алтынсариннің жақында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінен табылған, бұрын еш жерде жарияланбаған төрт шумақ өлеңін(өлеңді араб харпінен көшірген З.Ижанов) тұтастай келтіруді жөн санап отырмыз.

...Аласы ағайынның алаңдатты,  
Көре алмай көп ішінен жамандатты.  
«Шоқынды», «крест тақты», «әйкәпір» деп,  
Аузына келгенді айтып бақты...

Надандық қандай «қызық» қарап тұрсаң,  
Көңлі соқыр көрмейді көзге ұрсаң,  
Бабын қалай табарсың бұл қазақтың,  
Басқа тебед жаныңды құрбан қылсаң.  
Бар айыбым баласын оқытқаным,  
Орыстың біліміне тоқытқаным,  
«Білімсіз кеңілмейді керегең» деп,  
Айтқанымнан атандым «кәпір-залым»...  
Білдірген де сен едің білім жолын,  
Шалқыған жалындай боп көкірегім,  
Қаларсың өзің жанып, өзің сөніп,  
Ғұмырдың аяқтасаң текірегін... [1, 33, 34].

Бүкіл ғұмырын жас ұрпаққа білім беруге, тәрбиелеуге арнаған ағартушы ұстаздың көркем туындыларының идеясы ислами танымға негізделеді. Ол, біріншіден, Алланы жадында ұстайды. Екіншіден, өзінің жас оқырмандарына, шәкірттеріне бір Аллаға сүйеніп іс жасауды өсиет етеді.

Ыбырайдың түсінігінде «бір құдайға сиынып барып» оқуға кірісу түптің түбінде өз нәтижесін бермек. Сол себепті өлеңін «бір Аллаға сиынып, кел, балалар, оқылық!» деп

бастайды. Оқу білген адам бір жаратқан иені танығын үстіне тани түседі деген ой өлең соңында берілген:

Оқу білген таниды  
Бір жаратқан құдайды.

Құдайды танымаса, құдайға ұнамауы кәдік. Құдайға ұнамаған жанның осыған дейінгі істеген ісінің бәрі бос әрекет болуы мүмкіндігінің қаупі «Танымаған құдайды неғылғанда ұнайды» дегеннен қылаң береді.

Баланы құдайдан сұрау – халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінен, әсіресе, батырлар жыры, ертегілерден келе жатқан дәстүр. Баланың өнегелі болып өсуіне бесік жыры, тұсау кесу жырында қандайлық мән берілетін болса, бұл өлеңде де ата-ананың тілегіне сондайлық мән беріледі.

Шырағым адам болғай деп,  
Ата-енең жылайды.  
Баладан қайыр болмаса,  
Баланы неге сұрайды.

Ата-ана құдайдан қайырсыз ұл сұрамайды, өз үмітін ақтайтын ұл сұрайды. «Әйтпесе, бала сұрап несі бар» - дейді ақын. Автор баланың жанды жеріне дөп тиетін сөзді тауып айтады. Бір кезде құдайдан есті бала сұраған ата-ананың қартайтын күні туар. Қартайған ата-ана мал табуға қауқарсыз. Осы кезде сүйенетінің білімнің болмақ. Демек, тұрмысыңның жақсаруы үшін оқу керек.

Ендеше, балаға жүктелетін міндет үлкен. Сол міндетті атқару үшін оқуға кірісу керек деген автор ойы айқын. Өлең оқу-білім қасиетін нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге құрылған. Мәселен,

Оқымаған жүреді  
Қараңғыны қармалап  
Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.

Ы.Алтынсарин оқу үшін қандай қасиетке ие болу керек екендігін бұрынғыдан жеткен нақыл сөздермен түсіндіреді. Бірде «Аяңшыл ат арымас, білім деген қарымас» немесе «білмегенді білуге есті бала тырысқан, есер бала ұрысқан», «надандықтың белгісі – еш ақылға жарымас» деп халықтық түсінікпен тұжырса, енді бірде «жөн білмеген наданға қыдыр-ата дарымас», «оқу білген адамдар май тамызған қылыштан» деп өзіндік қорытынды жасайды.

Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым  
Тең етті бәрімізге күн мен айын.  
Адамның адам біткен баласымыз,  
Қайсың бөлек тудың деп айырайын!

«Өсиет өлеңдер» атты өлеңінің алғашқы шумағынан-ақ осылайша құдайды ауызға алған ақын ары қарай адамның құдайға ұнайтын істерін баяндап береді. Әділдіктен таймау, басыңа не қиындық түссе де сабырлылық таныту, жұртқа қайырымды болу керектігін түсіндіреді.

Иманды ер құдайынан ұялады,  
Ұялып иесінен сый алады.

«Құдайдан ұялғанның нәпақасы бар» деген автор ойы айқын. Бұл ретте «Бір Аллаға сиынып!» өлеңімен үндес шығып отырғандығын айтқымыз келеді. Құран Кәрімде аттары аталатын Дәуіт, Сүлеймен, Илияс, Жүсіп сынды пайғамбарлардың өмірін көркем баяндай отырып араб әдебиеті тарихынан мәлімет береді.

Өлеңде екі сюжеттік линия бар. Бірі – даңқты Дәуіт пайғамбардың өмір сүргендігі, оның отыз ұлы болғандығы, отыз ұлым бар деп мақтанған пайғамбардың ұлдарынан айрылуы, өзінің пенделігін мойындаған Дәуіт патша кіндігінен кейін Тақ – Сүлейменнің тууы. Екінші линия – Ескендірдің өлмеске айла іздеуі, қасындағы уәзірлерін мәңгілік су әкелуге жіберуі, бастау жанындағы жанның өз жайын баян етуі, бір кезде патша болғандығын, мәңгілік су ішіп, енді мәңгі өмір сүруден азап шегіп отырғандығын әңгімелеуі.

Дүниені неше айналып, неше кездім,

Өз жаным мен денемнен өзім бездім.  
Маған өлім бермеді құдайтағала,  
Енді тастап дүниені мұнда келдім.

Бұл әңгімені естіген Ескендір судан татудан бас тартады. Екі сюжетті біріктіріп тұрған ой – құдайдың бергеніне шүкіршілік ету, аспау-таспау, тақаппар болмау, «бай болдым, бағым өсті» деп масаттанбау дегенге саяды. «Өсиет өлеңдерінде» бір ойдан екіншісіне көшу, яғни екі субъектіге алма-кезек ақыл айту құбылысы төмендегі жолдардан көрінеді:

Ренжітпе бенде болсаң бейшараны  
Кәріп көңілі бір сынғақ пияла-ды

деп, «кәріп көңіл» кейіпкеріне аяушылық танытуды оқырманына тілек етсе, келесі бір сәтте

Қорек тап бейнеттен де тәңірің жәрдем,  
Телмірме бір адамға мұндықпенен.

-деп, өзі аяушылық танытып отырған кейіпкеріне тікелей сөз арнайды, намысын қайрайды. Кедейді кемдігі жоқ, бала-шағасын адал еңбекпен асырауға қабілетті жан есебінде таниды. Құдайға сенуді тілек етеді. Келтірілген мысалдар Ы.Алтынсариннің бала тәрбиелеуде, жастарға білім беруде Құран Кәрімді негізге ұстап отырғандығына мысал бола алады.

«Балғожа бидің атасына жазған хаты» өлеңінде атасы немересіне

Үміт еткен көзімнің нұры балам,  
Жаныңа жәрдем берсін құдайтағаллам.  
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,  
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.  
Атаңды сағындым деп асығарсың,  
Сабаққа көңіл берсең басыларсың;  
Ата-анаңды өнер білсең асырарсың,  
Надан боп, білмей қалсаң аһ ұрарсың.

- деп тіл қатса[2, 9], «Окудағы балалардың үйіне жазған хаттарында» немересі атасына былай деп жауап қайырады: «Қамқор, дуагөй атам мен әже, сіздерге ықыласты сәлемдерімді жолдап қаламын. Өзім сіздердің оң баталарыңыздың арқасында сау-саламат бармын. Өткен поштадан жіберген сәлем хатыңызды, азын-аулақ ақшасымен жолығып алдым. Ықыласыммен құдай-тағаладан тілеймін, сіздердің еңбек қамқоршылығыңызды бізге де қызметімізбен өтуге жазғай еді деп»[2, 46] жауап қайырады. Ендеше, ой сабақтастығы Ы.Алтынсариннің бір шығармасының өн бойында ғана емес, жанрлары бөлек екі туындысының арасында да орын алып, екі бөлшекті бір бүгінге айналдырып жіберіп отырады.

Ыбырайдың жоғарыда аталған өлеңінде «көзімнің нұры» тіркесін қолдануының мәнін «Құран Кәрімнің» «Әл-Фұрқан» сүресіндегі «және солар «Раббымыз! Жұбайларымызды және ұрпақтарымызды көзіміздің қуанышы ет әрі бізді тақуалардың(Өзіңе бойсұнып, жазадан қорқып, сақтанғандардың) алды ете гөр», - дейтіндер» - деген 74-аятымен»[2, 413] түсіндіруге әбден негіз бар. Өйткені ағартушы ұстаз «діннің парыз-міндеттерін толық орындауға, күнәлардан алыс болуға, өмір сынақтарын сабырмен өткізіп, шыншыл болу, дін ілімдерін игеріп, айқын иманға жетуге талпынуды»[2, 413] жас ұрпаққа «Шариат-ул-ислам» («Мұсылманшылық тұтқасы») еңбегі арқылы да міндет еткен болатын. Ыбырай кітапта шариғат сүрелерін өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдайды. Кітап төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде иман туралы айтылады(иман дегеннің не екені, құдайдың бірлігі, Мұхамбет оның елшісі екендігін қалай тану керек екендігі көрсетіледі). Екінші бөлімде құдайға құлшылық ету, намаз оқу, ораза ұстау, кедейлерге садақа беру(зекет) беру және жалпы қайырымдылық істер істеу, қажыға бару көрсетіледі, оқылатын аяттар қосылады. Үшінші бөлімде адамгершілік жайы көрсетіледі. Төртінші бөлімде арабша аяттар қазақ тіліне аударылып беріледі.

Ыбырай өз аударма әңгімелерінде де өлеңдері мен төл әңгімелеріндегі ойды ары қарай жалғастырғанды жөн санайды. Мәселен, Алтынсариннің Л.Толстойдан аударған «Малды

пайдаға жарату» («Петр I и мужик») әңгімесінің кейіпкері – көп мал тауып, азбен қанағат етіп, аз жұмсап тұратын үйші. «Үйші: - Қарт әке-шешеме берген ақшаларымды өтеп тұрған борышым деп білемін, өзімнен туған балаларға оқу оқытуға, асырауға шығарған малымды өсімге берген мал деп білемін. Балалар адам болып, біз қартайғанда жақсы асыраса, олардың борышымды өтегені емес пе, - деді» [3, 40] Ыбырай әңгімесінде оның өлеңдерінен бастау алатын ой өз жалғасын тапқан. Өлеңдеріндегі «Баладан қайыр болмаса, баланы неге сұрайды?», «Ата-анаңды өнер білсең, асырарсың» деген жолдар бұған дәлел.

Сонымен, Аллаға сену идеясы Ыбырай шығармаларында басты орын алады. Ой түйіні ретінде айтарымыз, Ы.Алтынсариннің көркем туындыларына ислам дінінің ықпалы туралы мәселенің тереңіне бойлау мәтінге көбірек жүгінуді ғана қажет етіп қоймайды, сонымен бірге жазушы өмірі мен шығармашылығы жайында зерттеушілер мен ғалымдардың назарына алынбаған еңбектерді пайдалануды және ондағы жазылған дүниелерді жаңа идеялық, ғылыми принциптер негізінде қарастыруды талап етеді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ижанов З. Асыл қазына. – Алматы: Экономика, 2015. -352 б.
2. Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің (тәпсірінің) аудармасы. – Алматы, 2013. -776 б.
3. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. -318 б.

### **Аңдатпа.**

Мақалада ислам дінінің Ы.Алтынсари шығармаларына тигізген ықпалы ағартушының ислами дүниетанымы ерекшеліктерін айқындау мақсатында қарастырылады. Жаңа идеялық принциптер негізінде жазушы шығармашылығындағы діни көріністердің рөлі мен орны зерделенеді. Автор Ы.Алтынсарин шығармашылығы негізінде жас ұрпаққа діни тәрбие беру мүмкіндіктерін көрсетеді.

**Түйінді сөз:** дүниетаным, кеңестік кезең, тарихи шындық, жас ұрпақ, өсиет.

### **Аннотация.**

В статье рассматриваются вопросы влияния исламской религии на произведения И.Алтынсарина с целью выявления специфики его исламского мировоззрения. На основе новых идейных принципов исследуются роль и место религиозных мотивов в творчестве писателя. Автором раскрывается содержание религиозного воспитания молодого поколения в творчестве Ы.Алтынсарина.

**Ключевые слова:** мировоззрение, советский период, историческая правда, молодое поколение, назидание

*А. Т. Кызылбекова*

*Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
«Жабас Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылы*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ: ИДЕЯЛАРЫ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Елімізде көптеген стратегиялық жоспарлар жүзеге асырылуда. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауларында және өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық бірегейліктің сақталуы, қоғамдық сананы жаңғырту – ұлттық кодымызды сақтау, яғни ана тілін, ұлттық дәстүр, ұлттық сана-сезім, ұлттық болмыс, әдет-ғұрып, мәдениет, музыка, әдебиет, өнерді қастерлеу, – деп атап көрсеткен. Мәдени мұра, рухани жаңғыру, Ұлы даланың жеті қыры сияқты жобалар

ұлттық код тұрғысынан өзектелінуде. Бұл жобалардың тарихи бастаулары ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ демократ ағартушыларының, оның ішінде ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасында айқын орын алған. Сол заманның өзінде дәл бүгінгідей қазақ халқының келешегі тек өнер білімде деп таныған Ыбырай өз ойын іске асыруда көптеген кедергілерге кездесе отырып, табандылықпен жеңе білген, өмірінің соңғы сәтіне дейін өз мақсатын берік ұстанған.

Ы. Алтынсарин – ағартушы, прогресшіл қайраткер, демократ, гуманист, этнограф, публицист-жазушы. Ы. Алтынсариннің шығармашылығы философия, тарих, педагогика ғылымдары тұрғысынан талданды. Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары демократияшыл ағартушылық ой-пікірлер мен алдыңғы қатарлы орыс мектебінің тәжірибесі негізінде қалыптасты.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесін нақтылауда мәдениеттанымдық, этнопедагогикалық тұғырлар аясындағы жүйелілік, ақиқаттылық, баламалық, мәндік талдау, генетикалық, тарихилық және қисындылық, тұжырымдамалық бірлік ұстанымдары басшылыққа алынды. Сондай-ақ, тарихи-теориялық зерттеу әдісі; педагогикалық ойлар, идеялар және тарихи-педагогикалық тәжірибелерді зерттеу әдісі қолданылды. Осыдан біржарым ғасыр бұрын қазақ сахарасында мәдениет пен оқу-ағартудың туын көтерген, халыққа қажеті бар байлық, бақыт та, жақсылықта біліммен келетінін насихаттаған ғылым еңбегімен де, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау сияқты табанды істерімен де үлгі-өнеге көрсеткен Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары және ағартушылық қызметі Ыбырай ашқан мектептердің жүйесін, оқу-тәрбие ісінің мазмұнын саралап, оқытудың ағартушы ұстаз ұсынған дидактикалық принциптері, педагогикалық жүйесі халық ағарту саласында пайдалы рөл атқарады. Оның көптеген қағидалары осы күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Оның ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық жүйе болып табылады.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесінде оның ағартушылық идеялары мен қызметі келесідей: ұстаздың шығармашылығын зерттеген ғалымдар еңбегіне қысқаша шолу берілген; оның дүниетанымы сипатталған; дидактикалық және әдістемелік мұрасы талданған; тәрбиелік және психологиялық көзқарастары баяндалған; мектепті ұйымдастыруы мен мектептегі оқыту үдерісінің әлеуеті мазмұндалған.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық жүйесінде Қазақстан жағдайында алғаш рет жалпы педагогика, дидактика және методика слаласының аса маңызды ғылыми принциптері қолданыла бастады: оқытудың көрнекілігі, тәжірибе мен бақылау, оқытудың белгілі мақсатқа құрылуы, класс жұмыстары мен кластан тыс жұмыстардың түрлері жүзеге асырылды. Ол оқыту әдісін өз түйгенінше, орыс мектебінің озық үлгісіне негіздеп құруды ойластырды. Мектеп оқушыларына арнап оқу құралдарын, программалар, нұсқау хаттар жазды. Мектеп кітапханаларының физикалық, химиялық, астрономиялық құралдарымен жабдықталуына, оқушылардың түрлі ғылым мен өнер саласындағы жаңалықтарды біліп отыруына үлкен мән берді.

Ы. Алтынсарин алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген оқулығын (“Қазақ хрестоматиясы”) 1879 жылы бастырып шығарды. Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» шығармаларды іріктегенде біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабар беру, екіншіден, оқушының бойына адамгершілік қасиеттерді дарыту, үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беру қағидаларын басшылыққа алды. Оның хрестоматиядағы материалдарды жүйелеуі осы қағидалармен қатар балаға адамгершілік, еңбексүйгіштік, ақыл-ой, кәсіптік тәрбие беру мақсатын көздеді. Ыбырай аударып, хрестоматияға енгізген орыс жазушылары Пауэльсонның, Ушинскийдің, Толстойдың әңгімелерінде де қайырымдылық, кішіпейілділік, талаптылық, еңбексүйгіштік сияқты зор адамгершілік қасиеттер дәріптеліп, оған қарама-қарсы жауыздық, екіжүзділік, дүниеқорлық, т.б. жексұрын мінез-құлықтарды әшкерелеу өзекті орын



алады. Ыбырай осы арқылы жастардың ізгі жүректі, инабатты, талапты, ел-жұртына пайдалы азамат болуын көздейді.

Оқу методтары мен балаларды оқыту тәсілдерін Ы. Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін: а) оқыту методтары – балалардың жүре келе мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол; ә) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Ы. Алтынсарин еліміздегі оқулық жасаудың негізін салды. Ол қазақ оқулығының тарихында өз орны бар ағартушы.

Ы. Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу мәселесін ең басты мәселе деп есептеді. Оның шығармаларында екінші бір өзекті мәселе – жастарды түрлі жақсы қасиеттерге баулу, жаман істерден жирендіру мәселесі. Адамгершілік-имандылық және ата-ана тәрбиесі. Ы. Алтынсарин өз шығармалырында жасөспірімдерді адамгершілік қасиеттерге баулып отыру мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп дұрыс түсінді. Осы идея Алтынсарин әңгімелерінің арқауы. Ол – еңбек адамының өмір жөніндегі көзқарасын кеңейтіп, оның бойында жақсы қасиеттердің (кішіпейілділік, мейірімділік, зеректік, әдептілік, жинақтылық, жомарттық) қалыптасуына әсерін тигізетін, сондықтан да әрбір ата-ана еңбектің осындай жасампаздық қасиетін балаға кішкентайынан ұғындыра білудің қажеттігін айтады.



Ыбырай халықтық педагогиканы да ең басты орынға қояды. Оқу-ағарту саласындағы еңбектерінде өзінің төл шығармаларында да халықтық негізді, дүниетанымды, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты, ізгілік қасиеттерді арқау етеді. Ыбырайдың дәстүрлері бүгінгі күні былайша жалғасын табуда. Өзімнің жұмысым тікелей тәрбие саласына бағытталғандықтан мектепте жүргізіліп жатқан тәрбиелік шаралардың барлығы дерлік оқушылардың бойына ізгі қасиеттерді сіңіруге арналады. Оқушылардың бойындағы осындай қасиеттерді дамыту мақсатында мен өз тәжірибемде сыныптан тыс көптеген шаралар ұйымдастырып отырамын. Атап айтқанда, наурыз мерекесінде ұлттық ойындар ойнатып, үлкендерден бата алу рәсімін өткізіп, қойылымдар қою, зияткерлік ойындар сияқты



шаралар өтуде. Ыбырай мектептегі оқытуды, негізінде ана тілінде жүргізді. Сол кездегі белең алған жаттамалы оқуға қарсы шығып, олардың оқыту әдіс-тәсілдерін сынға алады. Зерттеу еңбектерінде бірінші сатыда – тіл дамыту, екінші сатыда – әліппе бойынша оқыту, жазу, үшінші сатыда – оқу кітабы бойынша оқу, жазу, салыстыра оқыту, сыныптан тыс оқыту сияқты жүйе бойынша оқыған шәкірттері қысқа мерзімде сауаттанып, тез меңгергендігі айтылады.

Қыздар тәрбиесі. Қазақ әйелдеріне білім беру ісі де Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты. Ырғыз қаласында қазақ қыздарына интернаты бар арнаулы мектеп ашылды. Бала психологиясының жалпы сипаты туралы тақырыпты алғаш рет талдаған Ы. Алтынсарин болатын. Ыбырай Алтынсариннің мектепті ұйымдастыруы мен мектептегі оқыту үдерісінің әлеуетін бағалауы. Ы. Алтынсарин 1860 жылдардан бастап, жергілікті жерлерде мектеп ашу ісімен айналысады. Қазақ халқы деген оқу білімге сусап отырған халық, әттең бұл іске оқыған адамдардың жаны ашымайтыны есіңе түскенде күйінесің. Бұл жағынан алып қарағанда кейде жылы сөзге ынтазар жетім бала сияқтымыз. Қандай қиыншылықтарға кездессек те, біз әйтеуір өз ойымызды орындап келеміз, - дейді. Н.И. Ильминскийге жазған хатында. Оның халықтан қаражат жинап, мектеп ашуы, инспекторлық қызмет атқара жүріп, мектептер санын көбейтуді, оқулық, әдістемелер жазып таратуы – қазақтарға, осы дарынды, ақылы мол халыққа кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен аса қажет болып отыр деген пікірінің іс жүзіндегі



көрінісі. Сол кездегі мектептердің басты мақсаты етіп, баланың жеке басының ақыл-ойын өсіру үшін, мінез-құлқын жетілдіру үшін нақтылы білім беру керек – дегенді алға қояды. Бұл ойы қазіргі оқу мен тәрбиенің бірлігі, жан-жақты білім беру мәселесі жөнінде бүгінгі күнмен де сабақтасып жатқандай. Ол оқу процесін ұйымдастыруда:

1. Мұғалімнің рөлі

9. Дарите своему ребёнку хорошие книги с дарственной надписью, добрыми и тёплыми пожеланиями. Спустя годы, это станет счастливым напоминанием о родном доме, его традициях, дорогих и близких людях.

Во-вторых, это обратная связь с родителями через социальные сети. Это может быть и презентация книги или рассказ о прочитанном, челлендж «Мы читаем всей семьей!» и т.д. Формы работы здесь могут быть различны – но итог должен быть один – заинтересовать родителей в совместном с ребенком чтении.

В-третьих, это различные конкурсы. Например, конкурс «Читающая мама». В таких конкурсах обязательно нужно подвести итоги (можно по подсчетам лайков в социальных сетях) и отметить победителей.

Второй этап - это работа с учащимися.

Во-первых, это создание буклетов и буктрейлов «Прочти эту книгу!». В нашем городе это стало уже доброй традицией, ежегодно проводятся различные конкурсы на школьном и городском уровнях.

Во-вторых, это проведение различных конкурсов, например, фотоконкурс «Пойман за книгой» или конкурс «Читаем младшим братьям и сестрам».

В третьих, это проведение литературных викторин по прочитанным произведениям.

Итак, что же необходимо педагогу, чтобы выстроить правильно линию работы по возрождению семейного чтения? Вот несколько рекомендаций, которые помогут в этом:

- найдите время и сотрудничайте с библиотекарями вашей школы и вашего населённого пункта;
- организуйте в школе регулярное чтение для получения удовольствия, включите это в ваш учебный план;
- беседуйте постоянно о книгах и чтении со своими учениками,
- информируйте родителей о том, какие произведения входят в круг чтения детей каждой возрастной группы. Информация может быть предоставлена в виде списка литературы для чтения на каникулах;
- выясните увлечения отдельных подростков вне стен класса и свяжите эти увлечения с их чтением;
- совместите свои консультации с наиболее удачным опытом и традициями семейного чтения.

Доказано, что дети из тех семей, в которых родители читают самостоятельно и совместно с детьми, показывают лучшие результаты в учёбе, владеют более грамотной речью. Поэтому задача учителя-словесника помочь родителям, особенно молодым – в привитии навыков чтения. Ведь ценностям нельзя научить, их нужно только прививать. Это кропотливый, титанический труд, который порой кажется безрезультатным и малоэффективным. Но самое трудное – это начало, а дальше в помощь понадобятся только ваше упорство и трудолюбие. Подружите детей и родителей с книгой, научите их наслаждаться чтением в наш скоростной XXI век, наполните семейный дом теплом общения!

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Лихачев Д.С. «Книга или телеэкран»  
[https://www.lihachev.ru/pic/site/files/fulltext/milner\\_gulland\\_ru.pdf](https://www.lihachev.ru/pic/site/files/fulltext/milner_gulland_ru.pdf)
2. [https://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/meetings\\_and\\_sittings/prezident-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-uchastie-v-chetvertom-zasedanii-nacionalnogo-soveta](https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/meetings_and_sittings/prezident-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-uchastie-v-chetvertom-zasedanii-nacionalnogo-soveta)
3. И.Бестужев-Лада «Семья: вчера, сегодня, завтра» М; Знание 1979.
4. Е.Брандис «Лев Толстой иллюстрирует Жюль Верна» М; Просвещение 1988.
5. Лутошкина И. Как увлечь ребенка книгой // Домашнее воспитание, 2004, №1, с.7-8

6. Соловьева Ю.И.. Традиции семейного чтения как фактор духовного развития ребенка. Вестник: Педагогика. Психология, 2010, с.66-74

*Б.А. Касымова қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
№ 101 мектеп – лицейі, Қарағанды қ.*

## **КІТАПХАНА – МӘРТЕБЕСІ БИІК КИЕЛІ ШАҢЫРАҚ**

Қай елдің, қай халықтың болмасын оның мәдени деңгейі, сауаты, кітаппен байланысты. Кітап оқудың ұлт болашағы үшін маңызы зор. Білімсіз қоғам ешқашан өрге басқан емес. Қоғамымызда электронды ақпарат құралдары, басқа да ақпарат көздері көбейгенімен кітаптың орны бөлек. Кітаптың өміріміздегі, қоғамымыздағы қажеттілігін айтып жеткізу мүмкін емес. Данышпан Абай «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» - дейді. Білім бұлағы саналатын кітаптың қастерлі қасиетін таныған Шығыстың жарық жұлдызы Әлішер Науаидің мына сөздерін еске алсақ: «Кітап– ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» - деген екен. Кітаптың құдіретін паш етеміз, ал сол кітапты қайдан аламыз? Қызықты ақпараттар және тың мәліметтермен қайда танысамыз? Әрине, білімнің қайнар бастауы болып саналатын кітапты сақтайтын, жинақтайтын, оны оқырманға жеткізетін қасиетті орын – кітапхана.[1]

Қазіргі таңда жан – жақты қосымша білім мен тәрбие берер – мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Кітапхана мектептегі білімге ұмтылған жас ұрпақтың табылар жері. Осы заманғы ақпарат құралдары дамыған, жаңа технологиялар заманында да кітап адамның ішкі дүниесіне, ой – өрісіне ықпал жасап, мұқтажын қанағаттандыратын, рухани азығы болып қала бермек.

Оқушы кітапхана арқылы ақыл-ойдың інжу-маржанын бойына жинайды. «Кітапсыз өткен бір күн, орны толмас бос күн» демекші, оқушыларды көркем әдебиетті таңдап оқи білуге үйрету қажет. Ол үшін оқырмандарды жас күнінен бастап өмір бойы оқи білуге баулу керек, - дейді А.И. Маткулеевич.

Бүгінгі мектеп кітапханасы өз уақытының деңгейінде, мектептің дамуына атсалысып, оған балалар мен жеткіншектерді тәрбиелеуде белсене көмектеседі. Оқушыларға білім мен тәрбие беру – қазіргі мектеп кітапханаларының ең маңызды міндеттерінің бірі.

Жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің мақсаты оқушылардың белсенді өмірлік жолын, қоғамдық саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқуға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.[2]

Кітапхана – ғасырлар бойы келе жатқан биік парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы. Әсіресе, оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Соның ішінде, мектеп кітапханасы – оқушыға әдебиет таңдауға, оқырмандық қызығушылығын кеңейтуге, мұғалімге кәсіби өсуге көмектесуші, оқуға, дүниені тануға қозғау салушы.



*Сурет 1 - №101 мектеп-лицейі кітапханасының кіреберіс бұрышы*

«Жақсы кітап – жан азығы» деген ұлағатты сөзде қаншама мағына, терең ой жатыр десензші?! Өйткені адамзат баласына керекті рухани байлықтың бәрі кітаптан табылады. «Адамға ауа қандай қажет болса, кітапхана да сондай қажет» деген жазушы Оралхан Бөкейдің сөзі кітапхананың өмірдегі орнын дәл айқындап тұр... Кітапхана - мәртебесі биік киелі шаңырақ.

Кітапхана – оқырманның рухани талап-тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші.

Мектеп-лицейімізде өскелең ұрпақтың кітап пен кітапқа деген көзқарасын жақсарту мақсатында «Оқы және өзгеге сыйла» қағидатына негізделген Bookcrossing жобасы ашылды. Буккроссинг (ағылшын тілінде «кітаптың айналыста жүруі») – «оқысаң, өзгеге табыс ет» деген мақсатпен адам мен кітап арасын жақындататын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Буккроссингтің ережесі бойынша, кез – келген адам өзі оқып бітірген бір кітабын қоғамдық орындарда (саябақ, кафе, кітапхана және т.б.) қойып кете алады, кейін бұл кітапты тауып алған басқа адам оқиды, оқып болған соң, ол да сол кітапты орнына тастап кетеді, дәл осылай ол кітапты көптеген адам оқи алады. Бұл қоғамдық қозғалысқа қатысатындарды «буккроссерлер» дейді.

«Буккроссингтің» басты мақсаты – үйімізде шаң-тозаң болып жатқан немесе оқылған кітаптарға «екінші өмір сыйлау», «кітап алмастыру» акциясын жүргізу, әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру, кітапханаға оқырмандарды тарту, күнделікті өмірде әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу, әлемді үлкен кітапханаға айналдыру.[3]



*Сурет 2 – 2 қабаттағы буккроссинг жобасының көрінісі*

Мектептегі бұл жоба оқушылардың көмегімен жанданып, жүзеге асуда. Мектептің екінші қабатында буккросинг залы көптеген оқушылардың баратын орны.

Біздің кітапханада 12 орындық 1 оқу залы 78,6 шаршы метрді қамтиды. 2210 оқырман кітапхана қызметін пайдалана алады. Жалпы қоры 127244 оқулыққа жуық, оның ішінде 115194 оқулық, 11850 әдістемелік, көркем әдебиет және электронды оқулықтармен қамтамасыз етілген. Мектеп – лицейіміздегі кітапханамыз жаңа форматта заманауи озық технологиялардың еңгізілуімен кітапхана медиацентр ретінде қайта жасақталды. Медиацентр техникалық дерекқорларды сақтауға мүмкіндігі бар түрлі ақпарат тасымалдау құралдарында құжаттарды, кітап қорларын жинауды, оны насихаттауды, жалпа айтқанда, оқырманмен жаңа формада жұмыс жасауды көздеген кітапхананың жаңа құрылымдық бөлімі. Кітапхана өзі ішінде шағын блоктарға (зоналарға) бөлінеді. Әр зонаның өзіндік міндеттері бар.

Әрбір мектепте оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беруде нақты жағдай мен алғышарт болуы қажет. Оқушылардың талаптарын жақсы білу, рухани-адамгершілік тәрбие мақсатында оқушылардың қызығушылығын арттырудағы іскерлік, кітапханада жақсы анықтамалық – библиографиялық ақпараттың болуы.

Осы мақсатта мектеп базасында медиатека жасақталу үстінде. Қазіргі уақытта 1600 дана әдебиет электронды каталогқа еңгізілді. Жыл сайын кітапхана қоры қажетті мөлшерде жаңартылуда. Жаңашыл үлгідегі жасақталған кітапханаға мұғалімдер, оқушылар, басқа да мектеп қызметкерлері, ата-аналар үзбей келіп, қажетті әдебиеттерін жаздыртып алып отырады, білімдерін толықтырады. Қазір кітапханаға келушілердің саны артып отыр. Бұл орын оқушылардың, мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарымен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Мектеп-лицейіміздегі кітапхана бірінші қабатта.

Кітапханамызда жас ұрпаққа тәрбие беру мақсатында әр түрлі бағытта көптеген іс-шаралар, дөңгелек үстел, дебат, ақын-жазушылардың мерейтойларына байланысты ақпараттық мерекелер өтіп отырады. Патриоттық бағытта «Тарих. Тұлға. Уақыт», тарихи – өлкетану бағытында «Қазыналы Қарағанды», «Ұлытау – ұлттың бесігі» атты кітап көрмелері, «Кітап – алтын қазына», «Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кием!», «XXI ғасыр – сауатты ұрпақ» атты сынып сағаттары мен буктрейлерлер байқауларын айтуға болады.

Осы байқауларға қатысып оқушылар өздерінің ой – санасының интеллектісін көрсетіп, үлгі – өнеге алып, көптеген марапаттарға ие болып жатады.

XXI ғасыр руханият, мәдениет, ақпарат ғасыры екені белгілі. Соған қарамастан, құндылығымыз ешқашан жоғалмай келешек ұрпақ асыл қазынамыздан нәр алып, сусындай берсін, кітаптың және осы кітаптың жинақталар жері - кітапхананаң қашанда тұғыры биік болсын!





*Сурет 3 – Кітапхана залы*

Қорыта келе, адамды адамзат қылған - кітап, кітапты сақтайтын орын - кітапхана, осы ұлы күштер барша қауымның жүрегінен жол тапса, шынында да адам бақытты болмай ма?

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Жұмажанова Т. Оқушылардың оқырмандық қызығушылығын арттыру мәселелері 1982ж.
2. «Мектеп кітапхана» республикалық ғылыми – әдістемелік журнал 2017ж.
3. <http://zhasatyrau.kz/news/bukkrossing-turaly-ne-bilemiz.html>

*Алиаскарова А.А. педагог-психолог  
ОШ №27, г. Караганды*

### **ВЛИЯНИЕ ШКОЛЬНОЙ БИБЛИОТЕКИ НА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ УЧАЩИХСЯ.**

Плохое самочувствие учащихся и связанные с этим проблемы с психологическим здоровьем вызывают серьезную озабоченность, причем, серьезно страдают молодые люди. Психологическим здоровьем можно назвать динамическую совокупность психических свойств, обеспечивающих гармоничное развитие. Какого человека можно считать гармонично развивающимся? В понимании О.В.Хухлаевой это человек, который в целом удовлетворен собой и своим окружением. В гармоничное развитие входят следующие понятия:

- наличие гармонии как внутренней, так и внешней;
- возможность преодолевать жизненные трудности и использовать их для своего развития;
- наличие предпосылок последующего развития в процессе жизнедеятельности;
- сформированность основных возрастных новообразований;
- возможность полноценного функционирования, то есть выполнения соответствующих возрасту человека социальных и семейных функций. [1]



Во всем мире от 10% до 20% детей и подростков испытывают проблемы с психическим здоровьем, при этом возраст начала многих расстройств, как сообщается, составляет от 12 до 24 лет, поэтому особенно важны годы средней и старшей школы. Школьные библиотеки могут сыграть важную роль, помогая способствовать благополучию молодых людей. [2]

Исследования школьных библиотек, как правило, сосредоточены на их способности повышать академические показатели, такие как оценки грамотности и счета учащихся. Недавние исследования также были сосредоточены на способности школьных библиотек поддерживать учащихся, испытывающих трудности с грамотностью, и способствовать вовлечению учащихся в чтение. По утверждению Харпера, многие исследования подтвердили, что школьные библиотекари действительно оказывают положительное влияние на академическую успеваемость [3]. Менее известная роль заключается в том, как школьный библиотекарь положительно влияет на чувства учеников, о которых заботятся, и как тщательно продуманные инструкции и возможности школьной библиотеки способствуют оказанию помощи учащимся, которые испытывают проблемы с психологическим здоровьем.

Библиотека создает «безопасное общее пространство», а также может поддерживать и продвигать библиотерапевтические практики и чтение для удовольствия. Все школы должны быть безопасными, однако школьная среда не всегда является благоприятным пространством, способствующим благополучию учащихся. Школа должна быть «безопасным пространством», в котором учащиеся чувствуют себя комфортно и безопасно, а также «моим пространством», которым учащиеся владеют и которое они могут свободно преобразовывать. Физическая среда является фактором благополучия, а создание физической среды в библиотеке, способствующей повышению безопасности и комфорта учащихся, может способствовать их психологическому благополучию.

Личные проблемы не являются обязательным требованием для поиска убежища в библиотеке. Все дети испытывают потребность укрепить свой дух и восстановить эмоциональное равновесие; библиотека для них - защищенное укрытие. Благодаря своей миссии служить каждому ученику, школьная библиотека может стать для них убежищем.

Как чтение для удовольствия, так и библиотерапевтические практики могут иметь положительное влияние на благополучие студентов. Исследования показывают, что положительное отношение к чтению может быть связано с психологическим благополучием [4]. Регулярное чтение художественной литературы связано с развитием социальных характеристик, таких как сочувствие и перспективное восприятие – умение смотреть на ситуацию с разных точек зрения, а также с получением социальной поддержки.

Школьные библиотекари также могут помочь учащимся изучать литературу осмысленным и исцеляющим способом. Библиотерапия, которая буквально «исцеляет через книги», может помочь студентам решать проблемы, угрожающие их психическому здоровью и благополучию, с безопасного расстояния. Харпер определяет библиотерапию как стратегию для библиотекарей и педагогов, помогающую учащимся выявлять, прорабатывать и, в конечном итоге, находить выход из стрессовых ситуаций. Школьные библиотекари могут поделиться определенной литературой с целью помочь учащимся, испытывающим эмоциональный стресс. Доклиническая библиотерапия, используемая в основном библиотекарями или учителями, помогает детям в процессе выживания и выздоровления. Несмотря на растущее количество исследований, связывающих библиотерапевтические практики и чтение для удовольствия с положительными результатами психического здоровья и благополучия молодых людей, относительно мало известно о роли школьных библиотек в поддержке и продвижении этой практики, которая также может принести значительную пользу для повышения грамотности учащихся. Необходимы исследования, которые могут укрепить способность школьных библиотек поддерживать и продвигать библиотерапевтические практики и чтение для удовольствия. [3]

Библиотерапия считается первым шагом в лечении для тех, кто не нуждается в немедленной помощи. Чтение может принести пользу людям любого возраста, повышая самосознание, повышая самооценку и помогая преодолевать кризисы развития. Исследования

показывают, что чтение как форма терапии может быть полезной при лечении депрессии, легкого злоупотребления алкоголем, беспокойства, расстройств пищевого поведения и проблем с общением. Большинство профессионалов согласны с тем, что чтение является продуктивным занятием, которое может положительно способствовать психологическому здоровью, поскольку было показано, что чтение развивает сочувствие, обостряет ум и влияет на поведение. Одно исследование показало, что дети, читающие серию книг о Гарри Поттере, более восприимчивы к определенным группам меньшинств, а психологи из Новой школы социальных исследований определили, что художественная литература улучшила общую способность читателя распознавать и интерпретировать эмоции других. [5]

Таким образом, поддержка школой оснащения библиотеки, её тематическое оформление, методическая поддержка сотрудников библиотеки, а также организация мероприятий в её стенах будет положительно влиять на учебный процесс: учащиеся, посещающие её, смогут улучшить свое психологическое здоровье и благополучие. В свою очередь, гармоничное развитие учащихся будет способствовать и повышению уровня учебной мотивации, что крайне необходимо любому учащемуся.

### ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. О.В. Хухлаева. Школьная психологическая служба. Работа с учащимися. М.: Генезис. 2007.
2. Dray, J., Bowman, J., Campbell, E., Freund, M., Wolfenden, L., Hodder, R. K., McElwaine, K., Tremain, D., Bartlem, K., Bailey, J., Small, T., Palazzi, K., Oldmeadow, C. & Wiggers, J. Systematic review of universal resilience-focused interventions targeting child and adolescent mental health in the school setting. Journal of the American Academy of Child and Adolescent Psychiatry. 2017.
3. Harper, M. Helping students who hurt: Care based policies and practices for the school library. School Libraries Worldwide, 23(1). 2017.
4. Clark, C., & Teravainen-Goff, A. Mental wellbeing, reading and writing: How children and young people's mental wellbeing is related to their reading and writing experiences. National Literacy Trust. 2018.
5. Shechtman, Z. Treating child and adolescent aggression through bibliotherapy. The Springer Series on Human Exceptionality. 2009.

*Б.С.Абдыкул математика-информатика пәнінің мұғалімі,  
«Жарық жалпы білім беру мектебі» КММ, Қарағанды облысы, білім басқармасының  
Шет ауданы білім бөлімінің*

### МАТЕМАТИКА САБАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ

**Аннотация:** математиканы оқытудың басты мақсаттарының бірі – оқушыларды күнделікті өмірге дайындау, сонымен қатар математика арқылы олардың тұлғасын дамыту. Тәуелсіздік, жауапкершілік, қарым-қатынас дағдылары, мәселелерді шешу қабілеті сияқты қасиеттерді математиканы оқытуда құзыреттілік тәсілін қолдана отырып сәтті қалыптастыруға болады.

**Кілтті сөздер:** математика, құзыреттілік, оқушы.

Қазіргі мектептің міндеті-құзыретті тұлғаны қалыптастыру – болашақта тәуелсіз, өмірге оңай дағдыланатын адамды тәрбиелеу. Бұл ретте басты назар әртүрлі білім мен оқушылардың біліктілігі ғана емес, олардың ой-өрісі, өздері өмір сүріп жатқан әлемі жайлы пайымы және

ондағы бар қарым-қатынас туралы түсінігі. Өзінің табысты дамуына қызығушылық танытатын кез келген қоғамға шығармашылық, ойшыл адамдар қажет.

Бүгінгі таңда мектептегі білім беру процесі – оқушының көзқарасымен төмен байланысты оқу пәндерінің жиынтығы. Ғылымдар бір-бірінен ажыратылған болып танылады, дегенмен авторлардың пікірінше, олар әр түрлі әлемді әр түрлі тұрғыдан түсіндіріп, адамды мүмкіндігінше ақылмен әрекет етуге үйретуі керек. [1]

Көбінесе математика сияқты ғылым өте тар қабылданады: тек есептеу әрекеттері, басқа оқу пәндерінде талап етілетін есептеу операцияларына қызмет көрсету. Сондықтан, сабақтар монотонды, бірқалыпты, алгоритмге сәйкес әрекет ету талабынан зардап шегеді. Мұның бәрі математиканы оқуға деген ынтаны арттыруға ықпал етпейді. [2]

Математика – бұл есептеу ғана емес, сонымен бірге айналамыздағы өмір. Іс жүзінде кез келген мектеп пәні математикалық түсініктерге әсер етеді: тарихта - хронология, оны түсіну және күндер әлемінде бағдарлай білу; биологияда оқушылар жануарлар мен өсімдіктер әлемін сипаттайтын көптеген салмақ параметрлерімен кездеседі және т. б.; физика – бұл сандар түрінде тағы да әртүрлі шамалар және т. б.

Математиканы оқытудың негізгі мақсаттарының бірі-оқушыларды күнделікті өмірге дайындау, сонымен қатар математика арқылы олардың жеке басын дамыту. [3]

Осылайша, келесі мәселені бөліп көрсетуге болады:

Үлкен өмірге аяқ басатын тұлға тиімді, бәсекеге қабілетті қызметкер болуы керек. Ол шығармашыл, тәуелсіз, жауапты, көпшіл, мәселелерді шеше алатын адам болуы керек. Жаңа нәрсеге ашық, қажетті ақпаратты таба алатын, таңдай алатын қасиеті болу керек.

Барлық осы қасиеттерді математиканы оқытуда құзыреттілік тәсілін қолдана отырып сәтті қалыптастыруға болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, келесі міндеттерді бөлуге болады:

- мақсат қоюға және оларға жету үшін іс-әрекеттерді жоспарлауға үйрету;
- өз пікіріңізді білдіруге және дәлелді қорғауға үйрету;
- өзіндік шығармашылық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;
- сөйлеуде математикалық терминдерді сауатты қолдануға үйрету;
- нақты жағдайларда математикалық білім мен дағдыларды қолдануға үйрету;
- оқушылардың өзара қадағалау мен өзін қадағалау дағдыларын дамыту.

Осы міндеттерге қол жеткізу үшін өз жұмысымда әртүрлі әдістер мен тәсілдерді, сондай-ақ дидактикалық ойындарды қолданамын. Математика сабақтарында ойын жағдайларын қолдану математикаға деген қызығушылықты арттырады, оқу жұмысына әртүрлілік пен эмоционалды бояуды енгізеді, шаршауды басады, зейінді, тапқырлықты, бәсекелестік сезімі мен өзара көмек дағдысын дамытады. [4]

Жеке тәжірибеден бірнеше мысал келтірейін:

➤ Газетпен жұмыс: газеттен қажетті мәліметтерді тауып, оларды қолдана отырып, диаграмма, график құру немесе статистикалық зерттеу жүргізу;

➤ Кроссворд құрастыру: әр түрлі ақпарат көздерін қолдана отырып, белгілі бір тақырып бойынша кроссворд жасау;

➤ "Өлкетану" тақырыбын ауызша есептеу үшін қолдану. Мысалы: «сауаттылыққа үйрететін мектеп біздің ауылда қай жылы ашылды?» (бір жарым жылға жылына қанша күн бар екенің қосып, 23-ті алыңыз, теңдеу құру) /1943 ж./; [5]

➤ Нақты сынып деректерімен жұмыс. Мысалы, сынып деректерін пайдалана отырып, диаграммалар, графиктер, статистикалық зерттеулер жасау: қыздар мен ұлдардың саны, үлгерім, үйірмелер мен секцияларға қатысу, өсу және т. б.;

➤ Берілген тақырып бойынша тапсырмаларды құрастыру (сипаттау және шешу). Оқушылар әр түрлі дереккөздерді қолдана отырып, өз бетінше тапсырма жасайды, мысалы, "фракциялар" тақырыбы бойынша, біздің аймақтың жануарлары немесе өсімдіктері туралы, оны шешеді және жануар немесе өсімдікті қысқаша сипаттайды; пайыздарды есептеу кезінде сынып деректерін, дүкендердегі бағалардың өзгеруін пайдалану;

➤ Координаттар, функциялар кестесі бойынша сурет салу, "жұлдызды аспан картасын жасау" және т.б. осы тапсырмаларды орындау кезінде құндылық-мағыналық, оқу - танымдық, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілік дамиды. Шығармашылық тапсырмаларды орындай отырып, оқушылар мектеп оқулықтарының беттерінде қалатын қызықты нәрселер туралы біліп, қызықты мәселелерді шешуде өз күштерін сынап көре алады, кітаппен өз бетінше жұмыс істеп және өз ойын сауатты білдіруге дағдыланады [3].

Нәтижесінде:

- Балалар математика сабақтарында алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын практикалық қызметте пайдаланады;

- Коммуникативтік, аналитикалық, жобалау, шығармашылық қызмет түрлерін меңгереді;

- Әр түрлі деңгейдегі математикалық білімдерді, дағдыларды меңгереді: минималдыдан жоғары деңгейлерге дейін;

- Оқушыларда, математика әркімге ашылуға мүмкіндік беретін пән деген көзқарас қалыптасады;

- Ұжымдағы балалардың мінез-құлқы өзгереді: олар басқалардың пікірін тыңдай бастайды, қорқынышсыз өз пікірлерін айтады.

Мұндай сабақтар мен тапсырмалардың материалдық көрінісі оқушылардың іс-әрекетінің нәтижелері: суреттер, сызбалар, математика кабинетінде стенд түрінде жасалған кроссворд диаграммалары. Мұғалім үшін бұл дидактикалық әзірлемелер, үлестірмелі материалдар, қағаз және электронды тасымалдағыштардағы көрнекілік.

Осылайша, мұғалім мен оқушының рөлі түбегейлі өзгереді: мұғалім көбінесе ақпарат тасымалдаушысы емес, үйлестіруші ретінде әрекет етеді, ал оқушы өз кезегінде пассивті тыңдаушы емес, белсенді оқу-танымдық іс-әрекеттерді жүргізеді. Мұндай сабақтар мен тапсырмаларда негізінен ең маңыздысы тақырыптарды қорытындылау және қайталау.

Оқушыны өз іс-әрекетін жоспарлауға, өз бетінше шешім қабылдауға, математикаға қатысты өз іс-әрекетінің нәтижелерін бағалауға үйрете отырып, осы дағдылардың барлығын болашақ өмірінде қолданады деп есептеймін. Болашақта осы тақырып бойынша, зерттеу жұмысын аяқтап, авторлық бағдарлама жазуды жоспарладым.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Коваленко В.Г. Дидактические игры на уроках математики. Москва, 1990.
2. Карп А.П. Даю уроки математики. Москва, 1990.
3. Кострикина Н.П. Задачи повышенной трудности в курсе математики 5-6 классов: Книга для учителя. М.: Просвещение, 1986. 96 с.
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учебное пособие.// Г.К.Селевко. - М.: Народное образование, 1998.
5. Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении.// П.И.Пидкасистый. - М.: Педагогика, 1985.

## Ы.АЛТЫНСАРИН ЖАЙЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

Істің болар қайырлы,  
Бастасаңыз Аллалап,  
Оқымаған жүреді,  
Қараңғыны қармалап...

Бұл өлең шумақтары барша Қазақ даласын оқуға, ілімге, көкірек көзін ашуға шақырған, келешек ұпақты озбырлық саясаттан сақтап, туған елді, жерді сүюге баулу мақсатында алғаш рет ағартушы атағын алған Ыбырай Алтынсарыұлының жазбасы. Қазақ жерінде білім беру ісінің көшбасшысы ретінде белгілі ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсин өмірбаяны мен шығармашылығы қазіргі кезеңге дейін әр қырынан ғылыми зерттеулердің нысанына айналған. Өткен ХІХ ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап-ақ Бүкілроссиялық география қоғамының Орынбор қаласындағы бөлімінің мәжілістерінде Ыбырай Алтынсарин мақалалары талқыланып, басылымдар беттерінде басуға рұқсат етіліп, «Оренбургский листок», «Айқап журналы», «Дала уәлияты» газеті беттерінде, кейінірек «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақстан мұғалімі», «Қазақ әдебиеті» және т.б. газеттерде «Халық мұғалімі», «Большевик Казахстана», «Блокнот агитатора», «Вопросы Истории» журналдарда бірталай мақалалар мен жекелеген зерттеулердің жарық көргені де белгілі. «Айқап» журналының бірінші нөмірін Ыбырай Алтынсарин өлеңімен ашқан болатын. Ыбырай Алтынсариннің еңбектері Қазан төңкерісіне дейін үш рет жеке кітап болып басылса, кеңестік дәуірде ондаған жеке кітаптар, жинақтар болып, антологиялар мен хрестоматияларға, оқулықтарға енді. Бұл еңбектер ҚазКСР ОМ мұрағатының, 1885-1890 жылдар аралығын қамтыған 733, 4, 1692 қорларындағы деректерге және Орынбор облысының мемлекеттік мұрағатындағы 1846, 1862-1864 жылдарды қамтитын 6 қордағы мәліметтерге негізделіп жазылған. Олардың ішінен Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты ғалымдарының жан-жақты жиыстырып, кең көлемде шығарған Ыбырай Алтынсарин еңбектерінің үш томдығын айрықша атап өту парыз. Ұлы ұстаздың орыс тілінде басылған бұл еңбектері өткен ғасырдың 70-жылдары «Ғылым» баспасында жарық көрді.[1]

Әдебиет зерттеушісі, филолог ғалым С. Әсіпов «Ұлы ұстаз» мақаласында оның ағартушылық, педагогикалық еңбегіне тоқталып кітапхана ісінің негізін қалаушы екендігін ерекше атап көрсетті. Педагог ғалым Ә. Ламашев «Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары» атты еңбегінде оның өмірі мен қызметіне талдау жасай отырып, қазақ даласында ашылған уезд орталықтарындағы мектептерді уездік не қалалық деп атап, оларға Россия мектептерінің праволарындай құқық беруді Ыбырай Алтынсарин Орынбор округі алдына әлденеше рет қойғанымен, бірақ оның сұрау тілектері аяқсыз қалды деп ағартушы арманының асқақтығын көрсетеді. Сондай-ақ ол Ыбырай Алтынсаринді қыздарға білім беру мен жалпы кәсіптік білім берудің іргетасын қалауды және салауатты өмір салтын қалыптастырудың тұңғыш ұйымдастырушысы ретінде көрсетеді. С.Ешімхановтың «Ұстаздан ұлағат, ұлыдан өнеге» атты мақаласы Ыбырай Алтынсариннің мектептер жанынан физика, химия кабинеттерін ашып, дала балаларын алғаш рет барометр, микроскоп, электромагнит, телеграфтың жұмыс істейтін модельдерімен, ғажайып шам, әр түрлі коллекцияларымен таныстырған ағартушы ғалым ретінде танытуымен ерекшелінеді.[2]

Ы.Алтынсариннің көзі тірісінде және кейінгі кездері көптеген баспа беттерінде талас туғызып жүрген екі даулы жай төңірегінде. Оның біріншісі — Ы.Алтынсариннің көзі тірісінде-ақ оның Қазақ даласында мектеп ашқандағы мақсаты: Қазақ балаларын шоқындыру екен, өзі де шоқындырты деген ел арасында Ыбырайдың жауларының шығарған өсек-аяңы. Бұл туралы кезінде Ыбырай ағартушы былай суреттейді:

Аласы ағайынның алаңдатты,  
Көре алмай көп ішінен жамандатты.  
«Шоқынды, крес тақты, кәпір болды» ...  
Келгенін аузына айтып бақты.  
Көңілі соқыр көрмейді көзге ұрсаң.  
Бабын қалай табарсың бұл Қазақтың....[3]

Осыншама қиыншылықтарды Ыбырай атамyz сол кездегі демократиялық бағыттағы Торғай уезінің начальнигі-полковник Я.П.Яковлевтің және нағашылары — атақты Шақшақ Жәнібектің тұқымдары Шеген бидің қамқорлығы мен қолдауының арқасында жеңіп шығады. Ыбырай 1864 жылы 8 қаңтарда Торғайда қазақ балалары үшін тұңғыш бастауыш мектеп ашып, мектепке 16 бала қабылдайды.

Сөйтіп, Ы.Алтынсарин өзінің саналы ғұмырының 23 жылын Торғайда өткізді, сол кездегі Торғай облысына қарасты Елек, Ырғыз, Торғай, Николаевка (қазіргі Қостанай) қалаларында бірнеше мектептер ашады.

Аз ғана ғұмырын Қазақ балаларына бағыштаған ұлы ағартушы Ыбырай атамyz 1883 жылы өзінің ата қонысы Қостанайға көшіп, қалаға жақын жерден (қазіргі Затоболовка кенті тұрған жер) европаша күйген кірпіштен үй салдырады. Арада көп жылдар өткеніне қарамастан, Ыбырайдың Қостанайдағы жақын туыстары: Омар, Оспан тағы басқа туыстары Ыбырайды құшағын жая қарсы алып, ұлан-асыр той жасайды. Ақындар Ыбырайға арнап өлеңдер шығарады, оның адамгершілігін, ізгілігін, ақыл-парасатының кеңдігін, ғаділдігін мадақтап жырға қосады.

Үлкен атаң Балғожа  
Осыным адам болар деп,  
Жас күнінде сынады.  
Корпусқа беріп оқытып,  
Алтынсарин дегенде  
Қырда Қазақ, ойда Орыс,  
Бәрі аузына қарайды, деп өлең шығарады.

Негізгі әңгіме төркіні — Ыбырайдың жауларының «шоқынды» атандыруы. Осы орайда туындайтын тағы бір мәселе, Ыбырай атамyz мұсылмандықты қолдады ма, ислам дінінің қайырымдылық қағидаларына қалай қарады? Әңгіме осы туралы болмақ.

Біріншіден, Ыбырай өз халқын, өз ұлтын, ата дәстүрін, исламның бүкіл қадір-қасиетін бір кісідей құрметтеп өткен адам.

Оған дәлел: 1884 жылы Ы.Алтынсариннің көзі тірісінде Қазан қаласындағы Каримовтар баспасынан «Шарият-ұл-Ислам» (Тәңірі заңдарының ережелері) деген Исламның хадистері мен міндеттері туралы кітабы жарық көрді.

Екіншіден, Ыбырайдың хақ мұсылмандығы. Өлгеннен кейін ол қалай жерленгені жайлы.

Амал не, шамадан тыс ауыр еңбек, уайым-қайғы, ой-толғаныстар, сан қилы аяқтан шалулар Ыбырайды өмірден ерте кетуге мәжбүр етеді, ұлы Ыбырай атамyz 1889 жылдың басынан бастап ауыра бастайды.

Ыбырайдың науқас екенін бүкіл Торғай, Орынбор өңірлері естіп, біліп отырады. Алайда, асқынған ауру өз халқының адал перзенті, тамаша педагог, ағартушы ғалым Ы.Алтынсариннің 1889 жылы шілде айының 17-і күні 48-ден 49-ға қараған шағында өмірін біржолата үзеді.

Ыбыраймен соңғы рет қоштасуға Қазан, Орынбор, Орск, Торғайдан, кең байтақ Қазақ даласының әр жерінен сол заманның зиялы адамдары, көптеген орыс достары келеді. Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметімен қатар, оның европаша білім алған «бұратана» халықтардың бірден-бір өкілі екенін, өз халқының асқан білімдар адамы екенін білетін орыс достары:

— Егер, Алтынсариннің туыстары мен балалары, әйелі рұқсат етсе, біз табытқа салып, құрмет көрсетіп, европалықтарша жерлейік, намаздау, құран шығару, там салу, басына ай орнату, басқа рәсімдер Ислам дәстүрімен болсын! — деген тілектерін айтады. Бұған

Ыбырайдың әйелі мен ағайын-туыстары қарсы болып, мұсылманша жерлеуді қалайды. Бұдан әрі орыс достары әңгімеге араласпайды, бастан-аяқ жерлеу рәсіміне қазақтармен бірге қатысып, Ыбырайға құрмет көрсетеді. Ыбырай қайтқаннан кейін молдалар мен ағайындары мәйітті көтеріп, жаназасын шығаруға далаға алып шығарда Ыбырай жатқан керуеттің бас жағынан — жастығының астынан Араб әрпімен жазылған бір парак қағаз табылады. Бұл Ыбырай қайтыс боларының алдында 4-5 күн бұрын өз қолымен жазған бір-екі ауыз өсиеті екен. Ажалмен арпалысып жатқанда да, өзіне тән ұлылығын сақтай білген Ыбырай атамыз өзін мұсылман ғұрпымен, шариғат жолымен жерлеуді аманат етіпті.

Я, Алла, берер болса берер күнің,  
Тәнәки-Тәнәһи деп айттың өзің.  
Озыққа сүресінде мағына бердің  
Я, Алла, өтірік пе еді айтқан сөзің? — деп жазыпты.

Осыдан кейін Алтынсариннің ағайын-туыстары ақ жауып, арулап, Ыбырайды мұсылман салтымен жерлепті. Кейінгі қалған балалары мен әйелі, бүкіл ағайын туыстары Ыбырайды жоқтап, ел күніреніп қала беріпті, жыраулар жоқтау өлеңдерін шығарыпты.

Даланың дана перзенті — ғұлама ұстаз өмірінің бір дерегі ғана. Өресі биіктен үлгі алғандардың ізін баққандар даналықтан ғана тәлімді деген ойым бұл.

Талай ғасыр өтсе де, мектеп ашып, еліміздің жұлдыздарына нұрдың шұғыласын шашқан Ыбырай Алтынсаринді біздің де елеп-ескергендігіміз содан.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. <https://ikaz.info/ybyraj-altynsarin-turaly-malimet/>
2. «Қара Қыпшақ Қобыланды ұрпақтары», автор Қ. Әмірхамзаұлы, 78-83 беттер.
3. Дуйсебаева М. Қазақ әдеби тілінің кейбір мәселелері. Алматы, 1973
4. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет. ISBN 9965-822-10-7

*С.Е.Абилда, Д.Э.Ахметов  
дене шынықтыру пәндерінің мұғалімдері  
«101 мектеп - лицей» КММ, Қарағанды қ.*

## **ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒА ПСИХИКАСЫ МЕН ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РӨЛІ.**

Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру,  
жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыруға  
ғана емес, ойынныңөзінше бір ерекше  
мағыналары болған.  
М.О.Әуезов.

Қазақ халқы – материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады. Ұлт ойындарының жалпы қалыптасу кезеңдері біздің заманымызға дейінгі XII-XV ғасырдағы Қазақстан жеріндегі көшпелі тайпалардың құрылу дәуірі, өткен ойындардың қай-қайсысы болмасын, қай кезеңде дамымасын, олар тек өндірістік қарым-қатынастың қалыптасуына негізделген. Кезіндегі өндіріс күштерінің құралына пайдалануға икемделген тас, ағаш, сүйек тағы басқа табиғи заттар осы дәуірдегі қалыптасқан ұлт ойындарына да сол өндіріс құралдарының материалдары қолданылады. [1]

Мәселен, күні бүгінге дейін мәнін жоймаған ұлттық ойындар.


Демек, бұл табиғи заттар өндірістік қарым-қатынастың дамуына қандай әсерін тигізсе, ұлт ойындарының қалыптасуына да сондай маңызы болды. Жеке тұлғаның ой-өрісін, психика, физиологиясын қалыптастыруда «Арқан тартыс», «Аударыспақ», «Асық ойындары» деп аталатын ұлттық ойындарының маңызы зор.

Ұлттық ойындар ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты, байсалдылықты тағы басқа мінез – құлықты ерекшеліктерімен бірге күш-қуат молдылығын, білек күшін, дененің сомдалып шығуын қажет етеді. [2]

Сонымен бірге, бұл ойындар әдемілік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген.

Осы жетістіктерге жету үшін оқушының психикасы мен физиологиялық (сезімдерін жетілдіру) дұрыс қалыптасуын қадағалап әрі дамытып отыру қажет. Оқушының психологиялық танымдық процестерді қалыптастырудағы негізгі тұлға. Әр оқушының психологиясын білу, көп ойлануды нерв жүйесіндегі шыдамдылыққа қажет етеді. Кейбір оқушылар мінез – құлқы ашушаң, жай басар болып келеді. Оқушының негізгі психологиясына мұндай оқушылармен нерв жүйесі бір қалыпта болу үшін, жас ерекшеліктеріне ықпал ету қажет. Ұлттық ойын арқылы оқушының нерв жүйесін бір қалыпта болуын бақылай алады. [3]

#### Жеке тұлғаның психо – физиологиялық қалыптасуы



#### 1-сызба. Жеке тұлғаның психо – физиологиялық қалыптасуы.

Зерттеуге арналған ұлттық ойын арқылы, психикасы мен физиологиялық қалыптасуындағы ролі. Сабақ жоспарына ұлттық ойынын кіргізіп отырмын.

Ұлттық ойындардың тізімі:

1. Аударыспақ;
2. Арқан тартыс;
3. Аңшылар;
4. Ақсерек, көксерек;
5. Жаяу көкпар.

Мысалы: Арқан тартыс – ұлттық ойын.

1. Сабақ барысында арқан тартыс ойынына қызығушылығын арттыру;
2. Бір-бірлеп арқан тартыстыру және төрт-төрттен тартыстыру. Екі топқа бөліп тартыстыру. Бір-бірлеп тартыстырғанда оқушының нерв жүйесі бір қалыпта болмайды. [4]

Осы ұлттық ойын түрлерін қолдану арқылы оқушының қабілетін ескере отырып жеке тұлғаның нерв жүйесін, ағзасын шынықтыруда күш қуатын молайтуда, көру қабілетін дәлдікке арттыруда, ой ұшқырлығын дамытудағы ұлттық ойындардағы беретін әсер. «Арқан тартыс» оқушылардың қол бұлшық еттеріне көп әсерін тигізеді.

«Аңшылар» ойыны оқушыларды шапшаңдылыққа, ұтқырлық сияқты қасиеттерге тәрбиелейді. Осы ойын жеке тұлғаның нерв жүйесін шындауға, өте дәлдікке, мергендікке



қалыптастырады, бір – бірінің мінез құлқын танып, өзіне сенімді, адал дос тандауға мүмкіндік береді.[5]

Ал өзара келісуіне байланысты бір-бірінен ұтқан асықтарын алу не беру айтқан сертте тұру, екісөзді болмау қасиеттеріне тәрбиелейді.Сақаны алшы түсіру айла амалды қолдана білуге жаттықтырылды.Ойын барысында асық иіру арқылы бармақтардың бұлшық еттерінің нығаюына әсер етсе, асық тігу, сақамен ату кезінде бүгіліп-жазылып дене бұлшық етінің сомдануына ықпал тигізеді.Асықтарды көздеп, нысанаға дәл тигізу жеке тұлғаны мергендікке тәрбиелейді, әсіресе, қазақ халқында байдың ерке қыздарды өзініңақыл-парасатына сай жер тандауына оқжетпестің қиясына теңге іліп қағып түсірген ер-азаматтың мергендік ептілігіне сүйенеді,елді сүйсіндіреді. Бұл мергендік бала күніндегі асық атып жаттығуының нәтежиесі. Ал ай астында теңге ату-бүгінгі әлемдік арасындағы пневматикалқ мылтықтан ату, биатлон шеберлерінен кем емес өнер.

Қажет болған жағдайда спорт құралдары ойынға қатысушылардың барлығына бірдей жетсе,ойын соғұрлым қызықты өтеді. Ойын арасында оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас мәдениетін сақтап, ілтипатпен, сыйластықпен, дөрекілік танытпай, өзара түсіністікпен ойнауын қадағалап, басшылық жасаймын.

Ойындардың қызықты, көңілді өтуі үшін мынадай талапты бұлжытпай орындау керек екенін оқушыларға түсіндіремін. Ойынның ережесін бұзбай, оны әртүрлі вариантпен ойнауға болады.Өзіңнен басқа балалардыңда ойнағысы келетінін есте ұста.Қарсыласыңның күші сенен кем болмасын.Бос ызақорлыққа салынып, жолдастарыңды ренжітіп алма.Ойын бастаушы мен төрешілердің ескертпелерін мүлтіксіз орында. Жеңілгенге күлме, жеңілсең-түңілме. [9]

Қысқасы, жылдың қай мезгілінде де әр түрлі бой ширатар, ой сергітер ойындарды көп ойнасаңдар, денсаулықтарың шынығады, күшті болып өсесіндер.

Қолға алған жұмыстың тез бітіп,сабақ оқуыңды жеңілдете түседі.


Жеке тұлғаны көп факторлы әдістеме арқылы зерттеу.

Авторы Р.Кэттелл. Он алты жеке тұлғаның факторы. [10]


Мақсаты: Бұл әдстеме арқылы көптеген хабарын жеке тұлғаның сипатын және конституциондық факторларын ашу Факторлардың бірігуі мен және өзара байланыстарын мыналар арқылы анықтайды:

- интеллектуалдың ерекшеліктері В,N,Q1
- Эмоционалды-еріктік ерекшеліктері С,G, I, O,Q3,Q4факторлары
- өзара қарым-қатынас ерекшліктері F,H,F,E,Q2,N,L.


**Мағжан Е.**



**Асылбек Е.**



### Сырлыбек Е.



Сондықтан, ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Ұлттық ойыны баланың жастайынан нерв жүйелерін шыңдап, олардың дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиеті болмаса адамдар шыдамдылық, төзімділік те болмайды. Ондай қасиеттері болмаса адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатына шыға бермейді. Сондықтан жеке тұлғаның психо – физиологиялық қалыптастырудағы ұлттық ойындардың рөлі зор, яғни нерв жүйесін қалыптастырады, денені шымырлатып мүсіндеуге ықпалын тигізеді, логикалық ойлау қабілетін арттырады, мергендікке тәрбиелеп, түр – түс ажырата білуге жетелейді. Менің осы ұлттық ойындарды дене тәрбиесі сабағына енгізсе деген ұсынысым бар.

Егер ұлттық ойындар дене тәрбие сабағына нақты енгізілетін болса, онда мектеп оқушыларының ұлттық ойындарға, ата–баба дәстүрлеріне деген сүйіспеншіліктері, құрметтері біршама артқан болар еді деген сенімдемін.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Төтенаев Б. «Ұзақтың ұлттық ойындары», Алматы, Қайнар 1994ж.
2. «Дене шынықтыру дегенге...» Білім және еңбек 1974ж.
3. «Дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарын оқыту методикасы», Алматы 1979ж.
4. Р.Римсая, С.Римский, «Практическая психология в тестах», Москва АСТ Пресс 1997ж
5. Б.Төтенбаев . «Қазақтың ұлттық ойындары».
6. «Зерде».№10. Қазақтың ұлттық ойындары – шетел ғалымдарының көзімен.
7. «Бастауыш мектеп». 1978ж. №5,6
8. «Білім және еңбек». 1977ж. №8. Ұлт ойындары
9. Қазақ совет энциклопедиясы. Ұлт ойындары. 2,3,5 – 10 томдары.
10. «Білім және еңбек». 1979ж №4. Халықтың рухани дәстүрі.
11. «Білім және еңбек». «Бес тарих» сыры.1986ж. №6.
12. «Пионер». Ұлт ойындары. 1986ж. №2.

13. Т.Айтбаев. Адам организмінің қызметі. Алматы, «Қазақстан» .1983ж.
14. М.Болғанбаев. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. Алматы, «Қайнар» 1985ж.

*А.Қ.Абилдина қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
№4 жалпы білім беретін мектеп, Жезқазған қ.*

## **ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДА ҰЛТ ҰСТАЗЫ – ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ АЛАР ОРНЫ**

Халқымыздың сан ғасырлық тарихында бүкіл қоғамдық-рухани өмірінде әлеуметтік мәні бар ерекше орын алатын кесек тұлғалы, өрелі азаматтар аз болмағанын ойға алсақ, солардың бел ортасында көзге түсетіні – Ыбырай Алтынсарин десек қате айтпаймыз. Ол – шын мәніндегі тұңғыш ағартушы ұстаз, тамаша тарихшы, фольклоршы-этнограф ғалым, тіл білімпазы, осы күнгі әліпбиімізде жазылған ең алғашқы оқулықтың туындыгері, халық ағарту ісінің шебер ұйымдастырушысы. Демек, «сегіз қырлы, бір сырлы» дарын иесі. Егер мұның бәрін жинақтап айтар болсақ, Ыбырай – өз халқының жарқын болашағы мен кемел келешегі жолында ақтық демі таусылғанша қалтқысыз қызмет еткен үлкен ақыл-ойдың, биік саналы сезімнің адамы. Сонымен қатар, қазақ елін қараңғылық бұғауынан алып шығып, көзін ашып, көкірегін оятуды көздеген халық қамқоршысы, жастарға өмірлік оқудың есігін айқара ашып, болашағын меңзеген өнер-білімнің жалынды жаршысы, озық ойлы, ұшқыр қиялды, шешен тілді өнерпаз, жаңалық пен жақсылыққа бастаған ізгі ниетті азамат, тереңнен толғап, жүрек тебіренге жыр шерткен кемеңгер ақын, қазақтың реалистік жаңа әдебиетін негіздеушінің бірі, жан-жақты білімі бар талантты зерттеуші-ғалым. Педагог-жазушының ізденіске, күреске толы өмірінің баршамызға, әсіресе өмір босағасынан енді аттаған жастар үшін ғұмырын халыққа арнаудың өшпес өнегесіндей танылуы, солай қабылдануы заңды. Өйткені ол өзіне дейін толғағы жеткен, бірақ шешімін таппаған бірсыпыра әлеуметтік мәселелерді бірінші болып қолға алып, алғаш іске асырды.[1]

Қазақ даласында бірінші болып мектеп ашып, білім шырағын жағу, ана тілінде оқыту секілді халық өмірінде бұрын-соңды болмаған зор әлеуметтік мақсаттарды орындау Ыбырай Алтынсаринге, әрине ол кезде оңайға түскен жоқ. Оның алдында жалпы өнер-білімге, жаңалыққа, орысша оқуға барынша қарсы ғасырлар бойы қалыптасқан ескі салт-сана, надандық ұғым тұрды. Өйтсе де, халқын сүйген, сүйген де оның жарқын болашағына шексіз сенген патриот, жігерлі күрескер Ыбырай Алтынсарин «Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын», – деп сеніммен жазғанындай, сан-сала қиындықтармен табанды күресе жүріп әрі орыс, әріптестерінің көмегімен ақыл-кеңесін де пайдалана отырып, алдына қойған негізгі мақсатын орындады. 1864 жылы қазақ сахарасының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұңғыш рет естілген еді. Бұл ұлы мақсатқа ғұмырын арнаған жас ағартушының осы жолдағы алғашқы жеңісі, ол қазақ халқының өміріндегі әлеуметтік маңызды тарихи оқиға болатын.

Ыбырай еңбектері өз алдына жеке жинақ болып он шақты рет басылды. Оның академиялық жинағы шықты. Дүниеге көзқарасы, педагогтық, қоғамдық қызметі өз алдына бөлек зерттелді. Оның педагогтық қызметі мен ағартушылық идеялары туралы Қ.Бисембиев пен Б.Сүлейменов, М.Ақынжанов зерттеулер жүргізді. Ал шығармалары туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Дербісәлиндер еңбектер жазды. Бұларға қоса, орта мектепке арнап оқулық жазған авторлардың бәрі де Ыбырай творчествосына талдау жасап, оның еңбектеріне тиісті бағаларын беріп келеді. Жазушы шығармашылығын жан-жақта аша түсу қашанда алда тұра бермек. [2]

Осыдан бір жарым ғасыр бұрын қазақ сахарасында мәдениет пен оқу-ағартудың туын көтерген, халыққа қажетті бар байлық, бақыт та, жақсылық та біліммен келетінін насихаттаған,

ғылыми еңбегімен де, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау сияқты табанды істерімен де үлгі-өнеге көрсеткен Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларының маңызы ерекше. Ө.Сыдықов «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары және ағартушылық қызметі» атты еңбегінде Ыбырай ашқан мектептердің жүйесін, оқу-тәрбие ісінің мазмұнын саралай келе, оқытудың ағартушы ұстаз ұсынған дидактикалық принциптерін: «Алтынсариннің педагогикалық жүйесі халық ағарту саласында, пайдалы рөл атқарады, оның көптеген қағидалары осы күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Оның ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық жүйе болып табылады. Онда көңілден шыққан сын да, жаңашыл бастаманы қолдай да, өзіндік ой-пікірді де орынды айта білу де бар» деп түйіндейді. Сол заманның өзінде дәл бүгінгідей қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп таныған Ыбырай өз ойын іске асыруда көптеген кедергілерге кездесе отырып, табандылықпен жеңе білген, өмірінің соңғы сәтіне дейін өз мақсатын берік ұстанған. Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологияларда бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп-саралап оқыту, проблемалық оқу, интерактивті, белсенді оқыту т.б. Қайсысын алсақ та негізінде Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деуге болады.

Ыбырай мектептегі оқытуды, негізінен, ана тілінде жүргізді. Сол кездегі белең алған жаттамалы оқуға қарсы шығып, олардың оқыту әдіс-тәсілдерін сынға алады. Зерттеу еңбектерінде, бірінші сатыда – тіл дамыту, екінші сатыда – әліппе бойынша оқыту, жазу, үшінші сатыда – оқу кітабы бойынша оқу, жазу, салыстыра оқыту, сыныптан тыс оқыту сияқты жүйе бойынша оқыған шәкірттері қысқа мерзімде сауаттанып, тез меңгергендігі айтылады. Орыс тілін меңгертуде аударма әдісін пайдаланып, екі тілде де еркін сөйлеу, ойлау, жазуын қалыптастырған. Оның негізгі себебі – тілді үйренуді ережеден емес, сөзді үйретуден бастауында екен. Қазіргі жаңа буын оқулығын өмірге енгізуде Қазақстан Республикасы Білім мазмұны тұжырымдамасы бойынша базалық оқу жоспарындағы пәндердің рөлі қандай болмақ дегенде, «Қазақ тілі бүкіл пәндерді игерудің негізі болуы керек, қазақ тілін оқытуда, ең алдымен тілді өзінің табиғатына қарай, қарым-қатынас құралы ретінде таныту керек» - деген тұжырымдар жоғарыдағы ой-пікірлермен үндеседі. Білім беру жүйесіндегі бүгінгі жаңаша бетбұрыс кезеңінде Алтынсариннің педагогикалық идеялары, әдістемесіндегі көтерілген мәселелер өзінің өміршеңдігін танытып отыр.

Мысалға, орыс сыныптарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша Ыбырай Алтынсарин шағармасы «Өнер-білім бар жұрттар...» арнайы сағат бөлініп оқытылады.

Сабақ барысында оқушылар Ыбырай Алтынсариннің өлеңін мәнерлеп оқуға белсене араласты, ұсынған әдіс-тәсілдері бойынша шығарманың мазмұнын қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, өздерінше тұжырым жасай алды.



Сонымен қатар, мағынаны ашу кезеңінде кейбір сыныптар кластер құруда «Ыбырай Алтынсарин кім?» деген сұрақтарға негізгі ақпараттарды топтастыра алды. Ал кейбір сыныптарда кесте толтыру арқылы ақынның өмір жолы туралы қосымша ақпарат бойынша жұмыстар жасады. Ақын шығараларына негізделген фотоколлаж жасауда да қызығушылық танытты. Қысқа әңгімелерін оқып, мазмұны бойынша иллюстрациялы суреттерді салды. Ыбырай Алтынсарин шығармалары арқылы сабақ барысында оқушылардың білім алуға ғана емес,

сонымен қатар шығармашылық дамуларына да ықпал етеміз. Оны жоғарыда берілген диаграммада көрсетіп өттім.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білімнің дамытушылық сипаты, білімнің, ғылымның, өндірістің интеграциялануы, оқушыларды кәсіптік бағдарлау т.б. ұстанымдар осыдан біржарым ғасыр бұрын халыққа қызмет еткен Ыбырай шығармашылығында көрініс тапқан, педагогикалық көзқарасындағы ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар білім беруді дамытудың өзекті мәселесіне айналуға. «Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде, ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық көрсетуі керек.» деген ой-пікір бүгінде ұстаздардың ең басты мәселесі. Ыбырай дәстүрі осылайша білім мазмұныны, оқыту әдістерін жетілдіруде кең қанат жайып, молыға түсуде. Асыл қазынаға айналған мұралары бүгінгі таңда оқу бағдарламалары мен оқулықтарға еніп, ана тілі, тарих, 1-сыныптан 10-сыныпқа дейінгі әдебиет сабақтарында, сыныптан тыс жұмыстарда таныстырылып келеді. Бүгінгі күні маңызды мәселеге айналып отырған отансүйгіштікке, халық дәстүрін қастерлеуге, еңбекке, адамгершілік пен салауатты өмір сүруге тәрбиелеуге қызмет етіп келеді. Халық педагогикасы саласындағы оның тәлімгерлік ой-маржандарын оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда, үлгі-өнеге ретінде пайдалануда берері көп.[3]

Рухани-адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі саналатын «Әдебиет» пәні баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүюге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретуге, ұрпақ бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Қай қоғамда, қай мемлекетте болсын, қарым-қатынас адами құндылықтар, оның ішінде адамгершілік құндылықтар қалыптастыру кез келген мектептің міндеті болса, баланың өзін тануына, басқаны тануына, баланың болашақ дамуына «Әдебиет» пәні зор ықпал етеді. «Әдебиет» ол – өнер, ата-бабадан қалған асыл сөз, ұлттық болмыс, өзін сыйлауға, өзін - өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді. Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді. «Әдебиет» арқылы жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол, ұлттық құндылықтарымызды құрметтейтін, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиеленеді. [4]

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. 1.М.Әуезов Ыбырай Алтынсарин – қазақ әдебиетінің зор қайраткері./Социалистік Қазақстан газеті 2/4.-1950 жыл/
2. Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
3. «Оренбургский листок» гызеті, 1889 жыл,№33
4. Қазақ әдебиеті энциклопедия .Білік баспасы, Алматы, 1999 жыл

## **ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ТҮСТАРЫ**

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі бекер», – дейді хакім Абай. Туған елдің абыройын, ар-намысын, биік мәртебесін асқақтатып, еліміздің келешек тағдыры мен ертеңіне аландайтын, жарқын келешекке сеніммен қарайтын патриот тұлға тәрбиелеу әрбір тарихшы мұғалімнің ұстаздық борышы. Туған елді әлемдегі өркениетті мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең етіп өркендетуде тарих пәнінің алатын орны зор деуге болады. Қазіргі заманның ұстазға қояр басты талабы – ақпараттандырылған жан-жақты дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт сомдау. [1]

Сонымен қатар, білім беру саласында, әсіресе білім берудің мазмұнында көптеген өзгерістер жүруде, бұрындары оқытудың негізгі мақсаты ретінде оқушының өз пәні бойынша білімділігін, дағдысы мен икемдіктерін қалыптастыру болса, қазіргі білім беру мазмұны бойынша мақсат – оқушылардың жалпы құзіреттіліктерін қалыптастыру мақсат етілуде. Нәтижесінде жүйелі түрде ұйымдастырылып жатқан реформалаудың аясында оқушылардың білімін бағалау жүйесі де бірқатар өзгерістерге ұшырады.

Жаңартылған білім мазмұнындағы білім беру – оқытудың әдістері мен бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны болып табылады. Жаңартылған мазмұндағы білім беруді жүзеге асырудың нәтижесі ретінде жан-жақты «кемелденген» тұлғаны қалыптастырудағы білім беру ортасын құрастыру алға тартылады.

Білім беру мазмұнының өзгеру негізінде тарихты оқыту барысында туған елінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып ертеңгі өмірден орын таба алатын, өзіне сенімді нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірбиені байыту. Ол үшін білім беруде оқытудың озық технологиялары енгізіліп, оқушыны оқытуға жан-жақты жағдай жасалуы керек.

Білім беру саласындағы жаңашыл өзгерістер оқушылардың бойында шығармашылықпен қызмет ету саласын қалыптастыруға бағытталуы педагогикалық іс-әрекет ұстанымдарының өзгеруіне әкелді. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны мен құрылымымен қатар ғылымға және тәрбиеге негізделген жаңа идеялар мен технологиялары бар. Әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірбиеге енгізудің маңызы зор. [2]

Осылайша, жаңартылған білім беру континентіне көшуімізге байланысты әрбір сабақта жаңалықтарды пайдалану, озық тәжірбиелерді қолдану үлкен жетістіктерге жеткізеді. Сабақтың қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену мен ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдануы оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ұлттық мектептің жүйесі жасалуда. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген ХХІ ғасырда жан-жақты дамыған шығармашылықпен айналысатын жеке тұлға қалыптастыруға түрткі болатын инновациялық технологиялардың бірі – ақпараттық технология. Ендеше ақпарат ғасырында, ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда ұстаздардың ортақ мақсаты- заман талабына сай білімді жан-жақты ойлай білетін, өз елінің, халқының қамын жейтін, қоғамды алға қарай дамытатын ұрпақ тәрбиелеу. Ұлттық тағылымдардан сусындаған ұстаз ізденісінсіз сапалы білімге қол жеткізу мүмкін емес.

Бұл технологияның басты мақсаты – білім беру ісін ізгілендіру, яғни, баланың құқықтарын, мүдделерін ескеру мен дамуына жағдай жасау болса, екінші мәселе – демократияландыру, яғни жеке ой-пікірін айта білетін тұлғаны тәрбиелеу. Сонымен қатар, оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, ой ұшқырлығына жетелеу.

Мектеп қабырғасында оқушы білім стандартына сәйкес білім алумен қатар, ғылым көкжиегіне көз жіберіп, зерттеу мен зерделеуді саралап, сараптауды үйрене бастауы тиіс. Бүгінгі күні өте қабілетті, дарынды балаларды іріктеп, олардың дамуына жағдай жасау-кезек күттірмейтін іс. Бала қабілеті мен дарынын толық ашу тек бала үшін ғана емес, ең алдымен қоғам үшін маңызды. Оқушымен жүргізілетін іс-әрекетіміз шығармашылық қабілетін дамыту үшін арналуы керек. Қазіргі білім беру саласының негізгі мақсатын, мән-мағынасын жете түсініп оқытқан жағдайда ғана біз келешек ұрпақтың еркін дамуына жол ашамыз.

Елбасының ұрпақ болашағы жайлы айтқан осы ой түйіні ғасыр мектебіне жаңа заман талабына сай жаңаша оқыту технологиясын игеру міндетін жүктеп отыр. Қазақстан Республикасының Білім Заңының 8-бабы мектепке «Оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу қажеттігін жүктейді» деп атап көрсеткен. [3]

Қазіргі заманғы тарих сабағына мынандай мақсаттар қояр едім: 1. Оқушының тарихи білімін үнемі жетілдіріп отыру ( дәріс беру, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану) Оқушының тарихи білімін жетілдірудің негізі- оқушының өз бетінше ізденуі, мұғалімнің әдістемелік көмек көрсетуі. Оқушы кітап көлемімен шектеліп қана қалмай, қосымша білім көздеріне сүйенуі керек. Тарихи жаңа басылымдарды жинақтау, теледидар арқылы берілетін хабарларды бейне таспаға түсіріп отыру, білім сайыстарына қатысып отыру т.с.с.

2. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, ғылыми- зерттеу жұмыстарына араластыру, дарынды оқушылармен жұмыс.

3. Тіл мәдениетін және ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту.

Оқытуда түпкі мақсатқа жету үшін мұғалім ізденісі шешуші рөл атқарады. Неміс педогогі Адольф Дистерверг XIX ғасырдың өзінде-ақ : «Жас мұғалімнің негізгі кемшілігі – өзіне белгілі материалды балаларға тегіс айтып беруге тырысуы»- деген болатын. Мұғалім сабақты проблемалық ситуация жасай білсе және бір сабақтан екінші сабақты түрлендіріп өткізе білсе ол оқушының өзіндік ізденісіне жол ашады.

• Бүгінгі таңда Қазақстанда бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосуға үлес қосатын жастар бойына патриотизм, ұлтжандылық, азаматтық қасиеттері қалыптасады;

- Қоршаған ортаны бақылау, қажетті істерге қатысу қабілеті артады
- Тарихи санасы дұрыс қалыптасады;
- Мұғалім мен оқушы арасындағы бірлік одағы қалыптасты;
- Өз пікірін еркін баяндап, жүйелі сөйлеуге көмектеседі;
- Отанымыздың тарихына жаңа беттер қосылады.

Міне, осы аталмыш істерді атқаруда мен дәріс беретін мектепте оқушылармен өткізген әр сабақ өз мақсатына жетіп жатады. Оқыту үрдісінде ақпараттық әдістерді тиімді қолданудың нәтижесінде 9-сынып оқушыларымен өткізген «Экологиялық дағдарыс және оның салдары», «Желтоқсан ызғары», «Экономикалық даму» атты тақырыбындағы сабақта «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» әдісінің зерттеу, салыстыру, баспасөз конференциясы, бейнетаспаны тамашалау тағы да басқа стратегияларын пайдаланудың нәтижесінде оқушының пәнге деген қызығушылығы арта түсті.

Сонымен қатар, оқушыларды топқа бөліп, әр топтың зерттеген мәселесі бойынша пікір алмасу, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ізденушілік қабілетін дамытты.

Сабақтан тыс еліміздегі экономикалық жағдайға байланысты «Ел экономикасын дамытуда шетел инвесторлары қажет пе?» тақырыбында пікір-сайыс сабағында мынандай әдіс-тәсілдерді пайдаландым. Оқушылардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін, «Дискуссиялық карта» стратегиясын пайдаландым. Оқушыларға «Қазақстан экономикасына шетел инвесторлары қажет пе?» деген сұрақ қою арқылы «иә» немесе «жоқ» деген екі қарама-қарсы топты айқындай отырып, өзара пікірталас ұйымдастырылды. Оқушылар өз көзқарастарын нақты дәлел мен дәйектер келтіруде бұқаралық ақпарат құралдарынан, интернет желісінен қажетті мәліметтермен білімін тереңдету арқылы, жұп болып, кейінен топ болып жұмыс жасайды. Осы жұмыс барысында олар өз көзқарастарын жеткізумен қатар, бірін-бірі тыңдауға түсінуге үйренеді. Әр топтың бір оқушысына өз пікірлерін білдіруге

мүмкіндік беріледі. Оқушының сөйлеу мәдениетінің деңгейі байқалып, оқушылардың ауызша сөйлеу мәдениетін дамытып, өзіндік ұғым қалыптастыруда үлкен септігін тигізді. «1930 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір» тақырыбын өткен кезде Қарлаг-тың бұрынғы орындарына саяхаттап, мұражайда өткізілген сабақ оқушылардың танымдық қабілетін арттырады. Бұл бағдарламаның ерекшелігі сол, сынып оқушыларының әрқайсысына жеке-жеке нұсқаулар бойынша жұмыс жүргізуге қолайлы.

Осылайша ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

- оқу материалын терең түсінуге;
- оқу мотивациясының артуына;
- алған білімнің ұзақ есте сақталуына т.б.

Қазақстан тарихы бойынша электронды оқулықтарды пайдаланып, электронды оқулықтағы көрнекіліктерге, деректерге сүйене отырып оқушылар өздерінің ой-өрісін кеңейтіп шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинауға дағдыланады.

Жаңартылған білім беру жүйесінде оқушылар өзінің оқудағы жетістіктеріне де өз бетінше, саналы түрде баға бере отырып, сыни талдауға және алынған материалды саралау, анализ жасау арқылы тарихи объективизм принципін ұстанып өз бетімен ізденуге дағдыланады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Абильдина Ж. «Обновление – эффективного и качественного образования» «Білімді ел» газеті, №15 2016 ж.
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған Нұсқаулық.
3. Көшімбетова С. «Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары», Алматы, 2008 ж.

*Абикенова М.Б., Миллер Е.А  
воспитатели Специализированной школы  
- интернат «Мурагер» г.Караганда*

### **ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА КАК ГАРАНТ АКТУАЛЬНОСТИ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В БУДУЩЕМ.**

В условиях современного Казахстана при дистанционном формате обучения и онлайн образовательных программах в системе образования идея народности образования вновь становится инновационной. В текущих экономических и политических условиях, когда в самосознании казахстанского народа происходит переоценке социальных приоритетов и ценностей государственного образования, где всё активнее начинает внедряться частное коммерческое образование, эта идея приобретает всё более новое звучание.

Актуальность педагогического наследия Ибрая Алтынсарина определяется значимостью его наследия. Идеи И.Алтынсарина затронули глобальные проблемы образования и воспитания личности. Им была создана абсолютно целостная, нивелированная, с этническими традициями казахского народа педагогическая система. При этом, практически, все предложения Алтынсарина по вопросам организации и методики образовательного процесса носили ярко выраженный светский и толерантный характер и несли в себе идеи воспитания патриотизма и активной гражданской позиции.



Главной целью образования является готовность личности к самоопределению и самореализации. Он писал: «Изыскивать же способы к обогащению ... библиотек ... я не перестаяю и надеюсь, рано или поздно, поставить оные на хорошую ступень, чтобы они могли более или менее удовлетворить потребности грамотной части киргизского народа, занимающейся чтением и самообразованием» [1, с.112].

Свои идеи и представления о педагогике он воплотил в первом женском училище в Иргизе, которое явилось своего рода, педагогической лабораторией для реализации педагогических исканий Ибрая Алтынсарина. В дальнейшем учебные заведения подобного рода открылись в Тургае, Кустанае, Карабутаке и Актюбинске. [1, с.103]

Экспериментальная работа в первом женском училище в Иргизе основывалась на признании творческого начала в каждом педагоге, в развитии его активности, самостоятельности, творческих и интеллектуальных способностей. Доминировали занятия в форме классических светских уроков, устанавливалась системность и научность образования. Отдавалось предпочтение разнообразию учебных предметов, особенно обучению молодых людей ремеслам. В училище присутствовала строгая, упорядоченная система обучения: контролировалось соблюдение учебного плана, учебных программ, жесткого расписания занятий и выполнения домашних заданий.

Немногочисленный педагогический коллектив училища действовал слаженно, внося согласованные между собой коррективы в учебно-воспитательный процесс. Сам Алтынсарин с 1864 года работал учителем, а с 1869 и до ухода из жизни в 1889 году, был руководителем системы народного просвещения. Сам Алтынсарин 16 марта 1864 года писал: «...надеюсь, что эти молодцы в течение 4-х лет, по окончании курса, будут говорить порядочно и узнают кое-что. Стараюсь всеми силами, чтобы подействовать еще на их нравственность, чтобы они впоследствии не были взяточниками». [2, с.87]

Перспективы развития образования соотечественников в казахской степи в высшей степени связаны с необходимостью укомплектования профессиональными кадрами образовательной системы и воспитанием собственных национальных педагогических кадров. Эта и стало делом всей его жизни.

Эффективность работы педагогической лаборатории Алтынсарина выражалась в дальнейшем трудоустройстве его учеников. Его ученики и последователи в дальнейшем оказали значительное влияние на развитие прогрессивного образования XIX-XX века и в целом Казахстана. Позже они составили интеллектуальную и политическую элиту Казахстана: Ахмет Байтурсынов, Ахмед Беремжанов, Мыржакып Дулатов, Назипа Кульжанова, Алдияр Абубакиров, Мухамеджан Сералин, Альжан Байгурын, Габдолгали Балгымбаев и многие другие. [3]

Своей деятельностью Алтынсарин выявил основные мотивы своей педагогической практики. В этом плане интересно следующее высказывание И.Алтынсарина: «...Я не отступлюсь от коренных своих убеждений и стремления быть полезным своим родичам, несколько хватит моих сил» [4, с.65]. Эти слова до конца его короткой, но такой плодотворной жизни, стали его жизненным кредо.

Чувство ответственности за судьбу народа, за каждого рядом живущего человека, особое отношение к истокам народной педагогики, нравственное самосовершенствование-неизменные спутники жизненной лаборатории, его жизненные установки -находят отражение в его педагогических изысканиях. Педагогика Ибрая Алтынсарина- это то, что выходит за узкие рамки предметного обучения и обращается к взаимосвязи образования и воспитания с общей жизнью страны, сохраняя принцип приоритета общечеловеческих гуманистических ценностей.

В построении педагогической системы для Алтынсарина идеалом является синтез двух традиций предметно обучающего и национального, представляющие европейскую и народную казахскую образовательные модели.

Он был уверен ,что приобретение предметных знаний и умений без их духовного содержания обрекает человечество на бесцельное существование. Специфика

педагогического творчества заключается в формировании целостности развивающейся личности ребёнка в единстве его души и тела, мысли и движения, разума и чувств. Он стремился воспитать духовное здоровье, нравственность, зрелое поколение

Современная жизнь, с ее глобализационными процессами, все меньше представляет человеку возможности достижения духовного равновесия и психологического комфорта. Техногенная цивилизация при всех созданных для человека удобствах ограничила свободу души. Система образования, в свою очередь, настроена на информатизацию учебно-воспитательного процесса. Отсюда образовательная парадигма, основанная на ценностях информационной цивилизации, способствует формированию эгоцентричной и гедонистической личности обучающегося.

Сейчас происходит переосмысление исторических фактов и освобождение от жестокой идеологизации в преподавании учебных предметов, от командно-распорядительного управления со стороны вышестоящих органов. Вроде, для воспитания полноценного духовно богатого всесторонне развитого и физически здорового поколения в наличии все условия, но низкое ресурсное обеспечение учебных заведений Казахстана не дает возможности полностью воплотить все педагогические мечтания в реальность.

Современному поколению образование нужно для комфортной жизни, высокого дохода, и лишь для небольшого количества молодых людей – в целях развития кругозора, уважения в обществе и реализации себя. Замыкаясь в узком формате модных тенденций техногенного цикла, мы не ищем ответы на сущностные вопросы образования: содержание, характер, приоритеты. Возвращаясь в культурное пространство народной среды и используя гуманистические идеи Абая Кунанбаева, Ибрая Алтынсарина, Ахмета Байтурсынова, Жусупбека Аймаутова, Магжана Жумабаева и других просветителей XIX-XX века, мы сможем с наименьшими потерями выйти из образовательного тупика.

Потребности современной эпохи представляют культурные цели образования, которые выходят за узкие рамки практичности, они должны быть наполнены человеколюбием, этичностью и вполне способны ответить на веления времени. В создании новой модели образования главную роль должны сыграть высшие нравственные приоритеты, а не информация и информационные носители. Образовательная политика должна строиться уже на доступных положительных результатах народной национальной педагогики, отталкиваться от ведущих идей гуманистов, соприкасаться с лучшим общественным и педагогическим опытом.

Стратегический подход в системе образования должен включать все этапы духовного и физического развития личности и развиваться на основе концепции культуры и образования. Опора на педагогическое наследие Ибрая Алтынсарина и других отечественных и зарубежных педагогов – новаторов в созвучии с современными тенденциями развития образования, обеспечивающих формирование у подрастающего поколения нравственного отношения к окружающему миру, совершенствование окружающей среды через сотрудничество, без насилия и принуждения может явиться гарантом актуальности системы образования в будущем

## **ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:**

1. Алтынсарин, И. Собрание сочинений в 3-х томах: Т.1.[Текст] / И. Алтынсарин. - Алма-Ата, 1975. - 359 с.
2. Алтынсарин, И. Собрание сочинений в 3-х томах: Т.2.[Текст] / И. Алтынсарин. - Алма-Ата, 1975. - 423 с.
3. <https://kstnews.kz/newspaper/757/item-50370>
4. Алтынсарин, И. Киргизская хрестоматия [Текст] / И. Алтынсарин. – 2 изд.- А., 1906.- 235
5. Джумагулов, К. Т. Ибрай Алтынсарин и развитие культуры казахского народа [Текст] / К.Т.Джумагулов. - Алма-Ата, 1984. - 204с.

## **БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

Қазақ халқы фольклорға бай, онда халық педагогикасы мен көшпенділердің халық психологиясының нюанстарының барлық реңктері шоғырланған. Осы жерде қазақ даласының ұлы Ұлы Ыбырай Алтынсаринді тілге тиек еткім келіп отыр. Алтынсарин Қазақстан тарихына көрнекті ағартушы, педагог, ақын, қоғам қайраткері ретінде енді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның болашағын «Мәңгілік Ел» идеясымен байланыстырғанда, алдыңғы орындардың біріне ұлттың тарихи санасын қояды. Ұлттың тарихи жады неғұрлым терең, тарихи санасының тамыры неғұрлым берік болған сайын әрбір адамның да, қоғамның да рухани әлемі кең әрі таза болады. Бүгінгіні танып, болашақты барлау үшін өткенді білу қажет. Әсіресе, халқының қамын жеп, ұлтының ертеңіне қалтқысыз қызмет еткен, ел тарихында аты мәңгі өшпейтін дара тұлғалардың тағылымға толы өмір жолынан үлгі-өнеге ала білу маңызды. Сондай ғұламалардың бірі әрі бірегейі қысқа да жарқын ғұмырын ағартушылық іске арнаған, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл.

Өз халқына шексіз қызмететкені үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ыбырай Алтынсаринді Қазақстанның халық ағарту саласының тұңғыш ағартушысы деп атаған.

Өзінің ағартушылық-педагогикалық қызметінде Ы.Алтынсарин тұлғаны адамгершілік негіздерімен тәрбиелеуге көп көңіл бөледі.

Ең алдымен, тәрбиенің дәстүрмен тығыз байланысты екенін тұңғыш қарастырған К.Д.Ушинский болды. Ол өз еңбектерінде тәрбиенің халықтық сипатына, еңбектің тәрбиелік және психикалық сипатына және тәрбиедегі адамгершілік мәселелеріне көңіл бөле отырып “Тәрбие көзі халықтық педагогика” деген тұжырымға келген. Осы идеяны қазақ жерінде жалғастырушы ағартушы Ы.Алтынсарин адамгершіліктің мынадай 7 қасиетін атап көрсетеді:

1.Имандылық. 2.Жоғарғы әділдік. 3.Адалдық, ақкөңілділік. 4.Сыпайылық, момындық. 5. Адал ниетпен өсиет беру. 6. Жомарттық, қайырымдылық. 7.Дұрыс заңдылық [2,266]. Яғни, жас ұрпақтың – ақыл-ойын, сезімін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген адам болып өсуіне барлық ынтасымен кірісе отырып, өзінің туындыларын сол бағытқа арнайды.

Қазақ баласына қара танытқан, ұлттық құндылықтар арқылы тәлімді тәрбие берген ұлы ұстаз.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық еңбектері халық білімі мен мектеп ісінің даму тарихымен байланысты мәселелерді әзірлеуге және қазақ халқының мәдениетін дамытуға, халық педагогикасы саласына арналды. [1, 19 б.] Ы.Алтынсарин педагогика мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі – Ыбырай.

Ы.Алтынсарин мұғалім мамандығы ең керемет, бірақ сонымен бірге ең қиын мамандықтардың бірі деп есептеді. Ағартушы жастарды оқу – білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданады.Ыбырай бұрынғы Халифаттық дәуірдегі оқыту әдісінен айрылып қалған, ғылым үйретпейтін, балаларды ойлануға мұрша бермейтін моллалардың ұрып миға кіргізу мен жаттау жолынан қашып, орыс ғылымы арқылы нағыз ғылымды үйрету жолын

ұстанды. Ыбырайдың осы көзқарасын өзінің оқулықтарынан да анық байқауға болады. Оның ағартушылық-педагогикалық көзқарастары Ушинский, Корф, Толстой, Водовозов, Бунаков сияқты орыс педагогтарынан нәр алып жатты.

Ы.Алтынсарин ұйымдастырған оқу орындары сапасы жағынан сол кезеңдегі озық орыс оқу орындарымен иық теңестіре алды.

Сауатты халық, білімді ел болу үшін Ы.Алтынсарин бірінші кезекке мұғалімді қойды. Ол жөнінде өзі былай дейді: «Халық мектебі үшін басты тұлға – мұғалім, ең тамаша деген педагогикалық басшылық, ең жомарт деген мемлекеттік жарлық та, тыңғылықты педагогикалық бақылау да онымен теңесе алмайды» [4,170 б.], - деп, мұғалімге баса назар аударады.

Ұлы педагог Ы.Алтынсарин оқушыға өзге тілді үйрету туралы өз тәжірибесінен біраз ғылыми ойлар айтады. Ол орыс тілі пәнінің мұғалімі қазақша білуі керек, ал, өз кезегінде қазақ тілі пәнінің мұғалімі орыс тілін білуі шарт деп есептейді. Яғни, оқушыларға тіл үйретерде өзі де сол аудиторияның тілін біліп, сол тілде сөйлей білуі маңызды. Себебі, сол халықтың тілін білмесең, мұғалімге тіл үйрету қиынға соғары анық.

Әдістемеші-ғалым Ы.Алтынсарин оқу ісіндегі тұтастық пен бір жүйелілікке де мән берді. Бір мұғалімге жазған хатында: «Әрбір мектепте орыс тілін, жаратылыстану, жағрапия мен тарихты оқыту бір жүйеге, бір басшылыққа бағынуы керек... оқыту ісінде жүйе болмаса мұғалім бірден-бір пәнді дұрыс тұтас оқыта алмайды. Мұндай мұғалімдер шәкірттерін дұрыс жолдан адастырады», - деп өзінің әдістемесімен бөліскен.

Ыбырай Алтынсарыұлы 1876 ж. Н.И. Ильминскийге жазған хатында «Қазақ хрестоматиясына» байланысты: «Татар тілінде жазылған оқулықтардан құтылу үшін, қазақ тілінде оқуға арналған кітабымды кеше ғана бастадым. Мен оқулыққа мысалдарды енгізгім келмейді, себебі қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер болғанын құп көрдім. Мысалдарды (басня) қазақ балалары оқығысы келмейді, оқыса да ата-аналары: сауысқан мен қарға сөйлесе ма екен?» деп күлетінін өз тәжірибемнен білемін» [2,172 б.], - деп жазады. Ы.Алтынсарин өз оқулықтарындағы мәтіндерді неғұрлым қазақ оқушысының ұғым-түсінігіне сай ете отырып, оқушының ұлттық психологиялық ерекшелігін басты назарда ұстады.

Ағартушы Ы.Алтынсарин екі оқулық құрастырады. Олар: «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы» («Начальное руководство к обучению казахов русскому языку») (1879), «Қазақ хрестоматиясы» (1879). Аталмыш кітаптар орыс алфавитімен жазылған алғашқы оқулықтар болды. Ы.Алтынсарин «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы» атты оқулығы, орыс тілі грамматикасының қысқаша очеркі сипатында мынадай бөлімдерден құралады:

1. Зат есім;
2. Сын есім;
3. Сан есім;
4. Есімдік;
5. Үстеу мен шылау;
6. Предлог (шылау);
7. Етістік;

8. Қазақ тілінен орыс тіліне аударылатын мәтіндердің үлгілері. [3,86б.]

Ы.Алтынсариннің бұл оқулығы Орынборда орыс-қазақ мектептерінде орыс тілінен бес жыл сабақ беруінің нәтижесінде жазылған. Бұл оқулық грамматиканың толық курсы емес, орыс тілімен алғашқы таныстыққа жолбасшы ғана болды. Оқулық авторының жазуынша: «грамматиканы оқушылар орыс кітаптарын еркін түсініп, оқитын кезде тереңдей үйренуі керек». Алтынсариннің бұл пікірімен толықтай келісуге болады. Осы орайда, бүгінгі Қазақстандағы білім саласы Ыбырайдың бұл методикасына мүлдем қарама-қарсы бағытта жұмыс жасап отырғанын байқамау мүмкін емес. Оқу министрлігінің бекітуімен, бірінші сыныптан бастап оқытылатын орыс тілі пәні сол алғашқы жылында-ақ грамматика үйретуден басталады. Оқушының «Зат есім», «Сын есім», «Етістікті» жатқа айтып бергеннен не пайда,

ол тілді жақсы меңгеріп, өз ойын еркін жеткізе алмаса?! Өкінішке орай, бүгінгі таңда, он жыл бойы мектепте орыс тілі пәні жүргізілсе де, оқушылар өзінің өмірбаянын ауызша да, жазбаша да сауатты түрде жеткізе алмайды. Қазіргі Қазақстан мектептеріндегі шет тілін оқытудың жағдайы бұдан да төмен. Мысалы: жалпы білім беретін мектептердегі 5-11- сынып аралығында 6 жыл ағылшын тілін оқыған оқушы тірі ағылшынмен сөйлесіп, түсінісу былай тұрсын, ол сөйлеп тұрған ағылшынның не туралы айтып тұрғанын мүлдем түсінбейді. Мұның барлығының себебі: Ыбырайша айтсақ, ол – тіл үйретудегі жүйенің дұрыс құрылмағандығынан. Ал, Ыбырай шәкірттеріне әуелі орыс тілінде кітаптар оқытып, сөйлетіп, баланың тілін сындырғаннан соң ғана, грамматиканы үйретуді дұрыс деп санаған. Бұл әдісті еліміздің бүгінгі оқу саласына қолдансақ, сәтті нәтиже күтілетіні Ыбырай тәжірибесінен көрініп-ақ тұр.

Ыбырай «Бір аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық!» – деген өлеңінде адамзатты білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді.[5, 134 б.] Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді.

Ы. Алтынсарин еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре біледі. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегінде топтасқан. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген. Ыбырай қазақ балалары үшін ең алғашқы мектепті ашқан ағартушы. Халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ы.Алтынсариннің ғылыми және әдеби еңбектерінің бүгінгі жастарға берер ғибраты мол асыл мұра.

Ыбырай Алтынсарин - өз халқының талантты ұлы, ұлт мақтанышы. Ол қазақ халқының мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосты, оның еңбектері мен барлық шығармашылығы тарихымыздың алтын қорына еніп, кейінгі ұрпаққа сарқылмас бай мұра қалдырды. Ол қазақ халқының жадында игі істерімен ұлы тұлға болып қалды. Мен оның шығармалары, аудармалары әр оқырманға қолжетімді болғанын, сирек мұрағаттық материалдарының жарияланғанын қалаймын, ал жас ұрпақ талантты ақын мен аудармашының жұмысын ризашылықпен зерттей отырып, оның шығармаларынан үлгі алса екен деймін.

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. *Алтынсарин Ы.* Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. — Алматы: Атамұра, 2006. — 168 б.
2. *Сүйіншіәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 859-б.
3. *Мәдібай Қ.* Үміт еткен көзімнің нұры балам... // Қазақ әдебиеті. — 2009. — 31 шілде. — № 3 (3144). — 6-б.
4. Қазақ Совет энциклопедиясы. — 11-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., — 92-б.
5. *Сәтбекова А.* Қазақ мектебінің тағдырын ұлт тағдырынан бөле-жара қарауға болмайды // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77). — 36, 37-б.

## РАЗВИТИЕ ЕСТЕСТВЕННО - НАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Новые стандарты государственного общеобразовательного начального образования ставят новые задачи, непременно призывающие поиска новых решений. Результативные методы и приёмы в обучении становятся преимущественно актуальным в образовательном процессе, которые формируют умения учащихся самостоятельно добывать новые знания, собирать необходимую информацию, выдвигать гипотезу, делать выводы и заключения. В арсенале современных педагогических решений, значительное место занимает исследовательская деятельность, в основе которой лежит умение понимать основные особенности естествознания, как формы человеческого познания.

Проштудировав целенаправленность между критериями компетенций, определяющих естественнонаучную грамотность, и требованиям к результатам образования в учебной программе «Естествознания», был составлен план достижения цели: формирование естественно – научной грамотности. [2] Уроки «Естествознания», конечно, не единственная область развития естественно – научной грамотности, следовательно, целесообразно планировать изучение научных текстов по литературному чтению, русскому языку, чтобы этот процесс имел практическое направление. Также на уроках художественного труда проводить опыты и эксперименты, позволяющие увидеть единую картину мировоззрения. Пример: сопоставление свойства глины и пластилина.

Первые шаги по формированию естественно – научной грамотности включает развитие умений: воссоздать изученную научную информацию, устанавливать аналогии, классифицировать, преобразовывать знаки и символы, модели и схемы, используя научные факты. [1]

Пример: представить структурировано информацию в виде схемы.

1) «Карта памяти» - схема предоставления системы аргументации. Сделать заметки относительно взаимосвязи фрагментов содержания.

➤ Замкнутые линии (овалы) – начинать построение схемы с середины страницы, чтобы можно было ее продолжить в любом направлении.



➤ Слова писать вдоль линии или в том месте, где они заканчиваются.

Пример. Тема урока: Как вращается Земля?

2) «Схема отношений» - эта статистическая схема, на которой линии четко показывают на определенные причинно – следственные связи.

➤ Округлые контуры

➤ Слова, линии, обозначающие связь между компонентами

3) «Паучок» (моно - кластер)

➤ Начинается построение схемы с «туловища»



- Затем к «туловищу» с помощью линий присоединяются «ножки»
- К «ножкам» присоединяются «башмачки»



4) «Кластер» – с помощью кластеров можно в систематизированном виде предоставлять большие объёмы информации (ключевые слова, идеи).

- Округлые контуры – туловище, ножки и башмачки.
- Слова в округлых контурах при записи слов можно использовать техники сокращения слов. Линии, обозначающие связь между компонентами
- В центре кластеров, в главном овале основная проблема. В овалах следующего уровня – вопросы, на которые нужно ответить в процессе выполнения задания, проекта.

Следующим этап формирования естественно – научной грамотности включает в себя самостоятельное приобретение знаний, используя различные источники информации. [2] На этом этапе следует подготовить информацию, которую ученик должен преобразовать в знания. Предоставлять информацию можно разными способами, но наиболее эффективно на уроке это делать наглядно. Для начала следует просмотреть информацию, изложенную в учебнике. Подбирая информацию нужно следовать трем главным принципам:

- надо определить и систематизировать ту информацию, которая необходима в первую очередь для обучения учащихся. Пример: схема «Содержательная картинка» - это схема, используется на этапе усвоения знаний, до того, как вы составите представление об изучаемом материале. Информация должна быть изложена кратко, ясно, чётким языком. Пользуйтесь, насколько это уместно, наглядной моделью, чтобы учащиеся могли непосредственно видеть процесс или результат. [3]

Модель «Солнечной системы»



Модель «Электрической энергии»



На данном этапе, на уроке включаю задания, позволяющие сформулировать опыт рассуждения при решении нестандартных задач в жизненных ситуациях. [4] Пример: **Приём «Обрати вред в пользу»**

**Ситуация:** Жак Ив Кусто рассказал о таком случае. Вместе, где нерестится рыба, затонуло рыболовецкое судно. Это плохо? А что хорошего?

**Ситуация:** Ученые-инфекционисты рекомендуют мыть руки не менее 20 секунд, так как именно за это время с рук удаляются все вредные микробы.

Но 20 секунд – это на самом деле очень длительный промежуток. Редко кто из нас тратит на мытье рук столько времени. Как заставить человека мыть руки не кое-как, а ровно столько, сколько требуется для удаления всех микробов?

Особую роль – третий этап в развитии естественно – научной грамотности занимает мини – исследования, эксперименты, умение проводить несложные эксперименты. [3] Которые наглядно демонстрируют различные процессы, происходящие в природе. Пример исследования, опыта.

**Тема:** «Условия жизни растений». **Цель:** определить, почему свет важен для растений (рисунок 1, 2). **Цель:** определить, как разные вещества влияют на рост растений (рисунок 3).

Рисунок 1



Рисунок 2



Рисунок 3



**Тема:** Вода. Свойства воды. **Цель:** Раскрыть понятие о многообразии свойствах воды, и об их значениях в природе.

Для эффективности проведения опытов составляю карточки-инструкции, которые не только позволяют более точно провести эксперимент, но и уменьшают временные затраты на описание эксперимента.

#### 1 опыт

- Провести опыт используя те предметы, которые перед вами на столе.
- Сделать вывод, какое свойство воды вы доказали.
- Затем свой вывод продемонстрировать, перед классом.

#### Карточка - инструкция:

1. Налей воду из бутылки, вначале в стакан.
2. Перелейте воду из стакана в колбу.
3. Налейте немного воды из колбы в блюдце.
4. Что происходит с формой воды?
5. Обсудите наблюдения, при переходе воды в разные по форме предметы?
5. Сделайте вывод о воде.
6. Выберите, кто расскажет классу о результатах опыта.

#### 2 опыт

**Цель:** знать, почему вода не растекается по монете, а при большом количестве воды, она растекается? (Сила натяжения воды на поверхности)

У вас есть: вода, пипетка, монета.

План работы:

1. Набрать воду в пипетку.
2. Капать на монету воду
3. Сделай вывод.

#### Работа с таблицей «Применение научных знаний о воде в жизненной ситуации».

Заполни таблицу	
Свойство воды	Где встречаем в жизни

Свойство воды	Где встречаем в жизни
Натяжение	Водомерка, дождь, роса.
Вода бесцветна	Для гигиены, чистоты
Вода прозрачна	Аквариум, бассейн, водоемы
Вода не имеет вкуса	для приготовления пищи
Вода не имеет запаха	для удаления жажды
Текучесть	для полива, для питья
Не имеет формы	вода протекает по трубам
Является растворителем	в строительстве, в приготовлении лекарств, для стирки белья

На уроках естествознания для достижения цели включаю просмотр видео роликов, которые дают возможность увидеть учащимся те процессы, которые невозможно провести в школе. Учащимся нравится проводить эксперименты, которые проводятся самостоятельно на уроках, и, тем более те, которые можно провести дома. Проводя демонстрационные опыты,



эксперименты - данные виды работы привлекают внимание учащихся к изучению столь сложного предмета естествознания.

Исследовательская деятельность даёт возможность учащимся получить более глубокие научные знания об изучаемом веществе или явлении, а также способствует повышению мотивации к учению.

Результатом своей работы считаю умение учащихся составлять план работы, приводить его в действие, формулировать гипотезу, составлять вопросы и уметь на них отвечать, логически строить совокупность приобретенных ими знаний. Когда ученик научится самостоятельно проводить исследование, можно рассчитывать, что в своей жизни он окажется более адаптированным, сумеет планировать деятельность, ориентироваться в различных ситуациях. Также результат моей деятельности – это ежегодное участие и победы в школьных, городских, областных научно - исследовательских конференциях.

### **ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:**

1. Центр современного образования «Обучение без границ», «Культура умственного труда». Пособие для педагогов. Монреаль, Канада - 2013 год.
2. Международная научно-практическая конференция «Ключевые вопросы в современной науке». Том 10. София «БЯЛ ГРАД-БГ» ООД 2015.
3. Смит М., Тэйлор Б., Бёрн Д., Кент П. Детская иллюстрированная энциклопедия. – М: Росмэн.-2016.-224 с.
4. Естественная грамотность. Ссылка:<https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/raznoe/2021/10/27/estestvennaya-gramotnost-eng>

*А.Т.Абишева бастауыш сынып мұғалімі  
«С.Сейфуллин атындағы гимназия»КММ, Сәтбаев қ.*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТАҒЫЛЫМЫ – БҮГІНГІ БАСТАУЫШ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ**

Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе  
- ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде.  
Ыбырай Алтынсарин

Болашақта қуатты мемлекет, зиялы қоғам құруға ұмтылған еліміз алдымен балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылық пен имандылыққа тәрбиелеуді, заман ағымына сай сапалы білім беруді бүгінгі күннің басты талабы деп міндет етуде. Сондай-ақ, 2019 жылғы «Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясында ел Президенті Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев: «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы.» деп көрсетті. [1]. Бұл талап-міндеттердің орындалуы білім саласы қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік артады. Олай дейтінім, саналы ұрпақ қалыптастырудың пәрменді құралы – оқу, тәлім-тәрбие жұмыстарында халықтық педагогиканың алтын мұрасын қолдану.

Ел ішінде елінің қамын жеп, ұрпағының болашағын ойлап, талай еңбекті артына қалдырған тұлғалар аз емес. Қай ғұлама, қай ойшылды алсақ та, саналы ғұмырын сарп етіп, ұлтының болашағына арнаған. Осындай ғұламалардың бірі де, бірегейі Ыбырай Алтынсариннің орны

қашанда ерекше. Ерекшелігі сол, өз заманында білім алуға шақырып қана қоймай, өз қолымен мектеп жүйесін жасаған тұлға. Бұл жөнінде заңғар жазушы Мұхтар Әуезов былай депті: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп, қоса білді. Сөйтіп, ол екеуі де істеген тың тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы». [2, б.21-22].

Ыбырай Алтынсарин – өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер-білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді. Бұл ұлы мақсат бүгінгі күні де өзекті! Көз ілеспес жылдамдықпен өтіп жатқан жаһандану заманында өзге ұлттармен бәсекелестікке төтеп беретін, білімді әрі сауатты ұлт қалыптастыруды күн тәртібіне қойып отырғанымыз жасырын емес.

Халықтың білімге ықыласын ояту үшін Ұлы Ұстаз оқудың мәнін түсіндіріп, алғашқы балаларды өз үйінде оқытады. Ыбырай жастарды оқу-білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, қайта өз ойын нақтылықпен дәлелдеп, оқу-білімге ұмтылдырған.

Өзіне жүктелген инспекторлық қызметін ұлы мақсатымен ұштастырып, халқы үшін пайдаланбаққа бекінген Ыбырай – Қазақ даласында тұңғыш мектеп ашқан тұлға ғана емес, сол мектепке қажетті бағдарламаны жасақтаған, сол мектепке қажетті оқулықты жазған да өзі! Жоқ, ол тек халықтың көзін ашып сауатты болуын ғана қаламады, олардың өзге халықтармен тең өмір сүруі үшін оқып білім алып, технологияны, кәсіпті меңгергенін де бар болмысымен қалады. Жай қалап қоймады, осы мақсатта жанкештілікпен нәтижелі еңбек етті. [3, б.7-9].

Бүгінгі дамыған педагогика негіздеріне сүйенсек, хрестоматияға мектеп оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруімен бала түйсігін жүйелілікпен қалыптастыруға тырысқандығын көруге болады. Ыбырай Алтынсарин ұстанған ұрпаққа рухани-адамгершілік білім беру қазіргі таңда да өз мәні мен мағынасын жоғалтпады.

«Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде» деген қанатты сөзді қалдырған дара ұстаз балаларды оқыту әдістері жағынан өзіндік жүйе - әдісі бар педагог бола білді. Ол қазақтың тұңғыш прогрессшіл педагогикасын, халықтың мектептерін қалаушы қайталанбас тұлға! Заманынан озып туған Ыбырай Алтынсарин өзіне Ян Амос Коменский, Ушинский, Толстой, Бунаков, Паульсон сияқты данқты педагогтарды ұстаз тұтады.

Елімнің ертеңгі тұтқасын қолдарына ұстайтын өскелең ұрпағына білім беруші, бүлдіршінді білімге бейімдеуші ретінде мен өз тәжірибемде ұстаздардың ұстазы Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын басшылыққа аламын. Халықтық педагогикамен ұштасқан, халқымыздың тұрмыс салтымен асатасып жатқан, дінімізге де, ділімізге де сәйкес келетін әр еңбегін өз жұмысымда тұсбағдарға алып келемін. «Білімнің негізі – бастауыш» болса, білім мен тәрбиенің, адам үшін қажетті ұлы жолдың табалдырығы мен үшін Алтынсариннің артына қалған асыл мұрасы.

Мектеп табалдырығын имене аттап, алдыма келген шәкіртке бірінші күні «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің 4 жолын жаттатып, білім әлеміне кіріспе ретінде пайдалануды әдетке айналдырдым. Ерекше ықыласпен, үлкен қызығушылықпен мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушысы бұл 4 жолды өмірі ұмытпастай есінде қалдырады. Өздеріне жатқа айтқызып, мән-мағынасын түсіндіріп алған соң, «барлық қазақ халқын білімге шақырған, тұңғыш мектеп ашқан бабамыз міне, мына адам» деп үлкен суретін көрсетемін. Оларға түсінікті тілде Алтынсариннің жасаған еңбектерін айта келіп, сынып қабырғасына суретті бірге ілуге шақырамын. Кейін әр сабақты пысықтауда, үй тапсырмасын бағалауда, әріптерді қосып оқу тақырыптарында балаларға «атамыз сондай риза болып отыр» деп айтып отырамын.

Күрделілеу тақырыптарды бастағанда Ыбырай суретіне назар аудартып, «бізге сенім артып отыр, кәне үйренейік» деп іліп әкетемін. Бөлімді қайталау алдында Ыбырай суретін қабырғадан алып тастаймын, балаларға «сіздер сияқты басқада сыныптардың білімін бақылауға кеткен ғой» деп қоямын. Ал қайталау сабағында Ыбырай суретіне үлкен қағаз қоржынды қыстырып, нақ тақтаның алдына қоямын. Оқушыларыма: «Бүгін біздің әр жеңісімізге қуанатын атамyz алыс сапардан шаршап келгеніне қарамай, бізге қонаққа келіпті. Сыйлығы да бар екен. Кәне, үйренген есептерімізді көрсетіп, атаны қуантайық» деймін. Ал қағаз-қоржынға түрлі-түсті қағаздарды әдемі формаларда қиып, «Жарайсың! Сен нағыз білімдісің!», «Сен өскенде ғарышкер боласың! Өйткені, сондай білімдісің!», «Сен ата-ананың мақтанышысың!», «Сен озат оқушысың!», «Сенің есіміңді сыныптың мақтау тақтасына жазамын», т.с.с сынып оқушыларының ерекшелігіне байланысты мотивациялық сөздер жазамын. Сабақ соңында немесе тапсырма орындап болған оқушы Ыбырай атасының қоржынынан алған сөздерге масаттанады. Бір-біріне көрсетіп, мәз-мейрам күйге енеді. Ата-аналарына көрсетіп, ұзақ жылдарға дейін сақтап жүреді. Бұл әдісім арқылы мен оқушыларыма біріншіден, Ыбырай тағылымын үлгі етемін, екіншіден, тұлғалық бейнесін дәріптеу арқылы бала санасына үлгі етерлік адамның қандай болу керектігін нақты көрсетемін, үшіншіден, сабаққа қызығушылықтарын арттырып, белсенділіктерін оятамын, төртіншіден, қағаз-қоржындағы сыйлықтар арқылы жігерлендіріп, білімге деген құлшыныстарын арттырамын, бесіншіден, мұғалім ретінде сабағымды түрлендіремін, алтыншыдан, оқушының ой-өрісін кеңейтуге жетелеймін, жетіншіден, жақсы сөздер арқылы жақсылыққа талпындырамын. Осындай жеті мақсатым нәтижелі орындалып, көптеген шәкірттеріме қиял сыйлап, өскен сайын есейтіп, титімдей жүректерінен жол тапты. Олай дейтінім, бастауыш мектепті аяқтап, жоғары сыныптарға аяқ басқан шәкірттерімнің қалта-қоржындағы сөздерді аса бір тебіреніспен еске алып, өздерінің өмірлік бағдарына айналдыратынын байқадым. Әр төрт жыл сайын жаңадан қабылдаған шәкірттеріммен бастауышпен қош айтысып кеткен шәкірттерімді кездестіру кешін өткізуді дәстүрге айналдырғанмын. Осындай кештерде олар өздерінен кішілерге Ыбырай суретін меңзеп, кеңес айтуы мені онан әрмен шабыттандырды.

Екінші, үшінші сыныптарды Ыбырай әңгімелерін сабақ тақырыптарына, сынып сағаттарына арқау етемін. Еңбек тақырыбындағы «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай мен жарлы баласы», «Байлық», «Асыл шөп», «Қыпшақ Сейітқұл» т.б. әңгімелері аса тартымды, мәнді, көркем шығармаларын өз тәжірибемде ұтқыр пайдалануға тырысамын. Ыбырай Алтынсаринның әр әңгімесінде рухани-адамгершілік білім беру көзделіп, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ақиқат, қиянат жасамау және ішкі тыныштық құндылықтарын дарытады.[4,б.105] Баланың бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытудың маңызды шарттарының бірі - балаға қоршаған ортада шынайы көзқарас, көңілді жағдай туғызу болып табылады. Ұлы ағартушы аңыз әңгімелерінің қай-қайсысын алсақ та, ондағы айтылатын негізгі идея – жалпыадамзаттық құндылықтар мәселесін көтере отырып, аз сөзбен көп мағына беретін қысқаша әңгімелерді жас ұрпаққа тәлімдік тәрбие ретінде ұсынады. Ыбырай Алтынсарин адамгершілік қасиеттерді дәріптеуді басты назарда ұстап, адамгершілік мәселесіне «Шеше мен бала», «Бір уыс мақта», «Мейірімді бала», «Ауырудан аяған күштірек», «Әдеп», «Таза бұлақ» әңгімелерін жазып, аудармалар жасады. [5, б.10-12]

Қазіргі таңда еңбекке тәрбиелеу мәселесі де өзектілігін жойған емес. Бұл тарапта мен 3 сынып оқушыларына «Сиса көйлек үстінде, Тоқуменен табылған. Сауысқанның тамағы, Шоқуменен табылған», - деп Ыбырайдың педагогтік тәсіліменен балаға еңбек атаулыдан алғашқы ақпараттар беремін. Сауысқан мысалы мен тоқылған киімді нақты мысалға алған шебер тапқырлық, менің де түсіндіру жолымды жеңілдетуде. Даланың дара ұстазы өз шығармаларында еңбекті сүю, білімдіден үйрену, талпыну, адамды сыйлау қасиеттерін оңай мысалдармен үгіттейді. Оның өлеңдері мен әңгімелерінің қай-қайсысы болмасын балаға тәртіпті, үлгілі, өнегелі кісі болуды уағыздайды.

Ыбырайдың өз халқын жан тәнімен сүйіп, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш жігерін аянбай жұмсауы нағыз патриоттықтың белгісі. Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды.

[6, б.399] Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел жұртын көрші елдің өнер - білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты.

Бүгінгі қоғам тәуелсіз ел ұрпағының бәсекелестіктен қалмай, өнер-білімге ұмтылып, техниканың тілін жетік меңгергенін талап етеді. Сол сияқты, Ыбырай Алтынасарин өз заманында қазақ халқының заман ағымынан қалмай, оқып білім алғанын, техниканы меңгергенін қалап қана қоймай өзінің ісі арқылы дәлелдеп кеткен біртуар дарын иесі.

«Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті.»[1] деп көрсеткен президентіміз Қасымжомарт Тоқаевтың ұстаз қауымын жүктеген міндетіне өз қарым-қабілетімен ізденіп еңбектену жолым осындай. Келешекте де өз шәкірттерімнің оқ бойы озық болуы үшін мен бар білгенімді онан әрмен жетілдіріп, үнемі ізденіс үстінде еңбектенетін боламын. Және ұлтымыздың ұлы ұстазы Ыбырайдың ұлы еңбектерін басшылыққа алуды жалғастырып, бабамыз қалаған ұрпақ тәрбиелеу ісіне өлшеусіз үлес қосамын.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. egemen.kz:<https://egemen.kz/article/206795-q-toqaevtynh-bilim-j%C3%A1ne-%C7%B4ylym!-atty-tamyzkonferentsiyasynynhplenarlyq-otyrys> © egemen.kz
2. Ыбырай Алтынсарин тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1991. 21-22 беттер.
3. Іргебаева Н. Ыбырайдың ұрпақтары байдың тұқымы ретінде қуғындалған // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. - № 17 (77). — 79 б.
4. Қазақ тілі: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 104, 105-б.Тұрғынбаева Б. Ыбырай қазақ балаларына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы — Қазақ хрестоматиясын жазды // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77). — 10–12-б.
5. Қазақ Совет энциклопедиясы. — 3-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., — 399-б.

#### **Аннотация**

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсарин еңбектерін қолданып, бастауыш сынып оқушысын оқуға бейімдеу, үйрету әдістері жазылған. Автор бұл мақаланы жариялай отырып, өз тәжірибесімен бөліседі.

В данной статье изложены методы обучения и адаптации учащихся начальных классов к чтению с использованием трудов Ыбырая Алтынсарина. Автор делится своим опытом, публикуя эту статью.

This article describes the methods of teaching and adapting primary school students to reading using the works of Ybyray Altynsarin. The author shares his experience by publishing this article

*К.Е.Адилова*

*Қаныш Сәтбаев атындағы  
№7 мектеп-лицейі, Жезқазған қ.,*

#### **МҰҒАЛІМНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ РӨЛІ**

Еліміздің білім беру жүйесі қарқынды өзгерістермен жаңартылған жағдайында мұғалімдердің алдына бірқатар міндеттер қойылды. Олар:

- оқыту мен оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру арқылы білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар негізінде мектеп оқушыларының сапалы білім алуын қамтамасыз ету;

- оқушының алған білімін кез келген жағдайда тиімді пайдалану дағдыларын дамыту;

- «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің жеті қағидаты аясындағы жалпы ұлттық құндылықтар идеясы негізінде білім беру үрдісін ұйымдастыру;

- Мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалптастырып, іске асыру.

Сонымен қоса, жаңартылған білім жүйесі мұғалімнің функцияларының өзгеруін де талап етеді. Егер ертеректе мұғалімнің негізгі қызметі – дайын білімді тарату болса, ал кәзіргі уақыт талаптары ұстаздан әр нақты оқушының жеке зияткерлік даму процесін жобалау және басқару мәселесін шешу үшін, жаңа білімді меңгеруге ықпал жасайтын оқыту мен тәрбиелеудің жеке стратегияларын әзірлеп, тәжірибесіне енгізуді қажет етіп отыр [3].

Көрсетілген жаңа талаптарды жүзеге асырушы педагог тек жоғары оқу орынында алынған теориялық білімімен шектеліп қана қоймай, сол теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, өзінің кәсіби іс-әрекетіне өзгерістер енгізе алуы керек. Тәжірибесіне өзгерістер енгізе білетін және енгізілген өзгерістердің ықпалы мен тиімділігін талдай алатын педагог қана өз кәсібінде оң нәтижеге қол жеткізетіні анық.

Орыс ғалымы, психолог Анна Александровна Бизьева «Психология думающего педагога: Педагогическая рефлексия» еңбегінде «Үнемі ойланып, күмәнданатын, өзін әрекетін талдай алатын мұғалім ғана өз кәсібінің нағыз шебері бола алады» деген.

Д.Дьюи еңбектерінде «Рефлексивтік ой толғаныста жүретін педагогтарды, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіруге жалықпайтын «өз кәсібінің мәңгілік оқушысы».-деп қарастырса, қазақтың ақыны О.Сүлейменов адамның өзін-өзі тәрбиелеу, дамыту мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталып, «Адамның рухани ізденіс-сілкіністері: 1) не біле аламын, 2) не істеуім керек, 3) үміт артарым не?» деген үш-ақ сауалдың аясына сияды деген екен.

Яғни, теориялық білім мен қатар оңтайлы қалыптасқан рефлексиялық мәдениет ұстаздың кәсіби дамуына ықпал тигізеді.

Рефлексия сөзінің бір анықтамасында: рефлексия дегеніміз – ойлауға бағытталған ой делінген, яғни, бұл тек ой емес, адамның өз тәжірибесін ой елегінен өткізіп, артықшылығы мен кемшілігін саралау, болған жағдаяттан өзіндік жаңа білім тудырту үдерісі. Бұл жерде рефлексия тәжірибеден туындайды. ХХІ ғасыр талаптарын мойындап және еліміздің білім саласына енгізіліп жатқан өзгерістерді ескерсек, мұғалімнің рефлексиялық болуы қателесуге жол бермейтін, өз тәжірибесін терең ойлау арқылы үнемі дамуды ілгерілететін үдеріс [1].

Баршамызға белгілі, кәзіргі біліктілік арттыру курстарын тәмамдаған мұғалімдер түрлі заманауи әдіс-тәсілдермен қаруланып қана қоймай, өздерінің рефлексиялық дағдыларын жетілдіру мүмкіндігін жүзеге асыра алады.

Бүгінгі күні мен еңбек ететін мектеп-лицейде, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ретінде әріптестерімен бірлескен жұмысты ұйымдастыруда, рефлексиялық тәжірибенің мұғалімдердің кәсіби шыңдалуы үшін таптырмас бір құрал екенін еш уақытта назардан тыс қалдырған емеспін.

Мен көшбасшы ретінде, бағыт-бағдар беруші ретінде «Әріптестерімнің рефлексиялық мәдениетінің қалыптасуына қалай ықпал ете аламын?» деген сұраққа жауап беру мақсатында, осы бағытта мен кезіккен мәселелер мен оларды шешу үшін жүргізілген жұмыстарым жайлы сөз етпекпін.

Жоғарыда айтылып кеткендей, біліктілік арттыру курстарында кез келген ұстазға өзінің рефлексиялық дағдыларын қалыптастыру үшін мүмкіндігінше жағдай жасалады. Алайда, сондай курстардан кейінде, тәжірибе алмасу алңдардан кейін, немесе басқа да іс-шаралардан кейінде кейбір әріптестеріміздің тәжірибесіне еш өзгеріс енбейтіні қатты алаңдатып келген.

Жалпы кез келген білім беру ұйымында әріптестеріміздің белгілі бір бөлігі ұзақ уақыт бойы қалыптасқан көзқарас пен тәжірибе иелері өз амалдарының дұрыс екендіктеріне әбден сенгендіктен, жаңалықтарды, өзгерістерді ерікті түрде мойындамаған болса [1], екінші бөлігі

қателер мен сәтсіздіктерді мойындаудан қашады, олардың туындау себептерін түсінуге тырыспай, жолыққан мәселелерді шешу жолында жеңіл жол іздеп, мен қолымнан келгеннің барлығын жасап келемін, «оқушының зейіні төмен», «тәртібі нашар» деген ыңғайлы позиция ұстанғаны құпия емес. Ал тағы бір педагогтардың бөлігі – жоғары және арналуы оқу орнындарын тәмамдаған жас педагогтар. Пәндік-теориялық біліммен қаруланған жас маман күнделікті білім бері үрдісінде кезігетін мәселелерді шешу жолында тәжірибелерінің аздығынан қиыналатыны анық. Жоғарыда келтірілген фактілерге сүйеніп қана қоймай, мен өз әріптестерімнің рефлексиялық дағдыларын диагностикалау мақсатында бірнеше тәсілдерге жүгіндім. Ең алдымен, О.В.Калашниковтың «Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау» диагностикалық картасын әріптестеріме ұсындым [3]. Диагностикалық карта 34 сұрақтан тұрады, сұрақтарға «иә», «жоқ» жауаптары арқылы рет ретімен орындайды.

Нәтижені өңдеу барысында төмендегі жағдай анықталды.



*1-сурет. Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау (О.В. Калашников) картасының нәтижесі*

Диагностикалаудың екінші тәсілі ретінде бақылауды қолдандым. Бұл ретте мен әріптестерімнің сабақтарына қатысып, сабақтан кейінгі мұғалімнің өзіндік талдауы назарға алынды. Мұғалімдердің өзіндік талдау жасауында да айқын анықталған мәселе белгіленді: «рефлексия» талап ететіндей аналитикалық талдау емес, әріптестерімнің ішінде өз сабақтарында жүргізілген іс-әрекеттерді тізбектеп бергендер де кездесті.

Әріптестерімнің рефлексиялық дағдыларының қалыптасуын анықтауда тағы бір алаңдатарлық заңдылыққа да назар аудардым. Ол жағдай әріптестерімнің жеке өздігінен білімін жетілдіру бойынша жасаған есебінен анықталды. Педагогтардың жеке өздігінен білімін жетілдіру тақырыптарын таңдауда, іс-әрекеттерін жоспарлауда өз тәжірибесіндегі қиындықтарды шешу үшін емес, «трендке» айналған тақырыптарды таңдауға басымдылық жасайтыныда анық болды. Сонымен қатар, мұғалім жұмыс басында өзі анықтаған күтілетін нәтижеге жете алмаған жағдайда сол мәселені ашық айтудан тартынып, себебін талдаудан қашқақтайды. Бұндай жағдай орын алған жерде мұғалім өз тәжірибесін қайта қарастыру мүмкіндігінен толық айырылады.

Ал енді, мектеп әкімшілігі тарапынан, менің тарапымнан жоғарыдағы мәселелерді болдырмау үшін қандай жағдай жасай аламын деген сұрақ туындайды? Ең алдымен әр әріптесіме «Мұғалімдердің рефлексиялық дағдыларын дамыту жолдары: әдістемелік нұсқаулықта» [1] ұсынған өзін-өзі бағалау суалнамасы ұсындым. Сауалнама сыныпты басқару, оқуды ынталандыру, әдістеме сабақты жоспарлау үдерісі және кәсіби даму бағыттары бойынша құрастырылған. Сауалнама соңындағы «Мұғалім ретінде сіздің мықты тұстарыңыз қандай?», «Оқыту бойынша әлі де дамытатын тұстарыңыз қандай?», «Аталған салалар бойынша дамыту үшін өзіңіз қандай қадам жасар едіңіз?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы әр мұғалім тәжірибелеріндегі кездесетін қиындықтарды анықтау ұсынылды.

Келесі кезекте әріптестеріме рефлексиялық дағдыларын дамытуды көздейтін нақты қадамдар ұсыну үшін тағы да «Мұғалімдердің рефлексиялық дағдыларын дамыту жолдары: әдістемелік нұсқаулығына» [1] жүгіндім. Нұсқаулықта рефлексивті күнделікті толтырудың тиімділігі жайлы айтылып, әрі сол күнделіктегі ойлардың барлығы рефлексивті болмауы мүмкін екені ескеріліп, бірнеше модельдер мен жаттығулар ұсынылған екен. Атап, айтар болсам, ұсынылған модельдерден «Бортонның моделін», «Смит бағдарламасы бойынша өз тәжірибиесіне рефлексия жасау моделін», «Гибс циклін» бір қатар әріптестеріммен қолданып көрген болатынбыз. Алайда, осы қолданылған рефлексивті модельдердің менің әріптестерім үшін тиімділігін талдау кезінде рефлексивті күнделіктің керек екендігі, оның ішкі мазмұны әріптестерімнің тәжірибесіндегі қиындықтарын шешуін көздеуі керектігін өзіме анықтап алдым.

Осы кезде әріптестерім өзінің даму траекториясын анықтап алған еді, сол даму траекториясы аясында кәсіби қиындықтарды шешу жолында Іс-әрекеттегі зерттеу жұмысын әр мұғалімге тәжірибесіне енгізу ұсынылды. Бұл зерттеу тәсілінің қыр-сырын әріптестерім жітік меңгеруі үшін «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби даму курсының білім беру бағдарламасы бойынша оқыған екі мектепшілік тренерлер коучингтер топтамасын жүргіздік, сонымен қатар, Қарағанды қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығының филиалы тренерлерінің көмегіне жүгініп, вебинарлар ұйымдастырылды. Тәжірибелеріндегі жаңа бағыттағы зерттеу жайлы теориялық білімдермен қаруланған әріптестерімнің тәжірибеге оңтайлы кірісіп кетуіне бақылау жасау емес, Л. Выготскийдің «Жақын арадағы даму аймағы» теориясын негізге ала отырып, ересек педагогтарды қолдау мақсатында біздің мектеп-лицей педагогтарының әлеуетін ескеретін рефлексивті күнделіктің болуы керек екені анықталды. Бұл ұсыныс мектеп-лицейіміздің «Көшбасшылар корпусы» (тәжірибиелі, деңгейлі бағдарларамма бойынша курстар, мектепшілік тренерлік курстарды тәмамдаған әріптестерден құралған) отырысына ұсынылып, мақұлданған болатын.

Бұл күнделіктің ерекшелігі әр педагог рефлексивті күнделігін таңдалған зерттеу тақырыптар аясында жүргізілген тізбектелген сабақтарынан кейін толтырады. Уақытылы, объективті толтырылған күнделіктердің жемісі көп күттірмеді. Мысал ретінде, жас маман, география пәнінің мұғалімі N әріптесімнің күнделігінен жазбаны 2-суретте ұсынып отырмын. Әріптестерімнің рұқсатымен күнделіктерін зерделей келе, мен бұл рефлексивті модельдің төмендегідей артықшылықтарын көре алдым:

- Әр зерттеу сабағында зерттеу тақырыбы аясында жүзеге асырылуы;
- Іс-әрекеттегі зерттеу циклындағы «рефлексия» кезеңін күтпей, ойды жүйелеп сабақтың талдау сол сәтте жасап, келесі сабақты сапалы жоспарлауға мүмкіндік береді;
- Мұғалімнің өзінің іс-әрекетіне сырттай қарап, өзінің өзімен тілдесуіне мүмкіндік береді;
- Зерттеу сабағын жүргізіп, осындай жазба жасауындағы мұғалімнің санасындағы өзгеріс байқалады («ашық сабақ үшін» емес, «өзімнің өсуім үшін» деген басымдылықты негізге ала отырып толырылады).

*Іс-әрекеттегі зерттеу барысында жүргізілген  
РЕФЛЕКСИВТІК КҮНДЕЛІК*

*Мұғалімнің ТАӘ:* \_\_\_\_\_

*Зерттеу тақырыбы: «География сабағында жаттығу жұмыс арқылы  
8 а сыныбындағы жетпіс жасар баланың ер белгілерін анықтау арқылы анықтау»*

*Зерттеу мақсаты: Топтық жұмысты тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың оқу нәтижесін арттыру*

<i>Күн</i>	<i>Не жасалды?</i> (жоспардан бөлінген сабақ, оқушылардың жұмысына жеткізу, сабақтың кейбір сұрақтарын әріптесімнен анықтау, сабақта қатысу... сыртқы іс-шаралар енгізілді)	<i>Мені таңқалдырғаны...</i> Мен қуанып отырмын... Мені мұңайтты...	<i>Алдыңғы уақытта атқарылған жұмысыма жүргізілетін түзетулер</i> (бүгін жасалған іс-әрекеттің қаншалықты зерттеу мақсатына жеткізе аламыз?)	<i>Бүгінгі атқарылған жұмысыма беретін өз бағам</i> (объективті түрде сын көзбен қараңыз!!!)
20.11.2020 ж.	8 а сыныбында «Атмосфераның газалық циркуляциясы» тақырыбында сабақ жоспар бойынша өткіздім.	Сабақ мен жоспардағы нәтижеге жетпеді. ҚБ тапсырмалар құрастыруда, оқудың әдістерін таңдауда сабақ мақсатына шайқалды. Алайда, мені мұңайтқан бір жағдай болды, топты бөлуде қателік жетті деп білемін. Оқушылар алдын ала кіммен кім бірге отыратын анықтап алғандай болды, сыныптағы шірлер бір топқа жиналып қалды. Топтағы жұмыс мен ойлағандай жүрмеді.	Топқа бөлуді мұқият ойластыруым керек. Қай оқушыны топ бастау болатынын, танысшыларды, басқа да топ мүшелерін анықтап алуым керек. Белсенділігі төмен оқушыларды басты назарда ұстауым қажет!	Бүгін зерттеу үрдісіменгі алғашқы сабақтың өткізілді. Білгеніммен ілденерім менің. Ең бастысы мен алға қалам жасадым. Бүгінгі жұмысыма берер бағам: «қанағаттанарлық»

2-сурет, N есімді әріптестің күнделігінен жазба

Қорытындылай келе, рефлексия дағдысы жетілмеген кез келген маман қалыптасып қалған ағыспен жылжитын өзен іспеттес. Бұл тек мұғалімге қатысты болмауы мүмкін. Кез келген басқа мамандық иесінің кәсіби дамуы оның рефлексия жасай алуына тікелей байланысты. Дер кезінде, кез келген жағдайларда мәселелерді шешу үшін балама жол таба алатын маман ғана өз кәсібінің хас шебері болмақ.



Олай болса, әлем елдерімен қабырғамызды теңестіретін ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде қателесуге жол бермейтін рефлексия мәдениетін әр педагог өз бойында қалыптастыру керек екені анық.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Мұғалімдердің рефлексиялық дағдыларын дамыту жолдары: әдістемелік нұсқаулық. / Қ.С. Абдраманова, Ж.Д. Жансугирова, Б.Қ. Дильманов, Е.Т.Оспанов. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 46 б.
2. Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей. 3-ші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.
3. Бизяева А.А. Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия. – Псков: ПГПИ им. С.М.Кирова, 2004. – 216с

*Ж.К. Абикенова, Г.З. Аубакирова қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Қарағанды облысы білім басқармасының «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернаты КММ*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ: ШЫНАЙЫ ӨМІР ЖӘНЕ СЫНИ ОЙЛАУ**

Көрнекті ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин – қазаққа білім беру ісінде өзіндік із қалдырған ұлы тұлға. Өзінің тынымсыз ізденісі мен еңбегімен танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны айрықша. Ағартушының ұлылығы оның ұрпағына қалдырған мұраларының өміршеңдігінде. Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын ұлттық негізде оқытып, тәрбие беруді мақсат тұтты. Автор оқулықты жазудағы мақсатын: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім, екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болу жағын көздедім» деп өзі жазып кеткен сөздерінен айқын аңғарамыз.[4] Ұлы ұстаз бала оқытудың кілті оқулықта екенін тереңінен байыптап, алғашқы оқулықты жарыққа шығарды. «Қазақ хрестоматиясына» Ыбырай Алтынсариннің төл шығармалары және аудармалары енген. Балаларға өз заманына сай білім беріп, оларды мәдениет пен өркениет көшіне ілесуге шақырды. Ұстаз рухани бай ұрпақтың келешекті табысты ететініне сеніп, оқулықтың тәрбиелік сипатына ерекше мән берген.

"Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрылысын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар," – деп, жазушының әңгімелері жайында ғалым Қ.Жұмалиев жазған болатын.[1] Бұл аталған ерекшеліктерді жазушының барлық әңгімелерінен байқаймыз. Ыбырайдың әңгімелері оқулық үшін жазылғандықтан, балалар дүниесіне жақын, жас ерекшеліктеріне сай. Бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұнындағы 5-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығына педагогтің «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт» әңгімелері мен «Дүние қалай етсең табылады?» аудармасы енгізілген. Әңгімелерінің идеялық мәніне көз жүгіртсек, адал еңбек ету, таза жолмен пайда табу, еңбегімен елге қызмет қылу, жақсы мінез- құлыққа тәрбиелеу тәрізді өмірдің өзекті мәселелерін қамтығанын көреміз. Мектеп мұғалімдерінің алдындағы міндет осы шығармаларды заман талабына сай оқушыларға оқыту болып табылады. Ол үшін шығарманың мазмұнын оқытып қана қою жеткіліксіз. Мұғалім өз сабағында әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланып, әңгімелердің мазмұнын шынайы өмірмен байланыстырып, сабақты оқушылардың сыни ойлауына бағыттап білуі қажет. Білім алушылардың өзіндік пікір, шешім



кабылдауына ықпал ететіндей сабақ мақсаттарын анықтайды. Сабақ мақсатын жүзеге асыруда мұғалім тиімді тәсілдер мен жұмыс түрлерін тандайды. Осы орайда, ұлағатты ұстаз М.Бүйімбаевтың: «Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде», – деген пікірімен ойымызды дәлелдейміз.[3]

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты – оқушыларды гуманистік, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу. Әдебиетті оқытуда негізгі үш дағды басшылыққа алынады:

- түсіну және жауап беру;
- анализ және интерпретация;
- бағалау және салыстыру.

Осы дағдыларды игеру арқылы оқушылар шығарманың тақырыбы мен идеясын, кейіпкерлер образын ашады, шығарманың көркемдігіне талдау жасайды, шығармадан алған әсерін сипаттайды, шығарманың тарихи құндылығын бағалап, кейіпкерлерді шынайы өмірмен байланыстырады және сыни көзқарасын білдіре алады.

«Қыпшақ Сейіткұл» әңгімесін оқытуда кейіпкердің өмірде болған адам екенін айту маңызды, себебі бала санасында нақты деректермен берілген ақпарат берік сақталады. Осы шығарма кейіпкерінің ұстанымына еліктеу, іс-әрекетінен үлгі алу сабақ мақсатымен ұштасады. Мысалы, «Қыпшақ Сейіткұл» әңгімесінің бас кейіпкері Қыпшақ Сейіткұл Маманұлы – қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Қарабидайық мекенінде өмір сүрген қарапайым еңбек адамы. Ол егін салумен айналысқан, сол арқылы елге өз нәпақаларын еңбекпен табуға болатынын көрсеткен. Кейіпкер бейнесінің ерекшелігі адал еңбек арқылы пайда табуға болатынын танытады әрі оның ағасының бейнесімен салыстыру арқылы бағаланады. Сабақ мақсаты Блум таксономиясына негізіне құрылатындықтан, мұғалім ең жеңіл, ең тиімді әдіспен оқыту жолын іздейді.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін оқытуда РАФТ, «Төрт сөйлем», әдістерін, концептуалдық кесте толтыру тиімді әдістер болып табылады. Бұл әдістермен жұмыс жасауда бала ой-өрісін дамытуға кең жол ашылуын көздеген дұрыс. Оқушы сол арқылы баға беруді, өмірмен байланыстырып пікір айтуды үйренеді.[2]

РАФТ әдісі ( роль, аудитория, форма, тақырып) бойынша оқылған мәтінге байланысты топтарға бөліне отырып, түрлі рольдерді орындау арқылы хабарлама жасалады. Мысалы, ұсынылған тақырып бойынша белгілі бір тақырып бойынша халыққа (аудиторияға) үндеу (форма) жолдауы мүмкін немесе радиодан, теледидардан сөйлейді. Тақырыпты мұғалім сабақ тақырыбына байланысты береді. Мұғалім оқушылардың өз «қойылымдарында» тақырыптан ауытқымай, шығарма идеясын толық ашып, негізгі ойға қатысты өз пікірлерін, сыни бағалауларын жеткізуін қадағалауы тиіс. Осы әдіспен жұмыс жүргізуде мына тақырыптарды мұғалімнің ұсынуына болады (оқулықта берілген мақал-мәтелдерді де тақырып етіп алуға болады):

- 1.Еңбегі көптің өнбегі көп.
- 2.Еңбегінен ел таныр.

«Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі балаларды диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға, дәлелдеуге, басқаның пікірімен санасуға мүмкіндік береді. Осы әдісті пайдаланып, Сейіткұлдың егіншілікпен қатар саудамен айналысу себебін анықтау, оның жұртты айналасына қалай жинағанын, еңбекпен тапқан өнімімен қалай бөліскенін білу мақсатында сұрақтарға жауап беруді ұсынуға болады. Бұл тапсырма кейіпкер бейнесін жан-жақты тануға және шығарма идеясын ашуға жетелейді.

Сейіткұлдың әрекетін бүгінгі таңда өз кәсібін дөңгелетіп, іскерлік қарым-қабілетімен танылып отырған кәсіпкерлермен байланыстыру да орынды. Бұл жұмыс оқушылардың ізденісіне жол ашады. «Қыпшақ Сейіткұл» әңгімесі – шәкірттерге жастайынан адал еңбекпен пайда табуға болатынын танытатын құнды шығарма.

«Атымтай Жомарт» әңгімесі Жомарттың бойындағы асыл қасиеттерді баяндауға құрылған. Оқушы шығармадан жомарт атанған байдың бойындағы еңбекқорлық, жомарттық, қанағатшылдық, қарапайымдылық сияқты асыл қасиеттерді таниды. «Қыпшақ Сейіткұл»,

«Атымтай Жомарт» әңгімелерінің идеясын ашуда «Концептуалдық кестені» пайдалануға болады:

1-кесте

Кейіпкер	Ұстанымы	Адамгершілік қасиеті	Менің кейіпкер туралы ойым
Жомарт	Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.	Елге қайырымдылық жасайды.	<i>Ықтимал жауап:</i> Мен Жомартты еңбекқор әрі парасатты бай деп таныдым. Ол басқа байларға үлгі болуы тиіс.

2-кесте

Жомарттың сұраққа айтқан 4 себебі	Ұстанымы	Адамгершілік қасиеті	Менің кейіпкер туралы ойым
Көңілге жел кірмеу, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытпау			
Бар бола тұрып, еңбек ету – кейінгілерге үлгі			
Еңбекпен табылған нан тәтті			
Құдайдың берген дәулетін елімен бөлісу			

Жоғарыда ұсынылған кестемен жұмыс жасай отырып, оқушы өз ойын жазуға әрі сыни ойлауға дағдыланады.

Жаңартылған оқу бағдарламасының оқу мақсаттарын жүзеге асыруда көркем шығарманың тәрбиелік мәнін ашудың маңызы зор. Ыбырай Алтынсариннің әдеби мұраларын оқыту баланы болашаққа дайындауда, өмірге бейімдеуде, оның бойына тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда мәні мен маңызын жоймайды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. А. Жазушы. 1991
2. С.Т. Ахметкалиева. «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер», 2017
3. М.Бүйімбаев. «Ұстаздан қалған ұлағат». Алматы, 2012.
4. <https://stud.kz/referat/show/>

## **ОҚУШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУ: ІЗДЕНІС, НӘТИЖЕ**

Еліміздің ертеңі жас буындардың бойындағы қабілет пен талантты дер кезінде танып, аша білу, заман талабына сай білім беру ұстаздар қауымының басты міндеті. Дамыған алдыңғы қатарлы елдермен тереземізді теңестіріп, бірдей дәрежеде болу үшін, білім шыңын бағындыру әрбір шәкірттің арманы десе де болады. Қазіргі ғаламдану процесінде ұлттық бейнені сақтау – ең негізгі құндылық. Бұл тіл беріктігіне, тілдік ортаны дамытуға тікелей байланысты. Қазақ деген елді ойшыл оқушылар, ұлтжанды ұландар, тәрбиелі түлектер жарқыратып әлемге танытуы тіл арқылы жүзеге асады. Ендеше, оқушының тілдік дарындылығын дамыту – бүгінгі таңдағы басты мәселе.

Әлемдік білім кеңістігіне ену, өзіндік орнымызды анықтау зор міндет жүктеп отыр. Соның бірі және бірегейі – оқытуды жеке тұлғаға қарай бағыттау болып табылады. Өмір бойы жүйелі дамып отыратын адамның басқалармен салыстырғанда бір немесе бірнеше іс-әрекет түрлеріндегі қол жеткізген жоғары жетістіктерінің көрінісі – дарындылық. Дарынды бала – өз құрбыларынан ақыл-ойының дамуымен біршама озатын немесе аса көрнекті арнаулы қабілеттерін көрсететін тұлға.

Ел тізгінін ұстар жас ұрпаққа сапалы білім беру қазіргі қоғамның басты талабы. Сапалы білім көрсеткіштерінің бірі пәндік олимпиада болып табылады. Белгілі бір пәннен үздік білімін көрсетіп, ақиқатқа қол жеткізген оқушы биік шыңнан көрінеді деуге болады. Пән олимпиадасы елдегі дарынды оқушыларды анықтаудың, оларды ғылым жолына бағыттауда баламасыз жоба. Бұл жоба оқушыны мұқияттылық пен еңбекқорлыққа тәрбиелейді, олардың ғылым жолына түсуіне көмек жасап, елдің болашақ ғылыми базасын қалыптастыруға тың үлес қосады. Олимпиадалық тапсырмалар оқушыларға дұрыс ғылыми көзқарас қалыптастыруға бағыт сілтеп, ғылымға деген құштарлығын арттырады. Сондай-ақ, логикасы дамыған, сөйлеу мәнері мәдениетті, ғылыми көзқарасы сауатты жастардың ғылыми жаңалықтар ашу мүмкіндігі өте жоғары. Оқушының пән олимпиадасындағы деңгейі жоғарылаған сайын сәйкесті түрде ұстаздың да деңгейі жоғарылай түседі. Ал, ұзақ уақыт олимпиадаға шәкірт тәрбиелеген ұстаздың кәсіптік білімі өзгеден оқ бойы озық тұрары анық.

«Адаммен жұмыс істеу – ең үлкен өнер» деген екен әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби. [1] Осындай үлкен өнердің кілтін ұстаған ұстаз үшін әр баланың тағдыры – үлкен жауапкершілікті талап етеді. Оны сезіну – әр мұғалімге міндет болып табылады. Осы орайда, биік жетістікке жетер оқушыны танып, бағалап, баулу ұстаздықтың ең биік мәртебесі деп білемін.

Пән олимпиадасына өзгеше жоғары деңгейде ойлай алатын, ойы ұшқыр, кез-келген сәтте білім мен тілдік қабілетті ұштастыра отырып, пікірін жүйелі, толық жеткізе білетін логикалық ойлауы жоғары оқушыны таңдаған дұрыс. Осы бағытта жұмысты жүйелеу үшін оқушының еңбекқорлығы да маңызды. Кез келген олимпиадаға дайындық мектептің оқу бағдарламасынан тысқары қосымша білім алу болғандықтан, ол өте жоғары мотивациямен өз бетінше жұмыс істеуді қажет етеді. Көптеген талапты балалар өз бетінше оқып, үлкен табыстарға жетеді. Ал мұғалімнің оқушыны еңбекке баулуда, ұқыптылыққа үйретуде көп жұмыстар істеуі керек. Болашақ олимпиада шыңын бағындыратын оқушыда көркем мінездің үлгісі болғаны жөн. Аз қиыншылыққа жасып қалатын, немесе аз жеңіске дандайсып кететін мінез, орнықсыздық немесе жігерсіздік - бойдағы дарынның жауы болып табылары сөзсіз. Олимпиадаға дайындық кезінде бірізді, үздіксіз, жүйелі жұмысқа аса мән берген жөн. Сонда ғана жұмыстан нәтижеге күтуге болады. Олимпиада барысында бәсекеге қабілетті дарынды ұрпақ тәрбиелеуге міндеттіміз. Себебі, пән олимпиадаларының мақсаттары - зияткерлік дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау, оларды жетістікке жетелеу.

Осы орайда, өз іс-тәжірибемде 5-8 сыныптарда Серікбаева Адина есімді оқушым мектепшілік пән олимпиадаларына қатысып, білімімен көріне білді. 9-10 сыныптарда қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пән олимпиадасында жүлдегер болды. Сондай-ақ, 10-сыныпта облыстық Ләззат Бәйішқызы атындағы қазақ тілі мен әдебиеті олимпиадасында III орынды иеленді. Осыдан оқушының жылма-жыл еңбек пен ізденістің, нәтижелі дайындықтың арқасында қол жеткізген баспалдақтарын көруге болады. Ал, 11-

сыныпта оқушы облыстық пән олимпиадасында 1 орын алып, республикалық сайыста сертификатпен марапатталды.



Бұл жеңістерден еңбектің еш кетпей бағаланып, ізденістің жемісті болғанын көруімізге болады. Бұл жетістікке мен қалай жеттім? Әрине, оқушымен дайындықтың жүйелі, сапалы болғандығы дер едім. Ал осы олимпиадаға оқушыны таңдау кезінде бірнеше қадамдардан өту керек. Пәнге деген қызығушылығы жоғары, сөз саптауы жүйелі, ойы ұшқыр оқушыны эссе жазу барысында анықтап алған соң, ол оқушымен деңгейлік тапсырмалар, тест түрлерін алып, білімін саралаған дұрыс. Оқушы біліміндегі жетіспейтін олқылықтармен сапалы жұмыс жасау барысында ісденіс пен еңбекке шындалып, нәтижеге қол жеткізу үшін дайындық жұмыстары жүйелі жүргізіліп отыру керек. Олимпиадаға дайындайтын оқушымен жұмыс жасау үшін тереңдетілген білім беру жолдары қарастырылуы тиіс, яғни даярлау бағдарламасы терең де, ауқымды құрылу керек. Ол үшін:

1. Олимпиадаға дайындау жоспарын жасау;
2. Сабақ кестесін оқушы ыңғайына қарай нақтылау;
3. Жүйелі, үздіксіз, бірізді жұмыс кестесін құру;
4. Демалыс күндерінде қосымша ақпараттармен танысу, іздену, көркем шығармалар оқу;
5. Жыл бойы өтетін түрлі білім олимпиадаларына, сайыс, байқауларға (қашықтық байқаулары, «Жарқын болашақ», «Ақберен») қатыстыру.

Ұстаздар білім сайысына өз оқушыларын үлкен дайындықпен, жан-жақты біліммен қаруландырып жібереді. Қатысқан оқушысының абыроймен оралуын тілейді. Өйткені олимпиададағы білім сайысы оңайға түспесі анық. Ол жарысқа жүзден жүйрік шыққандар ғана қатысады.

Пән олимпиадасына дайындық, адамның мидың ең жоғары қабылдау кезеңінде басталатындықтан, ол оқушылардың логикалық ойлау формасын дамытып қана қоймай, ғылымға деген көзқарасын қалыптастырып, болашақ бағдарын айқындайтын тамаша ғылыми ізденіс. Егер сапалы және жүйелі дайындық жүргізілсе, баланың ми клеткалары қозғалысқа келіп, оқушының алғырлығы арта түсетіні ғылымда дәлелденген. Сапалы әрі жүйелі дайындық — баланың ғылымға деген көзқарасын қалыптастырып қоймай, болашаққа деген бағдарын орнатып, өзіне деген сенімін нығайтып, биік мақсаттар қоя алатын тұлға тәрбиелеудегі тамаша дағды болмақ.

Сөз соңында, «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға

жүктелетін міндет ауыр», – деген елбасының сөзін айтқым келеді. [2] Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуды ғана емес, баланы әрі қарай мұғалімнің көмегінсіз-ақ дамуға қабілетті ету деңгейіне жеткізуді талап етеді. Сол талап үдесінен көріну – әрбір ұстаздың абыройлы міндеті деп білемін. Жас ұрпаққа сапалы білім берудегі еңбектеріңізге шығармашылық табыс, мықты денсаулық тілеймін.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Ахметжан. Пәндік олимпиада және олимпиадалық дайындық. Kazbilim 22.12.2017ж.
2. ҚР Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты 2013ж.

*Айдаркожина Д. Ж.  
учитель химии КГУ  
«Школа-лицей №101»*

## САМОСТОЯТЕЛЬНОЕ ИЗУЧЕНИЕ КАК ОДНА ИЗ ФОРМ МОТИВАЦИИ УЧЕНИКА В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Самостоятельное изучение учебного материала - одна из форм изучения и закрепления тем, но отдельные ученики испытывают затруднения. В целях улучшения знания и мотивации учащихся предлагаю несколько способов организации самостоятельного обучения учащихся. Для успешного обучения необходимо выявлять учебные затруднения, имеющиеся у ученика и находить пути их решения.

Для диагностики учебных затруднений у учащихся я изучила исследование С.И.Высоцкой, где описываются типы затруднения при усвоении содержания образования.

Для практического использования результатов исследования С.И. Высоцкой можно объединить учебные затруднения учащихся в три группы (см.табл.).

Учебные затруднения	Причина Затруднений	Вопросы и действия педагога; ключевые слова для преодоления Затруднений
1.Ученик затрудняется в определении того, с чего начать работу, какие правила и действия необходимо вспомнить (преобладает репродуктивный уровень деятельности)	Забыл, так как плохо понял или не применял знания настолько, чтобы оно закрепилось прочно в навык (затруднение связано с невыполнением целей познания, понимания, применения)	Соотнеси, перечисли, расскажи, сформулируй, назови(признаки, черты, свойства); вспомни правило ;выполнял ли раньше такую работу; давай попробуем разобраться вместе в том, что надо сделать и что у нас для этого есть; какова цель и т.п.
2.Ученик затрудняется в предвидении возможных результатов действий,	Недостаточно развиты дивергентное (творческое) мышление, умение	Разложи на составляю-щие, объясни смысл, каковы причины, сравни, каковы

последствий своей работы и других (затруднения в условиях творческой деятельности)	анализировать признаки, гибкость мышления, умение обобщать (т.е анализ и синтез)	причины, сопоставь, классифицируй, давай посмотрим, что получится (выбор возможных вариантов, идей, решений)
3. Ученик затрудняется в оценивании явления, ответа одноклассника, в определении объективного значения знания.	Недостаточно сформированы оценочные суждения, эталоны оценки, неопределенность позиции; не сформировано личное эмоционально-ценностное отношение к объекту изучения и к своим потребностям.	Оцени значение, выскажи свое мнение и обоснуй его; как ты думаешь, почему; какую бы ты занял в этом случае позицию (рефлексия, самоанализ, самооценка)

Почему необходимо установить характер учебных затруднений? Дело в том, что учебное затруднение ставит препятствие мотиву учения, образует логический разрыв между сферой мотива и целью деятельности. Учитель не должен ставить цель самому устранить возникшее у ученика затруднение, а наоборот создать условия для сохранения и поддержания мотивации учебной деятельности школьника. Установив диагноз затруднения у ученика, учитель может использовать те ключевые слова, которые приведены в таблице, и применять их с предметными заданиями. Это должно носить системный характер, только тогда будет возможна эффективность мотивационного управления учеником. [2]

Предотвратить возможные затруднения ученика можно при самостоятельном изучении какой-либо темы. Учитель предлагает инструктаж самостоятельного изучения материала, где алгоритм раскрывает целостность материала и достижение результатов по данной теме. В качестве примера я разработала инструктаж изучения нового материала по химии для учащихся 11 класса.

Тема: «Строение молекулы бензола. Л.О.№1 Составление модели строения молекулы бензола. Номенклатура и изомерия гомологов бензола» (§1, 2 стр.5 - 9 учебника М.К. Оспанова, К.С. Ауухадиева, Т.С. Белоусова 11 класс Алматы «Мектеп» 2020):

1. Прочтите абзац «Строение молекулы бензола», изучите состав, строение молекулы бензола.

2. При чтении параграфа заполните таблицу №1 «Состав и строение углеводородов (этилен и бензол)».

таблицу № 1 - Состав и строение углеводородов (этилен и бензол)

Общая формула	Вид связи	Тип гибридизации	Валентный угол	Длина связи	Пространственное строение молекулы

3. Сравните состав, химическое, электронное строение молекул этилена и бензола.

4. Объясните образование сигма - связи в молекуле бензола, используйте для этого рис.1 стр.6.

5. Объясните образование ароматической связи в молекуле бензола, используйте для этого рис.2 (а, б) стр.6.

6. Объясните, образования связи в молекуле бензола с позиции делокализации электронов.

7. Пользуясь, рис.3 (а, б) и инструкцией Лабораторная работа №1 стр.17, соберите шаростержневую модель бензола. Объясните: почему формула, предложенная А.Кекулем, не полностью отражает строение бензола?

8. Используя данные таблицы и ответы п.4, 5, 6, объясните: почему бензол не обесцвечивает бромную воду и раствор перманганата калия?

9. Продумайте ответы на вопросы 1,2,3 и письменно решите задачи 1,2 стр.8.

10.Прочтите абзацы «Номенклатура аренов » и «Изомерия »стр.8 и изучите таб.1. Выведите общую формулу аренов и составьте гомологический ряд отC<sub>6</sub>-C<sub>9</sub>.

11.Запишите структурные формулы трех последующих гомологов бензола как продукт замещения атомов водорода на одновалентные радикалы, дайте названия им по систематической номенклатуре и тривиальным.

12.Выполните письменно упр.1, 2, 3 стр.10 – 11.

13.Ответив на все вопросы, проверьте себя, достигнута ли цель самостоятельной работы. Попробуйте самостоятельно повторить изученный материал. При затруднениях снова обратитесь к учебнику.

Анализ программы самостоятельной работы, представляющей собой инструктаж учащихся, показывает, что:

а) При выполнении ученик самостоятельно проходит все звенья учебного процесса (п. 1, 10 - восприятие; п.2-6,11-осмысление и понимание; п.7, 11 -закрепление; п.8 - углубление понимания, позволяющее усилить запоминание; п. 9, 12 - обобщение; п.13 - рефлексия и систематизация, самоконтроль);

б) Последовательно реализуются цели обучения по Блуму: п.1, 10 - познание; п. 2 - 6, 8, 11-понимание; п.7, 9, 11, 12 - применение; п.6-анализ; п.8, 10 - синтез; п.13-оценка.

д) Самостоятельная работа ученика с использованием инструктажа позволяет предположить, сохранить работоспособность и деятельность учащегося для функциональной самоорганизации.

Таким образом, планируемые результаты усвоения того или иного учебного вопроса так же, как и соответствующие реальные достижения учеников, могут быть достигнуты или требуют повторного изучения по соответствующим пунктам.

### ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. 1.А.И.Хамитова, В.Г.Иванова Основные этапы развития методики преподавания химии 2006г.

2. Т.И.Шамова, Л.М.Перминова Мотивация как важнейший фактор управления учебным процессом. Химия в школе №2. 1993г. стр.21-26.

3. Еремин В.В., Дроздов А.А., Шипарева Г.А. Химия. 9 класс: рабочая тетрадь к учебнику В.В. Еремина и др. «Химия. 9 класс». – М.: Дрофа, 2011.

4. Поливанова К.Н. Проектная деятельность школьников: пособие для учителя. – М.: Просвещение, 2011.

5. Химия 11 класс (1,2 часть): Учебник для 11класса естественно-математического направления общеобразовательных школ/ М.К. Оспанова, К.С Аухадиева, Т.Г. Белоусова. - Алматы: Мектеп, 2020.

*Ш.М.Айтқожина тарих пәні мұғалімі,  
тарих ғылымының магистранты  
«№95 мектеп-гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.*

### ЫБЫРАЙ – БІЛІМНІҢ ТУЫН АСҚАҚТАТҚАН АҒАРТУШЫ

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшысы қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын

бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр. ХХІ ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, рухани – этикалық басымдылық негізінің мән құраушылық және шығармашыл, жаңашыл сипатына ие, сонымен қатар ғылыми негізде шынайы құрылған, сан қырлы, адамзат пен мемлекеттің мәдени ескерткіштеріне сай негізделген, этномәдени, әлеуметтік-кәсіптік және конфессионалды топтардың жан-жақты қажеттіліктерін, сондай-ақ жеке тұлғалардың рухани сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған болуы қажет. Осы бағытта Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап, оны егемен елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық нобайы ретінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану оқыту міндеттерінің талабы болған абзал.

Ұлттың рухани-экономикалық, әлеуметтік тұрғыда өсіп-жетілуі білімнің мазмұндылығы мен маңызына, оған деген көзқарасқа тікелей қатысты. Ал жеке тұлға мен қоғам құндылықтарын қалыптастыру барлық кезеңдерде өзекті мәселе болып келгені мәлім. Олай дейтініміз, осы рухани-адамгершілік құндылықтардың мәні, тәрбиелік маңызы туралы ғұламалар, ұлы ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин өз еңбегінде құнды ой-пікірлерін кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Ғасырлар қойнауынан жеткен жәдігерлердің өнегелік сипаттарын, тәлімдік тәсілдерін тиімді қолдансақ, ғибраттың нағыз кайнар көзінен сусындаймыз. Ағартушы-жазушымыз-кемеңгер ғұлама ұстаз Ыбырай атамыздың еңбектерінде баланы елін, жерін сүйуге, табиғатты аялауға, имандылыққа, әдептілікке, қайраттылыққа, еңбек етуге тәрбиелеудің ұлттабиғатына лайық небір тамаша әдістері ұсынылады. Ы.Алтынсарин адам тәрбиесіне зор мән берген.

ХХІ ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе тарихты үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тарих арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тарихты меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог. Ақын педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі — адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиган бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі — Ыбырай[1]. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болды. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім — тәрбиесін, үлгі-өнегесін көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңдіре білді. Ыбырай Алтынсариннің ұлттық эстетикалық тәрбие проблемаларын қозғайтын арнайы еңбектерін жазып қалдырмағаны белгілі, бірақ Ыбырай Алтынсариннің ұлттық-эстетикалық тәрбиеге қатысты оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты. Ақынның шығармалары халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді. Ол жастарды оқу-білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданады.

«Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге, Ықыласпен тоқылық!» — деген өлеңінде білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым-білімге мін бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірде сарқылмас мол байлық — білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей-жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген.

Білім беруде, тәрбиелеуде Ыбырай өмірінің, педагогикалық идеяларының өнегелі тәрбие беретін жақтары жеткілікті. Себебі, Ыбырай бүкіл өмірі, еңбектері, негізінен үлгілі-өнегелі



адам тәрбиелеу ережесі десе болады. Ұстаз мұрасын мәңгілік өнеге мектебі дейміз. Қазіргі таңда жан аямай кәсіп қылудан безінетін «бейнет көрмей дәулет жоқ екенін» парасаттамайтын, ұрлық пен қулықты қызық көретін жастарды жақсы мінез-құлық пен имандылыққа үйрететін, ел болып ер жетуімізге жол нұсқайтын асыл – Ыбырай мұрасы[2]. Оның шығармаларындағы терең ойды мұғалім өзі терең түсінгенде ғана баламен жүгізілетін білімдік және тәрбиелік істері нәтижелі болмақ.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ол дүниежүзі педагогика классиктері Ушинский, Руссо, Каменский, Толстой, т.б. гуманистік идеяларын басшылыққа алады. Ыбырай Алтынсариннің көзқарастарынан бүкіләлемдік тәлім-тәрбиенің алатын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің екі класстық мектептердің меңгерушісіне жазған нұсқау хатында ол «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлау тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...»[3]

Қоғамның санасын Ыбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндап эстетикалық таныммен пәлсапалық қағидаларымен тұжырымдап отырды. Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа технология әдіс-тәсілдері оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Мұғалім оқушының табиғи дарын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалану керек, бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ – ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өміршендігін байқатады. Мұғалімнің беделін көтере отырып, Ыбырай Алтынсарин мұғалімге талап қойған.

Ақпараттық технология — ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер — технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бап 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған[4]. Қазіргі ғылым мен техниканың шарықтаған шағында тарих сабақтарында көрнекіліктердің қай түрі болсын молынан пайдалану мүмкіндігі бар. Яғни, оқытудың мұндай жүйесінің құралы компьютер болып табылады.

Мектепте компьютермен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені нашар оқитын оқушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Заман талабына сай техникалық құралдарды сабақтарда қолдану — мұғалім жетістігіне апаратын тиімді жол.

Өз жұмысында компьютерді қолданған мұғалім өзінің өткізетін сабағының сапасын арттырып, оқушылардың танымдылық қызмегін ұйымдастыруды белсенді түрде жүргізеді. Бұл жағдайда пән мұғалімінің міндеті оқушыларға әр түрлі жаттығуларды орындауда компьютер көмегі мен мүмкіндігін көрсету өз бетімен компьютерді қолдануды үйрету болып табылады. Сондай-ақ пәнді меңгерту барысында компьютерлік ойындардың да тигізер пайдасы зор.

Компьютерлік ойындар жаттықтыру, оқыту және дамыту сипаттарын ескере отырып жасалынса, олардың әрбір оқушының білім сапасын арттыруға тигізер пайдасы зор. Сабақ арасында ойын элементтерін тиімді пайдалану олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыра түседі, әрі баланың бойындағы қабілеттерді, ойлау мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді, мұғалім мен оқушының арасындағы психологиялық кедергіні бұзып, теңдік сезіледі. Тарих сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөлген «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады»-деген ұлы ұстаз[5]. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. Ал бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Сондай-ақ тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білумен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенді де ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жазған [6]. Міне, кезінде аса көрегендікпен көпшілікке ұсынған осы ұғым тұжырымдары қазір де мұғалімдердің қажетіне жарап жүр.

Ұрпақ тәрбиесінде әлем халықтары өзінің сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тарихи тәжірибесін қолданады. Келешек иелерін тәрбиелеудің негізі өздері әрқашанда өткен уақыттан қалған бай мұра болмақ. Жылдар өтіп, ел жаңарған сайын жаңғыра түсетін, қайта айналып соға беретін тақырып ұрпақ тәрбиесі. Кеңестер Одағы кезінде ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелерде одақтағы әр ұлттың өз салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, мәдени ерекшеліктері ескерілмеді. Бүгінгі тәрбие үрдісін халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін ұлттық ерекшеліктерін ұстана отырып, жаңарту керек. Бала ең алдымен өз ұлтының мәдениетін бойына сіңіріп, сонан соң өзге халықтардың мәдениетінің игі мұрасын меңгергені дұрыс. Жалпы дүниежүзілік өркениет әр ұлттың рухани қазынасы арқылы дамып, байып отыратыны сөзсіз.

Ағартушының демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер дасрлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды[7].

Ыбырай атамыз өз заманының ақыл-ойшылы, ірі қоғам қайраткері. Оның жарқын бейнесі мен іс-әрекетінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, мәдениетті, оқыған ел болуын көксегенін біртуар асыл азаматты көреміз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы, Ғылым. 1994.
2. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. Алматы, Ана тілі. 1991.
3. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы, Мектеп. 1969.
4. Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1974.
5. Жармұхамедов М. «Ы.Алтынсарин Тағылымы». Алматы, Жазушы 1989
6. Алтынсарин Ы. «Өнер білім бар жұрттар» Алматы, 1989ж
7. Жармұхамедов М. «Ы.Алтынсарин Тағылымы». Алматы, Жазушы 1989

## **САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІ (LESSON STUDY) ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда білім беру үрдісін реформалауда зерттеуші мұғалім – жаңа формация мұғалімі ретінде негізгі тұлға. Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуына кепіл бола алады және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің алғышарты екендігі айқын. Ендеше мұғалім білімін жетілдіруге бағытталған, оқыту үрдісіндегі іс-әрекетті зерттеудің ерекше үлгісі саналатын педагогикалық тәсілдің бірі - Lesson Study.[1] Осы тәсілді қолдана отырып, мұғалімдер демократиялық түрде сабақты зерттеп, оны зерделеу барысында оқыту мен оқуды жетілдіру арқылы өзінің кәсіби шеберлігін дамыта алады.

«Оқыту жүйесінде мұғалімнің кәсіби деңгейін арттырып қана қоймай, сонымен қатар оқушыға педагогикалық қолдау беру қажет» деген пікірді басты назарда ұстайтын мектебімізде Lesson Study-ді жүзеге асыру үшін фокус топтар құрылып, ынтымақтастықпен жұмыс жасап келеді. Сондай құрылған фокус топтың бірі 2020-21 оқу жылында «Қашықтықтан оқыту жағдайында 5а сынып оқушыларының сабаққа қызығушылығын арттыратын оқыту әдістері» тақырыбын таңдап алды. Қазақ әдебиеті, қазақстан тарихы, сынып сағаты, математика зерттеу сабақтарында нысан етіп алынған А, В, С деңгейіндегі оқушылардың сабақ барысындағы әрекеті, ауызша, жазбаша сөйлеу дағдылары бақыланды. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың сабаққа ұйымдасқан түрде қатысу дәрежесін, материалды қабылдау процесіндегі белсенділігін арттыратын және танымдық ойлаудың жоғары деңгейіне жетелейтін әдіс-тәсілдерді іріктеу- зерттеу жұмысының мақсаты болып танылды. Аталған мақсатты жүзеге асыруда шығармашылық топ төменде көрсетілген міндеттерді жүзеге асырды:

- пән мұғалімдерінің зерттеуді жүргізу барысында тығыз әрекеттестігі;
- бірізділік пен жүйелілік;
- бақылаудағы «А», «В», «С» оқушыларын әрдайым назарда ұстау, кері байланыс жасау;
- Lesson Study әрбір кезеңінде аралық қорытынды және соңғы қорытынды жасау;
- жұмыс әдістерін зерттеудің мақсатына қарай таңдап алу;
- зерттеудің түрлі әдістерін пайдалану: сауалнама, эксперимент, интервью және т.б.
- қашықтықтан оқыту мен дәстүрлі оқыту кезіндегі сынып оқу-үлгерімдерінің сапасын салыстыру, қорытынды жасау

Зерттеу барысында оқушылардан алдымен кіру сауалнамасы алынды. Сауалнамада төмендегідей сұрақтар қамтылды:

- Қашықтықтан оқыту сабақтары ұнай ма?
- Қашықтықтан оқыту сабақтарына белсенді қатысасың ба?
- Оқу тапсырмаларын уақытында жіберіп отырасың ба?
- Қашықтықтан оқыту сабақтарында жиі зерігесіз бе?
- Қашықтықтан оқыту сабақ үлгерімнің төмендеуіне әсер ете ме?
- Өз сыныбыңда сен көшбасшы болуға лайықсың ба?
- Тапсырма барысында күрделі мәселелерді шешуде көмекті қажет етесің бе?
- Шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды орындау ұнайды ма?
- Сабақта қызықты тәсілдердің көп болғанын ұнатасың ба?
- «Егер жоғары ынта қойсам, үлгерімімді жақсарт аламын» деген пікірмен келісесіз бе?
- Кіру сауалнамасының қорытындысы төмендегідей:



А,В,С деңгейіндегі оқушыларды бірлесіп қадағалауда, жоспарланған сабақтарды бірлесіп талдауда фокус топ мүшелері өздері зерттеу нысаны етіп алған сыныпта зерттеу сабақтарының жоспарын [2] бірлесе құрады, өткізіп, сабақ нәтижесін бірлесе отырып талдайды.

Қазақ әдебиеті пәнінен 5-сыныпқа арналған қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі [3]:

<b>Сабақ :</b>		<b>Мектеп:</b>	
<b>Күні:</b>		<b>Мұғалім:</b>	
<b>Сынып:</b>		<b>Қатысқан оқушылар саны:</b>	<b>Қатыспағандар:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі. Көркем сөз. Авторға хат		
<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:</b>	5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5.2.4.1 Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу; 5.3.3.1.Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.		
<b>Сабақ мақсаты:</b>	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Өлеңдегі тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын жалпылама ашады. Хат, өлең жазудың талаптарын сақтап жазады. Тақырып бойынша өз болжамын жалпылама білдіреді. <b>Көптеген оқушылар орындай алады:</b> Өлеңдегі тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын біршама ашады. Хат, өлең жазудың талаптарын біршама сақтап жазады. Тақырып бойынша өз болжамын өзіндік көзқарасы тұрғысынан білдіреді. <b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Өлеңдегі тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын толықтай ашады. Хат, өлең жазудың талаптарын сақтай отырып, көркем шығармадан алған әсерлерін сипаттап жазады. Тақырып бойынша өз болжамын шығармашылық тұрғыдан жеткізе алады.		
<b>Бағалау критерийлері:</b>	1. Өлеңдегі тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын ашады. 2. Көркем шығармадан алған әсерін авторға хат, өлең түрінде жеткізе алады. 3. Шығармадағы кейіпкердің болашақ әрекетіне болжам жасап, өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.		
<b>Құндылықтарды игерту:</b>	Ашықтық. Құрмет. Академиялық шындық.		
<b>Тілдік мақсаттар:</b>	<b>Пән лексикасы және терминология:</b> Ауыспалы мағынадағы сөздер. Әдебиет теориясы ұғымдары <b>Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:</b> Менің ойымша, деп ойлаймын, қорытындылай келе, біріншіден т.б.		

Осыған дейін меңгерілген білім	«О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңінде көтерілген мәселелерді анықтайды.																																																		
Жоспар																																																			
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер		Дереккөздер																																																
Сабақтың басы	Қызығушылықты ояту «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңінде көтерілген мәселелерді анықтайды. Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.		<a href="https://www.google.com/search">https://www.google.com/search</a>																																																
Сабақ ортасы	<div>1-тапсырма «Сиқырлы сөздер қоржыны» әдісі</div> <div>Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңінен ауыспалы мағынадағы, эпитет сөздерді тауып, оюлы қоржынға сал.</div> <div><table><tr><th>Дескрипторлар</th><th>1 ұпай</th><th>2 ұпай</th><th>3 ұпай</th></tr><tr><td>Эпитет сөздерді анықтайды</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Ауыспалы мағыналы сөздерді анықтайды</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Сөз қоржынын әзірлейді</td><td></td><td></td><td></td></tr></table></div> <div>2-тапсырма «Автормен сырласу хаты» әдісі</div> <div>Дулат аталарың жырлаған жетім тағдырын бүгінгі жетімдер өмірімен салыстырып, өз сезімдеріңді білдіріп, авторға хат жаз. (Сөз саны 35-40 сөз)</div> <div><table><tr><th>Дескрипторлар</th><th>1 ұпай</th><th>2 ұпай</th><th>3 ұпай</th></tr><tr><td>Өлеңдегі жетім тағдырын бүгінгі жетімдер өмірімен байланыстырады</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Өз сезімдерін білдіреді</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Авторға хат жазады</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Хат талабын сақтайды</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Сөз санын сақтайды</td><td></td><td></td><td></td></tr></table></div> <div>3-тапсырма</div> <div>Ақтан жас ақын үмітін ақтады ма? Ақтанның болашақтағы өміріне болжам жасап, өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жаз. Сөз саны 60-70 сөз.</div> <div>Эссені жазуда ескеру керек жайттар:</div> <div>1.Эссенің құрылымдарын (кіріспе, негізгі, қорытынды) сақтай отырып жазыңыз;</div> <div>2.Ойды 2-3 дәлел келтіру арқылы нақтылаңыз;</div> <div>3.Эссе 60-70 сөзден құрылуы қажет.</div> <div><table><tr><th>Дескрипторлар</th><th>1 ұпай</th><th>2 ұпай</th><th>3 ұпай</th></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table></div>			Дескрипторлар	1 ұпай	2 ұпай	3 ұпай	Эпитет сөздерді анықтайды				Ауыспалы мағыналы сөздерді анықтайды				Сөз қоржынын әзірлейді				Дескрипторлар	1 ұпай	2 ұпай	3 ұпай	Өлеңдегі жетім тағдырын бүгінгі жетімдер өмірімен байланыстырады				Өз сезімдерін білдіреді				Авторға хат жазады				Хат талабын сақтайды				Сөз санын сақтайды				Дескрипторлар	1 ұпай	2 ұпай	3 ұпай				
Дескрипторлар	1 ұпай	2 ұпай	3 ұпай																																																
Эпитет сөздерді анықтайды																																																			
Ауыспалы мағыналы сөздерді анықтайды																																																			
Сөз қоржынын әзірлейді																																																			
Дескрипторлар	1 ұпай	2 ұпай	3 ұпай																																																
Өлеңдегі жетім тағдырын бүгінгі жетімдер өмірімен байланыстырады																																																			
Өз сезімдерін білдіреді																																																			
Авторға хат жазады																																																			
Хат талабын сақтайды																																																			
Сөз санын сақтайды																																																			
Дескрипторлар	1 ұпай	2 ұпай	3 ұпай																																																


ТОПТЫ БАҚАЛАУ

Қызыл  
Барлық тапсырмалар орындалған

Жауап  
Барлық тапсырмалар орындалған

Қызыл  
Барлық тапсырмалар орындалған



	Кейіпкердің келешек өміріне болжам жасайды				
	Кейіпкердің өмірлік құндылығына талдау жасайды				
	Өзіндік көзқарасын шығармадан дәлелдер келтіре отырып, әдеби эссе жазады				
	Эссе құрылымын сақтайды				
	Сөз санын сақтайды				
Топ мүшелері дескриптор бойынша кері байланыс береді.					
<b>Сабақтың соңы</b>	<p align="center"><b>Кері байланыс</b></p> <p align="center">Төмендегі суреттің бірін таңдап, бүгінгі сабақ болашақтағы мақсатына қалай әсер ететіні туралы айтып беру.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="text-align: center;"> <p>КҮН</p>  </div> <div style="text-align: center;"> <p>ЖҰЛДЫЗ</p>  </div> <div style="text-align: center;"> <p>БҰЛТ</p>  </div> </div>				

Фокус топ мүшелері өткізген зерттеу сабақтарында алынған тәсілдер, атап айтқанда, «Сиқырлы сөздер қоржыны» әдісі, «Автормен сырласу хаты», т.б әдістер қашықтықтан оқыту жағдайында жалпы сабаққа қызығушылықтарын, өмірді тануға, бірсарынды ойларын өзгертуге көмектесе алды [4].

А деңгейіндегі оқушыға зерттеу сабақтарының ықпалы жоғары болды. А деңгейіндегі оқушының оқу үлгерімі жақсы, ізденімпаз, сабаққа үнемі дайындықпен келеді. Барлық сабақтарға белсене қатысатын оқушы осы зерттеу сабақтарында да өзінің алғырлығымен көзге түсті. Оқу мақсатынан туындаған тапсырма мазмұнын айқын түсініп, өз пікірін, көзқарасын үнемі жеткізеді. Қашықтықтан оқыту жағдайында өткізілген зерттеу сабақтарында таңдап алынған әдіс-тәсілдер оқушының белсенділік әрекетін дамытуға ықпалы зор болды.

В деңгейіндегі оқушының оқу үлгерімі орташа, белсенділігі бірде жоғары, бірде төмен болатын. Сабақтарда ұсынылған тапсырмалардың мазмұнын түсінеді, көтерілген проблемалық сұрақтар бойынша талқылауларға ішінара қатысады. Мәселені айқындау, шешу қабілеті, дербес әрекеті тұрақсыз, тапсырма деңгейіне сәйкес. Жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауда киналады. Бірінші циклде өткен зерттеу сабақтарына қатысу белсенділігі төмен, тапсырмаларды енжар орындайды. Сұрақ қойсаңыз ғана жауап береді. Дегенмен де, өткен оқу тоқсанымен салыстырғанда оқушының орта деңгейден сәл көтерілгені аңғарылады,

С деңгейіндегі оқушының үлгерімі төмен, сабаққа құлықсыз, қатысу белсенділігі төмен, үй жұмысын жүйелі орындамайды. Ол зерттеуге дейінгі сабақтарда көп белсенділік таныта алмаса да, кейінгі сабақтарда біртіндеп ашыла бастады. Топтық талқылаулар кезінде белсенділік танытып өз пікірін білдіреді. Зерттеуге алынған оқушылар сабақ барысында өздерін керекті тұлға екендігін түсініп, талданған мәселенің түйінін алып шығуға талпыныс білдірді [5].

Зерттеу сабақтарында қолданылған әдіс-тәсілдер оқушы дамуына ықпалы тиді деген сенімдеміз. Зерттеуден кейін, «Балаға ой еңбегінің шаттығын, табыс қуанышын беріңіздер»

деген тұжырыммен қорытындылай келе, тиімді тәсілдердің табысты жолға, нәтижелі іске бастайтынына көз жеткізе алдық.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР::

1. Пит Дадли. Lesson Study: нұсқаулық. Кембридж, 2011ж.
2. Қазақ тілі мен әдебиетінен үлгілік оқу бағдарламасы, 2017ж.
3. Қазақ әдебиеті. «Арман-ПВ» баспасы, 2017ж.
4. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары. Оқу- әдістемелік құрал, Астана, 2014ж.
5. Lesson Study арқылы тәжірибені жетілдіру және алға жылжу: аға оқытушылар, көшбасшы мұғалімдер мен пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулық.

*Амандыкова Э.Ж. директор,  
Пишеничкова Л.М. учитель-логопед  
КГУ «Специальная школа-интернат № 4»  
управления образования  
Карагандинской области*


## ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА НАГЛЯДНОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ НА ЗАНЯТИЯХ ПО КОРРЕКЦИИ НЕДОСТАТКОВ РАЗВИТИЯ РЕЧИ

Процесс развития современного образования нацелен на обеспечение благоприятных условий обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями. Обучение детей с задержкой психического развития как в условиях специальной организации образования, так и в условиях общеобразовательной школы должно строиться с учетом их психического развития и потенциальных возможностей. Для этого необходимо не только адаптировать программный материал к их познавательным способностям, но и применять специальные методы и приемы обучения. Одним из таких является метод наглядного моделирования.

Поиск эффективных методов работы был вызван стойкими ошибками на письме обучающихся школы-интерната. Основную группу составляли ошибки, связанные с недостатками фонематического восприятия. Так на начало 2018-2019 учебного года в диктантах 17 обучающихся третьих классов ошибки, обусловленные недостаточностью фонематического восприятия, составили 62% от общего количества ошибок, лексико-грамматические - 14%, графические - 4%, орфографические - 20%.



При этом 45% составили ошибки на пропуски букв, 23% - на замену гласных букв, 22% - на замену согласных, 8% - это были вставки букв и 2% - их перестановки.



Замены согласных на письме составили третью группу по количеству ошибок. Как показывает практика, они носят стойкий характер, и требуют длительного периода для устранения. Все это и привело к поиску методов работы, при которых было бы задействовано большее количество анализаторов и соблюдались бы принципы поэтапного формирования языковых умений и навыков у детей с задержкой психического развития.

Традиционно в добукварный период обучение ведется с использованием звуковых образов гласных и согласных звуков. Именно графическое изображение (цветовое) лежит в основе звукового анализа и синтеза слов. Оно позволяет поэтапно переходить от развернутого внешнего действия с условными заменителями звуков к умственному, без опоры на условно-графическую схему, и далее проводить работу без вспомогательных действий.

Методика обучения грамоте с использованием наглядной модели (схемы) звукового состава слова представлена многими авторами. Примером тому служат буквари Эльконина Д.Б. и Журовой Л.Е.

Моделирование с использованием графического замещения применяется в работе при дифференциации шипящих и свистящих звуков у А.Н. Ефименковой и Г.Г. Мисареко. За основной признак у авторов взято положение органов артикуляции шипящих и свистящих звуков:

Ш - стрелка вверх, т.к. язык находится за верхними зубами, кружок - губы в артикуляционном укладе образуют трубочку.

С – стрелка вниз, губы в улыбке. Авторами предложен ряд дидактических упражнений с применением графических символов.

Задание: напишите букву с или ш, опираясь на условные обозначения. [1]

↓ ↓    ↑ ↑  
с с    ш ш

Задание: произнесите слоги, заменяя условные обозначения звуком [с] или [ш].

Напишите эти слоги. [1]

↓    ↓ а    ↑ р    ↑ и  
са    со    шу    ши

Идея графического замещения была использована на занятиях по коррекции недостатков развития речи при изучении парных согласных по звонкости – глухости.

Ассоциативно тактильное ощущение вибрации голосовых связок мы с детьми стали связывать с образом звучащего колокольчика и звонкий согласный обозначили треугольником (в букваре Эльконина это бубенчик – колокольчик на шапочке. У Журовой - это колокольчик над графическим изображением согласного звонкого звука). Глухой согласный, в связи с отсутствием вибрации, обозначили квадратом - подушечкой (голосок спи).

Таким образом, процесс знакомства с согласными звуками и их дифференциации стал проводиться через многоаспектное восприятие: сочетание зрительных, слуховых, кинестетических, мышечных ощущений. Дети получили как бы двойную опору для




восприятия: слуховую и зрительную, причём такую зрительную, которая в отличие от буквы легко и быстро запоминается, помогает моментально воспроизвести звук.


При дифференциации парных согласных по звонкости-глухости были введены графические символы: - звонкий согласный, например: [г], - глухой согласный - [г']

На начальном этапе работы учитель-логопед дает обучающимся зрительную опору на графическое изображение соответствующей буквы. Задания могут быть следующего характера: назови соответствующий звук, опираясь на условные обозначения; спиши, обозначая графическое изображение соответствующей буквой. Затем детям предлагают звук обозначить соответствующим графическим символом - записать под диктовку слова, предложения, заменяя парные согласные соответствующим графическим изображением.

Применение метода моделирования показало свою эффективность при анализе итоговых письменных работ в мае 2019 года. Общее количество звуковых ошибок с 128 уменьшилось до 52; лексико-грамматических с 29 до 12 ошибок; грамматических с 41 до 25.



Ошибок на замену гласных в работах обучающихся уменьшилось на 18, на пропуски букв на 32, на 4 стало меньше ошибок на вставки букв ,и отсутствовали ошибки на перестановки.



Большую роль применение графических моделей играет на развитие у обучающихся навыков самоконтроля. Владея внешними формами замещения, дети учатся применять наглядные модели в уме и видят результат своей деятельности. Все это повышает эффективность процесса формирования грамотного письма, делает обучение занимательным для обучающихся с дефицитом внимания и сниженной познавательной активностью.

Работу с использованием данного метода можно проводить фронтально и индивидуально на уровне звука, слога, слова, предложения. Можно применять на этапе изучения нового материала, при закреплении и проверке сформированных навыков.

### **ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:**

1. Ефименкова Л.Н., Мисаренко Г.Г. Организация и методы коррекционной работы логопеда на школьном логопункте. М: Просвещение, 1991.
2. Журова Л.Е., Евдокимова А.О. Букварь: 1 класс: учебник для учащихся общеобразовательных учреждений в 2 ч. – М.: Вента-Граф, 2011.
3. Симонова Ю.Б., Прушинский С.А.. Развитие инклюзивного образования: сборник материалов / сост. – М.: Региональная общественная организация Перспектива. – М.: 2007.
4. Эльконин Д.Б. Букварь. М.: Просвещение, 1995 .

*Л.А.Амерханова  
Қарағанды облысы білім басқармасының  
«№ 10 арнайы мектеп-интернаты»  
КММ директоры, Балқаш қаласы*

### **БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында «ояну» дәуірі басталды. Дәл осы кезең ағартушылық пен білімге бетбұрыс жасалған нақты қадамдармен дараланды. Туған тіліміздегі төл ғылымның іргетасын қалаудың өзектілігі күннен күнге тереңдей түсті. Болашақ алдындағы осы маңызды міндеттерді бір топ ақын, ғалым, жазушы, қайраткерлер толымды түйсікпен сезіп, олқылықтың орнын толтыру үшін еңбектенді. Білім шоғын үрлеген зиялылар шоғырын бүгінгі тарих әспеттеп берді. Қазақ даласы мен баласының ілім мен ғылым бұлағынан сусындауға жол ашқан тұлғалар биігінде Ыбырай Алтынсариннің аты алғашқылардың бірі болып аталады. Еуропа есігінен еніп, білімімен толық танысқан Балғожа бидің немересі ұлы ел төсінде ең бірінші мектеп есігін айқара ашты. Ол туған халқын ашық ұранмен сауат ашуға шақырды. «Кел, балалар оқылық» өлеңі сөзіміздің айқын айғағы. Осы өлеңдегі шумақтарымен балаларды оқу-ағартуға талаптандыруының түпкі мақсатын былайша жеткізді:

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.  
Әлпештеген ата-ана  
Қартаятын күн болар.  
Қартайғанда жабығып,  
Мал таятын күн болар.  
Ата-енең қартайса –  
Тіреу болар бұл оқу,  
Қартайғанда мал тайса

Сүйеу болар бұл оқу. [1]

Шындығында, «дала қоңырауы» оқудың қажеттілігін ұлттық болмыстан ұзатпай, тамырынан дөп басып насихаттады.

Сонымен Ыбырай Алтынсарин – ағартушы-педагог, жазушы, этнограф, көрнекті қайраткер. Ұлттық мектептің қалыптасуында өнімді өнеге көрсеткен ұлы ұстаз. Оның сан салада сіңірген еңбегін, шығармашылығын М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, С.Талжанов т.б. сынды ғалымдар зерттеп, бағасын берді. Сәбит Мұқанов «Жарқын жұлдыздар» туындысында мақаламызға арқау болған тұлғаның педагогика мен әдебиетке қосқан үлесін өз деңгейінде саралайды: «Ең алдымен, қазақ балаларына арналған мектептер үшін орыс алфавитінің негізінде Ыбырай қазақтың бірінші алфавитін жасады. Онымен ғана қанағаттанбай, сол мектептеріне арнап оқулықтар құрастырды. Осы ісінің үстінде оның жақсы әдебиетші және талантты жазушы екендігі де көрініп қалды», дейді. Осылайша, Сәбит Мұқанов ұлт ұстазының мол мұрасына объективті түрде жоғары баға берді. [2]

Педагогика саласының сүрлеуін қалаған ол, қазақ даласында алғаш мектеп ашып қана қоймай, оқушылардың санасын білім нәрімен сәулелендіру бағытында оқулықтар жазды. Өзі ашқан мектептерде ұстаздық қызмет атқарып, сабақ берді. Ұстаздық қызметінің алғашқы жылдарынан-ақ өнер-білімнің шамын жағып, балаларға тәлімді тәрбие, білім беру әдістерінің оңтайлы үлгісін қалыптастырды. Туған халқының жарқын болашағын жаңа үлгідегі мектептермен байланыстырды. Ұлттық білім беру саласы тарихындағы бас маман қалаған негіз жылдармен жылжып актуалдылығын жоймақ емес. Айтылған ақпараттарға төменде толығырақ тоқталамыз.

Ыбырай Алтынсариннің педагогика мен бала тәрбиелеу ісіне қосқан үлес-салмағы зор. Қазақ балаларының көзін ашу үшін көптен көкейін босатпаған Ыбырай Алтынсарин облыстық басқармаға мектеп ашу туралы өтініш жолдайды. Мұқалмас жігерінің арқасында 1860 жылы ақыры арманын орындауға рұқсат алады. Алғашқылардың жүзеге асуы қашанда оңай болмаған. Сол секілді ұлт ұстазына білім ордасының есігін айқара ашу күрделі процестердің күрмеуін шешумен ғана орындалды. Жергілікті билік өкілдерінен қолдау таппаған ұлы бастама ұзаққа созылып, 1864 жылы ғана 8 қаңтар күні Торғай топырағында алғашқы қазақ мектебі бой көтерді. Бұл тебіреністі сәтті ұстаздың өзі былайша толғанып жеткізеді: «Қаңтардың сегізі күні менің көптен күткен ісім жүзеге асып, мектеп ашылды және оған қазақтың тамаша да, сүйкімді де, зерек те 14 ұл баласы қабылданды. Мен оларды оқытуға қойға тиген аш қасқырдай кірістім. Қуанышыма қарай балалар айналдырған үш айдың ішінде орысша және татарша оқуы да, тіпті жазуды да меңгеріп алды», - деп жазба қалдырған. Асылында, қазақ даласындағы алғашқы мектептің ашылуы бүгінгі күнге дейін үлгі болып жалғасып жатқан базалық мағлұмат. Ыбырай Алтынсарин осы ілкімді ісі арқылы, мектепке оқушыларды қабылдау тәртібін, сынып жасақтау, жоспарлы-мерзімнен кешіктірмей оқытудың жарқын мысалын танытты. Ағартушы – педагог 1879 жылы Торғай облысы бойынша орыс-қазақ училищелерінің инспекторы қызметіне кірісті. Бұл функция дала қоңырауының қолын ұзартып, қазақ мектептерінің саын арттыруға септесті. Сол тұстарда Ыбырай Алтынсарин Қостанай қаласынан бастап, Жітіқара Әулиекөл, Обаған, Қарабалық болыстарында он бес мектептің салынып, ашылуына ұйытқы болды. Ол қазақ қыздарының болашақ ұлттың тәрбиешісі екенін ұғынып, оларға арнап 1888 жылы 12 орындық интернаттың негізін қалады. [3] Соңғы дерек, білімге барлығының талабы мен таласының тең екенін айғақтаған ұлы іс еді. Осы қадамнан кейін қазақ қыздарының да сауат ашып, хат тануына қатысты қатқан сеңнің еруіне мүмкіндік туды.

Ыбырай Алтынсарин, білім ұясын ашып, ұстаздық еткен тұста туған тілде, кәсіби талапқа сай оқу құралдары мүлде жоқ болды. Бұл кемшілік жеткілікті деңгейде білім алуға өз кедергісін келтірді. Аталған қиындықтардың қатарын сирету мақсатында «дала қоңырауы» педагогтарға арналған оқу-құралымен қатар, қысқа мазмұнға бай әңгімелер мен өлең шумақтарын жазуға белсене кірісті. Бұл миссиясы туралы пікірлесі, орыс ғалымы Николай Ильминскийге жазған хатында былай баяндады: «Татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу

үшін қазақ тілінде оқуға арналған бастауыш кітабымды кеше ғана бастадым», - делінген. Осы межені орындау кезеңінде «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» еңбегі 1879 жылы Оренбург қаласында жарық көрсе, «Киргизская хрестоматия» 1879, 1906 жылдары екі рет баспа көрді. Ұлттық педагогикадағы ойып алар орасан орны бар еңбек «Қазақ хрестоматиясы» алғаш рет Қазан қаласында 1896 жылы ұстаздар қауымы мен жаппай оқырманға жол тартты. [3]

Ағартушының қай еңбегін алып қарасақта педагогикалық идеясы мен бала тәрбиесіндегі ұстанымдарын жете тануға болады. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасын, әуелі, ұстаздар қауымы терең түсініп, ой елегінен өткізсе ондағы таным мен білімге бай идеялық жүйені оқушы бойына сіңіру оңай болмақ. Ұлт ұстазының шығармалары адам тәрбиелеуде еңбектің орнын ерекше екшейді. Оқытуда тәртіпке, оқушының мінез-құлқын ортаға бейімдей отырып қоғамға сіңісуге, ерінбеуге, ізденуге үйретудің алғашқы орынға қойған оның қағидалары баланың білім бұлағына бас қоюына арналған негізгі алғышарттар. Заманауи білім жаңалығы деп қабылданып жүрген сабақты түрлі методикаға сүйеніп өткізу, оқушының үлгерім деңгейіне сай тапсырмалар беру, сабақ барысында балалармен тең дәрежеде қарым-қатынас орнату сынды әдістер Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық еңбектерінде қамтылып, ұсынылған ережелер екенін ескерген жөн. Ол сондай-ақ, әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, мәселеге көзқарасын еркін жеткізуге ықпал жасау үшін ұстаздардың алдына зор талап қояды. Сонымен бірге, ол оқушыны жас шағынан жауапкершілікке, ізденіске, еңбекке, әдепке баулу оқу процесінің ажырамас бөлігі болуы тиіс деген тұжырым жасайды. Шындығында, ағартушының бұл ұстанымдары жаңартылған білім жүйесін қажет ететін кезеңде де өзектілігін жоғалтпаған. Керісінше, күн өткен сайын қырланып, жарқырайтын жаһұт секілді құндылығын биіктетуде. Сонымен қатар, Ыбырай ұстаздың білім беру саласындағы ізгі ынтымақтастық идеясын қуаттайды. Бала терең білім алу үшін мектеп-ұстаз-ата-ана үштігінің бірлескен ынтымақтастығын алға тартады. Ұстаздардың шеберлік деңгейін шыңдап отыруы керек деген тұжырымы да бүгінге дейін өзекті. «Дала қоңырауы» педагогикадағы аталмыш ұстанымдарын оқу құралдары мен қысқа әңгімелерінде зор ынтамен баяндады.

Қорыта келе, тәрбие мен білім беруде қазір біз қолданып жүрген ұстанымдар мен қалыпқа түскен жүйенің бастауын Ыбырай Алтынсарин еңбектерінен табамыз. Оқушының жек қабілеттерін айқындай отырып, дарынын шыңдау, жеке жұмыс жасау, өз бетінше ізденіске баулу әрекеттерінде тәрбиені басты орынға шығару жыл жылжыса да құнын жоймағанына көз жеткізіп отырмыз. Бұл қалыптасқан ұстанымдар Ыбырай Алтынсариннің ұстаздық жолында еткен жанкешті еңбегінің жарқын жемісі. Бүгінгі ұрпақ пен ұстаздардың жеңісі.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969
2. Ә. Ламашев «Ы.Алтынсарин» - Алматы: Ана тілі.- 1991
3. Қазақтың ағартушылық философиясы. З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратов. Алматы. 2015

*К.Ж.Амирбекова бастауыш сынып мұғалімі  
«Сәкен Сейфуллин атындағы  
№7 мектеп-гимназиясы» КММ, Балқаш қ*

#### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ**

Білім берудегі басым бағыттардың бірі – оқыту үрдісінде жаңашыл технологияларды қолдана отырып, білімнің кепілдік нәтижелеріне қол жеткізу. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйене отырып жаңа үрдісте оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Ол үшін оқыту үрдісін өзгерте отырып, мұғалім шығармашылықпен айналысу керек. Бұрын оқушы білімді қабылдаушы, жинақтаушы болса, ал қазіргі жаңа талап бойынша өздігімен білім алушы, үйрене білуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаны осыған лайықтау үшін оның жаңа бейнесін заман талабына сай дайындауымыз қажет деп ойлаймын.

Білім берудегі жаңашыл технологиялардың басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Педагогикалық жаңа технология-іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Жаңа технологияларды пайдалану өмірдің талабы. Ол жеке тұлғаны жетілдіруге, белгілі мақсатқа жету жолында арнайы ықпал ететін қажетті әдіс-тәсілдер. Қазіргі пән оқытушыларының негізгі міндеті-білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни жаңа технологины меңгеру екенін баршамызға белгілі. Жаңа технология түрлерін сабақ барысында пайдалану, оқушыны шығармашылыққа, ізденімпаздыққа, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдерде іске асады:

I кезең-оқып үйрену

II кезең-меңгеру

III кезең өмірге ендіру

IV кезең - дамыту

Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Соның бірнешеуіне тоқталып өтсем:

Ойын технологиясы: Ойындар технологиясы дегеніміз – мұғалім жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайдаланып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолдануға болады. [1]

Проблемалы оқыту технологиясы: Проблемалы оқыту мұғалім басшылығымен қиын жағдаяттарды туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен шешу жолдарын қарастырады. Нәтижесінде олардың ойлау қабілеттері дамиды, шығармашылық іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуына жағдай жасалады. [2]

Саралап оқыту технологиясы: Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызу қажет болады: әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру шаралары біріктіріледі.

Саралап, деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: Әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

- саралап оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

- саралап оқыту әртүрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік беру.

- саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады.

Жекелеп оқыту технологиясы: Мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс жасайды. Оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста болады. Жекелей оқудың басты жетістігі баланың қабілеті мен оқудың әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

Топпен оқу технологиясы: Бұл сыныпта оқу жұмысын ұйымдастыруда белгілі бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп ынтымақтаса жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бір сабақтың үстінде берілген материалдарды, бір біріне көмектесе отырып толық меңгереді. Топтық жұмыс сабақты ұйымдастыруда жаңашылық алып келеді. Топ мүшелері

мен мұғалімнің арасында, топ мүшелері арасында сенімділік байланыстың орнығуына көмектеседі. Топ ішінде кері байланыс жүзеге асады.

Дамыта оқыту технологиялары: Бұл технологияда Л.В.Занковтың дамыта оқу жүйесі мен Д.Эльконин, В.Давыдовтардың дамыта оқыту технологияларын қолдануға болады. Оқушыны әртүрлі қызметтерге тарту, дискуссия, дидактикалық ойындарда оқытуда пайдалану, сол сияқты есті, ойлау қабілетін, елестетуді, сөйлеу тілін байыту бағытындағы әдіс тәсілдердің бірі. Жеке бас шығармашылығын дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі. Іздену, ойлап табу оқытудың негізгі құралы болады. Бұл технологияда топтық жұмыс әдісі кеңінен қолданылады:миға шабуыл ұйымдастыру-қызмет ойыны, еркін шығармашылық пікірталасы.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы:

- ассоциация;
- бірлестік қызмет;
- көзқарасын талдау мен дәлелдеу, қорғау.


Осының нәтижесінде:оқушының оқуға қызығушылығы артады, өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады, оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

Жеке пәндік технологиясы:Технология мазмұны оқу процесі бала миының танымдық қызметін жан-жақты жандандыра отыра, қызметі мен қатынастары арқылы баланың табиғи ойлауына негізделеді. Бұл да әсерлі сабақтар жүйесіне негізделген технология.

Бағыттары:


- қалыпты білім, шеберлік дағдыны меңгеру;
- ойлау қызметіне математикалық тәсілдерді меңгеру;
- қабілетті балаларды дамыту.

Ал соның ішінде сыни тұрғыдан ойлау көбінесе ашық пікір айтуға, балама шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдасқан әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды көздейді. Оқушы ғылыми тұжырымдамаларға сүйене отырып, сабақта өзгелердің жауабынан ой түйіп, басқаша қырынан танылуынан, әрбір ситуациялық жағдаяттарды жан-жақты қарастыруға белсендік танытуынан көрінді.



1-сурет. Оқушылардың белсенділік таныту мониторингісі.

Ал топпен жұмыс жасау тиімділігі:оқушы шығармашылық деңгейге мұғалім арқылы емес, өз әрекеті арқылы жетеді. Жаңа әдіс-тәсілдерінің ұтымдылығы осында. Жаңашыл технологияларды пайдалану шығармашылық тұлғаны дұрыс қалыптастыруға алып келеді.



*2-сурет. Оқушылардың қарым-қатынас жасау мониторингісі.*



*3-сурет. Оқушылардың жұмыс жасау кезіндегі фотосуреттер.*

Міне, осындай жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қоймай үлкен ізденіспен, шығармашылыққа баулуға болады. Нәтижесінде оқушы: оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдануда білімін шыңдайды, жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады, өздігінен іздену қабілеті ашылады. Ал өзімнің іс-тәжірбиеме келсем, қазіргі кезде жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы мақсатты түрде күткен нәтижеге жетуге болатындығын, тиімділігін әрекетті зерттеу барысында көз жеткіздім.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ж.Садыбекова «Оқу - тәрбие үрдісінде ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі» - 2008 ж. №4;
2. Оқытудың қазіргі технологиялары /Бастауыш мектеп - 2006ж. №5;

*М.Н.Амиртаева*  
*бастауыш сынып мұғалімі*  
*«А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп*  
*– гимназиясы»КММ, Қарағандық.*

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ**

Кілт сөздер: Ыбырай Алтынсарин, ұлы ұстаз, мектеп, оқулық, тәрбие, еңбек, тәртіп, педагогикалық идея, қабілет.

Аннотация: Мақалада Қазақстанда білім беру жүйесінің қалыптасуы, Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесі жайлы айтылады.

Білім беру саласындағы өзгерістер, ұлттық ерекшелікті ескеру, даралап, саралап оқыту бүгінгі буынның басты мәселесіне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, осыдан бір жарым ғасыр бұрын қазақ сахарасында мәдениет пен оқу ағартудың туын көтерген, халыққа қажетті бар байлық, бақыт та, жақсылық та біліммен келетінін насихаттаған, ғылыми еңбегімен де, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау сияқты табанды істерімен де үлгі-өнеге көрсеткен Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларының маңызы ерекше.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ даласында білім беру ісімен кәсіпті түрде айналысқан алғашқы мамандардың бірі. 19-ғасырдың аяғында халықтың рухани дамып, басқалармен терезесі тең болуының негізгі факторы білім екендігіне көзі жетіп, оны іске асыруды ұйымдастыруға белсене араласты.

Ең алдымен, ғалым-педагог халықты дін ықпалынан босатып, ғылыми дүниетанымының қалыптасуын жеделдетуді ұсынды. Дүниетанымы кең адам қоршаған орта мен әлеуметтік-мәдени даму кеңістігінде еркін де батыл қимылдар жасай алады. Сонан соң ғалым-педагог білім беруді ұйымдастырудағы өзінің негізгі принциптерін ұсынды.

Ыбырай Алтынсариннің 19-ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері 21-ші ғасырдың бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін бірде-бір жоғалтқан жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын жаңа мазмұнға ие болып, жаңара, жандана түсуде десек қателеспеспіз. Бұл ғылым мен білім дамуындағы сабақтастықты және дәстүр тұрақтылығын дәлелдей түседі. [1]

Ыбырай Алтынсарин, бізге, ұстаздарға, яғни өз халқының ұрпақтарына сеніп кеткен. Міне, қазір біз Ыбырай атамыздың педагогикалық көзқарастарының қанша уақыт өтсе де жанданып, осы күнге дейін жүзеге асқанын айқын көріп отырмыз.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі оқытуды, негізінен, ана тілінде жүргізді. Сол кездегі белең алған жаттамалары оқуға қарсы шығып, олардың оқыту әдіс-тәсілдерін сынға алды. Зерттеу еңбектерінде, бірінші сатыда тіл-дамыту, екінші сатыда әліппе бойынша оқыту, жазу, салыстыра оқыту, сыныптан тыс оқыту сияқты жүйе бойынша оқыған шәкірттері қысқа мерзімде сауаттанып, тез меңгергендігі айтылады. Орыс тілін меңгертуде аударма әдісін пайдаланып, екі тілде еркін сөйлеу, ойлау, сөзді үйретуден бастауында екен.

Білім беру жүйесіндегі бүгінгі жаңаша бетбұрыс кезінде Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары, әдістемесіндегі көтерілген мәселелер өзінің өміршендігін танытып отыр.

Білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білімнің дамытушылық сипаты, оқушыларды кәсіптік бағдарлау және де тағы басқа ұстанымдар осыдан бір жарым ғасыр бұрын халыққа қызмет еткен Ыбырай шығармаларында көрініс тапқан, педагогикалық көзқарасында ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беруі мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар білім беруді дамытудың өзекті мәселесіне айналууда. Егер балалар берген ақпаратты түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кіналауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кіналағаны жөн. Олар балалармен сөйлескен кезде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық көрсетуі керек деген ой-пікір бүгінгі таңда ұстаздардың ең басты мәселесі. Ыбырай дәстүрі осылайша білім мазмұнын, оқыту әдістерін жетілдіруде кең қанат жайып, молыға түсуде. Асыл қазынаға айналған мұралары бүгінгі таңда оқу бағдарламалары мен оқулықтарға еніп, 1-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі сыныптан тыс жұмыстарда таныстырылып келеді. Бүгінгі таңда маңызды мәселеге айналып отырған отансүйгіштікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуге қызмет етіп келеді.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке көп көңіл бөлген. «Тәртіптің шындыққа айналуы тәртіптілік сезімін тудырады» деген ұлы ұстаз.[2] Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасаған. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген. Ал бұл халық педагогикасында «Тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын келеді. Сондай-ақ тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білуі мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенді ұлы ұстаз жазған. Міне, көзінде аса көрегендікпен көпшілікке ұсынған осы тұжырымдары қазіргі кезде мұғалімдердің қажетіне жарап жүр.

Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарып, сіңеді» деп тұжырым жасайды.

Еңбекті қадірлеу – ұлы ұстаздың шығармаларының басты тақырыбы. Өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастайды.

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің ішіндегі ең шоқтығы биік шығармаларының бірі – «Бай баласы мен жарлы баласы». Қазақ қоғамындағы өмір шындығын, ауыр тұрмыстың ыстық қазанында пісіп, тағдыр тауқиметін көрген кедей баласының еңбекқорлығын баяндайды. Осы шығарманы өткен кездегі басты мақсат Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедей баласының сабырлығы мен көрегендігін, еңбекқор, өмірге икемділігін; бай баласының шыдамсыздығын жинақтай отырып, жазушының айтайын деген ойын, шығарманың идеясын айқын түсіндіру. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде еңбектенсең, талаптансаң мақсат-мұратыңа жетерсің дей келіп, балаға білім берудегі еңбекке



баулудың рөлі өте зор деген ой тастайды. Тәрбиенің қазіргі біз пайдаланып жүрген қай саласын да Алтынсарин еңбектерінен табуға болады. [3]

Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» - қазақ хрестоматиясының беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай атамыз армандаған өнер-білім бар жұртқа – терезесі тең, шаңырағы биік, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендеген емес, қайта балаларды білім бағына шақыра бермек. Ыбырай Алтынсариннің айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі – қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы. [4]

Қазақ хрестоматиясына енген алуан жанрдағы шығармалары мұның айқын дәлелі бола алады. Ыбырай атамыздың әңгімелерінен балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптардың барлығы да, атап айтқанда, туындының көлемінің шағындығы мен қарапайымдылығы, тілінің таза, түсінікті әрі шұрайлылығы, тәрбиелік мәнінің жоғарылығы [1]ғы, оқиғалардың балалардың жасына сай болуы, ой-қиялдың шыныға ашылуы толық көрінеді.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Оқушының табиғи дарынын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, сабақ барысында бірнеше технология элементтерін кезекпен тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ-ұстаздың көп еңбектеніп, көп ізденуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Ыбырай Алтынсарин мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өміршеңдігін байқатады. Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологиялар бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп саралап оқыту, проблемалық оқыту, интерактивті, белсенді оқыту және т.б. осылардың қайсысын алсақ та негізінде Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары жатыр деп айтуға болады. [5]

Қорыта келгенде, ұлыларды заман туғызады деп Гете айтқандай, ағарту саласының ірі қайраткері Ы.Алтынсариннің ағартушылық-идеялық шеберлігін заман талабына сай құбылыс деп қарауға болады. Қазіргі егеменді елеміздің мемлекеттік мәртебе алған ана тіліне деген құштарлықты дамыта түсу бағытында өз жұмысымды төрт бағытта жүргізуге тырысамын. Менің мақсатым оқушыларды шығармашылық жұмысқа жетелей отырып, оларға мәдени, әдеби сөйлей білу нормаларын үйрету; сөздік қорын байыту үшін лексикалық жұмыстар жүргізу; көркем сөйлеуге баулу мақсатында шешендік сөздерді үйрету, өз ойын ауызша-жазбаша баяндай білуге үйрету. Әдебиеттік оқуда ғана емес тіл сабақтарының өзінде халық педагогикасының негізін қалаған Ы.Алтынсариннің, А.Байтұрсынұлының мұраларына көмекке жүгінсек, бүгінгі ұрпақ бойынан жоғалтқанымызды табарымыз белгілі.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1994ж.
2. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы, 1991ж.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2008 ж. №4,5
4. Бес ғасыр жырлайды. Алматы. «Жазушы». 1989 ж. 1 том
5. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Сыздықов Ә.Ы. 1969ж.

*Амирхаирова Г.Ж.*

*учитель русского языка и литературы  
КГУ «Школа-лицей №101», г. Караганды*

## ПЕДАГОГ-ПРОСВЕТИТЕЛЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Современный мир стремительно меняется. Меняются и ценности, которыми мы руководствуемся при обучении и воспитании. Развитие патриотизма, любви к Родине большой и малой остается неизменным спутником воспитания подрастающего поколения.

Хочется вспомнить строки из стихотворения Олжаса Сулейменова « Это кажется мне»

Только в сравнении с малым.  
велик человек,  
только в сравнение с великим  
жив человек.

И это, действительно, так и есть. Мы должны знать историю своей страны, своей семьи. Ведь без знания прошлого не построишь будущее. Воспитывая и обучая детей в школе, педагоги должны стать своеобразным мостиком между прошлым и будущим. Миссия педагога в современное время, когда Казахстан стал независимым государством и ведет свою политику, огромна и бесценна.

Работая с подрастающим поколением, педагоги должны способствовать тому, чтобы дети знали выдающихся деятелей своей страны как яркий пример для подражания.

Одним из ярких представителей казахской интеллигенции является просветитель и педагог, поэт и переводчик Ыбрай Алтынсарин. Это человек, который внес огромный вклад в развитие казахстанского образования, человек, который заслуживает, чтобы о нем помнили, знали, изучали его жизненный путь. Алтынсарин был одним из тех, кто приобщил казахскую степь к миру высоких культурных ценностей.

В своем поэтическом творчестве Ы. Алтынсарин прежде всего обращался к молодежи с призывом приобретать знания, учиться. В знаменитом стихотворении «Давайте, дети, учиться!» поэт пишет:

Давайте же, дети, учиться начнем  
И знания светлые нити навек  
В свою благодарную память вплетем!

Необходимость образования во времена Алтынсарина нужно было доказывать. Трудно было не только открыть школу, но и набрать учеников. Только знания могут сделать человека всемогущим, счастливым. В этом и был убежден великий Учитель.

Как педагог-просветитель И. Алтынсарин огромное внимание уделял значимости и роли школы, а также социальной и нравственной миссии учителя в реализации целей учебного и воспитательного процессов. Он считал, что «...школы - это главные пружины образования киргизов... на них, и в особенности на них, и надежда; в них же и будущность киргизского народа» [2, с. 32]. Ы.Алтынсарин большое значение придавал нравственному воспитанию учащихся, их межличностным отношениям.

И. Алтынсарин – выдающийся педагог-просветитель казахского народа, является родоначальником системы начального профессионального образования в Казахстане, по инициативе которого открывались не только первые школы, но и двухклассные училища и ремесленные отделения при них.

Своей жизнью, своими произведениями, своими мыслями и действиями Алтынсарин доказывал, что гражданское воспитание, формирование гражданственности – одно из условий развития личности. К основным элементам гражданственности относятся нравственная культура, гармоничное сочетание патриотических, национальных и интернациональных чувств. Для успешного решения вопросов, связанных с воспитанием у молодежи гражданственности, необходим комплексный подход в работе.

Сегодня учителя стремятся учить молодое поколение ответственному отношению к истории своей страны, нашей государственности, ответственности за настоящее и будущее Казахстана. Это достигается на уроках, на которых учителя активно внедряют приемы и методы обучения в своей практике для того, чтобы заинтересовать ученика, чтобы ученик

смог применить полученные знания на практике. Он должен быть социально адаптированной и высоконравственной личностью. «Школа не имеет ничего общего с образованием. Это институт контроля, где детям прививают основные навыки общежития», - говорил известный политик Уинстон Черчилль. И действительно, вся программа образования направлена на развитие функциональной грамотности у обучающихся, на воспитание нравственных качеств.

Сегодня именем Ы.Алтынсарина в нашей стране названы улицы, его имя носят школы. В школах функционируют музеи, идет сбор материала о жизнедеятельности Ы.Алтынсарина. Дети пишут исследовательские работы, проекты. И это радует. Ведь жизнь Ыбрая Алтынсарина - это подвиг человека, сыгравшего очень важную роль в судьбе нашей страны.

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. [https://kopilkaurokov.ru/literatura/prochee/znachenie\\_pedagogicheskogo\\_nasledia\\_i\\_altynsarina\\_dlia\\_sovremennoi\\_teorii\\_i\\_pra](https://kopilkaurokov.ru/literatura/prochee/znachenie_pedagogicheskogo_nasledia_i_altynsarina_dlia_sovremennoi_teorii_i_pra)

2. И. Алтынсарин. Избранные произведения. Алма-Ата, 1957

*Ш.Ж. Амирханова ағылшын тілі мұғалімі  
«Көктас ауылының №4 жалпы білім беретін тірек мектебі  
(ресурстық орталығы)» КММ, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы*

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

*Education is the best friend. An educated person is respected everywhere. Education beats the  
beauty and the youth.  
Chanakya.*

Білім беру жүйесі – сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Оқытудың дәстүрлі әдістері ақпаратты есте сақтауға бағытталған. Бұл сыныпта болудың ыңғайлылығын ескермейді. Нәтижесінде ақпарат стандартты түрде, мультимедияға және оқушылармен қарым - қатынастың басқа әдістеріне әсер етпей беріледі. Электронды білім мен ақпараттық технологиялар адамдардың оқу мүмкіндіктерін кеңейтуде

Осыған қарамастан, білім берудегі қашықтықтан технологиялар бұл аймақтың аман қалуына және позициясын нығайтуға мүмкіндік берді. Тыйымдар мен адамдармен қарым - қатынас кезінде инфекция жұқтыру қаупінің нәтижесінде көптеген адамдар интернетті қолдана отырып оқуға көшті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу

үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- модульдік оқыту
- сұрақ-жауап ойындары;
- цифрлық білім беру ресурстары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі; - баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;

Проблемалық оқыту – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге нәтижелерге жету жолдарын, баланың таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Дамыта оқыту – мектеп жасына дейінгі балада білім, білік дағдының қалыптастыруын жоққа шығармайды, бірақ оқыту мен тәрбиелеу баланың дамуын қамтамасыз ететін жағдай болу керек. Дамыта оқыту технологиясы ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде балаларға тәрбиешінің қарапайым ізденгіштік, зерттеушілік іс әрекетін қалыптастыру тән.

Дәстүрлі оқыту – балалардың таным қабілеттері және жас мөлшері шамамен бір деңгейді құрайды. Оқыту барысында жоспарланған тақырып кеңінен түсіндіріледі, балалар сол тақырып бойынша білім, білік дағдыларын игеру мақсатында жұмыс істейді.

Цифрлық білім беру электрондық оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми-әдістемелік зерттеулер құрайды. Цифрлық білім беру міндеті:

- Оқытушының сабаққа дайындығына көмек.
- Оқытушының сабақ өткізу үрдісінде көмек.
- Оқушының үй тапсырмасын орындауда көмек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық — заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», деп атап көрсетті. Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін жаңа модульдік оқыту бағдарламасын жасау халықаралық талаптарға сай және жұмыс берушінің талаптарын анықтайды. Мұндай бағдарлама біріншіден, халықаралық еңбек нарығында Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі белсенді ойыншы болуы, екіншіден білім беру шарттарының сапасына ұсынылатын қатаң талаптар негізінде дайындау сапасын арттыру.[1]

Бұл модульдік оқыту бағдарламасы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін еңбек нарығының талдамасы мен функционалдық талдама негізінде жұмыс берушілермен тікелей және тығыз байланыста жасалған. Қорыта айтқанда, модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу моделі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын

калыптастыратын бірден-бір технология. Басқа салалар секілді, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне де тың технологияларды енгізуге үлкен мән беріліп жатыр.

Менің ағылшын тілі пәні мұғалімі ретінде 14 жылдық тәжірибемде әлі деүлкен өзгеріс үстіндеміз. Заман ағымына сай, күнделікті озып жатқан жаңа технологиямен қатар білім беру жүйесі қарқынды дамуда. Ағылшын тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Ағылшын тілін оқытудағы білімділік мақсаты – шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты – өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауғай алуды қалыптастыру. Оқытушы шеберлігінің өзегі – тіл байлығымызды дәлірек айтсақ, ойды жүйелеуге қажет сөздік қорының деңгейімен және сөйлеу мәдениетіміз бен сабақтас екендігін байқар едік. Ол үшін оқытушы біріншіден, өзі тілді еркін білуі қажет. Пандемияға байланысты былтырғы жылдары онлайн білім беру жүйесі кезінде біршама ұиындқтарға тап болғанымыз шындық. Бірақ интернет заманы дүркнреп тұрғанда ақпаратқа толы ресурстар ішінен өзімізге тиімділерін пайдалануға тырыстық. Сөзсіз ZOOM платформасы аса зор көмегін тигізді.



*Zoom арқылы өткен сабақтың көрінісі*

Сол сияқты сабақтарымда әсіресе жоғарғы сынып оқушыларына өте пайдалы сайт Sci Hub. Сан алуан тақырыптардағы әлемдік ғылыми мақалалардың қоры. Мұнда әр түрлі тақырыптарда, қандай да болсын тілде аударылған мақалалар тауып алуға болады.[2]



#### *Sci-hub сайты*

Сондай ақ бұрыннан оқушылардың шығармашылығын дамытуда, әр сабақты түсінікті әрі көрнекі пайдалану үшін қолданылатын Power Point программасын оқушылар жетік меңгеріп өз беттерінше слайдтар жасай алады.



Оқу процесінде жеке тұлғаның білікті маман етуге бағытталған оқыту тәсілдерін озық тәжірибемен сабақтастыру бүгінде күн тәртібіне шықты.

Өйткені, белгілі бір оқу орнын бітіріп шыққан түлектің алған білімі жұмыс берушінің талабымен сәйкес келе бермейді. Ақыры, сол маманға мұқтаж

#### *оқушылардың жұмыстары*

болып отырған жұмыс беруші жас кадрды қайтадан даярлап, оқытуға мәжбүр. Бесасап жұмысшы мамандар даярлау – бүгінгі күннің басты мәселесі. Сондықтан да кәсіптік білім беру саласында студенттерді кәсіби мамандыққа үйрету және тәрбиелеуде өндірістік оқыту шеберлері педагог болып саналады. Оқу процесін жетілдіру, оқушылардың қазіргі кезеңдегі технологиялық процестерді меңгеруі үшін өндірістік оқытуда көптеген инновациялық әдәстерді тиімді қолдана отырып, мамандығын жақсы меңгерген, білімін әрі қарай жетілдіріп отыратын білікті де, білімді кәсіби мамандар даярлауға әбден болады деп есептеймін.[3]

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кез келген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады. Мектеп оқушыларына биология пәнінен сабақ өткізу барысында оқыту, тәрбие

беру үрдісінде пәннің мақсатын, мазмұнын дұрыс құруда және қолайлы, тиімді формаларымен әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу- тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. <https://zkoipk.kz/kz/smartconf2018/1-section/4306-conf.html>
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Sci-Hub>
3. <https://articlekz.com/kk/article/23194>

*Қ.А. Амралина қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
К.Байсейітова атындағы тірек мектебіні, Ақтоғай ауданы*

### **Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ КӨП ҚЫРЛЫ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАҢДА ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қандай танымал тұлға болса да,оның соңында қыруар мұра қалса да, ол белгілі бір дәрежеде уақыттық мәнге ие болатыны ақиқат. Мәселен, С.Сейфуллиндей әйгілі қайраткердің «Альбатрос», «Советстан», «Социалистан» поэмаларын да, сюжетті, эпикалық «Көкшетау»поэмасы да уақыттық шеңберге бағынышты.Олар сол уақытқа ғана қызмет етті. Бұл ой-толғамымыз арқылы С.Сейфуллиндей аққу арлы ақынды кемсітуді көздеп отырған жоқпыз,керісінше,одан іс-әрекеттерінің, оның қолынан туған рухани,өнер туындыларының уақытқа көп реттерде тәуелді екенін айтпақ болдық.

Мәселеге осы тұрғыдан келсек, XIX ғасырдағы үш алып бәйтеректің бірі боп табылатын Ы.Алтынсариннің мол мұрасын қазіргі уақыт биігінен бағалағанда, қаншама мерзім өтсе де, уақыттық мәнге бағына қоймаған мұра деп бағалағанымыз абзал. Себебі,төмендегідей мәселелерге ден қойғанымыз орынды. Және бұл айтпақшы боп отырғанымыз кешегі уақытқа ғана емес, бүгінгі уақытқа да қатысы бар өзекті мәселе деп ойлаймыз. Көркем әдебиеттің негізгі зерттеу нысаны өмір шындығы болса, осы өмір шындығы, адам образы арқылы көрініс табады. «Адам – әдебиеттің жүрегі, адам өмірін бейнелеу-әдебиеттің түбегейлі мақсаты.[1] Сонымен,-өзінің ұлтын, халқын сүю жалпы азаматты сүюге алғышарттар жасайды. Ол ауқымын ұлғайта келе, Абай айтқан толық адам тұжырымдамасына (концепция) яғни үш имандылыққа бастайды (үш сүю: адамның адамды, Алланың адамды,адамның Алланы сүюі) соған алғышарттар жасайды. Демек, сол сүюді,шексіз махаббат пен сүйіспеншілікті болмысына сіңірген жан ғана ұстаз атанады. Ол өзін мұғалімдікке білім беруші қызыметіне, тәрбиешілік ұлы мәртебелі лауазымға арнайды. Кеше беймезгіл заманда Ы.Алтынсарин, алаш арыстары А.Байтұрсынов (Ыбырай мектебінің түлегі, Ұлт ұстазы атанған тұлға), М.Дулатов, М.Жұмабаев т.б өздерінің қасиетті парызы тәуелсіздік үшін күрес деп есептейді және сол қасиетті парызды білім беру, ағарту, тәрбиелеу сияқты міндеттермен біртұтас күйде қарастырады.

-Ы.Алтынсариндей тұлғаның мұрасы жасампаздық санатқа толы екенін оның мына хатынан аңғаруға болады. Миссионер Н.И.Ильминскийге ол: Қазақ даласын үш жылдай аралаған Сіздің қазақ халқы ұғымтал,ақылды, дарынды бірақ оқымаған халық дейтініңізге мен сенемін.Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де жақсылық табамыз. Бұл жерде өз халқын есі кете шексіз сүйген тұлғаның ішкі әлемі, барша адами ажары, кісілік келбеті қазіргі оқу және тәрбиелеу үдерісінде ерекше пайдалануды керек деп есептейміз;[2]

-Ы.Алтынсарин өз халқының аса мол әрі рухани,ақыл-ой,сана әлеуетіне табиғи дарын, талантына ерекше сенді. Демек, ол ағартушы, педагог шебер тәрбиеші ретінде елінің

болашағын, оның жарқын да қамсыз болуына алғышарттар жасайтындар жастар деп білді. Ал, оларды елінің болашағына қызмет ететін тұлға ретінде тәрбиелеу, оқыту оқу орнының мұғалімдеріне тікелей байланысты деп ескертеді. Ал, бұл айтылғандар қазіргі таңда барша ұстаздардың Ы.Алтынсарин мұрасын игеру мен бүгінгі күн биігінен бағалауда басты назарда болуы аса қажет дегіміз келеді;

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы Орынборда басылып шыққаны мәлім. Автор бұл оқулықтың қазақ балалары үшін тұңғыш еңбек екенін айта келе, тек балалар үшін ғана емес, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап болуын мақсат етіп жазғанын айтады. Сірә, осы жайтты ұлы ағартушы мұрасын игергенде, басты назарда ұстауымыз қажет деп ойлаймыз. Неге десеңіз, бәрі демей-ақ қояйық мектеп оқулықтарын көп реттерде сынға ұшырап жататыны жасырын емес. Тіпті өзгесін айтпағанның өзінде мектептің бастауыш сыныбы үшін киелі де қасиетті боп табылатын «Әліппеден» біраз уақыт қол үзіп қап, енді ғана қайтарып алып жатқанымызды айтсақ та жеткілікті шығар?!

Егер Ы.Алтынсарин мұрасын игеру бүгінгі оқу-тәрбие үдерісіне ұласса, дәстүр сабақтастығы мен жалғастығын жүзеге асырар күшті тетік болатыны және салыстырмалық қағидасын жетік меңгергендік болар еді. «Біздің балаларымыз-еліміздің және әлем азаматтарының ертеңгі болашағы. Олар тарихты жасайды.[3]

Ы.Алтынсарин көркем әдебиетті қоғамдық құбылыс ретінде бағалады. Бұл сөз жоқ, Абайдың шығармашылығындағы негізгі ұстаным, тұжырымдамасымен шебер ұштасып жатыр. Айталық, Абай «Есіл сөзім қор болды-ау....» деп неге күңіренеді? Ол көркем сөз өнері арқылы адам бойындағы кірден арылтып, рухани жаңғыртуды көздеді;

Ыбырай көркем әдебиетті адам-қоғам-сана ұштағаны ауқымында қарастырды, себебі, бұл үшеуі бір-бірімен етене жақын, тығыз байланысты ұғымдар. Адамдар тобы қоғам деп аталады, ал қоғамның қарқынды болып өркендеуі үшін адам санасының жетекші рөл атқаратынына баса айтады. Сананың дамуы, кемелдікке ұласуы адам бойындағы даналық, ақыл, парасат ұғымдарымен тығыз байланысты. Ендеше, әйгілі ағартушының мұрасын қазіргі заманауи кезеңде меңгеру оның шығармашылығындағы емеурін, шартты айқын аңғартса керек дегіміз келеді.

Әрине, Ы.Алтынсариннің сан-салалы мұрасын ықшам еңбекте толықтай қамтып, егжей-тегжейлі сараптау мүмкін емес, біз тек өзімізге бүгінгі күннің өзекті деген мәселелеріне қатысты Алтынсарин еңбектерінің маңызына ғана тоқталуды мақсат тұттық.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. М.Қаратаев Таңдамалы шығармалар Алматы:Жазушы,1974
2. Ә.Қоңыратбаев Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы:Санат,1994
3. Ш.Күмісбайұлы Балалар әдебиетіне деген ықыласты күтемін//Қазақ әдебиеті-2007

*Андреева А. В. учитель начальных классов  
КГУ «Женская гимназия», г. Темиртау*

### **МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ТРИЗ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИННОВАЦИОННОЕ СРЕДСТВО АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА**

На современном этапе в практике обучения наблюдается противоречие между снижением познавательного интереса детей к учению и требованиями современного общества к повышению качества образования. [1] Данное противоречие позволяет сформулировать следующую проблему: как построить работу на учебном занятии, чтобы поддержать познавательный интерес и повысить познавательную активность учащихся. Одной из методик,



направленных на активизацию познавательной деятельности учащихся, является методика ТРИЗ – теория решения изобретательских задач. Несмотря на то, что данная теория известна достаточно давно, считаю и сейчас ее актуальной, так она в совершенстве способствует развитию основных мыслительных операций: сравнение, обобщение, умозаключение; пробуждает интерес к решению проблемных, познавательных задач; учит мыслить оригинально и нестандартно. [2]

Методику ТРИЗ можно назвать школой творческой личности, поскольку её девиз – творчество во всем: в постановке вопроса, в приёмах его решения, в подаче материала. Основная идея состоит в том, что новые знания не даются в готовом виде. Дети «открывают» их сами в процессе самостоятельной исследовательской деятельности. Учитель должен организовать исследовательскую работу детей, чтобы они сами додумались до решения проблемы урока и сами объяснили, как надо действовать в новых условиях. Так же хотелось отметить, что если посмотреть на то какие компетентности формирует ТРИЗ – технология, можно сделать вывод, что мы видим большие возможности для формирования функциональной грамотности:

- развивает умение работать с информацией (отбор, использование, обработка),
- помогает находить варианты правильного решения проблемного вопроса,
- тренирует творческое и креативное мышление.

В начальной школе используются в основном приемы и методы с применением элементов ТРИЗ, направленные на интенсивное развитие интеллектуальных способностей учащихся. Для реализации эксперимента разрабатывались и применялись на практике уроки, занятия в системе дополнительного образования, которые включали в себя методы ТРИЗ. Находясь в постоянном поиске различных приёмов ТРИЗ –технологии, постепенно сложилась своя система использования задач, которые позволили не давать готовые знания и истины, а научить детей их находить в игровой форме.

Для каждого этапа урока можно использовать свои ТРИЗ – задачи.

На этапе актуализации знаний учащихся эффективно использование методического приёма - «Сужение поискового поля».

Здесь используется игра «Да – нетка». Вопросы учащимися построены таким образом, чтобы можно было ответить только «да» или «нет». Один из вариантов этой игры, является приём «Я беру тебя с собой». На уроке естествознания, при изучении темы о ЗОЖ, ученикам дана такая задача: «Я собралась в путешествие. Собираю чемодан и беру с собой объекты, которые чем-то похожи. Угадайте, по какому признаку я собираю предметы. Для этого предлагайте мне объекты, чем-то похожие на мой, а я буду говорить, могу ли я взять их с собой. Итак, я беру с собой морковку. А что у вас?»

Данные игры формируют умение систематизировать информацию, объединять объекты по общему значению признака; определять имя признака, по которому объекты имеют общее значение; сопоставлять, сравнивать большое количество объектов.




Рисунок 1

Для обобщения полученных знаний, создания краткой характеристики изучаемого понятия, сравнения его с другими сходными понятиями используется приём «Создай паспорт». На рисунках 1 и 2 представлены паспорта по русскому языку и литературе. Данная модель служит для систематизации, обобщения полученных знаний; для выделения существенных и несущественных признаков изучаемого явления; создания краткой характеристики изучаемого понятия, сравнения его с другими сходными понятиями. Это универсальный прием составления обобщенной характеристики изучаемого явления по определенному



плану. Он также способствует развитию умения работать таблицами и схемами, что необходимо для развития функциональной грамотности.



Басня И. А. Крылова «Стрекоза и Муравей»

Создай портрет героев

ИМЯ _____	ИМЯ _____
СОЗДАТЕЛЬ _____	СОЗДАТЕЛЬ _____
ПРОПИСКА _____	ПРОПИСКА _____
ВНЕШНИЙ ВИД _____	ВНЕШНИЙ ВИД _____
ГДЕ ВСТРЕЧАЕТСЯ _____	ГДЕ ВСТРЕЧАЕТСЯ _____
ЗАВЕТНОЕ ЖЕЛАНИЕ _____	ЗАВЕТНОЕ ЖЕЛАНИЕ _____
ЛИЧНЫЕ КАЧЕСТВА _____	ЛИЧНЫЕ КАЧЕСТВА _____

Рисунок 2

Говоря о ТРИЗ - задачах необходимо обратить внимание на приёмы направленные на активизацию воображения и развитие творческого потенциала. На уроке математики, при изучении темы: «Монеты. Купюры», ученикам задаётся вопрос: «Почему монеты круглой формы?» (рис.3)

**ПОЧЕМУ МОНЕТЫ КРУГЛЫЕ?**

История человеческой цивилизации сохранила для нас монеты разных форм - прямоугольные, овальные, квадратные, в виде капли, сердца, крутящи с отверстием посередине (кстати, зачем оно?).

Но самой распространенной формой является круглая плоская монета.

Почему круглая форма является самой распространенной?

Какие есть преимущества у круглых монет перед, например, квадратными?

Рисунок 3

В 3 классе по теме «Воздух. Свойства воздуха», после просмотра обучающего мультфильма «Почему пингвины не мёрзнут босиком?», использовали приём «Фантастическая добавка». Ученикам был задан вопрос: «Представьте, что в Антарктиде минимальная температура понизилась еще на 10 градусов, что смогут «придумать» пингвины, чтобы выжить в таких условиях?»

Диапазон творческих задач, достаточно широк от фантастический животных, до создания собственных созвездий, до фантазирования, как выглядит глагол. Вот здесь-то и требуются особые качества ума, такие, как наблюдательность, умение сопоставлять факты и анализировать, комбинировать, находить связи и зависимости, закономерности. (рис

Рисунок 4

**Приёмы фантазирования**

<p>Русский язык: 3 класс</p> <p>Тема: Глагол</p> <p>ГЛАГОЛ</p> <p>- Пофантазируйте, как выглядит глагол</p>	<p>Естествознание 3 класс</p> <p>Тема: Воздух. Свойства воздуха.</p> <p><a href="https://youtu.be/BoZYN1_Bw0c">https://youtu.be/BoZYN1_Bw0c</a></p> <p>Фантастическая добавка</p> <p>- Представьте, что на Антарктиде минимальная температура понизилась еще на 10 градусов. Что смогут «придумать» пингвины, чтобы выжить в таких условиях?</p>
---	--

Применять ТРИЗ - задачи можно не только на уроках, но на факультативах в системе дополнительного образования. Вот таких занятиях, у детей, когда они не ограничены рамками урока и начинается фантазии. Просматривая ТРИЗ - мультфильмы, где поставлена проблема, ученики ее решают. Через практическую работу: наряжают ёлку, из подручных средств; пишут письмо Деду Морозу на необычных предметах, изготавливают звездоскопы. (рис.5)

Рисунок 5



на полёт

ТРИЗ  
интерес, так  
учащимся


знания.

С целью

применяемых  
диагностика:

познавательной активности младших школьников». Цель диагностики: Оценка степени выраженности познавательной активности младших школьников. [3] Для обработки результатов исследования и получения количественных показателей были выделены три уровня сформированности познавательной активности: низкий, средний и высокий (диаграмма 1)

Диаграмма 1 «Выявление уровня сформированности познавательной активности»



Полученные результаты позволяют сделать вывод, что у большинства учащихся средний и высокий уровень познавательной активности. Результаты проведенного педагогического эксперимента подтвердили нашу гипотезу о том, что успешному развитию познавательной активности учащихся способствует систематическое и целенаправленное использование на уроках заданий, направленных на развитие познавательной активности, применение на уроках

Перечисленные приемы  
помогают пробудить  
как дают возможность  
рассуждать,  
анализировать, творить,  
самостоятельно добывать

определения  
эффективности  
методов, была проведена  
«Определение уровня

приёмов и методов ТРИЗ-технологии. Таким образом, главная цель ТРИЗ в школе – целенаправленное развитие творческого системного мышления. Эта цель может быть реализована посредством применения инновационных приемов ТРИЗ.

### **ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:**

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020– 2025 годы.
2. Хижнякова О.И. Современные образовательные технологии в начальной школе. Педагогический практикум для учителей начальных классов, 2006.
3. Шукина Т.И. Актуальность проблемы активизации учебно-познавательной деятельности.

*С. Ануар, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
«Әлімхан Ермеков атындағы мектеп – лицейі» КММ*

### **МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ**

«Адамды адам еткен – кітап,  
адамзат еткен кітапхана»  
Әбіш Кекілбаев.

«XXI ғасыр мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі – кітапхана» деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, жер бетіндегі әрбір адамзат рухани тәрбиенің негізін кітапханадан алатыны сөзсіз. Адамзат баласының өсіп-өркендеуі, қоғамның дамуы кітаппен тығыз байланысты. Кітап – өмірді танып-білудің жолы, белгілі бір ғылым саласындағы таным – білімнің жиынтығы, адамның жаратылыс сырын, өмірдің мәнін, ақиқат жолын білу жолдары. [1]

Елбасының «Елдің ертеңін ойлау қажет. XXI ғасырда білімсіз өмір сүру мүмкін емес, халықты сауатты да, салауатты өмірге бағыттауымыз керек» деген сөздері жеткіншектерге білім мен тәрбие берер адамдарға міндеттелген тапсырма тәрізді. Қазіргі таңда жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің сапалы болуы бірінші орында тұрғаны бәрімізге аян. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани орда мектеп кітапханасының білім берудегі алар орыны орасан зор. Оқу процесін қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті орын мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасы тек қана оқушыларға ғана қызмет көрсетіп қоймай, сонымен қатар мұғалімдерге де қызмет көрсететін орын болып табылады. Қазіргі таңда мектеп кітапханасы заман талабына сай даму деңгейінде болып, мектептің өркендеуі мен қалыптасуына, балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беру мен оқытуда үлкен көмек беруі керек. Кітапхана оқулықтан басқа, кітаптан тыс көркем әдебиеттен бастап баспа түріндегі немесе электрондық ақпараттар түріндегі әртүрлі кітаптарды, ақпарат көздерін пайдалануға көмектеседі.

Қазіргі ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда еліміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беруде оқытудың озық технологияларын меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Бұл үрдістен мектеп кітапханасы да қалыс қалған жоқ. Білім саласын ақпараттандыруға байланысты «Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының ортақ білім беру жүйесін дамыту мақсатында», -деп көрсетіліп, [2] 1997 жылғы 22 қыркүйектегі ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың «ҚР президентінің Қазақстан Республикасы орталық білім беру жүйесін ақпараттандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы туралы» № 3645 бұйрығы бекітілді. [3] Сонымен қатар мекемелер жүйе арқылы «Интернет мектепке» бағдарламасына сәйкес компьютерлендірумен бірге мектепті сатылап интернет жүйесіне қосу процесі жүзеге асты. Кітапхананы электрондық медиатекаға айналдыру жыл өткен сайын дамуда.

Қоғамымыз уақыт өткен сайын виртуалды әлем кеңістігіне кеңірек еніп келеді. Бұл процесс мектеп кітапханасын да айналып өткен жоқ. Электронды кітапхана арқылы кітап оқуды іске асыруға болады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының «Қазіргі заманғы қазақ әдебиеті» жобасы бойынша онлайн режимінде қазақ әдебиетінің шығармалар қорымен оқырмандарды таныстырады. Бұл дегеніміз сіз кітапханаға бармай-ақ кез-келген жерде өзіңіздің сүйікті шығарманызды оқуға үлкен мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ақпараттық технология кітаптарды ығыстырып бара жатқандай болып көрінеді. Елбасымыз елдің рухани байлығын көтеру мақсатында көптеген игі істер атқаруда. Әсіресе кітапхана сияқты мәдени орталықтарға көп мән беріп отыр, жас ақындар мен жазушылардың кітаптарын шығаруға жағдайлар жасау, ескі жәдігер кітаптардың тиражын көбейту, балаларға арналған кітаптар қорын кеңейту, ғылыми орталықтармен тығыз байланыста болу. Ондағы мақсат – оқушылар кітапхананың қызметін түсінсін, игерсін, рухани қабілеттерін дамытсын деген ой жатыр.

Алайда кітапты ешқандай жаңа технология ығыстыра алмайды. Себебі адамның жан-дүниесін, арамандары мен сезімдерін, психологиясын кітаптай ешнәрсе жеткізбейтіні анық. Сол себепті де кітаптар әрдайым басты рухани байлығымыз болып қала бермек.

Кітап, кітапхана бұл сөздер бір-бірімен тығыз байланысты егіз ұғымдар. Кітап дегеніміз – баспадан түптеліп шығарылған мәдени рухани қазына. Кітапхана – көпшілік тұтынуына керекті кітаптар сақталып тұратын мекеме. Бұл – нақты ғылыми тұжырымдамалар. Екінші жақтан алып қарасақ, кітап дегеніміз – ақиқат дүниені, өмірді танып білудің жолы, белгілі бір ғылым саласындағы таным-білімнің жиынтығы, адамның жаратылыс сырын, өмірдің мәнін, ақиқат әлемді, рухани ақпаратты білу жолдары.

Мектеп кітапханалары – ақпараттық, мәдени-ағартушылық, ғылыми-зерттеушілік мекеме болып қалыптасуы керек.

Оқушы жастарымыз қазіргі заман талабына сай ғылым жаңалықтарынан хабардар, өткен тарихымызды білетін, өнерлі болуы қажет. Ол үшін кітапты көп оқу керек. Жас жеткіншектің санасында ана тіл мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеу, салт-дәстүрін құрметтей білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде.

Мектеп оқушыларының негізгі пәндер бойынша тапсырмаларды орындауда, қосымша мәліметтер алуда мектеп кітапханасы көмекке келеді. Мектептің 5 – 11 сынып оқушылары ғылыми жобалар жазуға, олимпиадаларға дайындалуда, реферат, слайд, шығарма жазуға кітапхананың кітап қорын және интернетті үнемі пайдаланады. Осындай шығармашылықпен айналысу арқылы оқушылардың сауаттылығы артады. Білім берудегі негізгі міндеттердің бірі – оқушылардың ақпараттық мәдениетін көтеруді жетілдіру, олардың оқу дағдыларын меңгеруіне, өз бетінше білімін тереңдетуіне ықпал жасау. Білім саласының жаңа жетістіктеріне қол жеткізетін маңызды ақпараттық ресурстар орталығы ретінде мектеп кітапханасының кітапханалық кеңістікте алатын орны ерекше. Мектеп кітапханасы біріншіден, оқу үрдісін қажетті ақпараттармен және құжаттармен қамтамасыз ететін болса, екіншіден, ол арнаулы кітапхана, үшіншіден сол мектептің бүкіл педагогикалық жұмысын, мектеп оқушыларын мектеп бағдарламасына қосымша және бағдарламадан тыс ақпараттармен қамтамасыз ете отырып, көпшілік кітапхана қызметіне де жақындайды. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, белсенділігін, қызығушылығын арттыруда қолданылатын төмендегідей әдіс-тәсілдерге тоқталсақ.

1. Арнайы бір тақырып аясында пікірталас тудыру;
2. Оқушының ойлау қабілетін дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (Сөзжұмбақ, ребус, құрастырмалы ойындар т.б)
3. Берілген тапсырманы түсіндіру бағытындағы жұмыс (Мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру);
4. Әңгімеге ат қою, бөліктерге бөлу, әңгіменің ұқсастығын салыстыру);
5. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту;
6. Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру;
7. Кейіпкерге хат жазу;

Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру. Кітапханада ұйымдастырылған үйірме және клубтағы жұмыстар еріктілік ұстанымына құрылады, балалардың өз әрекеттері мен ықыластарын арттырады. Осы орайда Ә.Ермеков атындағы мектеп – лицейінің кітапханасында «Кітап – білім бұлағы» үйірмесі жұмыс істейді. Мақсаты, оқушыны оқырман ретінде қалыптастыру. Сонымен қатар көркем мәтінді талдауға, туындының тақырыбы мен негізгі ойын ашуға, ақын ойының астарын ұғуға ұмтылдыру жұмыстары жүргізіледі. Аталған жұмыстың түрлері арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту, сөз саптау дәрежесін арттыру, өлең шығаруға баулу, өз ойларын емін – еркін жеткізуге үйрету. Өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ізденіс жұмыстарына бейімдеу, танымдық қабілеттерін дамыту. Үйірме мүшелері атаулы мерекелерге байланысты суре салу, атаулы даталарға байланысты ақын не жазушы шығармасын насихаттау мақсатында өлеңдер және шығармадан үзінділерді мәнерлеп оқудан сайыстар өткізеді. Сонымен қатар мектебіміздің кітапханасында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту мақсатында түрлі шаралар, әдеби кештер, оқулар, дөңгелек үстелдер дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. «Бір отбасы – бір кітап», «Кітапханаға кітап сыйла» атты акциялар оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға, шығармашылық, рухани қабілеттерін дамытады.

Қорыта айтқанда, қазіргі қоғамымыздың дамуына қарай ақпаратты жан – жақты алу аудио, видео, интернет жүйесі арқылы мүмкіндік туғанымен кітапхана арқылы әдеби кітаптарды оқи отырып, алған білім мен сауаттылықтың орны ерекше. Ғылым мен білімнің негізі болып табылатын кітап пен білім ошақтары – бірінен – бірі ажырамайтын рухани қазына. Себеб оқу-тәрбие үрдісіне кітаптың қосар үлесінің өлшеусіз екені ақиқат. Мектеп кітапханасы – мектептің жүрегі, бір бөлігі.[4]

Жаңа заман компьютер дәуірі болғанымен рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның келер орны – кітапхана. Сондықтан да мектеп кітапханасын білім беру мекемелерінің ақпараттық орталығы деп айтамыз.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Мектептегі кітапхана /Республикалық ғылыми әдістемелік педагогикалық журнал, № 5, 2009 жыл.
2. Қазақстан мұғалімі / Республикалық газет, 5 ақпан, 2012 жыл.
3. Қазақстан мұғалімі / Республикалық газет, 12 қаңтар, 2010 жыл.
4. Мектептегі кітапхана /Республикалық ғылыми әдістемелік педагогикалық журнал № 1, 2015 жыл.

*С.С.Арыстанова*  
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*  
*«№101 мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.*

## **КЕЛЕШЕКТІҢ КІЛТІ - КІТАПТА**

Кітап!..

Осынау бір ғана сөзге мына ақ зер әлемдегі қаншама адам қарыздар десеңізші! Олай деуімізге себеп – дүниедегі барлық ілім мен білімнің, ғылымның кітаптан бастау алатындығында. Білім – дүниенің кілті. Білім дегеніңіз – ғылым. Ғылым дегеніңіз – электроника, теледидар, ғарыш... Адамзат ұрпағының қазіргі бүкіл рухани, ғылыми-техникалық игілігі осы білімнен тамыр тартқан. Мектеп – білім бастауы; кітап, кино, жоғары оқу орындары, радио, теледидар, баспасөз – қазіргі заманда қай елдің, қай халықтың болмасын ұлттық мәдениетінің негізін қалайтын, мерейін өсіріп, шаңырағын көтеретін ұлы тірегі. Ақылды кітап қашан да адам тәрбиесіне қызмет еткен. Адам тағдыры толғандырып, есімі

тарихқа алтын әріппен жазылған заманымыздың ғажайып педагогтарының бірі, ауыл мұғалімі В.А. Сухомлинскийдің жеке меншік қорында он мың кітабы болған. Өз шәкірттерін тәрбиелеу үшін, адамгершілік үлгісі, ақыл-ой даналығы үшін қарапайым ұстазға рухани асыл мұрамен суарылған жан-жақты білімдарлық ауадай қажет еді. [1] Кітап оқу – өнер. Әр адам өз мамандығына орай, жалпы қызығатын, құмартатын тақырыбына, талғам-талабына, қабілетіне қарай толассыз шығып жатқан қыруар өнімдер тізбегінен қажетті кітаптарын таңдай білуінің өзі – өнер. Мүмкіндігінше кеңірек қамтып, көп оқу, тынымсыз оқу парыз, әрине. Бірақ біздің заманымызда, әсіресе дәл қазіргі қомдасқан қауырт кезеңде ғасырлар бойы адамзат ақыл-ойы тудырған қисапсыз рухани байлықты түгел санаңа сіңіріп, жан-жақты білімдар болу оңай шаруа емес. Мұндайда тек талғам таразысы ғана сүбелі сөзін сұрыптай алады.

Жасырын емес, қазіргі уақытта ең көп еститін сөзіміздің бірі – жастардың, мектеп оқушыларының кітапқа деген қызығушылығының төмендігі. Ал, кітап оқымайтын адамның ой-өрісінің даму деңгейі төмен болатындығын ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген. Расында, кітапты оқымағанан кейін көптеген жастардың сөз қоры аз, сөйлеу мәнері төмен. Бірақ белсенді жас досымнан сұхбат алғанда ол мынадай пікір білдірді: «Қазіргі кезде кітап оқымайтын басты себеп: ол әлеуметтік желілер. Яғни жастардың уақыт үнемдегісі келеді, осы тұста кітапты оқитын жастар өте аз. Мен кітап мүлдем оқымайды деген пікірді айтып тұрған жоқпын, бірақ кітап оқыса да қазіргі кездегі қиял әлеміне кеткен жанрда көп оқиды». Осы тұста [inform.kz](http://inform.kz) сайтында өз пікірін қалдырған Ұлмекен Сатымқызы, психология ғылымдарының кандидаты, БЖҒМ-нің доценті, ҚазПУ-дың білім беру психологиясы және әлеуметтік коммуникация кафедрасының меңгерушісі: «Бүгінгі жастардың кітап оқуға құмарлығы төмен екендігі күмән тудырмайды. [2] Жаһандану заманында бұқаралық ақпараттар ағымы толассыз ағылуда. Бұл мәселені бір жақты қарауға болмайды. Бүгінгі жастардың психологиясы бұрынғыдан мүлдем өзгеше. Экономиканың үлкен қарқынмен дамуы әр адамның өзін-өзі материалдық жағынан қамтамасыз ету қажеттілігін тудырады. Адамның материалдық жағдайды ойлауы бірінші орынға шығып, оның рухани байлықты игеруге деген ынтасы кеміді. Ата-ана да баласын ішсін, жесін, мәртебесі биік болса деп тәрбиелейді. Яғни батыстың индивидуалды психологиясы әрбір жастың бойына сіңеді. Қазір ақпаратты тек кітаптан ғана емес, ғаламтор көздерінен, бұқаралық ақпарат құралдарының ақ алуға болады. Бүгінгі баланың қолында I Pad, Planshet, I Phone және тағы басқа электрондық құралдар өте көп. Мұның өзі кітап оқу үрдісін алмастыра алады, бірақ бұл баланың қоғамда әлеуметтенуіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан қазір ұжымдастырудан гөрі индивидуализация психологиясы басым. Бұл заман ағымы және өмірлік талап, адам санасы қоғамдағы болып жатқан өзгерістермен тығыз байланысты. Толассыз келіп жатқан ақпараттардың сана өрісінен өтуі екіталай. Бірақ XX ғасырда жастар кітапты қолдан-қолға тигізбей оқыған болса, XXI ғасыр жастарының классик жазушылардың кітаптарынан тәрбиелік және рухани байлықты алу жағы жеткіліксіздеу. Дегенмен, қазіргі жастарды кітап оқуға баулу керек деп ойлаймын. Ол отбасында мектепте, жоғары оқу орындарында үрдіске айналуы керек. Мәдениетті адам болуы үшін бірнеше тілді игеру әрі рухани байлық кітапты дәстүрлі оқи алатындай болуы керек». Ақын Иосиф Бродский: «Егер бір адам кітап оқымаса, бұл оның өз қасіреті, ал миллиондаған адамдар кітап оқымаса, тұтас бір ұлттың қасіреті», — деген екен. Ал, қазір біз ұрпаққа түкке тұрмайтын кітаптарды оқытсақ, онан біз не ұтамыз, керісінше ұтыламыз. Шекспир айтпақшы «Кітап маған тақтан да артық».

Жас ұрпақтың бойына тәрбие негіздерін сіңіртудің ең тиімді жолы -жастар бойына кітаптың пайдасы мен қызметі туралы мәліметтермен жиі таныстырып отыру. Сол мақсатта атқарылатын жұмыстар – мектептегі пән мұғалімдерімен тығыз байланыста болу, мәліметтерді кітапханаға барып, кітаптардан іздеуге дағдыландыру, әр түрлі іс-шараларды жиі ұйымдастыру, оған мектеп оқушыларын тарту, кітапханамен көп байланыс жасайтын оқырман арасында жарыстар ұйымдастыру, жеңімпаздарды марапаттау. Қала және облыс көлемінде кітап оқуға байланысты атқарылатын іс шараларға оқушыларды тарту, қала көлеміндегі кітапханаларға саяхаттар жасау, «Досыңа кітап сыйла» акциясына жастарды бір кісідей ат салыстыру. Міне осындай жұмыстар бір ізге салынса, кітапхана оқырмандарының саны көбейе

түсері сөзсіз. Кітапты көп оқыған оқушыдан сөздік қоры мол, сөйлеу тілі жатық, өз ойын көркем әдеби тілмен жеткізе білетін, көкірегі ояу сауатты жас шығары анық. Өз тілін жақсы меңгерген жас басқа тілді де тез меңгереді және де әр түрлі тілде жазылған көркем шығарманы оқу арқылы баланың өмірге деген түсінігі молая түседі.

Мектеп оқушыларының кітапқа деген қызығушылығын арттырудың бір жолы – ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарын, шығармаларын насихаттау мақсатындағы түрлі іс-шараларды көбейту. Мәнерлеп оқу байқаулары, тағы да басқа шаралар жүйелі түрде жүргізілсе, жеңімпаз оқушылар лайықты түрде марапатталса, басқа оқушылардың да кітап оқуға деген қызығушылығы арта түсері сөзсіз. Сонымен қатар жергілікті қаламгерлермен кездесулер ұйымдастыру да өз жемісін берері сөзсіз. Баспадан жаңа шыққан кітаптарды таныстыру, балалар әдебиеті туралы түсінік беру де оқушылардың таным көкжиегін кеңейтері анық. Тағы бір ескеретін жайт – оқушыға бала деп селсоқ қарамай, олармен бірге оқуға, қажет кезде пікірлесуге тырысу. Осындай елеусіз жағдайлардың өзі жас оқырмандардың жанына әсер етуге үлкен әсерін тигізеді. Жоғарғы сынып оқушылары үшін түрлі тақырыптарға пікірталас ұйымдастыруды да күн тәртібінен түсірмеген жөн. Пікірталастың тіл байлығын қажет етері белгілі ғой. Ендеше, пікірталасқа қатысушылардың өздері-ақ сөздік қорын молайту үшін кітапқа жүгінері хақ. Оқушы негізінен уақытының көп бөлігін өз отбасында өткізеді. Сол себепті оқушының ата-анасымен де байланысты күшейту керек. Ата-ана үйдегі баласына кітап туралы дұрыс бағыт беріп, оқушымен бірге оқыса, мектепте кітапханашы өз жұмысын тиянақты атқарса, онда бұл жұмыстың жемісті боларына сөз жоқ. Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың дамуының арқасында электронды кітапхана пайда болды. Жалпы, электронды кітапханадан оқырман өзіне қажетті дүниені тез табады. Ол үшін бұрынғыдай аяқтан тозып кітапханаларды аралаудың қажеті жоқ. Бар болғаны интернет көзінің қолжетімділігі жетіп жатыр. Осы арқылы кез-келген бағыттағы кітапқа қол жеткіземіз. Сонымен қатар, электронды кітапханадан кітаптардың, анықтамалықтардың, журналдар мен сөздіктердің электронды нұсқасын тегін жүктеп алуға болады. Бұл – заман талабының бір бағыты. Ал, бұл бастаманың негізгі идеясы адамдардың жағдайын жақсартып, оларға қолжетімділікті арттыру. Электронды кітаптың ыңғайлы түрінің бірі – «мобильді кітапхана».

[3] Бұл қосымшаны смартфонға жүктеп алуға қолайлы. Яғни, қалта телефонындағы Play Маркеттен «куеркод» қосымшасын жүктеп алып, керекті кітапты оқуға мүмкіндік бар. Электронды кітап – бір ғана кітапты емес, бүкіл кітапхананы алмастыратын электронды құрылғы. Оны пайдалану өте ыңғайлы. Кез-келген адам өзіне керектіні алып, тіпті, қай шрифтпен оқитынын да таңдай алады. Ең бастысы – кітап үнемі қалтаңда жүреді. Бұл да оқушыны кітапқа «жақындатудың» бір жолы. [4]

Әр ұлттың, елдің келешегі мен болашағын баян еткен, тарихы мен өткенін жыр еткен де - кітап болатын. Сондықтан да, "кітап әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі", - дейді Горький. Онда біз әлі білмейтін, естіп оқымаған қыр-сыры көп. Оны тек кітаппен дос болған адам ғана құпиясын ашып, ғажабын танып біле алады. [5] Ғаламдық мәдениеттің бір бөлігін кітап құрайды. Кітап оқу – білімге ұмтылысты, дүниетанымды кеңейтуді, адамның өзін тануын білдіреді. Ендеше, кітап оқуға асығайық, замандас!..

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары) // Саясат. - №3. - 2006. - 28-29б.
2. Дүтбаева Н. Кітап неге оқылмайды: себеп пен салдар // Қазақ әдебиеті. - 2009. - 30 қаңтар. - 1-3б.
3. Кітап-алтын қазына
4. [http://talimger.org/load/elektron/zhinak/kitap\\_asyl\\_azyna/34-1-0-18143](http://talimger.org/load/elektron/zhinak/kitap_asyl_azyna/34-1-0-18143)
5. <https://massaget.kz/okushyilarga/shyigarma/22405/>



## **БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ - ЖАСАМПАЗДЫҚ DAҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Елімізде соңғы уақытта білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемнің білім кеңістігіне қадам басып келеміз. Нұрлы болашақты бетке алып, дамыған мемлекеттердің қатарынан көрінуді басты мұрат етіп алған біздің қоғамымыз үшін білім саласын жаңғыртып, әлемдік білім кеңістігіне енуде жүзеге асыру уақыт талабынан туындап отырған дүние. Мемлекеттік білім беру жүйесі қызметкерлерінің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру, жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

XXI ғасырда білім жолындағы оқушыларды заманауи біліммен қаруландырып, көшбасшылық қабілетін, тұлғалық қасиетін қалыптастыру мақсатында бүгінгі педагог мамандардың білім беру жағдайында инновациялық даярлығын жетілдіру міндеттелген. Озат педагогикалық тәжірибе мен ғылыми әдістемелік жұмыс, инновациялық педагогиканы үйрену, пайдалану,

іс-тәжірибеде пайдалану сынды педагогикалық тәсілдер мұғалімдердің кәсіби даярлықтарын жетілдіруге бағытталуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің мақсаты ұлттық және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» делінген.

Білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тәсілдерін, инновациялық технологияларын игерген, озық тәжірибені іс жүзінде пайдалана алатын шығармашыл педагог, шебер мұғалім болуын талап етеді.

Мемлекет мәдениетінің айнасы - мектеп. Осы орайда, жазушы Ә.Кекілбаевтың  
«Уақыттың жалғыз өлшемі бар ол – адам ғұмыры. Адам ғұмырының жалғыз өлшемі бар, ол – арттағы халықтың қамы үшін бітіретін іс» - деген сөзін еске алсақ, осындай үлкен іс атқарар бір сала – мектеп және оның мұғалімі. Педагогикалық іс - өте нәзік, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден сезімталдықты, балаға деген сүйіспеншілікті, бала жанын бірден танитын қырағылықты талап етеді.

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Интерактивті техника және технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті оқушы даярлау мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі.

«Рухани жаңғыру» - еліміздегі білім берудің бүтіндей жүйесінің айрықша «мүмкіндіктер кеңістігіне» айналуда. Бұл маңызды құжат білім беру ошақтарының тәрбие және идеологиялық жұмыстарын жүйелеуге кең мүмкіндіктер ашады.





Білім саласында интерактивті техника және технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдері іздестірілуде. [2].

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, анимациялық практика тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видео көріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады. Осылайша оқыту құралдарының бірі - электрондық оқулық.

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Сондықтан әрбір оқытушы – өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл болып, білім алушылардың білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында сабақтың құрылымы мен әдіс тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет. Сондай ақ, бұл әдістер оқушылардың креативті ойлау дағдысын дамытады.

Қазіргі мұғалім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда креативтіліктің қандай маңызы барын жақсы түсінуі керек. Креативті ойлау оқушының өмір жағдайларына тың көзқараспен қарап, өзіне тиімді, қажетті болашаққа сенім артатын шешімдер қабылдай білуіне ықпал етеді. Креативтілікті қалыптастыру мәселесі көптеген ғалым, педагог-психологтардың еңбектерінде көрініс тапқан. Креативтілік – ең алдымен адам әрекеті. Креативті әрекет түрінде қарастыру адам дамуының мүмкіндігінің шексіздігін көрсетеді және оның өзін белсенді етуге бастайды. Креативтілікті қалыптастыру тұлғаның шығармашылыққа жетелейтін қабілеттері мен шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлғаға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады. Креативті ойлауды үйренуге болады ма деген пікір болуы мүмкін. «Мен болады» деп айтқым келеді.

Креативті оқыту әдістерін оқытуда пайдалану оқушылардың креативті ойлау іскерлігін дамытумен қатар, оқу сауаттылығын, білімін арттыруға көмектеседі. Пәнге деген қызығушылықты ояту үшін мұғалім сабақта оқушының ойлау белсенділігін оятатын әдіс-тәсілдерді үнемі қолданып отыруы керек. Сондықтан сабақта қолданылатын әдістерді таңдағанда, сабақты жоспарлағанда мұғалім оны оқушының қажеттілігі мен қызығушылығын дамытатындай етіп таңдап, іріктеп отыруы керек. Оқушы мұғалім дайындап әкелген материалды қабылдап алушыдан оны іздеп табушыға айналады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі қажет. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін оларға проблемалық тапсырмалар беріліп отырады.

Тақырып бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Инновациялық мектепте жұмыс мазмұнын, біртұтас педагогикалық үрдістің оқу-тәрбиелік тетіктерін мұғалімдер ізденістер арқылы толықтырып отырады. Оқу мен тәрбие тетігі мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасы – іскерлік ынтымақтастығы, бірлескен қызметтің сипатына тәуелді екендігіне көз жеткізуге болады. Жаңа технологияның басты мақсаты – өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Сабақ барысында сабақ беру мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдануда «диалогтік оқыту» тәсілі де ерекше мәнге ие әдіс болып табылады. Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік беріледі. Өзара талқылау арқылы, олардың бойында креативті ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін көруге болады.

Оқушыларды көбірек ойынға, бірлескен жұмысқа бағыттағанда ғана балада креативті ойлау дағдысы дамып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланады. Шығармашылық тапсырмалар оқушыларға зақым келмейтіндей және мәжбүрлемей, оқушының шынайы

білімінің тереңдігін көрсетеді. Олар оқушының креативті ой-санасын дамытып ойлануды үйретеді. Сондықтан сабақ барысында «ойлап табыңыз», «құрастырыңыз», «салыстырыңыз», «түзетіңіз», «дәлелдеңіз», «жинақтаңыз», «мағынасына қарай бөліңіз» деген тапсырмаларды ұсынуды қажет етеді.

Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, «Мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан аудармай, шектеліп қалуға болмайды. Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер». Мектеп қабырғасында оқушы білім стандартына сәйкес білім алумен қатар ғылым көкжиегіне көз жіберіп, зерттеу мен зерделеуді саралап сараптауды үйрене бастауы тиіс. Бүгінгі күні өте қабілетті, дарынды балаларды іріктеп, олардың дамуына жағдай жасау - кезек күттірмейтін іс. [2].

Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсіл көмегімен өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әр түрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылып отыру - әрбір мұғалімнің негізгі міндеті.

Дарынды оқушының ерекшелігі неде? Шығармашылық тұлға, яғни жас дарын жасының ерекшелігіне, қызығуына қарамастан өзгелерден өзгешелігімен табандылығымен, шұғыл шешімділігімен, өз күшіне деген сенімділігімен, сезім ұшқырлығымен, өз бетімен жұмыс істеуге деген құштарлығымен, асқан шабытымен ерекшеленеді. Ендеше, оқушы шығармашылығын дамытудың мазмұны, әдіс-тәсілі қандай? Оқулықтарды берілген тапсырмалардан басқа шығармашылықты дамытудың басты нысанасы ретінде төмендегідей жұмыстарды жүргізуге болады:

- өздігінен бақылау жүргізу;
- қарапайым тәжірибелер жасау; эксперимент қою;

Бүгінгі заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде оқушыларға қажетті білімді меңгертудің тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін іздеу, сол талапқа сай болу әр ұстаздың міндеті. Дарынды, білімді жастар ғана Егеменді еліміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның дамуына үлес қоса алады.

Сондықтан инновациялық оқыту арқылы креативтілікті қалыптастыру – жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын, рухани құндылықтарды игерудің бірден – бір жолы. «Кез-келген адам басқалардың және оның білімін кемеліне келтіруіне көмектеспесе, өзінің де білімін кемеліне келтіре алмайды» деген Чарльз Диккенс сөзімен ойымды қорытындыламақпын. Өзіміз, өз қолымызбен, өз қиялымызбен жасай білейік.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Бірінші ілгері деңгей 2014 ж
2. Аймауытов Ж шығармалар жинағы 4 том Алматы «Ғылым» 1997 ж

*Ахметова Г. Ж.  
заместитель директора по информатизации, учитель истории  
КГУ «Школа-лицей №101», г. Караганды*

## **НАУЧНЫЕ ОРИЕНТИРЫ ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ ПЕДАГОГИКИ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА**

Идеи просвещения в XVIII веке были наиболее актуальными в духовной сфере во многих странах мира. Французские просветители отстаивали права и свободы человека и даже народов, они возлагали большие надежды на мирные преобразования в обществе. В своих трудах Монтень, Монтескье, Вольтер и другие французские просветители обращались к сути возникновения социального неравенства, по их мнению, оно возникло от неразумности, невежества людей, поэтому просвещение народа стало главной целью ведущих философов, мыслителей, интеллектуалов Европы. Ведь они, по их мнению, по неразумности своей принимали существующие порядки.

Идеи французских философов распространились по Европе, постепенно проникли в Россию. Императрица Екатерина II использовала идеи Монтескье, покупала библиотеки Дидро и Вольтера, вела с Гриммом, Даламбером и другими деятелями французской культуры обширную переписку, приглашала их в Санкт-Петербург. Идеи эпохи Просвещения, обусловленные пониманием представителями европейского и российского просвещения как двигателя общественного прогресса, оказали огромное влияние на взгляды Екатерины II. Вследствие образовательной политики русской императрицы началось формирование мыслящей элиты и широкого круга образованного общества в России и на ее окраинах.

Благотворное влияние на духовную жизнь казахского народа оказало распространение демократической русской культуры и общественной мысли. Под ее воздействием сложилось мировоззрение выдающихся казахских просветителей Шокана Уалиханова, Ыбырай Алтынсарина, Абая Кунанбаева. Вся их деятельность и творчество ярко свидетельствовали о прогрессивном характере присоединения Казахстана к России, о традиционной и неразрывной дружбе казахов и русских, которая развивалась помимо воли царизма.

Высокое стремление казахского народа к знанию и культуре была отчетливо выражена в творчестве и деятельности его замечательных казахских просветителей. В приобщении казахов к передовой мировой культуре через русский язык и культуру они видели единственно верный выход из патриархального средневековья, в котором несколько веков пребывало традиционное казахское общество. Ыбырай Алтынсарин вошел в историю общественной мысли и литературы Казахстана как замечательный педагог-просветитель, писатель, фольклорист и этнограф.

Крупный казахский просветитель Ыбырай Алтынсарин не стремился к широкой известности, но, благодаря своему огромному вкладу в историю общественной мысли, культуры и литературы казахского народа, стал известен как выдающийся педагог-новатор и организатор новых школ, поэт, прозаик и переводчик произведений русских классиков.

Просветительская деятельность Алтынсарина началась в январе 1864 года с открытия школы в Оренбургском укреплении (г. Тургай). Это было благородным, но очень сложным делом: не было денежных средств, поддержки областного правления и местной знати. Некоторое время он работал в Тургайском уездном управлении в качестве делопроизводителя, исполнял обязанности старшего помощника уездного начальника, уездного судьи. В 1879 году Алтынсарин получил назначение на должность инспектора школ Тургайской области.

Алтынсарин открывал светские народные школы, разрабатывал для них дидактические принципы обучения и воспитания детей, создавал учебные и методические пособия. Во время ежегодных инспекторских посещений школ Ыбырай проявлял заботу о материально-техническом состоянии учебных заведений, настаивал на создании библиотеки при каждой школе.

Несколько лет Ыбырай занимался разработкой казахского алфавита на основе русской графики. Работая в школе, Алтынсарин столкнулся с отсутствием учебной литературы для казахских детей и лично приступил к составлению учебных пособий для учащихся русско-казахских школ. В 1879 году были изданы учебные пособия «Киргизская хрестоматия», «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку», которые заняли особое место в истории культуры Казахстана не только как учебные пособия, построенные по научному принципу, но и как памятники письменной литературы Казахстана в целом.

Обращаясь к вопросам просветительской педагогики Ы.Алтынсарина, стоит отметить, что большую художественную, историческую и познавательную ценность представляет публицистическое наследие Ыбырая Алтынсарина. Основную его часть составляет переписка казахского просветителя с русскими друзьями, учителями и различного ранга представителями народного образования. Анализ публицистических источников позволяет сделать вывод, что Ы. Алтынсарин выступал и как ученый-этнограф. В его очерках внимания заслуживают труды, посвященные преобразованию социальной структуры, экономического положения и повседневного быта казахского аула [1].

Другой важной стороной просветительской педагогики Ы.Алтынсарина является его новаторство в изучении языков. В преподавании как казахского, так и русского языков Алтынсарин использовал методику своего друга, педагога-новатора, просветителя Н.И. Ильминского. Кстати Николай Иванович смог самостоятельно выучить казахский язык. В чем состояла суть методики? Дети учили сначала названия всех предметов, исключительно слова, относящиеся к имени существительному, потом прилагательные, затем соединяли предметы с их качеством. Когда казахские дети начинали немного говорить по-русски, Алтынсарин приглашал к ним в гости их ровесников, детей русских крестьян, и тогда процесс обучения значительно ускорился.

Однако изучением языков дело не ограничивалось. Поэтому Ыбырай приходил к детям в свободное от занятий время. Он применял метод ролевых игр, взяв на себя миссию духовного наставника, т.е. приходил к детям в интернат в свободное от занятий время и рассказывал им притчи о нравственности.

О том, как Ыбырай становился «муллой», он рассказал в своем письме другу Николаю Ильминскому от 16 марта 1864 года из Оренбургского укрепления: «8-го января 1864 совершилось давно ожидаемое мною открытие школы, и поступили в нее 14 киргизских мальчиков, мальчиков славных, смыслящих... словом, надеюсь, что эти молодцы, в течение 4-х лет, до окончания курса, будут говорить порядочно и узнают кое-что. Стараюсь всеми силами, чтобы подействовать еще на их нравственность, чтобы они впоследствии не были взяточниками. Посмейтесь надо мною, я иногда являюсь к ученикам в пустое от занятий время официальным муллой и рассказываю, что знаю, из духовной истории, прибавляя к тому и другие полезные, удобопонятные рассказы» [2].

В школах наряду с традиционными предметами велось преподавание основ мусульманского вероучения.

Позиция российской колониальной администрации в этом вопросе была неоднозначная: с одной стороны, православные миссионеры настаивали на распространении христианства среди казахов, с другой стороны, запрет ислама мог возбудить протестные настроения среди местного населения. Немаловажным был и морально-нравственный фактор. Это не только не содействовало бы распространению просвещения среди казахов, но, скорее, отвратило бы их от отправки детей своих в школы.

Для изучения ислама требовалась специальная учебная литература по основам религиозного вероучения. С этой целью в 1884 году Алтынсарин опубликовал «Шариати ислам» (Основы мусульманства) в качестве учебного пособия для школ. В этой книге был совмещен весь вероучительный обиход, необходимый для взрослого мусульманина. Кроме того, в учебнике был применен арабский алфавит, необходимый для понимания арабских текстов, а объяснения были даны на казахском языке.

Ученый-педагог не видел ничего предосудительного в религии, даже в книге «Основы мусульманства» Ыбырай Алтынсарин внес вклад в просвещение людей, написав книгу на казахском языке, понятном для простого народа. Из-за языкового барьера многие не понимали сути религии. Как писал Ыбырай Алтынсарин, «люди, находящиеся в таком положении, живут неверными». «Основы мусульманства» учёный написал на разработанном им же самим казахском алфавите. Он считал, что вера играет большую роль. Но не меньшее значение он придавал знанию религии.

«Причиной написания данной книги является то, что известный всем священный калям и большие научные книги написаны на арабском языке. Знание же арабского языка является и трудным, и невозможным для многих простых людей», – объяснял он.

«Человек же, обучающийся не таким образом, например, обучающийся намазу и посту прежде веры (имана) будет грешником, даже существует опасность вероятного впадения такого человека в неверие», – считал он.

Просветитель выделяет несколько видов веры, в том числе «иман таклиди (подражание)». Такие верующие слышали об Аллахе и уверовали в него, потому что в него верили соплеменники. Но сами они понятия не имели о сути религии. Ыбырай Алтынсарин не делал выводов относительно того, к чему может привести невежество или «слабая вера». Свою задачу он видел в просвещении широких масс населения в вопросах религии и веры. Взгляды просветителя остаются актуальными и для современного казахстанского общества.

«Конечно же, такой иман бывает у невежественного народа, и поэтому это наиболее слабая вера. Это потому, что если такой человек, который сам не понимая ничего, следует словам и примеру кого-то, встретит ещё одного, подобного грешному шайтану, искустителю, то может легко последовать за ним и даже выйти из религии», – остерегал Ыбырай Алтынсарин [3].

Как в XIX в., так и в XX-XXI веках общество сталкивалось с религиозным невежеством. Искаженные представления о Всевышнем позволяют религиозным экстремистам легко вовлечь молодежь в религиозные конфликты.

Во вступительной статье к изданию, вышедшему в 1993 году, Акселеу Сейдимбек отмечал, что поучительное произведение великого сына казахского народа, известного просветителя и талантливого писателя Ыбырая Алтынсарина, изданное в 1884 году в Казани на протяжении пяти - шести поколений, было недоступно и было спрятано в темных архивных хранилищах. Написание такого учебного пособия было продиктовано двумя важными обстоятельствами того времени. Во-первых, в школах, открытых Ыбыраем, в то время требовалось преподавание основ религиозных учений. Конечно, выполняя это требование, Ыбырай не сошел с пути просвещения, а сумел представить главную суть ислама, сосредоточив внимание главным образом на вопросе нравственного воспитания. Во-вторых, тот факт, что многие арабские и персидские слова вошли в казахскую письменную культуру, не оставило равнодушным такого человека, как Ыбырай, который думал о будущем своей страны. Ыбырай сумел открыть на это глаза. Некоторые представители интеллигенции уделяли особое внимание развитию литературного казахского языка в его чистом виде и выражали озабоченность по поводу ухудшения ситуации в языковой сфере. Алтынсарин начал составлять этот учебник, чтобы, во-первых, понимание мусульманской религии не пошло в ложном направлении, а во-вторых, чтобы предотвратить неадекватное преобладание татарского языка в казахской письменности. Поэтому, по мнению Акселеу, работа Алтынсарина, написанная ради достижения такой важной жизненной цели, никогда не публиковалась или не получила должного научного исследования. Книга потрясла наши умы, будто луч света рассеял тьму в самых темных уголках подвала [4].

Действительно, в современном мире атомной энергетики, глобализации и всемирной информатизации необходимо уделять больше внимания нашему культурно-историческому наследию. Следует отметить, что произведение Ыбырая Алтынсарина, это, прежде всего, образец самобытной природной красоты казахского литературного языка, как неотъемлемой части нашей письменной культуры. Работа Ыбырая имеет важное научное значение, показывая, например, как арабские слова были интегрированы в казахский язык, имеет определенное значение в описании формирования религиозных терминов. Долгие десятилетия книга Ыбырая Алтынсарина была скрыта от глаз читателей.

Говоря о просветительской педагогике великого просветителя, нельзя не упомянуть и о влиянии на его окружение. Рядом с ним постоянно находился народный акын Нуржан Наушабай. Ыбырай, владея красивым голосом, неплохо играл на домбре и был прекрасным импровизатором. Его ученик Габдолгали Балгымбаев вспоминал, что они вместе с Наушабаем

часто проводили вечера в словесных состязаниях на домбре, где слушатели становились свидетелями прекрасных поэтических импровизаций [5].

Ыбырай Алтынсарин и Нуржан Наушабаев были близкими друзьями. Они оба были образованными людьми, проявляющими заботу о судьбе народа. Талантливый поэт Нуржан по материнской линии был внуком известного казахского поэта Шал ақына, окончил медресе в Троицке. Нуржан был первым, кто начал писать казахскую летопись в стихах. Кроме того, ему принадлежит создание книг «Загадочный айтыс с Сапаргали» и «Алаш». Есть множество стихов поэта, которые он написал под влиянием творчества Ыбырая Алтынсарина.

Как-то Ыбырай пошел посвататься к своему богатому ровеснику Каумену. И пошел он только с одним Нуржаном, не сохраняя обычай предков, которые ходили на сватовство огромной толпой. Каумен, услышав такую весть, почувствовал себя угнетенным и между словом сказал: «Уа, Ыбырай, ты хотел унижить меня, считая меня бедным или заботился о моем дастархане?! Почему не пришел со многими родственниками, как требует обычай?».

Тогда Ыбырай ответил: «Каумен, у обычая предков есть и хорошая сторона и плохая. Было бы замечательно, если бы задачей сватовства было не прославление своего имени, а устройство счастья двух молодых! К тому же я пришел сюда не с малым народом. Я привел с собой оратора с пророческими устами, талантливого поэта, певца, обладающего звонким голосом, прекрасного күйши, храброго балуана!». На самом деле, в пиршестве у Каумена Нуржан никому не давал опередить себя и завоевал уважение и почет [6].

При жизни Ыбырая удалось открыть четыре двухклассных центральных русско-киргизских училища, одно ремесленное училище, одно женское училище, пять волостных школ, два училища для детей русских поселян. Школы, созданные им, после его смерти продолжали существовать, но развитие получить они не смогли. После утверждения власти большевиков школы Ыбырая Алтынсарина были преобразованы в советские трудовые школы. Одна из таких школ на его родине, в г. Кустанае, в 20-е годы была передана в ведение Наркомпроса Казахской ССР и реорганизована в школу-коммуну. Затем перед Великой Отечественной войной-преобразована в среднюю школу с пансионом для воспитанников. Ей было присвоено имя ее основателя Ыбырая Алтынсарина.

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Ыбырай Алтынсарин – просветитель казахского народа [https://e-history.kz/ru/news/show/3950/?sphrase\\_id=35400](https://e-history.kz/ru/news/show/3950/?sphrase_id=35400)
2. НА РТ. Ф. 968. Д. 189. Л. 162
3. Алтынсарин Ыбрай. Шариат-уль-Ислам (Основы мусульманства). – Алматы, 1993
4. Алтынсарин Ыбрай. Шариат-уль-Ислам (Основы мусульманства). – Алматы, 1993.
5. Вспоминая Алтынсарина // Казахстанская правда. 2020. 30 августа
6. Алтынсарин говорил...// [https://e-history.kz/ru/news/show/5740/?sphrase\\_id=35400](https://e-history.kz/ru/news/show/5740/?sphrase_id=35400)

*А. Ш. Ахметова логопед-дефектолог  
Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп(РО)  
жанындағы интернат  
Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы*

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ - ӨМІР ҚАЖЕТТІЛІГІ

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім

беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады. Инклюзивті білім беру – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. [1]

Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті білім берудің мазмұны: Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

- жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленген оқытудың жеке бағдарламасы. [2]

Қазіргі уақытта мен инклюзивті оқушылармен жұмыс жасаймын. Біздің мектебімізде мүмкіндігі шектеулі екі оқушы бар. Сол сыныппен жұмыс жасау барысында инклюзивті білім беру керек екендігін түсіндім. Ол үшін төменде көрсетілген бес бағытты басшылыққа алдым.



1-сызба. Дефектолог қызметінің негізгі бағыттары.

Бұл негізгі бес бағытпен жұмыс жүргізуде психолог-дефектолог ретінде оқушылардың бойындағы танымдық, сенсорлық қабілеттерін анықтап, олармен коррекциялық-педагогикалық бағытта жұмыс жүргізуді мақсат етіп қойдым. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мынандай міндеттерді анықтап алдым:

-оқушыларды тексеру, олардың дамуындағы өзгерістердің айқындығын анықтау, жүргізілген диагностикалық тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау.

-түзету жұмысының міндеттерін, формасын, тәсілдерін анықтау, бастапқы зерделік немесе сенсорлық бұзылыстардың салдарынан туын-дауы мүмкін туынды бұзылыстардың алдын алу, оқушылардың дамуындағы жүйкелік-психикалық ауытқушылықтарды жеңу, зерделік және сенсорлық бұзылыстарды барынша түзетуге бағытталған жеке даму бағдарламасы аясындағы түзете дамыту жұмыстарын жүргізу.

Әр бағыт бойынша әр түрлі жұмыстар жүргізіледі. Мен логопед-дефектолог маманы ретінде 2021-2022 оқу жылында ғана бастап жатқандықтан, қыркүйек айының басында бес балдық жүйемен диагностика өткіздім.

#### І. Диагностикалық бағыт бойынша:

1. Қоршаған орта туралы түсінігі бойынша: мекен-жай, ата-анасының аты-жөні, жыл мезгілдері, апта күндерін білуі.

2. Қабылдау ерекшеліктері бойынша: затты қабылдау, заттың маңызды бөлігін, түстерді ажырата білуі, сөзсіз әдісті пайдаланып, түстерді сәйкестендіруі.

3. Пішіндерді қабылдауы бойынша: негізгі геометриялық фигураларды ажыратуы.

4. Кеңістікті қабылдауы бойынша: оқушы өзінің оң және сол жағын, қиылған тақырыптық суретті жинау, уақытты қабылдауы.

5. Танымдық ерекшеліктері: зейін, есте сақтауы, оқушының эмоциялық реакциясы, өзінің іс-әрекетін бағалауы, мінез-құлқы.

6. Жалпы және ұсақ моторикасы: дене қимылы, саусақ қолды қимылдату.

7. Жалпы тілдік дамуы: дыбысты айту жағдайы, сөздік қоры, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы, сөздің мағынасын түсінуі, өз ойын ашық айтуы бойынша тексеру.


Бұл жұмыстарды кеспе қағаздар, түстер, суреттер, пішіндер, қимылдар арқылы жүзеге асырдым. Осы жұмыстармен қатар, ең бастысы, сенімге құрылған әңгімелесу өте тиімді екенін байқадым.

Оның нәтижесін төмендегі кестеден көруге болады.

Диагностикалық бағыт бойынша:	«А» оқушы	«Б» оқушы
-------------------------------	-----------	-----------



<i>Қоршаған орта туралы түсінігі бойынша</i>	4	3
<i>Қабылдау ерекшеліктері бойынша</i>	3	3
<i>Пішіндерді қабылдауы бойынша</i>	3	2
<i>Кеңістікті қабылдауы бойынша</i>	2	2
<i>Танымдық ерекшеліктері</i>	3	2
<i>Жалпы және ұсақ моторикасы</i>	2	3
<i>Жалпы тілдік дамуы</i>	2	3



2-сызба. Диагностика нәтижесі.

Диагностика жүргізу арқылы білу, түсіну, қабылдау, өзінің іс-әрекетін бағалау, тілдік дамуын анықтап алғаннан кейін бағыттар бойынша жұмысты жыл бойы жалғастырамын. Ол бағыттар төменде көрсетілген.

II. Коррекциялық бағыт бойынша:

Тірек-қимыл қозғалысының дамуын, психикалық дамуын, негізгі ойлау операцияларының дамуын, эмоциялық сферасының дамуын, танымдық, сенсорлық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс түрлері жүргізіледі.

III. Кеңес беру бағыты бойынша: Ата-аналарға, сынып жетекшілерге кеңестер беру.

IV. Ұйымдастырушылық бағыт бойынша: Педагогикалық кеңес, семинар, конференция, іс-шараларға қатысу.

V. Әдістемелік бағыт бойынша: Таным процестерін дамытуға арналған ойындар, дефектологиялық әдістемелік құралдар жинақтау. Баланың жеке қасиетін ескере отырып үлестірмелі, көрнекі материалдар, кескін суреттер дайындау.

Осындай жұмыстар жүргізгеннен кейін қандай да бір өзгерістерге қол жеткізетіндігіме сенімдімін. Қазірдің өзінде, диагностика жүргізу барысында, балалармен сыйластық қарым-қатынас, ынтымақтастық орната отырып, қамқорлық пен қолдау көрсетіп, балалардың сенімін арттырдым деп айта аламын. Олай айтуымның себебі – сол ерекше балалардың алғашқыдай жасқаншақтамай, мені жақын тартуы.

Қорыта келе айтарым, инклюзивті оқыту оқушылардың тең құқығын анықтайды, ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Сөзімді Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен аяқтағым келеді: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлудің керек. Олар үшін Қазақстан

кедергісіз аймаққа айналуы тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілу қажет. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Білім беру мекемесінің ортасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс, «кедергісіз» болуы керек, өйткені мүгедек балалардың толыққанды кірігуін қамтамасыз етуі қажет», - деп атап өткен. [3]

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Г.Д. Хакимжанова, А.А. Айдарбекова, «Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями в условиях массовой школы», Алматы, 2001ж. 8-10бет.
2. Р.А. Сүлейменова, Г.В. Хакимжанова. «Отечественной и зарубежный опыт включения детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Проблемы и пути решения», Алматы, 2001ж. беттер /10, 11, 45, 48, 52/. «Қазақстандық жол 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында (17.01.2014)

*Г.Е.Ахметова қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
№101 мектеп- лицейі КММ, Қарағанды қ.*

### **Ы. АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

Қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған зиялылар көшбасшысы, ұлт тарихында аты мәңгі өшпейтін кемел тұлға, халқымыздың ұлы перзенті – Ыбырай Алтынсарин. Тұңғыш ағартушы, қазақ балалар әдебиетінің атасы, балаларды тәрбиелеуде, оқытуда олардың ой-санасына қозғау салып дамытуда өзінің педагогикалық идеясын іске асыру үшін көп ізденген. Ол қазақ даласындағы аумалы төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үңілген ағартушы ұстаз. Ол алдымен балалар әдебиеті тақырыбына жазылған орыс классиктерінің еңбектерімен танысып, оларды қазақ тіліне аударды. Бұл қазақ халқы үшін, әсіресе оның жас ұрпақ балалары үшін аса игілікті іс, жаңа бастама еді.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының жеке тұлғаны қалыптастыруда алатын орнының қаншалықты маңызды екенін, оның заманның беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда оқу –тәрбие мен еңбекке баулу мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Соның бірі – И. Крыловтан аударған «Егіннің бастары» деген мысалы арқылы адамда кездесетін менмен, өркөкірек, өзімшіл, тәккәппар, қайырымсыз сияқты жаман қасиеттерді көрсетеді. Адамның жат мінез-құлықтарын бейнелеп, баланы осындай жаман әдеттерден бойын алшақ ұстауға шақырады. Ал, екінші жағынан, қоршаған ортаға, айналаға зер салып, аңғарғыш, пайымдағыш қабілетін күшейтуге, қай нәрсені болсын өзінше ойлап білуге үйретеді. [1]

Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін, олардың дүниетанушылық көзқарасын кеңейту үшін «Қазақ хрестоматиясын» өз кезі ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор. Сондықтан да ол талай жылдар, талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелер: еңбекті сүйуге, оқу-білімге, өнерге ұмтылу, отанын, елін сүйуге, талаптылық, іздемпаздылық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық сияқты менез-құлыққа тәрбиелеуде көптеген мәселелерді қамтиды.

Жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы жастайынан дұрыс тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал. Дүниедегі ескірмейтін де, өзгермейтін де, өмірдегі сүйеніш те, сарқылмас дәулет те- өнер –

білім», - деді ақын. «Білім еш арымайды, жұтқа ұшырамайды, ол мәңгі бақыт кілті» дей келе, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп бөліп қарастыруға болады. [2]

Ыбырайдың шығармаларының басты тақырыбы – еңбек.

Ол өзінің «Еңбектің тәрбиелік маңызы жөнінде» деген мақаласында «Ерікті адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарды, еңбексіз адам өзінің барлық адамдық қасиетінен және барлық құнынан айырылады. Еңбек адамның жетілуі үшін керекті жағдайды жасап қана қоймай, сонымен бірге адамның ар ұятын өз дәрежесіне сақтап, тұруға да көмектеседі. Адам өзінің жеке еңбегінсіз бір адым ілгері баса алмайды, қайта кері кетеді» деген.

**«Әке мен бала»  
әңгімесі**



**Аз жұмысты қиынсынсаң,  
көп жұмысқа тап боласың**

Осы еңбек тақырыбына «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Мақта қыз бен мысық» т. б. жатады. Ал «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» деген әңгімесінде балаларды ұшқан құс, жүгірген аңдар тіршілігімен таныстырып, еңбек ету керектігін айтады. Бәрі де тіршілік тірегі – өмір үшін қимыл жасайды. «Сен де бос жүрме, жұмыс істеуге әдеттену керек дейді» Ал «Әке мен бала» әңгімесінде еріншек, жалқау баланың қылықтарын суреттейді. Осындай әңгімелері арқылы балаларды еңбектенуге дағдыландырады. Балаларға еңбек – шаттық, қуаныш, бақыт әкелетін табыс көзі» екендігін «еңбек өмірді көркейтетіндігін, адамды абырой – атаққа жеткізетіндігін» түсіндіреді. Сондай-ақ Ыбырай әңгімелері мазмұн жағынан келелі мәселелерді қамтиды. Балаларды достыққа, жолдастыққа, мейірімділікке тәрбиелеуде көптеген шығармалары бар. Атап айтқанда «Мейірімді бала», «Аурудан аяған күштірек», «Жаман жолдас», «Ақымақ дос» т.б. «Жаман жолдас» әңгімесінде ақымақ, қорқақ, әлсіз, тұрақсыз балаларды бейнелесе «Аурудан аяған күштірек» әңгімесінде баланың анасына деген сүйіспеншілігі, аянышы мейірімділігі сөз болады.

«Бай баласы мен жарлы баласы» деген әңгімесінде бір-біріне қарама – қарсы екі баланы көрсете отырып, салыстырады. Мұнда бай баласы Асан қорқақ, қолынан түк келмейтін шорқақ болса, кедей баласы жастайынан шаруаға араласып өскен, еңбек еткен, ауыр жағдайға тап келсе де, қиындықтан шығуға ақылмен жол табуға тырысады. Қайта өмір сүре білудің айла-тәсілдерін көрсетіп, Асанды аштықтан да, панасыздықтан да, қорқыныш үрейден де аман сау алып қалады. Сөйтіп Ыбырай балаларды еңбек етуге, төзімділікке, шыдамдылыққа, мейірімділікке, батырлыққа, адалдыққа баулиды. Ыбырайдың тәрбие саласына қатысты шығармаларының маңызы өте зор. Оқушылардың сауаттылығын арттыруда да Ыбырай шығармаларынан үзінді беріп, төмендегідей тапсырмалар орындатуға болады.

## **Ы. Алтынсарин «Такапарлық»**

Вениамин Франклин деген даңқты білім иесі, Америка жұртының кісісі, он сегіздегі жас күнінде, Медера деген қаланың бір қарт адамына қонақ болып, шығар уақытта қарт ішкергі бір есіктен шығарып салуға алып келінті. Франклин бұл кісіге сөйлесе келе жатып, алдында не барын аңғармай, есікке жақындағанда қарт дауыстапты: - Еңкей, еңкей - деп. Сүйдегенше болмай, есік аласа екен, маңдайшасына Франклин маңдайымен тарт ете түсіпті. Сонда қарт күліп айтты дейді: - Бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар; ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдыңда, басыңды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүрсең, мұнанда артық неше соққылардан құтыларсың. Бұл сөзді Франклин сексен жасқа келгенше ұмытпай, "Сол қарттың ақылы маған көп пайда болды және басын жоғары көтерген такапарлықтың әлек болғанын көзіммен көрдім" деп әрдайым айтушы еді.

**1. Америк жұртының даңқты білім иесі, Вениамин Франклин жас күнінде, не себепті Медера қаласына келді деп ойлайсыздар?**

- A) Бір қарт адамға қонақ болып келді.
- B) Қарттың немересі болатын
- C) Қартты қарттар күнімен құттықтайын деген мақсатпен
- D) Қарт көмекке шақырған еді
- E) Америкаға қонақ болып келді.

**2. Франклин мен қарт сөйлесіп келе жатады, сол кезде Франклинге қарттың ескерткен сөзін мәтінге сүйене отырып себебін табыңыз.**

- A) Ұмытпағайсың, сен жассың
- B) Бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар; ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдыңда, басыңды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүрсең, мұнанда артық неше соққылардан құтыларсың.
- C) Өмірің алдыңда, басыңды тым жоғары ұстама
- D) Басыңды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүр

**3. Мәтінде қарт шал Вениамин Франклинге айтқан кеңесін дұрыс деп ойлайсыз ба?**

- A) Иә, дұрыс, өйткені кішіпейіл болу керек
- B) Жоқ, еңкейген сайын басыну көбейеді.
- C) Иә, себебі ол қария.
- D) Жоқ, келіспеймін.
- E) Жоқ, әркімнің сөзін тыңдамай, алған беттен таймау керек.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының бүгінгі күнге дейінгі жеткен тәрбиелік мәнінің мазмұны әлі де қолданыста. Оның жас ұрпаққа қалдырған мұрасы – ұлан-ғайыр. Небәрі жарты ғасырға жуық өмір кешкен ұстаздың өнегелі еңбегі – бүгінгі таңда туған халқының керегіне жарауда.

Сонымен айтпағымыз, Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұраларын мектеп оқушыларына насихаттауымыз керек. Ол үшін бастауыш мектептердегі сыныптан тыс жұмыстарға Ы.Алтынсариннің тәрбиелік маңызы зор әңгімелерін оқытуды жопарлы түрде енгізу қажет. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, ата –ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата –ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, ақылды, білімді азамат болып өсуін тілейді және үміттенеді. Автор өзінің әңгімелерінде ұлттық сана мен мәдениетін, қазақтың дәстүрлі ұлттық салтымен келбетін сақтап одан әрі дамуын біліммен байланыстырды. Қазақ халқының өзге ұлттан кем болмауын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы оқу білімде, деп білді. Ұлы ағартушының әдеби шығармаларында көрініс тапқан ағартушылық идеяларының тәрбиелік рөлі күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

АДАЛДЫҚ

Балалардың  
бойына жақсы  
қасиеттерді

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ

ҚАМҚОРЛЫҚ

ЖОМАРТТЫҚ

Ойымыздың түйінін Ыбырай Алтынсариннің: «Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз» – деген ұлағатты сөзімен аяқтауды жөн көрдік.

Ы. Алтынсарин өз шығармаларында адамның бойындағы ұлы қасиет - адамгершілік — рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп санады. Ыбырай әңгімелерінің құрылымы, мән-мағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңінен тәрбие нәрін кұйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастырады.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани қазынасының бірі. Ибалы ұл, инабатты қыз – өмір көркі, Әдептілік белгісі иіліп сәлем бергені деп келер ұрпаққа тәрбие беріп, адал ниет, ақ тілек білдіріп отырған.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы:1955. – 413 б.
2. «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қостанай, 2011. – 227 б.

Ахметов Ж.А. учитель физической культуры  
КГУ «Школа – лицей №101», г. Караганда

### ДЕТСКАЯ ЛЕГКАЯ АТЛЕТИКА В ШКОЛЕ.

*Как приготовить для учеников урок-праздник на свободном участке школьного двора или спортивном зале? Как проводить занятия легкой атлетикой – бегом, прыжками и метаниями, чтобы было интересно, продуктивно, познавательно, эмоционально? Как сделать так, чтобы менее подготовленные в физическом отношении дети с удовольствием занимались физической культурой на уроке? Как расширить знания о легкой атлетике и привлечь детей к занятиям спортом, в частности к легкой атлетике? Как заинтересовать «спортивных» детей работать в слабой команде? Найти ответ на эти вопросы – по сути, определить для себя новый подход к решению задач школьной физкультуры.*

В этом учителю физической культуры поможет «Детская легкая атлетика Всемирной легкой атлетики». В концепции «Детской легкой атлетики» есть организационные цели:

- Чтобы большое количество детей одновременно участвовало в занятиях.
- Чтобы отрабатывались разнообразные и основные легкоатлетические движения.
- Чтобы не только более сильные или быстрые дети вносили свой вклад в достижение хорошего результата.
- Чтобы требования, предъявляемые к выполнению упражнений, варьировались в зависимости от возраста и координационных возможностей.
- Чтобы в программе присутствовал элемент приключения, предлагая новый подход, импонирующий детям.

- Чтобы структура и порядок зачета были легкими, основанными на результатах команд.
- Чтобы требовалось немного помощников и судей.
- Чтобы легкая атлетика предлагалась как смешанный командный вид спорта (мальчики и девочки).

### **Содержательные цели «Детской легкой атлетики»**

**Физическая активность** – «Детская легкая атлетика» прекрасно подходит для привлечения школьников к занятиям физической деятельностью и для того, чтобы дать им возможность самим понять преимущества регулярных занятий.

**Поддержка хорошего состояния здоровья** – заключается в том, чтобы поощрять желание детей играть, чтобы сохранять здоровье. Хорошее физическое здоровье достигается за счет активного образа жизни, который, в свою очередь, основан на желании населения участвовать в различных видах спорта на протяжении всей жизни. Нет ни одного вида спорта, более подходящего для создания основы здоровой физической активности, чем легкая атлетика. «Детская легкая атлетика» уникально создана для того, чтобы выполнить это требование, предложив для этого разнообразные, соответствующие возрасту и координации задачи.

**Социальная активность** – создание команды и социальная активность выполняются за счет программы «Детской легкой атлетики». Это программа, в которой каждый член команды имеет большую ценность. Всесторонняя пропаганда легкой атлетики как командного вида спорта стимулирует детей для совместной работы и для понимания важности сотрудничества. Если легкая атлетика подается с точки зрения значимости принципа «фэйр-плей», то воспитательные ценности, ассоциируемые с «Детской легкой атлетикой», только усиливаются.

**Характер приключения** – основным признаком соревнований в программе «Детской легкой атлетики» является неизвестность конечного результата. Испытать это «приключение» – уже само по себе особый стимул, который может быть достаточным основанием для того, чтобы принять участие в соревновании. Ожидание результата соревнования определенно повышает интерес к нему. По сравнению со стандартными детскими легкоатлетическими соревнованиями, проводившимися в прошлом, в которых основное предпочтение отдавалось рано развившимся детям, командная ориентация «Детской легкой атлетики ИААФ» и стратегия определения зачета делают соревнование непредсказуемым и поэтому интересным до конца.

### **Принцип команды**

Работа команды – это основной принцип «Детской легкой атлетики». Все беговые виды проводятся в виде эстафет или командных соревнований. Точно так же результат во всех технических видах (прыжках и метаниях) определяется как общее достижение усилий всей команды. Из-за того что все участники должны обязательно участвовать в работе команды, даже менее талантливые дети получают возможность проявить себя. Уникальный вклад одного ребенка в результат всей команды еще более усиливает концепцию ценности участия каждого. В соответствии с требованием разносторонности все члены команды должны участвовать в нескольких дисциплинах в каждой группе видов (спринт, прыжки и метания) и в беговых видах на выносливость. Эта стратегия помогает предотвратить раннюю специализацию и поддерживает разнообразные подходы к развитию легкой атлетики.

Уроки детской легкой атлетики можно проводить как по обучающему принципу, так и соревновательному (можно в каждом виде выделить лучший результат среди учащихся и лучший результат команды в целом). В программе детской легкой атлетики есть виды легкой атлетики, которым не обучают в школе: бег с барьерами, метание диска и копья, толкание ядра, прыжок с шестом, вместо эстафетной палочки – резиновое кольцо, что делает урок обучающий или урок соревновательный очень интересным.

### **Возрастные группы и программа по видам**

«Детская легкая атлетика» развивается по трем возрастным группам:

- Группа I: дети в возрасте 8 и 9 лет.
- Группа II: дети в возрасте 10 и 11 лет.
- Группа III: дети в возрасте 12 и 13 лет.

В соревновательной программе «Детской легкой атлетики» формируются смешанные команды (как пример- 5 мальчиков и 5 девочек). В общем, ко всем трем возрастным группам применяются одни и те же правила:

- Все соревнования проводятся как командные.
- Все дети должны участвовать в соревновании несколько раз в каждой группе видов.
- Место проведения соревнований делится в соответствии с установленной схемой, чтобы во всех трех зонах одновременно проводились разные виды, входящие в одну группу: спринт, прыжки и метания. Бег на выносливость проводится в конце соревнования.

Один человек от команды должен быть запасным на случай, если кто-то из постоянного состава команды получит травму. Однако замененный спортсмен уже не может потом вернуться в команду в качестве основного участника.

В Караганде имеется оборудование (принадлежит федерации легкой атлетики Карагандинской области), с помощью которого учителя физической культуры смогут обучать детей метанию копья, толканию ядра, бегу с барьерами, тройному прыжку, бегу на выносливость, прыжку с шестом, метанию диска, эстафетному бегу. На таких уроках у детей будут развиваться такие качества как координация, прыгучесть, ловкость, смелость, быстрота, внимательность, выносливость. Все оборудование легкое, не травмоопасное, более того, его яркие цвета дают дополнительный стимул детям для активного участия.

Уроки с таким инвентарем можно проводить как в зале, так и на спортплощадке.

Примеры основной части урока в зале.

1. Обучение метанию копья, толканию ядра, развитие прыгучести (прыжки «в крестике»).
2. Обучение бегу с барьерами, развитие быстроты (бег по скоростной лестнице), развитие прыгучести (скачки и прыжки по отметкам).

Примеры основной части урока на площадке.

1. Обучение метанию копья, метанию диска и полоса препятствий.
2. Обучение бегу с барьерами, прыжки с шестом, развитие прыгучести (скачки и прыжки по отметкам).

Мой опыт проведения таких разнообразных уроков в школе-лицее №101 показал, что школьникам очень нравятся такие занятия, повышается интерес к урокам, наличие и применение оборудования формирует у учащихся всё больший интерес и желание заниматься этим видом спорта, пополняется и расширяется диапазон знаний о легкой атлетике, и они ждут таких интересных, эмоциональных уроков и соревнований.

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Программа международной ассоциации легкоатлетических федераций. Детская легкая атлетика. – Москва, 2002.
2. Вадим Зеличенко. Детская легкая атлетика. Командные соревнования для детей. – Москва, 2006.

*Д.Т.Байжигитова, А.У.Уатаева  
бастауыш сынып мұғалімдері  
КММ «№53 мектеп-лицейі», Қарағанды қ*



## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК РӨЛІ

Ы.Алтынсарин аса талантты педагог, ағартушы, дарынды жазушы, тамаша ақын, көрнекті қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнерінің бір сыпыра саласында жаңадан өсіп өркендеуіне айқын жол ашып, баянды негіз жасады. Жан-жақты талант иесі Ыбырайдың есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өз халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық мағынасы қызғылықты ұсақ әңгімелер жазды. Автордың бұл әңгімелерінің балалар үшін, тәрбиелік рөлі ерекше болғандығы күмән туғызбайды. Қазақ балаларын оқып білім алуға күмән туғызбайды. Қазақ балаларын оқып білім алуға шақырған үндеуін «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдері арқылы жеткізді. Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің қасиеттерімен көрініп, тарихында айқын іздерін қалдырса, қазірде сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында толық анықтауда. Мұның өзі заңды да еді. Өйткені әрбір ұлы адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан, әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «жол болсын» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктей, мән-маңызы қадір-қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ы.Алтынсарин дәл осындай, үркедей саңлақтардың бірі болған еді. Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер-білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді. [1]

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Омарханұлы Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өз өмірінде еңбегін түйістіріп, қоса білді. Сөйтіп, ол екеуі де істеген тың тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы.

Кезінде қазақ халқының болашақ дағдырын орыс мәдениетімен бірлікте алып қараған Шоқан, Абай және Ыбырай секілді ұлы ағартушы-демократтар тарихымызда өшпестей із қалдырды. Осы орайда Ыбырай Алтынсариннің қосқан үлесі мен еңбегі орасан зор. Қазақ халқының талантты ұлдарының бірі Ыбырай Алтынсарин – аса көрнекті ағартушы-педагог, этнограф ғалым, ақын әрі жазушы, жаңашыл педагог болған адам. [2]

Ы. Алтынсариннің сан салалы қызметі мен өмірі жайлы сақталған деректер мен материалдар өте көп, олардың дені ағартушының өз қолынан шыққан. Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын –жазушылық тарихи қызметі өзінің ағартушылық, тарихи мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің «желкілдеп өскен көк шөптей» жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

«Шеше мен бала» деген Ы. Алтынсариннің өлеңнің бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық, психологиялық маңызы өте зор. Бұл өлеңдері жасөспірім балаларды адамгершілікке мейірімділікке, өнегелі болуға тәрбиелейді. Орыс классиктерінің де (М.Ю. Лермонтов, Некрасов т.б) шығармаларында да осы сарында жазылған өлеңдер жиі



кездесетіндігі жұртшылыққа мәлім. Мәселен, «Бәріміз бір адамның баласымыз», «Аразбол, кедей болсаң ұрлықпенен», «Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға», «Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған», «Ағайын жат болады алыс болса», «Асылы залымдардың лайланды», «Әй достарым!», «Әй, жігіттер!», «Азған елдің хандары», «Азған елдің қожасы», «Азған елдің молдасы», «Азған елдің билері», «Азған елдің байлары», «Береке кеткен елдерде», «Азған елдің адамына» деген өлеңдері жастарға айтқан өсиеті. Бұл өлеңің Ы.Алтынсарин «Бәріміз бір адамның баласымыз» деп бастағанда, ол қазақ жастарының ынтымақшыл бірлікте болуға шақырғандығын көреміз. Осы өлеңдерінде автор халық әдебиеті мұрасының негізінде ұлттық тәрбие дінгегі ата-бабалардың рухани мұраларының сабақтастығын сақтаудағы тәрбиенің бір жолы қазақтың халық әдебиеті арқылы дамытуды көздегендігі сезіледі. [3]

Ыбырай бұл жолдан сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып үлкен жетістіктерге қол жеткізді,сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», — деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Оның осы тақырыпқа жазған бір әңгімесінде:«Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» — деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», — деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой», - деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», — деді. [4]

Ыбырай Алтынсарин қалдырған мәдени мұра бүгінгі өскелең оқушы қауымның қолына жеткенше талай кезеңді басынан кешірді. Бірақ ағартушы есімі қай кезде де халықтың көңілінен тыс болып көрген жоқ. Соның нәтижесінде оның жас ұрпақ, жаңа қауымға қалдырған мұрасы қандай жағдайларға душар болғанына қарамастан ескірмей, өшпей бүкіл асыл қасиеттерін өз бойында сақтап, уақыт, дәуір сынынан толық өтіп біздің бақытты заманымызға жетті.

Ыбырай Алтынсариннің еңбегі, әдеби шығармаларының бірден - бір жинағы, қазақ жазба әдебиетінің төл басы «Қазақ хрестоматиясы» екенін мақтанышпен айтамыз. Бастауыш сыныпта ұлы ағартушы - ұстаздың мұраларының енгізілу себебі, Ыбырай Алтынсариннің қазақ жұртшылығын қараңғы түнектен алып шығып, тұңғыш рет ана тілімізде сауаттылық жолына бастауда сан түрлі ұлттық мектептер мен гимназиялар ұйымдастырып, мектеп және мұғалімдер үшін оқулық пен әдістемелік еңбектер жазудағы ұлан-ғайыр еңбектері жоғалмақ емес. Ыбырайдың өлең, әңгімелері түгел дерлік оқушысына түсінікті, тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор, оқып отырған оқырманына үлкен ой салатындай тақырыбы әсерлі, көркем бейнеленген және ойын жеткізуде тілдік стиль ерекшелігі зор.

Мектеп бағдарламасына Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының оқушыға жеңіл, түсінікті оқушының жас ерекшелігін ескере отырып кейбір әңгіме, өлеңдері берілген. Оның қай шығармасы болса да, баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол. Оны балалар сүйіп, ынтыға оқиды. Өзі өшсе де сөзі өшпейді дегендей, өзі жоқ болса да біз үшін оның еңбектері мәңгі өшпейтін мұра болып қалмақ. Ыбырай атамyzдың көркем әңгімелерін оқи отырып, мен өзімше ой түйдім. Тек қана тынымсыз еңбек пен талмас талаптың арқасында көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Күннен күнге дамып келе жатқан еліміздің экономикасына үлес қосу біздің қолымызда. Үнемшіл болып, ысырапқа жол бермей, азға қанағат етіп тіршілік етіп, еңбектің кез келген түрін меңгерген бесаспап маман болып шықсақ, сөз жоқ, біздің еліміз міндетті түрде алдыңғы қатарда болады.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ» жинағы Алматы, Жазушы 1988ж.
2. Ы.Алтынсарин «Екі томдық шығармалар жинағы» Алматы, 2003ж.
3. Ы. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
4. Ы.Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар». Алматы, Жалын 1991ж.

*Р.Т.Байжантаева қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
Қарағанды облыстық білім басқармасының  
«Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты Жезқазған қ.*

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢДА Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың, болашағы бұлыңғыр болмайды»- дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Жаңашыл технологиялар мен әдіс-тәсілдер - сапалы сабақ кепілі.

Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтарын оята отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Мен өз іс-тәжірибемде оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына, адамзаттық құндылықтарын қалыптастыруға баса назар аударамын. Бұл істе білім беру үрдісіндегі жаңаша әдіс-тәсілдердің айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Сабақта қолданатын педагогикалық әдіс-тәсілдерім:

- 1.құндылықты-бағдарланған; 2.әрекетті; 3.тұлғалық-бағдарланған;
4. кіріктірілмелі; 5. Коммуникативті әдіс-тәсілдер пән бойынша негізгі бағдарым болып табылады.

Атап айтсам, «Автор орындығы», «ПОПС формуласы», «Телефон» ойыны, Тренинг «Өзінді ғана емес, өзгені де таны», «Инсерт», «Венн диаграммасы», «Он сұрақ», «Ойлан, Бірік, Бөліс», «Балық қаңқасы», «Кім жылдам?», «Бес жолды өлең», «Авторға хат», «Детальдарын қосу», «Ұжымдық сурет», «Кубизм», «Үш қадамдық сұхбат», «Миға шабуыл» әдісі, «Интервью» әдісі, «Сәйкесін тап», «Өңгімеге негізделген жазу» әдістерін қолдана отырып, оқушының шығарма талдауда өз көзқарасын, ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік жасаймын, олардың шығармашылық қабілетін дамытамын.

Педагогикалық теорияның негізін қалаушы Я.А.Коменский: «Адамдарды оқытқанда олардың кітаби білімді алуына емес, олардың өздеріне аспан мен жерді, түрлі ағаштарды бақылап, заттарды зерттеу мен тануға үйреткен жөн, сонда олар біреулердің бақылағаны мен түсіндіргенін ғана есте сақтап отырмайды», - деп, оқытудың табысты болуын мән берген.

Әдебиетші – ұстаз ретінде мен де көркем әдебиеттің табиғатын ашып түсіндіруде осы қағиданы басшылыққа аламын. Қазақ әдебиеті пәнінде оқытуда кейіпкер мінезін, қам-қарекетін, психологиялық жай-күйін түсініп, одан өмірлік өнеге алу үшін шығармаға әдеби талдау жасау жұмыстарында педагогикалық жаңаша әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданамын.

Ұлтымыздың болашағы – жас ұрпақты оқытуда қазақ педагогикасының негізін салушы, ағартушы - ұстаз Ы.Алтынсариннің «Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның көп жақсылығы жатыр», «Өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету - біздің әрқайсымыздың борышымыз» - деген сөздерін бойтұмар етіп, қызметімнің басты ұраны етіп келемін.

Педагогика саласына Ыбырай енгізген жаңашылдық ұлттық педагогикасының нағыз темірқазығы іспеттес.

Ұлы педагог оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуге айрықша мән берген. «Қазақ хрестаматиясы» атты оқулығы, «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралы арқылы оқушыны отансүйгіштікке, еңбекке, кісілікке – тәрбиелеген.

Бұл ғибраты мол шығармалар ешқашан да өзінің мән мағынасын жоймақ емес. [3, 18-19 б.]. Керісінше, қазіргі жаһандау заманында ақпарат көздерінің көбейген кезеңінде балаларға ұлтты құндылықтар мен қасиеттерді түсінуге, оны өз бойына сіңіруге, қадірлеп, қастерлеуге бағыттайтын сара жол.

Олай болса, мен зерттеу жұмысымды Ы.Алтынсариннің өнеге мен ғибратқа толы шағын әңгімелерін оқыту тәжірибеммен бөлісемін.

Қажырлы еңбектерінің нәтижесінде Ыбырайдың көркем шығармалары қазақ әдебиетінің қалыптасуына айрықша ықпал етті. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселелерін көтеруге бет бұрды. Ол - қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі.

Өзінің бір сөзінде ұлы ұстаз: «Барлық қазақ жастары менің соңымда, олар мені жақсы көреді мен қайтып жалғыз болайын?» - деген екен. [2, 30 б.],

Сол жастарға арнаған әдеби еңбектерінің жинағы «Қазақ хрестоматиясы» (1879) ағартушылық мақсатта жазған әйгілі екі өлеңмен ашылды. Ақынның бұл өлеңдерді өз кезінде «Сөз басы» деген ат аталғаны белгілі. Ыбырай халық ағарту ісіне арнаған әдеби туындаларында оқу- білімді насихаттаудың ұтымды әдісінің үлгісін көрсетті [3, 42-45 б.].

«Кел, балалар, оқылық» өлеңінде:

«...Сиса көйлек үстінде, Токуменен табылған ...

Сауысқанның тамағы, Шокуменен табылған...

Өнер білім бәрі де, Окуменен табылған... деп, ақын қазақ жастарына өнер-білімнің қайнар бұлағы оқуда екенін айтып, оқыңдар, ғылыммен сусындап, жетілңдер деп, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды.

Қазіргі жаңаша оқыту әдісіндегі Венн диаграммасын арқылы Ыбырай сөз етіп отырған карама – қарсы ұғымдарды салыстырып, олардың пайдасы мен зиянын анықтау жұмыстарын жиі жүргізіп отырамын.

Ыбырай шығармаларын оқыту - оқушыларға жақсылық, әділдік, азаматтық сезім, ар-ұят, қамқорлық, қарапайымдылық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

Өсіп келе жатқан жастарды еңбекқор болуды, талапты, жігерлі, жомарт, қанағатшыл болуды үйрететін шағын әңгімелерінің берер тағылым бір төбе. Шағын әңгімелеріндегі кейіпкерлердің бойындағы адами қасиеттері іс-әрекеттері арқылы анықтау үшін «Оқиғалар галереясы» әдісін қолданамын. Масалы, «Атымтай Жомарт» әңгімесіндегі Атымтай Жомарттың еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ, себебі ол ылғи еңбектеніп, жұмыс істейді.

Әңгімеге әдеби талдау жасағанда кейіпкер сөзінің мән - мағынасын ашып түсіну жұмыстарына ерекше мән беремін. «Кейіпкер сөйлейді», «Рөлге ену» әдістерімен шағын көріністер дайындайды және өзіне ұнаған сөздерін «Қосжазба күнделігіне» жазып жинайды, өз тұжырымын айтады.

Атап айтсам, «Атымтай Жомартта» кейіпкердің: «Күн сайын өз бейнетімен тапқан пұлға нан тауып жесем, сол нәр болып бойыма тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше, - деген сөзіне өз тұжырымын жазу тапсырылады. Оқушылар топпен жұмыста талқылап, ең ұтымды жауапты алып шығып жариялайды.

Сол сияқты «Өке мен бала» әңгімесіндегі жастарды еңбекке тәрбиелеу мәселесін қазақ мақал-мәтелдерімен сәйкестендіру әдісінің негізінде мәнін ашқызамын. Ыбырай шығармаларының болашақ жас буынға берер үлгісі мен тәлімін аннотациялық сызба – кестелер арқылы да талдатамын. [4, 26-31 б.].

Оқытылыған шығарманың мазмұнына қарай оқытудың жаңа технологиялары (Венн диаграммасы, «Қарлы кесек» ойыны, топтастыру, ой қозғау стратегиясы, кейіпкер бейнесін ашуға байланысты семантикалық карта, тестілердің түрлері: өзара байланысты тест, сатылы тест, сәйкестікті табу тесті, сұрау-тапсырмалар жүйесі, сабақ үлгілері, кейіпкер бейнесін жасау жұмыстары) нақты мысалдармен талдатамын.

Мәтіндегі оқушыларға түсінуге қиын сөздерге «Екі жақты түсініктеме күнделігі» әдісі арқылы түсіндірмелі сөздік жасатамын.

*Кесте №1.*

<i>№</i>	<i>Мәтіндегі түсінуге ауыр сөздер.</i>	<i>Түсіндірме сөздікпен жұмыс.</i>
1		

Кейіпкер бейнесін өмірмен байланыстыра талдауда көбінесе семантикалық карта әдісін жиі пайдаланамын.

*Кесте №2.*

<i>Шығарма кейіпкерлері</i>	<i>Адами қасиеттері</i>	<i>Пенделік қасиеттері</i>

Әдебиетте проблемалап оқыту әдісі арқылы оқушының ғылыми танымы кеңейіп, сол проблеманы шешудің жолын іздестіреді, ең бастысы, ізденімпаздық белсенділігі, өз бетімен жұмыс істеу қабілеті, шығармашылық тұрғыдан ойлауы қалыптасады.

Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқытуда мәтінді талдау үшін жай және проблемалық сұрақтары дайындату арқылы зерттеу жұмысын жүргіздім. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, ойлау белсенділігін жетілдіру үшін проблемалық талдау сұрақтарын алдын-ала әзірлеймін.

*Кесте*

*№3.*

<i>Жай сұрақтар</i>	<i>Проблемалық сұрақтар</i>
<i>Сейітқұл қандай кейіпкер?</i>	<i>Қалай ойлайсыңдар, Сейітқұл кім?</i>

Көркем шығарманың табиғатын танытуда АКТ мүмкіндіктерін қолданамын. Оқушылар ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқушылардың өз бетінше шығармашылық жұмыспен айналысуларына, ойлау, іздену қабілеттерін арттыруда топтық тапсырмалар беремін.

Осы жұмыстарымның нәтижесінде оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруда мынадай нәтижеге жеттім: 1. Өз ой-пікірін ашық айта білуге дағдыланды. 2. Шығармашылық ізденіске бет бұрды. 3. Өз ісіне деген сенім пайда болды. 4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренді. 5.Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренді. 6. Зерттеушілік жұмыстарға қызығушылығы артты.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған жаңаша әдіс-тәсілдер арқылы оқушының қазақ әдебиеті пәнінен алған білімін қоғамда іске асыра білуіне ықпал етуге жол ашылады. Көркем

әдебиет арқылы жалпыазаматтық, тарихи құндылықтарды анықтап, оларды қадірлеп өз бойларына жинақтайды.

Міне, сол кезде оқушыларымыз шығармашылық әлеуеті жоғары, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасады. Ал, саналы да сапалы білім алған оқушы ұлтының болашақ тірегі болары сөзсіз.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы».
2. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. - Алматы:1955. - 413 б.
3. Ламашев Әсет. Ыбырай Алтынсарин (Семинарий). - Алматы. Ана тілі, 1991. - 120 б.
4. Рысбекова Г.Е. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанда Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметінің дамуы. - Алматы. 2001.
5. Сармантаева А.Б. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану
6. Қирабаев С. «Қазақ әдебиеті оқулығына методикалық нұсқау»

*Ж.М.Баймуханова ағылшын тілі пәні мұғалімі  
«№27 ЖББМ» КММ, Сәтбаев қ.*

### **АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе шет тілін үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі. [1]

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:

- оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «дамыта оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады. [2]

Әр жаңа технология, жобалар білім саласындағы жаңалықтардың басты мақсат, міндеттері бір- біріне жуық, мәндес болып келетіні бізге мәлім. Білім беру жүйесі тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі – білім сапасы. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында


«Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі бұл, ең алдымен, білім және денсаулық сақтау. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құру, жастар үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейту қажет. Білім тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалануға икемделуі керек» делінген. [3]

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ:

\* Ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек?

\* Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?



**Ағаш** – функционалды сауатты тұлға.

**Су сепкіш (құйғыш)** – мұғалім.


**Су** – пед.технология түрлері.

**Алмалар** – негізгі құзіреттер.

*Функционалды сауаттылықты қалыптастыру және дамыту моделі*

Ағылшын тілі сабағында функционалды сауаттылықты арттыруда өз тәжірибемде көп қолданысқа ие – **СТО технологиясы**.

«**6 wh- сұрақ**» әдісі мәтінмен жұмыс жасағаннан кейін қолдануға арналған. Мұғалім осы сұрау есімдіктерін қолданып, оқушыларға сұрақ қойып жауап алады немесе оқушылар сұрақ құрастырып, бір-біріне қойып, диалогқа түседі.



*«6 wh- сұрақ» әдісінде қолданылатын сұрақтар*

«Диаманта» әдісі. Диаманта – жеті жолдан тұратын өлең түрі. Мағыналары қарама-қарсы түсініктермен жұмыс істегенде пайдалы.

**Құрылымы:**


- 1,7 – жолдары – антоним-зат есімдер;
- 2 – бірінші зат есімге екі сын есім;
- 3 – бірінші зат есімге үш етістік;
- 4 – зат есімді екі сөз тіркесі;
- 5 – екінші зат есімге үш етістік;
- 6 – екінші зат есімге екі сын есім;

**Мысалы:**

1. city
2. noisy, ancient
3. builds, increases, prospers
4. popular city, small village
5. develops, forms, helps
6. quiet, comfortable
7. village

«Ішіне және сыртына» әдісі. Оқылған өлеңге немесе мәтінге, сөз таптарына, т.б. байланысты алуға болады.

Мысалы: «Хобби» тақырыбына қатысы бар сөздерді шеңбердің ішіне, ал тақырыпқа сай келетін сөздерді шеңбердің сыртына теріп жаз. (**Write the words about hobby inside and others outside of the circle**): *house, temperature, reading, dancing, doctor, playing chess, cooking, door, singing, pen.*



**«ПОПС формуласы» немесе «4 сөйлем» әдісі**

- П** – Позиция  
**О** – Объяснение  
**П** – Пример  
**С** – Суждение

Айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыруда «ПОПС» формуласын қолдану өте тиімді. Тақырып бойынша өз пікірін дәлелдеп, көзқарасын білдіріп, шешім шығарады. Құрылымы:

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша ...»

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін ...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

«Мюсенбург» әдісі. Бұл әдіс арқылы кез келген тақырып атауын немесе тақырыптың аясында қолданылатын сөздерді табуға ыңғайлы. Мен өз сабақтарымда 5 сынып оқушыларына



осы әдісті жиі қолданып жүрмін. Мысалы: **Gptfamilyutrsklfbmskrtskjkvhdhbsjkl dxarelationshipsslsdcfvnkfhs** деген тізбектелген әріптер қатарында «**Family relationships**» деген сабақтың тақырыбы жасырылған. Оқушылардың сабаққа назарын аудару үшін қолдануға тиімді әдіс болып табылады.

«**Сюжеттік кесте**» әдісі. Оқушылардың мәтінді қаншалықты меңгергенін бақылау үшін сұрақтарға сәйкес төрт сөзден тұратын сөйлем құру тапсырылады. Мысалы:

«**Мюллердің ғажайып саны**» әдісі. Кері байланыс жасау үшін тиімді әдістің бірі болып табылады. Сипаттамасы: математикалық таңбалардың қатысуымен жеңіл тапсырма беріледі. Мысалы:  $7 \pm 2 = 5/9$ . Құралатын сөйлем 5 немесе 9 сөзден аспау керек.

Білім алу – батылдық,

Оны толықтыру – даналық,

Ал шебер қолдана білу – өнер!

Қорыта келе, осы аталған үш қасиетті педагог ретінде өзімнің де, алдымда отырған оқушыларымның да бойынан көргім келеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР::

1. Ишанғалиева А.М. Шетел тілін оқыту әдістемесі. 2011
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі. Бастауыш мектеп. 2011.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы. Егемен Қазақстан. 2012.

*Б.М.Байсеркина бастауыш сынып мұғалімі  
«№101 мектеп –лицейі»КММ, Қарағанды қ.*

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды.

Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден бір жолы – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. «Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді [1]. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген анағұрлым танымал халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment – PISA) болып табылады.



PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудағы сауаттылық, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.

Оқудағы сауаттылық – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оқығанын өмірлік мақсаттарда жүзеге асыруы. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы кезеңде қалай оқыту керек және нәтижеге қалай жету керек?- деген сұрақ туындайды. Әрине оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда әдебиеттік оқу пәнінің орны ерекше. Себебі, оқушыға тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын үйретудің басты міндеті кітап оқуға үйрету болып табылады.

Кітап оқу - қоғам мәдениетінің ажырамас элементі, тәрбие, білім беру және жеке тұлғаны дамыту құралы. Кітап оқу баланың жеке тәжірибесі мен интеллектісін байытады. Ал қазіргі уақытта көптеген балалар кітап оқуға құлықсыз. Оның себебі не? Оқу сабақтарының олар үшін қызықсыз болып қалуы неліктен? Менің ойымша, ерте ме, кеш пе әрбір мұғалім өзіне осы сұрақты қояды. Оның бірнеше себептері бар: оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі, кітаптардан басқа ақпарат көздерінің көптігі, оқуға үйрету жолдарының жетілмегендігі, оқу сауаттылығын мақсатты түрде қалыптастыру жүйесінің жоқтығы.

Бастауыш мектепте оқу сапасын арттырудың бірден – бір жолы - балаға кітапты дұрыс қолдануды үйрету. Балалардың мәтіндегі барлық ақпаратты толыққанды, терең қабылдауын ұйымдастыру, оларға автордың салған суреттерін елестетуге, автор мен кейіпкерлердің сезімдеріне эмоционалды түрде жауап беруге көмектесу, автордың ойын түсініп, осының бәрін бізге, оқырмандарға сөз суретшісінің қалай жеткізетінін көре білуге үйрету. Басқаша айтқанда, оқу дағдыларын қалыптастыра отырып, саналы түрде түсініп оқу дағдыларын дамыту[2].

Олардың негізгілері:

- шығарма авторы жазған суретті елестету мүмкіндігі;
- кейіпкерлерге жанашырлықпен қарау;
- шығарманың негізгі ойын, оның идеясын түсіну;
- өз позициясын түсініп, оны ауызша немесе жазбаша сөйлеу түрінде жеткізе білуі;
- оқу техникасының жоғары болуы;
- түсініп оқудың техникасын меңгеруі;
- кітапты жақсы көруі және оларды таңдай білуі;

Оқушыларымның саналы түрде түсініп оқу дағдыларын, оқу сауаттылығын дамыту мақсатында сабақтың әр түрлі формалары мен түрлерін қолданамын:

- жарыстар;
- викториналар;
- мерекелік сабақтар;
- ертегілер арқылы саяхаттау;

Мұндай сабақтар балалардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға және оқушылар арасында сапалы оқудың дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Сабақтарымда қолдананылған педагогикалық технологиялар мен әдістер:

«Мені түсін» ойыны[3]

Оқушылар мәтіннің бөлігін оқиды да, түйінді сөздерін дәптерлеріне жазып алады. Мұғалім оқушылардың кітаптарын жабуын, қолдарына парақ пен қарындаш алып, осы мәтіннің негізгі ойын білдіретін он шақты сөз жазуларын талап етеді. Соңынан мұғалім парақтарды жинап алып, өзі алдын ала даярлаған түйінді сөздермен салыстырады. Кімнің осы түпнұсқамен сәйкес келген сөздері көп болса, сол жеңімпаз деп танылады.

«Миға шабуыл»

Қойылған проблеманы оқушылардың шығармашылық белсенділігіне сүйене отырып шешуге бағытталған, оқушыларға проблеманы шешуге жауап нұсқасын таңдауға еркіндік беріліп, оны шешудің неғұрлым көп жолдарын көрсетуге негізделген. Кейін ең жақсы идеялар, шешімдер таңдалынып алынады. Берілген сұраққа әр оқушы жауап бере алады. Маңыздысы – айтылған көзқарасқа баға қоймау керек, барлық жауап қабылданады және әр пікір тақтаға

немесе қағазға жазылғаны дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері тиіс.

«Синквейн»

1-жол: Тақырыптың атауы (зат есім).

2-жол: Тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім).

3-жол: Тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік).

4-жол: Тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.

5-жол: Тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.

«Тұлғаны танып біл»

Мұғалім оқушыларға парақтар таратады, оларға Қазақстан тарихында елеулі із қалдырған кемеңгер адамдардың (саясаткерлер, өнер және әдебиет қайраткерлері және т.б.) портреттері жапсырылған. Ойыншылар 5-6 адамнан топтарға бөлініп отырады. Балалар портреттердегі тұлғаның аты-жөнін, оның атына байланысты оқиғаларды, ол жазған шығармаларды және т.б. естеріне түсіруі тиіс. Топ ішінде талдау 5 минуттан аспайды. Өз тобын топтың бір мүшесі қорғайды.

«Тірек мәтін»

Мұғалім жеке оқушыға, жұпқа немесе топқа тақырып бойынша бірнеше сұрақ береді. Олар жазба түрінде жауап жазады. Жауап бере отырып, оқушылар осылай өтілген тақырыптарға тірек конспектісін жасайды.

«Пікір алмасу» (Showdown). Әрбір топ тақырыпқа қатысты 5 сұрақ дайындайды. Әрбір сұрақты стикердің бірінші жағына, ал жауабын екінші жағына жазып, келесі топпен стикерлерін ауыстырады. Топ басшысы стикердегі сұрақтарды оқиды, топ мүшелері жауаптарын жазып дайындайды. Көшбасшы белгі бергенде, барлығы өз жауабын ашады және жауаптарды талқылап, дұрыс жауаппен салыстырады.

Осы жұмыс формалары мен әдістерін қолданған кезде оқушыларда «оқу сауаттылығы» ұғымының маңызды компоненттері болып табылатын ойлау мен рефлексия, сауатты сөйлеу дағдылары дамиды. И.Г.Песталоццидің сөзімен айтатын болсақ, «Менің оқушыларым жаңа нәрселерді тек менен үйренбейді; олар жаңа нәрсені өздері ашады».

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832>
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.
3. Сабәқ қолданылатын әдіс-тәсілдермен психологиялық тренингтер жинағы. <https://martebe.kz/saba-ta-oldanylatyn-dis-t-sildermen-psiologijaly-treningter-zhina>.

*К. К. Балабекова, Н. Т. Пірімбет  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері  
№48 ЖББМ, Қарағанды қ.*

## ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ Ы. АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Әңгіме – қиын жанр. Алдымен көлемі шағын. Ол жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден үйіріп әкету үшін, сол шағын көлемдегі өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс. [1]

Әңгімелерді оқытуда төмендегідей мақсаттар жүзеге асады:

- білім алушылардың рухани дүниесі байып, эстетикалық, интеллектуалдық, адамгершілік, азаматтық тәрбие алады;
- терең біліммен қаруланады;

Жоғарыда айтылған мақсаттардың жүзеге асуын Ы.Алтынсарин әңгімелерін оқыту арқылы нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетейік.

V сыныпта Ы.Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады?», «Атымтай жомарт», «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімелері оқытылады. Қаламгер шығармаларының мазмұнын меңгертуде «Ривин», «Уақыт тізбегі», «Баяндама», «Өрмекші торы», «Веер» әдістері тиімді. Осы әдістердің алгоритміне тоқталып кетсек:

1. Ривин әдісі :

- а) азат жолдарға бөліп оқу;
- ә) үзінділерге (азат жолға) жоспар құру;
- б) сөздікпен жұмыс (үзінді ішінде кездесетін қиын, түсініксіз сөздермен жұмыс);
- в) үзіндінің негізгі ойын табу (негізгі ой қай сөзде, қай сөйлемде);
- г) үзіндіге ат қою

Ы.Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл»:

Жоспар:

- 1. Сейітқұлдың ой ойлауы.
- 2. Мекен еткендей жер іздеуі.
- 3. Қабырға өзенінің бойын таңдауы.
- 4. Жазда кедей елін Қабырға өзенінің бойына алып келуі.

Сөздікпен жұмыс:

жортуыл басы жолда қалады – қақтығыста қаза табу;

барымта – жауласқан екі рудың бірінің-бірі мал-мүлкін тартып алып, кек қайтаруы.

Үзіндінің негізгі ойы: Сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келеді.

Үзіндіге ат қою: Жаңа өмір.

Бұл әдістің тиімділігі: білім алушылар жеке, жұппен, топпен көркем шығарманы өз беттерімен оқып, талдайды, мазмұнын меңгереді. Мұғалім бағыт-бағдар береді, ал білім алушылар өздері оқып-талқылап, өздігінен шығарма мазмұнын меңгереді. [2]

Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқытуда тиімді әдістердің бірі – «Уақыт тізбегі кестесі» әдісі. «Уақыт тізбегі кестесі» әдісі – мәтінді тыңғылықты оқып, түсінген деректер бойынша «уақыт тізбегіне» оқиға бойынша орналастырады. Бұл сызбаның мәтінде мазмұндауда өте тиімді екенін айта кету керек. Ал Ы.Алтынсарин әңгімелерінің мазмұнын меңгергендігін тексеруде «Өрмекші торы», «Ширлинг», «Бетпе-бет», «Араның ұясы» әдістері өте қолайлы. [3] «Өрмекші торы» әдісі бойынша әңгіме мазмұнын тексеруде сынып оқышылары шеңбер құрып тұрады да, бір оқушы мазмұн айтуды бастайды да, шамалы айтып, қолындағы жіпті қарсысында тұрған оқушыға береді, ол ойды бірден жалғастырып кетеді, ол шамалы мазмұндайды да, қарсысындағы оқушыға жіпті береді, осылайша барлық сынып оқушылары қамтылады да, «өрмекші торы» құрылады. Көркем шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қойылып, «өрмекші торы» кері жиналады. Бұл әдістің тиімділігі: сынып оқышыларының барлығының білімі бақыланады, бір-бірінің ойын жалғастыруға, жүйелі сұрақ қоюға, сұраққа нақты жауап беруге үйренеді. [4]

Ы.Алтынсариннің «Дүние қалай етсең, табылады?» әңгімесін оқытуда «Веер» әдісін қолданып, оқушылардың сұрақ қою, сұраққа жауап беру, сұрақ-жауаптарға сараптама жасау қабілеттерін шыңдадық.

Сынып үш топқа бөлінеді. Бірінші топ – сұрақ қоюшылар, екінші топ – сұраққа жауап берушілер, үшінші топ – сарапшылар. Қағаздан веер жасап, бір қыртысына сұрақ жазады, екінші қыртысына жауап жазады, үшінші қыртысына сараптама жазады.

Бірінші топ оқушылары өз веерлеріне төмендегідей сұрақтарды жазады:

- 1. Әңгімеде қай елдің білімді адамы туралы баяндалады?

2. Антон кім? Ол немен айналысушы еді?
3. Антонмен кім кездеседі?
4. Неліктен Антон еңбек етуге шешім қабылдайды?

Екінші топ оқушылары жоғарыдағы сұрақтарға жауап береді. Ал үшінші топ оқушылары сұрақтар мен жауаптарға сараптама жасайды.

Бұл әдістің тиімділігі: ашық сұрақ пен жабық сұрақтың аражігін айырады. Жабық сұрақтарды нақты, жүйелі құрастыруға үйренеді. Сұраққа толық жауап беруге, өзгенің жұмысына сыни көзқараспен қарап, сараптама жасауға үйренеді.

«Атымтай жомарт» әңгімесін оқып-талдауда Атымтайдың бейнесін «Төрт сөйлем» әдісі арқылы ашып, өз пікірлерін білдіруге тапсырма берілді.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен жазады.

Дәлел. Пікірлерің бір сөйлеммен дәлелдейді.

Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіреді.

Қорытынды. Шығарма мазмұны бойынша қорытынды шығарады.

Талдау үлгісі:


Пікір: Атымтай ақылды, қарапайым, еңбекқор адам.

Дәлел: Күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады.

Мысал: Шығанақ Берсиев елге адал қызмет етіп, еңбегінің арқасында елге танылды, Еңбек Ері атанды.

Қорытынды: Атымтай өзінің парасатты, ақылды, еңбекқор жан екенін ісімен де, сөзімен де дәлелдейді. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді.

Өз тәжірибемізден байқағандай, сабақтарымызда осындай интерактивті оқыту әдістерін қолдану төмендегі сызбада көрсетелген нәтижелерге жеткізіп отыр:



#### *1-сызба. Нәтижелер топтамасы.*

Қорыта келгенде, оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді тандап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Сабақта интерактивті тәсілдерді тиімді пайдалану жауапкершілік пен шығармашылық тұлға қалыптастыруға алып келеді.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Жартынова Ж. А. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару» - Алматы, 2019 жыл, 52- бет
2. “Қазақстан мектебі” // №8, 2020 жыл, 9-бет
3. «Өзіндік таным» // № 2, 2017 жыл, 5-бет
4. Симбаева С. «Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер».
5. Әдістемелік құрал –Нұр-Сұлтан, 2019 жыл, 36 -бет

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫНЫҢ Ы.АЛТЫНСАРИН ІЛІМІ**

Әрбір ұлттың салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында сол ұлттың тәрбие саласындағы ұстанымдары мен көзқарастары жататыны белгілі. Тіпті салт-дәстүр, әдет-ғұрып дегеніміздің өзі – сол халықтың күнделікті өмірдегі қарекеттерінен, шаруашылық жүргізу типінен, қоршаған табиғатпен үйлесімділігінен туған әрекеттерінің жиынтығы. Осы салт-дәстүр, әдет-ғұрып ауқымында ұлттың тәрбиелік ұстанымдары да жататындығы мәлім. Әрине, қандай да болмасын ұлт белгілі бір кезеңде оқу-білімге ден қойып, жүйелі тәрбие үдерісіне қарай бет түзеді. Міне, осындай бетбұрыс кезеңі халықтық педагогикадан ғылыми педагогикаға қарай қадам жасау шағы қазақ топырағында Ыбырай Алтынсариннен басталғаны белгілі. Ыбырай Алтынсаринді ақын, жазушы, аудармашы дегендеріміздің өзі оның педагогикалық қызметінен шығып жатады. Сондықтан да Ыбырайдың әдеби мұрасы, негізінен алғанда, оқушы балаларға арналады. Бұл туралы Ыбырай Алтынсарин мұрасын зерттеуші М.Жармұхамедұлы: “Ыбырай Алтынсарин мұрасының басым көпшілігі әдеби-көркем шығармалар болып келеді, алайда сол өлеңдері мен көркем әңгімелерін ол тек педагогикалық мұрат-мақсатқа сәйкес жазып, жаратады, бұл жәйт оның жазушылығы мен педагогтығының бір арнадан бастау алатынын аңғартады”.[1]

Ұлы ағартушы ұстаздың қазіргі қазақ педагогикасынан алатын орны ерекше. Заман өзгеріп, таным жаңғырғанымен Ыбырай сияқты тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы қазіргі оқушыларға да, жастарға да, ұстаздарға да үлгі. Ыбырай Алтынсарин нағыз ұстаздың, оқушыларға деген, өз мамандығына деген кемел үлгісі. Ол хаттарының бірінде былай деп жазған болатын: “Осы жылы январьдың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді; бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды. Кейін паракор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын. Күлсеңіз күле беріңіз, мен кейбір оқытудан бос уақыттарда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын... Менің үнемі ұмтылған тілегім: қалай да пайдалы адам болып шығу еді. Ал, қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады.” [4] Ұстаздың осы хатынан-ақ оның бала оқытуға деген ерекше ықыласын, терең сүйіспеншілігін тануға болады. Ы.Алтынсарин өзінің алдына ақындықты, жазушылықты, болмаса аудармашылықты емес, ең алдымен ұстаздықты мақсат етті. Оның өлеңдері мен әңгімелері, ондағы көтерілген тәрбиелік идеядағы мәселелер жас жеткіншектер тәрбиесінде өзінің өзектілігін жоймақ емес. Білімге ұмтылушылық, адалдық, еңбекқорлық, талаптылық, адамгершілік, кішіпейілділік сияқты жас баланың санасында орын алуға тиісті адами қасиеттер Ыбырай шығармаларының өзегі. Бұлар қай кезеңде болмасын, адам тәрбиесінде ерекше орын алуға тиісті қасиеттер десек, онда осылардың баршасын Ыбырай Алтынсариннің туындыларынан табамыз. Сондықтан да қазіргі тәрбие мәселесінде Ыбырай Алтынсариннің алатын орны ерекше. Айталық, оның “Қыпшақ Сейіткүл” атты әңгімесі арқылы балаларды іздемпаздыққа, еңбекқорлыққа баулысақ, “Өнер-білім бар жұрттар,” “Балғожа бидің баласына жазған хаты” өлеңдері арқылы бастауыш сынып оқушыларын оқу-білімнің қажеттілігі, артықшылығы сияқты ойға жетелейміз.

Ыбырай Алтынсариннің қазіргі замандағы тәрбие беру үдерісімен сабақтасатын еңбектері-оның халық ағарту мәселелері хақындағы ой-пікірлері. Бұл ой-пікірлерді біз оның мақалаларынан, хаттарынан, есептері мен рапорттарынан көреміз. Ыбырайдың бұл еңбектерінде де жоғарыда айтқандай, білім алуға құштарлық, еңбексүйгіштік, адамгершілік, адалдық, инабаттылық сияқты қасиеттерге ерекше мән беру байқалады. Ы.Алтынсариннің мұрасында айтылатын тәрбие берудің жан-жақтылығы жөнінде белгілі ғалымдар Қ. Жарықбаев пен С. Қалиев былай деп жазған болатын: “Көшпенді елдің өзінің ерекшелігіне орай ол имандылық, инабаттылық, ақыл-ой, еңбек, тазалық, сұлулық тәлімдеріне байланысты бірқатар тың идеялар айтты. Ұстаздық, әдеп, ата-ана, ересектердің жас буынға үлгі-өнегесі, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселелерін қазақ өміріне орай түсіндірді”. [3] Мәселен, ұлы ұстаз: “Өмірдің негізгі мәні-еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады” дейді. Оның бұл пікірінен ұстаздың еңбексүйгіштікті, адам өміріндегі еңбектің рөлін қаншалықты түсінгендігін байқасақ, тағы бір маңызды жағы еңбектің мәнділігі мен пайдалылығын насихаттағанын көреміз. Сондай-ақ Ыбырайдың ойынша, адам өзінің істеген еңбегінен ләззат алу керек, тіпті оны ол “кісіліктің басты белгісі” деп бағалайды. Қазіргі тәрбие үдерісінде еңбек жайындағы оның осы үш ұстанымы да-көкейкесті мәселе. Әсіресе жас ұрпақты өзі атқарған пайдалы еңбектен ләззат алуға баулу-үлкен мәселе. Мектеп оқушыларын еңбек етуге баулуда оны бедел жинауға, пайда табуға, жәке басының мансабын арттыруға емес, одан рухани қанағат алуға қарай бейімдесек, онда біз оны еңбек тәрбиесімен бірге, адамгершілік тәрбиесіне де тартқан болар едік.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин өзінің ардақты борышы-балаларды оқыту деп түсінді. Борышын атқару барысында ұлы ұстаз дүние жүзі педагогика классиктерінің Я.А.Каменский, К.Д.Ушинский, Л.Н. Толстойдың және т.б. ағартушы қауымның гуманистік идеяларын басшылыққа алды. Қазақ жастарының бойындағы өзіндік қабілеттерін ел мүддесі үшін қолдана білуін, танымдық жаңашылдыққа бет алуын арман етті. Ыбырай арман еткен жаңашылдық мәселелері бүгінгі күні де өзекті сипатқа ие болып отыр. Қазақстан білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларда жаңа үрдістерге оңай бейімделуге қабілетті және ол жағдайларды жақсартуға игі ықпал ете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар-шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық.

“Білім инемен құдық қазғандай” деп дана бабамыз білімнің құндылығын жоғары дәріптеген. Танымдық санамызға Ыбырай атамыз, өз замандас отандастарының ағартушылық ой пікірлерін қуаттап, қазақ жерінде оқу-білімнің шамшырағын жақты, педагогтік-демократиялық көзқарастың негізін салды. Бір жағынан феодалдық-патриархалды тұрмыс билеген, екінші жағынан патша өкіметінің отарлау саясаты езген қараңғы ортада Ыбырай ашқан мектептердің қоңырауы тұңғыш сыңғырлап, ұлы ағартушы-педагогтың ой-пікірлері, өлең-жырлары мен әңгімелері халық санасына жаңалық болып сіңді. Ол қоғамдық әділетсіздікке, надандық пен білімсіздікке қарсы күресті. 1857 жылы Орынбордағы қазақ балалары үшін ашылған жеті жылдық мектепті үздік бітірген Ыбырай, өзінің бар өмірін туған халқын алдыңғы қатарлы білімді елдердің қатарына қосуға арнады, болашаққа қырағы көзбен қарады. “Ағаш түзу өсуі үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың”, сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде екі жақты жауапкершілікті саналы түрде сезінуді қоғам мүшелері алдына ту еткен Ыбырайдың рухани идеологиясы бүгінгі қоғамда үлкен сұранысқа ие. Бұл қажеттілік қазіргі таңда білімдегі прагматизм, жаһандану және т.б. қатынастардың өскелең ұрпақ тәрбиесіне әсері салдарынан туып отыр. Осыған орай қазақстандық білім саясатының басты міндеті қазіргі заманғы білім сапасын оның іргелілігі мен қоғам, мемлекет және жеке тұлғалардың маңызды әрі перспективті қажеттіліктеріне сәйкестігі сипатын сақтай отырып, жаңа мүмкіндіктер жасау болып табылады. ХХІ ғасырда мемлекеттердің өркениеттілігі мен қуат

көзі-шикізат байлықтарымен, көне тарихи-мәдени мұраларымен ғана емес, сол ел тұрғындарының интеллектуалдық, білімділік деңгейлерімен де анықталмақ.

Әрине, бұл түсінік дұрыс-ақ, бірақ Әл-Фараби бабамыз айтқандай тәрбиесіз берілген білімнің бағыты мен болашағы қандай болмақ? Әр өскелең ұрпақтың моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау, жауапкершілікті мойындау – бүгінгі күннің және алдағы күндердің де талабы болғаны игі. Оған барлық мемлекет, қоғам болып көңіл бөлген жағдайда ғана орындалмақ. Себебі тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталып, адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі ретінде анықталады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде жүзеге асады. Осы орайда, жастарды рухани тұрғыда тәрбиелеу үшін терең білім беруде, өмірді танып, көзқарасын қалыптастыруда, мінез-құлқына әсер етуде Ыбырай Алтынсарин шығармаларының орны ерекше. Ұлтымыздың біртуар перзенті өз қолымен жасап, насихаттап өткен мұралары күні бүгінге дейін өзінің өміршендігін дәлелдеп, қажетті кәдемізге жарап отырғандығын тағы да қайталап айтуға тура келеді. Мәселен, жастар тәрбиесінде оларға ұлттық тіл, төл мәдениет негізінде адамзат қолы жетпеген моральдық-адамгершілік жетістіктерді меңгерту Ыбырай Алтынсарин шығармаларының негізгі өзегі болған. Педагог ұсынған мектеп пен тәрбие өз халқының тұрмысы мен өмірінің тарихи-ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес келу идеясы Елбасы жолдауындағы “Үштұғырлы тіл” мәдени жобасына да сәйкес келетіндігін айтуымыз керек. Қазіргі алмағайып заманда қазақтың санасын жақсыға бұру үшін педагог мұрасына қайта оралсақ, “оқу баланың ана тілінде жүргізілуі керек” [2] деген көрегендік танытарлық қағидасын табамыз. Ұстаздың мұндағы негізгі идеясы баланы ана тілінде рухани азықтандырып, төл түсініктерді бойына дарыту. Бұл мақсат-міндеттерін ол бағдарлама мазмұнын жетілдіру, оқулықтар жазып шығару, мектеп ашу арқылы іс-жүзінде асырып отырған. Алтынсариннің үлкенді-кішілі шығармаларының мазмұны тілі мен ұғымы жағынан жеңіл, бала психологиясына тең келетіндігі осы уақыт талаптарына да сәйкестілігімен құнды болып отыр. Ол рухани тәрбиенің қайнар көзі болып табылатын тіл тазалығын қолдап, оның өзге тілдердің зиянды тұстарынан аулақ болуын сақтандырды. Бұл әсіресе, дін мәселесіне байланысты көбірек қозғалған проблемалар қатарына жатады.

Ы.Алтынсарин өзінің төл туындыларында тәрбиелік, нақыл-насихаттық мәніне ерекше көңіл аударып отырды. Сол арқылы жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінділікке, өнер-білімге баулуды көздейді. Ол ел жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы жүзеге асады деп санады. Ы.Алтынсарин қызметінде балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысы ерекше орын алады. Мектептегі оқыту мен тәрбие процесін жүргізуші мұғалім деп таниды.

Адамның жеке басының мінез-құлқын қалыптастыру, оның бойына жойылып бара жатқан адамгершілік қасиеттерді сіңіру, иманжүзді етіп тәрбиелеу ата-ананың тікелей әсерімен отбасынан басталып, мектепте жүзеге асатындығын ескерген жөн. “Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің” деген мақал біздің ойымыздың айғағы іспеттес. Қазақстанның әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті елдің қатарына қосылу стратегиясы аясында білім мен ғылым, мәдениет пен өнер, білімдік технологиялар саласындағы жаңа ұмтылыстарға Ы.Алтынсариннің еңбектеріндегі педагогикалық мәселелер мен ұстанымы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру заңдылықтарын жан-жақты ашуға толық мүмкіндік береді, жаңа ғылыми ізденістерге жол ашады.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ы. Алтынсарин таңдамалы шығармалары. Алматы, 1957ж. 414б. (389-390б.б., 396б., 322б., 268б.,).

2. Қоңыратбай Т.Ә. “Рухтылық” және “рухтандыру” ұғымдары туралы. //Білім-Образование. 2007ж. №4. 162б.
3. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 2007, №4. 153-162б.
4. Ы.Алтынсарин. 2 том. Ресми құжаттары мен хаттары. Астана-2009.

*Ж.С. Балкеев  
тарих мұғалімі  
№101 мектеп-лицейі, Қарағанды қ.*

## **Ы. АЛТЫНСАРИН – ТҰҢҒЫШ КЕМЕҢГЕР**

*«Туған елге пайдалы іске қолдан келгенше  
үлес қосу – әрқайсысымыздың міндетіміз».  
Ы. Алтынсарин*

Еліміздің тарихы мен әдебиетіне, мәдениетіне қатысы бар дара тұлғаларды білу парызымыз. Және ол тұлғалардың еңбектерін, ағартушылық-педагогикалық көзқарастары туралы қазіргі ұрпаққа насихаттап, санасына сіңіруіміз керек. Ол тұлғаларымыз Қазақ мемлекетінің қалыптасуына өз үлестерін қосты. Бүгінде егеменді елімізде көптеген стратегиялық жоспарлар жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», – деп атап көрсеткен болатын [1].

Еліміздің білім беру саласы – қанатын кеңге, тамырын тереңге тартып, қарыштап дамуда. Себебі, біз бәсекеге қабілетті, дарынды ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Мәдени мұра бағдарламасы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаладағы айтылған ой-пікірлер, көзқарастар ұлттық код тұрғысынан өзектелінуде. Осында айтылған тарихи бастаулардың бірі ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ демократ ағартушыларының бастауында тұрған тұлға Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасымен үндесіп жатыр. Ел болашағын ойлап, «Кел, балалар, оқылық!», – деп қазақты оқу-білімге шақырған Ыбырай Алтынсариннің салған ізі күні-бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Ол орыс халқының кең арналы білім нәрімен сусындады. Өзінің алған білімін еліне жұмсау жолында, сол кездегі әміршілдік жүйеге қарамастан, қазақ даласында мектеп ашуды қолға алып, ұрпағының білімді болуына көп еңбек сіңірді. Бүгінгі білім беруді жаңғырту, ізгілендіру, ұлттық ұстанымдарды жүзеге асырудың мақсат-мұраттарын ұлы ұстаз – Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық-педагогикалық мұрасынан көре аламыз. Оқушыларға білім беруде – білім сапасы мұғалімге де байланысты. Мектептегі оқыту мен тәрбиелеудегі басты күш – ұстаз тұлғасы. Ыбырай атамыз айтқандай «Халық мектептері үшін мұғалім бәрінен де қымбат болып табылады. Олармен ешбір керемет педагогикалық басшылық та, мұқият инспекторлық бақылау да теңесе алмайды». Ыбырай Алтынсарин бар саналы ғұмырын ұлтқа қызмет етуге арнаған, яғни қазақ балаларына өнер-білім беру деп түсінген. Осы жолда бірнеше жыл аянбай еңбек етіп, тер төккен.

Ұлы кемеңгер өз еңбектерінде мұғалім өз шәкірттерін сүйе білуі керек, балаға ата-аналарын құрметтеу, тәрбиелі болуы туралы құнды пікірлер айтқан. Ыбырай Алтынсариннің ағартушы-педагог ретіндегі негізгі ұстанымы – ізгілік пен адамгершілік, үлкенді сыйлау, кішіге құрмет, сыпайыгершілік, гуманистік көзқарас, балаға жылы жүрекпен қарау, мұғалім мен оқушы бірін-бірі өзара түсіну сияқты қағидалар. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Патша үкіметі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласын бағындырудың, билеп-төстеудің тағы бір жаңа әдісін қолдана бастады. Қазақ балаларына



арнап мектептер ашыла бастады. Сондай мектептің бірі – Орынбор қаласында ашылды. Ол мектепке 30 қазақ баласы қабылданды, солардың бірі – 9 жасар Ыбырай Алтынсарин болды. Осы мектепті үздік бітіргеннен кейін 1857-1859 жылдары өз атасы Балқожа бидің писері, одан кейін 1860 жылы Орынбор облыстық басқармасында тілмаш болып орналасады. Кейіннен өз қалауы бойынша Торғай қаласындағы бастауыш мектепке мұғалім болады. Осы кезден бастап Ыбырай атамyzдың ағартушылық-педагогикалық қызметі басталады. Осы қызметінің алғашқы баспалдағында кездескен кедергілердің бірі – мектеп ашудың қиындығы, қажетті оқу-құралдардың жетіспеуі, жергілікті әкімшіліктің оқу мен білімге деген енжарлығы, надандығы болды. Бірақ осы кедергілерге қарамай, берілетін білімнің бағыт-бағдарын, халыққа оның маңызы мен мазмұнын түсіндірді, мектепке арнап оқулық жазуға кірісті. Бұл қазақ даласындағы бүкіл халыққа арналған алғашқы қоңырау еді. Торғай уезіндегі 1864 жылдың қаңтар айының 8-інде ашылған мектеп Ы.Алтынсарин үшін ғана емес, жалпы қазақ сахарасындағы аса маңызды оқиға болды. Орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, сол кездегі қоғам талабына сай келетін мұғалімдер даярлауға да күш салды. Қоғамдық, педагогикалық ғылыми көзқарасының қалыптасуына орыстың белгілі ориенталист ғалымдары В.В. Григорьевтің, И.И. Ильминскийдің, Я.П. Яковлевтің гуманистік идеялары әсер етті; Л.Н.Толстойдың, И.П. Паульсонның, К.Д.Ушинскийдің оқулықтарын өз хрестоматиясына үлгі етті. Осының нәтижесінде 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясы» жарыққа шықты. Төлтума оқулық ретінде мектепке ұсынылды. Аталған оқулықтың тарихи маңызы өте зор, құнды еңбек болып саналады.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіләлемдік тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі адамгершілік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық қағидасының көрініс тапқанын байқадық. Ағартушылық саласындағы мақсат мүдделерінің іске асуына оның 1879 жылы Торғай облыстық мектептер инспекторы болып тағайындалуынан бастап және бұл қызметте өмірінің соңына дейін үздіксіз еңбек етуі өз пайдасын тигізді. Мұғалім өз шәкірттерін жан-тәнімен жақсы көрсе, ол оқу-тәрбие ісіне шексіз берілуі ғана емес, оның беделі тек шәкірт алдында ғана емес, бүкіл ата-аналар, жұртшылық алдында жоғары болатынын ескертіп былай дейді: «... Мектеп бітіруші баланың болашағын болжай білу қабілеті, адамгершілік қасиеті ұстазға байланысты».

Ыбырай Алтынсарин – тұңғыш халық мұғалімі, Қазақстандағы халық мектептерін бірінші ұйымдастырушы және қазақ халқынан шыққан тұңғыш педагог-теоретик. Оның тарих, этнография, өлке танудағы бағытында үлкен маңызды жұмыс атқарғанын да көруге болады. Қазақстандағы педагогика білімінің негізін қалады.

Ол өзінің хрестоматияға енгізген әдеби шығармаларының бәрін негізгі педагогтік ісімен тығыз байланыстыра білді. Ал оның ақындығы мен жазушылығы оның мақсатына, сол ағартушылық-педагогтік істеріне бағынған. Яғни хрестоматияға енгізген шығармаларды іріктеуде, біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабардар ету принципін көздесе, екіншіден, оқушыларды адалдыққа, қайырымдылыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарытуды ниет еткен. Үшіншіден, жастардың, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруге тырысқан. Ы.Алтынсарин қазақ халқының өзіне тән ұлттық тәлім-тәрбие үрдістерін ағарту ісімен байланыстыра отырып, бүгінгі педагогика саласындағы бірнеше бағыттардың негізін салды. Халықтың ұлттық тәлім-тәрбиесі негізінде ол Қазақстандағы мектептердегі оқыту ісінің әдістемесінің іргетасын қалады. Қазақтың тұңғыш ағартушы – ұстазы, халқымызды сауаттандыру жолында ең алғаш ана тілінде мектеп ашқан, ұстаздардың ұстазы. Ұлы кемеңгер педагогтың ойлары мен аталы сөздерінің айтылғанына бір ғасыр өтіп кетсе де, жаңа ғасырымыз білімді де, білікті жастарды қалап отырған шақта Ыбырай атамyzдың тәлімінің күннен-күнге арта, мәртебесі биіктей түседі. Ағартушы мұрасының құндылықтарын әр туындысының соңында педагогикалық пайымдау түрінде берілген. Біздің мақсатымыз ұлы ұстаздың ой-пікірімен, өнегелі тұлға тәрбиелеу ісінде әрекет арқылы өмірмен байланыста пайдалану, оқыту үрдісінде басшылыққа алу. «Оқытушыларды бағалағанда, – деп жазды Ы.Алтынсарин, олардың іске қатысы жоқ

сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау қажет» [2].

Ыбырай Алтынсарин — нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, тер төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды.

Кемеңгер Ыбырай Алтынсарин – ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де өзі өмір сүрген заманы мен өмірінде қазақ балаларына «Кел, балалар, оқылық» деп жар салудан тынбаған, оның осы қанатты сөздері әлі де өз күшін жойған емес. Сондықтан, Ыбырай атамыздың ісін жалғастыратын, арманын орындайтын біздер үшін осы жолдан өту үлкен құрмет және зор міндет. Қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке шақырды. Былайынша айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуды насихаттап, жастарға дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынды. Сондықтан өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатта жазды.

Ыбырай Алтынсарин – жазушы. Жазба әдебиетке тән проза жанрының да негізін қалады. Ол тұңғыш рет балаларға арнап әңгіме жазған жазушы. Яғни, балалар әдебиетінің негізін қалады. Оның әңгімелерінің басты ерекшелігі, негізгі тақырыбы – жақсы мен жаманды салыстыра отырып әңгімелеу арқылы балалардың санасына ой салу, тәрбиелеу. Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай атамыздың әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Ы.Алтынсариннің «Екі жолдас», «Бір уыс мақта», «Қисық ағаш», «Таза бұлақ», «Шеше мен бала», «Ақымақ дос», «Тазша бала», «Қыпшақ Сейтқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Талаптың пайдасы», «Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Байұлы», «Мейірімді бала», «Дүние қалай етсең табылады», «Жиренше шешен», «Бай мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Мақта қыз бен мысық» және т.б. әңгімелері бар.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеп, қазақтың жұмбақтары, дастандары, мақал-мәтелдері жөнінде ғылыми мақалалар жазды. «Қобыланды батыр», «Қара батыр», «Жәнібек батыр» эпостарынан, қазақ халқының тарихынан үзінділерді баспа бетіне жариялады. Өлеңдерінде оқу-білімді насихаттады, жақсылық пен жамандықты, әлеуметтік, адамгершілік мәселелерге және табиғат лирикасына арналған.

Ыбырай шығармашылығында көтерген өз мәселелер дәл осы ХХІ ғасырда дұрыс және тиісті жерлерде ұстана білуді талап етеді. Яғни, өнер-білімсіз, қолөнер кәсіпсіз, еңбек етпей, достық пен қарым-қатынассыз адам өз өмірінде тиісті білім ала алмайды. Өйткені, бірін-бірінсіз олар тиісті нәтижеге жете алмайды. Қазақ халқының дарынды перзенті Ыбырай Алтынсарин аса күрделі тарихи кезеңде, патша үкіметі қатаң отарлау саясатын жүргізіп жатқан кезеңде өмір сүрді. Қазақ халқының тарихында Ыбырай Алтынсарин ерекше роль атқарады. Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды. Халқының мәдениет пен білімді меңгеріп қана қоймай, ел-жұртын көрші елдердің өнер-білімін, мәдениетін, техникасын игеруге шақырып, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты.

Ыбырай Алтынсарин — нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz). Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.
2. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы / Құр. Қалиев С. – Алматы: 1994. – 122-129 б.

*Батырбекова Н.Н. учитель начальных классов  
КТУ КШЯС «Таңшолпан», г.Абай*

## **ЫБРАЙ АЛТЫНСАРИН: «ВАЖНЕЙШАЯ МИССИЯ УЧИТЕЛЯ»**

Ориентиром светлого будущего является жизнь и деятельность Великого Учителя, педагога – мыслителя, просветителя, ученого, писателя, энтузиаста Ыбрая Алтынсарина.

Ыбрай Алтынсарин оставил неизгладимый след в истории Казахстана. Об этом сегодня, к сожалению, вспоминают не все. Жизнь выдающегося казахского просветителя поражает благородством и бескорыстным служением своему народу, особенно сегодня в наш эгоистический век.

Следуя своему жизненному кредо: «...Я не отступлюсь от коренных своих убеждений и стремления быть полезным своим родичам, насколько хватит моих сил» - (так написал он в одном из писем). Великий учитель выбрал нелегкий путь – просвещение всего казахского народа. Глубокая убежденность его в необходимости образования своего народа принесли плоды уже в начале XX века. Многогранное наследие педагога должно изучаться и сегодня, широко пропагандироваться, ведь все его мысли актуальны и в нынешнее время. Призыв Ыбрая: «Давайте, дети, учиться!» - должен звучать из уст каждого учителя. Не стареет, а вновь возрождается гимн - призвание великого сына казахского народа:

Ученье даст вам счастье,  
Оно озарит, как свет,  
Каждое ваше желание,  
Яркий оставит след.  
Дети, в школу идите.  
В памяти крепко, навек  
Знание сохраните.

От развития образования зависит наше будущее. А это развитие общества. Образование – это не только получение объема навыков и знаний, главное – научить ребенка приобрести истинные ценности - воспитание нравственных основ личности. По Ыбраю Алтынсарину, основу нравственности составляют образование и воспитание: «Только постоянная забота и нравственное воспитание формирует в ребенке самые лучшие нравственные качества», «хорошо воспитанный ребенок впоследствии остается добропорядочным человеком» [5, с.47]

По мнению Алтынсарина, начальное образование – важный этап в становлении личности, в формировании и развитии ребенка. На этом этапе он впервые начинает заниматься деятельностью, значимой для общества. Ведущую роль играет на этом этапе учитель – влияет на внутреннюю культуру и поведение каждого ребенка, на развитие его мировоззрения. Учитель помогает детям стать личностью высокообразованной, интеллектуальной и культурно развитой. Все начинается с учителя!

Сегодня, в период обновления системы образования, высоко возросла потребность в педагогах новой формации, наделенных лучшими качествами, какими обладала личность Великого Учителя - педагога-новатора Ы.Алтынсарина. Стремление к познанию, любознательность, трудолюбие, увлечение классической литературой, личностные качества – все это вобрал в себя будущий ученый – педагог. Учитель, по мнению Ы.Алтынсарина, должен быть высокопрофессиональным, интеллектуально развитым и духовно богатым, добрым, мудрым. Учитель на своем примере может показать нравственные ценности,

которыми должен обладать каждый его ученик [4,с.235]. Мы, педагоги,- пример для своих учеников. И нам необходимо с честью нести это высокое звание – Учитель! Он учил: «прежде, чем воспитывать людей, воспитывай себя». Ведь настоящий «учитель способен отдать пламень другим людям, ничего не требуя взамен», - писал Ыбрай Алтынсарин. И у него непростая миссия - не уронить авторитета, достоинства, гордости, почетного звания – Учитель [3,с.31-42].

Как и Ушинский, Алтынсарин часто повторял, что талант учителя – в умении найти путь к сердцу учащегося. В наше время это особенно актуально. Ведь сейчас не каждый способен работать учителем. В современном образовании в потоке образовательного процесса с отчетами, планами, мониторингами, мероприятиями нужно успеть максимально быть рядом с учениками, давать им необходимый объем знаний, раскрывать их потенциал, а самое главное не упустить времени и момента научить их быть чистыми, нравственно образованными.

В этой связи изучение педагогического наследия Ы.Алтынсарина представляет огромную ценность. Его педагогическое мастерство, отношение к своему делу с большим творчеством – богатое наследие для современного педагогического общества. В наше время необходимо обращение к исторической основе воспитания, ибо без осмысления исторического педагогического наследия невозможно приобщение подрастающего поколения к человеческим идеалам. Алтынсарин высказывал много ценных замечаний о роли педагога-воспитателя.

Что же дает нам опыт этого Великого Учителя, педагога-новатора, чем ценно для нас его наследие?

Ы.Алтынсарин рассматривает знания как ценный духовный капитал, обосновывает важную роль знаний, их пользу в жизни людей и общества, в развитии культуры, науки, изобретательстве [1, с.200], что и сегодня созвучно для современной школы. Каждому учителю близки поэтические строки педагога, обращенные к молодёжи, как призыв к овладению знаниями «Дети, в школу идите!...»[2, с.44]. Именно образование поможет им в становлении жизненного пути.

Известно, какой отеческой любовью к детям обладал Алтынсарин: равнодушие, глубокое уважение, внимание к нуждам. В основе его учительской практики лежит человечность, а ребенок - высшая ценность.

Ребенок должен с радостью переступать порог школы, каждодневно стремиться с удовольствием здесь пребывать, получать знания, с желанием общаться, быть открытым, доброжелательным, приветливым. Уроки с любовью, расположением и добрым самочувствием, когда учитель доброжелателен и улыбчив. Такое отношение к детям и учительскому труду проявлял Алтынсарин. Именно такие уроки прививают глубокое уважение к учителю.

Мы убеждены, что именно в наш современный век необходимо развивать уроки нравственности. Именно нравственному воспитанию придавал большое значение Ы.Алтынсарин. Сам является примером лучших человеческих качеств: доброты, благородства, сочувствия, отзывчивости, честности, уважения к старшему поколению, трудолюбия - ведь именно нравственность была его стержнем. Нравственный кодекс его личности – это поучительный пример в современной практике обучения и воспитания молодёжи.

Таким образом, по Ыбраю Алтынсарину, основу нравственности составляют образование и воспитание: «Только постоянная забота и нравственное воспитание формируют в ребенке самые лучшие нравственные качества», «хорошо воспитанный ребенок впоследствии остается добропорядочным человеком» [5,с.47].

Потеря интереса к чтению, любви к книгам – современные реалии. Поднимать статус читательской грамотности – одна из основных задач современной школы. Повышение читательской грамотности учащихся на данном этапе играет важную роль. Чтение - важнейший компонент образования. Но зачастую, среди современных школьников чтение

вытесняется. Они сейчас очень увлечены гаджетами, что совсем не развивает логическое мышление и речь.

Потребность ребенка в чтении на данном этапе образования – одна из важнейших задач семьи и школы. С самого раннего детства необходимо приучать детей к чтению, любви к книге. В работе с родителями рекомендуем для развития интереса к чтению выбирать для детей поучительную литературу, рассматривать иллюстрации и проводить беседы по содержанию, практиковать совместные чтения, подписываться на детские издания газет и журналов, посещать детские библиотеки. В доме должны быть книги. Восточная пословица гласит: три дня не будешь читать книг - твоя речь потеряет прелесть [4, с.250]. А речь - главный инструмент общения. Детям необходимо проговаривать свое личное восприятие к прочитанному.

Ы.Алтынсарин заботился о создании библиотек при каждой школе, придавал этому большое значение [2, с.18]. Для развития читательской активности и повышения интереса к книгам в наших школьных библиотеках проводятся тематические мероприятия.

Важнейшим фактором в воспитании и обучении Алтынсарин считал труд и пример родителей. Детей необходимо научить трудиться. «Воспитание трудолюбия у детей - главное средство борьбы против тунеядства и лени»[2,с.68].

Ы.Алтынсарин в своих рассказах «Как можно разбогатеть» и «Кипчак Сейткул» призывает людей избегать тунеядства, паразитизма и безделья, показывает, что это унижает человеческое достоинство. В рассказе «Чистый родник», в котором один из путников цель жизни человека видит в труде и дает совет: «Ты, человек, тоже, не переставая, работай... не предавайся лени, если будешь поступать так, то в конце концов будешь великим и достигнешь цели».

Ыбрай Алтынсарин говорил, чтобы стать учителем необходимо с этим званием родиться! [5 с.79]. Алтынсарин писал, что «Учитель - главный человек для преподавания знаний... все наше будущее, будущее народа в руках учителя». Очень актуальны эти строки и в наше время. Современным педагогам необходимо научить детей тем жизненным навыкам, которые они будут применять в социальной жизни. По мнению Ы.Алтынсарина, педагоги должны любить своих детей, свой труд, быть любимыми ими и родителями. Это непременно приведет к достижению целей в воспитании и образовании. Считаем, что это одно из главных условий успешного преподавания в наши дни.

Наши педагоги обращаются к просветительским идеям Ы.Алтынсарина в области нравственного, трудового, патриотического воспитания.

Развивать личность ученика помогают нам современные технологии и применение активных форм работы. Для повышения эффективности усвоения материала применяется технология эмоционально - образного и интеллектуального обучения, рассчитанная на чувственную и рациональную зоны восприятия.

Применяя технологию рефлексивного обучения, педагоги отслеживают в процессе занятий понимание учащимися учебного материала, их психического состояния (степени усталости, утомляемости, заинтересованности).

Информационно-коммуникационные технологии комплексного характера – применяются для зрительного, слухового и моторного восприятия.

В процессе изучения педагогического опыта Ы. Алтынсарина мы пришли к следующим выводам:наследие педагога – новатора, его труд, носят практический характер,и воспитание будущего порастающего поколения невозможно без усвоения духовных ценностей.

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Акмола: Энциклопедия Алматы: «Атамұра» 1995,-400с.
2. Алтынсарин, И. Киргизская хрестоматия [Текст]/И. Алтынсарин . – 2изд.- А.,1906.- 235с.

- 3.Дербисалин, А.О литературном наследии И.Алтынсарина [Текст]/А.О. Дербисалин // Сборник статей о казахской литературе. -Алма-Ата,1977. – С..31-42.
4. Докладная записка Алтынсарина от 20 октября 1883 года, с.65.
5. Касымжанов, А.Х. Портреты. Ибрай Алтынсарин [Текст]/А.Х. Касымжанов. Алматы,1995. - С.77-80.

*Бахтина О. Б. учитель начальных классов  
КГУ «Школа – лицей № 101», г.Караганда*

## ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРИ ОБУЧЕНИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

«Хочешь накормить человека один раз — дай ему рыбу. Хочешь накормить на всю жизнь — научи его рыбачить».

Конфуций

В современном динамично развивающемся информационном обществе нужны не столько знания, сколько умение добывать их и умение самостоятельно добытые знания применять во всевозможных ситуациях.

Современные дети – это уже не чистый лист, на который наносятся знания. К ним отовсюду поступает много информации, но это не значит, что эти знания находятся в системе. Детей необходимо научить правильно усваивать информацию, структурировать её, выделять главное, находить связи.

Научить надо и целенаправленному поиску информации, поисковой деятельности. Для реализации этих задач можно использовать групповые, ролевые, проектно-ориентированные, проблемные, рефлексивные формы и методы обучения. Одним из таких методов является метод проектов, который позволяет решать задачи не только образования, развития детей, но также раскрывать их творческий потенциал. Этот метод характеризуется высокой степенью самостоятельности, формирует навыки работы с информацией, помогает выстроить структуру своей деятельности, учит обобщать и делать выводы.

Выделяют пять типов ученических проектов. [1,с 8]

*Таблица1*

*1*

**Типология проектов**

исследовательские	творческие	игровые	информационные	практико-ориентированные
Требуют хорошо продуманной структуры, целей, актуальности для всех участников, продуманных методов, экспериментальных и опытных работ, методов	Не имеют детально проработанной структуры, она развивается по ходу работы, планируется	Структура только намечается и остается открытой до окончания проекта. Участники принимают на себя определенные роли, обусловленные содержанием проекта. Это могут	Направлен на сбор информации о каком-либо объекте. Его структура: цель, методы получения и обработки информации,	Четко обозначенный результат, тщательно продуманная структура, четкое определение функций каждого

обработки результатов.	только конечный результат (выпущенная газета, видеофильм)	быть литературные персонажи или выдуманные герои, имитирующие социальные и деловые отношения.	результат, презентация.	участника, координация этапов работы, презентация конечных результатов, оценка работы.
------------------------	---	---	-------------------------	--

Из выше представленной таблицы наиболее часто в начальных классах используются первые четыре типа проекта. Они, при системном использовании, подготавливают к практико-ориентированному типу.

Также проекты по своему виду делятся на следующие *группы* [4, с 15]:

- по количеству учащихся: индивидуальные, парные, групповые, коллективные;
- по месту проведения: урочные, внеурочные;
- по теме: монопроекты (в рамках одного учебного предмета), межпредметные, свободные (выходят за рамки школьного обучения); все возможные темы можно условно распределить на три группы: фантастические, экспериментальные, теоретические.
- по продолжительности: краткосрочные (1-2 урока), средней продолжительности (до 1 месяца), долгосрочные.

По завершению проекта учащиеся представляют работы в виде:

- газеты, журнала;
- справочника; макета;
- мультимедийного продукта; видеофильма;
- игры; постановки;
- коллекции; выставки;
- наглядного пособия, плаката; [3, с 12]

Длительность выполнения проекта в режиме урочных заданий целесообразно ограничить одним уроком (в 1 классе), одной-двумя неделями (во 2 классе) и постепенно переходить к долгосрочным проектам, рассчитанным на месяц, четверть, полугодие (в 3-4 классах).

Обучение организации проектно- исследовательской деятельности мы начинаем уже с 1-го класса в рамках урочной системы. Вначале – это доступные творческие задания на уроках художественного труда (творческие проекты), обучения грамоте, постепенно переходя, с приобретением учащимися навыков и умений, на предмет «познание мира», «естествознание», «литературное чтение»

Формируя навыки научно-исследовательской и проектной деятельности, свою работу я выстраиваю от однопредметных проектов к межпредметным, от личных проектов к групповым и общеклассным.

Так, на уроке «познание мира», изучая тему « семья», мы с ребятами выясняем, что такое «семья» в их понимании, вспоминаем всех членов их семей, обсуждаем важность знания того, кто же были нашими предками. Выяснив, что, к сожалению, не все знают о своих прадедушках и прабабушках, решили расспросить родителей и составить генеалогическое древо своих семей... Проект построен на тематике, эмоционально близкой каждому ребенку. Это повод для его содержательного общения с другими членами семьи, в ходе которого первоклассник учится задавать целенаправленные вопросы. Ребята так увлеклись этой работой, что многие из них попробовали нарисовать эмблему своей семьи, составили законы дружной семьи. Некоторые ребята вместе с родителями подготовили историю возникновения своей фамилии и имени. Это также первый опыт интервьюирования и подбора материала в виде семейных фотографий, которые и составили семейный альбом. Индивидуальные проекты получились очень разнообразные, так как кто-то более глубоко представил в проекте родословную, кто-то – семейные увлечения, кто-то – отдых и путешествия. Комментарии в виде рассказа ребенок делал самостоятельно.

Результатом проекта стало понимание ребенком роли семьи в жизни человека. Практическим воплощением результата стала выставка «Моя семья», состоящая из фотоальбомов. Каждый ребёнок, взяв на себя роль экскурсовода, познакомил одноклассников со своей семьёй. Сегодня результаты проектной и исследовательской деятельности обучающихся можно продемонстрировать в рамках конкурсов исследовательских и проектных работ.

Идея участия в следующем проекте появилась по той причине, что дети проявляют естественный интерес к миру животных и естественное их желание оказать посильную помощь животным, нуждающимся в помощи человека. На уроке дети получили задание по изготовлению кормушки для птиц, которое послужило началом большого проекта. Детям было предложено назвать дело, которым им было бы интересно заниматься. Ребята предложили не только сделать кормушки, но повесить их около своих домов, на школьной территории и подкармливать зимующих птиц. Чем же именно можно заниматься, выполняя этот проект? Узнавать что-то новое о животных, но самое главное – помогать им, заботиться о зимующих птицах.

Сегодня метод проектов успешно развивается и приобретает все большую популярность за счет рационального сочетания теоретических знаний и их практического применения для решения конкретных проблем. «Я знаю, для чего мне надо всё, что я познаю. Я знаю, где и как я могу это применить» - вот основной тезис современного понимания метода проектов.

*Учебно-проектная деятельность способствует:*

- формированию общих учебных умений, что, в свою очередь, способствует повышению качества образования;
- созданию предпосылок для развития научного образа мышления;
- содержательной организации свободного времени детей.

## **ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:**

1. Поливанова К.Н. Проектная деятельность школьников: пособие для учителя. 2. М.:Просвещение, 2011. – (Работаем по новым стандартам)
2. Сергеев И.С. Как организовать проектную деятельность учащихся. – Москва, 2010.
3. Филатикова, С. В. Проектная деятельность в начальной школе / С. В. Филатикова. — // Школьная педагогика.

Баяхметова Г. Ж., Курманова А. Ж.  
*учителя-исследователи*  
(г. Сатпаев, Карагандинская область, Казахстан)  
КГУ «Школа-лицей №4 имени Абая», КГУ «Школа-лицей №19»

## **ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ**

Инновации в образовании - это опыт обучения, который модернизирован с учетом новых потребностей учащихся и учителей, обусловленных уровнем развития информационно-коммуникационных технологий.

Целью инновационной деятельности является качественное изменение личности учащегося по сравнению с традиционной системой. Развитие навыков мотивировать действия, самостоятельно ориентироваться в получаемой информации, формирование творческого,



критического мышления, развитие детей за счет максимального раскрытия их природных способностей, используя новейшие достижения науки и практики, – основные цели инновационной деятельности [1, с. 4].

Инновации берут начало в школе. К примеру, в наших инновационных школах-лицеях №4 имени Абая и №19 учителя-исследователи сами активно включаются в научно-педагогический поиск. Мы вошли в проект по исследованию урока с коллегами ЦПМ, где учителя-кураторы работают с двумя коллегами по принципу «равный с равным», чтобы изучить уровень и потребности учеников с целью повышения мотивации к учебе. Одновременно школы начали сотрудничество с инновационно-образовательным центром г. Алматы под названием «Ұстаз-Ұлытау». Проект организован в целях повышения качества обучения в школах региона Корпорации Казахмыс. Цели Программы «Ұстаз-Ұлытау»: формирование экосистемы школы, достижение нового качества педагогического мастерства учителями школ проекта и раскрытие творческих способностей каждого ребенка, формирование у учащихся навыков, отвечающих актуальным запросам современного общества.

Задачей современного педагога является научить учащихся адаптироваться в современном обществе, применять полученные знания на практике. Все эти действия возможны через развитие в учащихся функциональной грамотности. [2, с. 7]. Поэтому на своих уроках мы активно применяем задания для развития читательской грамотности через работу над текстами.

Баяхметова Г.Ж. является составителем авторской программы факультативного курса по русскому языку «Учимся читать» для учащихся 6-классов с казахским языком обучения.

Цель программы-повышение уровня функциональной грамотности чтения обучающихся, формирование коммуникативной компетентности.

Читательская грамотность - один из самых главных показателей готовности к жизни современного ученика. Особое место среди метапредметных УУД занимает чтение и работа с информацией. Успешное обучение в школе невозможно без сформированности у учащихся читательской грамотности [3, с. 15].

При измерении читательской грамотности используется текст как коммуникативная единица. Чтобы повысить читательскую грамотность учащихся, обычно мы, учителя русского языка, чаще всего используем сплошные тексты разных типов и стилей речи. Но в жизни человеку часто приходится сталкиваться с «несплошными» текстами в виде графиков, реклам, билетов, рисунков, картин, схем. Возникает необходимость научить учащихся работать с подобными текстами, чтобы они могли свободно ориентироваться в современном языковом пространстве. Остановимся на нескольких вариантах работы с «несплошным» текстом на уроках литературы.

При изучении басни Крылова «Стрекоза и Муравей» этап мотивации начинается с показа фрагмента видеофильма, чтобы дети самостоятельно определили цель и задачи урока.

**Видеофильм** <https://youtu.be/tFv0ohgySV4> -И.Крылов

На этапе «Осмысления» прослушиваем аудиозапись басни.

Затем учащиеся сами выразительно читают сплошной текст, после которого отвечают на вопросы заданий, составленных по таксономии Блума.

**Задания на доступ и извлечение:**

- 1.Определите тему и основную мысль басни Крылова.
- 2.Составьте кластеры к персонажам басни.

**Задания на интегрирование и интерпретацию:**

- 3.Какова мораль художественного текста? Обоснуйте ответ.
- 4.Выпишите изобразительно-выразительные средства басни.

**Задания на оценку и рефлексия:**

- 5.Речевая ситуация по басне «Стрекоза и Муравей».

А.Представьте, что Стрекоза написала Муравью SMS-сообщение, а Муравей ответил Стрекозе, и между двумя персонажами басни завязалась электронная переписка.

Б.Оформите диалог между Стрекозой и Муравьем в виде электронной переписки. Не забудьте передать эмоции с помощью смайликов.

6.Напишите эссе на тему «Современные прототипы Стрекозы и Муравья».



После работы над сплошным текстом предлагаем самостоятельную работу по несплошному тексту в виде рисунка.

7.Самостоятельная работа.

А) Составьте связный текст-описание по несплошному тексту, используя в речи изобразительно-выразительные слова.

В) Дайте характеристику Муравью и Стрекозе.

Из опыта учителя Курмановой А.Ж. предлагаем вариант работы с несплошным текстом-заданием с билетом на спектакль.

**Задания на доступ и извлечение:**

**Знание.**

- 1.Как называется спектакль?
- 2.Назовите время прохождения спектакля.

**Понимание.**

- 3.Почему цена билета на этот спектакль - улыбка?
- Аргументируйте свой ответ.

**Задания на интегрирование и интерпретацию:**

**Применение.**

- 4.Что могло лежать в корзиночке у Красной шапочки, если бы она шла к бабушке сегодня?

**Анализ**

- 5.Если бы вы были режиссером детского спектакля, как бы привлекли спонсоров для организации и рекламы мероприятия?

**Синтез.**

- 6.Как артисты, воспитанники садика «Светлячок», сыграли бы роли, по-своему изменив сюжет сказки?

**Задания на оценку и рефлексия:**

**Оценка.**

- 7.Предположите, что могло бы произойти, если бы Красная шапочка пошла не по длинной дорожке, а по короткой.
- 8.Насколько актуальна идея этой сказки сегодня?



Дифференцированные задания, разработанные с учетом учебных потребностей и возрастных особенностей, — одна из составляющих функциональной грамотности и залог успеха на уроках. Поэтому в целях развития функциональной грамотности учащимся на уроках даются самостоятельные, творческие работы с несплошными текстами:

1.Составьте текст-повествование по развешанным объявлениям.

2.Опираясь на информацию в конверте, постарайтесь составить разноуровневые задания к несплошному тексту.

3.Составьте сообщение об интересах учеников класса, опираясь на диаграмму.

4.Изучив данную таблицу, расскажите о стилях и типах речи.

В результате систематической работы над заданиями по развитию читательской грамотности учащиеся умеют:

1. находить информацию и формулировать простые непосредственные выводы;
2. интегрировать, интерпретировать и оценивать информацию текста в контексте собственных знаний;
3. устанавливать связи, которые не высказаны автором напрямую;
4. реконструировать авторский замысел, опираясь не только на содержащуюся в тексте информацию, но и на формальные элементы текста (жанр, структуру, язык).

Для развития исследовательской деятельности практикуем поисковые, проектные работы по таким темам, как «Добро и зло в русских и казахских сказках», «Что такое этикет?», «Красна речь пословицей», «Есть ли среди нас Печорины», «Тема одиночества в лирике Лермонтова», «Моя родословная».

Вот отрывок из мини-проекта пятиклассника по теме «Моя родословная» и «История моего имени».

«Меня назвали в честь великого завоевателя Тамерлана.

Тамерлан-среднеазиатский тюркский полководец, завоеватель, сыгравший существенную роль в истории средней, Южной и Западной Азии. Основатель империи Тимуридов. Темир значит «железо». В средневековых русских летописях именовался как Темир Аксак.

В различных персидских источниках часто встречается прозвище «Тимур Хромой» Аксак Тамир был человеком отважным и сдержанным. При походе против Тохтамыша Тимур приказал выбить у горы Алтын-Чуку 8 строчек, содержавших Коранический текст. Он был грамотным политиком и суровым правителем. Мой род - Куат. Куат в переводе с казахского означает «сила, энергия, мощь, опора, поддержка». Является составной частью многих сложносоставных имен, которая станет надеждой, опорой родителей в старости».

Такие формы работы повышают творческий потенциал, активизируют поисковую деятельность обучающихся, развивают функциональную грамотность. В результате учащиеся продвигаются по пути познания себя, становятся более самостоятельными в деятельности по приобретению знаний, повышается мотивация к учебе. Ученики получают при этом опыт решения жизненных проблем: ощущение радости от успеха в процессе достижения результата деятельности, удовлетворенность от выполнения деятельности и ощущения развивающейся компетентности – все это повышает личностную значимость обучения.

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Викторова Л.Г. Инновационные процессы в образовании // Инновации в образовании. 2002. №2 С. 4-5.
2. «Национального плана на 2012–2016 годы по развитию функциональной грамотности школьников// Уроки русского языка и литературы в школе. – № 6–2013.
3. Хасеинова В. А. О подготовке педагогов к формированию функциональной грамотности и компетентности учащихся на уроках русского языка и литературы // Открытая школа. — № 2–2014.

*С.Ж.Баяхметова қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
«Ж.Аймауытұлы атындағы ЖББМ»КММ, Бұқар жырау ауданы*

## ДАЛАНЫҢ ДАНА ҰСТАЗЫ

Балаға жастай дұрыс тәрбие беру – бүкіл дүниежүзіндегі педагог-ғалымдардың ескі замандардан бері үлкен көңіл аударып, айырықша көтерген мәселесінің бірі десек, ХІХ

ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы тұңғыш қазақ педагогы – Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы, екіншісі – халықтың ой – санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. Өзінің алғашқы адымынан – ақ ол мектептің рөлін бірінші орынға қойды.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық – педагогикалық қызметі 1864 жылы Торғайда қазақ балаларына арналған мектептің ашылуымен байланысты, ол өзінің ұстаздық жолын сол мектепте бастайды.[1]

Ыбырай осы мектептің қамқоршысы және орыс тілінің мұғалімі болып бекітілді. Бұл тарихи күн қазақ даласындағы оқу – ағарту ісінде ғана емес, Ыбырайдың жеке өмірінде де белесті кезеңнің басы болды. Оның бүкіл өмірінің негізгі мазмұны болған жемісті ағартушылық жұмысы осы кезден бастау алды. Бұл жұмыстың сондайлық нәтижелі және абыройлы болуына, ең алдымен, Ыбырай Алтынсариннің өз басының қадір – қасиеті мен дарын - қабілеті себеп болса, одан кейінгі себеп оның ел адамдарымен жақсы қарым – қатынас жасай білгендігі еді. Осындай қасиеттер бүгінгі ұстаздар бойынан да табылып жатса, құптарлық дүние.

1879 жылы Алтынсариннің ұстаздық – шығармашылық әлемінде екі бірдей жаңалық дүниеге келді. Ұзақ жылдар бойындағы мұғалімдік тәжірибені қорыта келе, ұлттық мектептің ең зәру проблемаларын ескере отырып, көп ойлану – толғану нәтижесінде екі оқулық құрал дүниеге келді. Олар «Қазақ хрестоматиясы» (ондағы аты – «Киргизская хрестоматия») және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастапқы ережесі» (ондағы аты - «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку»)

Бұл екі еңбектің екеуі де сол 1879 жылы қазанда баспадан басылып, кітап болып шықты да, тиісті мектептерге оқулық болып ұсынылды. Бұл өте сүйінішті тарихи оқиға еді. Бірақ олар өмірге оп -оңай келе салған жоқ. Көп ізденістің, талай ойланыс-толғаныстың нәтижесі еді.[2]

Өмірінің ақырына дейін инспектор лауазымын атқарған он жыл ішінде Алтынсариннің облыс көлемінде оқу ағарту ісін өрістетіп, ілгері бастыру жөніндегі тындырған жұмысы ұлан-ғайыр еді. Өзі инспектор болып тағайындалған 1879 жылы облыста іс жүзінде екі ғана училище болса, одан кейінгі он жыл ішінде тек сол кісінің күш салуымен ашылған барлық орыс- қазақ училищелерінің саны 14 – ке жеткізілген; жаңадан 4 болыстық қазақ, 1 болыстық орыс-қазақ, қазақ қыздарын арналған қолөнер училищесі (бұл қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды[3]) жатаханасымен қоса ашылған.

Мұның барлығы ұлы ағартушының көзінің тірісінде өзіне орнатып кеткен ескерткіштері еді. Соның заңды нәтижесіндей, ол кісі көзінің тірісінде-ақ замандастарының да, ресми орындардың да зор құрметіне бөленді.[2]

Халқына тұңғыш мектептің есігін ашып, соған ең бірінші ділгірлік ретінде ұлттық әліпби жасап берді. Соны қолына ұстап тұрып, алдында көздері жәудіреп отырған жас өрім шәкірт балаларға алғашқы сөзін өлеңмен айтты. Бүкіл жан -жүрегімен тебіреніп тұрып, алдымен алланың атын аузына алды. Өйткені бұл сөз ғасырдан ғасырға тарап барып, туған халқының талай ұрпақтары үшін құран сөзіндей қайталап айтатын иман лұғатымен бір бас еді.

Бір Құдайға сыйнып,

Кел, балалар, оқылық.

Ұстаз осы екі ауыз сөзбен сәби шәкіртінің иманын үйірілтіп, бәрін де бір Құдайға сыйындырып алғаннан кейін де, пән сөзін бірден айтпайды, сол пән сөздерін не үшін оқитындарын және сол оқығандары сәби зейініне қайткенде берік орнығып қалатынын, олардың өмірде қандай пайдасы тиетінін біртіндеп, балапанның аузына дән сепкендей себездеп, бойға сіңіріп алғанша тақпақтап, төгілдіріп отырады.[2]

«Өнер білім бар жұрттар» деген шағын өлеңі – дәл осындай кезегімен жазылған өте өнегелі туынды. Ақынның өз заманындағы адамзат өркениетінің қолы жеткен ең ірі табыстарын санамалап айтқанының өзінде, бұл сөз сол кездегі балғын жас балалар былай тұрсын, көшелі елдің ересектеріне де таңғажайып керемет көрінетін ғажайыптар болды.

Ұлы ұстаз өзі жазған оқулықтарында балалардың сауатын ашып, білім нәрін берудің басты шарты – тәрбие екендігін шығармаларында анық аңғарта білді. «Қазақ хрестоматиясына» енген қай шығармасын алсаңыз да тұнып тұрған тәрбие. Осы орайда Әл Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деген даналығы еріксіз ойға оралады. Сол ұстанымды дана Ұстаз да басшылыққа алған.

Шағын көлемді әңгімелерін мазмұн жағынан алып қарасақ, мінез-құлықтың, жалпы адамгершіліктің неше түрлі қырлары суреттелген. Оны «Талаптың пайдасы», «Мейірімді бала», «Зеректік», «Әдеп» , «Қанағат», «Әділдік», «Салақтық», «Ақымақ дос», «Жаман жолдас», «Надандық» деген сияқты тақырыптарына қарап аңғаруға болады.[5]

Кітапқа енген шығармалардың баршасында тәрбие негіздері басшылыққа алынған. Ол кез келген шығармасында балалар мен жастарды адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнегелі азамат болуға, ұрлық, жалқаулық сияқты жат қылықтардан бойын аулақ ұстауға шақырады. Тілі жеңіл, айтар ойы терең туындыларымен қаншама ұрпақ тәрбие, өнеге-білім алды десеңші. Бұл шығармалары күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, жоймақ та емес.

Өзі жазған әңгімесі болсын, орысшадан аударғандары болсын, Ы.Алтынсарин жазба әдебиетіміз тарихында балалар әдебиетінің негізін салушы дара тұлға болды. Ұстаз шығармаларының құндылығы сол – бесіктен бел асарға дейінгі өміршеңдігінде. Сол себептен де өткен ғасыр қойнауындағы Ыбырай Алтынсарин мұраларын бүгінгі күннің таптырмас қазынасы, қазақ тәлім-тәрбие бастауының алтын діңгегі деп білеміз.

Қазіргі білім саласында да тәрбие жетекші орында тұр. Әсіресе, мынадай алмағайып заманда білім саласындағы басты ұстанымымыз – тәрбие.

Ұлы ағартушы қазақ балаларына арналған мектеп ашумен бірге онда қызмет істейтін, балаларды оқытып, тәрбиелейтін кадрларға, атап айтқанда, мұғалімдерді даярлауға аса мән берген. «Мектептегі ең басты тұлға – мұғалім. Жақсылып салынған мектеп үйі болуы мүмкін, тамаша жазылған оқу құралдарын да табуға болады. Бірақ бұлардың жақсы мұғалімсіз берері шамалы» деп есептеген. «Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін»-деп оқытушылардың орнын жоғары бағалаған.[4] Осы айтылған ой дәл бүгін де өз мәнін жойған жоқ.

Екі кластық мектептердің меңгерушісіне жазған нұсқау хатында ол «Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауы тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіруі керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...»деген[4] ойын айтып, оқытушыларға нақты талаптар қойып, оқушының дұрыс білім алуында ұстаздарға жүктелетін міндетті анық көрсетеді. Бұл педагогикадағы дидактикалық қағидаға айналған ой. Оның түп төркінінде адамды сүю, ізгіліктілік, білім берушінің сауаттылығы, шеберлігі жатыр. Әр мұғалім өз ісінде басшылыққа алар құнды пікір.

Педагог Ыбырай Алтынсариннің «Халқыма пайда тигізсем» деп өзіне қойған талабы – бүгінгі күні жастар тәрбиесінің негізгі ұстанымдарының бірі болса, ертеңіміздің жарқын болары сөзсіз. Меніңше, өзін сыйлайтын әрбір ұстаз ғалымның еңбектерін біліп қана қоймай, оның идеяларын өз тәжірибесінде қолдана білуі де керек. Себебі ұлы ағартушы – педагогтің жастарды тәрбиелеу мен оқытудағы әдіс-тәсілдері мұғалім еңбегінің ең алдымен балаға жүрек жылуын бере білгенде ғана жемісті болатынын айқын көрсетеді. Бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған сай оқу құралдарын жазуға арнады. Өнегелі ұстаз тәлімгерлер даярлауға, оларға ғылыми – әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Ұлы ұстазымыздың құнды мұрасы бүгінгі білім беру жүйесінің дамуына да зор септігін тигізери хақ.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ыбырай Алтынсарин «Этнографиялық очерктер және ауыз әдебиеті үлгілері» 13- том. Астана «Алтын кітап» баспасы 2007ж
2. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 5-том. Алматы 2006ж
3. «Қазақ әдебиеті. Талапкерлерге арналған оқу құралы» Алматы 2013 ж
4. «Аңыз адам» журналы №17. қыркүйек 2013ж
5. Қанипа Бітібаева «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» Алматы. «Мектеп» баспасы. 2003ж

*С.А.Бейбитов, К.С.Турганбаев  
дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері  
«№101 мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.*

## **МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

Қазіргі білім беру жүйесі әлемдік өркениеттің барлық талабына сай келетін парасатты, білім мен біліктілігі жетілген мамандар дайындауды қажет етеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екендігі айтылған.

Әр халықтың алға қойған асыл мұраты – көзі ашық, көкірегі ояу, дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Алайда жас буынның адамгершілік қасиеті мен дене тәрбиесі қатар ұштасып жатса, бұл – ұлт болашағы үшін баға жетпес байлық екені сөзсіз[1]. Осыған орай қоғамымыздың іргетасын нығайтуға және бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру үшін ұлттық ойындарды оқыту және тәрбие үрдісінде пайдаланудың өзектілігі туындап отыр.

Ендеше ұлттық ойындар халық педагогикасының бір саласы ретінде адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, ой-пікірлерін, ұстанымдарын қамтитын педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлер, өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Балада жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық ойындар арқылы танысып келеді [2].

Ұлттық ойынды әрқашанда тәрбие құралы деп таныған. Ұлттық ойындарын, дене тәрбиесі сабағында жоспарға кеңінен енгізу арқылы сабақты өткізу, жас буынды тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Әр сабақ сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйретіп отырса, жетілдіре, қайталау арқылы пысықтап отырса, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы болып табылады.

Ұлттық ойындарды мектептегі дене тәрбиесі сабағында қолданудың заманға сай әдістерін ойлап табу әрине қиын. Қазіргі компьютер заманында оқушыларды қызықтырып «асық, бес тас ойнаңдар», - деп айту өте қиын іс. Әрбір баланың санасына ойынды сіңістіріп енгізу үшін біз қызықты да дұрыс әдістерді қолдануымыз керек. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шындай түседі. Ұлт ойындары – өте күрделі дүние, ол адам баласының табиғи әрекеті. Сабақтың барысында сол табиғилығын сақтай отырып, оның элементтерін ретті пайдалану сабақтың әр

кезеңінде, оқушылардың көңіл-күйіне психологиялық жағынан барлау жасай отырып, білгірлікке әрекет жасауды талап етеді.

Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, олар өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Хаң дойбысы», «Садақ ату», «Білектесу», т.б. оқушылардың дене дамуы мен ой-өрісінің жетілуі сияқты қабілеттерін дамытады [4].

Ұлттық ойындарды дене тәрбиесі кеңінен пайдалана отырып, оқытудың тиімділігін арттыруға болады. Ол субъектінің бойында күш-қуатын жетілдіреді, сабаққа деген белсенділігін арттырады, оқу үрдісіне деген қызығушылығын жоғарылатады.

Ұлттық ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, төменгі, орта және жоғарғы сынып оқушылары ойнайтын ойындар деп бөлуге болады [3].

Қажетті ойындарды өтілетін сабақ не жаттығудың алдында тұрған педагогикалық міндеттеріне байланысты таңдап алу қажет. Дене тәрбиесі сабағында және жаттықтыру кезінде қозғалыс ойындарын, оның ішінде ұлттық ойындарын қолдану арнайы үйрену міндеттерін шешуге көмектеседі. Ұлттық және эстафеталық қозғалыс ойындарын ұйымдастыра отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, ұйымшылдыққа, батылдыққа және салауатты өмірге тәрбиелеу. Ұлттық ойындарды спорттық ойын сабақтарында, жеңіл атлетика, гимнастика сабақтарында, жалпы дене қуаты дайындығы және жаттықтыру сабақтарында кеңінен қолдануға болады. Ұлттық ойындардың дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол.

«Асық ату» ойыны өте қарапайым болып көрінгенмен, мұнда адам денесін шыңдап, сомдайтын қасиеттері бар, өзара әрекетке жетелейтін қимыл қаншама. Ең бастысы, ол баланы жастайынан салауатты өмір салтына жетелейді. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшықеттерінің жетілуіне, тынысалу мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруге, соның нәтижесінде қырағылық пен мергендікке баулиды. «Асық» ойынын мектептегі дене тәрбиесі сабағында үйретіп алып, сыныптар арасында жарыс түрінде өткізуге болады. «Асық» ойыны білмейтін бала қазір ауыл түгіл, қалада да жоқ. Демалыс кезінде аула ішінде асық ойынын балалар көп ойнайды, ішінара қыздар да кездеседі.

Қазақтың ұлттық ойындарының біразы ойлауды қажет ететін ойындарға жатады. Олар негізінен логикалық ойлау мен математикалық, философиялық ойлануды дамытуға негізделген. Мысалы, «Тоғызқұмалақ» ойыны. «Тоғыз құмалақ» ойынының стратегиялық және тактикалық әдістерін қазіргі заман талабына сай қолданылып отырған компьютер арқылы жүзеге асыру да жаңа әдістердің бірі ретінде қарастырылады. Оқушылар күнделікті жаттығу кезінде пайдаланған әдістерін компьютерге енгізіп, бағдарлама жасап, кейін оны тәжірибе жүзінде пайдаланып отырады.

«Тоғызқұмалақ» ойыны жас жеткіншектерге спорт әліппесін үйретумен қатар, олардың ой-өрісін, сана-сезімін, оқушылардың логикалық ой-өрісін дамытудың бірден-бір құралы дамытуға оқу үлгерімін жақсартуға және саналы тәрбие өзіндік септігін тигізеді.

«Хаң дойбысының» Тайпаның «ханы» мұнда оюы басқаша және есігі бар. Бұл жүрісі тек ұзын жолмен ғана жүреді, себебі өзінің артындағы билерін қорғауы керек. Егер қарсыласы бір биді ұтып алса (жеп қойса) онда ол келесі тайпаға бірігеді. Жүріс соңында 6 киіз үй қалса онда ол беріліп тайпаға қосылады.

«Білектесу» ойыны - бұл білек күшін және қолдың қарымын, бұлшық етін жетілдіруге пайдалы. Ойынға қатысушылар тек оң қолдарымен білектеседі. Білектесу 3 рет орындалады, ойыншының біреуі 2 рет жеңіске жеткенше білектеседі. Білектесу кезінде шынтақты орнынан қозғауға болмайды.

«Батпан көтеру» ойыны көбінесе 9-11 сынып оқушыларымен өткізіледі. Оны жарыс түрінде де, сабақ барысында тест ретінде де пайдалануға болады. Неше адам

қатысамын десе де шектеу жоқ. Жеке-дара да, топпен де өткізуге болады. Бұл ойын баланы күштілікке баулиды.

Қазақтың ұлттық ойындарының кез-келгенін қазіргі заманға сай етіп, бейімдеудің маңызы зор. Әрбір мектеп өздерінің сабақ жоспарларына ұлттық ойынды кіргізіп, 3-4 ойын түрін әр сабақта үйреніп отырса, оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылығы арта түсері сөзсіз. Оқу жоспарында қазақтың ұлттық ойындарын көптеген спорттың түрімен байланыстырып қолдануға болады. Мәселен, мектеп бағдарламасындағы жеңіл атлетика, спорттық ойындар, гимнастика түрлерін жүгіру, секіру, дәлдік, күш сынасу мен ұйымшылдыққа бағытталған ұлттық ойындармен кеңінен ұштастырса оқу бағдарламасы жоғары нәтиже берері анық.

Ұлттық ойындарды мектептегі оқу-тәрбие жұмысында пайдалану – мұғалімнен шеберлікті, сабырлылықты, білімділікті, нәтижесін көруге деген құштарлықты қажет етеді. Осындай жұмыстарды жүргізуіміздің нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, ұлттық ойындарға деген бейімділігі қалыптасты. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінді. Қазақ ұлттық ойындары арқылы біз оқушыларды көпшілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейміз, оларды жеке-дара тұлға ретінде қалыптастырамыз.

Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындарын мектепте дене шынықтыру сабақтарында қолдану жалпы білім беретін мектептердегі педагогикалық үрдістің тиімділігін арттырады, сонымен қатар дене тәрбиесі сабағының әдістемелік деңгейін жоғарылатады.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, Ақорда 2007 // Егемен Қазақстан.
2. Б. Төтенаев. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, Қайнар, 1994.
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, Рауан, 1991.
4. Тайжанов С.А., Қасымбекова С.І. Қазақтың ұлттық ойындары., Алматы, 2004

*Н.А. Бейсенбекова т.ғ.к., доцент,*

*«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.*

*А.К. Тарыбаева п.ғ.м., тарих пәнінің мұғалімі*

*Н. Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты, Қарағанды қ.*

## **ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНДЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ОҚЫТУДАҒЫ КЕЙБІР ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР**

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының рухани ояна бастауының кезеңі болды. Ресейдің өзінде саяси дағдарыс күшейді. Метрополиядағы саяси-экономикалық дағдарыс отарлық жүйедегі Қазақстан даласына әсерін тигізді.

Отандық тарихта XX ғасырдың орны ерекше. Өйткені азаттық жолындағы күрестің жаңа кезеңі басталды. Бұл жолда Алаш зиялылары Тәуелсіздік үшін күрестің ұлттық демократиялық бейбіт жолын таңдаған еді. Сондықтан орта мектептің тарих оқулығындағы XX ғасырға байланысты тақырыптарды оқытқанда, осы кезеңнің ерекшелігіне арнайы тоқталып, жан-жақты талдау жасалу керек.

Осылай 1905-1907 жылдардағы Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық революциялық жағдай қазақ даласынан да көрініс тапты.



Ол жұмыс қазақтың көрнекті мемлекет қайраткері, XX ғасырдың басындағы шынайы ұлт көсемі, публицист, энциклопедист-ғалым Әлихан Бөкейханның рухани мұрасының бүгінгі күнмен сабақтастығын көрсетуден басталғаны дұрыс.

XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, Алаштың Алиханы атанған Әлихан Бөкейханұлының рухани мұрасын отандық тарихтың дерек көздері ретінде қарап оқытудың өзектілігі даусыз.

Мақаланың басты мақсаты – XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы тақырыбын оқыту барысында, жалпы оқу үрдісінде отандық тарихтың өзекті мәселелерін оқытуда Алаш зиялыларының еңбектерін пайдаланудың әдістемелік негіздерін көрсету.

Тарихты оқытуда, зерттеуде әртүрлі әдістер қолданылады. Соның бірі – тарихи тұлғаны зерттеудегі жүйелеу, талдау, салыстыру, инновациялық әдістері. Бүгінде Қазақстан тарихын оқытуда қойылатын негізгі талап пен әдіс: тарихи мазмұн мен педагогикалық ойдың толықтығы; оның алға қойған мақсатқа сәйкестігі; білімнің ғылымилығы; тарихи деректердің анықтығы; түрлі білім көздерін қолдану. Оның ішінде Отандық тұлғатанудың қазіргі заманғы методологиялық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, тарихи тұлғалардың қызметі мен тарихтағы алар орнын бағалаудың өлшемдерінің қалыптасуы тарих мазмұнын жаңалауда объективті тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Осындай инновациялық ақпараттық әдіс-тәсілдердің бірі - «Prezi», «MindMeister», «LearningApps» бағдарламалары. «Prezi» бағдарламасы түрлі 3D презентациялар жасау үшін өте ыңғайлы. Бұл бағдарламаны тарих сабағындағы түрлі оқиғаларды баяндау, жобалық зерттеу жұмысын қорғау кезінде қолдануға болады. «MindMeister» ол интеллект картасы, ой картасы, яғни диаграмма түріндегі графикалық жазбаны қолдана отырып, тұжырымдамаларды құру әдісі. LearningApps – бұл әр түрлі пәндер бойынша интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға мүмкіндік беретін білім беру процесін қолдау үшін арналған сервис. Осылайша тарихи тұлғалардың шығармаларын оқытудағы әртүрлі тәсілдерді пайдалану арқылы мақаланың мақсатына жетуге мүмкіндік болды.

Мақаланың мақсатына жету жолында тарихты оқытудағы жаңашылдыққа ерекше көңіл бөлінді. Соның ішінде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес әдістемелік жүйенің спиральды, саралап, тұлғалық қасиетті қалыптастыруға бағытталған, сын тұрғысынан ойлау технологиялары арқылы «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» атты бір тарау талданды.

Орта мектептің 8-сыныптарында оқылатын Қазақстан тарихы пәніндегі негізгі тақырыптарды оқыту барысында Әлихан Бөкейхан еңбектеріне сүйеніп қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруға болады. Мектепте тарих сабағын басында оның «Қазақстан тарихы» деген мақаласынан мына үзіндіні келтіріп: «... Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, қайда тұрғандығын, не істеп, не қоятындығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өзге жұрттар қатарында келе, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс»... [1, 20 б.]. Осы пікірдің ел Президенті Қ.Ж. Тоқаев үкіметтің кеңейтілген отырысында "Мектептерде пайдаланылатын тарих оқулықтарында бұрмаланған мәтіндер көп. Мен өзім кейбір оқулықтарды оқып, сапасының төмендігіне таңғалдым. Тарихи оқиғалар мен фактілер оқушыларға бұрмалаусыз жеткізілуі тиіс. Сол себепті «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» бойынша бірыңғай мектеп оқулығын әзірлеуді және енгізуді тапсырамын", - деген ұстанымымен сабақтасып жатқанын анық көрсетуге болады.

Сонымен қатар, «XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстан» деп аталатын тараудағы негізгі сұрақтардың бірі мерзімді басылымдардың шығуы және оның тарихи маңызы. Осы мәселелерді оқыту барысында білім мен тәрбиені қатар беру үрдісі жүреді. Сондықтан да 1911-1915 жж. шығып тұрған «Айқап» және 1913-1918 жылдардағы «Қазақ» газеті сияқты басылымдарындағы Әлихан Бөкейханның рөлін көрсету өте орынды болады. Ол үшін «Қазақ» газетінің беттеріндегі ұлт болашағын ойлаған, жазған пікірлерін талдау арқылы тақырыпты ашуға болады. Осы арқылы сабақта ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы

рөліне баға беру арқылы ХХІ ғасырдағы ақпараттық құралдардың тарихи маңыздылығымен байланыстыра түсіндіру керек.

Қазақстанның ХХ ғасырдың басындағы экономикалық мәселелерге байланысты күрделі сұрақтардың бірі қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныстануы және қазаққа 15 десятинадан жер бөліп беру мәселесіне арналған. Тақырыптың негізгі мақсатына жету үшін оқулықтағы берілген материалдарды толықтыра түсу үшін Әлихан Бөкейханның «Көшпелі һәм отырықшы норма» деп аталатын еңбегіндегі патша үкіметінің қоныстандыру саясатының мәнін түсіндіретін ой-пікірін талдау керек. Сонымен қатар, оның, егер қазақ 15 десятинадан берілетін жерді алуға келіссе, қазақ жеріне келетін, қара шекпенділер (шаруалар – Авт.) саны өсе түседі, ал ол өз кезегінде қазақтың өз жерінде азшылыққа айналып, барлық құнарлы жерінен айырылатындығын түсіндіріп жазғанын айту керек. Осы сұрақты толықтыра түсу үшін Әлихан Бөкейхан «Жауап хат» деген еңбегінен үзінді келтіру керек. Мысалы, ол былай дейді... «сол 15 десятинадан жер алам десендер...» 1. Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңдар, ынтымақпен іс істендер. 2. Қазақтың байлары, күштілері! Жарлы – жақыбайлы нашарларды жермен теңгеріңіздер (жер беріңдер – Авт.)... 3. Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңізден адаспай, түзу істендер! Сіздер адассаңыздар, аттарыңнан адасады. Артарыңан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар»... [2, 250 б.] Оның осы ой-пікірінде ел ішіндегі жақсы, беделді, ауқатты адамдарды ұлтының қамын ойласын, үлгі берсін деген үндеу бар екенін түсіндіргенде, Әлихан Бөкейханның еш уақытта тек байлардың қамын ойлаған деген пікір қате, оның жаулары оған байшыл деп жала жапқаны көрінеді. Әлихан Бөкейханның осы жазған еңбектерін дұрыс түсіндіріп талдаса, тақырыптың мәнін ашуға мүмкіндік туады.

8-сынып оқулығындағы Алаш қозғалысы және Алаш партиясының құрылуы деген тақырып бар. Осы тақырыпты түсіндіру барысында Әлихан Бөкейханның тарихи тұлғасын көрсетуде «Алаш партиясы», «Екінші жалпы қазақ съезі» атты мақалаларындағы партия бағдарламасын талдау қажет. 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы жарияланды. 10 бөлімнен тұратын бағдарламасы:

1. Мемлекет қалпы
2. Жергілікті бостандық
3. Негізгі құқық
4. Дін ісі
5. Билік һәм сот
6. Ел қорғау
7. Салық
8. Жұмысшылар
9. Ғылым-білім үйрету
10. Жер мәселесі [3, 37 б.]

Мысалы, белгілі бір тақырыпты немесе тарауды аяқтаған соң оқушылардың білімін тексеру үшін «Солай ма? ...» әдісін қолданып келемін. 3-сыныпта «Сөйлем» туралы тақырыпты аяқтаған соң оқушыларды жұптастыра отырғызып, әр жұпқа бірнеше ереже, анықтама, тұжырым жазылған парақша беремін.

Мысалы: Хабарлы сөйлем дегеніміз не? «Солай ма? ... »

- Бірдеңе жайында хабарлау мақсатымен айтылған сөйлемді хабарлы сөйлем дейміз.
- Бірдеңе жайында сұрау мақсатымен айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз.

Оқушылар өз жұбымен ақылдасып, дұрыс ереже, не дұрыс анықтаманы табады, мысал келтіреді, дәлелдеп айтады.

Сұрақтар шеңбері әдісі: Бұл әдісті әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану сабақтарында белгілі бір тақырып бойынша немесе тарау бойынша қайталау сабақтарында қолданамын. Оқушылар шеңбер жасап отырады. Бір шеңберде 5 - 6 оқушы болу керек. Әр шеңбердегі оқушыларға тақырыпты, не тарауды ашатын сұрақтар беріледі. Ойлануға 3 немесе 5 минут беріледі. Бірінші шеңбердегі оқушылар бірінің сөзін бірі толықтырып, сұраққа жауап

береді. Екінші шеңбердегі оқушылар бірінші шеңбердегі оқушылардың жауаптары дұрыс болса, жалғастырып сөйлейді, дұрыс болмаса қатесін түзеп толықтырып айтады. Осылай ең ішкі шеңберге дейін айтып шығады. Оқушылар бір тақырыпты, не бір тарауды толық түсіндіріп, дәлелдеп, өз пікірлерімен қорытынды жасап айтады. Сонда оқушылар бір – бірін тыңдайды, сөйлеуге машықтанады, өз пікірлерін айтады, барлық оқушы қатысады. Сол сияқты, жеке тұлғаға бағытталған оның шығармашылығын дамытып, білім сапасын арттырып білімді толық меңгертудің әдісі – Блум жүйесінің 6 қадамын пайдаланамын. Мысалы, әдебиеттік оқу пәнінде Қаныбек Әбдуовтың «Құралай» әңгімесін өткізудегі тәжірибем:

Реті	Оқушының іс – әрекеті
Білу	Әңгімені оқып шығады. Құралай қандай аңның төлі екенін айтып, білгендерін ортаға салады.
Түсіну	Түсінгендерін әңгімелеп айтады, әңгімедегі әр азат жолдың мазмұнын салыстырады, өз ой- пікірлерін айтады.
Қолдану	«Үштік әдіс» бойынша үш топқа бөлінеді. 1 топ: «Атасы ауа райын қалай болжады?» 2 топ: «Құралай» 3 топ: «Атасының ақылы» деген тақырыптар бойынша постер жасап, қорғауға кіріседі. (Суреттер бойынша, дөңгелек үстел, Даналық ағашы, сахналық көрініс т.б).
Талдау	Әңгімедегі мақал сөздің немесе «Дарқан даланың тілін ұқ, сырын сезінуге тырыс» деген сөйлемнің мағынасын ашып түсіндіреді.
Жинақтау	«Құралай» тақырыбына 5 жолды өлең, синквейн жазады. Әңгіме бойынша өз ой пікірлері мен ойтұжырымдарын айтады.
Бағалау	Мен ойлаймын .... Мен әңгімедегі айтылған пікірге немесе сөзге қосыламын .... Мен киікті, ақбөкенді атып, өлтіргендерге қарсымын. Өйткені ...

### БІЛІМ ИГЕРУГЕ 6 ҚАДАМ.

Блум жүйесі уақытты тиімді пайдалануға үйретеді және сапалы білімге қол жеткізуге мүмкіндік туғызады.

Нәтижесі:

- қызығушылығы артады;
- бір-бірін тыңдайды;
- ойлау, есте сақтау қабілеті дамиды;
- өзіндік пікірі қалыптасады;
- татулықта, топпен бірлесіп жұмыс жасайды; [3]

Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана білім алушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады. Әр оқытушының оқытуда, үйретудегі өз тұғынамасы болу қажет. Қытай ғұламасы Конфуций: «Маған айтсаң, мен ұмытып қаламын. Маған көрсетсең, мен есімде сақтай аламын. Маған осыны істеуге мүмкіндік берсең, сонда бұл мәңгілік менікі болып қалады» - деген екен.

Сондықтан да, тыңдаушының белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, ойлауға, есте сақтауға, жылдамдыққа, шығармашылыққа үйрететін ол жаңа инновациялық әдіс – тәсілдерді әр ұстаз қолдана білу керек. Осыған байланысты бүкіл білім беру ісі оқушыларға, оның тұлғасын, оқыту мақсаты, мазмұны мен ұйымдастыру формасы жағынан оқушының барлық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Ондағы негізгі мақсат оқушыға сапалы білім беру. Қазіргі жас буын – болашақ еліміздің келер күнгі келбеті. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Сананың ашықтығы, ойдың ұшқырлығы, зейіні мен ынтаның жоғарлығы жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді;

- ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз;

- бұл өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.[4]

Сондықтан болашақ ұрпақты жаңа тұлға ретінде тәрбиелеу қазіргі заманғы педагог, жаңашыл ұстаздардың ғана қолынан келеді. Өйткені, біздің ұлтымыз, еліміз, болашақ Қазақстан сапалы, білімді биік шыңнан көрінбек.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1.А. Қ. Әлімов Оқу құралы «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» Астана – 2014 жыл.

2.А. К. Мыңбаева, З. М. Садвакасова: Оқу құралы, «Оқытудың инновациялық әдістері немесе сабақты қалай қызықты өткізуге болады». Алматы – 2010 жыл.

3.Қ. Ахметұлы, Т. Баймолдаев: «Жаңа буын оқулықтары арқылы жас ұрпаққа білім беру жолдары», Алматы, 2008 жыл.

4. Ә. Жүнісбек: «Жаңа технология негізі – сапалы білім». – //Қазақстан мектебі, №4, 2008 жыл.

*Дикань Н.П. учитель хореографии  
ЧУ «Школа свободного развития «Альтер», г. Караганда  
Белая Н.И. учитель начальных классов  
КТУ ОШ №27, г. Караганда*

### **РЕАЛИЗАЦИЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ СРЕДСТВАМИ ХОРЕОГРАФИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

На сегодняшний день демократические преобразования в Казахстане связаны с перспективой развития человеческого потенциала общества, который во многом обусловлен состоянием системы образования, а именно поиском новых возможностей для её совершенствования. Одним из главных условий реализации одинаковых прав на приобретение качественного образования без исключения всеми детьми, является внедрение инклюзивного образования, которое на современном этапе является одной из важнейших стратегий государственной политики и набирает масштабные обороты, проявляющиеся в социальной политике по социальной интеграции [1]. Инклюзивное образование в Казахстане опирается на основополагающие законодательные и нормативные документы, предназначенные для всех уровней учреждений образования, в том числе и учреждений системы дополнительного образования.

В настоящее время дополнительное образование подрастающего поколения представлено целым рядом направлений, одним из которых является художественно-эстетическое, а именно хореографическая образовательная деятельность. В данной деятельности можно выделить занятия по одному из направлений хореографии - классическому экзерсису, влияющему на различные группы мышц и формирующие правильную постановку корпуса, координацию. Такие занятия влияют на весь суставно-мышечный аппарат, устраняют физические недостатки (сутулость, перекос плеч, косолапость и другие), кроме того, способствуют развитию всего организма, а также лёгкому и гибкому регулированию своих движений.

В дополнительном образовании особое место уделяется танцевальной арт-терапии как направлению психотерапевтической и психокоррекционной практики, а именно объединению видов искусства, используемых в лечении и коррекции человека. Многие исследователи (В.В. Козлов, А.Е. Гиршон, Н.И. Веремеенко и др.) подчёркивают, что она прекрасно выводит из

депрессии, позволяя не держать негативные эмоции в себе, помогает справиться с многими серьёзными психологическими проблемами [2].

Занятия ребенка в группе предполагают не только обучение хореографических дисциплин, таких как ритмика, гимнастика, постановка концертного номера, а также и взаимодействие его в группе со своими сверстниками. Если обучение танцам использовать как инструмент в формировании разносторонней личности, то мы получим терапевтический эффект, значительно улучшив физическое, психическое и эмоциональное состояние ученика, что, в свою очередь, поможет ребёнку безболезненно «акклиматизироваться» в школе.

В педагогической практике использования танцевальной терапии хореографы преследуют следующие цели: коррекция психосоматических нарушений (снятие напряжения, избавление от страха); воздействие на эмоциональную сферу (повышение самооценки); коррекция коммуникативной сферы (помощь замкнутым, эмоционально неуравновешенным детям); развитие эстетических потребностей, расширение художественно-эстетического кругозора, активизация потенциальных возможностей в творчестве; борьба с гиподинамией.

Стоит отметить, что на сегодняшний день среди учителей общеобразовательных школ достаточно остро стоит проблема отсутствия необходимой подготовки к работе с детьми с особыми образовательными потребностями. Отмечается недостаточность профессиональных компетенций педагогов в работе в инклюзивной среде, присутствие психологических барьеров и профессиональных стереотипов. Поэтому, опираясь на опыт работы педагогов КГУ ОШ №27 г. Караганды, которая стоит у истоков внедрения программ инклюзивного образования, мы, педагогический коллектив ЧУ «Школа свободного развития «Альтер», используем методы и приёмы, способы организации детей с особыми образовательными потребностями, внося и свои коррективы в педагогический процесс. Хореографическая деятельность не входит в общеобразовательный государственный стандарт, поэтому в ЧУ «Школа свободного развития «Альтер» осуществляется в форме кружковой работы, которая обладает весьма значительным воспитательным потенциалом, определяемым природой искусства танца и спецификой построения образовательного процесса. Как показывают наблюдения, социализация «особенных» детей в учебной деятельности, благодаря занятиям танцами, проходит безболезненно. Они без труда выстраивают взаимоотношения со сверстниками, ощущают себя нужными как своему классу, так и школе в целом, в результате чего получая огромный положительный эмоциональный заряд.

В процессе изучения детей с ограниченными возможностями мы отметили следующее: наличие заболеваний опорно-двигательного аппарата, а также ухудшение таких качеств, как внимательность, двигательная память, равновесие, координация движений. Такие дети довольно быстро устают и теряют работоспособность, что затрудняет обучение и приводит к длительному разучиванию предлагаемых танцевальных комбинаций. Исходя из того, что в классе есть дети с особыми образовательными потребностями и обычные дети, педагог-хореограф ставит не только образовательную и воспитательную цели, но и решает коррекционно-развивающую задачу, которая должна чётко ориентировать его на развитие способностей, возможностей всех детей и на исправление имеющихся недостатков педагогическими и психологическими приёмами.

Таким образом, в ходе построения хореографических занятий необходимо придерживаться следующих требований:

1. Занятия строятся так, чтобы они могли воздействовать на растущий организм, способствовать укреплению здоровья ребёнка.
2. Танцевальные комбинации подбираются с целью стимулирования умственной деятельности обучающихся соответственно уровню восприятия и возрастным особенностям ребёнка.
3. Занятия ориентированы на развитие интереса к самостоятельному повторению и отработке выученных танцевальных упражнений.
4. Применение различных методических приёмов в организации занятий. В частности, таких как:

- метод показа важен при пояснении техники исполнения движения.

Новые движения демонстрируются в медленном темпе, повторяются несколько раз и сопровождаются подробным устным объяснением, пока обучающиеся не усвоят правила исполнения. Показ должен быть всегда точным, музыкально правильным. Простые по координации движения показываются лицом к занимающимся, с левой руки и ноги, сложные - спиной к занимающимся. Огромную помощь в проведении занятий оказывает зеркало: дети контролируют свои движения и соотносят их с действиями педагога-хореографа.

- метод «от простого к сложному», в котором одна танцевальная комбинация делится на несколько элементов по сложности, доступной детям.
- метод «от известного к неизвестному», а именно постепенное усложнение движений с добавлением элементов.
- метод наглядности, который в основном рассчитан на слабослышащих детей, раскрывается в следующих приёмах, используемых на танцевальных занятиях: считывание с губ, жестовая речь.
- игровой метод, состоящий из специально подобранных игр, отвечающих задачам и содержанию занятия, возрасту и подготовленности детей.

С целью смены видов деятельности танцы на занятиях необходимо чередовать с играми, что даёт детям возможность не только отдохнуть, но и поднимает настроение, развивает эмоциональность. Кроме того, с помощью игры формируются сложные умения и навыки, связанные как с нарушением слуховой, так и зрительной функции. Например, при обучении определять начало и окончание музыки на занятии используется игра «Ветер-Дождь»: с началом звучания музыки дети легко бегут по залу врассыпную - «ветер», с её прекращением каждый должен найти себе пару - сделать «домик», в котором дети прячутся от «дождя» и игра продолжается вновь.

Невозможно анализировать каждый конкретный метод отдельно от других, поэтому на занятиях хореографии мы используем совокупность методов, так как их взаимосвязь развивает интерес детей к хореографическому искусству, они получают удовольствие от учебной деятельности, что вызывает дальнейшее желание танцевать [3].

В работе с детьми с ограниченными возможностями необходимо учитывать и их психологические особенности, при которых следует обращать внимание на следующие моменты:

1. При выполнении танцевальных комбинаций ребёнок может растеряться, поэтому он должен располагаться таким образом, чтобы видеть впереди себя образец - другого ребёнка, тем самым ощущая поддержку.
2. Хороший результат даёт и распределение учащихся по парам при отработке танцевальных движений, чтобы один из учеников мог подать пример другому.
3. Необходимо постоянно напоминать о соблюдении дистанции в движении с целью обеспечения техники безопасности.
4. В разминке регулировать физическую нагрузку, варьировать количество повторений упражнений. Если ребёнок устал, то может отдохнуть.
5. Использовать зрительные ориентиры с целью лучшего запоминания ребёнком своего места в рисунке танца. Неплохим решением в этой ситуации может быть своевременная подсказка педагогом-хореографом жестами или партнёром по танцу ребёнку на заранее установленное место, на которое он должен прийти в конце какого-либо танцевального элемента.

Структура занятия и подача нового материала заранее продумываются. Перед изучением той или иной танцевальной композиции детям предлагают прослушать музыку, после чего передать ритм хлопками. И только после этого идёт показ и разучивание танцевальных элементов под счёт, а затем с музыкальным сопровождением. Педагог-хореограф выполняет упражнения вместе с детьми с целью увлечь их и усилить эмоционально-двигательный ответ на музыку. Значительным, с целью формирования детей, считается разучивание и исполнение танцевальных элементов в обе стороны, с обеих ног. Принцип симметричности, который

соблюдается при составлении комбинаций, способствует гармоничному развитию и распределению равномерной нагрузки в процессе исполнения на правую и левую стороны. Дети учатся правильно, выразительно и ритмично выполнять под музыку основные движения (танцевальный шаг, бег, прыжки), несложные композиции народных, балльных и эстрадных танцев. Внимание уделяется развитию способности импровизировать под музыку [3].

Успехов в результатах можно добиться только в том случае, если педагог не будет сравнивать детей друг с другом, так как мы все разные и равноценны, независимо от наших возможностей. Поэтому при оценивании ребёнка, имеющего особенности развития, можно следовать следующим рекомендациям:

1. Отмечать, именно, достижения ребёнка, а не акцентировать внимание на неудачах. Похвала педагогом является основой общения с ним.
2. Подчёркивать положительную динамику и личные достижения самого ребёнка (сегодня у тебя получается значительно лучше, чем вчера, а завтра будет ещё лучше, чем сегодня)
3. Стараться не обращать внимание на не очень серьёзные нарушения дисциплины (капризы, плаксивость, суетливость).
4. Придумывать «особые» слова, после произнесения которых ребёнок понимает, что поступает не должным образом. Иногда ребёнок действительно не понимает некоторые моменты, поэтому нервничает. Надо объяснить, замотивировать его.

Необходимо подчеркнуть, что особую роль в учебно-воспитательном процессе таких детей играет активное сотрудничество между педагогом и родителями, так как это помогает осуществлять модификацию организации образовательной среды ребёнка в соответствии с его реальными возможностями.

В заключение хочется отметить, что только педагог своими профессиональными компетенциями, при активной поддержке родителей, может выявить определённые возможности ребёнка с особенностями развития и помочь ему адаптироваться в обществе. Освоение танцевального искусства как одного из направлений дополнительного образования даёт шанс «особенному» ребёнку ощутить на занятиях хореографии уверенность в своих силах, раскрыть в себе талант, несмотря ни на какие трудности, почувствовать радость общения со взрослыми и детьми, тем самым раскрасив свой чёрно-белый мир разноцветными красками.

## **ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:**

1. Батракова Н. Инклюзивное образование: как в Казахстане учат детей с особыми потребностями? <https://informburo.kz/cards/inklyuzivnoe-obrazovanie-kak-v-kazahstane-uchat-detey-s-osobymi-obrazovatelnyimi-potrebnostyami.html>
2. Козлов В.В., Гиршон А.Е., Веремеенко Н.И. Интегративная танцевально-двигательная терапия. – СПб.: Речь, 2006
3. Бахрутина Н.А. Реализация инклюзии на занятиях по хореографии в общеобразовательной школе. <https://cyberleninka.ru/article/n/realizatsiya-inklyuzii-na-zanyatiyah-po-horeografii-v-obscheobrazovatelnoy-shkole>

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша үстіміздегі жылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық жоспары мен ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылдануы. Бұл– бағдарлама мен Н.Ә.Назарбаевтың білім саласын жаңарту туралы бастамаларын іске асырудағы маңызды, айқын қадам болып табылады.

Бүгінде жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру өзекті болып табылады. Осыған орай, мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, бастауыш мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге дайындау қажеттігі туындап отырғаны ақиқат. Бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қажетті құзыреттіліктер қалыптасады.[1.]

Функционалдық сауаттылық- адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуымен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б.[1.]

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздеріне алынатын дидактикалық ұстанымдары жөнінде айта кетсем:



Бастауыш сыныпта оқу үрдісінде оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру өте тиімді.



Оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін –бірі бағалауға, пікір алмасуға бастысы, коммуникативтік жағдаяттарға үйренеді. Қазақ тілінен оқылым әрекетін дамытуда қандай тапсырмалар орындауға болады. Ең бастысы, мәтіндегі негізі ой мен ой бөліктерді білу, ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу; интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау); оқу түрлерін және стратегияларды тиімді қолдану көзделеді.

Оқыту стратегиялары:



Сыныпта қазақ тілінен жазылым әрекетін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері туралы тізбектесем:

- оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің ішінен бір-екеуін жаздыру; сөздердің орфографиясын меңгертуге арналған тапсырмалар;
- тілдік тақырыптар аясында шығармашылық тапсырмалар (ребус, пиктограмма, сөзжұмбақ, сәйкестендіру және толықтыру тест тапсырмалары, т.с.с.) құрастырып жазу; тыңдалған және оқылған мәтіннен немесе көрген фильмінен алған әсерін жазу; мәтіндегі қиын сөздерден сөздік құрастырып жазу; сыныптың қабырға газетіне шағын хабарлама/мақала жазу; мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтап жазу; ақпаратты суреттер мен диаграмма арқылы беру; сұхбатқа жазбаша сұрақтар дайындау бойынша тапсырмалар беріп отырамын. Күнделікті жүргізілген бір сабағымнан мысал келтіре кетейін.

### 1-тапсырма:

Тақырыбы: Ы.Алтынсарин «Бақша ағаштары»


Мақсаты: оқушыларды еңбекке баули отырып, оқыған шығармасынан түйген ойын сауатты жазу.

Қолданылған әдіс –тәсілім: кіріктіре байланыстыра оқыту

Оқушыларға ана тілінен өткен көркем шығарманың мазмұны еске түсіре отырып, қайталау ұсынылады. Бестік диктант моделі түсіндіріледі. Тиімділігі - оқушы өз мәтінін жазады; оқушылардың еске сақтау қабілеттері жетіледі; қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімдерін жаңа мақсатқа тиімді пайдалануға талпынады.



## Шағын шығармашылық диктанттардың бірі — «Бестік» диктанты моделі



### 2-тапсырма : Мәтінмен жұмыс

Ауыл жайлауға көшті. Шідерті өзенінің бойын жағалай киіз үйлер тігілді. Айнала көкорай шалғын. Өлкейдің қолынан кітап түспейді. Үйінде 5-6 кітабы бар. Соны қайта-қайта ақтарады. Тіпті бәрін де жаттап алған. Өлкей – зерек бала. Бір айтылған әңгімені ұғып алады. Ертегіні жақсы көреді. Ұйып тыңдайды. Бір күні ауыл балалары жидек теруге шықты. Өлкейді де ертіп алды. Өзеннің арғы жағына өткенде Өлкей кейіндеп қалды. Жалғыз өзі судың жиегінде отыр. Оңаша отыр, түске дейін батырлық дастанын жаттаумен болды. Қайталап оқып, ұмытқан жерін есіне түсірді. Балалар қайтқанша жырдың біразын жаттап үлгерді.[2]

- 1.Берілген мәтінді түсініп, мұқият оқы.
- 2.Мәтінге тақырып қой.
- 3.Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтар құрастыр.
- 4.Кейіпкерге сипаттама бер.

**3-тапсырма:** «Аңқау арыстан» ертегісі бойынша оқушыларға сахналық қойылым қою тапсырылды.



Нәтижесі: оқушылар рөлді бөлуді үйренді, авторды тыңдады, сахна мәдениетіне бейімделді. Өз тәжірибеме сүйенсем: бастауыш сыныпта неғұрлым оқушының жас ерекшелігіне сай қызықты тапсырмалар беріліп отырса, оқушылардың күнделікті сабаққа деген белсенділігі мен қызығушылығы арта түседі.

Қорыта келгенде, бастауыш мектептегі оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жоғарыда аталған ұстанымдардың қай-қайсысының да қызметі ерекше боп табылады. Себебі, бұл ұстанымдардың негізінде ұйымдастырылған оқыту үдерісі оқушылардың берілген білімді жүйелі, терең, берік, сабақтастықта және біртұтастықта, ғылыми білімдер жүйесін практикамен байланыста, жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан белгісізге қарай жүретін бағытта белсенді түрде әрі қызығушылықпен меңгеруін қамтамасыз ете алатыны сөзсіз. Сондықтанда біз, әрқашан бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдарын пайдалана алғанымыз жөн болмақ.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы
2. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2019ж қаңтар
3. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.
4. Ы.Алтынсарин әңгімелері. <https://kitap.kz/audio-book/anggimeleri-men-ertegileri>
5. <https://zkoipk.kz/kz/2015k2/1148-conf.htm>

*Г.И.Достаева білім бөлімінің  
әдістемелік кабинет меңгерушісі  
Жаңаарқа ауд.*

## ЫБЫРАЙ ӘНГІМЕЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА

Ы.Алтынсарин мұрасының басым көпшілігі әдеби көркем шығармаларын, өлеңдері мен көркем әңгімелерін педагогикалық-тәрбиелік мұрат-мақсатпен бірге өмірлік тәжірибеге лайықтап заманауи бағытта түсіндіріп, тәжірибеге енгізе отыра меңгерту өзекті мәселе. Ыбырай Алтынсарин педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алды. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болғаны мәлім. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім-тәрбиесін, үлгі-өнегесін көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңдіре білді. Біз де осы ұлт тұлғасының ұлттық бастауын жас жеткіншектерге түйсіне жеткізуіміз керек. [1]

Ыбырай әңгімелері қысқа да нұсқа, өмірлік тәжірибеге бағытталған, тәрбиелік мәні өте жоғары. Әңгімелерінен оқушының ойлау қабілеттерін дамыта отырып, өзекті тақырыбын табу, тірек сөздерді ажырата алу, мағыналы ой түйе алу мүмкіндіктері мол. Жаңартылған білім мазмұнының талаптарына сай білім беру мүмкіндігі көп. Сан ғасыр бұрын жазылған Ыбырай әңгімелері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған.

Бүгінгі күннің өзекті тақырыбының бірі функционалдық сауаттылық. Ал мұғалім мен мектептің басты мақсаты мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау. Менің тәжірибемде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінен сыни ойлау тапсымаларын құрастыру арқылы тәжірибе жинақтадым.

Бастауыштан әріп танып, оқу кезеңін толық меңгергеннен кейін оқығанын тоқи алатын, сапаға ауысу кезеңі 5-сынып оқушыларының жазбаша мәтіннен мазмұнын меңгеріп, мәтін бойынша сұрағына жауап бере алуына, өзіндік сыни ойлай алуына мүмкіндік туғызуына әр қазақ тілі мен әдебиеті пәні жауапкершілікпен қарап, дайындық жасауға міндетті.

Оқу сапасын және мәтінді түсінуді зерттеу бойынша әр мұғалім өзінің тәжірибесінде тоқсан сайын оқу сауаттылығын зерделеп отырса, PISA, TIMSS, PIRLS т.б халықаралық бағалау зерттеулерінде оқушыларыңыз бағалаудың халықаралық бағдарламасында жақсы жетістіктер көрсете алады.

Біз тоқталатын функционалды сауаттылықты дамытатын мәтінмен жұмыстың өзектілігі: оқу мен жазу дағдыларын қалыптасады; нақты ашық сұрақтар қойылады, жауабы мәтіннен табылады; оқушының ойлауына мүмкіндік жасалатын жабық сұрақтар қойылады; адамды белгілі бір жағдаяттарда сипаттайды; стандартты, стереотипті міндеттерді шешумен байланыстырады; бағалау есебінде пайдаланылады.

Функционалды сауатсыздық оқушының жағдайы, өмір сүру қалпы немесе нақты сұрақтар туындаған кезде ғана көрінеді. Көп жағдайда оқушының кестені орынды пайдалана алмауы, сұрақты дұрыс қоя алмауы, жауаптың нақтылығынан шыға алмауы бетпе-бет келген кезінде анықталады. Осыдан келіп өмір бойы оқу қажеттілігі туындайды.

«Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін барлық оқушы қызыға оқып, түсініктерін де айта алады. Асан мен Үсен әңгімесі шындық пен реалистікке негізделген әңгіме. Алтынсарин бүкіл ағартушылық еңбегінің негізгін, әлеуметтік тенденциясын осы әңгімеде айқын ашып береді. Үсен арқылы шаруа баласының еңбек сүйгіштігін, әр нәрсенің ретін таба білетіндігін көрсетеді. Ал Асан бейнесінде мұндай қасиет байқалмайды. Үсен бейнесінен тек еңбексүйгіштіктен басқа дәрменсіз Асанға көмегі оның адамгершілік жағынан бейнесін сомдайды. Мұнда қазақ өміріндегі Асанға лайық ұқсас мінездерін айқын көрсетіп береді. «Ол жастайынан сұрағанын әперетін, дегенін істейтін кісі болғандықтан жатып ішер болуға әрекеттенеді» ... «Ол еш нәрсе істеуге әдеттенген жоқ, демек, өзінің не істей алатынын, несі жоқ екенін жақсылап айыра алмайды». Осындай тұжырымды бүгінгі жастардың қоғамдағы орны мен жатып ішерлік қасиеттерінің қалыптасып келе жатқанын оқушының өзіне пікір түйіп айта алуына жетелеуіміз керек. Адамның жеке басының мінез-құлқын қалыптастыру, оның бойынан жойылып бара жатқан адамгершілік қасиеттерді сіңіру, иманжүзді етіп тәрбиелеу ата-ананың тікелей әсерімен отбасынан басталып, мектепте жүзеге асатыны айқын. Әңгімені талдауда оқуші пікірінің жан-жақтылығын қалыптастыру үшін жетек сұрақтар қоя отырып, сұқбат дамыту арқылы жүзеге асырумыз керек.

Өз тәжірибемде пайдаланған мәтінмен жұмысты ұсынамын.

#### Сәтемір хан

Сәтемір жеті жасар күнінде атасынан жетім қалыпты. Күндерде бір күн Сәтемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп, жан-жағына қарап жатса, бір аяғы ақсақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі. Тұра салып тағы да өрмелейді, манағыдан гөрі жоғарырақ барғанда тағы құлап түседі. Үшінші рет құмырсқа және тырмысады. Ақыр бар күшін салып, қисая-мисая барып, тамның төбесіне шығып кетеді. Мұны көріп Сәтемір ойға қалды: Құдай-Тағаланың жаратқан жан-жануарының ең кішкентайы осы құмырсқа екең құмырсқа да тынбай жұмыс істеп жүр. Өзі ақсақ, бір тырмысып, екі тырмысып, жығылып, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті. Тамның басына шықты. Мұны көріп отырып менің де талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен, деп ойынын тастап, қалаға барды.

Қалада бір зор білімді, оқымысты молда бар екен, соған үй сыпыруға жалданып, ақысына оқу оқыпты-мыс.

Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патша болған.

Сұрақтардың дұрыс жауабын белгіле. [2]

1. Мәтінге қандай тақырып дұрыс деп ойлайсың?

- А) Сәтемір хан
- Ә) Еңбекқор Құмырсқа
- Б) Оқымысты бала

2. Мәтінде там сөзі қандай мағынада қолданылған?

- А) Там дегеніміз – үй.
- Ә) Там дегеніміз – өлген адамның жерленген жері.
- Б) Там – жердің атауы.

3. Неішіңізі әркетінде құмырсқа төбеге шықты?

- А) Үшінші

Ә) Екінші

Б) Бірінші

4. «Құмырсқа екеш құмырсқа да тынбай жұмыс істеп жүр» деген сөйлемнен кейінгі сенің түйген ойың.

---

---

5.Үй сыпырып жалданып жүріп сабақ оқи алар ма едің? Бала мен өзіңді салыстырып пікіріңді жаз.

---

---

6.Сәтемір қалай хан, патша бола алды?

---

---

Өз заманының ең беделді көшбасшысы Ыбырай Алтынсариннің қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу-тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр. Осы бағытта Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап, оны егемен елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық үлгісі ретінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану оқыту міндеттерінің талабы дегіміз келеді.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы. 1991 ж
2. Ы Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары

*Г.С.Дүйсембек аға кітапханашы  
Бұқар жырау ауданы, Қарақұдық ауылы*

### **“ЫБЫРАЙ – ШАҒЫН ӘНГІМЕ ШЕБЕРІ”**

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялыларының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы, қазақ тарихында қоғамдық ой-пікірлердің қалыптасуына үлес қосқан көрнекті қайраткер – Ыбырай Алтынсарин. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы-төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жасөспірімдердің тағдырына терең үңілген ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсарин ел ішінде орын алған сауатсыздық пен білімсіздікке қарсы ашық күреске шықты. Қазақ даласында жаппай сауаттылық пен білім беру ошағын орнатқан Ыбырай халықтың мұң-мұқтажы мен арман-тілегін орындау мақсатында көпшілік арасында қыруар жұмыстар атқарды.[1]

Ы.Алтынсарин оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән берген. Сондықтан да «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазған. [2]

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, қоғам қайраткері бүкіл ғұмырын қазақ балаларын оқытуға, мектеп ашуға сарп еткен ұстаз Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Қарақұдық ауылдық кітапханасында алғашқы Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, шығармаларымен оқушыларды таныстыру. Әңгімелері арқылы оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Ұлы тарихи тұлғаны есте сақтауға, құрмет тұтуға, үлгі алуға тәрбиелеу мақсатында «Өнеге болған ұрпаққа» атты 6-7 сынып оқушылары арасында топтық сайыс өтті. Сайыс болғаннан кейін әрине әділқазылар алқасы болады. Сондықтан әділқазылар алқасына Амангелді орта мектебінің тәрбие ісінің меңгерушісі Р.Балхашева және пән мұғалімдері: Қ.Хасенова, М.Сакиров, Б.Медет, Н.Тұрғамбеков сынды мектеп ұстаздары төрелік етті. Шара барысында Ы.Алтынсарин шығармашылығы өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігі айтыла келіп, білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігі түсіндіріліп, ағартушының өмірі мен шығармашылығы туралы ақпарттар берілді.



Сонымен қатар оқырмандарға арнап «Кемеңгер ұстаз» атты көрме-сурет, «Даланың дара ұстазы» атты буклет жасалып ұсынылды.

Сайыс алты түрлі яғни, 1.«Деректер сөйлейді» 2.«Шашылған сөздерден сөйлем құра» 3.«Шығарма аты мен шығармадан алынған үзіндіні сәйкестендір» 4.«Жалғасын тап» 5.«Зымыран сұрақтар» 6.«Мақалдар жәрмеңкесі» атты кезеңдерден тұрды. Сайыс проектордың көмегімен слайд арқылы жүргізіліп, әр топ өздеріне тиесілі сұрақтарына жауап берді. Оқушылардың бірі өз оқығандары бойынша сұрақтарға жауап берсе, екінші бірі ұмытып қалған сұрақтардың жауаптарын «Кемеңгер ұстаз» атты көрме-суреттен тауып жазды. Әділқазылар алқасының шешімі

дайын болғанша оқушылармен ойын ойнатылып, кітап мұқабасы бойынша жасалған пазл құрастырылды. Құрастырылған пазлдан кітаптың мұқабасы шығады. Шыққан кітапты кітапхана сөресінен тауып ұсынады. Шешуші сәт те келіп жетті. Әділқазылардың әділ шешімімен 7-сынып оқушылары алға суырылып жеңіске жетті. Жеңіске жеткені үшін 7-сынып оқушыларына диплом, белсене қатысқаны үшін 6-сынып оқушыларына мадақтама қағаздар табысталып, барлық қатысушыларға арнайы дайындалған «Ұлттың ұлы ұстазы» атты жаднамалар таратылды. Іс-шара соңында ағартушы-ұстазға арналған «Кемеңгер ұстаз» тақырыбындағы суретті көрмесіне шолу жасалып, екі топ қатысушылары жазушының өлеңдерінен үзінді оқыды. Міне, осындай тәрбиелік мәні бар шара арқылы оқушыларды әр істі ойланып ақылмен жасауға, кішіге қамқор болуға шақырамыз.

Қорыта келгенде қазіргі ұлттық ояну, өзін-өзі тану, үйрену, халқымыздың мәдени-әдеби мұралары мен әдет-ғұрпы, игі дәстүр-салттарының қайта оралуы – бәрі де жан-жағымызға бағамдай қарауға, алдағы мақсат-міндеттерімізді айқындауға мүмкіндік жасап отыр. Осы орайда елдің дербестігі мен оның өркендеп дамуының негізгі шарты – оқу-білім екені дау туғызбаса керек. Ілім-білім қай ғылымда да игілікті шаруа, қасиетті дүние болып есептелетіні белгілі.

Мұны ұлы ұстаз мықтап ұқты. Ыбырай атының әлемге мәшһүр болуына әсер еткен жағдай, сөз жоқ, сол заманның қиын-қыстау кезеңі, халықтың тарылған тағдыр-талайы. Ұлы ұстаз еліне қажетті бар байлық та, бақыт та, жақсылық та оқуменен, білімменен келетінін бір сәт жадынан шығармай насихаттады.[3] Оның тағлымы мол шығармашылығынан әлі талай ұрпақтың үлгі алары сөзсіз. Жазушы шығармаларының бойына қазақ халқының көптеген қасиеттерін сыйғызды, ұлттық ерекшеліктің небір қырлары мен сырларын өлеңдері, әңгімелері



арқылы жеткізген. Міне, бұл – күні бүгінге дейін тұтас бір ғасырдай уақыт өмір сүріп келе жатқан Ыбырай өсиеті, Ыбырай арманы, ұлы Ұстаздың ұлағаты.

Заман ауысып, жаңарып, сол жаңарумен өлгеніміз тіріліп, ұмыт болғанымыз қайта еске түсіріліп жатқан бүгінгі кезеңде, қилы тарихы қайта түлеп, іргелі, өркениетті ел болу сапарына аттанып отырған қазақ елінің зерделі қауымын әлемге таныстырған Ыбырай Алтынсариннің есімі мәңгілік. Ыбырай қалдырған асыл мұра ешқашан ұмытылмақ емес.

Ыбырай Алтынсарыұлы қазақ жастарын оқуға үндеумен



қатар, адамгершілікке, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, халқын сүйуге, қысқасын айтқанда, «адам» деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді. Ол жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске



асыруға болатындығын жақсы ұғынды. Сондықтан Ыбырай өзінің оқытушылық, ақындық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды. Біздің кемеңгер ұлы бабамыз Ыбырай Алтынсарин туған халқы үшін жан аямай еңбек етіп, қысқа өмір сүрсе де ұрпақтарына үлгі - өнеге



боларлық, тәлім аларлық бай мұра қалдырды.

Шығармаларының бойында тұнып тұрған адамгершілікке тәрбиелеу идеясы мен ғылыми-білім үйрету. Бұл аса бағалы да, құнды еңбектері бүгінгі таңға дейін өз құдіретін жойған жоқ,



жоймайды да.[4] Ол ашқан мектептер шамшырақ болып бүкіл қазақ еліне нұрын, сәулесін шашты. Сондықтан да халық оны ұлы ағартушы деп лайықты бағалайды.



Келесі кезекте ағымдағы жылдың қазан айында қазіргі әлемде болып жатқан індетке байланысты кітапханалық іс-шаралар онлайн форматта өтуде. Сондықтан Қарақұдық ауылдық кітапханасы сіздердің назарларыңызға Ыбырай



Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Даланың дара ұстазы» атты виртуалды



сөзжұмбақты әлеуметтік желілер арқылы ұсынады.

**«Даланың дара ұстазы»**

1. Ыбырай қай жерде қыздарға арналған мектеп ашты? Ырғыз
2. “Әке мен бала” әңгімесінің тақырыбы: (Еңбек)
3. Ыбырайдың әкесінің есімі кім? (Алтынсары)
4. Ыбырай кімнің кітапханасын еркін пайдалануға рұқсат алды? (Григорьев)
5. Балқожа би кім? (Атасы)
6. Ыбырайдың арман еткен мектебі қай қалада ашылды? (Торғай)
7. Ыбырайдың тұңғыш баласының есімі? (Абдолла)
8. Кімге жолдаған хатында 14 қазақ баласын оқытуға аш қасқырдай кіріскенін баяндайды? (Н.И.Ильминский)
9. Ы.Алтынсарин кім? (ағартушы – жазушы)
10. Ғалым, профессор В.В.Григорьевпен қай жерде танысады?(Орынборда)
11. 1879 жылы Торғай облысы мектептеріне кім болып тағайындалады?(Инспектор)
12. Ыбырай қай жерде дүниеге келген? (Қостанай)
13. Ыбырайды кім тәрбиелеген? (атасы Болқожа)
14. Өлеңдер мен шағын әңгімелерден тұратын еңбегі (Қазақ хрестоматиясы)
15. Азан шақырып қойған есімі (Ибрагим)
16. Ыбырай Алтынсариннің жалғыз немересі. (Нағима)

Facebook – Қарақұдық Кітапханасы  
 Instagram - karakuduk. Kitaphana  
 YouTube арнасы - Қарақұдық кітапханасы Бұқар жырау ауданы  
 vk.com - Гулнаш Дюсембек

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы Алматы: Атамұра, 2012. - 344 бет, суретті, карталы.
2. sputnik.kz
3. [articlekz.com](http://articlekz.com)
4. massaget.kz

*А.Ж.Дюсекова, Д.Б.Қыйлыбай қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
 №66 мектеп-лицейі, Қарағанды қаласы*

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ҚАЗІРГІ БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНУ

Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы  
 оқыту әдістерін таба білуде.  
 Ыбырай Алтынсарин

Қазақ даласында білімнің шырағын жағып, ұлт ұстазы атанған Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл. Ыбырай Алтынсарин – ағартушы ақын, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген тамаша қаламгер. Өзінің алғашқы шығармашылық қадамынан мектептің рөлін бірінші орынға қойып, өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін, білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін айтты. Есті бала мен ессіз баланы қарама-қарсы қойып, жастарға кімнен үлгі алып, кімнен безу керектігін көрсетті. Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге тоқталып, оның өмір

үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетті. Ұлы ағартушымыз Ыбырай Алтынсариннің ізгілікті педагогикалық мұраларынан ақыл-ой, идеяларынан алатын нәріміз таусылмақ емес.

Осыдан бір жарым ғасыр бұрын қазақ сахарасында мәдениет пен оқу-ағартудың туын көтерген, халыққа қажетті бар байлық, бақыт та, жақсылық та біліммен келетінін насихаттаған, ғылыми еңбегімен де, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау сияқты табанды істерімен де үлгі-өнеге көрсеткен Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларының маңызы ерекше.

«Шеберліктің белгісі – әртүрлі әдісті біліп, сабақта орынды қолдана білу» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, заман талабына сай қазіргі мектеп мұғалімдері оқыту әдістерін жаңа бағытта құрып, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздейді. Ыбырай Алтынсарин сол кездегі белең алған жаттамалы оқуға қарсы шығып, олардың оқыту әдіс-тәсілдерін сынға алады. Зерттеу еңбектерінде, бірінші сатыда – тіл дамыту, екінші сатыда – әліппе бойынша оқыту, жазу, үшінші сатыда – оқу кітабы бойынша оқу, жазу, салыстыра оқыту, сыныптан тыс оқыту сияқты жүйе бойынша оқыған шәкірттері қысқа мерзімде сауаттанып, тез меңгергендігі айтылады. Сол кездегі мектептердің басты мақсаты етіп баланың жеке басының ақыл-ойын өсіру үшін, мінез-құлқын жетілдіру үшін нақтылы білім керек дегенді алға қойды. [3]

Білім мен тәрбие берудегі Ыбырайдың алға қойған мақсаттарына тоқталсақ, жоғарыда айтылғандай: оқушыларға жан-жақты және кең көлемде білім беру; мұғалімнің рөлін жоғары көтеру, оқулықтардың сапасына көңіл аудару; оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру; оқушылар білімін қосымша материалдармен толықтыру.

Қазіргі таңда сапалы білім беру мен оқушының шығармашылық күзіреттерін дамыту үшін Ыбырай Алтынсариннің ұлы, сара жолын әлі де жалғастырып келеміз. Жаңаша оқытудың тиімді жақтарының бірі, кемеңгер ұстаздың жоғарыда көрсеткен алғашқы сатысына сәйкес ол оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуға жағдай жасалады, сабақ кезінде уақытты ұтымды пайдалану мүмкіншілігі молаяды, оқушылар өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызылады, мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынастар орнайды, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, түсіну сезімдерін арттыру, сауатты жазу, мәнерлеп оқу, мағыналы сөйлеу, өлең шығару, эссе жазу, тағы да басқа көптеген қасиеттерін дамытып қалыптастыруға болады. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Мұғалім оқушының табиғи дарынын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалану керек, бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ – ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өміршендігін байқатады. Мұғалімнің беделін көтере отырып, Ыбырай Алтынсарин мұғалімге талап қойған. [3]

Ұстаздың сабағында жаңа технология әдіс-тәсілдері оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе. Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологиялар да бар. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Оны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «жаңашылдық» деп атауға болады. Инновацияны қолдану арқылы мұғалім өз-іс тәжірибесін байытып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алады. [2]




Қазіргі бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтиды. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді.

Қазіргі мектептерге кіргізілген жаңаша технологияның бірі – тұлғаның ойын дамыту, ендеше оқу мен жазуды сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бүгінгі білім беру саласында кеңінен етек жайды. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламаның өн бойында екі мағынада қарастырылады: оқушылардың және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау-бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады.

Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп - саралап оқыту, проблемалық оқу, интерактивті, белсенді оқытуда Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деуге болады. Жаңаша оқыту бұл – мағынаны іздеу, өзінің көзқарасымен ғана шектелмей, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Тұлға жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті. [1]

Жаңартылған білім мазмұнында Ыбырай Алтынсариннің жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдерін қазіргі таңда өз тәжірибемізде қолданып жүрміз.


1. «Өрмекші» әдісі арқылы негізгі кейіпкердің психологиясын талдап, идеясын табыңыз және стилистикалық талдауды жүзеге асырыңыз.



- Дескриптор:

- Кейіпкер портретіне мінездеме береді;
- Кейіпкердің ойларындағы ішкі монолог, ішкі диалог, психологиялық паралелизмді анықтайды;
- Кейіпкер әрекеттеріндегі қарым-қатынасқа түсуін талқылайды (диалог);
- Жазушы тіліндегі көркемдегіш құралдарды табады.

2. Автор бейнесін танытатын кейіпкердің психологиясына SWOT-талдау жасаңыз, қорытынды шығарыңыз.



- Кейіпкердің психологиясындағы күшті жағын табады;
- Әлсіз тұстарын көрсетеді;
- Мүмкін болар әрекеттерін табады;
- Қауіп тудыратын сәттерін анықтайды;
- Автор бейнесіне қорытынды жасайды.

3. «Екі жақты күнделік» әдісімен мәтіндегі әсер еткен үзіндіні оң жақ бағанға, пікіріңізді сол жақ бағанға жазыңыз.

Әңгімеден үзінді	Оқушы пікірі

- Дескриптор:

- Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады;

- Сол әсер еткен үзінділер жайында пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.).

Сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың міндеті болуы керек. Қазіргі сабақтар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, жұптық және ұжымдық бірлесіп жұмыс жасауға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ең бастысы оқушы білімінің тереңдігі мен тиянақтылығын арттырады.

Жаңашыл мұғалімнің алдына қойған қазіргі мақсаты – Ыбырай Алтынсарин атамyzдың салып кеткен сара жолымен, оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын.

Тәуелсіз еліміздің өркениеттілікке жету жолында Ыбырай Алтынсариннің де үлесі бар екенін біліп, айта жүретін жаңа буын жастар бар деп сенім артамыз. “Туған елге пайдалы іске қолдан келгенінше үлес қосу – әрқайсымыздың міндетіміз”, - деп кеткен ұстаздың сөзі де, ісі де әрқайсымызды өмірге құлшындырып, жаңа ғасырлардан жалғасын таба берсе керек.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақ әдебиеті энциклопедия. Білік баспасы, Алматы, 1999 жыл
2. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А, Санат. 1994 жыл
3. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969 жыл

*Евдокимова Л.А. учитель начальных классов  
школа-лицей №101, г.Караганда*

## **ОРГАНИЗАЦИЯ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

Приоритетной задачей современной школы является создание необходимых условий, которые в полной мере будут способствовать личностному развитию каждого ребёнка. Для формирования активной позиции учащихся в учебном процессе необходимо внедрять в учебно-воспитательный процесс современные технологии. Одним из эффективных методов является проектное обучение. По сравнению с традиционными, носящими репродуктивный характер, проектная деятельность развивает высокую степень самостоятельности, инициативности учащихся и их познавательной мотивированности. В проектной деятельности происходит процесс групповых взаимодействий, который способствует развитию социальных навыков школьников. [1, 43] Исследовательской работой наша школа занимается с 2000 года. Учащиеся школы-лицея №101 приобретают опыт исследовательской

творческой деятельности, при этом осуществляется межпредметная интеграция знаний, умений и навыков. Метод проекта – это одна из личностно-ориентированных технологий, в основе которой лежит развитие критического и творческого мышления, познавательных навыков учащихся. Развитие умений самостоятельно конструировать свои знания и ориентироваться в информационном пространстве. Проектная деятельность предполагает взаимодействие учителя, учащихся, родителей. При организации проектной деятельности в начальной школе необходимо учитывать возрастные и психолого-физиологические особенности младших школьников. Учитель должен помнить о принципах, на которых строится любая проектная деятельность. При работе с детьми необходимо осуществлять деятельность в стиле педагогической поддержки, чтобы не подменить деятельность выполнением задания, сделать многое за детей или перепоручить выполнение задания родителям. [2, 55]


Учителю нужно направить работу при выполнении исследовательского проекта, чтобы не превратить проект в реферат. Конечно, исследовательский проект предполагает изучение каких-либо научных работ, грамотное изложение их содержания. Но проектант должен иметь собственную точку зрения на рассматриваемое явление, собственный угол зрения, под которым он будет рассматривать источники. Также надо учить оценивать свою работу, так как ребенок может переоценить результат проекта или недооценить качество своей работы. Чтобы оценка была максимально объективной и разносторонней, необходимо внимательно отнестись к составлению и последующему анализу самим ребенком своей работы. Обучение с использованием проектных приёмов в начальной школе имеет целый ряд достоинств и развивает следующие умения: - исследовательские (генерировать идеи, выбирать лучшее решение); - социальное взаимодействие (сотрудничать в процессе учебной деятельности, оказывать помощь товарищам и принимать их помощь, следить за ходом совместной работы и направлять её в нужное русло); - оценочные (оценивать ход, результат своей деятельности и деятельности других); - информационные (самостоятельно осуществлять поиск нужной информации; выявлять, какой информации или каких умений не достаёт); - презентационные (выступать перед аудиторией; отвечать на незапланированные вопросы; использовать различные средства наглядности; демонстрировать артистические возможности); рефлексивные (отвечать на вопросы: «Чему я научился? Чему мне необходимо научиться?»); адекватно выбирать свою роль в коллективном деле); - менеджерские (проектировать процесс; планировать деятельность, время, ресурсы; принимать решение; распределять обязанности). Эти умения формируют положительную мотивацию учения. Темы детских проектных работ лучше выбирать из содержания учебных предметов или из близких к ним областей. Дело в том, что для проекта требуется личностно значимая и социально детерминированная проблема, знакомая младшим школьникам.

Понятно, что круг социально значимых проблем, с которыми могли столкнуться ученики начальной школы, узок, а их представления о таких проблемах, скорее всего, мало дифференцированы, одноплановы. Проблема проекта, обеспечивающая мотивацию включения школьников в самостоятельную деятельность, должна быть в области познавательных интересов учащихся зоны их ближайшего развития. Кроме того, важно ставить с младшими школьниками и учебные цели по овладению приёмами проектирования как общеучебными умениями. Например, можно задать ученикам такие вопросы: «Какие умения понадобятся для выполнения этого проекта? Владеете ли вы этими умениями в достаточной мере? Каким образом вы сможете приобрести нужные вам умения? Где ещё вы впоследствии будете применять такие умения?» Большого внимания от учителя требует и процесс осмысления, целенаправленного приобретения и применения школьниками знаний, необходимых в том или ином проекте. От учителя при этом потребуется особый такт, деликатность, чтобы не «навязать» ученикам информацию, а направить их на самостоятельный поиск. Считаю также целесообразным в процессе работы над проектом проводить с младшими школьниками экскурсии, прогулки-наблюдения. Наиболее успешные проекты, в которых я и мои коллеги приобрели бесценный опыт, это: «Сочини сказку»,

«Словарь вежливых слов», «История одного имени», «Я иду в магазин», «Общественный транспорт в моем городе», «Каким бы я хотел видеть мой двор», «Что делать с мусором» т.д. Из опыта работы советую первое время использовать памятку, способствующую направлению, коррекции деятельности младших школьников в процессе исследования. Учителя нашей школы разработали памятку начинающему исследователю.

- Выбери тему исследования.
- Подумай, на какие вопросы по этой теме ты бы хотел найти ответы.
- Продумай варианты своих ответов на поставленные вопросы.
- Реши, где ты будешь искать ответы на поставленные вопросы.
- Поработай с источниками информации, найди ответы на свои вопросы.
- Сделай выводы.
- Оформи результаты своей работы.
- Подготовь краткое выступление по представлению своего исследования.

Несомненно, метод учебных проектов построен на принципах проблемного обучения. Кроме того, учащиеся начальных классов видят, что жизненные проблемы не имеют только однозначного решения, вариантов может быть несколько. А это является замечательным дидактическим средством для обучения проектированию – умению находить решение различных проблем, которые постоянно возникают в жизни человека, занимающего активную жизненную позицию. Готовясь к защите проектов, ребята должны выстроить своё выступление так, чтобы оно было максимально аргументированным, чётким и логичным, что развивает помимо логики и мышления, ещё и коммуникативные умения. В своем классе я провела анкетирование среди учеников, которое показало следующие результаты:



1.65% учащихся отмечают, что проект был им интересен потому, что выполнялся самостоятельно; 2. 80% стали выше оценивать свои возможности; 3.45% учащихся стали увереннее себя чувствовать в коллективе; 4.24% повысили качество своих знаний; 5.40% выделяют самым интересным - исследовательский этап; 6. 31% - этап обработки материала; 7.29% - презентацию. Безусловно, проектная деятельность позволяет воспитывать самостоятельную и ответственную личность, развивает все виды мышления, его качества и способствует росту творческого мышления и умственных способностей – необходимых качеств развитого интеллекта.

#### ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Монтессори М. 1963г. Образование во имя нового мира. Мадрас, Индия. Из-во Калакшетра.

2. Павлова М.Б. и др. Метод проектов в технологическом образовании школьников./ Под ред. И.А.Сасовой. – М.: Вентана-Графф, 2003.

*П.А.Ермекова қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
К.Байсейітова атындағы тірек мектебі, Ақтоғай ауданы*

## **ЖАС ҰРПАҚҚА ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ КІТАПХАНАНЫҢ РОЛІ**

XXI ғасыр мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі – кітапхана» деп Елбасымыз айтқандай, әрбір адамзат рухани тәрбиенің негізін кітапханадан алары сөзсіз. Себебі біз ананың ақ сүті арқылы бойымызға ана тіліміздің құдіретін сіңіретін болсақ, кітап оқыту арқылы жастардың ойлау, армандау көкжиегін дамытамыз, ғылым мен білімге деген қызығушылықтарын оятамыз. Адами қасиеттердің ішіндегі ең күрделісі және ұлысы – кітап: ол адамзаттың рухани байлығының әлемі. Халқымыз өнер мен білімді қадірлеген. Бүгінгі таңда барлық адамзат алдында тұрған басты мақсат-білімді ұрпақ тәрбиелеу.[1] Ал, ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан.

Кітап пен оқырман арасын жалғастыратын алтын көпір – кітапханашы. Мектебімізде өткізіліп жүрген шаралар арқылы кітап сүйер оқырмандарымыздың көбейіп келе жатқаны зор қуаныш.



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде кітап оқу арқылы әлемге деген қызығушылық мектеп қабырғасынан қалыптасуы тиіс екенін айрықша атап айтқаны баршаға белгілі. Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөліне тоқталып, мектеп кітапханаларының кітап қорын жаңалап, толықтырудың аса маңызды міндет екендігін атап өтті. Бұл тапсырманы орындау үшін «Оқуға құштар мектеп» жобасы енгізіліп бекітілді.[2] «Оқуға құштар мектеп» жобасы білім алушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған. Жоба аясында отбасылық оқудың жарқын дәстүрлерін жаңғырту, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтыру, мектеп кітапханаларының материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша кешенді шаралар көзделген. «Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге аспақ. Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктерінің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енетін болады.

Сондықтан бүгінгі таңда оқушылардың кітап оқу құзыреттілігін қалыптастыру өте маңызды міндет болды. Қоғамымыздың рухани әлемін жұтаңдатпай, қазақ балаларын қазақ әдебиетінен алыстатып алмаудың амалын бірлесіп тауып, кітапқа деген баланың қызығушылығын арттырып осы мәселеге ден қоюымыз керек. Менің ойымша қазіргі кезде жас оқырманның қызығушылығын арттыру үшін «балабақша – мектеп – колледж – ЖОО – кітапхана – мұғалім – ата-ана» деген ара-жігі ажырамайтын схемамен жұмыс жасау қажет.

Кітап оқу адамның шығармашылық ізденісімен тығыз байланыста дамып, оның білімі мен адамгершілік мақсаттарын қалыптастырып, қоғамдық тарихи үдерістегі өз орнын айқындауына ықпал етеді. Сол мақсатта жалпы адамзат қауымына жол көрсетіп отыратын рухани кара шаңырақ – кітапхана деп білемін. Кітапхана – өнер, білім ордасы, жастарды ізгілікке тәрбиелейтін қасиетті орын.

Қазір заман өзгерді, техника күннен күнге даму үстінде. Жаңалыққа жаны құмар жастар қазіргі таңда сол техниканың жетегінде кетіп бара жатқандай. Елбасымыз елдің рухани байлығын көтеру мақсатында көптеген игі істер атқаруда. Жас ұрпақтың бойына тәрбие негіздерін сіңіртудің ең тиімді жолы -жастар бойына кітаптың пайдасы мен қызметі туралы мәліметтермен жиі таныстырып отыру. Сол мақсатта атқарылатын жұмыстар мектеп – тегі пән мұғалімдерімен тығыз байланыста болу, мәліметтерді кітапханаға барып, кітаптардан іздеуге дағдыландыру, әр түрлі іс - шараларды жиі ұйымдастыру, оған мектеп оқушыларын тарту, кітапханамен көп байланыс жасайтын оқырман арасында жарыстар ұйымдастыру, жеңімпаздарды марапаттау. Қала және облыс көлемінде кітап оқуға байланысты атқарылатын іс шараларға оқушыларды тарту, қала көлеміндегі кітапханаларға саяхаттар жасау, «Досыңа кітап сыйла» акциясына жастарды бір кісідей ат салыстыру. Міне осындай жұмыстар бір ізге салынса, кітапхана оқырмандарының саны көбейе түсері сөзсіз.

Кітапты көп оқыған оқушыдан сөздік қоры мол, сөйлеу тілі жатық, өз ойын көркем әдеби тілмен жеткізе білетін, көкірегі ояу сауатты жас шығары анық. Өз тілін жақсы меңгерген жас басқа тілді де тез меңгереді және де әр түрлі тілде жазылған көркем шығарманы оқу арқылы баланың өмірге деген түсінігі молая түседі.

Болашақ жастарымыздың білімді, мәдениетті болып, еліміздің мәртебесін асқақтатар тұлға болып қалыптасуына үлес қоса берейік .

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1.«Мектеп оқушысының кітап оқу іс-әрекеті» әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. –161 б.


2.<https://strategy2050.kz/news/balalardy-kitap-o-u-a-yzy-tyru-o-u-a-shtar-mektep-zhobasyny-erekshelikteri/>

*Ш.А. Есенова химия пәнінің мұғалімі  
Қарағанды облысының «Жезқазған қаласы білім бөлімінің» ММ әдіскері,  
№ 4 ЖББМ, Жезқазған қ.*

## **ХИМИЯ ПӘНІНДЕ ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚИТУ**

Қазіргі кезде оқу үдерісін ұтымды ұйымдастыру технологияны пайдалану арқылы ғана жүзеге асады, яғни оқу процесін жобалау керек. Іс-әрекеттік-құзыреттілік әдіс арқылы оқытуды ұйымдастыруда оқушылардың өзіндік танымдық қызметін арттыратын педагогикалық технологияларды көп қолдану қажет. Химия пәні бойынша педагогикалық технологияларды таңдау критерийлері төменде көрсетілген.





Химия пәнінің ерекшелігі оқушылардың практикалық және эксперименталдық қызметіне, олардың алған білімдерін кез келген ортада әр түрлі мәселелерді шешуге қолдана білуіне көп көңіл бөледі. Оқушылардың өзіндік танымдық қызметі артады. Оқыту технологиялары көмегімен оқушы білімді тереңнен меңгереді. Химия пәнін оқытуда оқыту технологияларын қолдануда оқытудың проблемалы – ізденімпаздық, интерактивті, коммуникативті, ойын әдістері пайдаланылады, оқушының өзбетінше жұмыс жасауы, белсенділігі, қызығушылығы ескеріледі.[1]

Оқушылардың бойында шығармашылық іс-әрекетті, іздемпаздықты қалыптастыру, оқу материалдарын сараптау, жүйелі қорытынды жасай білу, дәлелді пікір айту, талдап салыстыру іскерліктерін үйрету қажеттілігі туындайды. Оқушыларға химиялық жүйелі білім беру, олардың өздерінің алған білімдерін өмірде қолдана білуге және арнайы дамытуға тәрбиелейтін-оқытушы. Жаңа технологиялар мұғалімнің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Ақпараттық оқыту технологиясының бүгінгі күні интерактивті тақта ерекше орын алып отыр. Оқушы интерактивті тақтамен жаңа материалдарды арнаулы программамен мүмкіндігінше пайдалана алады. Ондағы мақсат – оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру. Химия сабағында оқушылар өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту – баға жетпес құндылықтардың бірі. Экспериментальдық жұмыстарды өздері орындап, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру үшін сабақта технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет деп білемін. Сабағымда сыни тұрғыдан әр түрлі стратегияларды, жаңа ақпараттық технологияларды, (интерактивті тақтаны) қолдана отырып сабақ өткіземін. Алған білімдерін интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып бекіту ұсынылады. Сабақта бұлайша түрлендіру үшін оқушының алдымен цифырлық сауаттылығын анықтап, алған мүмкіндіктерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру және берілген сапалық есептерді интерактивті тақтада жазып, сауатты орындай білуі керек. Химия пәні бойынша жүйелі жан-жақты терең білім берілсе жаңа ақпаратты технология арқылы оқушылардың шығармашылығы қалыптасып, онда логикалық ойлар теңеліп, өздігінен білім алу, алған білімді нәтижелі түрде пайдалану деңгейлері уақыт талабына сай, бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлға болып қалыптасады. Химия пәнінде сабақтарды кезеңдерге бөлуді өз тәжірибиемде қолданамын. [4]

#### **I кезең**

- оқушылар өз бетімен өткен тақырыпты еске түсіреді.
- жаңа сабақпен байланыстырады
- пәнге деген қызығушылығын арттырады

#### **II кезең**



-Оқушы интерактивті тақта арқылы жаңа ақпаратпен танысып, тақырып бойынша жұмыс жасайды

- Өз пікірін оймен бере алады

### III кезең

-Оқушылар үйренгенін саралап ой-елегінен өткізеді

- Компьютер үрдістері арқылы бір жобаға салады.

Осы кезеңнен кейін оқушылардың танымдық іс-әрекетінің дамуының деңгейін анықтау кестесін қолданамын. Оқушылардың сапалық есеп шығару барысында қабілет дәрежесі біркелкі болмайтынын ескеріліп қиындығы әр түрлі есептер берген жөн. Есептерді дәстүрлі кітаптан немесе қағаз түрінде беру оқушыны жалықтырып, қызығушылығын төмендетеді.

Сол себепті химиялық есептерді контенттерге топтастыру яғни электронды оқыту едәуір тиімді болып табылады. Мысалы, «Химиялық формулалар, Заттар салыстырмалы молекулалық массасы» тақырыбында төмендегідей тапсырмалар беріп, бірнеше тәсіл ұсынуға болады.

-Күрделі заттардың молекуласындағы элементтердің массалық қатынастарын қалай есептейміз?

-Күрделі заттың құрамындағы химиялық элементтердің массалық үлесін қалай есептейміз?

-Заттың құрамына кіретін элементтердің белгілі массалық үлестері бойынша олардың химиялық формулаларын қалай қорытып шығарамыз?


Осы сұрақтарды талдау нәтижесінде

-Ar (H)= 1, Ar (S)=32, Ar (O)= 16

-  $W = m/Mr \cdot 100\%$

-  $W = x \cdot Ar/Mr$

Формуланы пайдалану керек екендігіне көз жеткізе отырып, оқушылардың ақыл-ойы іс-әрекеттері шығармашылықпен дамитынын көрсетеді.[2,3]



Оқушылар жұмысты аяқтағаннан кейін тексеру парағы таратылып, шығарған есептерді мұқият тексеріп өзін-өзі бағалайды. Яғни мұндай технологияларды қолдану оқушының өз ойын терең жеткізе алуына, өз жасаған эксперименталдық жұмысына сараптама бере алады және өзін-өзі бағалай біледі. Сонымен қатар оқушылардың бойындағы шығармашылық іс-әрекеті, ізденімпаздықтың қалыптасуы, жүйелі қорытынды жасай білуі, материалды сараптау, күнделікті өмірде пайдалана алу қабілеттерін қалыптастырады. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші-оқытушылармыз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы



үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Стил С., Крутис С. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы .
2. Бағдарлы мектеп және кәсіптік мектеп Журнал.
3. И.Д. Бағаева Мұғалімнің кәсібилігін анықтау.
4. Нұрахметов Н.Н. Химия. Әдістемелік нұсқау. Исабек. Н. «Компьютерлік технологияны пайдаланудың оңтайлы өлшемдері»

*Жакупбекова Д. Ж.  
Учитель русского языка и литературы  
СШИ «Мурагер»*

### **ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**

*Чтение - это окошко, через которое дети видят  
и познают мир и самих себя. Оно открывается  
перед ребенком лишь тогда, когда  
наряду с чтением, одновременно с ним и даже  
раньше, чем впервые раскрыта книга,  
начинается кропотливая работа над словом.  
В. А. Сухомлинский*



В нашем постоянно меняющемся мире необходимо быть всегда в курсе всего нового, а тем более это касается современного образования. Мы должны готовить учащихся к жизни в этом обществе, чтобы они могли использовать все полученные знания и навыки в решении нестандартных ситуаций. Быть грамотным, значит быть современным, образованным, эрудированным, многосторонним, компетентным человеком. «Функционально грамотный человек – это человек, который способен использовать все постоянно приобретаемые в течение жизни знания, умения и навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений», - говорил академик РАО А.А.Леонтьев.

Формирование функциональной грамотности - сложный, многогранный, длительный процесс. Чтобы достичь нужных результатов, нужно уметь, грамотно сочетать в своей работе различные современные образовательные педагогические технологии.

Что же может сделать учитель русского языка и литературы для того, чтобы обеспечить функциональную грамотность учащихся? Конечно же, создать оптимальные условия для продвижения каждого ученика в образовательном процессе. Для этого необходимо знать учебные возможности школьников всех возрастов. Выявив учебную работоспособность каждого, определяются и направления работы с классом в определенной последовательности: составление алгоритмов, система упражнений, развивающих механизмы речи для формирования не только коммуникативной компетенции, куда входит овладение необходимым набором речевых и языковых знаний, и формирование умений в области практического использования языка в процессе речевой деятельности. В этом плане использование инновационных педагогических технологий играет большую роль. Исследовательский метод, дискуссии, мозговой штурм, технология «критического

мышления», технологии проектной деятельности, технологии продуктивного чтения, пирамида Блума, приемы работы с текстом, развивающие функциональную грамотность учащихся, интерактивные, групповые формы и методы, коллективный способ обучения. Данные технологии развивают творческую активность, формируют мыслительную деятельность, учат школьников отстаивать свою точку зрения, помогают добиться глубокого понимания материала. Приёмы, используемые в рамках данных технологий, удовлетворяют потребность в творчестве учащихся, развивают способность к лаконичному изложению мыслей в устной и письменной форме, активизируют мыслительную деятельность учащихся и в общем способствуют формированию различных компетенций. В учебниках издательства «Атамұра» «Русский язык и литература» для 5-9-х классов с казахским языком обучения очень много разного рода заданий для развития функциональной грамотности учащихся. Например: Повышают мотивацию к изучению материала, развивают умение прогнозировать приемы:



«Верные – неверные утверждения»



Развивает умение задавать вопросы прием

«Толстые и тонкие вопросы»:

Тонкие вопросы требуют однозначных ответов, толстые- неоднозначных, развернутых ответов.



Развивает умение воспринимать информацию, способность к рефлексии прием «Знаю – хочу узнать – узнал – научился»

Этап «Знаю» предполагает работу в паре: что я знаю о теме урока; «Хочу узнать» — формулирование цели; «Узнал» — соотношение старой и новой информации; «Научился» — осознание результативности.

Для осмысления содержания текста, обнаружения личностного смысла чаще всего использую приемы:

- «Чтение с остановками»,
- «Чтение с пометками»,
- «Составление кластера».
- «Ромашка Блума»


Особое слово хочется сказать о кластерах. Это особая графическая организация материала, позволяющая систематизировать и структурировать имеющиеся знания. В центре записывается ключевое слово, и от него расходятся стрелки-лучи, показывая смысловые поля того или иного понятия.

К приемам письменной рефлексии, помогающим творчески интерпретировать информацию, относятся:

1. Написание эссе, изложение с элементами сочинения.
2. Составление телеграммы, памятки, инструкции.
3. Стихотворение по алгоритму.

#### 4.Синквейн

Прочитав произведение, можно предложить ребятам посмотреть фильм. У них складывается своё мнение и о прочитанном произведении, и о просмотренном фильме. После чего предлагается написать отзыв или эссе.



Работая над развитием функциональной грамотности учащихся на уроках русского языка и литературы, активно применяю следующие методы:

Методы, ориентированные на устную коммуникацию:

Все виды пересказа



Все формы учебного диалога

Доклады и сообщения

Рольевые и деловые игры

Обсуждение, дискуссия,

Выступления в качестве ведущих на мероприятиях



Методы, ориентированные на письменную коммуникацию:

Сочинения и изложения

Подготовка заметок и статей в СМИ

Телекоммуникационные тексты, сообщения

Участие в конкурсах сочинений

Предложенные технологии, приемы, методы, задания направлены на формирование информационной и коммуникативной компетентности учащихся.

Таким образом, систематическое применение всех методов и приемов служит развитию ключевых и предметной компетенций, а на их основе формируется функциональная грамотность школьника.

#### ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Учебник «Русский язык и литература» 5 класс, автор Жанпейс У.А.,издательство Алматы: «Атамұра» 2017 год,
2. Учебник «Русский язык и литература» 7 класс, автор Жанпейс У.А.,издательство Алматы: «Атамұра» 2017 год,
3. Учебник «Русский язык и литература» 9 класс, автор Жанпейс У.А., Майбалаева А.А.,Атембаева Г.Г.,издательство Алматы: «Атамұра» 2019 год,
4. Материалы видео-вебинара по русскому языку и литературе <https://rosuchebnik.ru/material/formirovanie-funktsionalnoy-gramotnosti-na-urokakh-russkogo-yazyka-article/>,
5. Интернет-ресурсы,
6. «Функциональная грамотность младшего школьника:книга для учителя» под ред.Н.Ф.Виноградовой М.: Российский учебник: Вентана-Граф, 2018

## **ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫҚТЫ ҰСТАЗЫ**

*Жанын сала ұмтылды,  
Болашақтың таңына  
Қиялдап қана қойған жоқ,  
Май тамызып от берді,  
Ой – сананың шамына.  
М. Хакімжанова*

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға.

Ы. Алтынсарин – қазақ ағарту ісінің көрнекті өкілі, педагог, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Шын аты – Ибраһим. 1956 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан шыққан «И. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар» деген еңбекте ол «1841 жылы 20 октябрь күні қазіргі Қостанай облысы, Затобол ауданында туып, 1889 жылы 17 шілдеде Тобыл өзенінің жағасындағы үйінде дүниеден өткен» деп көрсетілген. Ақын ертегілер мен жырларды, Жоңғар шапқыншылығы туралы әңгімелерді анасынан естіп өседі. Әкесі Алтынсары 1844 жылы көтерілісшілер қолынан қаза тауып, үш-төрт жастағы Ыбырай атасы Балғожа бидің қолында тәрбиеленеді. Немересін адалдыққа, шешендікке, тапқырлыққа баулыған атасы оны өзімен бірге жиын-тойларға алып барып, қанатын қатайтады. Атасын жерге қаратпай, алғырлық танытқан Ыбырай көпшіліктің үмітіне айналады.

1850 жылы Орынборда қазақ балаларына арнап ашылған мектепке қабылданған отыз қазақ баласының бірі – Ыбырай тоғыз жаста болады. Мектепте орыс тілі, есеп, татар тілі пәндері және мұсылман діні сабағы жүрген. Сол кезден сақталған деректерде Ыбырайдың білімге құштар, зерек, елгезек болғаны туралы жазылған. Бірақ жасынан зерек Ыбырай бұл мектептің оқу жүйесіне қанағаттанбай, дүниежүзі әдебиеті классиктерінің – И.Гетенің, Д.Байронның, А. Пушкиннің, В.Шекспирдің, И.Крыловтың, М. Лермонтовтың, Ә.Фирдоусидің, Ә.Науаидің, І.Низамидің шығармаларын өздігінен оқып, рухани өседі. Алған білімін өз халқының пайдасына асыруға талпынған Ыбырай Алтынсарин орыс, араб, татар және парсы тілдерінде еркін сөйлеген.

Алтынсарин өзінің ардақты борышы – балаларды оқыту деп түсінеді. «Мен қазақ жастарын классикалық гимназияларда, ауыл шаруашылық академияларында оқып білім алуын, өз халқына қызмет етуін, жаңалықты іс жүзінде көрсете білуін жоғары мұрат деп білемін», - деп жазады. Шалғай түкпірде мектеп ашу қиыншылықтарына қарамастан, ағартушылық идеяларымен қанаттанған Алтынсарин көздеген мақсатын орындауға құлшына кірісті. Ауыл-ауылды аралап, жергілікті халыққа білім алудың маңызы мен қажеттілігін түсіндіріп, мектептер ашу үшін қаражат жинау жұмыстарын қолға алады. Көптен күткен бірінші мектеп 1864 жылы ашылды. Бұл Ыбырайдың ағартушы-педагог ретінде алғашқы бір жетістігі.

Жалпы Ыбырайдың рухани өсуіне професорлар В.Григорьев пен Н.Ильминскийдің ықпалы зор болған. Ол профессор Ильминскийге «Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім», - деп 1864 жылы Орынбор бекінісіндегі мектепте алғашқы сабақ басталғандығын хабарлаған. Осылайша, Ы.Алтынсариннің бүкіл өмірін арнаған ағартушылық-педагогтік қызметі, қазақтың ұлттық мектебін қалыптастыру жұмысы басталды. Күрделі де қиын бұл жолда тұңғыш ағартушы аянбай еңбек етіп, 1864 жылдан бастап 1889 жылға дейін жиырма бес жылдық

өмірін қазақ балаларына арнап мектеп ашу, оларды оқыту, тәрбиелеу, оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік кітаптар жазу жұмысына арнайды.

Инспекторлық қызметке кіріскен кезден бастап, Алтынсарин зайырлық мектептер ашуды қолға алды. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына жол ашады. [ 1-215 б.]

Оның ұсынысы бойынша 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылды. Ол халыққа кәсіптік білімінің маңызы мен мақсатын түсіндірді. Қазақ жастары арасынан экономика салаларына қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән беріп, колөнер, ауылшаруашылық училищелерін ашуға көп күш жұмсады. Торғайда колөнер училищесін ұйымдастырды. Ырғызда қазақ қыздары үшін жанында интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін ұйымдастыруды өтінді. Қайтыс болған соң, екі жыл өткеннен кейін, Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде жанында интернаттар бар қыздар училищелері ашылды.

Балалардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеген ол жаңа оқу құралдарын шығаруды, оқыту әдістерін жаңа бағытта жүйелеуді қолға алады. Қазақ балаларының таным-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазады. Тұңғыш рет қазақ авторының қолымен қазақ тілінде жазылған кітап - «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы жарық көрді.

Жазушы «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» хрестоматиясының алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларының оқу кітабы бола алу жағын көздедім "Қазақ хрестоматиясы" балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырылды. Олардың бірқатарын өзі жазды, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан еркін аударып алды. Хрестоматияға қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін де іріктеп кіргізді.

Ыбырай "Қазақ хрестоматиясына" кірген өлеңдерінде де халық-ағарту идеясын көтерді. Оның "Кел, балалар, оқылық!", "Өнер-білім бар жұрттар" өлеңдері осындай мақсатта туған. "Кел, балалар, оқылық!" өлеңі жастарды оқуға, білім алуға шақырады:

Оқысаңдар, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан  
Іздемей-ақ табылар.  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Өлеңнің әр шумағында оқудың әр жақты пайдасын айта отырып, ақын соңғы жолдарды ылғи қайталап отырады.

Мал, дәулеттің байлығы –  
Бір жұтасаң, жоқ болар.  
Оқымыстың байлығы–  
Күннен күнге көп болар,  
Еш жұтамақ жоқ болар.

Сөйтіп, ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Ыбырай "Өнер-білім бар жұрттар" атты





өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету. [ 2-34 б.]

Өнер-білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзінді ашып, жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
...Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді.  
Теңізде жүзді балықтай,  
Дүниені кезді жалықпай.

Ыбырай жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарау, оны "тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын" елдердің қатарына жеткізу деп білді. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі – жастар деп ұқты. Бұлар мәңгілік, өз құндылығын жоғалтпайтын өміршең еңбектер. Оның 1879 жылы басылған «Қазақ хрестоматиясының» жастарға дұрыс тәрбие беру және олардың дүниетанымдық көзқарасын кеңейту үшін қазірдің өзінде де мәні зор. Себебі ұлы ағартушының осы шығармалары қазіргі заманның балаларын тәрбиелеу құралы болып келеді.

Ұлы ағартушы қазақ балаларына арналған мектеп ашумен бірге онда қызмет істейтін, балаларды оқытып, тәрбиелейтін кадрларға, мұғалімдерді даярлауға аса мән берген. «Мектептегі ең басты тұлға – мұғалім. Жақсылап салынған мектеп үйі болуы мүмкін, тамаша жазылған оқу құралдарын да табуға болады. Бірақ бұлардың жақсы мұғалімсіз берері шамалы» деп есептеген. «Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін» деп оқытушылардың орнын жоғары бағалаған. «Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені ықыласпен түсінікті етіп түсіндіруі керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...» Осы айтылған ой бүгінгі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ.

Федор Соколов, орыс оқымыстысы, мұғалім: «Ыбырай Алтынсариннің мен қазақ даласында болған кезімдегі бүкіл өмірі өзінің сүйікті халқына білім беру жолындағы ағартушылық қызметіне арналды. Оқу ісін өзі қандай жаны сала жақсы көрсе, өз инспекциясына қарасты мұғалімдерден де соны талап етті. Ол өзінің шын жүректен шыққан тартымды әңгімелері арқылы мұғалімдерді оқу ісіне шын ниеттерімен құлшынып, адал еңбек етуге жұмылдыра білетін. Оны мұғалімдер де жанындай жақсы көретін.» [ 3-7 б.]

Ағартушы: «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық ешнәрсе жоқ», - деп ой түйеді. Ол «Білім дегеніміз – өзімізді қоршаған ортаны танып-білу» деген тұжырым жасаған. Яғни, адам қашанда дамып отыруы керек, ол тек білім арқылы жүзеге асады. Ыбырай ағартушы ретінде халықты ғылым-білімге шақырды және алған білімін тәжірибеде қолдану керектігін айтып өткен.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқын сауаттандырып, өркениетті ел қатарына қосуға күш салған ағартушы. Қараңғылық пен надандық шырмауынан құтыла алмай отырған халқына, ең алдымен, білім мен мәдениет керек екендігін анық ұқты. Халқын мәдениеті жоғары елдер қатарына қосуды армандап, елдің тұрмысын, мәдениеті мен білімін көтеруді мақсат еткен ұлт зиялысы.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. 1-том. Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1988.
- 2.Б.Алтынсарин. «Өнер-білім бар жұрттар....». Алматы кітап баспасы 2014.
3. «Аңыз адам» журналы, «Отбасы» баспасы, 2013.
- 4.Б.Алтынсарин. «Кел, балалар, оқылық». Өлең, әңгімелер мен мақал-жұмбақтар. Алматы, «Атамұра» 2006.

*Жантенова А.А. учитель русского языка и литературы  
Управление образования Карагандинской области  
КТУ СШИ «Өркен», г. Жезказган*

## **УЧИТЕЛЬ И УЧЕНИК: ПУТЬ К ИССЛЕДОВАНИЮ**

Когда мы говорим о творчестве, то прежде всего имеем в виду великих людей- писателей, художников, актеров, ученых. Однако каждый человек занимается в своей жизни творчеством, когда пытается выполнить свою работу, внося в нее что-то от себя, и тем самым совершенствуется.

Мне как учителю словеснику близка проблема «Ученики не читают...». Работая в школе с казахским языком обучения, привить интерес к русской литературе не так то просто.

Великий немецкий философ Г.Э.Лессинг сказал: «Полученное из книг богатство чужого опыта называется ученостью. Собственный опыт- это мудрость». Это богатство чужого опыта может увеличиться, если оно получено из книг на другом языке. Как эту мысль донести до детей? Как увлечь детей чтением?

Я стала наблюдать за учениками 7 классов, и выяснилось, что из всего класса только несколько учеников увлечены чтением книг в свободное время. Это Зарема Амантаева, Зарина Ерболат, Боранбай Диас, Динад Сагындык, Серик Шалхар. Вместе с этими детьми мы стали исследовать причину такого отношения учеников к чтению. Как и в любой исследовательской работе, необходимо было определить главное: цели, задачи, способы. Объектом исследования стало увлечение книгой, предметом исследования- показания рейтинга книги среди учеников 7 классов. Цель исследования: определить причину, почему ученики не увлекаются чтением. Методом исследования стали анкетирование, наблюдения.

Везде, где цель деятельности рождается из глубины человеческого духа, имеет место творчество. Везде, где человек работает с любовью, вкусом и вдохновением, он становится мастером.

Первым делом ребята составили анкетные вопросы и опросили своих одноклассников.

Анкета содержала следующие вопросы:

- Чем вы считаете для себя книгу?
- Зачем нужны книги?
- Почему созданы книги?
- Что вас интересует в книгах?
- Является ли книга вашим другом?
- Какими должны быть люди, которые много читают?
- Свое мнение о книге.

Анализ анкеты показал, что основная масса ребят мало читает, вместо этого смотрит телевизор, играют в компьютер. Читают учебную литературу, если это необходимо,- художественную. Были также высказывания, что в школе мало интересных мероприятий, связанных с книгой.

Значит, не все потеряно, детям необходимо помочь, чтобы они стали читать книгу.

Следующим этапом в нашей работе с ребятами, а также с классными руководителями данных классов, стало проведение классного часа, где ученики подробнее получили информацию не только о целях работы учениц, но и об областных проектах «Бір отбасы- бір кітап», «Оқуға құштар». Ученицы заранее подготовили сообщения на тему: «Книга в жизни человека». Были приведены примеры из жизни знаменитых писателей, таких как Абай Кунанбаев, Чокан Валиханов. Отметили, что в их жизни книга была отведена главная роль. Затем дети составили дискуссионную карту, польза- вред от книги. Ребята аргументированно выступали. У нас получился интересный диспут.

Конечно, не все ученики активно включились в работу, но это и естественно. За короткий срок невозможно сразу получить положительный результат.

На следующем внеклассном мероприятии, в рамках проведения недели русского языка и литературы, темой которого была «Является ли книга вашим другом?» посредством ассоциации было раскрыто слово «книга». Ребята на листочке написали, какие книги предпочли бы читать. Данный опрос помог нам составить рейтинг книги. Класс был поделен на группы. Групповая работа проходила по следующим заданиям: 1 группа- написать эссе о книге.

2 группа- придумать рекламу.

3 группа- нарисовать рисунки по теме.

4 группа- работа с библиотекарем.

Итоги работ были интересными. Это отметили и сами ребята. Работа их заинтересовала. Вот некоторые выдержки: «Я люблю читать книги. Она идет по пятам всю жизнь. Книга научила меня делать добро и помогать ближнему» Амантаева Зарема.

«Если что-то не знаю, то нужную информацию я могу найти в книге. Она как друг может посоветовать, как правильно поступить в трудной ситуации». Ерболат Зарина.

Рекламные призывы:

«Милый друг! Если ты умеешь читать, если ты любознательный, обязательно прочти книгу, и ты узнаешь еще больше»- Елгазы Диас.

«Друзья! Не проходите мимо книги! Ведь только с ней можно узнать новое и интересное»- Калмурат Жания.

Ребята из третьей группы пригласили на выставку рисунков-призывов.

Четвертая группа ребят вместе с библиотекарем сделали выставку книг.

Выше говорилось о том, что был проведен опрос, чтобы узнать какие книги лучше читаются. Они обобщили данные, и вот что получилось: 26% учеников предпочитают сказку, 36% -фантастику, 21%- приключения, 17%- детектив.

Сейчас наши уроки начинаются с небольшой пятиминутки: «Что я прочитал. Что узнал нового». И это не обязательно художественная книга. Это может быть небольшая заметка или статья из журнала или газет.

Мы с учениками 7 класса провели только небольшую работу. И этот опыт нужно перенести на другие классы. Есть уже первые исследовательские работы учеников на темы: «Стихи о моем городе» и «Буктрейлер как способ продвижения чтения», которые отправлены на областной тур конкурса проектов и это дает еще больший стимул детям.

На основе этого небольшого исследования, по полученным результатам, каждый ученик лично мог сделать для себя вывод: что причина отношения к книге лежит не только в них самих. Существуют много причин- это и развитие техники, которая многое сейчас заменяет, неумение выбрать нужную книгу, отсутствует участие родителей в формировании интереса к книге у детей. Но, несмотря на все это ученики должны сами определить место книги в их жизни. И это произойдет не сразу и не у всех.

В процессе нашей совместной работы и я, и ученики приобрели многое, но многое еще предстоит сделать.

Хочется надеяться, что совместная исследовательская работа станет мостиком в большую науку.



## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Дьяченко.Н.П Рождение книги
2. Гриценко З.А. Положи свое сердце у чтения - М.: Просвещение, 2000
3. История [текст]: дет. энциклопедия / сост. Н.В.Чудакова, А.В.Громов. – М.: АСТ, 1998. – 512 с. – (Я познаю мир).
4. Кошурникова Т.М. Чудо, имя которому – книга. - М., 2006

*Жапабаева А.С. қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
№66 мектеп-лицей»КММ, Қарағанды қ.*

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының бүгінгі күнге дейінгі жеткен тәрбиелік мәнінің мазмұны әлі де қолданыста. Міне, биыл қазақтан шыққан алғашқы педагогтың туғанына 180 жыл толып отыр. Сондықтан Ы.Алтынсариннің бізге қалдырып кеткен еңбектерін қадірлеп, мәңгі өмір сүруін қамтамасыз ету баршамыздың міндетіміз деп ойлаймын.

Ы. Алтынсариннің ұрпағына қалдырған мұрасы –ұлан-ғайыр. Небәрі жарты ғасырға жуық өмір кешкен ұстаздың өнегелі еңбегі жан – жақты зерттеліп, туған халқының керегіне жарауда. Күні бүгінге дейін мектеп оқушыларының әнұраны іспетті «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңінің өзі неге тұрады?! «Біз болмасақ, Сіз барсыз, үміт еткен достарым», - деп өзі бастаған оқу – ағарту жұмыстарының алуан қырлы асқарлы істерін, бүкіл ұлт болашағын келер ұрпағына үлкен үмітпен жүктеп, келешектен қуаныш күткен Ұлы ұстаздың тындырғаны көп болса да, түнек құрсауындағы қалың елінің білім нәрінен жаппай сусындатып, ғылым мен өнер үйренуінен армандауымен кеткен. Ыбырай салған сара жол – бұл күндері қанатын кеңге жайған,тамырын тереңге жіберген, экономикасы мен мәдениеті дамыған тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім шаңырақтарында жалғасын табуда. Баяндамамда Ы.Алтынсариннің шығармаларын зерделеу арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруда оның қаншалықты маңызды екенін көрсету. **Мақсаты:** Ы.Алтынсариннің шығармаларында айтылған мәселелердің әлі күнде өзекті екендігін айқындау

**Зерттеу нысаны:** Ы.Алтынсарин өз шығармалары арқылы жеке тұлғаның бойына қандай қасиеттерді қалыптастыра алды.

**Зерттеудің пәні:** Ыбырай шығармаларынан алатын тәрбиенің мәні.

**Зерттеудің міндеттері:**

- 1.Ыбырай туындыларының мәнін көрсету
2. Ыбырай әңгімелерін оқып-талдау арқылы тікелей әсер алу
3. Ыбырай шығармаларының ерекшелігін көрсету

**Зерттеудің ғылыми болжамы :**

Егер мектепте оқушыларға Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын толыққанды оқытса, онда жеке тұлға бойында адамгершілік-имандылық қасиеттері арта түсер еді, өйткені бүгінгі қоғамға өз-өзіне талап қоя алатын,адамгершілік қасиеттері бойына дарыған,бәсекеге қабілетті тұлға қажет.

**Зерттеу әдістері:**

- \*Ділгірлік оқыту әдісі (талдау, жинақтау, зерттеу);
- \*Тыңдаушылардың зейінін жандандыру әдісі;
- \*Тексеру және кері байланыс әдісі;
- \*Практикалық әдіс;
- \*Сараптау әдіс.

«Қазақ хрестоматиясындағы» шығармалардың жеке тұлғаны қалыптастырудағы мәні қандай деген сауалға жауап іздесек.

Жеке тұлғаға дұрыс тәрбие беруде «Қазақ хрестоматиясының» алатын орны ерекше. Қалай болғанда да жастардың дүниетанушылық көзқарасын кеңейтіп, дұрыс тәрбие беру үшін «Қазақ хрестоматиясының» бүгінгі таңда мәні зор. Сондықтан да ол талай жылдар бойы талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелер: еңбек сүйшілік, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын-елін сүйшілік, талапшыл да жігерлілік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әрекеттерден аулақ болуына жол көрсетті. Мысалы, Хрестоматияға енгізілген өлең, әңгімелердің балалардың жасына, сана-сезіміне лайықталынып, педагогика ғылымының міндетті түрде тәрбиешілерден талап ететін әдіс мәселесінің берік сақталынуы өз алдына, сонымен қатар жоғарғы аталып өткен оқу, еңбек, талап, мейірімділік, тағы басқа тақырыптарға арнаулы, қолға таяқ ұстатқандай әңгімелерді әдейі, саналы түрде таңдап алғандығын да көрмей кетуге болмайды.

Оның «Хрестоматиясының» бірінші беттерінен-ақ балаларды оқуға, өнерге, ұқыптылыққа, тазалыққа, мейірімділікке шақырған әңгімелер мен өлеңдер жиі кездеседі. Мәселен, ол «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңінде жастарды білім алуға, өнер үйренуге шақыра келіп, білімді адамның сана-сезімі жоғары, ілтипатты, өнегелі болатынын, адам білім арқылы ғана мақсатқа жететіндігін, өзінің келешектегі жақсы тұрмысын қамтамасыз ете алатындығын, сөйтіп оқыған адамның өмір сүруі де, еңбек етуі де анағұрлым жеңіл және көңілді, сергек болатынын сөз етеді.

Алтынсарин әңгімелері мен өлеңдерінің негізгі идеясы. Кітаптың беташары оқуға шақырудан басталып, оның әлеуметтік мәнін түсіндіру болса, сонымен қатар негізгі тақырыбының бірі - еңбек. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші құрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа дейді. Мысалы, Ыбырайдың «Әке мен бала»- деген шығармасында осы мәселе қарастырылады.

Ы. Алтынсариннің тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі - талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар»-деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Жастық шақ - жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңына түссең, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жап-жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабыңмен өрге шық дегенді айтады. Міне, Ыбырай «Талаптың пайдасы»- деген әңгімесінде өзінің осы пікірін, негізгі идеясын жеткізіп бере алды. Ыбырай Алтынсарин шығармаларында көтерілген екінші бір өзекті мәселе: жастарды түрлі жақсы қасиеттерге баулу, жаман қасиеттерден жирендіру мәселесі. Ы. Алтынсарин өз шығармаларында жасөспірімдерді адамгершілік қасиеттерге баулып отыру - мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп дұрыс түсінді. Осы идея - Ы. Алтынсарин әңгімелерінің негізгі арқауы. Осындай психологиялық мәнге толы әңгімелердің жас өспірімдер үшін тәрбиелік мәні аса зор. Мәселен «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімеде адамның шыдамдылық, төзімділік сияқты тамаша ерік-жігер қасиеттері, олардың сыр-сипаты сөз. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы, Абай айтқандай, «Еңбек етсет ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегіне топтасқан.

Мектеп оқушыларына арнап оқу құралдарын, бағдарламалар, нұсқау хаттар жазды. Ол мектеп кітапханаларының физикалық, химиялық, астрономиялық құралдарымен жабдықталуына, оқушылардың түрлі ғылым мен өнер саласындағы жаңалықтарды біліп

отыруына үлкен мән береді, Ыбырай шәкірттерді әр кезде әр түрлі әдіспен және әр түрлі оқулықтармен оқытуға барынша қарсы болды. Ол қандай пәннің болмасын ғылыми негізде оқытылуын оның жасөспірімдердің ақыл-ойы мен сезім дүниесіне әсер ете алуының маңызы аса зор екендігін баса айтты. Адамгершілік мінез-құлқына баулитын кейбір шығармаларына тоқталсақ:

### **Тәрбие бағу-қағудан басталады**

Оқушыларды неге тәрбиелейді?

1. «Әке мен бала» әңгімесі «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың», - дейді.

2. «Асыл шөп» әңгімесі -Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты «сабыр» деген, -дейді. Сабырлылық, шыдамдылық, төзімділік, ұстамды болуға үндейді.

3. «Бақша ағаштары»әңгімесі Тәрбие бағу-қағудан басталады деген ойды меңзейді. Тәрбиелі болуға, адамгершілікке, үлкенді сыйлауға үйретеді.

4. «Байұлы»әңгімесі «Батаменен ер көгереді», «Баталы ұл арымас» - деген халық қағидаларының өміршеңдігін әңгімеге арқау етіп, жастарды қайырымды, ізгі жүректі болуға, жоқ-жітік, жетім-жесірге қамқоршы болуға үндейді

5. «Алтын шекілдеуік» әңгімесі «Не нәрсенің де құр сыртына қарап қызықпа, асылы ішінде болар».

6. «Тәкаппарлық »әңгімесі Кішіпейілділіктен опық жемейсің, тәкаппарлық ұятқа қалдырады.

7. «Мейрімді бала», «Шеше мен бала», «Аурудан аяған күштірек» Мейірімділік, рақымды болу, адамға жақсылық ету, төзімділік сияқты жақсы қасиеттерге баулиды. Бала әкешеше алдында өзінің мәңгі қарыздар екенін сезінуі керек.

«Ыбырай Алтынсарин шығармаларының маңыздылығы» тақырыбындағы жұмысымда жеке тұлғаны қалыптастырудағы анықталған мәселелер: Біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабар беру принципін көздей отырып, тұлғаны өмір сүрген қоғамына қатысты халықаралық қатынасқа бейімдеу.

Екіншіден, жеке тұлғаны адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту арқылы адами мінез-құлықтарын өздері игере алуларын ойластырған.

Үшіншіден, жастардың, әсіресе, мектеп оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруімен бала түйсігін жүйелілікпен қалыптастыруға тырысқан.

Қорыта айтқанда, Ы.Алтынсаринның өз халқын оқуға, өнерге үндеуі надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның творчествосының халықтық жағы десек, қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин рухани- адамгершілік білім беруді ту етіп ұстады және қазіргі таңда да жалау етіп желбіреп өз мәні мен мағынасын жоғалтпады .

Ыбырай Алтынсариннің шағын әңгімелерін өзімнің кәсіби және жеке өмірімде кеңінен қолданамын.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қ.Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы, 1971-16-б.
2. Ы. Алтынсарин Таңдамалы шығармалар. - Алматы, 1955. 70-б.
3. Н.И. Ильминский. Воспоминания об Ибрае Алтынсарине. Казань, 1891. - с. 215.
4. С. Хасанова. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. Алматы, 1972. - 17-20-б.

## **ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

«Кел, балалар, оқылық» деп сауатын ашқан әр адам Ыбырай(Ибраһим) Алтынсариннің есімін жақсы таниды. Ғұмырын халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған ұлт педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толады. Талантты ақын, терең ойшыл, қайраткер Ыбырай Алтынсаринді қазақ ұлттық педагогикасының іргесін қалаушы деп айтуға толық негіз бар.

Орыс мәдениетінің озық жетістіктері, Пушкин, Лермонтов, Гоголь шығармалары, Орта Азия халықтарынан Фирдауси, Низами, Науаи сынды ақындардың туындыларымен таныс болған ұстаз араб, татар, орыс тілдерін жетік меңгерген. Оның оқыту саласындағы нақты еңбектері ретінде алғашқы халық мектебін ашуы (1864), қазақ тіліндегі тұңғыш хрестоматияны шығаруы және ислам дінін ана тілінде оқыту пәні ретінде енгізуін айтамыз.

Ыбырай тек ағартушы-педагог қана емес, теоретик-этнограф, тарихшы, экономист және оған қоса өзінің бастамаларын түрлі қарсылықтарға қарамастан іске асырған қайраткер. Ол оқу орындарының жұмысын ұйымдастыру, кадрларды іріктеу, мектепті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету, балаларға қамқорлық жасау, күнделікті тұрмыс-тіршілік, қаржылық есеп сияқты жұмыстарды қатар алып жүрді. «Табиғи даму» идеясын ұстанып, ағартушылық-гуманистік идеяларды көбірек таратты және патшалықтың отарлық саясатын сынға алып отырды [1].

Ы.Алтынсарин ағартушы ретінде білім культі, қоғамның дамуы мен әрбір адамның жетілуіндегі білімнің мүмкіндігіне сенді. Ыбырай Алтынсариннің әдеби шығармашылығына көзі тірісінде-ақ баға берілгенін білеміз. Әдебиеттегі шығармашылықтан басқа, ол қазақ тілінде хрестоматия құрастыру, халық поэзиясының алғашқы жинақтарын және кітап туындыларын құрастыру ісімен айналысты. Ол 1879 жылы Торғайдағы жазбасында «Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де бір кітаптың жоқтығынан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр...Осылармен қабат бір ескеретін нәрсе – қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, оның ой-пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» деген [2]. Осы тұрғыда ол өз замандасы, шығыстанушы-ғалым Ш.Уәлихановтың халқым оқып, өнер-білімді игерсе деген арманын нақты іске асырушы болды. Хрестоматия туралы естелігінде Ыбырай «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім» дейді [2]. Хрестоматиядағы шығармалар тақырыптық-идеялық жағынан жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата-ананы қадірлеу, өнер-білімді байлық-дәулеттен жоғары қою мәселесіне арналған. «Хрестоматияға» енген шығармалардың тілі шұрайлы, балалар ұғымына сай, қиялын кеңейтетін, көлемі шағын, тәрбиелік-танымдық мәні жоғары шығармалар. Ол қазақ балалар әдебиетінің негізін қалады деуге толық негіз бар. Сонымен қоса, Ыбырай жазған «Қырғыз хрестоматиясы» қазақ публицистикасының бастауы деуге болады. Себебі осы кітапта өткен ғасырдың соңындағы көшпенділік, отырықшылық, ағартушылыққа насихаттау, адамгершілік сынды өзекті мәселелер сөз болған.

Халық ағарту ісін өмірлік міндеті қылып алған Ы.Алтынсарин бір хатында қаншалықты қиын болса да өзінің түпкі мақсаттары мен ұлтқа қызмет қылу ұмтылысынан

ауытқымайтынын жазады. Осы сөздер Ыбырайдың өмірінің соңына дейін алға жетелеп, ғұмырлық ұстанымына айналды. Оның өз жолына деген сенімі мен ізденісі ХХ ғасырдың басында-ақ жеміс берді. Ер балалармен қатар қыздарға мектеп ашу, оларға әртүрлі кәсіпті үйрету ісін алға қойды. Оларға арнайы мектеп, интернат ашу мәселесін көтеріп, осы мақсатын орындады [2].

Ы.Алтынсариннің пікірінше, ең алдымен бастауыш мектептегі білім – баланың қалыптасуы мен дамуындағы ең маңызды кезең [2]. Мұнда оқушылар алғаш рет қоғаммен араласады. Білім алу үшін мектепке келген баланың ақыл-ойы тереңдеп, зейіні ашылады. Әрине, білім ошағында басты орынды мұғалім атқарады. Оқушы мұғалімнің оқытуымен айналасындағы әлемді танып, жаңа білімнің есігін ашады. Мұғалім оқушының азаматтық, адамгершілік, зияткерлік көзқарастарының қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Бірақ мұның бәрін мұғалімнің өзі жоғары білікті, ақылды, мейірімді әрі жанашыр болған жағдайда ғана дамыта алады. Оқу орындарының білім және тәрбие беру міндеттері, ондағы оқу-тәрбие процесін адамгершілік құндылықтарын насихаттай отырып ұйымдастыру, прогрессивті педагогикалық идеяларды ескере отырып, элективті оқу жоспары мен бағдарламасын құру, оқыту үрдісінде фольклорды қолдану, мұғалімнің мәртебесі – Ы.Алтынсариннің осындай және басқа да ағартушылық идеялары білім беру саласында әлі күнге дейін өзекті. Ы.Алтынсарин өз еңбектері мен қызметінде мектептегі білім беру жүйесін дамыта отырып, мұғалімнің тұлғасы мен адамгершілік бейнесіне маңызды орын берген. Ұлағатты ұстаз ойларының идеялық құндылығы қазіргі таңда да өз маңыздылығын жоғалтпай отыр.

Ы. Алтынсариннің айналадағы адамдармен қарым-қатынасы мен достығының басты принциптерінің бірі – адамды біржақты бағаламау. Неліктен бұл мәселе қазіргі заманда да өзекті? Себебі қазіргі заманғы оқыту мен білім беру процесінде мұғалімнің балаларға адамгершілік, мейірімділік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруы үшін уақыты мен мүмкіндігі бола бермейді. Бүгінгі мектеп мұғалімдеріне сабақ үлгерімін қадағалау, ата-аналармен жұмыс, есеп тапсыру, қоғамдық іс-шараларға қатысу міндеттері жүктелген. Осындай қосымша жұмыстардың барлығы мұғалімнің балаларға қажетті сапалы білім беру, олардың бойындағы әлеуетін ашып, азаматтық ұстанымын қалыптастыру сияқты негізгі міндеттерден алыстатады. Сондықтан Ы.Алтынсарин өз сөзінде нағыз мұғалім болу туа бітті берілетін қасиет екенін баса айтады.

Білім беру ұйымдары қазіргі уақытта да Ы.Алтынсариннің адамгершілік, патриоттық тәрбие, еңбекке баулу, ата-аналардың, мұғалімдердің оқыту мен тәрбиелеудегі рөлі туралы ағартушылық идеяларын жемісті қолданып келеді. Ұлы ұстаздың еңбегі өміршең екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

М.Әуезов Ыбырай туралы: «Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, аса бағалы болды. Олар кейде баяғыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып аққан қос өрімдей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп айқасып ағып келе жатқан қос өзендей танылды» деп жазады [3]. ХІХ ғасырда Торғай топырағында дүниеге келіп, қазақ халқының тарихына жарқ етіп енген ағартушы-ұстаз, педагог-энтузиаст, ойшыл, жазушы-ғалым Ыбырай Алтынсариннің өз заманының озық ойлы, прогресшіл, интернационалдық көзқарастағы азаматы болды. Ибраһим Алтынсаринді Қазақстанның ұлттық педагогикасының негізін қалаушы деп айтуға толық негіз бар.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. І-т. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. — Алматы: Қазақ энцикл., 2009. — 103-б.
2. Оспанов С. «Ыбырай жолы» 2021 – 45,82,138,192-беттер

3. Жәрімбетова Н. Тағдыры кермек тұлға // Егемен Қазақстан. — 2009. — 29 шілде. — 10-б.

*Г. Ә. Жаркеева*

*ҚОҒАМ. Өлкетану әдебиеті бөлімі қызметкері*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ**

XIX ғасырдағы ұлы ағартушысы, ғалым-этнограф, ақын, жазушы, аудармашы, ұстаз, кирилл харпіндегі қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсариннің соңында қалдырған мұрасы бүгінгі күндері баспасөз бетінде қаншалықты насихатталып келеді?

Қандай халықтың болса да ең қуатты қаруы – баспасөз десек, бүгінгі күн тұрғысынан алғанда, оның сол халықтың, ұлттың рухын оятатын, жігерін жанып, намысын шыңдайтын ұлы сипаттарын Уақыт пен Кеңістік және дәстүр мен жаңашылдық сияқты тарихи – философиялық ұғымдар аясында қарастырсақ, онда да XIX ғасырдағы қазақтың ұлы тұлғаларының бірі болып табылатын Ы. Алтынсарин мұрасы төңірегінде алсақ, төмендегідей бірнеше жайтқа ден қойғанымыз абзал:

- XIX ғасырда, нақты айтсақ, 1870 жылдан бастап шыға бастаған «Түркістан уалаятының газеті» (ТУГ), 1888 жылдан бастап шыға бастаған газет 1894 жылы «Дала уалаятының газеті» (ДУГ), деп аталуы қазақ жұршылығы үшін ерекше ақпараттық – насихаттық мәнге ие болды. [1]

- Жүз жыл ғасырға аяқ басқан сәт, тарих қойнауына көз салатын болсақ, көз қыспа, бақай баспа замандарында, халықтың үні болған, қойнауы шежірелі жылдардан сыр шертетұғын баспасөз (газет, журналдар) бетіндегі қаламгерлердің мақалалары, баяндама, зерттеулері бұқара халық үшін қолжетімді ақпарат алмасу құралы бола білген. Баспасөз қызметі қазақтың ағартушы ғалымдарының пайдасына жараған құнды ақпарат тасымалдаушы болды. Жалпылама анықтама беретін болсақ Баспасөз – мерзімді мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы. Баспасөз – халық арасында әр түрлі ақпараттар тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастыруға, саяси жұмыстар жүргізуге, мемлекеттің, жекелеген тұлғалардың мүдделі мұраттарын танытуға қызмет етеді. Батыс Еуропада (Германияда – 1609 жылы, Ұлыбританияда – 1622 жылы, Францияда – 1631 жылы) алғашқы газеттер шыға бастады. Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімдік басылым - 1870 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Түркістан уалаятының газеті». Бұл басылым қазақ даласында Ресей империясының отарлаушылық саясатын жүргізудің құралы ретінде дүниеге келгенімен, ұлттың баспасөзін қалыптастырып, зиялы қауымның азаттық идеяларын бұқараға жеткізуде баспасөздің маңызы зор екендігін түсінуіне ықпал етті. [2]

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығының насихатталу жолы да осы баспасөз қызметімен тығыз байланысты десек еш қателеспейміз. Мәскеуде шығатын «Оренбургский листок» газеті мен оның редакторы И.И.Евфимовский-Мировицкийдің Ы. Алтынсариннің публицист болып қалыптасуына, халыққа танылуына үлкен әсер етті. [3]

Бұл жайында И. И. Евфимовский-Мировицкий кейін газеттің 1879 жылғы 2 желтоқсандағы нөмірінде «Өз халқын білетін, оны барынша сүйетін, әрі орыс тілін жетік меңгерген адамдар керек-ақ. Тек Сұлтан Жантуриннің інісі мен тағы да бір-екі қазақ қана қазақ ән өнері жөнінде материалдар жинауға талпыныс білдіргендері белгілі. Осылардың арасында далалықтардан ағартушылық ісін жүргізуге бар зейінімен, ынта-жігерімен кірісіп, орыс әріптерімен қазақтың алғашқы кітабын шығарған Ы. Алтынсарин болды. Ел арасында — Торғайда өмір сүріп (Алтынсарин – қазақ, қыпшақ), өзінің әр іс-сапарын тиімді пайдалана отырып, халқымен барынша тығыз байланысып, ол жайында, оның өнері мен ауыз әдебиеті үлгілері негізінде қазақ тілінде алғашқы кітаппен (үлгі-оқулық) қатар, орыс-қазақ

грамматикасын, яғни «Руководство к начальному обучению киргизов русскому языку при помощи языка киргизского» жазып шығудың қажеттігін терең түсінді» [4] деп жазды.

Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметін және халқына деген шексіз сүйіспеншілігін, өмірге көзқарасын жақсы бағалап, Евфимовский-Мировицкий оның мақалаларына газет бетінен жиі орын беріп тұрған. Бұл мақалалардың дені орыстардың қазақ жеріне келіп қоныстана бастауы, жайылымдық жерлердің тарылуы жайында болса, әсіресе, 1879-1880 жылдардағы жұт әкелген нәубет туралы көбірек қалам тербеген. «Қазақ даласындағы жұт туралы» корреспонденциялары мен мақалалары соның айғағы. [5]

Ыбырай газет редакторымен жақсы қарым-қатынаста болып, сыйласқан. Оның үстіне ағартушының істеген ісі мен халыққа жанашырлығы, бас пайдасынан гөрі елдің қамын көбірек ойлауы, өмірге деген түзу көзқарасы, білімділігі мен қаламының жүйріктігі Евфимовский-Мировицкийге қатты ұнаған болуы мүмкін, мақалаларына газет бетінен жиі орын беріп тұрған. Ы.Алтынсариннің «Оренбургский листок» газетіне шыққан алғашқы материалдары қара шекпенділердің қазақ жеріне келіп жапатармағай қоныстана бастауы, соның нәтижесінде жайылымдық жерлердің тарылуы болса, әсіресе, 1879-1880 жылдардағы қатал қыстың зардабынан елдің жұтқа ұшырауы ақын-публицисті қатты алаңдатқаны, тіпті жанын күйзелткені жазғандарынан анық байқалады. газет оқушыларына публицистикалық шығармаларымен белгілі бола түсті. [6]

1873 жылы қазақ алфавитін жасау үшін комиссия құрылып, орыс тілін білетін білімді екі қазақ ұсынылады. Олардың бірі Орал облысынан Ержан Шолақов та, екіншісі Торғай облысынан Ыбырай Алтынсарин болады. Ыбырайдың жазуға шебер, жазған еңбектері құнды екендігін, әрі қызметте тындырымдылығын ескерген И.И.Ильминский бұл іске Ы.Алтынсаринді таңдайды.

Ыбырай мақалаларының ерекшелігі көкейкестілігінде, өткірлігінде, нені сөз етсе де егжей-тегжейлі түбірін қазып жазып, түсінікті тілмен ойын ашық, бүкпесіз жеткізуінде. Мұны Ы.Алтынсарин публицистикасын алғаш зерттеуші ғалым М.И.Фетисов те баса көрсетіп «Ыбырай публицистикасы терең білімімен, әдеби көркемділігімен, оқиғаларды барынша әсерлеп, қазақ өмірінің шағын детальдарының өзін қазақы колоритке толтырып, айшықтап беруімен ерекшеленеді», - деп жазады. [7]

Ұлы ағартушының «Қазақ хрестоматиясы» оқу құралы да осы «Оренбургский листок» газетінің баспаханасында терілді. Кітап шыққаннан кейін газет бетінде оны насихаттауға арналған материалдар басылып, кітаптың жарық көруі қоғамдық және үлкен мәдени маңызы бар оқиға деп жоғары бағаланды.

«Библиографическая новость» айдарымен берілген бұл алғашқы хабардың авторы И.И.Евфимовский-Мировицкий екендігі күмән келтірмейді. [8] Өйткені автор аты-жөнін көрсетпесе де қазақ тіліндегі бұл алғашқы оқулық кітаптың өзінің баспаханасынан шыққандығын мақтанышпен айта келіп: «Қазақ әдебиетінің берік негізі қаланды, өлең-жырға бұрыннан да кенде емес, қашан да көкіректері жаңа, соны ойға толы қазақ халқы ендігі жерде кітаптың көмегімен адамзаттың бар рухани байлығымен таныса алатын болды», - деп жазды. 1880 жылдың 7 маусымында Орынбор қаласында А.С.Пушкиннің ескерткіші ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде П.Распопов «Қазақ хрестоматиясы» жарық көргенін, бұл кітапқа орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің өлеңдері енгенін, оны қазақшаға аударған Ыбырай Алтынсарин екенін айтып: «Орынбор өлкесінде бұратана халықтарға арналған мектеп оқулығы енді біздің ұлы ақынымыздың өлеңімен ашылатын болды. Қазақтар мен башқұрттар енді орыс тілін меңгеріп, сонымен бірге біздің ұлы ақынымыздың шығармаларымен де танысатын болды», - дегенді мақтаныш сезімімен жеткізеді. [9]

Газеттің 1879 жылғы 16 желтоқсандағы номерінде Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» кітабының алғы сөзін орыс тіліне аударып бастырды. Бұл басқа ұлт өкілдерінің кітаптың мән-мазмұнымен жете танысуына кең жол ашып, болашақ ұлы ағартушының беделін жоғарылата түсті.

Ыбырай Алтынсарин қазақ жазба әдебиетінің негізін қалап, қазақ хрестоматиясын құрастырып туған халқына тарту етіп өлмес мұра қалдыра білді. Бүгінгі күн тұрғысынан

қарасақ баспасөз бетінде жарық көрген Жәлел Шалқардың «Қазіргінің Ыбырайлары қайда?» - деген мақаласын назарларыңызға ұсынғым келеді. [10] XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында зиялы қауым өкілдері, яғни ақын – жазушылар ұстаздықты қатар алып жүрді. Ақындардың бойындағы патриоттық қасиет оқушыларға ауадай қажет. Бүгінгі күнмен салыстыратын болсақ бірнеше мамандықты қоса алып жүру үшін уақыттың тапшылығы кедергі келтіретіні сөзсіз. ұстаздық қылу Ыбырайдың сара жолы десек, бүгінгі жастар бір мамандықпен неге шектеледі деген баспасөз бетіндегі Ыбыраймен сабақтасып шығып жатқан мақалаларға не деп жауап қатармыз. Ә. Абдрашеваның 2008 жылы Қазақ тілі мен әдебиеті журналына шыққан «Кеңестік дәуірдің 40-жылдарына дейігі кезеңіндегі Ыбырайтану мәселесі» атты мақалаларда Ыбырайдың шығармашылығын зерттеудің бір саласы іспетті. [11-13].

Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы ғасырдан ғасырға тамырын жаюы үшін де, әлі де зерртеп, насихаттау жұмыстарны атқаруымыз керек. Ол үшін де баспасөз қызметінің пайдасы зор бола бермек.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адамбаева Ж. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі // Казахский язык и литература в русской школе. - 2003. - №6. - Б. 4-30
2. Аймағамбетұлы Р. Ы. Алтынсарин шығармалары:қазақ қоғамының өзекті мәселелері / Р. Аймағамбетұлы, Г. Каненова, Д. Сейдалықызы // Қазақ тарихы. - 2017. - № 4. - Б. 11-13
3. Аймағамбетұлы Р. Ыбырай мектебі және Торғай зиялылары / Р. Аймағамбетұлы // Қазақ тарихы. - 2016. - № 4. - Б. 8-11
4. Айталы А. Ұлы ағартушы // Егемен Қазақстан. - 2021. - 14 маусым (№ 110). - Б. 13
5. Амантаева С. Ыбырай - қысқа да нұсқа әңгіме шебері / / Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2012. - № 11. - Б. 52-58
6. Ахметов Т. Ә. Ыбырай Алтынсарин және "Оренбургский листок" газеті / Т. Ә. Ахметов, О. Серікбай // Қазақстанның ғылымы мен өмірі = Наука и жизнь Казахстана. - 2018. - № 5. - Б. 154-156
7. Әбдіқасымова С. С. Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы / С. С. Әбдіқасымова // Литература в казахстанской школе = Әдебиет Қазақстан мектебінде. - 2010. - № 3. - Б. 27-28
8. Смағұл Ж. Алтынсарин және ұлттық әдеби мұра / // Егемен Қазақстан. - 2021. - 2 маусым (№ 102). - Б. 11
11. Шалқар Ж. Қазіргінің Ыбырайлары қайда ? // Орталық Қазақстан. - 2021. - 3 тамыз (№ 84). - Б. 1,4
12. Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Ы. Алтынсарин шығармаларының тәрбиелік мәні / С. Б. Бахтиярова, А. Қ. Әбдіразақова // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы = Вестник КазНУ. Серия филологическая. - 2014. - № 3. - Б. 15-20
13. Борбасова Қ. М. Қазақ ағартушыларының патша үкіметінің діни отарлау саясатына қарсы күресі / Қ. М. Борбасова, Ш. С. Рысбекова, А. Доскеев // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы = Вестник КазНУ. Серия Философия. Серия Культурология. Серия Политология. - 2016. - № 3. - Б. 129-138

<https://anatili.kazgazeta.kz/news/38427>

<https://e-history.kz/kz/news/show/2490/>



## **«ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ»**

«Оқыту процесінде қалай болса солай оқытпай, ғылым, білім беру жүйесі сақталу  
керек».  
(Ы.Алтынсарин)

«Заманды қай жан билемек?» деген ғұлама Абайдың сауалына даналық ой танымда жауап беретін болсақ, бірден көкейге қонымдысы – біліммен қаруланған адам дер едік. Бұл тұрғыда қазақ халқының ғасырлар бойғы өмірлік тәжірибесінде мақалмен-ақ қысқа қайырған: «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «Білімдінің күні жарық,білімсіздің күні кәріп», «Оқу-инемен құдық қазғандай» т.б. Осы тұрғыда тәрбие,педагогика тұрғысында қазақ зиялыларынан ұлы ұстаз,ғалым-педагог Ыбырай Алтынсарин есімі қоса айтылуы заңды құбылыс. Бүкіл саналы ғұмырын қазақ баласын оқыту жүйесіне арнаған ұлы ағартушының артынан қалдырған мол мұрасы бүгінде жаңартылған білім мазмұны аясында таптырмас тәрбие-оқу құралының қайнар көзі болып қалып отыр. Себебі, бүкіл қазақ даласында тұңғыш қазақ мектебін ашу, оқулық жазу, әлемдік шығармаларды ана тілде сөйлету, аударма саласын жалпыға ортақ тілде қалыпқа түсіру, оқыту әдістемесін жоқтан бар жасап құрастырып түзеу,оқушының оқу-білім алатын ортасын қалыптастыру, жан-жаққа шашылған қазақ балаларының басын қосып, білім ордасының қызметінің жандануына,жетілуіне қосқан үлесі жүз ғалым біріксе де, осындай қысылтаяң тар кезеңде бітіре алмас атан жүтіндей ауыр шаруаны бір өзі жүзеге асыра білуі – Ыбырай Алтынсариннің феномендік тұлға екенін дәлелдейді.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ қоғамында тұңғыш рет педагогикалық жұмыстардың атқарылу негізін жүйелі қалаған,оқу-ағартушылық салада қыруар еңбек етіп, оқушылардың білім алуына оңтайлы,қолайлы жағдай жасау ісіне аса ұқыптылықпен,педагогикалық тұрғыда сауатты пікір айтып,дұрыс бағыт ұстана білген жанашыр педагог. Бұлай деудің өзіндік үлкен тарихи мәні бар. Қазақ баласын білім нәрімен сусындату мақсатында қазақ қоғамында «Ыбырай ашқан мектептер» деген қастерлі ұғым бар. Бұл тіркес Ыбырайдан өзге кейін де, дейін де әлі ешкімнің еншісінде болып көрмеген, болмаған да. Торғай даласынан тұңғыш мектеп ашып, оған қыр даласынан ойын қуған, оқу-тоқу көрмеген қазақ балаларының басын қосып, қолына қалам алдырып, кітап оқытып, сауатын ашу - үлкен ерлікке пара-пар қажырлы еңбек. Бұл туралы М.Әуезовтың бірауыз сөзі ұлы ұстаздың еңбегін даралап көрсетеді: «Ыбырай – жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты аса шебер, өнерлі түрде қабыстырушы».[1]

Бағыттары,саласы.	Іске асырған жұмыстары
1.Мектеп ашу ісі	Қазақ балаларына арналған алғашқы мектеп 1864 жылдың 8 қаңтарында Торғай қаласында ашылып, Ыбырайдың өзі соған мұғалім болады. Кейін қазақ қыздары үшін мектеп-интернат аштырады.
2.Аударма ісі	Қазақ балаларына орыс тілін меңгертуде, оқу құралдарын жазуда орыс педагогтарының шығармаларын қазақ тіліне сауатты аударған ғалым.

3.Терминология саласы	Оқыту бағдарламасында тұңғыш кәсіби термин сөздерді қолданысқа енгізіп, оқу жүйесіне жаңашылдық әкелген.
4.Қазақ грамматикасы	Қазақ балаларына орыс тілін үйретуде орыс-қазақ грамматикасын салыстырмалы түрде айырмашылығын көрсету арқылы, оқушыларды қазақ тілінің грамматикасымен таныстырған.
5.Қазақ әдебиеті	Орыс педагогтары мен жазушыларының шығармаларымен қатар ол хрестоматияға қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін енгізді. Өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, алғашқы тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды.
6.Әдістемелік, дидактикалық оқу құралдар жазу ісі	Қазақ даласындағы оқу ағарту мәселесін іс жүзінде тұңғыш қолға алған. Ы.Алтынсарин оқу жоспарларын және бағдарламаларын жасауда оқыту мен тәрбиенің дидактикалық және әдістемелік тәсілдерді қолдануда оның пайдалы тәжірибелерін пайдаланды.
7.Кадрлар даярлау ісі	Ы.Алтынсарин қазақ балаларына арнаған мектеп ашумен бірге онда қызмет істейтін, балаларды оқытып, тәрбиелейтін кадрларға, атап айтқанда, мұғалімдерді даярлауға аса зор мән берген.

Кесте 1.1. *Ыбырай Алтынсариннің педагогика саласында атқарған сүбелі еңбектері.*

Сол кезде ұлы ұстаз қолданған оқыту әдістемесі бүгін де өз құндылығын жоғалтқан жоқ, қазіргі заман талабына сай ғалымның педагогикалық-ағартушылық идеялары өзара сабақтастық таба отырып, түрленіп, жаңаша сипатқа ие болуда. Әлбетте, бұл айтылған оқыту үрдісі жаңа қырларымен толыға түсті.[2] Ыбырай Алтынсариннің сол кезде-ақ айтып жазып кеткен педагогикалық көзқарасы, ұстанымы, іс-әрекеті бүгінгі білім беру жүйесін жүзеге асыруда ауадай қажеттілік тудырып отыр. Ол мектепте оқылатын сабақтарды мынадай жүйеде құрды:

1. Орыс тілінде оқылатын пәндерді ана тілінде түсіндіре отыра, орыс кітаптарын оқыту.
2. Әр түрлі нәрселер мен заттардың орысша аттарын үйрету.
3. Орысша сөйлеуге үйрету.
4. Методикалық талдау.
5. Көркем жазу.
6. Арифметикалық қосу, алу, көбейту, бөлу амалдарын жөнінен мәлімет т.б. [3]

Өскелең ұрпақты оқытатын мұғалім қуатты педагогикалық құралдармен қарулану керек. Ол дегеніміз – қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнындағы жеті модуль. Ыбырай Алтынсарин тағы бір сөзінде шегелеп айтады: *«Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе - ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде»*. [4] Ұстаздың өз ісінің білудегі дәлдігін айтсаңызшы. Қазіргі заманауи мұғалімдерді даярлауда оқу мен оқыту әдістеріне өзгерістер енгізілді. Бұл жаңашылдық ХХІ ғасырда нені оқыту керек, мұғалімдер оқушыларды ХХІ ғасырға қалай дайындайды деген мәселелерге шешім ұсынбақ. Жаңартылған бағдарлама аясында мұғалімдер арнайы курстар оқып, мектептегі әріптестермен ынтымақтастықта біріге жұмыс істеу мен көшбасшылықты дамытудағы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында тәжірибелік дағдылары мен біліктілігін жетілдіруде. Ұлы ұстаздың *«Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс»* дегені қазіргі білім жүйесіндегі проблемалық оқыту технологиясы мен инклюзивтілікке бетбұрыс жасау әрекетімен идеясы сабақтас келеді.

1)«Қазақ хрестоматиясы» (1879 жылы)	Бұл еңбек кезінде қазақ халқының мәдениетінің тарихында аса зор оқиға, үлкен ғылыми табыс ретінде жарыққа шығуы өз кезінде қазақ халқы үшін сирек кездесетін тамаша жаңалық
-------------------------------------	---

	болды. Ыбырайдың қазақ балаларына арнап жазған «Қазақ хрестоматиясы» [5]атты оқу құралына енген материалдарға зер салып қарасақ, оның балалардың жас ерекшеліктері мен қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес құрылғанын көреміз.
2) «Қазақтарға орыс тілін оқыту жөніндегі бастауыш басшылық»	Бұл әдістемеліктің кіріспесінде Ы.Алтынсарин орыс тілі ана тілі болып саналмайтын қазақ балаларына бірден орыс тілінде оқу ауыр соғатынын,оны қорыта алмайтынын айтады. Сол себепті ғалым бұл әдістемелік құралда сөздерге қазақша-орысша аударма, грамматикалық өзгеріске ұшырайтын сөздердің ережесі, қазақшадан орысшаға көшіруге жазылған сөздер,түсініктемелер енгізген. Бұл жұмыстар өз кезегінде оқушының берілген материалды өнімді игеруіне таптырмас көмекші. [6]
3) Әңгімелері	Әңгімелерінің өзектілігі – эстетикалық таныммен пәлсапалық қағидамен тұжырымдау арқылы оқушы-оқушы,оқушы-ұстаз,ұстаз-ата-ана,ата-ана-оқушы,оқушы-қоршаған әлеуметтік орта қарым-қатынасындағы ынтымақтастықты орнатуға тікелей септігін тигізеді,бұл қазіргі технологияда қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асатын ынтымақтастық қарым-қатынас.[7]

*Кесте 1.2. Ы.Алтынсариннің ғылыми еңбектерінің атауы және олардың оқу-ағарту саласындағы өзектілігі,маңызы.*

Балаларға сабақ оқытып, мұғалімдік қызметтен тыс оқушылардың інжумаржаны болған Қазақ хрестоматиясын жазып шығу, аудармамен айналысу, мектеп бағдарламасын негіздеу,сонымен қатар қоғамдық-саяси өмірмен біте қайнасып, кертартпа идеялық бағыттағы қайшылықтарды жеңе отырып, бостандық,азаттық жолында халық мүддесі үшін еңбек ету - сол кезеңнің озбыр саясаты тұсында өте ауыр жұмыс еді. Бүгінгі бейбіт өмірде бірнеше министр атқаратын жұмысты Ыбырай Алтынсарин бір өзі жалғыз арқалады десек, артық айтқандық емес. Олай деуімізге Ыбырайдан қалған мол мұра мен жазылған еңбектер және де тарих куә.Ғалымның қазақ қоғамына тигізген сүбелі үлесін Мұхттар Әуезов дөп басып айтты:«Қазақстан тарихына көз жіберсек,көңілге медеу,көзге толық үш алып тұлғаны еске аламыз. Олар – Шоқан , Ыбырай, Абай. Осы үш тұлғаға ортақ нәрсе – нәр алған рухани тамырының бір болуы, қазақ елін алдыңғы қатардағы мәдениетті елдер қатарына жеткізбек болуы».[8]

Қорыта айтқанда, оқушыларға, ұстаздарға,жалпы қауымға білім беруде, тәрбиелеуде Ыбырай атаның педагогикалық идеялары қазіргі біз ізденіп,оқып жататын еуропалық батыс пен шығыстың үлгісіндегі оқыту үрдісінде пайдаланатын жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерінің пайымымен тұспа-тұс келеді. Себебі, Ыбырай еңбектері, негізінен ХХІ ғасырда озық ойлы,саналы,табысқа жетелейтін білімді адам тәрбиелеу қағидасы десе болады. Шетелдік ғалымдардың әдістемесін жаңашылдық деп қабылдап жатқан дүние өзіміздің отандық педагогика саласының көсегесін көгерткен ұлы ағартушы ұстаздың тәжірибесінен өтіп, мұраларында баяғыдан орын алған.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1.Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер.Алматы: Жазушы, 1991. 21-22 беттер.

2.Мұғалімге арналған нұсқаулық "Назарбаев Зияткерлік мектептері: ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы,2015 -284 бет.

3.Педагогика - Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова.А.М (Дарын-Алматы-2004) 387-394 бет

4.<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=20655>

5. Қазақ хрестоматиясы / Ы. Алтынсарин ; жалпы ред. басқарған С. Садырбаев . – 2-бас. , - Алматы : Білім, 2007 . – 9965-09-461-6 – 112 б.
- 6.<https://kitap.kz/book/hylymi-adistemelik-shyharmalar>
- 7.Ы.Алтынсарин. Бір уыс мақта, әңгімелер. Құрастырған Д.Әшімханұлы,- Астана, "Таным" баспасы, 2003
- 8.Білім.Ғылыми- педагогикалық журнал, №3(78) 2016

*Жәкен Н.*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

*Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі, Шет ауданы, Ақадыр кенті*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамында білім бер ісінің көшбасшысы, ұлы педагог. Өз тұсында өнер – білімді игерген жұрттың мәдениет, ғылым, техника жағынан өте ілгері кеткенін, қоғамдық ойдың дамып, халықтың әлеументтік күйінің жақсарып отырғанын көрген Ыбырай халқын оқуға, білім алуға шақырады. Ол:

Өнер – білім бар жұрттар,  
Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден,  
Көзінді ашып –жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды – деп жексіз ғылымның құдыретті күшін сипаттап, оның адамның рухани және әлеументтік күйін жақсартуда үлкен рөл атқаратынын көрсетті. Қазіргі таңға дейін ғылым мен білімнің жетегіндегі Жапон, Корей, Америка сияқты елдердің әлеументтік жағдайы жер қойнауы байлығының аздығына қарамасатан, қазаба байлықтары мол елдерден әлдеқайда бай – қуатты. Сондықтан Ыбырай Алтынсарин өнер – білімді игеріп, алға кеткен басқа елдермен терезесі тең ел болуға жар салды. Ыбырай халықты оқыту ісін оның әлеуметтік мүддесімен тығыз байланыстыра қарады. Ыбырай мектептер ашып, халық ағарту ісін ұйымдастырумен тынған жоқ, оның әлеуметтік пайдалы, тәрбилелік мәніне де көп көңіл бөлді.

Ұстаз Ыбырай қазақ халқының екінші ерекше қасиетін ашып көрсеткен. Ол: «Пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамамыз келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз», - деді. Демек, ұстаз Ыбырай қазақ халқы пайдалы нәрселерге құмар деп анықтама беріп отыр. Осыдан ұстаз қазақ оқығандарының, өзі сияқты ғұламалардың азаматтық борышы халыққа қызмет ету деп нақты түйін жасаған.

Ыбырай Алтынсарин - руханият шырақшысы, мықты қаламгер. Оның жазған шағын новеллалары нақтылы мәселелерге арналған. Қазіргі кезде айтып жүрген көрнекілік, визуалдық үлгілердің қызыметін оның шағын новеллалары атқарған. Ұстаз Ыбырай балаларға нақтылы ғылымды ұсынған. Мәселен, ғалымдық, зеректік, әдеп, қанағат, мұң, әділдік, жомарттық, сараңдық, салқтық, жамандық, жақсылық, өтірік, надандық, тәкаппарлық, данышпандық, шешендік дегендерді тек айтып қоймай, нақтылы шағын новеллалар арқылы, өмірдегі шынайы көріністер арқылы дидактикалық материалдар ретінде ұсынған. Оқушы бойына адамгершілік қасиеттерді дәріптейтін бұл шығармаларды өз сабағымда түрлі анимациялық бағдарламалар арқылы көрнекілік ретінде қолданамын. «Шеберліктің белгісі- әртүрлі әдісті біліп, сабақта орынды қолдана білу» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, заман талабына сай қазіргі мектеп мұғалімдері оқыту әдістерін жаңа бағытта құрып, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздейді. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Оны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «жаңашылдық» деп атауға болады. [2, 257-бет] Инновацияны қолдану арқылы мұғалім өз-іс тәжірибесін байытып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алады. Қазіргі

праграммаларға сай, көлемі шағын ұстаз шығармалары мектеп оқышыларының тәлім – тәрбиесінде үлкен мағызға ие. Ыбырай шығармаларының құндылығы философиялық тұрғыдан гөрі педагогикалық тұрғыда маңыздырақ. Әлемнің екінші ғалымы Әбу Насыр әл – Фараби «Адамға ең алдымен білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы»-деген. Ал ұстаз шығармалары оқушыға тәрбие берудегі таптырмас көмекші құрал. Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, алғашқы тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланды. Ыбырай атамyzдың салып кеткен жаңа мектебінде жаңаша оқыту түрі енгізілді. Ондағы әр бала жеке тұлға ретінде қабылданады. Яғни бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кеңінен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасының мазмұнының кешегі Ыбырай салған жолмен ілгері жылжуды бақылауға болады. Ыбырай Алтынсарин оқыту мен тәрбиелеуде негізгі тұлға мұғалім екенін ұғынып, сапалы білім беретін мұғалімдерді дайындау жолында жұмыс жасаған болса, бұл игі бастама әлі де күшін жойған емес. Бүгінгі заман талабына сай білім беруде мұғалімнің алдына қойған басты мақсаты, өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу. Оқушылардың санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру. Сондай – ақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт дәстүрін меңгерту. Әр оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту Ыбырай еңбегімен үндесіп жалғасын тауып отырған іс деп қарауымызға болады. Білім беру саласындағы жаңашыл өзгерістер, жаңалықтар, оқыту мен тәрбие ісін жүйелендіру, ізгілендіру, ұлттық ерекшеліктерді ескеру, даралап, саралап оқыту бүгінгі буынның басты мәселесіне айналууда. Осы тұрғыдан алғанда, осыдан бір жарым ғасыр бұрын қазақ сахарасында мәдениет пен оқыту – ағартудың туын көтерген, халыққа қажеті бар байлық, бақыт та біліммен келетінін насихаттаған, ғылыми еңбектерінде де, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау сияқты табанды істерімен де үлгі – өнеге көрсеткен Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларының маңызы ерекше.

Ыбырай Алтынсарин өзінің оқу құралдарын жасауда өзінің идеялық бағыттылығы жағынан халықтық қағидаларға қызмет етуге және балаларды өз Отанына сүйіспеншілік рухта тәрбиелеуге ұмтылады. Қазіргі таңда осы үрдіз жалғасын табуда. Лицей – мектептерінде ұстаз мұғалімдер оқушылардың сыни ойлауы, шығармашылығын дамытуда авторлық курстарын жазып, аталған дүниені оқытудың көмекші оқу құралы етінде іске асырып отыр.

Алтынсарин қалың көпшілікті ақсүйектер білімін меңгеруге шақырған діни танушы. Ағартушы діни ктіптардың тәрбиелік мәнін, сол кездегі ұлттық және балалардың жас ерекшелік кезеңдерін есепке ала отырып, шебер пайдалану арқылы рухани адагершілік тәрбие берген. Ағартушының мұндай әдістемелік ісінен бүгінгі күнгі ұстаздарымыздың да үлгі аларлық тұсы. Сондай – ақ білім мен тәрбиенің бірлігін көреміз және оқулық пен әр сабақтың рухани адамгершілік тәрбие беруге қызмет етуін шебер жүзеге асыру амалдарын танимыз. [3, 81-бет] Қазіргі таңда мектептерде діни тәрбиеге байланысты курстар ашылып, Ыбырай атамyzдың ізгі жолын жалғастыру қолға алыну керек деп ойлаймын.

“Оқытушыны бағалағанда, олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістіктерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарап бағалау керек”, – дейді Ыбырай Алтынсарин. Сайып келгенде, Ыбырай атамyzдың ұстаздық тәжерибиесін бүгінгі жаңа форматқа сәйкестендіре білген ұстаздың алар асуы биік. Бізге жаңа дүние ойлап табу қажет емес, ұлыларымыздың сара жолын абыройлы жалғастырып, заман талабына сай жүргізе білсек болғаны.

Ыбырай Алтынсариннің мұғалімдерге арнап жазған көптеген хаттары, оның мұғалімдердің тілегі мен мұқтажына ерекше қамқорлық жасап, көңіл бөлетіндігін байқатады:

«Мұғалім балалармен істес болады, егер олар бір нәрсені түсінбесе, мұғалім шәкірттерді кінәламай, олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауға тиіс. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлесуге тиіс: әрбір затты ықыласымен, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан қарапайым тілмен түсіндіру керек». Мұғалімге ерекше мән бере отырып, Ы.Алтынсарин олардың методикалық дайындығын арттыруға ұмтылды.

Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазірде сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында толық анықтауда. Мұның өзі заңды да еді. Өйткені әрбір ұлы адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескіrmес идеяларды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан, әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «жол болсын» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктей, мән-маңызы қадір-қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ы.Алтынсарин дәл осындай, үркердей саңлақтардың бірі болған еді. Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер-білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді. Сонымен қатар, қазақ елін қараңғылық бұғауынан алып шығып, көзін ашып, көкірегін оятуды көздеген халық қамқоршысы. Жастарға өмірлік оқудың есігін айқара ашып, болашағын меңзеген өнер білімнің жалынды жаршысы. Озық ойлы, ұшқыр қиялды, шешен тілді өнерпаз. Жаңалық пен жақсылыққа бастаған ізгі ниетті азамат. Тереңнен толғап, жүрек тебіреніп жыр шерткен кемеңгер ақын.

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындалудағы ең бір пәрменді құрал – оқу, тәлім – тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану. Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс әрекетті қалыптастыру. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы мәселелер ауқымындағы ой пікірлерін зерделеу, сипаттау, таразылау, жинақтау, оларды қоғамдық іс – тәжірибе шеңберіне енгізу.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ел мүддесі – ерлер еншісі. Ғылыми зерттеулер. Үш томдық шығармалар жинағы: 2-том. - Алматы, «Дәуір – Кітап» баспасы, 2017. - 394б.
2. Тұлғалар-қаламгерлер. – Астана: Фолиант, 2012. - 424б.
3. Ыбырай Алтынсарин. Шәкәрім Құдайбердіұлы / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. - 632 бет.

## **«ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ»**

Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні,  
киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді.  
Мәлік Ғабдуллин

Елбасы Н. Назарбаевтың «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында 5 жылдық ұлттық жоспарды қабылдау міндеті қойылған болатын сол қазіргі таңда жұмысын жасауда. Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістерімен сәйкестендіру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын (ОФС) дамыту өзекті мәселеге айналып, өз жемісін беруде. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздеріне психология және педагогика ілімдері, жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағдарланған жаңа оқыту технологиялары, қазақ тілінің функционалдық грамматикасы, мектепте қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру тәсілдері, мектеп оқушыларының білімін құзыреттілік негізде бағалау жүйесі алынып отыр.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы дегеніміз — оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процестегі қызметі ерекше қажет. Ал оқушыны белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру — теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып табылады.

Психологияда баланың дамуы туралы екі түрлі бағыттағы көзқарас бар: бірі — баланың дамуын жеделдетуге болады деген болса, екіншісі — баланың дамуын табиғи күйінде қалдыру керек, тіпті мүмкін болса, тежеңкіреу керек. Өйткені қоғам баланы ертерек есейтуге әрдайым бейім тұратындықтан, оның өмірлік күшінің толық пісіп-жетілмеуі мүмкін.

Қоғам дамуы барысында балаға әсер ететін ықпалы зор күштер болады. Бала соның негізінде белгілі бір даму жетістіктеріне ие болып, қалыптасады. Бірақ оқу-танымдық процесс білім беру мен тәрбиелеуді бір тізгінде ұстайтын болғандықтан, баланың сыртқы және ішкі даму барысындағы тепе- теңдікті бұзып алмау жағына сақ болу керек.

Ол үшін оқушы тіл туралы алған білімін интериоризациялауы тиіс. Бұл жерде қазақ тілін функционалдық мақсатта оқыту маңызды рөл атқарады. Әрине, оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, жатқа қайталап айта алады. Осы тілдік құбылыстар туралы білімін коммуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері

тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін.

Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Баланың дамуға бейім таным күштерін байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн.

Әрине, даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді. Мұғалім оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде оқушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды баса назарда ұстайды. Жасөспірім кезінде баланың танымдық қызметі ерекше белсенділікпен өтеді [1].

Абайдың 7-қара сөзінде айтылған танымдық қызығушылық енді мектепте және орта сыныптарда түрлі салаларды меңгере бастауымен арта түседі. Осы ретте оқушының қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігінің оны белгілі бір шынайы ситуацияларға түсіре отырып, төселдірілуіндегі даму процесі туралы айтып өту керек [2].

Осы кезеңдегі оқушының қабылдауы, зейіні, қиялдауы туралы мәліметтер алуы қиын болғанымен, ес пен жады, сөйлеу мен ойлау сияқты таным процестерін тану мүмкіндіктері мол.

М.Мұқанов білім мағынасының бәрі де ақпараттан тұратынын атап көрсетеді. Сондықтан да ақпараттың шығатын көзі, келетін мекенжайы болады. Ақпарат шығатын жерінен келетін мекенжайына канал байланыстары радио, телеграф немесе хабар адамның рецепторларына берілсе, онда шетке және ортаға тебетін нервтер арқылы жіберіледі. Нысандардан рецепторлар арқылы адамға келген ақпарат оның басында сан алуан өзгерістерге ұшырап, белгілі жүйеге келтіріледі де, осының нәтижесінде келген хабарлар әр түрлі білім дәрежесіне айналады [3].

М.Мұқанов таным үдерісінің элементтерін мыналар деп көрсетеді: қабылдау; зейін; ес пен жады. М.Мұқанов жеткіншектердің таным үдерістерін былайша сипаттайды. Күнделікте оқу материалын ұғыну қабылдаудан басталады. Қабылдау тек бірдеме қарау, не соны тыңдау ғана емес, баста бар бейнелермен объектілерді салыстырып түсіну [3].

Сондықтан қабылдау оқу үдерісінде ойлануды талап етеді. Қабылдау дегеніміз — мағлұматтарды тұтастығымен бейнелу. Егер қамтылатын материал қызықты болса, онда оқушылар осыған ғана көңіл бөліп, қиын материалдарды оқығысы келмейтіндігі кездеседі. Нәтижесінде, жеткіншек материалды тұтас қабылдай алмай, ақпараттың қандай да бір кесіндісі сияқты етіп, есінде сақтай алмауы мүмкін.

Жеткіншектің зейіні сабаққа қалыптасса, онда ол назарын бір нысаннан екінші нысанға аударып отыруға толық мүмкіндігі бар. Жеткіншектің жады мен есі едәуір дамыған және де білім мазмұнын мағынасына қарай есінде қалдыруды ұнатады. Сонымен қатар ол естігенін көпке дейін есінде сақтап, қажет мезгілде есіне жақсы түсіре алады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілін функционалдық бағытта оқытуда дәстүрлі дидактикалық және қазақ тілін оқыту ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс деп санаймыз: когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным. Көрсетілген ұстанымдардың оқушының ой операцияларының логикалық-сабақтастық желісін құрап, ауызекі сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда



орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жаңа оқыту технологияларын қолдану. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5–7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз. Олар: блог, уики, показ, твиттер, ютюб, қыстырма т.б. Оларды кең арналы жүйеде қолдануға қазақ тілін оқытудың кейс-стади, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арнайы зерттелуі керек [4, 5].

Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттырып, оқушылардың алған білімінің сапалы болуына не ықпал ете алады? Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі, ең алдымен, оқушылардың іші пыспайтын, оқу іс-әрекеттеріне толы, нәтижесі жоғары деңгейде болу белгілерімен танылады. Ол үшін мұғалім сабаққа даярлығын тиімділікті арттыру мақсатында құруы керек. Сөз жоқ, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен білімінің жан-жақтылығы, деңгейі жоғары болуы бұл ретте үлкен орын алады.

Сабақ жоспарын әзірлеу — сабақтың әдістемелік сценарийін жасау — мұғалімнен режиссерлік қабілеттен кем емес таланттылықты қажет етеді. Сабақтың әдістемелік сценарийінде сыныптағы әр оқушының «өзінді ролі» айқын берілуі керек. Сабақтың барлық кезеңдерінде мұғалімнің сабақ берушілік қана емес, басшылық, жетекшілік, қолдаушы, ынтымақшылдық болмысы айқын сезіліп тұруы тиіс. Мұғалім қазақ тілі сабақтарын «грамматикалық ережені айту», «жаттату», «талдаулар жүргізу» сияқты ғана іш пыстыратын әдістермен шектемей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни күнделікті өмір жағдаяттарында керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыруы міндетті. Сабақ үстінде оқушылардың «жеке» — «екеу» — «үшеу» — «төртеу» — бесеу немесе «топ» — «команда» — «сынып» — «жеке» түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы желіде орындалуын қадағалауы тиіс.

Қазақ тілі сабақтарының «Қызықты грамматика әлемінде», «Квест-сабақтар», «Жоба сабақтар», «Ойын сабақтар» сияқты оқу іс-әрекеттері белсенді өтетін түрлермен көбірек ұйымдастырылуы арқылы оқушылардың өз бетімен қазақ тілі меңгеру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік мол болады. Осы айтылғандармен қатар, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың «рефлексиялық жаттығулар» орындауына, білімін тексерудің тестілік түрін қолдануына, жаңа ақпараттық технологияларды мұғаліммен және өз бетімен қолдануына, жоба жұмыстарын түрлі формада қорғауына, өзара пікірталастар мен семинар-сабақтар ұйымдастыруына жағдайлар жасап, белсенділігін арттыру жолдары көзделеді.

Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі -оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы:

Ақпаратты табу;

Мәтінді интерпретациялау;

Рефлексия және бағалаудан тұрады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз — қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі — оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы болса, сонымен қатар білім беру мен білім алудағы жаңа әдістер болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін

мәнін ашуға, автор іріктеген сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге, әрекеттестікке негізделген. Оқу сауаттылығы түсініп оқудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды. Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауы: «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір келешек» [16, 25б.]
2. Функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған 2012-2016 жж. ұлттық іс қимыл жоспары. 25.06.2012. № 832 Үкімет қаулысы
3. Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011ж. [4, 15 б.]
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 — 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012г. [17, 20б.]
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы. 3. Сергеева Т. Новые информационные технологии и содержание обучения (на примере предметов естественно-научного цикла). 1999, №1.

*А.К. Жолымбетова физика пәні мұғалімі,  
А.М. Манат математика пәні мұғалімі  
№101 мектеп – лицейі, Қарағанды қ.*

### **ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Қазір кездерде мұғалімдердің сабақ беру үдерісінде «жоба» деген сөз жиі кездесуде. Бүгінгі күні қоғам оқушылардың білім сапасына ғана емес, олардың өз бетінше жұмыс істеуіне, проблемаларға ғылыми көзқараспен қарауына, оны шешу жолдарын іздестіруді талап етіп отыр.

Жобалап оқытудың негізгі міндеті - пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру. Жоба жасағанда оқушылар әр пән мұғалімдерімен бірлесе отырып білім алады. Жетекші мұғалім жобаның әр кезеңін қатаң қадағалауы керек. Себебі, қадағалау дұрыс болмаса алға қойылған мақсатқа жете алмай, басқа нәтеже көрсетілуі мүмкін. Жоба жазғанда оқушылардың ізденісі, жауапкершілігі, бір-бірінің еңбегін бағалау яғни, ұжымдық қызметі айқындалады. Жоба таңдау кезінде мұғалім өтілген тарау бойынша оқушыларға тақырыптар ұсынады. [1]

Жобаны жазудың кезеңдері:

1-кезең. Жобаның тақырыбын ұсыну.

Бұл кезде миға шабуыл әдісі қолданылып, әр оқушы өзіне ұнаған тақырыбын айтады. Мұғалім оқушылардың ұсыныстарын қабылдау қажет. Тақырыпты талқылаған кезде оқушылар бәрі бірдей сөйлеп, шу болып кетпеуін қадағалау керек.

2-кезең. Жобаның белгілі бір тақырыбын таңдау.

Мұғалім оқушыларды белгілі бір тақырыпты нақты таңдауға итермелейді. Осы жерде мектептің оқу материалдарының мүмкіндігі ескеріледі.

3-кезең. Жобамен жұмыс жасаудың әдістері мен ресурстарын, қорытынды ұсынудың формасын таңдау.

Ресурстар мен әдістерді таңдау: тәжірибе жасау, сауалнама алу, диаграмма жасау, нәтежелерді кестеге жазу, макетін жасау, график тұрғызу және т.б

4-кезең. Жобамен жұмыс.

Жоба берілген уақыттың негізгісін алады, мұғалім уақытты өзі белгілейді, кеңес береді. Оқушылар іздеу, тану жұмыстарын орындайды. Көбіне сабақтан тыс уақыт пайдаланылады.

5-кезең. Жобаны ұсыну. Жұмыстар қорытындысымен жұртшылықты таныстыру (презентация). Мұғалім экспертизалық жұмысты ұйымдастырады. Мысалы, эксперт ретінде жоғары сынып оқушыларын немесе ата-аналарды шақыруға болады.

6-кезең. Орындалған жұмысты талдау, бағалау (рефлексия). Мұғалім оқушылардың іс-әрекетін педагогикалық тұрғыда бағалайды, оқушылардың ынтасын ескереді.

Жобаның қорытындысы сабақ кезінде, сабақтан тыс яғни апталықтарда, конференцияларда, сынып сағаттарында ұсынылады. Осыған орай төменде 5-сыныпқа арналған «Қайталанған өлшеулер кезіндегі арифметикалық орташа шаманың тенденциялары» тақырыбындағы зерттеу сабақты ұсынып отырмын.

Сабаққа қажетті құралдар: сызғыш, жапырақ.

Оқушыларға ғылыми негізде бағдар беру, олардың өз бетінше жұмыс істеуіне басшылық жасау, өз жұмысын қорғауға үйрету.

Жобаны ұйымдастыру кезеңінде оқушылар 2 топқа бөлінеді.

1-топ. Оқушылар бойының арифметикалық орташасын зерттеу.

*Зерттеу бағыттары:*

Топтағы оқушылардың бойының арифметикалық орташа мәнін анықтау.

Оқушының аты	Өлшеу нәтижелері	Арифметикалық орташа мәні

*Зерттеу әдістері:*

- Тәжірибиелер, жоспарлау, қорытынды жазып алу, анализдеу.
- Оқулықпен, қосымша әдебиеттермен жұмыс.

*Жұмыстың қорытындысы:* кесте, есептеу нәтижелері

2-топ. Жапырақтардың арифметикалық орташасын зерттеу.

*Зерттеу бағыттары:*

- Бір ағаштың 10-15 жапырағын алып, ұзындығы мен енін өлшеу.
- Неліктен өлшеу нәтижелері әр түрлі болуын зерттеу?

*Зерттеу әдістері:*

- Тәжірибиелер, жоспарлау, қорытынды жазып алу, анализдеу.
- Оқулықпен, қосымша әдебиеттермен жұмыс.
- Оқулықпен жұмыс.

*Жұмыстың қорытындысы:* кесте, есептеу нәтижелері

Жобаға қатысушылардың негізгі міндеті – зерттелетін тақырыпты таңдау. Жаратылыстану пәндерін оқытуда жобалау іс-әрекеттің көрсетілу түрлері:


- Баяндама;
- Ғылыми жоба;
- Макет;
- Модель;
- Ғылыми конференция;

Жобалап оқыту технологиясының белгілері: өз бетінше ойланып, жұмыс істей білуі, өз білімі мен біліктілігін практикада қолдануы, керекті ақпаратты жинау, іздену іскерлігі, жан – жақты болу, зерттеу қабілетінің болуы, нәтижелерден қорытынды шығаруы, оқушының қызығушылығы арқылы белсенділігінің артуы, логикасының болуы жатады. [3]

Жобалап оқыту технологиясының ерекшелігі: жеке басының іскерлігі, топпен жұмыс істей білу, топта өзін ұстай білу қабілеттілігі, өз ойын еркін жеткізе білуі, өзін көрсете білуі, ойлану бағытында және практикалық жұмыс бағытында өзінің шешім қабылдауы, әр іске жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді. [2]

Жобалап оқыту технологиясы оқушы біліміне әсерін тексеру мақсатында 5 сынып бақылауға алынды. Нәтежесінде оқушылардың өз бетінше ойланып, жұмыс істей білуі, зерттеу қабілетінің өз білімі мен біліктілігін практикада қолдана алуы, нәтежелерден қорытынды шығару бағыттары бойынша анықталды (1 сурет).

*5 сынып оқушыларының бақылау көрсеткіші (1 сурет).*



Жобалап оқыту технологиясы – оқушылардың шығармашылық белсенділігі тәжірибе кезінде айқындалады. Зерттелетін объектіге жан-жақты қарау, өз бетінше шешім қабылдау, сонымен қатар жаңа білім алу тәсілі –жеке бас қасиеттері арқылы қалыптасады. Бұл әдісті қолдану нәтежесінде оқушылардың шығармашылық зерттеу дағдылары жетіледі. Оқушылар өз ойын дәлелдей алады, әр жағдайда нақты таба білуге, өзгелермен қарым-қатынас жасауға үйретеді. Жобалап оқытуда мұғалім әр оқушыға жеке жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Тәжірибе жүргізу кезеңінде әр оқушы, өз жұмысына жауапкершілікпен қарайды. Әркім өз ойын айтуға құқығы бар және өзге оқушылардың ойын тыңдауға міндетті. Сәйкесінше, құзырлықты қалыптастыруға мүмкіндік беретін әртүрлі әдістер мен технологияларды, оның ішінде жобалап оқыту технологиясын қолдану арқылы, мұғалім оқушыларды болашақта өмірлік жол табуына жетелейді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004.
2. Өстеміров Қ. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. Алматы, 2007.
3. Клипатрик У.Х. «Метод проектов. Применение целовой установки в педагогическим процесс» (1928) – цит. По «Педагогическая логика. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» / Спец.прилож. к журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып.четвертый, 2003 – с. 6.

## **ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ВОПРОСАХ СОБСТВЕННОГО ЗДОРОВЬЯ**

По международной программе центральное место занимает «грамотность», которая в настоящее время представляется еще и как функциональная грамотность. Большое влияние на развитие мирового образования показали Международные исследования (PISA) . Коснулось это и нашей страны. Известно, что показатели Казахстана оказались намного ниже стран ОЭСР. Несмотря на высокие предметные знания и умения, ученики нашей республики затрудняются в применении своих знаний в повседневной жизни, а также теряются в работе с информацией, представленной в различной форме.

Функционально грамотная личность - это личность, которая свободно ориентируется в общественном мире; способна быть самостоятельной в выборе и принятии любых решений; способна нести ответственность за себя; обладает ключевыми компетенциями по различным областям знаний; легко адаптируется в любом социуме; владеет современными информационными технологиями.

Одним из факторов развития функциональной грамотности является владение информацией о состоянии собственного здоровья. Большая часть нагрузки человека смещается с физической деятельности на интеллектуальную сферу. Поэтому выросла роль физической культуры, которая должна восполнить эту проблему. На уроках физической культуры прививается сознательное отношение к своему телу, физическому состоянию, воспитанию ведения здорового образа жизни[1].

Чтобы для ученика ведение здорового образа жизни стало не просто общей фразой, а сознательной потребностью, необходимо достичь функциональной грамотности в осознании того, что нужно самостоятельно целенаправленно укреплять собственное здоровье.

Помочь ребенку в этом деле должен педагог, используя личностно-ориентированные методы обучения и воспитания.

Основы мониторинга деятельности учителя физической культуры:

1. Уровень физического развития ребенка.
2. Уровень двигательной подготовленности учащихся.
3. Уровень технической подготовки ученика.
4. Уровень знаний учащихся в области физической культуры и здорового образа жизни.
5. Состояние здоровья школьника и его адаптационные возможности.
6. Соответствие нагрузки, согласно возрастным, половым и индивидуальным особенностям учащихся.
7. Качество самоподготовки учащихся.

При работе с учениками старших классов я использую методику мониторинговых исследований физического развития и физической подготовленности обучающихся. Целью методики является – дать знания, умения и навыки, необходимые для оценки показателей собственного здоровья, развития физических показателей.

Для оценки показателей здоровья обучающихся использую методику Геннадия Леонидовича Апанасенко. Данная методика включает в себя ряд тестов, по результатам которых можно объективно судить о жизненной емкости легких, о частоте сердечных сокращений до и после выполнения физических нагрузок, времени восстановления частоты

сердечных сокращений, о степени наступления утомляемости, а также о характере физического развития и мышечной силе обследуемых[2].

На первом этапе ученики знакомятся с методикой и параметрами, характеризующие физическое развитие. На втором этапе проводим исследование физического развития с использованием методик:

соматометрических – длина тела (рост), масса тела (вес); физиометрических - жизненная емкость легких, мышечная сила кистей рук (кистевая динамометрия). Разъясняется выполнение проб и тестов. Подробно объясняется, как вести расчетные формулы и критерии оценивания.

На третьем этапе проводим оценку показателей здоровья, которую получаем путем фактических измерений, выполнений проб и тестов, характеризующих в том числе и адаптацию организма к физической нагрузке, и уровень физического состояния испытуемого. Все измерения выполняются в медицинском кабинете школы с помощью медработника, вычисления на теоретических уроках физкультуры.

Выполнение проб и тестов не представляют большой сложности. Ребята, начиная с 8 класса, свободно справляются с измерениями. Научившись выполнять его в школе под руководством учителя, ребята смогут выполнять экспресс-оценку собственного здоровья самостоятельно дома для себя и для своих близких.

Методика определения физического здоровья включает в себя 5 уровней: низкий, ниже среднего, средний, выше среднего и высокий.

Были измерены следующие показатели (в состоянии покоя):

жизненная емкость легких (ЖЕЛ), частота сердечных сокращений (ЧСС), артериальное давление (АД), масса тела, длина тела, динамометрия кисти.

Исходя из результатов измерения были рассчитаны жизненный индекс (ЖИ), силовой индекс (СИ), индекс Робинсона, массовый индекс (соответствие массы тела росту обследуемых), проба Руфье.

Техника проведения пробы Руфье

Перед тестированием ребенку нужно спокойно посидеть 3-5 минут, после чего измерить пульс за 15 сек два-три раза, пока не будет получен одинаковый результат — это будет значение P1, записать.

За 45 сек. ребенок должен выполнить 30 глубоких приседаний с вытянутыми вперед руками. Во время приседаний для исключения задержки дыхания рекомендуется считать вслух. После этого снова измерить пульс за 15 сек — это будет значение P2, записать.

Дать ребенку спокойно посидеть 1 мин и снова подсчитать пульс – P3, записать. Подсчитать индекс Руфье по формуле  $(4 \times (P1 + P2 + P3) - 200) / 10$

Уровни функционального резерва сердца определяются с учетом пяти градаций: менее 3 – высокий уровень; 4-6 – выше среднего (хороший), 7-9 – средний; 10-14 – ниже среднего (удовлетворительный) и более 15 – низкий.

Более точный результат можно получить, если полученный показатель сравнить с таблицей значений пробы в зависимости от возраста.

Индекс Робинсона - индекс работы сердца отражает уровень гемодинамической нагрузки на сердечно - сосудистую систему и характеризует работу сердечной мышцы

Индекс Робинсона можно посчитать по формуле:  $(ЧСС \times \text{Систолическое АД или "Верхнее АД"}) / 100$

Как мы видим, рассчитать данные показатели детям не сложно.

В процессе таких уроков ребята начинают задумываться о своем здоровье. Умение оценить собственное здоровье по простым тестам и результатам самоконтроля имеют личностную ценность для каждого ребенка. Укрепление и восстановление здоровья с помощью физических упражнений и спорта, использование оздоровительных сил природной среды, гигиенических факторов, отказ от вредных привычек и асоциального поведения приобретает особую важность и актуальность.

Полученные результаты по перечисленным выше показателям оценивались в баллах. Сумма баллов по всем пяти показателям была сопоставлена со шкалой, исходя из чего и определялся уровень физического здоровья учащихся. из 8-9 классов (таблица 1).

Уровни	ЖИ жизненный индекс	СИ силовой индекс	Индекс Робинсо на (уч)	Соответствие массы длине тела (уч)	Индекс Руфье (уч)	Уровен ь здоровь я (%)
Высокий	5	3	7	15	1	5
Выше среднего	11	10	6	14	2	7
Средний	16	14	16	13	19	62
Ниже среднего	13	10	9	4	17	39
Низкий	6	14	13	5	12	40

Таблица 1

Лучшие результаты у испытуемых по показателю соответствия массы длине тела (15 учеников высокий уровень и 14уч. – выше среднего), а худшие – по результатам пробы Руфье (только 1 обследованных имели высокий уровень и 2 – выше среднего) и индексу Робинсона (7уч , высокий уровень и 6 уч – выше среднего).

По показателям жизненного индекса преобладал средний уровень 16 уч., а силового индексов одинаковые результаты средний и низкий уровень по 14 учеников.

В целом, наибольшее число испытуемых (62 %) имели средний уровень здоровья, в свою очередь меньше всего испытуемых были с высоким уровнем здоровья (5 %)

Определяем показатели уровня физической подготовленности по уровню развития шести жизненно необходимых физических качеств: координационных (бег 3х10м, прыжки через скакалку), скоростных (бег 30м, 60м, 100м), силовых (подтягивание, отжимание, вис на перекладине), скоростно-силовых (прыжок в длину с места, подъем туловища за 30 сек.), гибкости (наклон туловища вперед характеризует способность гибкости в позвоночном столбе), выносливости (бег на 1000 м, 2000 м, 3000 м, передвижение на лыжах),

Увеличивая количество тестов по уровню физической подготовленности, учащимся дается возможность свободного выбора тех упражнений, которые ему лучше удаются. Анализируя результаты тестирования каждого ребенка, ясно вырисовывается картина об уровне его физической подготовленности (низкий, средний, высокий).

Полученные результаты сравниваются с результатами намеченных планов и в дальнейшем ведется работа над коррекцией процесса физической подготовки, если это необходимо. Таким образом, ученик учится самостоятельно определять свой уровень физической подготовленности, планировать необходимые для себя виды физических упражнений, появляется стимул к дальнейшему развитию своего физического состояния.

Таким образом, внедряя в процесс занятий методику мониторинговых исследований физического развития, дети начали понимать важность здорового образа жизни, значимость уроков физической культуры в организации и развитии физических качеств. Овладели знаниями о функциональных возможностях своего организма, научились составлять содержание занятий на основе анализа собственных результатов физического развития.

Эти изменения личностного характера и есть показатели формирования функциональной грамотности учащихся в сфере созидания собственного здоровья. Так как проявились

действия ученика - «изучать», «находить», «мыслить», «содействовать», «приниматься за дело».

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Колбанов В.В. Валеологический практикум. Учебное пособие. 3-е изд., испр. и дополн. - ЭЛБИ-СПб, 2011. 224 с.

2. Ланда Б.Х. Мониторинг физического развития и физической подготовленности учащихся. – М.: Педагогический университет «Первое сентября», 2008. 56 с.

*А.Т.Жумагулова*  
*қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі*  
*№101 мектеп-лицейі, Қарағанды қ.*

## ЫБЫРАЙ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Артына өшпес із қалдырған дара тұлғалар, ғұламалар мен ойшылдар ұлттың мақтанышы ғана емес, тағдыры мен тағлымын үздіксіз зерттеуді талап ететін жұмбақ жандар. Олардың шығармашылық мұрасы, терең ой-тұжырымдары мен атқарған істері тарихпен, заманмен астаса қабысып, тіпті бүгінгі күннің, болашақтың өзекті мәселесі болып қала бермек. Осындай тұлғалар қатарында Ыбырай Алтынсарин бар. Ол – қазақ қоғамында білім беру ісінің көшбасшысы ретінде танылған ұлы ағартушы.

Функционалдық сауаттылықты бала тәрбиесінен тыс қарастыра алмаймыз. Инновациялық технология, инновациялық білім-ғылым тәрбиесіз өз шешімін таппайды. Адамзатқа бақыт сыйлау үшін білім-ғылым тәрбиемен ұштастырыла қатар жүргізілмесе, қоғамның дерті асқынады. Ұлттық үлгі-өнегеміз бен тәрбиемізді функционалдық сауаттылықтың талаптары мен міндеттеріне бағыттай отырып, сапалы білім берудің технологиялық тетіктерін шығармашылық ой еңбегіне бағыттау абзал.

Ы. Алтынсарин тәлім-тәрбиенің ХХІ ғасырдағы өзекті тақырыптарының бірі – әлеуметтендіру мәселесін сол кезде-ақ көрегендікпен көтере біліп, өз заманына лайықты нақты шешу жолдарын да таба алған. Ағартушы ұйымдастырған оқу орындары сапасы жағынан сол кезеңдегі озық орыс оқу орындарымен иық теңестіре алатын. Сондықтан да өз заманында Ыбырайды жаңашыл әдіскер ұстаз, ғалым этнограф, саралы ақын, сарабал жазушы, қазақтың балалар әдебиетінің негізін салушы, қазақтың зайырлы мектеп жүйесінің ірге тасын қалаушы, асқан дипломат ретінде таныды. Осыған орай С. Сейфуллин *«Ыбырай ақын, жазушы, ғалым»* атты мақаласында оны қазақ әдебиетін Еуропа жолына, өнер жолына бұруды тұңғыш бастаған ең жаңашыл, суретші ақын әрі өз заманында қадірлі болған деп санайды. Расында оқуға талпына бастаған қазақ жастарына Ыбырай айрықша болған адам. «Кел, балалар оқылығын» жатқа білмеген оқушы болмаған. Ы. Алтынсариннің шығармаларында қазақтардың өмірі шыншылдықпен бейнеленді. Оларда білімге, ғылымға деген құлшыныстың қажеттігі кеңінен насихатталды. Жастарды оқу-білімге шақыра отырып, ол өзге халықтардың мәдени өмірін, олардың ғылымда қол жеткізген табыстарын үлгі-өнеге ретінде мысалға келтірді.

Ы. Алтынсарин қарапайым халықтың қамын ойлады. Ол өз ғұмырының соңғы кезеңінде былай деп жазды: «Мен түбегейлі терең сеніммен туған халқыма шамамның келгенінше пайдамды тигізсем деген ниетімнен ешқашан бас тартпаймын».

Ыбырай ашқан мектептердегі білім саласы ғылыми ұстанымдарға негізделген толық, зайырлы құрылымда қамтылған деуге болады. Қазақ мектептеріндегі білім саласында ғылым



мен өнер, техника мен технология саласында ғасырлар бойы жиналған тәжірибені негіздеп алған болатын.

«Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау болмаса, адам басқа жануар сықылды заттарды, көріністерді құр жадына, есіне ғана алып, жат бір көрініс ұшыраса, оны шеше алмайтын, түсіне алмайтын бір жан иесі ғана болар еді. Келешекте не болатынын, тұрмысы қалай өзгертінін білмейтін бір саңлаусыз соқыр болар еді. Адам ойлау арқасында ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларды бар қылған себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Қысқасы, ойлай білетін адам – шын мағынасымен адам» деп, Ыбырайдың ой топшылауы – функционалдық сауаттылықтың жауапты қызметіне дәлме-дәл, айна қатесіз берілген анықтама.

Ыбырай педагогикасы – функционалдық сауаттылықтың атқаратын функциясын ғылыми тұрғыда жан-жақты зерделеп, оны іске асырудың амал-тәсілдері физиологиялық, педагогикалық тұрғыдан да сауатты түрде дәлелденген. Бүгінгі заманның сұранысы мен талабына, талғамына жауап беретін таңғажайып, таңғаларлық дайын ғылыми еңбек!

Осы орайда мектеп бағдарламасында берілген әдеби шығармалардан бірнеше үзінділерді мысалға келтірейін. 11-сыныпта берілген О.Бөкейдің «Атау-кере» романынан: «Табиғат ием-ай, тамашаң қандай көп еді... Әдемі, шыншыл, ақылды, сондықтан да адамдар секілді қателеспейді. Табиғат мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдап-арбамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені оның жүрегі таза. Табиғат бізді алдаған емес, тек өзімізді өзіміз ғана қан қақсатамыз, қан жоса қыламыз» деген үзіндіні түсінгенде оқушылар әсерленді, ойдан ой туып, сұрақтарды қарша боратты, талдау барысында адамға ғана айтылатын «әдемі, шыншыл, ақылды» қасиеттерінің табиғатқа тән айтылу себебіне ой жүгірте отырып, барлық асыл қасиет адамға тек табиғаттан берілетіндігіне көз жеткізді. Табиғат пен адам арасындағы ерекше бір мәңгілік үзілмейтін байланыс туралы терең әңгіме қозғады... Нәтижесінде табиғат-ананы «жан-тәнімен сүю, қадірлеп қастерлеу, аялап күту» ұғымдарына терең мән бере бастады, табиғаттың арқасында өсіп-өніп, ел болып, ержетіп жатқандарын мойындады. Әрқайсысы өзінше бір қорытындыға келіп, ой топшылады...

Білім алушыларға білім беруде, тәрбиелеу ісінде Ыбырай Алтынсариннің педагогика саласындағы идеяларының өнегелі тұстарын қолдану маңызды деуге болады. Себебі, Ыбырай саналы ғұмыры мен еңбектерін үлгілі-өнегелі ұрпақ тәрбиелеу ісіне арнаған ағартушының мұрасын «мәңгілік өнеге» мектебі деп мақтанышпен айта аламыз. Қазіргі таңдағы бала тәрбиесінде білім алаушыларды жақсы мінез-құлық пен имандылыққа үйретуде әр ұстаз Ыбырай шығармаларымен терең танысып, жете түсінгенде ғана баламен жұмыс жасаудағы білімділік пен тәрбиелік істері нәтижелі болмақ. Қоғамдағы, білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен білім алушы арасындағы байланыс ағартушының пәлсапалық тұжырымдарында негізге алынған.

Демек, бүгінгі таңда ұстаз өз сабағында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын ашық айтып, еркін ойын жеткізе білуге үйретеді. Ыбырай ұсатамыздың да білім беруде ұстанған ұстанымы осы тұрғыда айтылып, жазылған. Білім саласында ағартушының тың идеялары мен ойлары, талғамы жетерлік.

Қазіргі күні бала тәрбиесінде өзекті мәселеге айналған еңбек, тәртіп, тәрбие идеялары Ыбырай педагогикасында зерттелген. Ағартушы әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды.

«Еңбек – байлық атаулының негізі. Ол бүкіл адамзат өмірінің алғы шарты. Адамның өзін жасаған еңбек», - деп Ыбырай Алтынсарин ғылыми түрде атап көрсеткен болатын. Сондықтан да, білім алушыларды еңбек етуге, кәсіпке бейімдеуде әр пән мұғалімі өз сабағында халқымыздың еңбекке баулу тәсілдеріне назар аудару қажет деп ойлаймын. Қонақжайлылық, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлық, мейірімділік, еңбекке үйрететін әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді пайдалану.

«Тәртіптің шындыққа айналуы тәртіптілік сезімін тудырады» деген ұлы ұстаз тәртіп, тәлім-тәрбие мәселесін жоғары орынға қойған. Мектеп ережесі, оқушының өзін ұстауы, үлкенді сиалау, ізеттілік, әдептілік қағидалары да бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бір болып табылады. Еңбекке баулу, өнегелі істерді алға тартуда, адамның мінез-құлқының қалыптасуындағы ерекшеліктерін ағартушы «бай баласы пен жарлы баласы» шығармаларында қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті сипаттай келе, адам бойындағы игі қасиеттер мен жағымсыз тұстарын саралауға бағыттайды. Сонымен қатар, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесін оқушылармен бірге тәрбиелік мақсатта терең талдау жасай отырып, білім алудың, ізденудің нәтижесінде үлкен жетістікке қол жеткізе алатыны туралы пікір алмасу.

Білім беру саласын дамытудағы ең бір тиімді жолы – ұтымды, заманауи технологияларды тиімді қолдану болып табылады. Ұстаз алдындағы оқушының қабілетін ашуда көп ізденуді, көп еңбектенуді қажет етеді. Өз заманында ағартушының да ұстаздарға қойған талабы осы болатын. Ұстаз беделін көтеру арқылы, білім беру саласында талап қою.

Ағартушының ұшан-теңіз еңбегі қазақ халқының экономикалық дамуына, білім көкжиегінің кеңеюіне, рухани және мәдени гүлденуіне игі ықпал етті. Оның есімі халықтың есінде мәңгі сақталады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. А, 1975
2. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. А, Ана тілі. 1991
3. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969

*Ж.Т.Жулбаева*

*қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі*

*«Е.А.Букетов атындағы ЖББМ» КММ, Қарағанды қ.*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Бүгінгі күннің басты мақсаты Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын жеке тұлғаны дайындау. Әлемге жаңаша қоғамда болып жатқан өзгерістерге бейімделіп шұғыл шешімдер қабылдай алатын, шығармашыл, жасөспірім жеткіншектер, белсенді тұлғалар ауадай қажет. Заман талабына сәйкес олардан өмірден білім алуды яғни, оқушыларға өзін-өзі басқаруға, қоршаған ортаны, экологияны ұғу, күнделікті өмірдегі жағдайларды шешуге, бірлесіп әрекет жасауға, өзара әңгімелесуге, өз ойын жеткізуді талап етеді. Функционалды сауаттылық педагогикалық теория тәжірибеде құзыреттілік аясында қарастырылып отыр. Функционалды сауаттылық арасында оқу және оқыту деңгейлік тапсырмаларын дұрыс, нақты мұқият, топтасып жұмыс істей отырып, бір – бірімен тығыз қатынаста өз білімін ортаға салып, көпшілік алдында сөз сөйлеуді үйренеді.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалды – коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты болуы керек. Қай сыныпта болмасын, оқытудың коммуникативтік мақсаты негізге алынады. Оқулық бағдарламасы оқушылардың өтілген тақырыптарға сәйкес ауызекі сөйлеу дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Ауызекі сөйлеудің ең көп тараған және тіл қатынасындағы соғұрлым табиғи түрі – диалог. Диалог – тіл дамыту үшін, тілдік орта туғызу үшін қолданылатын басты

әдістердің бірі. Коммуникативтік қызметі бойынша диалогта төмендегідей әрекеттер жүзеге асырылатынына көз жеткіздім:

- ✓ Ақпарат алу және жинақтау
- ✓ Ақпаратқа өзінің көзқарасын білдіру
- ✓ Бір нәрсе жайлы мағлұмат беру және жаңа қосымша мағлұмат алу

Тілді үйрену сөйлеу үлгілері мен жағдаяттар арқылы жүргізіледі. Бұл тілді үйренуде оқушылардың қызығушылығын оятады. Жалпы білім беретін мектептердің білім беру бағдарламалары мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Яғни, орыс мектептерінде өтілетін қазақ тілі сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге үйрету. [1] Біз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Себебі, жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бұл мақсатқа жету үшін қажетті дағдылардың дамытылуы – түрлі формадағы қарым – қатынасты бағалайтын әрі қолдайтын, оқушының өз пікірі мен көзқарасын сенімді түрде білдіре алатын ортаның көмегі мен ынталандыруы арқылы жүзеге асырылады. «Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» мұғалімдердің, пән арқылы ауызша және жазбаша коммуникация дағдыларын қалай дамытатыны байқатады.

Айтылым – адамдардың бір – бірімен тілдесуі барысында өз ойын, пікірін жеткізуі. Сөйлем әрекетінің айтылым түрі қатысым әрекеті арқылы іске асады. Тіл үйрену сабағында ұжымдағы, жұптағы оқу іс – әрекетін қатысымдық негізінде ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі зор. Бұл ретте мұғалім оқушының жеке қабілетін, мінез – құлқын ескеру керек. Айтылым әрекетінде қатысымдық ойындар, тақырыпқа сәйкес жағдаяттық тапсырмалар, жоспар бойынша шағын мәтін құруға, диалогты ұйымдастыруға болады. Оқушылар орындау кезінде бір – бірімен қатысымдық әрекетке түседі. Оқушы ақпарат алып қана қоймайды, практикалық сөйлеуге дағдыланады, өз ойын түсінікті жеткізуге, қарсы сөйлеушінің сұрағын, пікірін бірден түсініп, жылдам жауап беруге үйренеді, сондай-ақ оқушыны алғашқы күннен сөздік жұмысын жүргізіп өз пікірін жеткізуге, басқа да көмекші құралдардың көмегімен еркін сөйлеуге үйренеді. Сондықтан қазақ тілін меңгертуге сөздік жұмысының орны ерекше.

Сөздік жұмысы – тіл дамытудың іргетасы, оқушыны жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға мүмкіндік береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Сөздік жұмысының ерекшелігі: тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, жұмбақ, мақал-мәтелдер білу арқылы баланың тілі дамиды. Оқушы сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Ал, сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты.

Дегенмен, мен іс-шараларға оқушыларыма өлең, тақпақ пен ән жаттатқызамын.

Отаным менің – Қазақстан,

Мәңгілік сенімен мақтанам.

Саянда жүрсем әрдайым,

Күлімдеп жүрем бақ табам.

Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстырды аңғара білуге мүмкіндік береді. [2] Сөз байлығының аздығы оқушылардың өз ойын ауызша, әрі жазбаша, жүйелі жеткізуіне қиындық келтіреді. Сондықтан сабақта сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор. Біріншіден, ол оқушының сөз байлығын молайтып кеңітсе, екіншіден, үйренген сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді де, ал үшіншіден, сөзді үйрену арқылы тіл нормасымен сөйлеп үйренеді. Сөздік қорды байытудың негізгі көзі – оқулықтағы мәтін, тапсырмалар және мұғалімнің сөзі. Сөздік жұмыстарының ең

маңызды бөліктерінің бірі – оқушылардың үйренген сөздерінің белсенділігін арттыру. Ол үшін сабақ сайын жүйелі түрде арнаулы тапсырмалар ойластырып отыруы керек:

- ✓ Үйренген сөздерін кірістіріп, сөз тіркестерін құрау;
- ✓ Үйренген сөздерін қатыстырып, сөйлем құрау;
- ✓ Осы сөздерді қатыстырып, мәтінге жақын әңгімелеу;

**Мысалы:**

Кәмпит – тәтті кәмпит – Мен тәтті кәмпит жедім.

Дүкенде тәтті кәмпит бар.

Аула – біздің аула – біздің аула таза – Біздің таза аулада әткеншек бар.

Оқушы өзінің үйренген сөздерін ауызекі сөйлеу тілінде қолдана білсе, оның ақыл – ойын дамытуға әсер етеді. Демек, сөзді орынды қолданып, оның мағынасын жетік білетін бала өз бетімен сөйлем құрап, оның мағынасын түсініп, сөйлеу тілінде шебер қолданатыны сөзсіз. Грамматиканы жақсы меңгерген оқушы сөз тіркесін дұрыс біліп, сөйлем құрастыра алады. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады.

Сабақтарда оқушыларды белгілі бір тақырыптарды талқылауда серіктестерімен отырғызу – пайдалы. Себебі, меңгерген оқушы нашар оқушыға қолдау көрсетіп, бірлесе ортақ шешім шығарады. Мұндай тәсілде оқушы жан – жақты ашылады, пікір білдіруде ең озық ойлыларымен суырылып алдыға шығады.

**Мысалы:** «Көктем» тақырыбына сөздерді атап, сөз тіркестерін айт.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдіресінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім біліктерден көрініс табады. [3] Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс – әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы ортамен қарым – қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік – мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» - 2015.№1.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» - 2015.№6.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» - 2017.№6.

*С.Е.Жунусбеков*  
*көркем еңбек пәні мұғалімі*  
*«№27 ЖББМ» КММ, Қарағанды қ.*

**«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ  
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Функционалдық сауаттылық-адамның алған білімі мен дағдыларын әлеуметпен өзара әрекеттесу жағдайында пайдалану қабілеті (банкте шот ашу, нұсқаулықты оқу, кері байланыс сауалнамасын толтыру және т.б.), яғни бұл адамға сыртқы ортамен қарым-қатынас орнатуға және онда функциялар орындауға мүмкіндік беретін сауаттылық деңгейі. Бұл жылдам өзгеретін қоғамдағы барлық адамдарға қажет қолданбалы білімдер негізінде әртүрлі қызмет салаларындағы өмірлік мәселелерді шешу қабілетінен көрінеді. [1]

Жалпы білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, машықтарын иелену болып табылады. [2]

«Көркем еңбек» оқу бағдарламасының мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалдық сауаттылықты арттыру, шынайы өмірге шығармашылықпен қарайтын тұлғаны тәрбиелеу.

Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды бес ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады:

- Визуалды өнер;
- Сәндік-қолданбалы өнер;
- Дизайн және технология;
- Үй мәдениеті;
- Тамақтану мәдениеті.

Аталған бөлімдердің алғашқысына қысқаша тоқталатын болсақ: «Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны: Классикалық және заманауи өнер; Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы; Бейнелеу өнері жанрлары мен түрлері; Сандық өнер (фото-сурет, анимация, медиа құралдар); Бейнелеу (визуалды) өнерінің көркем тәсілдері; Көркемдік материалдар және техникалармен эксперименттеу бөлімдерін қамтиды. Байқап отырғанымыздай «Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны мұғалімнен жан-жақты бейнелеу өнері саласының заманауи бағыттары бойынша хабардар және сауатты болуды талап етеді. Көркемдік, ақпараттық, креативті ойлау және цифрлық сауаттылықтарын оқушы бойында қалыптастыру арқылы бөлімде қарастырылатын ақпараттардың мәні ашылады деп болжам жасалады. Бөлімдердің басқа түрлерінде: тұрмыстық, денсаулық саласындағы, технологиялық қаржылық сауаттылықтарын қалыптастыру жолдары қарастырылады.

Бұрынғы бағдарламаға жақын болғанымен өзінше алға қояр мол мүмкіндіктерді байқауға болады; заманауи материалдар түрлері, өңдеу құралдарын білу және қолдана білуге міндеттейді.

Функционалдық сауаттылық, оқыту мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша қалыптасады. «Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі. [3]

«Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі.

«Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі.

Көркем еңбек пәнін оқыту барысында төмендегідей функционалды сауаттылық компоненттерін қарастыруға болады:

Көркемдік сауаттылық-функционалды сауаттылық компоненттері: көркем суреттерді бағалау және талдау білігі;

Денсаулық саласындағы сауаттылық-функционалды сауаттылық компоненттері: денсаулыққа қатысты ақпаратты түсіну және ұғыну;

Ақпараттық және оқу сауаттылығы-функционалды сауаттылық компоненттері:

-нақты тапсырманы орындау үшін ақпарат іздеу;

-мәтіндегі негізгі ойды айқындау;

-әртүрлі көздерден алынған ақпаратты жалпылау;

Креативті ойлау-функционалды сауаттылық компоненттері: шығармашылық идеяларды қалыптастыру;

Технологиялық сауаттылық-функционалды сауаттылық компоненттері: дизайн процесін түсіну.

Цифрлық сауаттылық-функционалды сауаттылық компоненттері: компьютерлік бағдарламаларды қолдану қабілеті;

Жоғарыда келтірілген функционалды сауаттылықтардың бірін: көркемдік сауаттылықты 5-сыныпта «Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны негізінде қарастырсақ:

**Функционалды сауаттылық** компоненттері: көркем суреттерді бағалау және талдау білігі;

**Сабақтың тақырыбы:** Пейзаж. Ауа перспективасы. Табиғатпен үйлесім.

**Оқыту мақсаты:**

5.1.1.1 Қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік)

5.2.1.1 Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану.

**Тапсырма:** Қайта өрлеу дәуірінің атақты итальян суретшісі Леонардо да Винчи /15 ғ./ «Ауа перспективасының өзіндік заңдылықтары» атты картинасын қарастыр және мына сұрақтарға жауап бер:



**Сұрақтар:**

1. Суретте қандай жанр бейнеленген? Суреттің композициясы қалай орналасқан?
2. Суретте түстер қандай реттілікте орналасқан?
3. Суретші сезімін немесе эмоциясын қалай білдірді?
4. Суретші ауа перспективасында кеңістікте түстерді қалай қолданған?
5. Осы өнер туындысында жылдың қай мезгілі суреттелген?

Аталған оқу мазмұнын пайымдай келе, іс-тәжірибеде біршама жұмыстар атқарылды. Мұғалім мен оқушының арасындағы оқу іс-әрекетінің негізгі құралы-оқулық. Бірақ оқу үрдісінде тек оқулық мазмұнымен шектеліп қалсақ онда оқушының қабілет деңгейін, дарындылығын дамыту жолын тежеген боламыз. Сондықтан сабақта және үйге тапсырма бергенде баланың пәнге деген қызығушылығына және өз бетімен ізденуіне назар аударамын. Оқу үрдісінде топпен жұмыс жасау барысында, зерттеу жұмысын жүргізуде ақпараттық сауаттылықтарын арттыру мақсатында тапсырмалар беріледі. Оқушылар ұялы телефондарын интернет жүйесіне қоса отырып, ақпараттар жинақтап, постерге сызба-суретті салады. Топтық жұмыс нәтижесінде берілген тақырып бойынша оқушылар өз жұмыстарын шығармашылықпен дайындап, ортаға салады.

Оқу үрдісіндегі тәжірибе көрсеткендей соңғы бір-екі жылда оқушылардың жаңа пәннің талаптарына бейімделіп қалғандары байқалады және қуантады. Әсіресе зерттеу жұмыстарында оқушылардың бірден интернет желісінде ақпараттар табу, және қорғау жұмыстарында қолданыс табуы, жаңартылған білім берудің өз алдына жақсы жолда келе жатқандығын дәлелдей түседі.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Вершловский С.Г. Матюшкин М.Д. Мектеп бітірушілердің функционалдық сауаттылығы / Әлеуметтік зерттеулер, №5 2007 ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰ, 2012.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 2016 ж.

*А.Қ.Жұмадильдинова  
қазақ тілі мұғалімі  
"Мерей"бөбекжайы КМҚК,Қарағанды қаласы*

## **Ы.АЛТЫНСАРИН - ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІН САЛУШЫ**

"Дала қоңырауы" атанған қазақтың тұңғыш ағартушы-тәлімгері, ғалым әрі этнограф-публицист, жазушы, ақын,қазақ педагогикасының негізін салушы, ұстаз, қазақ тіліндегі тұңғыш оқулықтардың авторы Ыбырай Алтынсариннің ұрпағына қалдырған мұрасы ұлан-ғайыр.

Жаңартылған білім мазмұнының басым бағдарымен жаңа мыңжылдықта білім саласындағы өзекті міндеттерді шешуге бет бұрған бүгінгі тұста, небәрі жарты ғасырға жуық өмір кешкен ұстаздың өнегелі еңбегі халықтық педагогика үлгілерін насихаттауға орасан зор пайдасын тигізуде.

«Патриоттық тәрбие», «Экологиялық тәрбие», «Құқықтық тәрбие» деген атаулардың саны көп болғанымен, сапасы аз, әсіресе, қазақтың өз психологиясына тән "ұлттық тәрбие" берудегі рөлі жоқтың қасы, тәрбие мақсатында жүргізіліп жатқан әрекеттер бар-жоғы іс-шаралар ретінде ғана аталып өткені болмаса, бала санасында түбегейлі өзгерістер байқалмайды. "Жаста білген, басқа сіңген тәлімнің, Өзің өлмей сүйгеніңнен қала алмас"-деп, бабаларымыз тегін айтпағандай, ерте жастан бойына орныққан халықтық тәрбие ұл-қыздарымыздың мәңгілік шамшырағына айналып, рухани байлығын кеңейте түспек. Яғни, ұлттың өзіне ғана тән, басқа ұлтқа ұқсамайтын тәрбие тәсілімен "Бәрекелді, мынау нағыз қазақтың азаматы ғой!" деп таңдай қақтыратын, инабатты, сыпайы, әрі сөз салмағын, мән-мағынасын түсінетін шешен, үлкен-кішіге лайық, құрмет көрсете алатын көреген, іскер, әрі еңбекқор, елінің тізгінін ұстап, ертеңіне нық қадам басатын ұрпағымызды тәрбиелеуде ұлағатты ұстаз Ыбырай Алтынсариннің тәлімгерлік мұраттарына тереңдеп үңіліп, тендессіз ой, сөз маржандарын күнделікті іс-әрекетімізде пайдаланудың берері мол.

"Қазақ хрестоматиясы" оқулығының "Сөз басында" Ы. Алтынсарин туған елінің "азбаған, талап, тілегін біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайтын ой-пікірі еркін халық" екенін айта келіп, "оның келешегі үшін сана-сезім жағынан жоғарылауына, жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрету керек болып отыр" деген. Бұл ойын жүзеге асыру үшін жетекші құрал ретінде қызмет атқарған оқулығына да бала тәрбиесінің сан түріне нұсқау беретін әңгімелері мен өлең-жырларын енгізген.[1]

Адам баласының тіршілік ету көзі – еңбек. Ата-бабамыз "Еңбек түбі –зейнет", "Еңбек етсең емерсің", "А, құдай, жас күнімде еңбек бер, қартайғанда дәулет бер" деп тегін айтпаған. "Баланың жасын кезеңдерге бөлгенде де, "13 жастан отау иесі" деп, 15-тен әрі қарай "ересектер" жасына қосқан. Яғни, атап айтқанда 13 жастағы бала балиғатқа жеткен деп есептеп, барлық үй шаруасын, отбасын, ата-анасын өз қамқорлығына ала бастауға, 15-тен әрі қарай атқа мініп ел аралаған, үлкендер арасындағы әр түрлі қоғамдық әрекеттерге қатысуға бейімдеген. Ата-бабамыз баланы осылай еңбек етуге тікелей мойынсұндыру арқылы әр нәрсеге ықшам, шаруақор, ел алдында, отбасы алдында жауапкершілік сезімі мол ел азаматы етіп тәрбиелеген. Ы. Алтынсарин халқының осынау терең мәнді тәрбие мазмұнын тағылымық шығармаларымен оқулық бетіне түсіріп, балаға білім беруде сабақтастыра дамытуға әрекет еткен

тәлімгер. «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Атымтай Жомарт», «Қыпшақ Сейіткүл» тағы да басқа әңгімелерінде ерінбей істеген еңбектің пайдасы мол екенін көрсете келіп, жастарды халық өсиет еткен бейнетқорлыққа, сол арқылы табысқа кенелуге баулиды. Ыбырайдың "Бай баласы мен жарлы баласы" әңгімесінде жасынан бейнетпен көзін ашқан Үсеннің зеректігі, төзімшілдігі, қиыннан қисын табатын тапқырлығы, адамды данаға айналдыратын еңбексүйгіштігінің пайдасын ашып көрсетуі, кеңес дәуірінде талай жасқа ой салғаны анық.

Қазақ пайдалы кәсіпті дәріптеген халық, аңшылық, егіншілік, ағаш ұстасының өнері мен қолөнер кәсібі – ата мұрамыз. Ыбырай Алтынсарин әңгімелері мен түрлі есептерінде халықтың осы қасиеттерін ерекше насихаттаған. "Қыпшақ Сейіткүл" әңгімесінде отыз үйлі кедейлер отбасына бас болып, Торғай өзенінің бойына қоныстанған Сейіткүлдың егіншілікті кәсіп ету арқылы жыл сайын мол өнім алып қана қоймай, елін еңбекке баулуы баяндалған. «Мұны көріп, әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп қоныстанып, бес-алты жылда Сейіткүл елі, төрт жүз үйге таянды» деп мазмұндалуы, көшпелі халқымыздың бір жерге тұрақталып, белгілі бір кәсіппен айналысуына ықпал еткен. Еңбектің рахаты жайлы ағартушының түйер ойы "Атымтай Жомарт" әңгімесіндегі Жомарттың мына сөзімен тұжырымдалса керек: "...күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем, сол бойыма тамақ болып тарайды, еңбекпен тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сенімділігі болады екен". Әңгіме кейіпкерінің осы айтылған тамаша пікірі, сан ұрпақтың өз еңбегімен нан табуына септігін тигізіп, адал еңбектің айтулы азаматтарын тәрбиелеп шығарды емес пе!? Сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің өміршеңдігін мойындата, ұлтымыздың еңсесі биік, ертеңі жарқын болуы үшін өзінің тілінің, ділінің, өнерінің құдіретін танып, жандарына жақын тұтуына бағыт бере «Талаптың пайдасы», «Білгеннің пайдасы» әңгімелеріндегі сурет пен ұсталық өнерін үйреніп, бойына сіңіріп, кейін мұратына жеткен кедей балаларының талабын оқып танытумыз ұрпағымызды ойлантпай қоймасы анық. Ал, «Зеректік», «Дүние қалай етсең табылады?» атты әңгімелерінде өнерді пайдаға жарату жолдары, қазақ халқының өнерлі адамды «темірден түйін түйген» деп дәріптеп отырғанының, оның кәсібі алдында бас игенінің дәлелі. Ағаштан, түрлі металдан, мал жүндерінен жасалған зергерлік, әшекейлік бұйымдар халқымыздың өзіндік артықшылығын айқындап, қазіргі таңда әлемдік деңгейде ерекше бағаланып отырғанын көріп те, естіп те отырмыз. Өнерге баланы бейімдей, ұқыптылыққа, зейінділікке, шыдамдылыққа, ысырапшыл болмауға тәрбиелегіміз келсе, Ы.Алтынсариннің «Бір уыс мақта», «Дүние қайтсең табылады?», «Байлық», «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімелерін оқып, тәлімдік мәнін ашып түсіндірудің пайдасы да зор болмақ. [2]

Халық арманын жете түсінген тәлімгер-ұстаз өз заманында, «Қазақтар үшін техникалық ауыл шаруашылық және әйелдер мектебін ашу керек, бұл қазақ келешегін дұрыс жолға қояды» деген ұйғарыммен, Торғай даласында қолөнер мектебін, әрі халықтың мұқтажын қамтамасыз етуге орай, жер-жерлерде, ағаш ұстасының өнерін, қыз балалар үшін түрлі бұйымдар тоқу өнерін үйрететін мектептер ашқан. Ы. Алтынсариннің 1888 жылдан қыз балаларды оқытатын мектеп ашу өтініші тек 1891 жылы, ағартушы қайтыс болғаннан кейін ғана, Торғайда ашылады. Кейіннен 1895 жылы Қарабұтақта, 1896 жылы Ақтөбеде ашылып, олардың саны 211-ге жетіпті. Бұл мектептердің бәрінде қолшеберлігіне оқыту, үйрету жақсы жолға қойылып ойдағыдай нәтижеге қол жетіп отырады.[1]

Қазақ – ежелден қиындыққа төзімді, сабырлы халық. Ауызекі сөйлеуде де, халықтық әдеби мұраларында да халықтың осы психологиялық ерекшелігі ерекше бағаланып отырғаны белгілі. «Сабыр түбі – сары алтын, сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» тәрізді мақалдар осыдан шыққаны анық. Ыбырай әңгімелерінде бұл тақырып адам баласының аса бір үздік қасиеті екендігі жақсы көрсетіледі. «Асыл шөп» әңгімесінде ауыр жүк көтеруден «аһлап-уһлеп» мазасы кеткен Злиха Бәтима қыздың: «Менің жәшігімнің ішінде ауырды жеңілдететін асыл шөп бар, ол шөптің аты – сабыр», - деуі, әр адамды сабырлылыққа шақырса, «Қанағат» әңгімесіндегі Әзірет Әлінің «толық байлық қанағат етуден табылады» - дегені, сондай-ақ, «Мұңсыз адам» әңгімесіндегі үстінде көйлегі де жоқ жарлының қанағатшылдығының арқасында патшаның сый-сияпатына кенелуін шығармасына арқау етуі



ұлы ұстаздың халқымыз мұра тұтқан осынау абзал қасиеттерді әңгіме желісі арқылы ұрпағына жеткізуді мақсат еткенін айғақтайды.

Кішіпейіл, мейірімді болу адам баласы үшін аса қажетті қасиет екені белгілі. Қазақ мұндай адамдарды «жібектей есілген», «қыздай сызылып тұр», «түсі игіден түңілме» деген кестелі сөздермен бейнелеп отырған. Бүгінгі ұл-қызымызға тәрбие беруде көп айтыла бермейтін имандылық, инабаттылық деген адами асыл қасиеттерді де тұңғыш педагог «Шеше мен бала», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Байұлы» әңгімелеріндегі кейіпкер бейнелері жан-жақты сипаттап береді. Мысалы, ауруы жанын көзіне көрсетіп тұрса да анасы үшін дыбысын шығармаған бала, құсты аяп, еркіндікке жіберіп, оны сатқалы тұрған баланың күнкөріс қамы үшін өз ақшасын ұсынған кішкентай қыздың әрекеті, әкесі үшін өз қолын кесуге ұсынған мейірімді қыз бейнесі - бүгінгі ұрпақтың бойында рухани- адамгершілік, ізгілік дағдыларын қалыптастыратын теңдессіз образдар. Сондай-ақ, Ы.Алтынсариннің «Әдеп», «Надандық», «Қара батыр», «Жиренше шешен» әңгімелерінде ата-ана мен баланың арасындағы мейірім, махаббат, асыл сезімдер аса әдемі баяндалады. [3]

«Шебердің қолы, шешеннің тілі ортақ», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мақалдарды өмірге әкелген қазақ халқының тіл шеберлігіне деген ілтипаты да ағартушы шығармаларында орын алып, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтатын шешендік өнерге баулуды көздей жазған «Жәнібек батыр», «Лұқпан хәкім», «Тәкаппарлық», «Данышпан қазы», «Үнді», «Дүниеде жамандық неден?» әңгімелері ақыл мен парасатты, білгірлікті дәріптеуімен қатар, халықтық педагогика үлгілерін де айшықты жеткізген туындылар.

«Менің ойымша, - деген Ы. Алтынсарин сүйікті досы әрі ақылшысы Н. И. Ильминскийге жазған хатында, - көңілдің хошы, бақыт дегеннің бәрі де ата-бабаның өмір сүрген және жерленген жерінде, туған ошағының басында жақсырақ, ал қайғы дегеннің қандайы да, тіпті ажалдың өзі де сол жерде жеңіл болатын сияқты».[1]

Өз елін, халқын жан-тәнімен сүйген тәлімгер-ағартушы өз елінің салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын да ерекше қастерлегенін дәлелдейтін «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу, ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің

очеркі» деп аталатын этнографиялық очерктері-аса құнды материалдар. Сонымен қатар, Алтынсарин ислам дінін мадақтау арқылы жас балаларды имандылыққа тәрбиелеуге көп зейін қойған. «Әлім кісі» әңгімесінде Әлім молданың иманды үйренуге келген адамға берген ақылы, «Мұсылмандықтың тұтқасы» шығармасындағы өсиет-жазбалар, ғалымның өз сөзімен айтқанда, «қазақ жастарының дін туралы түсінігі теріс бағытқа түсіп кетпесі үшін» жазылған дүниелер. Даналықтың мектебі іспеттес білгір, ақылгөй бабамыз өз шығармаларында дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйене жазған шығармалары бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде таптырмас құнды қазынамыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Т.Тәшіметқызы, А.Мейірманова. "Ы.Алтынсариннің халықтық педагогика үлгілерін насихаттауы" мақаласы. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, 1994ж. №3.
2. Қ.Ибрагимов. Қазақ әдебиеті - Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2014ж.
3. КАТЕВ Халықаралық қоғамдық қоры. Қазақ-түрік лицейі. Мәнерлеп оқу шеберлігі - Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2008ж.

*Жұмашева А. А.  
учитель английского языка  
КГУ «Кокпектинская ОШ»  
г.Караганда, Бухар-жырауский район*

## **«ИБРАЙ АЛТЫНСАРИН-ПРОСВЕТИТЕЛЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА»**

Ибрай Алтынсарин  
вошел в историю  
общественной мысли и литературы Казахстана  
как замечательный педагог-просветитель,  
писатель, фольклорист и этнограф

Идеи просвещения в XVIII веке были наиболее актуальными в духовной сфере во многих странах мира. Просветители, отстаивая свободу народа и человека, все надежды возлагали на мирные преобразования. Они верили, что существующее социальное неравенство произошло от неразумности, невежества людей. Потому своей главной целью просветители объявили просвещение народа. Ведь они, по их мнению, по неразумности своей принимали существующие порядки. [1]

Благотворное влияние на духовную жизнь казахского народа оказало распространение демократической русской культуры и общественной мысли. Под ее воздействием сложилось мировоззрение выдающихся казахских просветителей Чокана Валиханова, Ибрая Алтынсарина, Абая Кунанбаева. Вся их деятельность и творчество ярко свидетельствовали о прогрессивном характере присоединения Казахстана к России, о традиционной и неразрывной дружбе казахов и русских, которая развивалась помимо воли царизма.

Высокая тяга казахского народа к знанию и культуре была отчетливо выражена этими его замечательными представителями. В приобщении казахов к передовой культуре они видели единственно верный выход из средневековой темноты, в котором пребывало общество. Крупный казахский просветитель Ибрай Алтынсарин широко известен в истории общественной мысли, культуры и литературы казахского народа как выдающийся педагог-новатор и организатор новых школ, этнограф, фольклорист, поэт, прозаик и переводчик произведений русских классиков. [2]

Ибрай Алтынсарин родился 20 октября (1 ноября) 1841 года в Аракарагайской волости Николаевского уезда (ныне Алтынсаринский район Костанайской области). Отец его Алтынсары Балгожин умер, когда Ибраю не исполнилось и четырех лет. Мальчик воспитывался в доме своего деда, известного бия Балгожи Жанбурчина. Балгожа был в то время одним из самых авторитетных биев во всей Средней Орде и пользовался большим влиянием среди господствующей верхушки казахского общества.

В 1850 году, когда Ибраю исполнилось 9 лет, в Оренбурге — административном центре Тургайской области, открылась первая особая школа для казахских детей, куда Балгожа отдал своего внука. Одаренный, живой и прилежный, он с первых же дней школьной жизни резко выделялся среди своих сверстников. Преподаватели сразу обратили внимание на одаренного мальчика, который старательно воспринимал все, что они объясняли, глубоко вникая в каждый изучаемый предмет. Ибрай быстро и хорошо овладел русским языком, изучению которого обращалось особое внимание. [3]

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстанның болашағы – дарынды балалар қолында» деген сөзді бекер айтпаса керек. Қазақстан әлемдік қауымдастықтың ортасынан лайықты өз орнын тауып, дамыған елдердің көшбасшыларының бірегейіне айналуы үшін дарынды, білімді ұрпақ тәрбиелеуіміз керек екені әмбеге аян. Адами құндылықты дамыту арқылы әлем елдері ғылым мен білімге аса көңіл бөліп, білімді де білікті маман даярлау ісіне зор мән беруде. Бұл мәселе – өте өзекті мәселе. Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Оқытушылар алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі өте өзекті болып отыр. Жаңа технология әрбір оқытушыдан жаңа ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді. Білім алушының ой-өрісін дамытатын интеллектуалды жұмыс түрлерін жіктеп саралау, пәнге деген қызығушылығын арттыру, жаңа кезең технологиясын зерделей отырып, өз жұмысына тиімді қолдану, тақырып бойынша педагогикалық тәжірибеге сараптама жасау және оны меңгерумен қатар, оқушылардың оқу белсендігін арттыру жолдарын қарастыру секілді жұмыстар оқытушының басты назарында ұстауын талап етеді. Соның бірі – білімалушыға қажетті ақпаратты меңгерте отырып, оның шығармашылық және сыни көзқарасын қалыптастыру мәселесі. Оқушы тұлға ретінде қалыптасуы үшін оның кез келген мәселеге деген сыни көзқарасы болуы қажет, әрі өз көзқарасын еркін жеткізе алу машығын да меңгеруі өзекті.

Оқытушы ретінде алдыма қойған мақсатым: «Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында студенттердің сыни көзқарастарын, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, жазу мәдениетін қалыптастыру» болатын. Көңілдегі көркем ойды қағаз бетіне сол қалпында түсіру кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ол – шығармашылықты талап ететін қиын жұмыс. Сол мақсатыма жетудің бірден бір жолы Блум таксономиясын меңгергеннен кейін белсенді жүрді деп айтуға болады. Оқыту барысын Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына, сын тұрғысынан саралауына қолдау ететіні белгі. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді

әрекетке жетелейтін алты деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні - оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады[1]. Сабақ жоспарын Блум таксономиясына салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдаланып, оқушы бойында ішкі уәж тудырып, өз қабілеттеріне сенім арттырса, ол өз кезегінде жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне әсер етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Блум таксономиясының талдау, синтез (жүйелеу, жинақтау), бағалау сынды оқу мақсаттарының жоғары деңгейлерін жүзеге асыруда эссе жазу тапсырмасын көп қолданамын.

Бүгінгі күні эссе жазу арқылы студенттеріміздің шығармашылық қабілетін дамыту арқылы жазу мәдениетін, сыни пікірін де қалыптастырып жатырмын деп толық сеніммен айтуға болады. Қазіргі уақытта эссе публицистикалық жанр ретінде қоғамдық және әдеби өмірде кең тараған құбылыс сипатында нығайып келеді. Сондай-ақ, мұғалімдердің әр түрлі шығармашылық байқауларында да эссе жазу тапсырылады. Ойынды қағаз бетінде жазбаша жеткізу – шығармашылықты қажет ететін қиын жұмыс. Мұнда әрбір сөзін айқын түсінікпен сәйкес келіп, ойынды, сезімді, идеянды дәл бейнелеп беруің тиіс. Автордың өзіне тән ерекшелігіне сай тілі жатық, бейнелі әрі бай, стилі жеңіл болу керек. Яғни, бұл ерте ме, кеш пе әрбір шығармашыл болмыс назар аударатын философиялық, әдеби, тарихи – библиографиялық проза жанры.

Жалпы, эссе дегеніміз – шағын көлемді прозалық мәтін. Эссеге батыл болжамдар, өткір ұсыныстар, талас тудыратын пікірлер, ойлар, қозғау саларлық байламдар тән. Онда автордың жеке көзқарасы, өзіндік пікірі көрініс табады. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде эссеге: «Эссе – бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын әдеби шығарма» деген анықтама берілген. Яғни эсседе көркемдік қиял емес, өзекті мәселе туралы көркем шешім табу маңызды. Эссенің мақсаты – әр түрлі тезистер, дәлелдер келтіре отырып берілген тақырыпты ашу. Онда нақты айғақтар беріліп, мысал келтіріледі. Осы тұста шығарма мен эссені ажырата білген абзал[2].

Эссе мен шығарманың өзіндік ерекшеліктерін түсініп, бір-бірінен айқын ажырата алу – аса маңызды қажеттілік. Екеуі де жазба жұмыс болғандықтан, оларды жазуға негіз болатын авторлар мен шығармалар да ортақ. Көркем әдебиеттің мақсаты – қоғам мен адам, халық пен жеке адам арасындағы әлеуметтік, психологиялық жанды байланыстарды табиғи суреттеу. Шығарма да, эссе де – әдеби жанр, олардың қайнар көздері ортақ, тақырыптары ұқсас болғанмен, мақсаттары, құрылысы, бағыты, тілдік қолданысы, стилі әр түрлі[3].

Эссе дегеніміз (фр. тіл. Essai –тәжірбие, лат.г. exagium – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін[2]. Эссе жазылу мақсатына қарай оған қойылатын талаптар да әр түрлі болады. Эссе жазушы мақсатқа сәйкес эссе түрінің талаптарын сақтап отырып жазады. Шығарма – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Шығарма – берілген белгілі бір тақырып бойынша жазылатын, міндетті құрылымнан тұратын, пәндік білімге бағытталған шығармашылық жұмыс. Шығармада жоспарды жазу міндетті болса, эссенің қатаң түрде жоспарға негізделуі міндетті емес. Эссе жеке көзқарас, сараптама, дәлелдемелерге негізделсе, шығарма көбінесе көркем мәтінді талдауға негізделеді. Эссенің мақсаты – эссе жазушының өзіндік көзқарасын, сыни ойын жетілдіру, ұстанымын дәлелді бекіту үшін жан-жақты білім алып, ақпараттық қарулану, тақырыпты ашуда метатанымдық білігін тиімді қолдану, шығармашылық қабілетін шыңдау, ой жүйелілігін реттеу, жазу түрлеріне қарай жазу тәсілдерін тандай біліп, эссе түріне қарай жазу стилін сақтау, ой жүйесінің бірзділігін сақтаудағы сөз оралымдарын тиімді қолдану, шығармашылық жазбаларда сөздік қорының байлығын дамыту, талдау жұмыстарында қажетті термин сөздерді тиімді қолдану. Шығарманың мақсаты – жазылым тілін, логикалық ойлауды

дамыту. Шығармашылық қиялды, нақты нәрсені еркін, қызықты түрде беру, әдебиетті іштей түсіне отырып, оның мәні мен тиісті орнын өз танымымен көркемдеп бере алу.

Сондықтан егер эссе жазу керек болса, онда оны басқалардан ерекшелейтін, жанрлық сипатты түрлерінің ерекшеліктерін ескеруіңіз қажет.

Эссе түрлері:

1. Аргументті эссе. Пікірді, көзқарасты растайтын, қолдайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдер келтіріліп, аргументтермен түйінделіп отырады.

2. Салыстырмалы эссе. Бірнеше мәселе талқыланып, олардың арақатынасын ажыратып жазу көзделеді.

3. Сипаттамалық эссе. Детальдар арқылы жер, зат, адам бейнесіне сипаттама беріледі.

4. Хабарламалық эссе. Адам өз тәжірибесіне сүйене отырып, өз тұрғысынан, өзіндік көзқараспен оқиғаны сипаттап жазады. Бұл эссе өткен шақта немесе осы шақта жазылады.

5. Дискуссивті эссе. Екі жақты пікірді салыстырмалы түрде талдай отырып, қорытынды шығарып жазады.

6. Анықтамалық эссе. Нақты дәлелдер арқылы терминнің мағынасын ашу көзделеді[3].

Эссе жазу кезінде логика, ойды дәйектеу мен ақпаратты сауатты жеткізу қабілеті жақсы дамиды. Баяндау стилі көбіне сөйлеуге бағытталған.

Эссені ерекшелейтін негізгі белгілері:

✓ Мәселені қамтитын және оқырманның ойлануына ықпал ететін белгілі бір қысқа тақырыптың болуы;

✓ Субъективті авторлық ұстаным. Эссені ерекшелейтін нәрсе – онда қандай да бір мәселеге тоқталған автордың көзқарасы, оның әлемге деген қатынасы, сөйлеуі мен ойы болады.

✓ Сөйлеу стилінде жазылады. Эсседе күрделі тұжырымдар мен тым ұзақ сөйлемдер болмауы керек. Оқырманмен байланыс орнату үшін еркін стильді ұстану маңызды. Сонымен қатар эссені іші сленгке толған сапасыз мәтінге айналдырып, артық кетудің қажеті жоқ. Мәтінге – әр түрлі интонация қолданылған қысқа, қарапайым және түсінікті сөйлемдер жақсы эмоционалдық өң береді.

✓ Мәселеге толық талдау жасау. Жеке көзқарасты нақты деректерге сүйене отырып көрсетіп, дәлел келтіру керек.

✓ Салыстырмалы түрде қысқа болғаны жөн. Қанша бет болатынына қатысты ешқандай шектеулер жоқ, бірақ эссе шағындығымен ерекшеленеді.

✓ Құрылысы еркін болады. Эссе – қандай да бір нақты шеңбердің аясында жазылмайды. Мәтіннің құрылысы мәселеге әр түрлі жағынан қарауға тырысатын автордың логикасына бағынады.

✓ Көзқарасты жеткізу логикасы. Еркін құрылысқа қарамастан, эсседе ішкі тұтастық, пікірін білдіретін авторлық мәлімдемелердің дәйектілігі болуы керек[3].

Осылайша, эссе баяндаудың ерекше стилімен ерекшеленеді, оның мақсаты – оқырманның ойлануына түрткі болу. Эсседе автор өзінің көзқарасына көндірмейді, ол өз ойы арқылы оқырманды ойландырып, мәселені талқылауға шақырады. Жазудың негізгі принциптері мен ұсыныстарын ұстанып жазса, эссе қызықты болады.

Мен өз тәжірибемде 1-2 курс студенттеріне шешендік сөздер мен стиль түрлері ерекшеліктерін меңгерте отырып, сөйлеу тілін, сыни және қайшылықты көзқарасын дамытуды басты мақсатқа алған қазақ тілі пәнін өткенде аргументті эссе, дискуссивті эссе түрлерін жиі қолдансам, әдебиет пәнінен көркем шығарма сюжеті арқылы туындаған проблемалық сұрақтарды салыстырмалы эссе жазғызу арқылы, детальдар арқылы кейіпкерлер бейнесіне сипаттама беруде сипаттамалық эссе түрлерін жиі қолданамын.

Жоғарыда берілген ақпараттарды оқушы санасына берік меңгертсек, алдымызда отырған оқушы өз іс-әрекетін жоспарлауға, әр қадамды оймен басуға, өз ойын жеткізуде іздену керектігіне дағдыланып қана қоймай, әр тапсырмаға шығармашылықпен қарауды үйренеді. Сондай-ақ, эссе – кез келген мәселеге сыни көзқараспен қарауға баулиды. Ал өз қадамын

жоспарлап, кез келген мәселеге сыни көзқараспен қарайтын білімгердің әр істе алда болары хақ.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://massaget.kz/>
2. <https://umckrg.gov.kz/files/loader/1496048292342.pdf>
3. <https://bilimland.kz/kk/news-articles/articles/esse-zhazudyn-en-tiimdi-tasili>

*Н.С.Калкенова*  
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*  
*Р.Асубаев атындағы ЖББМ Көбетей ауылы*  
*Нұра ауданы Қарағанды облысы*

### ДАЛАНЫҢ ДАРА ЖҰЛДЫЗЫ

Халқымыздың тарихында қайталанбас төрт дара тұлғаны ерекше бөліп айту – ұрпақ парызы. Ер Махамбет. Келесі тұлға – ғалым-Шоқан Уәлиханов. Үшінші тұлға – хакім Абай. Төртінші тұлға – Ыбырай ұстаз. Әрқайсысы ерекше дарын. Олар бір-бірімен таныс болмаса да, идеялық жолы мен бағыты бір еді. Ұстаз Ыбырайдың қазақ еліне аса қажетті іс – ұстаздықпен айналысқаны оның тұлғасын дараландырып тұр. Ұстаздық не екенін, шәкірттің кім екенін, шәкірттің талғам-талабын өлшеп, соған сай қажетті құндылықтарды бере білу, бұл – өнердің өнері.

Ұстаз Ыбырай Алтынсарин қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Қостанай өңіріне белгілі атақты Балқожа бидің отбасында тәрбиеленеді. Шығыс зерттеушісі В.Григорьевтен сабақ алады. Дүние жүзі әдебиеті классиктері шығармаларын өздігінен оқып білім алады. Ой-өрісін кеңейтіп, өркениетті елдердің ғылымы мен мәдениетіне деген құштарлығын арттырады. Әл Фарабиден кейінгі ұлы педагог қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы ұстаз, ақын, жазушы 1850-1857 жылдары Орынбор шекаралық комиссиясында оқып, үздік бітірген соң қазақ даласындағы ағарту жұмысын қолға алды. Жаңашыл педагог батыс, шығыс әдебиеті мен мәдениетін жан-жақты зерттеп, оны қазақ халқы үшін пайдаланды. [2]

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ол дүние жүзі педагогика классиктері Я.А. Коменский Ж.Ж. Руссо, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, т б гуманистік идеяларын басшылыққа алып, оларды қазақ даласында мектеп өміріне енгізген тұңғыш педагог болды.[5]

Ұстаз Ыбырай – халыққа білім беру ісімен шұғылданбастан бұрын қазақ халқын әбден зерттеп, саралап, біліп алған ғұлама. Ол өзіне дейін, тіптен бүгінге дейін ешкім айтпаған қазақ халқының төл екі қасиетін білім беру саласында негізгі принциптерге айналдырған. «Қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық» Мұндай тұжырымды өзінің туған халқын шексіз құрметтеп, бағалайтын адам ғана айта алмақ. [4]. Қазақ халқында ата мен немереге қатысты қалыптасқан дәстүр бар. Оның мәнісі – ұрпақтар сабақтастығы. Атасы немересіне өткен өмірді, өз ғұмырын баяндап, оны білім жүйесі ретінде немерелеріне жеткізіп отырған. Сөйтіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастық үзілмеген. Әрбір ұрпақ өзінің іс, hareketін өткен тарихи-мәдени құндылықтармен өлшеп отырған. Оған бір мысал ІХ ғасырда өмір сүрген дана Қорқыттың философиялық терең ой-тұжырымдары, өмір сүру туралы философиясы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, біздің заманымызға жетіп отыр. Мұндай халық табиғатынан таза болмақ. Ресей отаршылдығында болғанда қаншама қыспаққа алса да, қазақ халқы сол кездің өзінде-ақ дінін де, тілін де сақтап қалды. Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясын» және де өзге оқу құралдарын жазғанда, табиғатынан таза қазақтың ұлдары мен қыздарына мөлдір білім

жүйесін ұсынды. Ыбырай қазақ халқының екінші ерекше қасиетін де ашып көрсеткен. Ол «Пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамамыз келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» деді.

Ы.Алтынсарин алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген оқулығы «Қазақ хрестоматиясын» 1879 жылы бастырып шығарды. Шығармаларды іріктеп, біріншіден, әр халықтың тұрмыс –тіршілігі мен салт-дәстүрінен хабар беру, екіншіден, оқушы бойына адамгершілік қасиеттерді дарыту, үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беру қағидаларын басшылыққа алды.

Ы.Алтынсарин еліміздегі оқулық жасаудың негізін салды. Ол қазақ оқулығының тарихында өз орны бар ағартушы, ұлы ұстаз, керемет қаламгер.Қазіргі кезде айтылып жүрген көрнекілік, визуалдық үлгілердің қызметін оның шағын новеллалары атқарған. Ұстаз Ыбырай нақтылы ғылымдарды ұсынған. Мысалы, ғаламдық, зеректік, әдеп, қанағат, мұң, әділдік, жомарт, сараңдық, салақтық, жамандық, жақсылық, өтірік, надандық, тәкаппарлық, данышпандық, шешендік дегендерді тек айтып қоймай, нақтылы әңгімелер арқылы, өмірдегі көріністер арқылы дидактикалық материалдар ретінде ұсынған. Оның әңгімелері педагогикалық мақсатты көздеген. [3] «Хрестоматияға» ол қазақ халқының ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін, балаларға арналған нақыл әңгімелер мен өлеңдерді, орыс жазушылары Крылов, Толстой, Паульсон т.б. әңгімелері мен мысал өлеңдерін аударып енгізді. Балаларды еңбекке, адамгершілікке тәрбиелейтін “Бай мен жарлы баласы”, “Қыпшақ Сейтқұл”, “Таза бұлақ”, т.б. әңгімелер жазды. Бүгінгі күні өмірмен байланыстыра отырып оқытуда, кез келген жағдайдан дұрыс шешім тауып шығу, функционалдық сауаттылықты дамытуда қолданылатын шығармалар.

Бала оқыту мен тәрбиелеуде ауыз әдебиетін жалғастыратын балалар әдебиетінің негізін қалады. Жаңаша мектептер ашып, жаңаша білім беру жүйесін құруға көп еңбек сіңірді. Ы.Алтынсарин ел ішінде оқу-ағарту ісін тікелей іске асырушы педагог болды. Ол әдебиетке деген көзқарасты, ұғымды жаңартты. Әдебиеттің жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұлы күш екенін көрсетті. «Оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар» керектігін айтты. [6] Алтынсариннің қазақ тілі саласындағы ең үлкен еңбегі – халық тілі негізінде әдеби тілдің негізін салды. Ағартушының төл өлең, әңгімелерінде халқымыздың ана тілі, сөйлеу тілі бар асыл да әсем қасиеттерімен, меруерттей таза сипатымен, еш қоспасыз таза қалпында қолданылды. Адамгершілік тәрбиесіне баса көңіл бөлді. Бұл мәселе бүгінгі күнінде де мектептердің алдында тұрған үлкен мақсат.

“Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы” (1879) деген еңбегінде тәжірибелі ұстаз тіл үйренудің нақтылай әдістемесін түзді. Оқушыларға үйрететін сөзді таңдау, сөздің айтылу ырғағын айқын естіртіп, оқушылардың тілін жаттықтыру, жаттығу – дағдыландыру жұмыстарын жүргізу, ол үшін пәндік және аудармашылық әдістемелерді пайдалану, ал ана тілін оқуда жеке сөздерді оқи білуге, өз мәнерімен айтуға үйрету, әрбір сөздің мағынасын терең түсіндіру, яғни әрбір оқушының сөздік қорын молайту тәсілдерін қолдану ұстаздың әдістемелік жаңаша нұсқалары еді.

Оқыту әдістемесінде Ы. Алтынсарин тіл дамыту ісіне көп көңіл бөліп, тіл дамытуда ең әуелі сөзді дұрыс айта білуге үйретуді уағыздады. “Әрбір оқушы айта білген сөзін жаза да білу керек” дейді ұстаз. Жазуда да мәдениеттілік, ұқыптылық, қолтаңбалық ерекшеліктер болатынын айта келіп, жазу мәдениетін қалыптастыру үшін біркелкі талап қоюдың мәні зор екенін айтады.[2]

Ы. Алтынсариннің оқу-ағарту ісіндегі тағы бір ерен еңбегі қазақ жастарына кәсіптік мамандық беру мәселесін қолға алуында еді. Ол осы мәселеге ерекше мән беріп, қолөнер, ауыл шаруашылық училищелерін ашуға көп күш жұмсады. Торғайда қолөнер училищесі ұйымдастырылды. Ырғызда қазақ қыздарына арнап жанында интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқының өмірінде орасан зор маңызы бар тарихи оқиға болды. [2]Қазіргі кездегі бейіндік мектептер, мамандыққа бейімдеу - соның жалғасы.

“Жақсы мұғалім – мектептің жүрегі” дейді Ыбырай Алтынсарин. Ол оқытуда жүйелілікті, бірізділікті, көрнекілік пен түсініктілікті уағыздады. Түсінбей жаттап алуға қарсы болды. [1]

Ы.Алтынсарин балаларға сабақты қызықты, тартымды әрі түсінікті етіп беруші еді. Мәселен, діни мектептерде молдалардан сабақ алған балалар бір жыл ішінде эзер хат таныса, Ыбырайдың алдынан оқыған шәкірттер небәрі үш айдың ішінде хат танитын болған. Ауыз әдебиетін, мақал-мәтелдерді өте орынды қолдана білген. Мектеп бағдарламасын толық өткен шәкірттер қазақ тілінің мен оқу мен жазуын, орыс тілінің оқу мен жазуын, арифметиканы, географияны меңгерген сауатты тұлғалар болып шыққан. [5]Жан-жақтылық.

Педагог арифметиканы ана тілінде оқытты, қазақ әліппесін жаңаша құрмақ болып, 1879 жылы жылы қазақ хрестоматиясын орыс әріптерімен жазды. 1879-89 жылдары Торғай облысындағы қазақ мектептерінің инспекторы болды да, осы кезде 4 училище, 7 мектеп ашты. 1888 жылы 10 сәуірде Орск қаласында мұғалімдер мектебін ашты. Мектеп, оқулық, оқыту жүйесі, кәсіптік бағдар, материалдық жағынан қамтамасыз ету, кадр мәселесін бәрін іске асырған.



Ұлы педагог мұғалім болу үшін әрбір ұстаз ұстаздық қасиеттерін қалыптастыра білу керек екендігін өнеге етеді. “Мұғалім баланы тәрбиелеуші, оның қамқоршысы, егер бала бір нәрсені білмей қалса, ол баланың кінәсі емес, оған кінәлі балаға түсіндіре алмаған ұстаздың өзі. Ұстаз балаға сабырмен, салмақты қысқа сөйлеу керек, ол әрбір пәнді балаға түсіндіргенде ықыласымен, қарапайым тілмен, бос сөзін нақты түсіндіруге тиіс”, - дейді Н.И.Ильминский естелігінде. Қазіргі кездегі оқытуды гуманизациялау, балаға ерекше қарау, «субъект-субъект» қарым -қатынасы, тұлға ретінде қабылдауды көріп отырмыз.

Ұстаз-ақын, жазушы бала оқыту мен тәрбиелеуде ауыз әдебиетін жалғастыратын балалар әдебиетінің негізін қалады. Жаңаша мектептер ашып, жаңаша білім беру жүйесін құруға көп еңбек сіңірді.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Мұғалім оқушының табиғи дарын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалану керек. Бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді пайдалануға болады. Сабақ – ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл ұстаздың педагогикалық идеяларының өміршендігін байқатады. Мұғалімнің беделін көтере отырып, мұғалімге талап қоя білген.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық жүйесінде Қазақстан жағдайында алғаш рет жалпы педагогика, дидактика және методика саласының аса маңызды ғылыми принциптері қолданыла бастады: оқытудың көрнекілігі, тәжірибе мен бақылау, оқытудың белгілі мақсатқа құрылуы, класс жұмыстары мен кластан тыс, сабақтан тыс жұмыстардың түрлері жүзеге асырылды. Ол оқыту әдісін орыс мектебінің озық үлгісіне негіздеп құруды ойластырды, нұсқау хаттар жазды. Мектеп кітапханаларының жабдықталуына, оқушылардың түрлі ғылым мен өнер саласындағы жаңалықтарды біліп отыруына үлкен мән берді.

Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологиялар бар. Сабақтарымда пайдаланып жүрген сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп-саралап оқыту, проблемалық оқу, диалогтік, интерактивті, белсенді оқыту, т.б. – қайсысын алсақ та негізінде Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деп айта аламыз. Оқу әдістері мен балаларды оқыту тәсілдерін Ы.Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін: а) оқыту әдістері – балалардың жүре келе мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын, ынталандыратын жол; ә) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту әдістері. Күні бүгінге дейін өзекті- өмір бойы іздену, білім алу, өзінді жетілдіру, заман талабына сай жан-жақты болу.



Оқушылардың шығармашылық жұмыстары. Ы.Алтынсарин шығармалары бойынша



Оқушылардың жетістіктері. \Эссе, Ыбырай оқулары.\





### *Оқушылармен жұмыс. Әңгімелер бойынша сахналалау*

Ы.Алтынсарин өз заманының ақыл-ойшылы, ірі қоғам қайраткері. Оның жарқын бейнесі мен іс-әрекетінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, мәдениетті, оқыған ел болуын көксегенін біртуар асыл азаматты көреміз.[2]

Тәуелсіз ел тірегі-білімді, еңбекқор ұрпақ екені даусыз. Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің тиімділігінің басты көрсеткіші - білім сапасы, мұғалімнің негізі міндеті - оқушыны білімге, өз бетінше ізденіске және шығармашылық жұмысқа баулу болып табылады. Ы.Алтынсариннің өнегелі істері жастардың үш тілді меңгеріп, сауатты және жоғары білікті маман болуға шақыратын тұңғыш Президентіміздің үндеуімен үлеседі. Қазіргі жас буын жан-жақты терең білімді, саяси- экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол. Егемен еліміздің өркениеттілікке жету жолында Ы. Алтынсариннің үлесі зор екенін есте сақтап, Ұлы ұстаздың мұрасын зерттеу, түсіну, бағыттаған жолымен жүру - бүгінгі ұрпақтың азаматтық борышы.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

- 1.Ә.Дербісәлин «Ыбырай Алтынсарин» Алматы «Дәуір –Кітап» 2015
- 2.Ә.Табылдиев «Қазақ этнопедагогикасы»



3. Ә.Қоңыратбаев «Қазақ әдебиетінің тарихы» «Санат» Алматы 1994 жыл
4. Ғ.Есім Тұлғалар-қаламгерлер» «Фолиант» баспасы Астана 2013 жыл
5. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев «Қазақ тәлім-тәрбиесі» «Санат» Алматы 1995
6. С.Қирабаев «Тәуелсіздік рухымен» «Фолиант» баспасы Астана 2002
7. Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ» «Жазушы» Алматы 1988 жыл

*Каликбергенова Г.Б. Омарова М.М.  
КТУ "Школа-лицей № 101" г. Караганда*

## **РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

Результаты последнего международного исследования PISA в Казахстане показали снижение уровня знаний в начальной школе. Анализируя данные исследования, возникает потребность внедрения в учебный процесс компетентностно-ориентированных заданий для развития функциональной грамотности на уроках математики в начальных классах. [1]

Функциональная математическая грамотность содержит в себе математические компетентности, которые можно сформировать через следующую систему задач:

1 группа – задачи, в которых необходимо воспроизвести факты и методы, выполнить вычисления;

2 группа – задачи, в которых необходимо установить связи и комбинировать материал из разных областей математики;

3 группа – задачи, в которых необходимо выделить в жизненных ситуациях проблему, решаемую средствами математики, создать модель решения. [2]

Из вышесказанного следует, что термин «функциональная математическая грамотность», предполагает возможность учащегося использовать математические знания, для успешной социализации в обществе. Таким образом учащийся нацелен на решение жизненных проблем в реальных условиях. Это могут быть не только задачи по математике про скорость поезда, оплату покупок в супермаркетах и расчёты материалов для ремонта помещений. Нужно искать современные и интересные новому поколению ситуации, которые наглядно продемонстрируют применение математики в повседневной жизни учащихся: расчёт времени на скачивание игры, подбор тарифа.

Работу по развитию функциональной грамотности у учащихся на уроках математики веду на протяжении всех четырёх классов. Ниже предлагаются некоторые задания, которые были использованы на уроках математики.

*Задание 1.*

Цель: формирование умения составлять и решать задачи, используя графики.

Описание: для закрепления темы "Графики" было задание выбрать любой город мира, начертить график изменения температуры воздуха в дневное время и сравнить с температурой воздуха любого города в Казахстане за одинаковый период времени. (информацию собирали из интернет ресурсов). По данному графику дети сами составляли вопросы и задачи. На графике (рис1) изменения дневной температуры воздуха с 1 января по 10 января в Алмате и Париже. По горизонтали указывается дата, по вертикали – значение температуры в градусах Цельсия.

- Определите по графику в какой день будет самая высокая температура воздуха? Низкая?

- В какие дни температура воздуха одинаковая?
- Когда такой график изменений температуры воздуха необходим человеку?
- На сколько температура воздуха выше или ниже в данных городах 8 января?

### *Задание 2.*

Цель: закрепление темы «Задачи на движение» учащимся предлагались задачи с ситуациями из жизни.

Задача: Ваша семья выехала в 6.00 утра на озеро Балхаш. Расстояние от Караганды до Балхаша 378 км. Средняя скорость машины составляет 63 км/ч. В какое время Ваша семья будет купаться в озере, если сразу по приезду Вы пошли купаться?

- Сколько было израсходовано бензина, если на каждые 6 км затрачивалось 1л бензина?
- Сколько было потрачено денег на бензин, если стоимость 1 л бензина составляет 154 тг?

### *Задание 3*

Цель: формирование умений работать с диаграммами.

Описание: учащимся предлагаются статистические данные по ШЛ №101 в виде диаграмм. Использована информация из системы "Билимал" (рис 2)

- Какое количество детей в школе?
- Сколько детей в начальной школе?
- Сколько детей обучается в 4-х классах с государственным языком обучения, если с русским языком обучения - 180 учащихся?
- Сколько необходимо кабинетов для параллели 4-ых классов с русским языком обучения, если в каждом классе будет по 30 учеников?

### *Задание 4*

Цель: закрепление сложения, вычитания, умножение, сравнение многозначных чисел с использованием на уроке "Единых платёжных документов"

Описание: подготовительной работой к данному заданию был сбор квитанций об оплате коммунальных услуг. На уроке учащимся дается краткая информация о данных квитанциях. Затем производятся следующие вычисления.

- Если оплата в последующие месяцы за электроэнергию не будет меняться, сколько заплатит Ваша семья в год за электроэнергию?
- В какие месяцы Вы оплатите меньшую сумму за коммунальные услуги?
- На сколько меньше Вы оплачиваете в летние месяцы?
- Сколько заплатит семья в год за услуги домофона?
- Сколько заплатите в год за вывоз мусора?
- Сколько оплачивает Ваша семья за тепловую энергию и гвс в отопительный сезон?

Творческое задание: сравнить сумму оплаты за коммунальные услуги Вашей семьи за январь и февраль.

Данные задания направлены на развитие математической грамотности, которое предполагает способность учащихся использовать знания, приобретенные ими за время обучения, для решения разнообразных задач практико-ориентированного содержания, для дальнейшего обучения и успешной социализации в обществе.

Опыт работы по развитию функциональной грамотности, используя аналогичные задания повышает обучаемость, развивают и повышают познавательную активность учащихся, качество знаний (рис 3), улучшают внимание, мышление; дети умеют «видеть», «слышать», рассуждать, сравнивать, анализировать, доказывать; развивают способность к переносу полученных интеллектуальных навыков на незнакомый материал, учащиеся стремятся самостоятельно добывать знания, испытывают потребность в учебной деятельности, они самоорганизованны, спокойны, радостны, уверены в себе.

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Национальный отчет по итогам международного исследования PISA-2018 в Казахстане

2. Казакова, Р.А. Развитие функциональной грамотности на уроках математики [Текст]: учебно-методическое пособие / Р.А.Казакова, О.И.Кравцова; науч.ред.С.Ф.Хлебунова. -Ростов н/Д: Изд-во ГБУ ДПО РО РИПК и ППРО, 2017.

3.Иванов Д.А., Митрофанов К.Г., Соколова О.В., Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий. Учебное методическое пособие [Текст]/Д.А. Иванов, К.Г. Митрофанов, О.В. Соколова, М.: АПКиППРО, 2005. 101 с.

### Приложение




Рисунок 1




Рисунок 1



*Рисунок 3*

*Кантарбаева Г.  
учитель русского языка и литературы  
школа-лицей №66, г. Караганда*

## **РЕАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПЦИИ «ОБРАЗОВАНИЕ ЧЕРЕЗ ВСЮ ЖИЗНЬ» НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Согласно целям Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020– 2025 годы, процесс обучения выпускников в школе должен быть ориентирован на «повышение глобальной конкурентоспособности казахстанского образования и науки. воспитание и обучение личности на основе общечеловеческих ценностей».[1] Следовательно, особое внимание уделяется развитию компетентностей, реализации концепции «образование через всю жизнь». В свете новых подходов к обучению меняются и профессиональные компетенции учителя, модернизируется педагогическое образование.

Ценность обновлённого содержания образования в том, что его технологии позволяют развивать именно те умения и навыки обучающихся, которые будут способствовать успешности выпускника школы, помогут применять академические знания в различных жизненных ситуациях (жизненные навыки). Школа должна формировать личность, которая умела бы самостоятельно решать научные, производственные, общественные задачи, критически мыслить, уметь пользоваться информацией, вырабатывать и защищать свою точку зрения, свои убеждения, систематически и непрерывно пополнять и обновлять свои знания путем самообразования, совершенствовать умения, творчески применять их в действительности, а именно: умения оригинально мыслить, самостоятельно находить информацию, анализировать её, принимать верные решения, навыки работы в команде, лидерские качества, инициативность, ИТ-компетентность. Всё это позволит выпускникам оптимально строить свою жизнь в быстроменяющемся информационном социуме. Т. е. современное образование нацелено на развитие функциональной грамотности обучающихся,

при которой знания из разряда теоретических должны стать прикладными и использоваться в повседневной жизни. «Мы живем в эпоху, когда расстояние от самых безумных фантазий до совершенно реальной действительности сокращается с невероятной быстротой», - писал в свое время М. Горький. Эти изменения нашли отражение в программных документах по развитию и модернизации казахстанского образования.

На уроках русского языка и литературы особое внимание уделяется обучению грамотности чтения. Каждый уровень содержит развитие читательских умений, включающих три категории: доступ и извлечение, интеграция и интерпретация, размышление и оценка. Как учитель русского языка и литературы большое внимание уделяю тому, чтобы речь наших детей была богатой, образной, выразительной, насыщенной. Ведь правильная, яркая, эмоциональная, содержательная речь человека - это залог достижения взаимопонимания между людьми, успешного общения с окружающими и, наконец, профессионального успеха. Речевая культура позволяет быть уверенным в собственных силах, помогает правильно ориентироваться в любой жизненной ситуации. Речевые же оплошности приводят к неточности понимания, двусмысленности восприятия сказанного. В профессиональной сфере востребованы сегодня только те, кто может мыслить самостоятельно, кто свободно выстраивает свое речевое поведение в соответствии с нормами, определенными системой языка, а также общественными и профессиональными требованиями. Этому во многом способствуют уроки развития речи. Работа по овладению функциональной грамотностью на уроках русского языка и литературы начинается в среднем звене: изучаются тексты разных типов и стилей. При работе над текстами разных типов и стилей я использую план анализа текста, алгоритмы разбора лингвистического текста, текста художественного стиля: ознакомление с текстом, толкование незнакомых слов, анализ изобразительно-выразительных средств, работа со стилем и типом речи, определение темы, идеи и проблематики текста, выявление авторской позиции, высказывание собственного мнения по данной проблеме, аргументация собственного мнения примерами из других произведений. Такая работа с текстом помогает поддержать интерес к чтению, приобщать учащихся к классическим произведениям, научить понимать авторский замысел текста, помочь усвоить нравственные уроки. В ходе анализа текста часто ставлю перед учащимися вопросы проблемного характера с целью пробудить в учащихся желание выразить своё отношение к проблемам, поднимаемым автором. Таким образом, анализируя текст, учащиеся участвуют в коллективном диалоге. Ребята учатся адекватно воспринимать речь собеседника, точно излагать свою точку зрения, погружаются в атмосферу сотрудничества, формируя при этом коммуникативные умения и навыки. Основная цель групповой работы — это активное взаимодействие всех членов группы. Кроме того, исследователи подчеркивают влияние групповой учебной работы на формирование дружественной, доброжелательной обстановки в классе, на повышение самооценки и развитие коммуникативных умений учащихся и, в конечном итоге, поддержание психического здоровья учащихся. [2,с.5] Планируя групповую работу на уроках, педагог может обратить внимание и на следующие приёмы: «корзина идей», «дерево вопросов».

Одним из главных аспектов в обновленном содержании образования является понятие «активное обучение». Активное обучение представляет собой ряд подходов к преподаванию и обучению, которые требуют большего участия в обучении, чем пассивное слушание учителя. Для активизации обучения на уроках русского языка и литературы мы используем приемы и стратегии, приемлемые для языкового обучения. Так, на уроках я часто использую «тонкие» и «толстые» вопросы (по Блуму). Обучающимся предлагаю 5 вопросов, по которым они должны отгадать тему сегодняшнего занятия или литературного персонажа, о котором будет идти речь. Хочется отметить приём «Письмо по кругу». Класс делится на группы от трех до шести человек. У каждого ученика должен быть лист бумаги. Обучающимся предлагается записать одно-два предложения по определенной теме. Затем листы передаются по часовой стрелке. Каждый должен прочитать написанное и продолжить записи. Так продолжается, пока лист не вернется к первому автору. Записи читаются, остальные дополняют, если не прозвучало то, что они считают важным. «Письмо по кругу» можно использовать как на

стадии вызова, чтобы выяснить жизненный опыт обучающихся по тому или иному вопросу, так и для проверки знаний учащихся.

Развивает интерес к предмету раскрытие межпредметных связей. Для русского языка - это связь с культурой речи, литературой, историей, этикой и пр. Показ связей помогает обучающимся увидеть практическую значимость предмета для их будущей специальности, развивает логическое мышление. Той же цели служит связь учебного материала с жизнью, практикой, поэтому часто предлагаю для работы в группах тексты с интересным содержанием, описывающие реальные жизненные ситуации, притчи, разнообразные сочинения—миниатюры. Например, в 5 классе раздаю в группы небольшие выдержки (разные) из текстов об этикете и предлагаю ребятам порассуждать. Первый отрывок: Поведение человека в обществе — своеобразная визитная карточка. По ней можно узнать не только, как он воспитан и где вырос, но и как он относится к людям. Своими действиями мы можем невольно оскорбить другого человека или, напротив, заслужить одобрение. Правила хорошего тона регламентируют наше общение буквально везде. Задание 1. В каких сферах жизни нужны правила хорошего тона и почему? Приведите свои аргументы.

Второй отрывок: В основе всех хороших манер лежит одно – забота о том, чтобы человек не мешал другому человеку, чтобы все вместе чувствовали себя хорошо. Задание 2. Дополните тезис аргументами, рассуждениями.

Очень нравятся детям притчи, в которых за кажущейся простотой часто срывается глубокий философский смысл. Работа с такими текстами способствует выработке умений интерпретации и развитию творческого воображения у обучающихся. К примеру, часто используемый мною текст притчи о добре и зле: Какой волк победит?

Надо отметить актуальность комплексной работы с текстом в целях формирования коммуникативной компетенции обучающихся.

В 5-м классе важно научить детей гибкому чтению. Задания по степени сложности могут быть разными: определить количество частей в тексте; составить «тонкие» и «толстые» вопросы; составить план (простой, сложный, вопросный и др.); выявить ключевые слова, основную мысль, авторский замысел; вычленив из текста новую информацию и сформулировать его главную мысль; выразить своё отношение к тексту.

В 7-м классе особое внимание уделяется текстам публицистического стиля. Задания к упражнениям усложняются: Подготовь устный рассказ о текстах какого-либо стиля по плану. В каком стиле будет твой рассказ? Из фрагмента газетной статьи выпиши слова и предложения, указывающие на принадлежность к публицистическому стилю. Напиши заметку в газету. Составь вопросы для интервью.

Таким образом, в течение нескольких лет ведется целенаправленная работа по формированию у учащихся лингвистической, языковой и коммуникативной компетенции. Необходимо научить не только хорошо запоминать и описывать информацию, но и выработать умения у учащихся использовать знания, приобретенные ими за время обучения в школе, для решения разнообразных задач межпредметного и практико-ориентированного содержания, для дальнейшего обучения и успешной социализации в обществе.

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы.- Нур-Султан, 2020г.

2. Учурова С. А. Групповая учебная работа как способ развития социальной компетентности учащихся. // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. Екатеринбург, 2007 г.

3. Министерство образования и науки республики Казахстан. [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://edu.gov.kz/>, свободный.-Загл. с экрана. Источник из интернет

## **САУАТ АШУ ПӘНІНДЕ ТІРЕК СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ DAҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Іс –әрекеттегі зерттеу -Action research- Оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында іс-әрекет жасау, зерттеу барысында алынған нәтижелерге жүйелі түрде мониторинг жасайтын үдеріс. Жүйелі зерттеу тәжірибемізді өзгертуге, анықталған жағдаятты басқаша жасауға көмектеседі. Осы мақсатта білім беруге қатысты өз сыныбымда туындаған проблемаларға байланысты болжам жасап, «Сауат ашу пәнінде тірек сөздер арқылы оқушылардың айтылым дағдысын қалай қалыптастыруға болады?» деген тақырыпта жұмыс жасадым. Бұндай бақылау белгілі бір қорытынды жасауға алып келеді. Бұл тақырыптың өзектілігі бастауыш сынып жасындағы балалардың қалыптасатын кезеңі және сөздік қорын байытып, тілін дамытуға бағытталады. Әлемдік тәжірибе бойынша тілді меңгерту төрт дағды, оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым арқылы жүзеге асады. Аталған әр дағдының өзіне тән ішкі дағдылары және оны үйрету жолдары, ерекшеліктері бар. Сабақта осы аталған дағдылардың ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгертуге септігін тигізеді. Соның ішінде айтылым дағдысына тоқталсам, ол да жазылым дағдысы сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни, тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу болып табылады. Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді. Айтылым әр түрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту көрініс табады. Аталған сынып 1-ші сынып болғандықтан сауат ашудың әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезеңі болады. Әліппе кезеңіндегі және әліппеден кейінгі кезеңде айтылым дағдысының міндеттері :

- Оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыру;
- Сөйлеу әрекеттерінің түрлерін жетілдіру;
- Біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру;
- Мұғалімнің көмегімен естігенін түсіну, сөз мағынасын түсіну, сұраққа нақты жауап беру;
- Сөзді жұмсалыу орнына және мағынасына қарай қолдана білу, сюжетті суреттер бойынша тірек сөздерді пайдаланып сөйлем құрау, қысқаша мәтін құрау.
- Коммуникативтік мақсаттарға сай (топта сөйлесу, сұхбатқа қатысу, сахналау, рөлдік ойын) сөйлеу мәдениетін сақтау, сөйлеу этикеттерін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорын кеңейту.[3]

Сабақтарымды өту барысында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, соның ішінде сауат ашудағы 1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту, 1.3.5.1\* тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерді қолдана отырып, үлгі бойынша шағын мәтін құрап жазу; 1.3.5.1\* тақырыпқа байланысты керекті тірек сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерді қолдана отырып, үлгі бойынша шағын мәтін құрап жазу; оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар кеңінен көріне білді. Оқушыға тақырыптар түсінікті болу үшін, өзіндік жұмыс, топтық жұмыс, жұппен жұмыс, сергіту сәтін, рөлдік ойындар, кесте бойынша тапсырмалар беріп отырдым. Осы міндеттерге жету мақсатында әр сабағымда тірек сөздерді қолдану арқылы оқушының айтылым дағдысын байытуға жетелейтін түрлі ойындар мен тәсілдерді алдарыңызға ұсынамын.

Тірек сөздерді қалай ажыратамыз? Оны қалай құруға болады? Алдымен осыған тоқталып өтсек. «Сөз ойла» деген ойыны. Бұл ойын жұппен немесе ұжыммен ойналады.

Ойын шартында әр оқушыға 5 сөз ойлауға беріледі. Ол сөздерді жазып шығады. Мұғалім оқушылардың жазған сөздерінің тірек сөздер екенін түсіндіріп, ережесін айтады. Екі ойыншы ойлаған сөздерінен шағын әңгіме айтуы керек. Әңгіме жүйелі шығуы үшін бұл сөздерді біріктіретін тақырып тауып алады. Осылай әр оқушы тірек сөздер туралы ұғымды жақсы түсіну үшін осы ойынды бірнеше рет ойнап шығады. «Суретке сүйеніп, мәтін құрау» әдісі. Бұл әдісте оқушылар алдына сюжетті суреттер беріледі. Алдымен оқиғаның желісі бойынша суреттің ретін тауып алуға тапсырма беріледі. Бұл тапсырмаға жауап беруде оқушыларға мұғалім: -Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?-Олар не істеп жатыр? Деген жетелеуші сұрақтар қояды. Осылай сұрақтарға жауап ала отырып, тірек сөздерді анықтап алады. Тірек сөздерді атаған соң тақырып бойынша шағын мәтін құрай алады. Баланың сөздік қорын молайтып, мәтінді өз бетінше толықтыра алуына пайдасы көп. Тек суретпен ғана жұмыс жасап, өз ойларын жеткізе алуына көмектеседі. «Кейіпкерлерді сипаттаймын» әдісінде оқушыларға суретке қарап кейіпкерлерін және іс әрекеттерін айту ұсынылады. Оқушылар атаған кейіпкерлерін, олардың іс –әрекеттерін мұғалім тақтаға жазып тұрады. Мысалы: (болжаммен оқушылар осындай сөздер құрды. Осы тірек сөздерді пайдаланып мәтін желісін құрап береді.) Тірек сөздер: Екі дос, шана, жүгірді, мысық, ит, қуанды, құлады, қуды. Бұл ойында оқушылар өздері тапқан тірек сөздерді қолданып сюжетті мәтін құрастырады. Мәтінді суретке қарап баяндаса да, өздері құраған тірек сөздерді қолдануға тырысады. Тірек сөздердің мәтін құрағанда үлкен көмегі тиетінін ұғынады. «Менің кейіпкерім» әдісінде тақтаға Арман қандай бала? деген сөйлем жазылып жанына суреті ілінеді. Оқушылар жұппен жұмыс жасайды. Оқушылар суретке қарап Арман ақылды, батыл, білімді, космонавт деген сөздер айтуы мүмкін. Мұғалім Арман қандай бала? деген сұраққа жауапты толық алған соң, тақтаға сюжетті суреттерді және тірек сөздерді іледі. Оқушылар тірек сөздерді оқи отырып тақырып қояды, және тірек сөздерін пайдалана отырып мәтін құрастырады. Бұл әдісті оқушылар аса қызығушылықпен орындайды. Айтылым дағдысының біршама өскені байқалатын болады.

«Жасырын бейне» әдісін қолдана отырып, «Дұрыс тамақтану» ортақ тақырыбына байланысты жасырынған сөздерді тапқызуға болады. Ол не? Ол ағашта өседі, ол дәрумендерге бай, оның түсі қызыл, сары, жасыл болып келеді. Ол не? Осылайша жалғаса береді. Мұндағы мақсат дұрыс тамақтану әрекеті арқылы айтылым дағдысын жүзеге асыру. Тапқан алма сөзіне байланысты ұжымға 7 сөз ойластыруға тапсырма беріледі. Ойлаған сөздерінің тірек сөздер екенін түсінеді, біледі. Сол сөздерді пайдаланып «Алма» тақырыбына мәтін құрайды. «Артығын тап» әдісін «Дұрыс тамақтану» тақырыбында қолдануға болады. Тақтаға бірнеше суреттер ілінеді. Суреттер ішінен дұрыс тамақтануға сәйкес келмейтін артық суреттерді сызып тастайды. Қалған суреттерді сипаттай отырып тірек сөздер шығарып алады да мәтін құрастыруға кіріседі. Менің бұл зерттеудегі нәтижем, әр сабақ сайын баланың белсенділігі, бір-бірімен жарысып оқуы, ынтымақтастыққа үйренуі, сабаққа деген қызығушылығы оянып, өз ойларын еркін айтуға, бір-бірін тыңдауға, мәтін құрауға, тірек сөздерді анықтауға, мәтіннің негізгі ойын анықтауға, сұрақтар қоя білуге, ашық сұрақтар мен жабық сұрақтарға жауап беруге, берілген тақырып бойынша ой қорытуға едәуір қалыптасқандарын байқадым.

Іс-әрекеттегі зерттеу жобасынан алған тәжірибем менің болашақтағы іс-әрекетіме оң әсер етеді деп айта аламын. Болашақта менің білім берудегі мақсатым-қазіргі қоғам талабына сай, құзырлы, өз бетінше дұрыс әрі тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті оқушы қалыптастыру болып табылады.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Сауат ашу" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 2018 ж. 3-бет
2. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Сауат ашу" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 2018 ж. 10-11бет



*Кенешова Р.А.  
директор КГУ «Школа-лицей  
№ 101», г.Караганды  
Дилеева И. И.  
учитель физической культуры  
КГУ «Школа-лицей № 101» г. Караганды*

## **ВНЕДРЕНИЕ ПРОДУКТИВНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЗАНЯТИЯХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРОЙ В ВОСПИТАНИИ НРАВСТВЕННОСТИ УЧАЩИХСЯ**

«Только постоянная забота и нравственное воспитание  
формирует в ребенке самые лучшие нравственные  
качества», «хорошо воспитанный ребенок впоследствии остается  
добропорядочным человеком»  
Б.И. Алтынсарин

Как педагог-просветитель Б.И. Алтынсарин огромное внимание уделял значимости и роли школы, нравственной миссии учителя в реализации целей учебного и воспитательного процессов, он считал, что школа должна давать реальные знания, которые бы обеспечивали достижения цели умственного развития и нравственного усовершенствования личности обучаемого [1].

В настоящее время **актуально** воспитание таких нравственных качеств, как честность, благородство, скромность, коллективизм, стремление делать добро, активно противостоять злу, подлости, помогать слабым и обездоленным, уважение общественных интересов и взаимное уважение. Всё это напрямую входит в физическую культуру личности и должно планироваться в виде конкретных воспитательных целей на занятиях физическими упражнениями.

Дисциплина – это также категория нравственная.

Урок физической культуры – место разнообразных коллективных действий и переживаний, накопления опыта нравственных взаимоотношений. На уроках, особенно в условиях обновленного содержания образования, учащиеся приучаются к самостоятельной работе, для успешного осуществления которой необходимо соотносить свои усилия с усилиями других, научиться слушать и понимать своих товарищей, сопоставлять свои знания со знаниями остальных, отстаивать мнение, помогать и принимать помощь. На уроках школьники могут переживать вместе острое чувство радости от самого процесса получения новых знаний и освоения новых двигательных действий, огорчения от неудач, ошибок [2].

В настоящее время перед учителями физической культуры стоит проблема обогащения нравственного опыта учащихся путем внедрения более продуктивных педагогических технологий (системно-деятельностный подход, личностно-ориентированный), способствующих актуализации собственной деятельности учащихся по решению поведенческих, этических и эстетических проблем в духовно-нравственной практике. Чтобы увидеть ребенка в процессе образования, его надо открыть, повернуть к себе, включить в деятельность [3].

Во время своих уроков и во время дополнительного компонента в нашей школе часто применяются такие формы, как диспуты, беседы, игры, соревнования, встречи с интересными людьми и т.д.

Все эти занятия объединяют общие признаки:

1. Тесное взаимодействие учителя и ученика.
2. Высокая степень организации мыслительной деятельности.
3. Сочетание коллективных форм работы с индивидуальными.
4. Повышение степени эмоционального воздействия на учащихся.
5. Формирование духовно-нравственных качеств личности школьников.
6. Максимальная познавательная самостоятельность.

Мы считаем, что уроки физической культуры создают исключительные условия для нравственного воспитания учащихся. В играх и упражнениях раскрывается характер ребёнка. Именно здесь развиваются чувства коллективизма и патриотизма, упорство и настойчивость, смелость и честность, происходит становление духовных и физических качеств личности.

Формирование морально-волевых качеств неразрывно связано с воспитанием нравственных черт личности. Очень важно воспитывать взаимопомощь. На своих уроках педагоги исключают насмешки по отношению к физически слабым одноклассникам, учат помогать товарищам, преодолевать неудачу, содействовать в их стремлении чуть-чуть подняться над собой.

Система физического воспитания, объединяющая урочные, внеклассные и внешкольные формы занятий физическими упражнениями и спортом, должна создавать максимально благоприятные условия для раскрытия и развития не только физических, но и духовно-нравственных способностей ребёнка, его самоопределения.

Каким бы отличным не было бы проведение уроков физической культуры без внеклассной работы, нельзя решить задачи воспитания морально-волевых качеств, формирования гармоничной личности.

2. Федосеева О. А., Проблемы родителей, имеющих ребенка с ограниченными возможностями // Молодой ученый. - 2013. - №9. - С. 344-346.

3. Назарова Н.М., Специальная педагогика.- М.: Академия, 2000. – 278с

4. Система образования для детей с проблемами в здоровье №1, М., 2003г

5. Малер А. Р. Социальное воспитание и обучение детей с отклонениями в развитии: Практическое пособие. – М. : АРКТИ, 2000.

*Ж. К. Куанышбекова*  
*бастауыш сынып мұғалімі*  
*«Абай атындағы №2 мектеп-лицейі» КММ, Балқаш қ.*

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Қазақта қолына «Әліппе» ұстап, «Кел, балалар, оқылық» деп сауатын ашқан баланың барлығы Ыбырай(Ибраһим) Алтынсариннің есімін жақсы таниды. Ғұмырын халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған ұлт педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толады.

Қазақтың қазіргі зайырлы білім беретін біртұтас ұлттық мектебінің іргетасы Ы.Алтынсариннің жанқиярлық ерен еңбегінің арқасында ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалана бастады. Өз замандастары да, кейінгі ұрпақ өкілдері де Ыбырайды ұлы ағартушы, қоғам қайраткері, жаңа тұрпатты педагог, жаңашыл әдіскер ұстаз, ғалым этнограф, саралы ақын, жазушы, қазақтың балалар әдебиетінің негізін салушы, орыс графикасы негізінде қазақтың алғашқы ғылыми оқу құралдары мен оқулықтарын жасаушы, қазақтың зайырлы мектеп жүйесінің ірге тасын қалаушы деп таниды. Отандық мектептің білім беру міндеттерін Ы.Алтынсарин халықтың қажеттіліктерін ескере отырып анықтады. Оның пікірінше, мектеп қоғам өмірінде лайықты орынды, мәдениеттің жоғары деңгейін, өз халқының өкілі ретінде адамның адамгершілік қасиеттерін қамтамасыз ететін нақты білім беруі керек. «Мектептер – қазақтардың білім алуының басты серіппелері, – деп жазды Ыбырай Алтынсарин, – ... оларға, әсіресе оларға деген үміт, оларда қазақ халқының болашағы да бар». Алтынсарин қазақ мектебінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін нақты тұжырымдап, оларды өзінің барлық практикалық қызметінің негізіне алды [4, б.28]. Педагог-ғалым баланы бір жақты ақпаратымен жалықтырмай, оның қызығуын әрдайым қоздырып, туындатып, жандандырып отыру қажеттігін атап көрсетті. Өйткені, қызығусыз жай ғана түсіндірілген ақпарат тез ұмытылады, ал жан-жақты ойлану немесе аса үлкен қызығушылықпен келген білім баянды болады, зердеде сақталып қалады және басқа бір білімнің туындауына дәнекер, негіз болады деген болатын [5, б.53]. Қазіргі сабақтың, әсіресе, дәстүрден тыс сабақтардың түрі де әдіс-тәсілдері де көп. Оның қайсысын тандап алсақ та, сабақ үрдісінде педагогика ғылымының даму тарихында дәлелденген дидактикалық негізгі талаптары мен сабақтың құрылымы қатаң сақталуы керек. Жаңа технологияларды пайдаланудың ерекшелігі – тек стандартта берілген білімді меңгерту ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін қалыптастыруға, шығармашылық икемділігін дамытуға, оқушының өз бетімен іздену жұмыстарын 43 жүйелі түрде істей білуге бағыттау болып табылады. Мектептің негізгі міндетін-ағартушы мұғалім нақты білімнің берілуімен байланыстырып қана қоймай, оқушылардың білімді әр түрлі құбылыстарды тәжірибелі зерттей отырып, көрнекі түрде алуына қол жеткізуге талпынды. Ол мектепте жаратылыстану пәндерін оқытуды өте құнды деп санады. Осыған ұқсас құбылысты біз қазіргі заманғы қазақстандық мектепте де байқап отырмыз, онда негізгі назар жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеуге, сондай-ақ білім алушыларды кәсіптік-бейіндік даярлауға аударылады. Ыбырай Алтынсарин мектептеріндегі кәсіптік бағдар, өнер таңдау, мамандыққа сай қасиет, сапалар туралы пайымдаулары өз еңбектерінен ғана емес, өзі ашқан мектеп, училище жанынан шәкірттерін әр түрлі мамандыққа баулуы қазіргі таңда өзіндік ғылыми-практикалық маңыздылығын көрсетті. Оқу процесін ұйымдастыруда бірінші дәрежелі рольді Ы.Алтынсарин мұғалімге оқу және тәрбие үдерістерінің мақсаттарын іске асырудағы оның әлеуметтік және адамгершілік миссиясына жүктеді. Мектептің жетістігі, халықтың болашағы мұғалімге байланысты: «мұғалім-білім берудегі ең маңызды адам. Ең жақсы оқу құралдары, Үкіметтің жарлықтары, қатаң инспекторлық бақылау маңыздылығы жағынан мұғаліммен салыстыра алмайды. Сондықтан мен үшін жақсы мұғалім әлемдегі барлық зергерлік бұйымдарға қарағанда қымбат». Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыста – «мұғалімнің санасында оқытудың ең жақсы тәсілдерін табу және балалармен дұрыс қарым-қатынас жасау». Педагог бейнесі Ыбырай Алтынсаринді қатты алаңдатты. Халық даналығы: «мұғалім ұлт пен қоғамды жасайды» дейді. Бүгінгі таңда әділеттілікті сақтаған осы ежелгі және дана сөзде педагогикалық жұмыстың әлеуметтік және гуманистік мәні бар. Шын

мәнінде, мұғалім елдің өндірістік күштерін дамытудың, оның әлеуметтік прогресі мен шығармашылық әлеуетінің қайнар көзі болып табылады. Мұғалімсіз кейіпкер де, ақын да, саясаткер де, ғалым да жоқ. Мұғалім мамандығының жоғары мақсаты оның жеке басына бірдей жоғары талаптар қояды [2, б.18]. Ыбырай Алтынсариннің мұғалімдер алдына қойған маңызды бір талабы – оларды қаламдастарының, алдыңғы қатарлы оқытушылардың тәрбие-тәжірбиесінен туындайтын идеяларды қабылдап, оны өз ісіне пайдаланып отыруы. Ағартушы мұғалімдер даярлау ісімен жігерлі түрді шұғылданды. Өнегелі ұстаз – тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Бүгінгі таңда мектеп қызметін жетілдірудегі және оқушыларды оқытудың табыстылығын қамтамасыз етудегі негізгі тұлға-мұғалім. Кәсіби өсуге және кәсіби білім алуға ықпал ететін барлық жағдайлар жасалған [1, б.32]. Ерекше назар аударатын жағдай, Ы.Алтынсарин сабақ кезінде білім алу мен сабақтан тыс уақытта білім алуды ұштастыруды ұсынды. Педагог-ғалым баланы бір жақты ақпаратымен жалықтырмай, оның қызығуын әрдайым қоздырып, туындатып, жандандырып отыру қажеттігін атап көрсетті. Өйткені, қызығусыз жай ғана түсіндірілген ақпарат тез ұмытылады, ал жан-жақты ойлану немесе аса үлкен қызығушылықпен келген білім баянды болады, зердеде сақталып қалады және басқа бір білімнің туындауына дәнекер, негіз болады деген болатын. Қазіргі сабақтың, әсіресе, дәстүрден тыс сабақтардың түрі де әдіс-тәсілдері де көп. Оның қайсысын таңдап алсақ та, сабақ үрдісінде педагогика ғылымының даму тарихында дәлелденген дидактикалық негізгі талаптары мен сабақтың құрылымы қатаң сақталуы керек. Жаңа технологияларды пайдаланудың ерекшелігі – тек стандартта берілген білімді меңгерту ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін қалыптастыруға, шығармашылық икемділігін дамытуға, оқушының өз бетімен іздену жұмыстарын жүйелі түрде істей білуге бағыттау болып табылады. Баланы оқыту-тәрбиелеу жұмысында Алтынсарин атақты әдіскер – педагогтардың оқыту әдістерін батыл да шебер қолдану нәтижесінде тәжірбиесі артты, өзінің дидактикалық көзқарасы қалыптасты. Баланың мектептен алатын білімін өмір талабымен қолдануды тамаша ұштастырды. Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі функционалдық сауаттылық ұғымы ағартушы ұстаздың алыстан көрегенділігін тағы да дәлелдей түседі. Оқушы табыстылығын дамытудың шарттарының бірі-өзін-өзі жүзеге асырудың шексіз мүмкіндіктерін ұсынатын қызметке қатысу. Заманауи мектептің басымдықтары әлеумет мүшесі ретінде өзін-өзі таныту, білім алушылардың әлеуметтік-кәсіби өзін-өзі анықтауы, олардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін біле отырып, үздіксіз білім алуына бағдарлану ұмтылысында көрінетін тұлғаның әлеуметтік-прогрессивті түрін қалыптастыру. Алтынсарин бұл туралы ол өз жазбаларында айтқан, бұл қазіргі мектепке қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіл әлемдік, тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің 2 кластық мектептердің меңгерушілеріне жазған нұсқау хатында: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлау тиіс. Өз балаларымен сөйлескендей ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық танытуы керек, әрбір нәрсені ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіруі керек, орынсыз сөдерді, терминдерді қолданбауы керек» деген сөздерінен ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз [6, б.61]. Ыбырай Алтынсарин де өзінің педагогикалық-ұйымдастырушылық әрекетінде бірнеше маңызды принциптермен әдістерге сүйенді.

• Біріншіден, білім беруді әліппеден бастауды ұсынды. Әліппе дегеніміз білімнің ең қарапайым сатысы, оны аттап кетуге болмайды. Қазақ халқы тек жаңа ғана оқи бастаған халық, сондықтан оның оқуы ең әуелі әліппеден басталуға тиіс. Өйткені ешкім де бірден қиын нәрсені белгілі дайындықсыз түсіне алмас еді. Әр уақытта қарапайымдылықтан күрделілікке, жақыннан алысқа, төменнен биікке ұмтылыс болуы керек. Бұл да маңызды дидактикалық принцип деген тұжырымға келген болатын. • Екіншіден, білім беруде жүйелік әр уақытта сақталуы қажет, әркімнің өзі білгенінше сабақ өткізуіне болмайды. Мұндай жағдайда оқыту мен оқу жұмысын жүргізуде жүйе болмайды. Жүйе жоқ жерде нәтижелі іс те болмайтынына көзі жеткен. Кез-келген пәнді оқытуда белгілі бір жүйе, қабылданған стандарт болуы қазір де

аса маңызды талап. Осы принципке сүйене отырып, Ы.Алтынсарин сол кездегі мектептер жұмыстарына сараптама беріп отырған.

- Үшіншіден, білім беру ісінде теориялық баяндау мен нақты іс-тәжірибе бірінбірі толықтыруына аса үлкен мән берді.

- Төртіншіден, білім берудегі этникалық ерекшеліктерге мән береді. «Енді мен қырғыз хрестоматиясының екінші бөлімін құрастырып жатырмын... бұл бөлімнің тарихи мәліметтер жөнінде тарауына қырғыз халқының өз тарихынан материалдар енгізу керек болып отыр, бірақ ондай материалды қайдан аларымды білмеймін... Өз туған халқыма қырғыз тілінде жалпы білім беретін, дұрысын айтқанда, ғылыми мәліметтермен құрастырылған тағы бір еңбегіммен қызмет етпекпін» деп атап көрсетті.

- Бесіншіден, білім беруде баланың жыныстық қасиеттерін де есепке алу қажеттігін ұсынды. Отбасында, қоғамда қыз бала мен ер баланың өзіндік орны мен ерекшеліктері бар. Олардың әрқайсысының табиғи ерекшеліктеріне сүйене отырып, бастауыш мектептерде балаларды ағаш өнеріне, қыздарды қол шеберлігіне үйрету көзделді. Осы принципті мектеп ісін ұйымдастыруда іске асырды. Мұның өзі Ы.Алтынсариннің өте көреген, алға ұмтылған педагог екенін көрсетеді [3, б.35].

- Алтыншыдан, Ы.Алтынсарин білім беру процесінің ізгіліктік сипатын анықтайды. Білім адамды рухани байытады, жанын жадыратады, жақсылыққа жетелейді, көңілін көтереді, рухын нығайтады, жігерін күшейтеді.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық ізденістерінде тілді игеру туралы біршама ойлар өрбіген. Әрине, сол заманның тынысына сәйкес ол орыс тілін үйренуге үлкен мән берген. Бірақ баланы орыс тіліне баулуды ол өзінің ана тілін толық игерген соң мүмкін деп есептеді. Бұл пікірді сол кездегі алдыңғы қатардағы орыс зиялылары да толық қолдаған. Өзге тілді үйрету «балалардың бойына ана тілінің әбден сіңіскені байқалғанша ешбір басталмауға тиіс» деп жазды К.Д.Ушинский [7, б.23]. Ы.Алтынсариннің XIX ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері ХХІ ғасырға аяқ басқан, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.. Керісінше, олар уақыт өткен сайын жаңа серпінге ие болып, дами түсуде.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. – Алматы: Санат, 1995.
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2004.
3. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана, 2005.
4. Қожахметова К.Ж. Халық педагогикасын зерттеудің кейбір ғылым және теориялық мәселелері. – Алматы, 1993.
5. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001.
6. Игнатьев Е.И. Психология в беседах с учителями. – Санкт-Петербург, 2001.
7. Қоянбаев Б.Ж. Педагогика. Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1992.
8. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. «Қазақстан мектебі», 1989
9. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы

*Кулсариева З.А.  
өзін-өзі тану пәні мұғалімі  
«Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ,  
Қарағанды обл., Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы*

## ЖАС ҰРПАҚҚА БІЛІМ БЕРУДЕГІ КІТАПХАНАНЫҢ РӨЛІ

«XXI ғасыр мәдениеттің ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі- кітапхана десек қателеспейміз. Елбасымыз айтқандай, әрбір адамзат рухани тәрбиенің негізін кітапханадан алары сөзсіз. Себебі біз ананың ақ сүті арқылы бойымызға ана тіліміздің құдіретін сіңіретін болсақ, кітап оқыту арқылы жастардың ойлау, армандау көкжиегін дамытамыз, ғылым мен білімге деген қызығушылықтарын оятамыз.

Кітапхана саласы-қоғам дамуындағы ерекше орын алатын бағыттардың бірі. Ал сол саланы басқаратын кітапханашылар қоғамның ақылшы қазынасы. Ендеше, кітап пен кітапханашы, автор мен оқырман, оқырман мен кітап, кітап-білім көзі, кітап пен кітапхана бұлар-бір-бірінен ажырамас ұғым. Әрбір халықтың кемелдікке келгендігін, ертеден келе жатқан өзіне тән өркениеттің нышаны бар екендігін көрсететін қасиетті бір орын екенінің дәлелі.

Кітап - біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз.

Кітап-білім мен рухани байлық бұлағы. Оның өшпес құндылығы міне, осында мектеп кітапханасы ролі жылдан-жылға артып келеді. Иә, рухани болмысымызды айқындауға құдіретті құрал – кітап өлшеусіз роль атқарады. Кітапхана қорын уақыт талабына сай жаңа ізденістермен жаңа идеялар қажет. Рухани азық іздеген көзі ашық, көкпегі ояу, әрбір адамның келер шаңырағы. [1]

«Кел, балалар, оқылық» деген ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің ұраны бүкіл ел ұранына айналды. Кітапты қолымызға алып оқи бастағаннан жолдан соң жол, беттен бетке жалғаса береді. Қоршаған орталарының бәрі көзді ашып-жұмғанша ғайып болып, автордың қиялымен жасалған ғажайып әлемге еніп кетесің. Сырт қарағанда өте қарапайым болғанымен кітап оқудың біздің ойымызда, санамызда жүзеге асатын өте күрделі ойлау процесін жүзеге асыратынын біле бермейміз. Әрбір кітап, тіпті кішкентай мәтіннің өзі белгілі бір оқу техникасы болуы қажет. Осыны дұрыс жолға қою арқылы өзіңе көмек бере аласың. Бұл әр адамның білуі қажет бір тұтас ұғым.

Кітап оқу адамның шығармашылық ізденісімен тығыз байланыста дамып, оның білімі мен адамгершілік мақсаттарын қалыптастырып, қоғамдық тарихи үдерістегі өз орнын айқындауына ықпал етеді. Сол мақсатта жалпы адамзат қауымына жол көрсетіп отыратын рухани қара шаңырақ-кітапхана деп білемін. Кітапхана-өнер, білім ордасы, жастарды ізгілікке тәрбиелейтін қасиетті орын.

Кітап-рухани байлықтың көзі, сол мақсатта қаламы қарымды жазушыларымыз бен ақындарымыз көбейе берсін! Сол кісілердің қаламынан туған жыр өлеңдер, көркем шығармалар оқырмандар жүрегінен орын ала берсін. Болашақ жастарымыз білімді, мәдениетті болып, еліміздің мәртебесін асқақтата түссін! Кітап – білім бұлағы, сол білім бұлағы ешқашан суалмасын. Кітапханамыздың іші оқырманға толсын. Кітапқұмар оқырмандарымыз көбейсін. Болашақ жастарымыз кітапты бағалай берсін.

Қазіргі уақытта кітап оқу деген адамның ізгі ниетінің өсуі еліміздің жағдайы мен экономикасының жан-жақты даму көрсеткіші десе де болады. Алайда жұрттын ойлауы бойынша «қазіргі жастар кітап оқымайды» деген сөз әлі де жиі естіледі. Себебі теледидар, интернет бүгінде негізгі ақпарат көздері ретінде рухани сұраныс кеңістігінің денін билеп алды.

Бүгінгі жастар «Instagram», «Faceebook», «Twitter», «Вконтакте» сынды әлеуметтік желілерінде қандай жаңалықтар бар, қай жұлдыздың паракшасында не болып жатқанын бастары біріксе талқылайды, одан қалса тілдесудің орнына ұялы телефонына көміліп отырады. Бұл көңіліңе кірбің ұялататыны сөзсіз...

Бүгінгі таңда жастарымыз қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек. Кітап-адам өмірінде маңызды роль атқарады. Ол елді, жерді сүйеге, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Сонымен қатар кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл - кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап біздің рухани жан

азығымыз. Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде.

Өзім тұрып жатқан Шет аудандық орталық кітапханада әр мереке сайын іс-шаралар өткізіліп тұрады. Ақын-жазушылардың өмірі жайында, шығармаларын насихаттау барысында өткен іс шаралар адамның білімін нығайта түсері анық. Сондай-ақ, әр кәсіби мереке сайын түрлі іс шаралардың бастау алуы, ана тіліміздің тұғырлы болуы, жастар арасында ана тіліміз - қазақ тілін қастерлеп, барынша қадірлеу тұрғысында өткізілетін шараларға әрине ұжым болып қатысып, өз ойымызды білдіріп жатамыз. Бұл іс шаралардан кейін көптеген рухани азық алып, сол бойынша шәкірттерге білім беруде өзіміздің ойымызды жетілдіріп, өзіміз білген түйгенімізді үйретіп жатамыз. Бұл орайда мектеп-гимназия жанындағы кітапханада оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Мектеп кітапханасында да көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылып отырылады. Өткен жылдан басталған бүкіл әлемді шарпыған пандемия кезінде көптеген іс-шаралар уақытында өтпей, жастарымызға көп нәрседен шектеу қойылғаны анық. Бірақ кейінде аудандық орталық кітапханада сақтық шараларын сақтай отырып, игі істер атқарылуда. Көбіне онлайн түрінде өткізіліп жатады. Бұл оқушылар үшін, ұстаздар үшін рухани сусындаудың бірден бір жолы.

Ғылым мен білімнің негізі болып табылатын кітап пен білім ошақтары - бірінен-бірі ажырағысыз рухани қазыналар. Өйткені оқу-тәрбие үрдісіне кітаптың қосар үлесінің өлшеусіз екендігі ақиқат. Қалай десек те, жаңа заман компьютер дәуірі болғанымен рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның келер шаңырағы – кітапхана дер едім.

Шет аудандық орталық кітапхана 6 қыркүйек күні қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай Ыбырай Алтынсарин шығармашылығына қызығушылықты оятып, ұлттық бірегейлік пен ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыру мақсатында «Даланың дара ұстазы» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырды.

Ыбырай Алтынсарин-ұстаз, ағартушы және гуманист, қазақ тіліндегі оқулықтарды, қазақ әліпбиі мен жазуды, қазақ мектептеріне арналған орыс тіліндегі оқулықтарды жасаушы.

Көрмеге Ыбырай Алтынсариннің шығармалары, ғылыми-педагогикалық еңбектері, ағартушының өмірі мен қызметін айшықтайтын: Ы.Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық», Ы.Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар ...», Ж.Смағұл «Алтынсарин және ұлттық әдеби мұра», «Ыбырай Алтынсарин тағлымы», Ө.Дербісәлин «Ыбырай Алтынсарин» және т.б. әдебиеттер мен мерзімді басылым беттеріндегі мақалалар ұсынылды.







Көрмеге ұсынылған материалдар Ыбырай Алтынсарин мұрасының бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпағанын және әлі де қызығушылық тудыратынын дәлелдейді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ж.К.Шаймұханбетова, «Қазақстан кітапханалары тәуелсіздік жылдарында: жетістіктері және даму бағыттары» атты республикалық конференцияның мақалалар жинағы, Қызылорда қ., 26-27 қазан 2011 ж.

*Кусаинова Н.Ж, Акбаева Б.К.  
учителя русского языка и литературы  
КГУ «Гимназия имени Мағжана Жұмабаева» г.Караганды*

### **ЧЕМПИОНАТ ПО ЧТЕНИЮ ВСЛУХ: МЕЖДУНАРОДНОЕ ПАРТНЁРСТВО**

«Ничто так не способствует процветанию, могуществу и счастью нации, как образование»,- писал Томас Джефферсон [1]. И если мы хотим построить сильное и интеллектуальное общество, то уже с колыбели, с детского сада, со школы должны прививать в них стремление к знаниям, самообразованию, стремление к постоянному самосовершенствованию. Сегодня основной целью образования является формирование конкурентоспособных, высокопрофессиональных, творческих личностей. При этом мы не должны забывать о национальных ценностях, должны использовать наследие наших великих педагогов и просветителей. В педагогике особое место занимает деятельность Ы. Алтынсарина, поэта, этнографа, переводчика, выдающегося педагога и создателя сети русско-казахских школ, автора одного из вариантов казахского алфавита на основе кириллической графики. Он считал, что образование должно основываться на богатейшем многовековом опыте казахского народа.

Педагогические идеи Ы. Алтынсарина уникальны и актуальны по сей день.

В хрестоматии для открытых им школ в стихотворении «Посвящение» он призывает детей к знаниям и пишет, что только знания дают силу человеку:

Ученье схоже с алмазом —

Сила его растет!

К грамотному человеку

Булат на поклон идет [2].

Алтынсарин подчеркивает, что знания - это неиссякаемое богатство жизни и что для его достижения необходимо много работать. Мы знаем, что Ыбырай Алтынсарин был основоположником школьных, а потом и детских публичных библиотек. Человек широко образованный, он хорошо понимал пользу чтения. Сам серьезно занимался самообразованием. Он знал произведения великих классиков мировой литературы: Шекспира, Гете, Байрона, Пушкина, Лермонтова, Гоголя, Фирдоуси, Низами, Навои.

Также Ыбырай перевел ряд произведений русских писателей: басни И. Крылова, рассказы Л. Толстого, сказки Салтыкова-Щедрина, труды Д. Ушинского и стихотворения А. Пушкина, Лермонтова, Некрасова [3]. Как мы видим, Алтынсарин внедрял в школу самое лучшее, что было в русской литературе. Он понимал, что хорошая книга – это не только источник знаний, но и источник воспитания. Она дает толчок к развитию творческой личности. И мы, учителя русского языка и литературы гимназии имени М. Жумабаева, продолжая идеи просветителя и углубляя их, разработали курс «Здорово читать», который культивирует чтение и направлен на обучение беглому, выразительному и осмысленному чтению. В рамках этого курса запланировано участие в Чемпионате по чтению вслух среди старшеклассников. Об этом мероприятии расскажем поподробнее.

В течение двух лет впервые в Казахстане, в городе Караганды, проходит увлекательный и незабываемый проект Чемпионат по чтению вслух среди старшеклассников «Страница 20», «Страница 21» [4]. Страница – это объём текста, который читается, а 20 – это год проведения Чемпионата. Целью данного мероприятия является развитие и популяризация культуры чтения среди школьников и учащихся средних специальных учебных заведений, знакомство подростков с лучшими образцами русской и зарубежной литературы в востребованном игровом формате Чемпионата.

Чемпионат был организован по инициативе учителей кафедры русского языка и литературы гимназии № 39 им. М. Жумабаева при поддержке ГорОО, в сотрудничестве и согласно правилам, разработанным программным директором Ассоциации «Межрегиональная федерация чтения» Российской Федерации Фаустовым М.В [5].

Проведению Чемпионата предшествовала большая подготовительная работа. Организатор чемпионата в Казахстане Акбаева Б.К., учитель русского языка гимназии, связалась с директором Ассоциации «Межрегиональная федерация чтения» Российской Федерации. Были обсуждены все детали проведения чемпионата. Учителя русского языка нашей гимназии подбирали отрывки из текстов русской и зарубежной литературы для отборочного этапа.

Нами был создан оргкомитет чемпионата, в который вошли учителя кафедры русского языка и литературы гимназии, представитель ГорОО г.Караганды, члены Ассоциации «Межрегиональная федерация чтения» Российской Федерации. Началась активная подготовка к первому Чемпионату.

Участниками Чемпионата являлись учащиеся общеобразовательных организаций в возрасте от 14 до 17 лет включительно. Отборочный этап проходил в каждой школе, а полуфинал и финал Чемпионата в стенах нашей гимназии. Заявку на участие в полуфинале «Страницы 20» подали 45 школ, среди них 12 школ с казахским языком обучения и 33 школы с русским языком обучения. Учащиеся без подготовки читали незнакомый текст. Набравший наибольшее количество баллов участник выходил в полуфинал и в финал чемпионата. Тексты разделены на три раунда:

✓ русская проза

- ✓ поэзия
- ✓ зарубежная проза.

Жюри оценивало участников по двум критериям: техника чтения и артистизм. Стать членами жюри финала Чемпионата мы пригласили Жетписбаеву Мейрамгуль Асылбековну, заместителя директора по учебно-методической работе филиала АО "НЦПК "Өрлеу" ИПК ПР по Карагандинской области, кандидата филологических наук; Жумабекова Мейрама Кенесовича, кандидата филологических наук, доцента кафедры журналистики; Демьянову Юлию Александровну, старшего преподавателя журналистики, магистра гуманитарных наук. По результатам полуфинала были отобраны 13 финалистов, которые «сразились» за звание «Чемпиона города Караганды по чтению вслух». Чемпионом по чтению вслух среди старшеклассников г. Караганды стала ученица 11 класса школы-лицея № 57 имени С. Саттарова Оспан Тансу Бейбітқызы. Она представляла нашу страну в финале конференции «Заграница», который прошел 2 июля 2020 года. Финал завершил серию отборочных матчей, победители которых участвовали в супер-финале «Страницы '20». За право выхода в супер-финал боролись школьники из разных стран — Армении, Египта, Иордании, Испании, Казахстана, Ливана, Марокко, Туниса, Турции, Франции и Эстонии. Участники читали вслух без подготовки русские народные сказки, которые кажутся простыми только на первый взгляд. Поэтический раунд вызвал восторг у болельщиков и судей, потому что проводился он по частушкам. Третий раунд — зарубежные книги про кошек. В состав жюри вошли два человека, отличающиеся строгим судейством — Алексей Павловский (создатель фестиваля «РУ.фест» и организатор чемпионатов по чтению вслух в Ростовской области) и Настя Орлова (поэт, переводчик, лауреат премии президента Российской Федерации в области литературы и искусства), а за доброту и всепрощение отвечала Светлана Демешонок (амбассадор бренда «Чуткие чтения»).

Среди участников были носители русского языка, билингвальные участники и те, для кого русский язык является иностранным (причём третьим или даже четвертым). Оргкомитет Чемпионата специально не стал разделять школьников, чтобы создать единые условия и благоприятную среду для общения на русском языке. Все выступления прошли на высоком уровне. В финальном раунде тройка лидеров — Тансу Оспан (Казахстан), Константин Дольский (Эстония) и Мариам Кассим (Египет) — читали строфы из «Евгения Онегина», как и финалисты всех региональных конференций. Победителем конференции «Заграница» стала ученица 11 кл казахской школы Оспан Тансу (Казахстан) [6]. Она представляла Караганду и весь Казахстан на супер-финале Чемпионата по чтению вслух среди старшеклассников «Страница '20». Мы очень рады такому большому успеху Тансу. И сейчас она успешно сотрудничает с Ассоциацией «Межрегиональная федерация чтения», которая приглашает её участвовать в различных мероприятиях.

Члены жюри, учащиеся, гости поблагодарили организаторов Чемпионата, учителей кафедры русского языка и литературы гимназии №39 за отличную организацию и проведение Чемпионата по чтению вслух среди старшеклассников. Учителя отметили высокий уровень участников Чемпионата и высказали предложение проводить его ежегодно. Окрылённые успехом, мы начали готовиться уже ко II Чемпионату по чтению вслух «Страница '21».

Полуфинал и финал Чемпионата «Страница '21» проходили в режиме конференции ZOOM. Полуфинал провели учителя русского языка нашей гимназии, а финал был проведён Ассоциацией «Межрегиональная федерация чтения».[7]. Ведущим был основатель Чемпионата - Михаил Фаустов. В состав жюри вошли представители двух стран. Это Лопатина Н.С.-директор Ассоциации «Межрегиональная Федерация чтения», Михаил Павловец-доцент Высшей школы экономики города Москвы, Рахметуллаева Д.Б.- учитель русского языка и литературы гимназии имени М.Жумабаева. Члены жюри были поражены концентрацией участников «с голосами, не отличимыми от голосов актеров дубляжа и радиоведущих». Но больше всех жюри понравилась Яворская Лиза, ученица 11 класса КГУ «ОШ №46» г. Караганды, получившая самый высокий балл в финальном раунде. Она примет участие в Международном Чемпионате по чтению вслух «Заграница» 2021г.

Международное партнёрство в проведении Чемпионата по чтению вслух на русском языке среди старшеклассников дало возможность нашим казахстанским школьникам выйти на международный уровень, показать себя, своё умение и артистизм, познакомиться с новыми творческими людьми, амбициозными ровесниками из разных стран. Участие ребят в данном проекте способствует приобщению их к художественной литературе, расширяет кругозор, словарный запас, развивает речь.

Международное сотрудничество с Ассоциацией «Межрегиональная федерация чтения» Российской Федерации позволило нам приобрести неоценимый опыт в проведении Чемпионата по чтению вслух на русском языке среди старшеклассников. Несомненно, данная форма работы и партнёрство с Ассоциацией «Межрегиональная федерация чтения» будет продолжена. В планах выйти на республиканский уровень.

### ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Информационное агентство "Научная Россия". Томас Джефферсон - «Золотые Слова». // <https://scientificrussia.ru/citations/149>.
2. Саюри Сан. Благородный сын степей Ыбырай Алтынсарин. 2017. // [https://el.kz/ru/news/iskusstvopage/blagorodnii\\_sin\\_stepei\\_ibirai\\_altinsarin/](https://el.kz/ru/news/iskusstvopage/blagorodnii_sin_stepei_ibirai_altinsarin/)
3. Шамшиябану Канышевна Сатпаева. Веяние времени. IV том. // <http://bibliotekar.kz/>
4. Чемпионат по чтению вслух «Страница 21». 2021. // <https://kargoo.kz/photoreport/detail/938>
5. Чемпионат по чтению вслух “Страница”. // <https://chitay.top/>
6. Чемпионат по чтению вслух "Страница 20". Финал Конференции Заграница. // [https://www.youtube.com/watch?v=WX9E7a6WU0s&ab\\_channel=%D0%91%D0%98%D0%91%D0%9B%D0%98%D0%9E%D0%A0%D0%98%D0%9D%D0%93BIBLIORING](https://www.youtube.com/watch?v=WX9E7a6WU0s&ab_channel=%D0%91%D0%98%D0%91%D0%9B%D0%98%D0%9E%D0%A0%D0%98%D0%9D%D0%93BIBLIORING)
7. Страница 21. Казахстан. Финал. // [https://vk.com/stra21?w=wall-83331558\\_4977](https://vk.com/stra21?w=wall-83331558_4977)

*А. М. Қайырқұл  
бастауыш сынып мұғалімі  
«Абай атындағы №2 мектеп-лицейі» Балқаш қаласы*

### САБАҚ ҮРДІСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ЖЕТІСТІКТІҢ НЕГІЗГІ БАҒДАРЫ

Тәуелсіздік туын берік көтерген еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңа бағыт, тың көзқарас бүгінгі таңда оқушылармен жұмыстың белсенді әрекеттерін жүргізуді көздейді. Сабақ – мұғалімнің шығармашылық алаңы. Оқушыларды дамыту, қалыптастыру мақсатында жасалған кез-келген іс-әрекет олардың бойында білім мен еңбектің қалыптасуына негіз болады.

Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде: «Жас бала — жас бір шыбық. Жас күнінде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты түзеймін десең, сындырып аласың» деп мектеп қабырғасында ерте жастан берілетін білім мен тәрбиенің маңызын дәл басып айтады. [1] Осы тұрғыда жас өркенді білімге баулитын әр педагогтің бойынан тамыры бекем парасат, заманға сай білім мен инновациялық күзінетіндіктер қатар дамуы тиіс. «Қазіргі кезеңде білім берудің оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық-педагогикалық технологияларды игерген, технологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста

қалыптасқан, бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім, зерделі оқытушы болу қажет». Қашықтықтан білім беруде, дәстүрлі сабақ беру жүйесінде де тыңнан түрен салған ұтымды әдіс-тәсілдер ұстаздың шығармашыл, жаңа технологияны жетік меңгеруімен бағаланатынын дәлелдеді.

Мультимедиялық құралдардың көмегінің сабақ өтуі – жаңашыл ұстаздың олқылығы. Интерактивті тақта, түрлі бейнематериалдар, компьютермен жұмыс оқушы назарын бір арнаға тоғыстырып, сабақты нақтылай түседі. Жаңартылған білім мазмұнында функционалды сауаттылықтың орны бөлек. Барлық талапқа сай, оза шабатын мектепте білім берудің ішкі жүйесі жарыса өмір сүруі керек: университетке бағдарланған және өмірге бағытталған. Бірінші кіші жүйе үшін ата-аналарды білімге жұмылдыру және тәрбиелеу, балалар тәрбиесіне салынған отбасылық ресурстар. Мектеп-лицей АКТ технологияларын қолдану, оқушылардың тәуелсіздігі мен белсенділігін қалыптастыру арқылы осы факторлардың орнын толтырады. Екінші ішкі жүйеге мектеп ортасы, серіктестіктер жүйесі, оқушылар мен мұғалімдер арасындағы сенімді қарым-қатынас, баға үшін емес, процесс үшін оқыту кіреді. Қазақ педагогикасының шамшырағы, ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде» деген екен. [2] Әдебиеттік оқу пәндерін оқытуда функционалды сауаттылықты, шәкірттеріміздің берілген ақпаратты қорытып, өмірде кәдеге асыруына үлкен мән беремін. Мұны мәтін мазмұнын талқылау жұмыстары, эссе жаздырту арқылы бекіте түсемін.

Тіл балаға жаңа білімді қолжетімді етсе, әдебиет оқиғалардан тың идеялар тудырады. Сондықтан өз пәніміздің маңызын көкейде ғана емес, жүрегімізде маңызын арттырып, сабақ барысында тың тәсілдерді пайдаланамын. Бала бойындағы төрт дағдыны назардан тыс қалдырмауға тырысамын. Қазір электронды оқулықтар, тіпті, кітаптардың электронды нұсқалары, сандық білім ресурстары жеткілікті. Ұялы телефонға жүктелетін қосымшаларды оқушыларға таныстырса, көптің көкейінде жүрген «кітап – ескі нәрсе» деген таптаурын ойды күйретіп, сабаққа тыңғылықты дайындалуына мүмкіндік туады. Қазақ әдебиетіндегі түрлі ережелер, көркемдегіш сөздер, орыс тілі мен қазақ тілінде мағынасы ортақ тұрақты тіркестердің тізімін жасап, балаға түсінуге, жаттауға ыңғайлы етіп чек-листтер жасауға болады. Бұл шығармашыл ұстаздың ізденімпаздығы мен күзиреттілігіне байланысты қалыптасатын әдеттер. [3]

Бытырғы жылы қашықтықтан оқыту кезінде сыныбымыздың балалары аз оқып, оқығандарын түсінбейтінін, оқу жылдамдықтарының төмен екендігін байқадым. Сондықтан да осы қиындықтарды шешу үшін әр түрлі платформаларды зерттеп, күнделікті өмірде қолданатын қосымша құралға айналдыруға көштім. Сандық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану үшін алдыма мақсат қойдым. Алға қойған мақсатым: «бастауыш сынып оқушыларының түсініп оқу дағдысын қалыптастыру және дамыту» болды. Осы мақсатыма жету үшін үлкен септігін тигізген платоформалардың бірі – Klass Dojo деп аталады. Бұл платформаның тиімділігі мен мүмкіндіктеріне тоқталатын болсам: Біріншіден, қазіргі күні ақпараттың көп болуынан мұғалімдер мен оқушылардың телефондарында орын болмай жатады. Klass Dojo-ға жіберілген ақпараттар, олар видео болсын немесе сурет болсын телефон жадынан орын алмайды. Екіншіден, Klass Dojo платформасын телефон және компьютер арқылы қолдануға мүмкіндік бар.

Үшіншіден, балаларға әр түрлі формада тапсырма салуға немесе кері байланыс алуға мүмкіндік бар.

Төртіншіден, платформа тілі ұстаздар мен оқушыларға түсінікті, жұмыс жасау алгоритмі жеңіл.

Бесіншіден, оқушы немесе мұғалім белгілі бір уақытқа байланбаған, яғни білім алушы кез келген уақытта тапсырманы ашып орындайтын болса, мұғалім де қалаған уақытында тапсырманы тексеріп кері байланыс бере алады. Алтыншыдан, бала өз бетімен жұмыс жасап жауапкершілікке үйренеді. Оқушының акт

құзыреттілігі

артады.

Бұл платформада жұмыс жасаудың тағы бір артықшылығы – оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым дағдылары жоғарылайды. Оқылымға баланың деңгейіне байланысты әңгіме беріледі. Тыңдалым дағдысын дамыту үшін оқушыларға аудио материал беріледі. Балалар жіберілген материалды тыңдап немесе оқып қана қоймай, мазмұнын түсінуге, білуге бағытталған тапсырмалар мен сұрақтарға жауап береді. Жұмыс жүйелі, әрі күнделікті жүргізіліп отырғандықтан, оқушылардың оқу жылдамыдықтары да артады.

Осындай жаңашыл технологиялардың бірі – «Миро» тақтасы. Бұл тақтаның да өзінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктері бар. Соған тоқталатын болсам: Біріншіден, Миро тақтасы да klass dojo секілді бұлтты сервис, бұл дегеніміз-телефон жадынан орын алмайды және жасалған барлық жұмыс пен материалдар онлайн сақталады. Екіншіден, тапсырма салуға көптеген жағдайлар жасалған, оның ішінде видео, сурет материалдарды жүктеусіз тіркеуге болады. Әр түрлі кестелер мен тапсырмалар енгізуге болады.

Үшіншіден, білім алушы мұғаліммен тығыз байланысқа түсіп, жұмысты бірге орындайды. Балалардың акт құзыреттілігі артады. Сабақта біз балаға ақпарат береміз. Оқушы ақпаратты қолданбаса, ол блум таксономиясының «білу, түсіну» деңгейінде қалады. Ал біздің мақсат оқушыны «қолдану» деңгейіне жеткізу. Осы орайда Миро тақтасы - таптырмайтын құрал, өйткені бұл тақтада жұмыс жасағандың басты негізі- балаға ақпарат беру емес, баланы жұмысқа қызықтырып, білім беру болып табылады.

Қорытындылай келе, педагогтің рөлі оқушы мектеп қабырғасынан жыраққа кетсе де жалғаса береді. Бүгінде ұстаз жүгін жеңілдетуде білім берудің жаңа технологиялары мен әдістері еселей түсті. Жаңашыл идеяларға сай мұғалім бәсекеге қабілетті, өзін жан-жақты дамытуға дайын, гуманистік бағыты қалыптасқан, рухани адамгершілігі мол, шығармашыл, кәсіби құзіретті тұлға болу керек.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://zhalyn.kz/2018/06/14/>
2. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. –А. 2000.
3. Оразбаева Ф.. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. –А. 2001.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы, Арман-пв, 2004

*Қанасова Б. Қ. (Торайғыров университеті профессоры)*  
*Елікпаев С. Т. (Торайғыров университеті профессоры)*

#### Ы. АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде көркем ой бірнеше мазмұнда болды. 1. Ұлттық әдебиетті қазық еткен, қазақтың дәстүрлі өмірін, тұрмысын үлгі еткендер. 2. Халықты өнер-білім алуға шақырған, жаңа мәдениет пен өнерді үйренуге насихаттаған ағартушылық бағыттағылар. 3. Өнер, білім алуды жақсылық белгісі деп түсінген, қазақтың бұрынғы әдебиетіне де тілектес әнші, композитор, ақындар. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінде Ы. Алтынсарин орны жаңашылықдық жаршысы болуымен өзгеше. Ұлы ағартушы қазақ балаларына білім мен тәрбиенің негізгі көзі - оқулық деп қарап, мазмұны бала табиғатына жақын, тақырыбы таныс әрі қызықты кітап шығаруды қолға алды. 1876 жылдан «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кіріседі. Хрестоматия 1879 жылы Орынборда басылады. Жаңа кітапқа жұмбақтар, баланың ойын кеңітетін әңгімелер, сондай-ақ қазақ әдебиетінен іріктелген өлеңдер енгізеді. Ы. Алтынсариннің баса назар аударған

тақырыптары – адамдық қасиеттер жөнінен әңгімелер. Көбін өзі жазды, бірқатарын орыс оқулықтарынан ел тұрмысына лайықтап аударады. «Қазақ хрестоматиясы» орыс әліпбиі негізінде жазылды. Ыбырай Алтынсариннің қазақ рухани әлеміндегі, ағарту, әдебиет саласындағы орнын анықтауда келесі мәселелер назар аудартады. 1. Халық ағарту қызметін алғашқы қолға алушы: жаңа жүйедегі мектеп пен арнаулы оқу орындарын ашты. 2. Ыбырай Алтынсарин оқу мен тәрбиенің орыс – қазақ тіліндегі жүргізілуін қалады. 3. Оқу пәндерінің қатарына техникалық пәндер де кіргізілді. Ресейге толығымен қосылып, бодандық бұғауын мойнына салған соң, ел зиялылары халықтың өзгеден кем қалмауын, басқа жұртпен тең болуын қалады, әрі ғасырлар қалыптастырған ұлт қалпын, танымын сақтауды қажет деп санады. Ұстаздық қызметті өмірінің өзегіне айналдырған Ы. Алтынсарин өлеңдері оқу, білім тақырыбына жазылған. Бүкіл ғұмырын оқу- ағарту саласына арнаған ұстаздың «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері қазіргі мектеп оқушыларынан бастап, халыққа, елге белгілі, жатқа білетін жырлар болуының өзі де білім мен оқу, өнер пайдасын барынша дәл көркем түсіндіруінде болса керек. Ақын оқудың, еңбектің түбі - жан сарайының байлығы («Оқымыстының байлығы күннен күнге көп болар»): Оқу білген таниды Бір жаратқан құдайды. Танымаған құдайды Неғылғанда ұнайды... - деп, адамшылық негізін алға тартады. Көзі ашық, оқыған адам мен надан адамды қатар алып салыстыруында да, балаға оқудың пайдасы тіршіліктегі тіреуің мен сүйеуің деп түсіндіреді. Өлеңнің мақсаты да оқу-білім артыңшылығын айтып, оқу-ізгілік көзі, болашақ дүние шырағы деп алады. Адамды қор ететін надандықты: Надандықтың белгісі - Еш ақылға жарымас, Жайылып жүрген айуандай Ақ, қараны танымас, - деп, дөрекілік пен жамандық белгісіне бағалайды.

«Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде өнер-білім алуудағы түпкі мақсат адамшылық қасиетпен бірге озық мәдениет үшін қажет екенін айтады. Өлеңде мәдениетті, дамыған елдерді үлгі етіп көрсетеді. «Тастан сарай салғызған», «Жылдам хабар алғызған», «Отынсыз тамақ пісірген» т.б. өнердің түбі - оқу, білімнің нәтижесі. Ақын жастардың өнер-білімді халықтың, елдің жақсылығына жұмсайтынына сенеді.

Біз надан боп өсірдік,

Иектегі сақалды.

«Өнер - жігіт көркі» деп,

Ескермедік мақалды.

Біз болмасақ, Сіз барсыз,

Үміт еткен, достарым,

Сіздерге бердім батамды! - деген игі тілекпен аяқталады. Ақынның балаларға айтар ақылында құрғақ насихат қана емес, ақыл мен сенім қатар өрледі. Бір оқып өткенде балаларды оқуға шақырған, оқу оқиық, білім алайық деген үгіт жатқанымен, «Кел балалар, оқылыққа» қарағанда сезімге бай өлең. XIX ғасырдың екінші жартысы үшін Ы. Алтынсарин шығармалары өз кезеңінде жазылған туындылар болуымен ерекше. Көркем туынды қазақтың ұлттық танымын ескеруімен бірге, халықтың өсуі, дамуы, жаңа қоғамға бейімделуі үшін, әрі жарқын болашақ қалпын қалыптастыру үшін қажет болғаны сөзсіз. Ақын өлеңдері қоғам сұранысына қарай дидактикалық өлеңдерді туғызды. Бұл – қазақ үшін балғын балаға ғана емес, ересектерге де ой түрткі қызметін атқарған шығармалар. Сондықтан да бала таным, түсінігі мен ересектер пайымы бірге ескерілген [1].

Бұндай ерекшелік ақынның «Үміт еткен көзімнің нұры балам...» деп басталатын Балғожа бидің оқудағы немересіне жазған хатында да бар. Өлең балаға да, ата – анаға да қаратыла айтылған. Бұл – ақынның қоғам мүмкіндігін, әлеумет, орта мүмкіндігін ескергендігі. Ыбырай шеберлігі де сонда – өлеңді әдебиетті қоғам қажетіне қарай пайдалана алғандығында. Қоғамдық өзгеріс әдебиеттегі тақырып пен мазмұнды өзгертті. Оқу – ағарту тақырыбына арналған өлеңдер қазақ әдебиетіндегі бүгінгі күндерге дейін жазылып келеді. Жазыла да береді. Ыбырай алғашқы ұстаз ретінде, даладағы тұңғыш қоңырау соғып, бүлдіршінді партаға отырғызған мұғалім ретінде айтар ойы да оқу – тіршілік тірегі, тұрмысыңның қалай болмағы алған білімінде дегенді айтты. Оқу – білімге ден қойған елдің болашағының бақытты болатынына сендірді. Оқуға, білім алуға шақырып қана қоймай, қазақы үрдіспен бата берді. Ы.

Алтынсариннің әңгімелері дегенде төмендегі ерекшеліктерді көрсетуіміз қажет. 1. Ыбырай Алтынсарин – қазақ әдебиетінде шағын әңгімелерді алғаш жазып, шағын әңгіме арқылы тағлымды ойды, ғибратты түйінді беруге болатындығын көрсеткен жазушы. 2. Жазушы қазақ әдебиетінде қысқа әңгімелер арқылы бұған дейін жақсы, жаман деп бөлініп келген адам мінезіндегі қасиеттердің атын атап, балаларға алғаш көркем мәнде түсіндірді. 3. Батыс, Шығыс халықтарындағы жақсылықты білдіретін таным, түсініктерді қазақы ыңғайға салып баяндады. Алтынсарин әңгімелерінің мазмұны әділдікке, адамгершілікке, кісілікке, талаптылыққа, өнерге, еңбекке, оқу-білімге, достыққа т.б. жақсы қасиеттерге шақырады. Жақсылыққа жақын болып, жамандықтан жоламауға үйретеді. «Қазақ хрестоматиясына» кірген шағын әңгімелердің тақырыбын еңбек, тәрбие, өнер деп шартты түрде бөлуге болады. Сонымен бірге бұған дейін көп көтеріле бермеген сабыр, шыдам, мейірім, қайырым, тазалық, кішіпейілдік сияқты тақырыптары Алтынсарин шығармашылығының ерекшелігі болып қалады.

Жазушының еңбекті сүю, қадірлеу, жасынан еңбек етуге үйрену мәселесін көтеретін әңгімелерінің мазмұны түрлі болғанымен барлығына ортақтық - еңбектің тұрмыс пен рухани өмірдегі орнын бағалау.

#### **Еңбек туралы.**

«Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесіндегі жұртта қалған Асан мен Үсеннің өмір сүрге бейімділіктері, өмір тану мен тіршілікке икемділіктері бір тәулік ішіндегі істерінен, еңбектері мен әрекеттерінен байқалады. Жасынан тұрмыстың қиындығын көріп, ысылып өскен Үсеннің байқағыштығы, тапқырлығы, еңбекқорлығы мен дайынға үйренбегені бейнеленеді. Жазушы осы арқылы сеңбек жалықпай үйренумен, сабыр, төзіммен келеді деп төзімді, еңбекқор, іске бейім Үсенді үлгі етеді. «Әке мен бала» әңгімесінде әке ақылымен мол байлық табуға болады деген ойға әкеледі.

«...аз жұмысты қиынсынсаң, – көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең, – көптен де құры боласың» [2, 18] деген әкесінің ақылын тыңдаған баланың болашағына үміт артады. Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бір тобы еңбекті насихаттайды. Адам баласы үшін еңбек өзін-өзі тәрбиелеу құралы, адамдық негізі дейді. Осы ойлар «Дүние қайтсең табылады?» деген әңгімеде тек тер төгіп, еңбек етумен табылатындығын айтады. Еткен еңбек өз нәтижесін міндетті түрде беретіндігін бейнелейді [3].

#### **«Қыпшақ**

Сейітқұл» әңгімесінде отырықшылдыққа ұмтылған елдің еңбекқорлығы мен жақсылыққа сенімі, үміті мен төзімі арқасында еліне ел қосылып, мал басы өсіп, бай қуатты тұрмыста өмір сүргенін жазады. Сейітқұлға қарсы бейне ретінде жеңіл жолмен, ұрлықпен күн көргісі келген ағасының қолға түсіп, кісі қолынан мерт болғанын айтады. Еңбектің түбі бақытты өмір екенін дәлелдейді. Осындай әңгімелер қатарында «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Атымтай Жомарт», «Әке мен бала», «Дүние қалай етсең табылады?», «Сәтемір хан» әңгімелерінде еңбектің артықшылығы, пайдасы түрлі мазмұн, алуан оқиғалармен дәлелденеді. «Бақша ағаштары» әңгімесінде тәрбие де адамшылықтың өзегі екенін айтады. «**Таза бұлақ**» Алтынсариннің қысқа әңгімелері бала тәрбиесі үшін жазылған адал, ұқыпты, қанағатшыл болып өсуіне әсер етіп қана қоймай, тәрбие көзі болады. «Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш қылып, тастың суағар жеріне жазу жазыпты:

«Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол!»,- деп. Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:

- Бұл жазылған ақыл сөз

екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, - деді».

Жазушы екінші,

үшінші жолаушылардың сөзін береді. Екінші жолаушы молданың өз пікірі бар. «Жоқ мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ: кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын қандырады, оның үшін ешкімнен ақы дәмепейді; бұлай болса адамға да әбірет сол:



біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек,- деді» «Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» -деп сұрады.

Жігіт айтты:

Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағнасы: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін,- деді» [2, 24]

«Болсаң, осы бұлақтай бол» деген сөздегі тазалықты үш түрлі мақсат, үш түрлі қызметтегі адам үш түрлі ұғынады.

Саудагердің еңбекпен адал тапқан табысы да – тазалық. Молданың елге қызмет етіп, біреуге жақсылық жасадым деп міндет етпеуі де – тазалық. Үшінші жолаушыныкі – тереңірек. Тазалықтың жүректе болуы, көңілдің тазалығы, бұлаққа түскен сәуле мен көлеңкедей бар жайды анық ашу, нақ байқату. Жазушы пікірді оқырманның өзіне қалдырады. Оқушының өзі де тазалық дегенге басқа бір ой айтар. Бірақ үш жолаушының ойлары – ой түрткі, ой қозғау болары сөзсіз.

«Әділдік», «Қанағат», «Асыл шөп», «Ақымақ дос», «Жаман дос», «Тәкаппарлық», «Әдеп», «Таза бұлақ», «Зеректік» т.б. әңгімелері оқуға да жеңіл әрі ұғынықты да тартымды. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің бір тобы халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен топтастырылған («Жиренше шешен», «Қара батыр», «Тазша бала», «Алтын айдар», «Жәнібек батыр», «Байұлы», «Жан-жануарлардың дауласқаны» т.б.). Жазушы ауыз әдебиеті үлгілерінен балалар ұғымына лайықтап жинақтаған. «Қазақ хрестоматиясына» кірген әңгімелерінің ендігі бір тобы И.А. Паульсонның «Книга для чтения и практических упражнений в русском языке», К. Д. Ушинскийдің «Детский мир», «Родное слово», Л. Н. Толстойдың балаларға арналған кітаптарынан алынып аударылған. Ы. Алтынсарин әңгімелерді сөзбе-сөз аудармай, қазақ балаларының түсінігіне ыңғайлап, ағартушылық мақсатына бейімдей жазған. Бұның өзі жазушы шеберлігін көрсетсе керек. Ыбырай Алтынсарин – қазақ даласында жаңа бағыттағы тұңғыш мектеп ашып, қазақ балаларын оқуға насихаттаған ұстаз. Халқының болашағына сенді, олар білімді, өнерлі болуы керек деп түйген Ы. Алтынсарин осы мақсатта көп еңбек етті. Ақын ретінде де әдебиетте өз өрнегімен есте қалған Ы. Алтынсарин әңгімелері - күні бүгінге дейін көркемдікке баулу негізі, тәрбие көзі. Ы. Алтынсарин әңгімелері – қазақ балаларының жарқын болашағы үшін қай кезеңге де қажет классикалық туындылар.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1 Қапасова Б. Қ. Елікпаев С. Т. XIX ғасыр әдебиеті. Электронды оқу құралы. 07.09.2020. №11943 от 10.09.2020

2 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1987. – 324 б.

*Н. Қасымұлы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
№17 мектеп – гимназиясы Саран қаласы*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ГРАФИКАЛЫҚ ОРГАНАЙЗЕРЛЕР**

«Оқушылардың білімін арттыру, пәнге қызықтыру үшін оқытуда, жалпы алғанда ең бірінші оқушылардың неге қызығатынын анықтап алып, содан соң, содан бастау керек»  
Ш. Амонашвили

Графикалық орғанайзерлер— білім алушыларға пәннің әрбір тақырыбынан білімді игерудің міндетті талабының көлемін нақты алуына мүмкіндік береді. Графикалық орғанайзерлерді пайдаланғанда сызбаның оқушы ұғымына сай болуына көңіл бөліну керек.

Такой подход и моя активность позволили создать среду для собственной деятельности, направленной на «открытие нового знания». Здесь к классу я шла не с ответом, а с вопросом, а ученики - познавали. Мне понравилось то, что учащиеся понимают быть субъектом и хозяином своей деятельности: ставить цели, решать задачи, строить алгоритм действий, отвечать за результаты это наилучший результат их деятельности.

Как наглядность использую интеллектуальные карты или умные карты. При создании учащимися интеллектуальной карты урока стимулируется творчество обучающихся. Интеллектуальная карта урока экономит время. Очень интересны учащимся для восприятия и визуализации темы карты анаморфоз и ментальные карты. Особенно учащимся 6 и 7-х классов интересны при прохождении темы рельеф- карты друдлы. Это замысловатые полу изображения рельефов, которые сами учащиеся дополняют, также и математический диктант из цифр, угадать номенклатуру высоты или глубины.

Сам предмет географии предполагает к исследованию. В основном заинтересованы в этом учащиеся 6,7 и 9 классов. В 6 классе исследуют территорию школы и своего дома. Чертят первые планы, и сами, достигая больших результатов, удивленно начинают развивать тему дальше. В 7 классе, понятно, сам предмет пробуждает интерес к материкам и открытиям. В 9 классе учащиеся начинают вместе со мной работать над созданием своего мини-проекта так как изучается экономическая география, и я мотивирую на развитие частного предпринимательства. Находим интересующую их тему и начинаем разворачивать. Прежде всего это анализ ситуации и постановка проблемы (Что известно, а что нет, и что надо узнать). Пытаемся решить проблему известными способами или ищем новый способ решения путем выдвижения гипотезы. Проверяя правильность найденного, начинаем объяснять. Сначала исследуем, какой рынок у нас в городе, стоит ли заниматься в малых городах этим, а затем они сами начинают искать причины и следствия. Таким образом, я формирую положительную мотивацию к географии. Для оценивания результативности исследовательских проектов были разработаны в школе критерии (новизна проблемы, осмысленность при постановке цели и задач исследования, характер источника и его работа с ним, свободное владение информацией, способность заинтересовать проблемой других учащихся и т. д.) Все это позволяет видеть те знания, которые приобретены школьником в ходе работы; выявить, оценить приобретенные навыки создания «своего проекта», правильно провести его презентацию. Выполняя групповое задание, общаясь между собой, участвуют в активном построении знаний, в добывании необходимой информации для решения проблемы. Школьники приобретают новое качество, способность критически мыслить. Работа осуществляется в парах, группах, основной прием взаимодействия – дискуссия. Учащиеся 10-11 классов принимают вызов –осмысливают содержание и рефлексиируют. Это приводит их на новый вызов, для новых вопросов. Для себя я выделила, что выполняется прием сравнения, систематизации, анализа и обобщения.[1]

Я в своей работе вот уже 4- й год использую проект «Улитка».

Современный учитель находится в поиске новых средств, форм и методов в образовании. Поэтому с удовольствием «применяю» педагогические мастерские, технологию метода проектов. Добиться определенных результатов в использовании ИКТ можно методом проекта «Улитка».

В методе проекта также нашли воплощение мысли датского просветителя, историка, писателя и, как считают датчане, величайшего педагога в их стране – Грундтвига. Он невероятно много работал. Ходит легенда, что ради высокой работоспособности, в ночные часы Грундтвиг держал ноги в холодной воде. Этому удивительному человеку метод проекта обязан следующими идеями: обучение в школе основывается на «живых словах». Информацию мало прочитать – описания в книгах останутся мертвыми, если не увидеть, не прожить их, не обсудить...Поиск границы мыслить индивидуально и в группе.[2]

Проект, в основе которого лежит развитие познавательных навыков учащихся, дает умения самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развитие творческого мышления, развитие коммуникативных, исследовательских навыков, умений сотрудничать;

1.Комбинирование устного и письменного, обучение в диалоге (диалог пробуждает мысли, рождает «внутреннюю речь», когда ребенок рассуждает сам с собой).

2.Личностное знание – это логически сформулированные мысли, каждый выстраивает их сам. Освоенные самостоятельно, знания навсегда становятся собственными. Базовые идеи для метода проекта: 1.Путь к усвоению материала основывается на «педагогике удивления». Ребенка нужно научить удивляться: «Мне действительно важно это знать!» 2. Главный аспект в работе над проектом как мы это делаем, но также почему. 3. Ребенок должен задавать вопрос: «Что я лично могу сделать для решения этой проблемы?» 4. В проектной работе одинаково важен как процесс, так и результат (в том числе и его представление публике). В работе над проектом ученик выступает в роли исследователя, а учитель в роли эксперта и консультанта. Стадии работы над проектом удобно описывать, опираясь на датскую схему, которую можно условно назвать «улитка» (см. далее схему).

Вертикальная линия - каждый ребенок должен получить знания в области одного или нескольких предметов (если учебный проект – межпредметный). Задача учителя, разрабатывающего проект, четко определить это.

Горизонтальная линия подразумевает знания, имеющиеся у учеников к началу проекта. Проект движется поэтапно, по алгоритму.

Схема 1

Улитка поэтапная работа над проектом

Фаза 1. Представление темы проекта: выявление знаний детей; формирование понятий; поиск идей, проблем. Главный метод – «мозговой штурм». Учитель мотивирует их и управляет действиями детей. У датчан эта форма работы называется не «урок», а «проектная мастерская».

Фаза 2. Избрание проблемы; точность и актуальность вопросов; самостоятельное формулирование проблемы, выбор главной; определение целей исследования. Самые важные представляются от группы и фиксируются учителем. Результат данного этапа – записанная на доске проблема всего дальнейшего исследования.

Фаза 3. Формулировка подтем (проблем): – определение подтем и проблем; определение круга вопросов в подтемах; консультирование.

Фаза 4. Планирование работы: обсуждение в группах плана предстоящей работы, главных вопросов и путей поиска информации; принятие решения, в какой форме будет представлен проект.

На обобщающем этапе. Завершающим моментом является готовность к самореализации в своей практической деятельности полученных знаний, рекомендаций, оценка степени значимости полученной информации. И на этом этапе проект учащегося и все 4 части проекта учителя учебника /Атмосфера, Биосфера, Литосфера и Ноосфера / готовы к презентации и изданию.

5.Внедрение полученных результатов:

1.Выступления

2. Публикации

3. Участие на конкурсах различного уровня

4. Участие в научно- педагогических конференциях

6. Результативность самообразования: разработка и презентации итогов выступлений и результатов проекта. /Диагностика учащихся, диаграмма успеваемости/и т.д.

Таким образом, уроки, проводимые с использованием новых подходов в обучении, повышают понимание изучаемого материала, интерес к предмету и расширяют их кругозор. Диалог помогает ученикам слушать и слышать друг друга, дополнять информацию и анализировать ее. Главным принципом этих уроков является удивление. Чем раньше удивишь, заинтригуешь, тем более устойчив интерес к предмету. Ученики предпочитают выполнять такие задания, в которых они могут проявить себя, показать свои знания и умения. Поэтому я стараюсь разнообразить приемы, методы и средства обучения. Хочется добавить, что в нашей деятельности всегда есть простор для поиска и творчества,

### **ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:**

1. Дмитриева, А.Н. Современные образовательные технологии в преподавании географии // География в школе. – 2001

2. Пахомова, Н.Ю. Проектное обучение – что это? // Методист. - 2004

3.Понурова, Г.А. Проблемный подход в обучении географии в средней школе. – М.: Просвещение, 1991

4. Таможняя, Е.А. Компьютерные технологии: возможности использования // География в школе. – 2004.

5. Душина, И.В., Панасенкова, О.А., География в школе. – 2009.

6.Гузеев В.В. «Метод проектов» как частный случай интегральной технологии обучения М., 1995.

9. Даутова О.Б., Крылова О.Н. Современные педагогические технологии в профильном обучении. Учеб.-метод. пособие для учителей/Под ред. А.П Тряпицыной. СПб.: КАРО, 2006.

*Б.Ж.Махаева, К.М.Сатбекова*

*қазақ тілі және қазақ әдебиеті пән мұғалімдері*

*№101 мектеп-лицейі, Қарағанды қ.*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Философия ілімінде дәстүр және жаңашылдық деп аталатын тарихи-философиялық ұғымдар бар. Әдетте дәстүр бірінші, жаңашылдық екінші болып аталады. Шын мәнінде мына жайттарды ескерген абзал:

- Әбден орныққан, ғылыми айналымға енген дәстүр ұғымы өмірге, ең алдымен, жаңашылдық болып енеді;

- Сол жаңашылдық өзгеге ықпалын молынан тигізіп, өзіне ұқсас, өзін тереңдететін бағыттардың тұруына алғышарттар жасаса, біртін-біртін дәстүрге айналады. Яғни кеше ғана жаңашылдық болып келген ұғым енді жоғарыдағыдай сипатқа айналса, дәстүр деген атауға ие болады.

Бұны айтып отырған себебіміз биылға жылы туғанына 180 жыл толатын қазақтың ұлы педагогы, ақын-жазушысы, аудармашы Ыбырай Алтынсариннің ХІХ ғасырдағы еңбегін, рухани мұрасын бүгінгі күн аясында саралап, талғасақ, қазіргі тәуелсіз еліміздегі білім, тәрбие беру бағыттарымен тығыз байланыс ауқымында алсақ қана өз мақсатымызға жеткен боламыз. Себебі, өткен тарих бүгінгіге аманат, бүгінгі іс-әрекет болашаққа бастайды.

Ол қазақ жерінде көптеген білім ошақтарын ашу үшін орасан зор жұмыс жасады. Сол жолда белгілі бір дәрежеде патшаның қазақ жеріндегі ұлықтарының бекем алуына себепкер

болды. Қазақ жастары оқыған, білімді, саналы боп кетсе, Ресейдегідей демократияға ұмтылушылық, монархияға қарсы күрес пайда бола ма, деп қорыққан шенеуліктер әр оқу орнын мейлінше сақтықпен және әбден тергеп, ұзақ уақыттан соң ғана ашуға тырысты. Екіншіден, қазақ даласына бар даусымен жар салып, жаппай білім алуға шақырған, ерекше атсалысқан адам тек Ыбырай Алтынсарин ғана деп білемін. Қазақтың жаппай оқуына патша өкілдері де, жергілікті қазақ шынжарларының басым бөлшегі де керемет ықылас білдіре қойған жоқ еді. Патша ұлықтарынікін айттық, ал, жергілікті жуандар ұл-қызымыз шоқынып кетеді деп қорықты. Өздері патша шенеуліктеріне пара беріп, әмпей-жемпей болуға тырысады, тіл білмеген соң тілмаш ұстайды, сөйтіп отырып, орысша оқуға жан-тәнімен қарсы болады. (Бұл айтылған мәселелердің барлығы дерлік тарихи шығармалар мен тарихи деректерде сайрап тұрған ақиқат).

Әкесі Алтынсары ерте қайтыс болып, атасы Балқожа бидің бауырында өскен ол 1850 жылы атасының шешімімен Орынбордағы орыс-қазақ мектебіне түскен. 1857 жылы оқу орнын өте үздік бітірген ол екі жылдай өз еліне келіп, тілмаштық қызмет істейді, одан 1859 жылы Орынбор шекаралық комиссисына тілмаш болып ауысады. Орыстың қазақ жеріне келген В. Григорьев, Н. Ильминский т.б білімдарларымен танысады. Григорьевтің бай кітапханасымен танысады. Осы тұста тарихқа көз жүгірте отырып, сол тұстағы солақай саясаттың тағы бір тармағы бізге айқын көрініп тұрғаны туралы мәлімдеп кетуге болады. Ол дегеніміз Н. Ильминский және басқа да орыс оқымыстылары Петербургтан қазақ даласын отарлауды күшейту үшін түрлі мақсат көздеген миссионерлер болатын. Олардың шынайы пиғылы күліп жүріп, байқатпай жасырын түрде орысша оқыту арқылы қазақ балаларын тарихи тамырынан қол үздіру еді. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дін мен тілінен, ділінен бас тартқызу еді. Қазақ балаларын орыс қызметімен қызықтыру, шоқындыру т.б. орасан зор зұлымдықтардың орын алатыны соншалық, Абайдың замана бағытын андап, қырағылыққа шақыруы, Шоқанның отарлыққа қарсы қоюға тырысуы – бәрі де сол бір беймезгіл заманда орын алғаны белгілі.

Аса ірі педагог Ы. Алтынсарин тілмаштықтан 1860 жылы кетіп, өмірінің соңына дейін өзін ағартушылық іске арнады. Торғайда орыс өкілдеріне өтініш айта жүріп, олармен асқан сыйластықта болып 1864 жылы мектеп ашуға қол жеткізді. 1876 жылы Қазан, Петербург қалаларына барды. Орыс және әлем ағартушы-педагогтарының шығармаларымен танысты. Оқулық жазуды қолға алды. 1879 жылы Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалды. 1879-1883 жылдары облыстың төрт уезінде жаңа үлгідегі мектептер ашылуы, 1883-жылы Торғайда қолөнер мектебінің (қазіргі кездегі кәсіптік-техникалық училищелердің тұңғышы), 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебінің, 1881 жылы Ор қаласында мұғалімдер даярлайтын оқу орнының (қазіргі пединституттар мен гуманитарлық-педагогтік бағыттағы университеттердің тұңғышы) ашылуы – бәрі де билік шешімімен жүзеге асса да, солардың ашылуына Ы. Алтынсариннің өлшеусіз еңбегі, жүргізген күресі, мәмілегерлік қасиеті, асқан білімділігі мен биік зияткерлік өресі, тіл тапқырлығы, жасампаздық әрі ұлтшылдық идеясы жатқандығы анық. В.В. Григорьев, Н.И. Ильминский, педагогтар Я.П. Яковлев, А.А. Мазохин т.б. жандармен тығыз байланыс жасады. Оларды өз идеяларына сендіре білді. Іштей олардың қандай миссиямен қазақ жеріне келгенін білсе де, мақсатына жету үшін сыластықта болуға тырысты.

Ол тұңғыш рет «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық жазып, 1879 жылы Орынбордан шығарды. Атақты педагогтың бүкіл еңбегін атамағанның өзінде осы оқулығы ғана оның ұлт тарихында есімі алтын әріптермен жазылуы керек деген ойдамын.

Себебі:

- «Қазақ хрестоматиясы» деп емес «Киргизская хрестоматия» - деп шығарғызса да, сол заманның солақай саясатына да қарамай қазақ баласы үшін «киргиз» деген сөзге де мән бермей, дегеніне жеткен ағартушы;

- «Қазақ хрестоматиясы» - Ы.Алтынсарин идеяларынан туындап, оның асыл мұрасындағы негізгі ұстанымдардың бүгінгі тәуелсіз еліміздегі білім мен ғылымның басты бағыттарына ұласуы. Яғни, білімнің ұлттық топырағынан бастау алып, басқа озық елдердің алдыңғы қатарлы, инновациялық оқыту технологияларымен қарулануы;

- «Қазақ хрестоматиясы» - ұлы педагог идеясына сәйкес, білім мен тәрбиенің арасына ешқандай шекара қоюға болмайтынын, ол екеуі де біртұтас, кешенді түрде жүргізілуі қажеттігін және қазіргі таңдағы Қазақстанның білім мен тәрбие беру кеңістігіндегі басты бағдарлармен ұштасып тұрған еңбек;

- «Қазақ хрестоматиясы» - Ы.Алтынсариннің тәрбие, білім саласындағы көзқарастарының жиынтығы. Автор ұлттық болмысынан ажырамауды, дүние кілтін ана тілімен ашуды ұсынады. Ұлттық болмыс табиғатына мықтап сіңген жан өзге елдердің тілін, мәдениетін, жалпыадамзаттық құндылықтарын меңгеруге бет алады деп есептейді. Және ол адам танымының кеңеюіне жол ашады деген ой білдіреді. Бұл ойымызға автордың қазақ тарихындағы ұлттық құндылықтарды кітапқа молынан енгізгені, өзі де күшті шығармалар жазып кіргізгені, сондай-ақ тәрбие мен оқуға қатысты атақты педагоготар мен жазушылардың еңбектерін қазақ тіліне аударып, молынан орналастыруы дәлел бола алады;

- «Қазақ хрестоматиясы» - сол заманда да, қазіргі уақытта да еш мәнін жоғалтпаған өзекті мәселеге арналған еңбек. Ол мәселе – көркем әдебиеттің жас буынға да, ересек буынға да тәрбие беруде, білім нәрін сіңіруде керемет күшті құрал. Демек, рухани мұра, рухани құндылық ең баға жетпес сала – білім мен тәрбие, ғылымға зор қолдау білдіреді, үлкен демеушілік көрсетеді.

Бұл орайда ҚР тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыруы және сол еңбектің заңды жалғасы болып табылатын «Ұлы Даланың жеті қыры» атты дүниелерін, сондай-ақ қазіргі президентіміз Қ.К.Тоқаевтың балалар әдебиетін дамытып, өркендетуге қатысты айтқан ұсыныс, пікірлеріне келтірген орынды. Демек, Ы. Алтынсарин мұраларындағы басты идеяның ауқымды уақытты аттап өтіп, бүгінгі егемен еліміздің білім мен тәрбиеге қатысты әдіснамасына, мемлекеттік ұстанымға шебер ұштасып тұрғанын байқауымызға болады.

Міне, осы айтылғандарды тұжырымдай келе, төмендегі ойымды ерекше айтқым келеді:

- XIX ғасырда басқа тарихи кезеңдер сияқты ұлттық сахнаға аса ірі тұлғалар шықты десек, солардың ішіндегі 3 тұлғаны яғни Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев және Ы.Алтынсаринді айтамыз. Шоқанның ғылым саласындағы, Абайдың әдебиет пен филология саласындағы, Ыбырайдың педагогика, ағарту саласындағы керемет идеяларын Алаштың әйгілі қайраткері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев т.б. ерекше бағалады, саяси бағаланады, саяси, экономикалық, рухани, мәдени, ағартушылық іс-әрекеттерінде басшылыққа алды;

- Кешегі кеңестік дәстүрде де Ы.Алтынсарин мұрасы оқу орындарында оқытылды. Тек оның әйгілі өлеңіндегі алғашқы жолының «Бір Аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық!» - деген бөліміндегі бірінші тармақ алынып тасталды;

- Қандай ел болса да басты мәселе - оқу-ағарту саласында айрықша көңіл бөледі, білім мен тәрбиені біртұтас, кешенді түрде қарастырады, үнемі жаңашыл идеяларға ұмтылады. Ендеше, қазақтың педагогика саласындағы ұлттық ой-пікіріне өз жаңашылдығымен өлшеусіз үлес қосқан жан ол Ы.Алтынсарин десек, қазіргі тәуелсіз елімізде сол жаңашылдықтың өз жалғасын тапқаны, инновациялық оқыту технологиясы дамуда екенін айтқым келеді. Яғни дәстүр сабақтастығы салтанат құруда.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2021 жыл.
3. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. Құраст.: Жармұхамедов М. Алматы, 1991ж. Қирабаев зерттеулері. Многогранность творчества Ибрая Алтынсарина [http://almatylit.ucoz.ru/publ/ehsse\\_k\\_175\\_letiju\\_i\\_altynsarina/12-1-0-797](http://almatylit.ucoz.ru/publ/ehsse_k_175_letiju_i_altynsarina/12-1-0-797) Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. В пяти томах. Т. 3. Алма - Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985.

*Т.Т.Мейрам тарих пәні мұғалімі  
«С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ Балқаш қ.*

## ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ: ЖАҢАДАН ЖАҢАНЫ ТАБУ

XXI ғасыр – білім ғасыры. Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде ғана. Қай ел болсын, өсіп өркендеуі, әлемде өзіндік орын алу сол мемлекеттің біліміне, білім сапасының жайына байланысты екенін Елбасымыз Н.Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауында ерекше айтылуы да сондықтан.[1]

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер, соның ішінде мектепте Отандық тарихтан білім беруде, оқушыларды елжандылыққа, ізгілікке тәрбиелеу, оқытушылардың біліктілігін көтеру, жаңа оқулықтар әдістемелік деңгейін көтеру міндеттерін жүзеге асыруды талап етеді. [2]

«Мектепті сыйлағандықтан, мамандығын жан-тәнімен сүйгендіктен мұғалім ең алдымен өзінің интеллектісін көтеруі керек, дүниеге деген көзқарасын биіктету керек», Әбділда Тәжібаев ақын, ғалымымыздың ойын айта кеткенді жөн санап отырмын.

Қазіргі таңда жан-жақты білім беру өзекті мәселе. Сондықтан да бүгінгі мақсатым онлайн, оффлайн форматында қолданып жүрген тиімді әдіс-тәсілімді таныстыру, өз тәжірибеммен бөлісу. Алдыма қойған міндетім әр тақырыпты түсіндіру барысында оқушыларға неғұрлым түсінікті тілде жеткізу.

Жаңашыл педагог Ш. Амонашвилиден дамыта оқыту мен шәкірт пен ұстаз арасындағы қарым-қатынастың жолдарын үйренуге болатын болса, С. Н. Лысенкованың тірек схемаларымен оза оқыту әдістерін үйренуге болады. Белгілі психолог Виготский: «Оқыту, білім беру, дамытудың алдындажүріп отыруы керек. Дұрыс ұйымдастырылған оқыту үдерісі ғана баланың жеке басының дамуын үйлестіре алады» – дейді. Өз кезінде Ж. Аймауытов «... Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп оқыту үнемі ізденіспен, «жаңадан -жаңаны» жасайтын іс-әрекет екенін айтқан еді. Сондықтан қай пән барысында да тек оқулықпен шектелмей, оқушының да шығармашылықпен жұмыс жасауына көңіл бөлу қажеттігі туындайды. Мұғалім үшін ең бастысы – сабаққа лайықты әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау.[3]

Біз алдымызда отырған оқушының мүмкіндерін, қабілеті мен қызығушылығын, ерекшеліктерін ескеру керекпіз. Мысалы, жаңа сабақты өтпес бұрын, не басқа бөлімді бастамас бұрын оқушыларға ойын түрінде, не әртүрлі функционалдық-сауаттылыққа байланысты тапсырмалар таратамын. Мысалға, қашықтықтан зумм платформасы арқылы оқушыларға шыққанда, сабақ арасында **wordwall.net** сайты арқылы тапсырмалар құрастырамын. Барлығымыз ZOOM-мен бір баяндаманы, презентацияларды көргенде жан-жақты алаңдап отырамыз. Сол сияқты оқушылар да үйде отырып, басқа затты ойлап отырады. Сондықтан арасында осындай тапсырмаларды да беріп отырамын. Бұл жерде жылдамдық керек. Сабақ кезінде барлық сілтемені ZOOM чатына жіберемін. Оқушының сабақта орындаған орындамағаны көрініп тұрады. Wordwall платформасы арқылы интеллектуалды ойын-сабақтарын жүргізіп, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға болады. Оның қоржынында әртүрлі әдіс-тәсілдердің шаблондары бар: сәйкестендіру, сыңарын тап, сөздерді тап,



тарихи диктант, пазл, викториналық ойындар, анограмма, лабиринт.

Әдіс-тәсілдер. 1-2 сурет



Оқушылардың қорытындысы 3 сурет

Қазіргі жаңартылаған оқуға байланысты білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізілгендіктен, бізде оқулықтарда жыл санау, уақыт сызығы, тарихи карта деген тақырыптар 4-сыныпта дүниетану пәнінен жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушылар үшін уақыттың ұзақтығы мен оның кеңістікте орналасуын түсіну едәуір қиындыққа түседі. Бірақ жыл ұғымы оларға жақсы таныс. Мысалға, өз тәжірибемде оқушыларға міндетті түрде кіріспе ретінде жоғарыда аталған тақырыптар бойынша шолу жасаймын және басқа да тақырыптарда жиі қолданамын. Жылды жай сұрап қана қоймай, уақыт сызығына белгілеуін сұраймын. 5-сынып бойынша Дүниежүзі тарихы пәнінен

Уақыт сызығы 4 сурет



«Таяу және Орта шығыстағы ежелгі империялар» тақырыбын өтпес бұрын уақыт сызығын сызып қоямын. 5-сыныптың оқулығында толық ақпараттар қамтылмағандықтан әр оқушының алдына мәтін таратамын. Оқушылар сол мәтінді оқып, өздері талдап, уақыт сызығына орналастырып, соңында берілген кестені толықтырады. Қорытынды ретінде ауызша немесе жазбаша ақиқат, жалған сияқты тапсырмаларын орындайды.

А. Байтұрсынов: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе, әдістің жақсы, жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» – деген.

Жаңаша оқыту технологияларын қолдану арқылы, оқушылардың әртүрлі қабілеттерін жетілдіріп, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамытып, қарапайым нәрседен ой тұтып, ойын еркін айта алатын тұлға тәрбиеленеді. Олай болса, мұғалімдердің алдында тұрған бірден – бір мақсат – оқушылардың алған білімдерін пайдаға асырып, өздігінен әрекет ете алатын, оларды түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін, өзіндік көзқарасы бар азамат болып жетілуіне көмектесу.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. «ҚР білім беру жүйесін 2015 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасы»
2. Б. Әбдіғұлова «Қазақстан тарихын оқытудың кейбір мәселелері», 2019ж.
3. Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» 2014ж.

*Л.Н. Мескен педагог-психолог*  
*«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ОҚИТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

Қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысында өзгерістерге толы болды. Соған байланысты дәл осы кезде Қазақстанда ағартушылық мәдениеті пайда болып, дами бастады. Адам ойының және ғылымның даму жолында дін тұрған жерде ағартушылық дүниетаным пайда болады.

Қазақстандағы ХІХ ғ. философиялық, қоғамдық-саяси және ағартушылық ой-пікірінің бірінші өкілі Ш. Уәлиханов (1835–1865) өз дәуірінің белгілі ғалымы, ағартушы-демократы болды. Шоқан Уәлиханов Қазақстандағы ағартушылық ойдың басында тұрды. Дала халқының сана-сезімі ояна түскен сәтте қоғамдық аренаға халқымыздың аяулы перзенттері -ұлы демократ ойшылдары, Шоқан Уәлихановтың ағартушылық дәстүрлерін жалғастырушылар Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев шықты.

«Қазақ мектептерін Еуропа жолына, өнер жолына бұрып бастаған ең тұңғыш жаңашыл оқытушы, тарихта өшпестей із қалдырған педагог, ақын, жазушы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметке қосқан үлесі мен еңбегі зор.

Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен творчествосын зерттеген ғалымдар А.Эфиров, Б.Сүлейменов, Ә.Дербісалин, Ә.Сыздықов Қ.Бержанов, т.б. Ыбырай Алтынсарин енгізген оқу жүйесін қолдап, оның өміршеңдігі мен болашағын мақтан тұтқан[1].

Ы.Алтынсарин Шоқан сияқты арнаулы психологиялық еңбектер жазып қалдырмаған кісі, әйтсе де оның сан алуан ойға толы шығармаларынан (оқу құралдары, хаттары мен жазбалары, т.б.). қоғамдық және педагогикалық психология мәселелеріне орайлас айтылған көптеген қызықты деректер табылады. Бұл пікірлер оның өзі айналысқан практикалық істерінен туындаған сияқты. Ой қозғаған осындай түйіндерге: бала және оны тәрбиелеу жолдары, оқыту процесінің психологиялық, педагогикалық негіздері, мұғалім – ұстаз проблемалары, қоғамдық психология мәселелері, жастарды оқу білімге шақыру, кәсіптік техникалық білім беру, әсіресе қазақ қыздарына білім беріп, сауатын ашу мәселелері, оқу әдістемелік құралдарын дайындау, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б. жайттарды жатқызуға болады[2].

Шығармаларын психологиялық тұрғыда талдап, жіктей отыра, оқу-білімге шақырған өлеңдерінің топтастырылуында, мәселен, “Кел балалар, оқылық!” өлеңі дүниені тану, көкірек көзінің ашық болуы, дүниенің кілті оқуда, білімде деген идеясын айтады.

Білімнің тозбайтынын, оның арқасында тілеген-тілегің, арманың орындалатынын, білім-байлық, оның таусылмайтын кен екендігін, адассаң жол табатын, жөн сілтеушінің дегенді ескертеді.

Өнер де, білім де оқумен тығыз байланысты, қартайғанда тіреу болар, сүйеу болар-білім, оқу деп түйіндейді.

“Өнер білім бар жұрттар” өлеңінде де өмірді, қоршаған ортаны өзгертетін, адамның білімі, жасампаздық қиялы деп ой тұжырымдайды.

Ы.Алтынсарин өз “Хрестоматиясында” жас өспірімдердің жан дүниесін, ақыл-ойын қалыптастыруға ұдайы көңіл бөлу мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп есептеді.

Көшпелі қазақ баласының айналасын дұрыс қабылдай алуы, осыған орай оның байқағыштық қасиеттерін арттыру, жетілдіру мақсатын көздеп, “Хрестоматияға” үнді ертегісінен мынадай бір тамаша үзінді берген: “Біреу ағашқа іліп қойған етін ұрлатып алып, айналасына жар салады. “Аласа бойлы, қолында қысқа мылтығы бар, соңында тарақ құйрық кішкентай иті бар, бір қарт адам көрдіңіз бе?” деп. Бұл кісіні әркім көрген екен, сілтеумен барып тауып, ұрысып ұстапты-мыс. Ауылдас адамдары үндіден “ұрының түсі-түгін қайдан білдіңіз?” - деп сұрапты. Сонда үнді айтыпты дейді: - Ұрының аласа бойлы екенін білгенім, менің қолыммен ілген етімді, ол ағаштың астына тас қойып, соның үстіне шығып алыпты. Қарт екенін білгенім, жүргендегі ізінен байқадым – адамның арасы тым жақын екен. Мылтығының қысқа екенін: етімді ұрларда, мылтығын ағашқа сүйеп қойған екен, сонда мылтықтың аузы ағаштың кішкене қабығын жырып кетіпті, жер мен сол жырылған қабақтың арасынан шамалады. Ұрының қасында иті бар екенін және ол иттің әрі кішкентай, құйрығы тарақ құйрық екенін білгенім етімді ұрлап жатқанда, ит анадай бір құмайтырақ жерде отырған екен; соның құмға түсіп қалған ізінен және бұлғаңдатқан құйрығының табынан байқадым депті-міс”.

Ыбырай Алтынсарин осы үзіндіде байқағыш болудың адам өмірінде, оның дүние тануында қаншама маңыз алатынын, тіпті мұндай қасиет білімі жоқ, бірақ өмір тәжірибесі мол адамдардың басында да біртіндеп қалыптасатын сөз етеді де, шәкірттерді, өмірді жан-жақты зерттеп білуге, түймедейден түймедейді таба білетін ізденімпаз, зерделі болуға меңзейді.

Адамның мінез-құлқының, жеке басының қалыптасуы тәрбиеге байланысты деп қараған Ыбырай Алтынсарин өзінің осы пікірін “Бақша ағаштары” деген әңгімесінде өте орынды келтірген. “Бағып -қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым: мұнан сен де өзіңе ғибрат алғайсың; сен жас ағаштың, саған да күтім керек. Мен сенің қате істерінді түзетіп, пайдалы іске үйретсем, ал сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзу кісі болып өсесің, бағусыз бетімен кетсең, сен да мынау қисық біткен ағаштай қисық өсесің”, -дейді. Біз бұл әңгіме арқылы автордың педагогикалық көзқарасын айқын аңғармыз. Ыбырай “адам мінезін түзеп болмайды, сүйекке біткен мінез, сүйекпен бірге кетеді” дейтін теріс көзқарасқа қарсы адамның жақсы, я жаман болуы тәрбиеге, өскен ортасының игі әсеріне байланысты деген қағиданы қуаттап отыр[3].

Бала жанының зергері Ы.Алтынсарин әңгімелерінің бәрі-бәрі де балалардың жас ерекшеліктеріне орай, тілі жеңіл, мазмұны тартымды, олардың жан-дүниесіне әсер етерліктей іріктелініп алынған. Осы әңгімелерде мұғалімдер мен ата-аналардың балаларды әр түрлі ізгі қасиеттерге тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Мәселен, “Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш” әңгімесінде баланы еңбек етуге, жұмыс істеуге әдеттену қажет екенін ескертсе, “Әке мен бала” әңгімесінде “аз жұмысты қиынсынсаң –көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең –көптен де құры боласың, -деген ойды айтады.

Ғұлама педагогтың ойларында қаншама тамаша психологиялық түйіндер жатыр. Ол шәкірттердің білімді жай жаттап алып, үстірт меңгермей миға тоқып, санасынан өткізіп, әрбір сөздің мәніне терең бойлап түсінуін талап етті. Ол мұғалімдерге барлық пәнді осылайша жүргізудің қажеттілігін, яғни Қ.Д.Ушинскийдің тілімен айтқанда оқу жүйесіне барлық сезім мүшелерін (көз, құлақ, иіс, т.б.) қатыстырып, оқушылардың қызығу белсенділігін арттыра берудің ерекше маңыз алатындығын ескертті. Ол сондай-ақ қазақ балаларының өзіндік кейбір ұлттық ерекшеліктерін көрсете келіп, осы жәйтті де оқыту -тәрбие ісінде мұғалімдердің үнемі ескеріп отыруын қажет деп санады. Мәселен, оның өзі қазақ балалары үшін “Хрестоматия” құрастырғанда осы жағдайды қатты ескергені байқалды. “қатаң тұрмыста өскен қазақтарға, - деп жазды ол, -мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балаларының оқығысы келмейтінін, оқыса үлгеретінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген

сияқты жоқ нәрсені деп, тіпті ренжитінін тәжірибемен білемін. Қазақ балаларына, меніңше, мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер немесе өзгерулері, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты әңгімелер тәуірірек болады”[4].

Ы.Алтынсариннің тәрбиеші ұстаз, мұғалімдік өнер жөніндегі айтқандарында психологиялық түйіндер аз емес. Ол оқу - тәрбие процесіндегі мұғалім рөліне айрықша маңыз береді, мектеп ісінің сан-санасындағы жетісіктерді мұғалімнің білімі мен іскерлігіне, беделі мен өз жұмысын жан-тәнімен сүйене білуіне байланысты деп түсінді. “...қазақ мектептерінің бар келешегі –деп жазды ол, -көбінесе істің қазіргі басталуына байланысты, сондықтан да мен қазір жақсы оқытушы дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін”[5].

Қазіргі заман талабына орай, білім беру парадигмасы тек білуге, үйренуге ғана бағыттамай, жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыруға мән беріп отырғаны Ыбырайдың әңгімелерінде балалардың танымдық әрекеттері дамытудағы үлесін айтпай кетуге болмайды. Оның әрбір әңгімесінде жеке тұлғаның үйлесімді дамуына турашыл, ерік-жігері мықты, тұрақтылық, зеректік, байқампаздық т.б. жағымды қасиеттердің қалыптасуына бағыт бағдар беріліп отырғанын әрі халқымыздың “Білімдінің жүзі жарық, білімсіздің күні ғаріп” деген аталы сөзімен астарласып жатқанынын да байқаймыз.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Құраст. М. Жармұхамедов. Ыбырай Алтынсарин тағылымы: әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер /— Алматы: Жазушы, 1991.
2. Бас ред. Б.Ө.Жақып. Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. I-т. /— Алматы: Қазақ энцикл., 2009.
3. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. / Алматы, 1995
4. Жарықбаев Қ.Б. Ы.Алтынсаринның психологиялық көзқарастары // Ы.Алтынсарин Алматы 1991.
5. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының даму жолы // мұрагер Алматы 1994.№1.

*Минасипова А.К. учитель английского языка  
Школа-лицей им. А.Ермекова, г.Караганда*

### **ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ 21 ВЕКА В ОБРАЗОВАНИИ.**

Стремительное развитие общества диктует необходимость изменений в технологиях и методиках учебного процесса. Выпускники образовательных заведений должны быть готовы к тенденциям изменчивой современности. Поэтому внедрение технологий, направленных на индивидуальный подход, мобильность и дистанционность в образовании, представляется необходимым и неизбежным.

Что такое «инновационная технология»

Слово «инновация» имеет латинское происхождение. «Novatio» означает «обновление», «изменение», а «in» переводится как «в направлении». Буквально «innovatio» — «в направлении изменений». Причем это не любое новшество, а после применения которого происходят значительные улучшения эффективности, качества деятельности.

Под технологией (греч. techne «искусство», «мастерство», logos «слово», «знание» - наука об искусстве) понимается совокупность методов и процессов, применяемых в каком-либо деле или в производстве чего-либо.[1]

Любое нововведение находит свою реализацию через технологию. Таким образом, инновационная технология — это методика и процесс создания чего-либо нового или усовершенствования уже существующего с целью обеспечения прогресса и повышения эффективности в различных сферах деятельности человечества.

*Виртуальная реальность, геймификация и искусственный интеллект — ещё вчера это казалось невероятным, а сегодня успешно внедряется в образовательный процесс.*

### **Цифровизация**

Инфраструктура школ непрерывно обновляется, внедряются современные образовательные технологии. Например, ещё несколько лет назад ученики привычно решали уравнения на меловой доске, а сегодня во многих школах есть интерактивные доски. Педагоги могут выводить на экран любые видео, изображения, слайды презентаций. На многих интерактивных досках можно писать при помощи пальца — во-первых, больше не нужно пачкаться мелом, а во-вторых, детей это забавляет независимо от возраста.[2]

Одним из основных элементов цифровизации образования является цифровая грамотность. Цифровая грамотность — главный приоритет образования, это способность проектировать и использовать контент с помощью цифровых технологий, применяя компьютерное программирование, графические техники визуализации, компьютерную графику, мультимедиа разработку онлайн-курсов и т.д., поиск и обмен информацией, коммуникация с другими обучающимися.

Под цифровой грамотностью мы рассматриваем различные ее виды: медиаграмотность, отношение к инновациям, коммуникативная, компьютерная, информационная грамотность.

Помимо интерактивных досок, школы оснащаются цифровыми системами пропусков. Они также были внедрены в рамках использования современных технологий. Родители могут отслеживать, во сколько ребёнок вошёл в здание школы и когда вышел. Сейчас школьнику достаточно приложить пропуск к турникету, а через десятилетие это может быть биометрия — отпечатки пальцев, как Touch ID на устройствах Apple, и сканирование сетчатки глаза.

Бумажные дневники уже почти канули в небытие — повсеместно используются электронные. В будущем на смену обычным принтерам придут 3D-гаджеты, ученики смогут распечатать любую нужную 3D-модель для самых разных задач. В Миннеаполисе, США, одна из школ уже обзавелась принтером Dimension BST, с помощью которого ученики создают дизайнерские прототипы. С каждым годом всё активнее развивается применение современных технологий в школе.

Вероятно, перестанет использоваться обычная бумага — учёные уже разрабатывают OLED-дисплеи. Это гибкие, лёгкие и тонкие «листы», которые можно так же, как и бумагу, сворачивать или хранить стопкой. Это решение практичнее, экологичнее и долговечнее обычной бумаги, такие дисплеи не рвутся и являются интерактивными — как гибкий планшет.

### **Онлайн-обучение как современная технология в образовании**

Раньше ребята из регионов стремились уехать учиться в крупные города. Теперь качественное образование потеряло привязку к месту и обучение не по прописке реально — можно заниматься с педагогом любого ранга и национальности, даже если он живёт в другом часовом поясе и говорит на иностранном языке.

Онлайн-образование развивается с невероятной скоростью. Скоро будут применяться не только дистанционные уроки с живыми людьми, но и учёба под руководством искусственного интеллекта. Например, Microsoft уже выпустил обучающее приложение для изучения китайского языка. В нём ученик отвечает на короткие печатные и аудиосообщения преподавателя-бота в чате. Искусственный интеллект анализирует ответы и подбирает нужную наработку.

Современные технологии онлайн-обучения делают образование доступным каждому, у кого есть доступ в интернет, и, возможно, в будущем традиционные очные занятия полностью изживут себя. [3]

## Геймификация в школе



### Как игры помогают развиваться

Сегодняшнее образование должно подстраиваться под растущее поколение. Нужно учитывать особенности нынешних детей и внедрять новые технологии в современной школе.

Советские принципы обучения устаревают — в 2020 году кажется странным переписывать огромное и нудное упражнение от руки или продираться сквозь неактуальный учебник, выпущенный в прошлом веке.

Чтобы сделать учёбу живее и интерактивнее, применяется геймификация: в образовательный процесс внедряются элементы игр (в том числе компьютерных и видеоигр).

Геймификация меняет отношение к ошибкам — дети перестают бояться условной двойки. Возможность пройти миссию заново — важный принцип в компьютерной игре. Можно сколько угодно искать решение и каждый раз находить новые варианты.

### Виртуальная и дополненная реальность

Визуальные средства и технологии всё больше используются в образовательном процессе. Дело, опять же, в особенностях нынешнего поколения.

Наши дети всё делают при помощи YouTube — мастерят своими руками, стригутся и красятся, распаковывают посылки и учат языки. Статистика показывает, что YouTube постоянно используют 85% подростков, при этом 80% из них утверждают, что видео для них — способ узнать больше о своих хобби. Неудивительно, что учителя всё чаще используют в обучении видеоматериалы, фильмы и записанные лекции. [4]

С расширением использования современных образовательных технологий дети смогут изучать школьные предметы с помощью технологий виртуальной и дополненной реальности. Например, надев VR-шлем, ребёнок сможет наблюдать исторические события и даже участвовать в них! Такое обучение называется иммерсивным, оно создаёт «эффект присутствия» и позволяет переживать невозможный в реальном мире опыт.

Такой захватывающий современный формат обучения позволит качественнее усваивать информацию, ведь лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать.

Инновационные технологии обучения в школе стремительно развиваются, и будущие поколения будут учиться совершенно иначе, чем наши бабушки и дедушки.

Школьников ждёт полная цифровизация, OLED-дисплеи, учёба с искусственным интеллектом, геймификация и возможность иммерсивного обучения. Больше никакого скучного сидения за партой, зубрёжки и отсутствия интереса к занятиям — инновационные технологии в образовании в школе используются всё чаще.

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Бекетова, О. А. Инновация в образовании: понятие и сущность//Теория и практика образования в современном мире: материалы V Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, июль 2014 г.). – СПб.: СатисЪ, 2014. – С. 1-2.
2. Марей А. Цифровизация как изменение парадигмы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.bcg.com/ru-ru/about/bcg-review/digitalization.aspx> (дата обращения: 24.11.2019).
- 3.Хуторской А. Дистанционное обучение и его технологии // Компьютерра. – 2002. - №36. – С. 26-30.
- 4.Белавина, И.Г. Восприятие ребенком компьютера и компьютерных игр [Текст] / И.Г. Белавин; М.: 1993.

*Ж. Т. Момынбекова бастауыш сынып мұғалімі  
№ 101 мектеп-лицейі КММ, Қарағанды қ.*

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ

*«Балаға берілген бірінші тәрбие ата-анасын, туысын,  
жолдасын сыйлауға үйретуден басталады»*

*Ы.Алтынсарин*

Бастауыш мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру-қазіргі бастауыш білім берудің ең өзекті міндеттерінің бірі. Білім беруде оқуды оқыту мәселелеріне әрқашан үлкен мән берілгеніне қарамастан, оқу сауаттылығын дамыту міндеті мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын орындау міндеттерін шешетін қазіргі бастауыш мектеп үшін жаңа сала болып табылады. Мәселені шешуге ерекше назар аударылады. Мектептегі білім берудің бірінші кезеңінде оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесін шешуге ерекше назар аудару немен байланысты? Бұл сұраққа жауап беру оқу сауаттылығы саласында қолданылатын терминология мен ұғымдарды қарастыруға көмектеседі. PISA зерттеуінде "оқу сауаттылығы- адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және қолдану, олар туралы ойлау және өз мақсаттарына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік өмірге қатысу үшін оқу қабілеті". PIRLS тестінің сұрақтары оқушылардың мәтінді (көркемдік, сондай-ақ ақпараттық) түсінуіне бағытталған негізгі оқырмандық әрекеттерді бағалауға мүмкіндік береді. Оқу әрекеттері дағдыларды қамтиды: мәтінде жанама айтылған мәліметтерді (ақпарат бірлігін) шегеру; осы ақпараттан тікелей қорытынды жасау; мәтіннің жеке хабарламаларын түсіндіру және біріктіру; бүкіл хабарламаның мазмұнын, тілін және формасын және оның жеке элементтері бағаланады. Оқу сауаттылығының жоғары деңгейі оқушының келесі білім беру сатысында одан әрі оқуға дайын екендігін көрсетеді. Сөйлеу және күнделікті тәжірибе мен білімнен тыс емес көркем және ақпараттық мәтіндердің хабарламаларын түсіну және бағалау үшін көмек қажет емес. **Жоғары деңгейдегі** оқырмандар жазбаша түрде хабарланған жаңа ақпарат, ойлар, тәжірибелер көмегімен өз тәжірибелері мен білімдерін кеңейтуге және өзгертуге мүмкіндік беретін оқу компоненттерін игеруге дайын . Мәтіндерді түсінудің **орташа деңгейі** оқу негіздерін әлі толық игермеген оқырмандарға тән. Мәтіндік хабарламаларды оқып, оның негізінде өз мәндерін құру үшін олардың барлығы көмекке мұқтаж. Бұл өз тәжірибесіне қайшы келмейтін мәтіндік хабарламаларды түсінуге көмектесу және өмірлік тәжірибесі бар әңгімелесушілермен жазбаша қарым-қатынас пен ынтымақтастықты дамытуға көмектесу.



Сауаттылық - адамның ана тілінде жазу және оқу дағдыларын меңгеру дәрежесі. Сауаттылық-адамның одан әрі дамуын құруға болатын негіз. Кітапқа қол жеткізе отырып, ол адамзат жасаған ой мен білімнің қазынасын пайдалануға мүмкіндік береді. Сауаттылық ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларының белгілі бір дәрежесі ретінде халықтың мәдени деңгейінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Сауаттылық тұжырымдамасының нақты мазмұны қоғамның экономикалық және саяси дамуының әртүрлі кезеңдерінде, оның мәдени сұраныстарының жоғарылауымен өзгереді. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған жұмысты ұйымдастыру оқу дағдыларының негізгі топтары анықталды. Осыған байланысты оқу сауаттылығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу тапсырмалары осы шеберлік топтарымен байланысты болуы керек. Бұл принципті жүзеге асыру үшін оқу тапсырмаларының түрлерін бөліп көрсету керек.

Бастауыш сынып оқушыларының әдебиеттік оқу пәнінен функционалдық оқу сауаттылығын жетілдіру үшін оның теориялық-әдіснамалық негіздері анықталуы қажет. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығы жетілдірудің белгілері мен шарттарын анықтап алу керек. Оқу сауаттылығы-оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі. Оқыған мәтіннің мазмұнына ой жүгірте білуі. Қоғамдық өмірде белсенділік таныту мақсатында білімдерін дамыту. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларына оқу сауаттылығына анықтама беру керек. Оны мынадай үш түрге бөліп қарастырған да жөн.

1. Сауаттылық дегеніміз – оқу дағдысы, жазу және санау дағдылары. 2. Минималды сауаттылық дегеніміз – өздері ұнатқан мәтіндерді оқу және оқыған шығармаларын иллюстрациялау. 3. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – оқушы өзінің оқу және жазу дағдыларын қоршаған ортада, қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті.

2-4-сыныптарда әдеби функционалдық сауаттылығы «Ауыз әдебиеті үлгілері», «Жазба балалар әдебиеті үлгілері», «Әдеби-теориялық білім», «Мәтінмен жұмыс», «Оқу дағдысы», әдеби тілде еркін сөйлеу бағытында қалыптастыра отырып, жетілдіру. Сонымен қоса оқырмандық мәдениеті, кітапханада жұмыс істей алуы, кітап дүкендерінде дұрыс сөйлеуі, мәнерлеп оқуы, білім сайыстарына қатысуы, өз ойын анық нақты баяндау білігі мен функционалдық сауаттылығының жетілуі. Әдебиеттік оқу сабақтарында Ыбырай Алтынсарин шығармаларын пайдаланудың деңгейі анықталды. Бастауыш сынып оқушыларының Ыбырай Алтынсарин шығармалары туралы білімдері, түсініктері, оларды керекті жерде пайдалана білу дағдылары қандай жағдайда екені тексерілді. Мысалы: әдебиеттік оқу пәні сабағында оқу сауаттылығын дамытуға бірнеше тапсырмалар орындауға болады.

3-сыныпта әдебиеттік оқу пәнінен Ыбырай Алтынсаринның «Баланың айласы» әңгімесіне тоқталайық. Бірінші мәтіннің авторының өмірбаянымен шығармашылығымен танысамыз. Оқушылар өздері ізденіп бүктеме кітапшалар жасап келеді. Әңгімені оқи отырып, «Жақсылық жасу – әр адамның борышы» екенін ұғынады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда осы мәтіннің мазмұнын қарап, сұрақтар құрастырамыз. Оқушылар төмендегі сұрақтардың дұрыс жауаптарын белгілейді.

Мысалы: 1. Мәтіннің авторы кім?

- А) Ыбырай Алтынсарин
- Ә) Шәкәрім Құдайбердіұлы
- Б) Несіпбек Айтұлы

2. Жақсылық жасау деген не ?

- А) Ақша беру
- Ә) Қиындықта көмектесу.
- Б) Мазақ ету.

3. Мәтіннің негізгі ойы?

- А) Баланың ғалымға көмектесуі
- Ә) Баланың жыланға көмектесуі
- Б) Жеміс ағашының пайдасы.

4. Осы мәтінге келетін мақал-мәтел.?



А) Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.

Ә) Жақсылық-жасау борышың.


Б) Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

Яғни, бұл мәтіндегі негізгі ой-жақсылық жасау Бала кішкентай болса да, өз айласын асырып, ғалымды жыланнан құтқарып, жақсылық жасады..

Оқушылардың Ыбырай атамның шығармаларын оқи отырып, ұнаған шығармалардың кейіпкерлерін бейнелеу немесе сол мәтінді иллюстрациялау



Мен сыныпта осы жұмысты екі топпен салыстырмалы түрде жүргіздім. Сыныпты екі топқа бөлдім. 1-топтағы 16 бала мен 2- топтағы 16 баланың нәтижелерін диаграмма арқылы салыстырдым. Оқушы қанша кітап оқыды, минутына қанша сөз оқи алатындығы және көркем шығармалардағы кейіпкерді бейнелеуі, негізгі ойды түйіндеп жазуы.



Бұл салыстырмалы диаграммада 1- топтың басымдылығы ерекше болды. 2- топтың оқушылары кейіпкерлерді жақсы бейнелеп келгені анықталды.

Еңбектің бағасын білген бала оның нәтижесінде жақсы бағалай алады. Осының бәрінде ата-ананың функционалдық сауаттылығы ерекше.

«Кітап-шебер ұстаз, тілсіз мұғалім» бала жастайынан кітап оқуға құмар болса есінде жақсы сақталып, әрі қарай кітап оқуға құмарлығы арта түседі. Сын тұрғысынан ойлау әдістерін, сабақта қолданғандықтан оқушылар жетістіктерге жетті. Атап айтсақ, 1. Мәтіннің негізгі түйінін табуға дағдыланады.

2. Оқушылар ізденіп, үйренгенін өмірде пайдалана алады.

3. Мәтін бойынша сұрақтар қойып, өз бетінше жауап беруге дағдыланады.

4. Оқушылардың шығармашылық белсенділіктері артып, сын тұрғысынан ойлау әрекеттері бағаланады.

5. Тақырыптың мағынасын ашып, дәлелдей алады.

Қорыта келгенде, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруда оқудың бірнеше түрлерін мысалы: іштей оқу, дауыстап оқу, ызындап оқу т.б. қолданып, сауаттылығын арттыру.

Оқушылардың шығармашылық белсенділіктері және сын тұрғысынан ойлау әрекеттері бағаланады.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы.

2012 жыл Кенжебаева Г.М.- Оразахынова Н.,

2. Дамыта оқыту технологиялары Б.А. Тұрғынбаева

3.Бастауыш сынып журналы 2013 ж №10

4.Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері Алматы «Мектеп» -1982 ж

5.БІ. Алтынсариннің нақыл сөздері.

*Т.Ғ.Молдабаев көркем еңбек пәні мұғалімі  
№ 101 мектеп-лицейі, Қарағанды қ.*

## **«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Қашықтықтан оқыту технологиялары және электрондық оқыту-бұл жеке тұлғаға бағытталған оқыту тәсілінің негізгі қағидаттарын іске асыру құралы. Қашықтықтан оқыту жүйесі білім алушылардың бір-бірімен де, оқытушымен де тұрақты қарым-қатынасын көздейді. Қашықтықтан білім беру технологиялары деп білім алушы мен педагогтың жанама (қашықтықтан) немесе толық емес жанама өзара іс-әрекет кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылатын білім беру технологиясы болып табылады. Қашықтықтан оқыту моделі оқушылардың өзіндік танымдық іс-әрекетінің әртүрлі ақпарат көздерімен, арнайы технология бойынша әзірленген оқу материалдарымен икемді.[1]

Қашықтықтан оқыту топтық жобаларды талқылауды ұйымдастыруды, дайын өнімді таныстыруды, құрдастарымен, сондай-ақ қажет болған жағдайда ғаламтор желісі арқылы кез келген басқа серіктестермен пікір және ақпарат алмасуды көздейді. Интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қосымша әдебиеттермен жұмыс істей білу арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін; оқу процесінде білім алушылардың дербестігін дамыту; оқу процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және бақылауға болады.

Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту әр оқушының өмірінің ажырамас бөлігі болды, сондықтан қазіргі мұғалім сабақ өткізу үшін тиісті дағдыларды игеруі керек. Онлайн-сабақ әдістемесі өзінде баланың оқу материалымен өзіндік жұмысын және пән мұғалімімен байланысын үйлестіреді.

Нақты ғылымдардан айырмашылығы, «Көркем еңбек» пәні тәжірибелік іс- әрекетке бағытталған пән, сондықтан қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту белгілі бір қиындықтарды тудырады. Мұғалімнің жеке қатысуынсыз тапсырмаларды орындау технологиясын, оқушылардың алған дағдылары мен қауіпсіздік техникасын бақылау қиын. Сондықтан тапсырмаларды орындау бойынша негізгі жұмыс балалардың өздеріне тиесілі, ал мұғалім тапсырманы дайындайды және оқушыларға жібереді, сонымен қатар орындалған тапсырмаларды тексереді.

5-9 сынып оқушыларына арналған «Көркем еңбек» пәнінің жұмыс бағдарламасы визуалды өнер, сәндік-қолданбалы шығармашылық, дизайн және технология, үй мәдениеті, тамақтану мәдениеті бөлімдерінің тақырыптарын қамтиды. Оқушылар аяқталған жұмыс, жоба, өз қолымен жасаған өнімі үшін баға алады, сондықтан оқушылар ыңғайлы уақытта ата-аналардың көмегімен тапсырмаларды орындап тапсырады [2].

Мұғалімнің өз пәні үшін таңдалған және сынақтан өткен бағдарламалар мен платформалардың базасын құру кәсіби шеберлікті жетілдіруге ықпал етеді, бұл әр оқушының білім алуына жекеше тұрғыдан жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл бағдарламалар мен платформаларды пайдалану және қолдану білім беру процесін жақсартуға айтарлықтай көмектеседі, өйткені ақпараттық технологиялар сабақты қызықты етуге мүмкіндік береді: мұғалім құрғақ ақпаратты бермейді, бірақ білім беру ресурстарының арқасында бір уақытта суреттер, фотосуреттер, мәтін, аудио және видео материалдарды пайдаланады [3].

Қашықтан оқыту жағдайында, келесі сервистер мен әдістерді қолдануға болады: school.bilimal, ZOOM, You Tube, Google classroom; мессенджерлер; видеолекциялар мен бейнеконференциялар; нұсқаулықпен таныстыру; мектепте тапсырмаларды қабылдау.

"Білімал" -бұл ата-аналардың, оқушылар мен білім беру қызметкерлерінің өзара іс-әрекет мәдениетін арттыру арқылы қоғамның білімін дамытуға ықпал ететін ақпараттық-білім беру жобасы.

Zoom-бұл бейнеконференцияларды, онлайн кездесулерді өткізуге және топтық чаттар құруға арналған қызмет. Мұның бәрі Қазақстанның мектептері мен жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуды сапалы жүргізу үшін қажет.

Zoom экранды бөлісуден бастап, контактілерге қатысты әртүрлі ыңғайлы параметрлерге және вебинарларды ыңғайлы өткізуге дейінгі мүмкіндіктердің жеткілікті жақсы тізіміне ие.

Бұл бағдарлама жеке немесе топтық сабақ үшін өте қолайлы. Мектеп оқушылары компьютерден де, планшеттен де немесе телефоннан да кіре алады, бұл жағдайда әр конференция үшін ерекше бір сілтеме немесе идентификаторды қолдана алады. Бұл өте ыңғайлы және қарапайым шешім.

Google Класс -бұл педагогтар үшін ақысыз және ыңғайлы веб-ресурс. Google classroom-да оқушылардың тапсырмаларын жасауға, таратуға және тексеруге болады. Қызметке құжаттармен, презентациялармен және кестелермен жұмыс істеуге арналған Google құралдар жиынтығы, іс-шараларды жоспарлауға арналған күнтізбе, Gmail пошта қызметі кіреді.

Бұл жағдайда мұғалімге барлық оқушыларды жүйеге қолмен енгізудің қажеті жоқ-шақыру кодтарын жіберу арқылы немесе доменнен импорттау арқылы енгізуге болады. Оқушылар орындалған жұмыстарының фотосуреттерін қосымша арқылы жүктейді.

Пән бойынша сұрақтарды, үй тапсырмасын, бағалау өлшемдерін бірлесіп талқылау үшін WhatsApp, Telegram және басқа мессенджерлерде оқушылармен және ата-аналармен чат ұйымдастыруға болады. Қажет болса, мұғалім сөйлесуді күрделі мәселелерді түсіндіретін бейне нұсқаулықпен толықтырады. Мысалы, құралдармен жұмыс істеу немесе бұйымның жасалуының технологиялық картасын, сызбалар жасау туралы айтады. Балалардың әрқайсысы тікелей мұғалімге сұрақ қоя алады, жылдам жауап ала алады, тапсырмаларды талқылай алады.

Видеодерістер мен тапсырманы орындау жөніндегі нұсқаулар мұғалім үшін үлкен көмек болады. Мұғалім видеоматериалды өз бетінше жаза алады немесе интернеттен дайын өнімді қолдана алады және оны оқушыларға жібере де алады. Мұнда оқушылардың жас ерекшелігі және меңгеру дағдылары мен іскерліктері ескеріледі. Оқушылар видеожазбаны ыңғайлы уақытта жүктейді және тапсырманы орындайды.

Бейнеконференция кезінде онлайн қатысу қажет, өйткені жұмыс нақты уақытта орындалады. Бірлескен қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін танымал ZOOM платформасын пайдалануға болады.

Жаттығуларды орындау үшін көрнекі құралдарды жасау үшін PowerPoint немесе Google презентациялары қолайлы. Оқушыларға үй тапсырмасын белгілі бір слайдтармен презентация түрінде жасауды ұсынуға болады.

Материалды ұсынудың бұл формасы ыңғайлы, өйткені мұғалім кезең-кезеңмен және өздігінен орындау үшін тапсырманы нақты белгілейді және оны тиісті түсіндірмелермен қамтамасыз етеді.

Қашықтықтан оқыту форматында бірнеше сабақ түрлері бөлінеді:

-таныстырылымдар, электрондық оқулықтар, аудио және бейнежазбалар арқылы жаңа материалды зерделеу;

-конференцияларды, жұмыс кезеңдерін сипаттайтын презентацияларды, бейнелерді қолдана отырып практикалық сабақтар;

-онлайн және офлайн форматтағы тесттердің көмегімен алынған білімді тексеру және бақылау, дайын жұмыстарды, схемаларды, сызбаларды, фотосуреттерді, бейнелерді, жіберілген құжаттарды бағалау.

Қашықтан оқыту кезінде стандартты жұмыс әдістері қолданылады: зерттеу, жобалау, мәселені шешу және шешім табу әдісі. Оқушылар мұғаліммен бірге топтық жобаларды әзірлейді, онлайн үй тапсырмасын талқылайды және нәтижені мультимедиялық көрсетілім форматында ұсынады. Ғаламтор білім беру процесінің барлық қатысушыларына, олар қай жерде болмасын, байланыс жасауға мүмкіндік береді және бұл қашықтықтан оқытудың басты артықшылықтарының бірі.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1.Соколова Н.Ф. Дистанционный курс «Создание и сопровождение дистанционных курсов на платформе MOODLE», Волгоград, 2016.

2.Көркем еңбек (ұл балаларға арналған нұсқа): жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқау / құраст. В. Г. Чукалин, Р. М. Яковлев, Х. К. Танбаев, Е. В. Ермилова, Е. Е. Велькер, О. С. Лосенко. – Көкшетау: Келешек-2030, 2018. – 66 б.

3.Полат Е. С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Е. С. Полат. М., 2009.

*Т.Ғ. Молдабаев көркем еңбек пәні мұғалімі  
№ 101мектеп-лицейі, Қарағанды қ.*

*Т.О. Алтайбеков көркем еңбек пәні мұғалімі  
№ 101мектеп-лицейі, Қарағанды қ.*

### **«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Қазіргі қоғамның құндылық бағдарының өзгеруі біздің еліміздің білім беру жүйесіне бірқатар жаңа стратегиялық міндеттерді ұсынады. Осындай міндеттердің бірі - жиі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайларға дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Орта білім беру жүйесіндегі бұл мақсаттар оқушыларға әр түрлі міндеттерді шешу үшін идеялар мен ақпаратты талдауға және бағалауға мүмкіндік беретін дағдыларды меңгерудің қажеттілігін негіздейді.

Қазіргі таңда бастамашылық, білімділік, өзгерістерге дайын болу, қарым-қатынасқа жеңіл түсу сияқты жеке қасиеттер өзекті болып отыр. Осыған орай қазіргі білім беру жүйесінің міндеті – білім беру бағдарламасында белгіленген нәтижелерге қол жеткізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасау: жаңа білім беру бағдарламаларын құрастыру, пәндер бойынша бағдарламаларды әзірлеу, тиімді білім беру технологияларын қолдану, балалардың нәтижелі білім алу жағдайын жетілдіру болып табылады.

Осыған орай заманауи оқыту технологияларын пайдалану педагогке оқушылардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, мәселен:

-ақпараттық (проблемаларды шешу үшін ақпаратты іздеу, талдау, түрлендіру, қолдану қабілеті);

- коммуникативтік (басқа адамдармен тиімді ынтымақтаса білу);

- өзін-өзі ұйымдастыру (мақсат қою, жоспарлау, денсаулыққа жауапкершілікпен қарау,

жеке ресурстарды толық пайдалану);

- өздігінен білім алу (өмір бойы өзінің білім беру траекториясын құрастыруға және жүзеге асыруға дайын болу, табыстылық пен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету) [1].

Осы тұста оқыту мен тәрбиелеудің кейбір технологияларына назар аударған жөн, оларды қолдану «Көркем еңбек» пәнін оқытуда білім беру процесінің сапасын едәуір арттыратыны сөзсіз. «Көркем еңбек» пәні оқушылардың бейнелі ойлауын, кеңістіктік қиялын, көркемдік, жобалық, конструкторлық қабілеттіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін шығармашылық әрекет барысында көркемдік-технологиялық білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған пән болып табылады. Пәннің оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында оқушылар көркем қол өнері заттарын жасаудың әртүрлі тәсілдерін және әртүрлі материалдармен және құралдармен жұмыс істеу техникасын меңгереді.

«Көркем еңбек» пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ерекше орын алады, өйткені оқушы ақпаратқа ие болуы, оны қолдана білуі, шешім қабылдау үшін қажет нәрсені таңдай білу, ақпараттың барлық түрлерімен жұмыс істей білуі керек. Бүгінгі ақпараттық қоғамда мұғалім бұрынғыдай білімнің жалғыз тасымалдаушысы емес, ол ақпарат әлемінде бағыттаушы рөл атқарады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар оқушылардың танымдық әрекетін белсендіруге үлкен мүмкіндік береді. Оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі құралдарын қолдану оқу бағдарламасын іске асырудың және кең ауқымдағы дағдыларды дамытудың қажетті шарты болып табылады. «Көркем еңбек» сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және оның орасан зор мүмкіндіктерін, яғни:

- шығармашылық жұмыстарды жасау кезіндегі компьютерлік бағдарламалар мен қосымшаларды;

- зерттеулер жүргізу, көрсетілімдер мен жобалар құру үшін ғаламтор ресурстарын;

- қарым-қатынас, тәжірибе алмасу және ынтымақтастықты дамыту үшін қауіпсіз әлеуметтік желілер мен онлайн ортаны;

- белгілі бір ақпаратты жазу және бекіту үшін сандық камераларды қолданады .

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту дегеніміз оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру, қызығушылығын арттыру, олардың алдына мақсат қоя білу, сол мақсатқа жетуге оқушыларды дайындау және жетелеу.

Мұғалім оқушы тұлғасын қалыптастырушы әрі дамытушы болып табылады, ол оқушы тұлғасын құрметтейді. Мұғалімнің оқушыға әсер ету сипаты өзгерсе, оқушының позициясы да өзгереді, оқушы үшін бастысы алынған баға емес, білім алу үшін мұғаліммен және басқа оқушылармен белсенді қарым – қатынасы болмақ. «Көркем еңбек» пәнін оқытуда жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясын қолдану әр оқушы өзінің дара және интеллектуалдық әлеуетін барынша қолдана алатындығын, көптеген тапсырмалар ішінен өзіне сәйкес келетін тапсырманы таңдай алатындығын білдіреді. Бұған әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар, оқушылардың білімін әр түрлі формада бақылау, орындаған жұмысын өзін-өзі бағалауы ықпал етеді.

Орта білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде жеке тұлғаны әлеуметтендіруге, әр түрлі әлеуметтік топтарда тиімді араласуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеуге көп көңіл бөлінеді. Осы міндетке жету үшін көркем еңбек сабақтарында қажетті ортаны құру және іс -әрекет түрлерін таңдау қажет, онда оқушылар коммуникативтік дағдыларды дамытады және өз пікірін сенімді түрде жеткізеді.

Оқушылардың коммуникациясын дамыту үшін оқу бағдарламасында пәннің академиялық тілін қолдана отырып, шығармашылық жұмысты таныстыру, белгілі аудиторияның алдында сөз сөйлеуді қарастыратын оқытудың жекелеген мақсаттары белгіленген. Оқушылар пән шеңберінде өз шығармашылығының белгілі бір өнімін таныстыруды ғана емес, сонымен қатар өз жұмыстары мен басқа оқушылардың да жұмыстарының нәтижелерін, жұмыс әдістері мен шығармашылық идеяларды түсіндіруді, талдауды және сауатты бағалауды меңгереді.

«Көркем еңбек» пәнін оқытуда іс – әрекеттік тұрғыдан келу балаларда танымдық мотивациясын (білуге, жаңаны ашуға, үйренуге деген ұмтылыс) және нақты оқу мақсатының болуын (нақты нені білу, нені меңгеру қажет екенін түсіну); оқушылардың жетіспейтін білім алу үшін белгілі бір әрекеттерді орындауын; оқушылардың алған білімдерін саналы түрде қолдануға мүмкіндік беретін іс-әрекет тәсілін анықтауын және меңгеруін; оқушыларда өз іс-әрекеттерін бақылай білуін қалыптастыруды көздейді.

«Көркем еңбекті» оқытуда проблемалық оқыту технологиясын қолдану -мұғалімнің басшылығымен проблемалық жағдайларды құру және оқушылардың оларды шешудегі белсенді тәуелсіз іс әрекетін қамтитын оқу процесін ұйымдастыру болып табылады. Оқу материалын игеру оқушылардың белсенді іздеу әрекеті барысында жүреді, бұл жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға және білім сапасын арттыруға әкеледі. Мұғалім проблемалық сұрақтар қою арқылы оқушылардың ізденуіне жол ашады, мәселен, «бұйымды қандай материалдардан жасауға болады?», «көркемдеуге байланысты өз идеяңды айт», проблемалық жағдаяттарды қолдану және т.б.[2].

«Көркем еңбекті» оқытуда жобалау әдісінің маңызы зор, сабақта жобалау әдісін қолдану материалды сапалы игеруге мүмкіндіктер береді. Оқушылар жобаны орындау барысында білім, іскерлік пен дағдыларды игереді. Оқушының жоба бойынша жұмысы идеяны шындыққа айналдыру процесі. Жоба бойынша оқушы жұмысының нәтижесі - бұл жаңа өнім, белгілі бір тәжірибе немесе өз бетінше алған білім болып табылады [3].

Қорыта айтқанда, егер педагог оқушының табиғи бейімділігін мен қабілетін толық ашуға, өмірдегі қажеттіліктер мен мақсаттарын анықтауға көмектесе алса, онда шығармашыл, әлеуметтік белсенді, тәуелсіз және еңбекке ынталы жаңа типтегі тұлғаны қалыптастыру мүмкін болады. Ал оқыту үрдісінде жаңа технологияларды белсенді қолдану - бұл оқушылардың болашақта табысты болуына көмектесетін іс-әрекеттің түрлері мен нысандарын дамытудың қайнар көзі болмақ.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

- 1.Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2018. – 360 бет.
- 2.Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. Алматы: Мектеп.- 2019.-168 б.
- 3.Метод учебных проектов как средство активизации учебной деятельности учащихся: Учебно-методическое пособие / Под ред. Ю.П. Дубенского. – Омск: Изд-во ОмГУ, 2017. – 59 с.

*Мосунова И.Э. учитель начальных классов  
КТУ «ОШ № 14» г. Самтаев*

#### **РАЗВИТИЕ ПРОДУКТИВНЫХ СПОСОБОВ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ.**

Инновационные процессы, идущие сегодня в системе педагогического образования, наиболее остро ставят вопрос о подготовке высокообразованной, интеллектуально-развитой личности. Научно-технический прогресс диктует определённые требования к человеку 21 века: он должен быть не просто созидателем, а созидателем творческим и интеллектуально развитым, поэтому становлением такого человека должна заниматься современная школа, где правильно построена развивающая образовательная среда, где используются наиболее продуктивные способы деятельности для обучения и развития каждого ребёнка. В Концепции

12-летнего среднего общего образования в РК сказано, что одной из актуальных проблем казахстанского общества является формирование конкурентоспособной личности, готовой не только жить в меняющихся социальных и экономических условиях, но и активно влиять на существующую действительность, изменяя ее к лучшему. На первый план выходят определенные требования к такой личности – креативность, активность, социальная ответственность, обладание хорошо развитым интеллектом, высокообразованность, профессиональная грамотность [1].

Одна из важнейших задач начального образования - это создание условий для того, чтобы каждый ученик мог полностью реализовать себя, желал и умел учиться. С этой целью коллективом КГУ «ОШ №14» осуществляется внедрение инновационных проектов в учебный процесс. Что же надо сделать, чтобы за 45 минут дать качественные знания учащимся, как рационально использовать время, как обучать детей без двоек, без принуждения, как у них развивать устойчивый интерес к знаниям и потребность к самостоятельному поиску, как сделать учение радостным? Ведь необходимо, чтобы каждый ученик работал в полную силу, чувствовал уверенность в себе, ощущал радость учебного труда, сознательно и прочно усваивал программный материал, продвигался в развитии. С целью решения данной проблемы мы на протяжении нескольких лет работали по внедрению проекта «Обучение без принуждения», который нацелен на реализацию эффективного разноуровневого обучения младших школьников в рамках урока. В основу данного проекта положена идея создания «Пятиуровневой системы обучения», которая позволяет учителю вовлечь в учебный процесс всех учащихся, «никого не ущемляя, никого не оставляя отстающим и никого не тормозя – ни в развитии, ни в творчестве» [2]. Автором этой идеи является Яновицкая Елена Васильевна – создатель оригинальной дидактической системы разноуровневого обучения, автор книги «Большая дидактика и 1000 мелочей». Предлагаемая ею теория обращена к одной главной цели: «Как учить так, чтобы учиться хотелось и при этом училось успешно?». При работе по данному проекту мне хорошо удавалось создавать условия для вовлечения всех учащихся в активную учебную деятельность на уроке, обеспечивая их развитие с учетом индивидуальных психологических и интеллектуальных возможностей. У доски при проверке домашнего задания, при закреплении изученного материала работают одновременно несколько учащихся, что создаёт соревновательную атмосферу. На уроки подбирала интерактивные разноуровневые задания для работы в парах и группах с учётом индивидуальных способностей, так что каждый ребёнок чувствует себя уверенно на уроке. Уроки проходят интересно, увлекательно, динамично, достаточно сложные задания дети выполняют легко. Обучение с использованием данной технологии способствует созданию комфортной образовательной среды для ученика и учителя, помогает учителю формировать личность с высоким уровнем творческих способностей и мышления, способную к саморазвитию.

Современное общество требует от нового поколения умения планировать свои действия, находить необходимую информацию для решения задачи, моделировать будущий процесс. Поэтому необходимо с раннего возраста развивать логическое мышление. Хорошее логическое мышление развивает способность рассуждать. Конечно, если развитием умственных способностей заниматься так же регулярно, как тренируются в развитии силы, выносливости и других подобных качеств. Если ребенок постоянно тренирует свой ум, решает трудные задачи, действует активно, самостоятельно находит верные решения в нестандартных ситуациях — результат обязательно будет. С этой целью учителя начальных классов КГУ «ОШ № 14» приняли участие в проекте «Математика вокруг нас». Актуальность данного проекта заключается в том, что в современное время дети учатся по развивающим технологиям, где логическое мышление является основой. Чем раньше начать стимулировать и развивать логическое мышление, тем более высоким окажется его уровень познавательной деятельности. Решение разного рода нестандартных задач в младшем школьном возрасте способствует формированию и совершенствованию общих умственных способностей: логики мысли, гибкости мыслительного процесса, смекалки и сообразительности, пространственных представлений. Занимательный математический материал является хорошим средством

воспитания у детей уже в младшем школьном возрасте интереса к математике, к логике и доказательности рассуждений, желания проявлять умственное напряжение, сосредоточенности внимания на проблеме. В рамках реализации данного проекта ежедневно провожу пятиминутки на уроках математики «Решение логических задач», были проведены внеклассные занимательные мероприятия по математике и логике среди детей и совместно с родителями. Во всех классах на протяжении многих лет ведётся курс по логике «Умники и умницы». Также даются задания логического характера на каникулы.

Перед современной школой стоит важная цель - формирование функциональной грамотности и, в первую очередь, таких ее аспектов, как грамотность чтения. Базовым навыком функциональной грамотности является читательская грамотность. В современном обществе умение работать с информацией (читать, прежде всего) становится обязательным условием успешности [3]. Формирование грамотности чтения – одна из самых важных задач начального образования. Ученик должен понимать и уметь анализировать тексты различного рода, быть в состоянии вычленять из текста нужную информацию в соответствии с заданной целью. Именно грамотность чтения является базовой способностью для самостоятельного обучения и для полноценного участия в жизни современной информационной цивилизации. Компетентность чтения является базисной для усвоения любого предмета [4]. Главная цель развития детского чтения – воспитание вдумчивого читателя, развитие читательского вкуса, умения видеть текст и осмысливать его. В связи с этим учителя школы подключились к реализации республиканского проекта «Чтение в радость». С 2014-2015 учебного года во всех классах ведутся читательские дневники-портфолио, в которых ребята ежедневно фиксируют свои достижения в чтении дополнительной литературы. Проводя целенаправленную работу по формированию и развитию читательской компетентности, применяю разнообразные формы и методы работы, стараюсь добиваться повышения качества и углубления знаний по предмету, развития речи учащихся, повышения техники чтения, формирования стремления к достижению более высокого результата, раскрытия способностей и природных задатков личности [5]. Сегодня, как никогда, обществу нужна личность, способная сделать свой выбор и нести за него ответственность. Специально подобранные задания, тесты, используемые на уроках литературного чтения, способствуют формированию функционально-грамотной личности, нравственно и духовно богатой, которая способна к самоанализу, к самореализации, творчески и правильно подойти к решению задач, которые ставит перед каждым жизнь. На уроках литературного чтения с удовольствием применяю такие интерактивные методики для повышения читательского интереса, как стратегии критического мышления (наиболее эффективными, на мой взгляд, являются такие стратегии «Критического мышления» как кластер, синквейн, мозговой штурм, чтение с остановками, чтение с пометками (инсёрт), диагностика знаний с применением таблицы: знаю-хочу знать - узнал, и др.). Данные приёмы повышают интерес к чтению и учат читать вдумчиво.

Очень интересно проходила работа по внедрению БиС-технологии в учебный и воспитательный процесс с 2010 по 2013 годы, мы научились использовать очень продуктивные способы деятельности, которые позволяют развивать мышление, память учащихся, скорость чтения, письма, счёта. Данная технология очень эффективна на всех уроках. Продолжаю ежедневно применять на уроках математики проверку скорости, т.е. проверку знания таблицы умножения. Я заметила, что в последнее время в школу приходит много детей, у которых очень плохая память. И если какие-то правила или таблицу умножения не повторять систематически, учащиеся их быстро забывают. Поэтому, проводя проверку скорости, вижу сразу знания учащихся (Проверка происходит коллективно, дети хором называют ответ следующего примера. Дети должны называть ответ громко и одновременно, поэтому сразу видно, кто не знает таблицу умножения). Продолжаю применять на уроках русского языка, литературного чтения, познания мира и естествознания такие приёмы БиС-технологии, как ОСЗ (общий словарный запас) и ТСЗ (тематический словарный запас). В-первых, это увеличивает скорость письма, во-вторых, дети учатся правильно строить



словосочетания и предложения при письменном пересказе текста. Мне этот приём нравится ещё и потому, что сразу видны знания многих учащихся, в отличие от простого пересказа при проверке домашнего задания. Я, конечно, применяю и устную проверку знаний, но во время неё заданный текст могут рассказать всего 2-3 человека, дальше такая работа бессмысленна, т.к. дети уже повторяют несколько раз услышанный текст.

Изучив труды Шалвы Александровича Амонашвили, в своей работе стала применять методы и приемы гуманно – личностной технологии. Мне очень нравится приём «Математика в темноте». Дети закрывают глаза, опускают головы на парту, слушают задачу или пример и пальчиками показывают ответ. Обязательно подхожу к каждому, чтобы пожать вытянутые пальчики тем, кто правильно ответил, приободрить тех, кто должен ещё подумать. А еще это своеобразная физминутка, смена позы [6]. Часто применяю на уроках прием «Шепни на ушко», когда задается вопрос или задача, дети шепчут варианты решений на ухо. Такой вид работы детям очень нравится, они не боятся, что класс их услышит, если ответ будет ошибочным и, не слыша чужих ответов, дети вынуждены думать сами. Данные приёмы позволяют ответить каждому ученику, не услышав ответ других детей. А ещё так думать и работать намного интереснее.

Практика показала, что применение активных методов и форм работы на уроке приводит к тому, что учащиеся на уроках точнее рассуждают, легче делают выводы, успешнее и быстрее справляются с задачами по разным учебным предметам, что помогает в учёбе и в жизни.

#### ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Концепция 12-летнего среднего образования Республики Казахстан Астана – 2010 – URL: <http://roo-mugalzhar.kz/index.php/ru/2-raznoe/10-aza-stan-respublikasynda-12-zhyldy-zhalpy-orta-bilim-beru>
2. Яновицкая Е., Адамский М. «Разноуровневое обучение: великая дидактика без домашних заданий, но в окружении 1000 спасительных мелочей».
3. Шарипова Р. Д. Содержание навыков функциональной грамотности младших школьников в курсе литературного чтения. VIII Международная студенческая электронная научная конференция «Студенческий научный форум» - 2016. – 56 с.
4. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы по предметам естественнонаучного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 38 с.
5. Социально-педагогический проект «Чтение в радость» Учебно-методический центр развития образования Карагандинской области.
6. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. - М., 1996

*С.С. Мукашбекова мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі  
«Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ  
Балқаш қаласы*

#### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ**

Ыбырай Алтынсарин - қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялылығының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресе отырып, халық игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсеткен тұлға. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөліп, қазақ даласындағы аумалы-төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үңілген ағартушы – ұстаз[1].

Бала жанының зергері Ы.Алтынсарин әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей. Қазіргі таңда Ыбырай шығармаларын педагогтар мен ата-аналар балаларды ұқыптылық пен сабырлылыққа, адамгершілікке, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу мақсатында оқу үрдісінде, сынып сағаттарында, таңдаулы сабақтарда пайдалануда және Ыбырай салған сара жол - бұл күндері қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген, экономикасы мен мәдениеті дамыған тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім шаңырақтарында жалғасын кеңінен табуда[2].

Ол балалар әдебиетіне арнап, жас өспірімдерді тәрбиелеу жолында көп шығармалар жазды. Бұл шығармаларды жазуда алдына үлкен мақсаттар қойды. Ыбырай өз сөзінде: «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» - дейді. Оған мынандай шығармалары дәлел болады. Мысалы: «Бұл кім?», «Әй, достарым!», «Әй, жігіттер!», «Ананың сүюі» өлеңдері, «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Алтын шекілдеуік», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Әдеп», «Тәкаппарлық», «Байұлы» әңгімелері.

Сонымен қатар, еңбекті сүю, қадірлеу - Ыбырай әңгімелеріндегі негізгі тақырыптардың бірі. Мұны жазушы шығармаларында кейде ашық үгіт, айқын насихат түрінде берсе, кейде дидактикалық мысал немесе белгілі бір оқиға үлгісінде беріп, шешімін оқушы назарына ұсынады[3].

Еңбек тақырыбын қозғаған «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Дүние қалай етсең табылады?», «Байлық», «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», т.б. әңгімелері - өзінің өнегелігімен, бейнелілігімен, көркемдігімен еріксіз есте қалатын туындылар. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде аталған жәндіктер мен құстың тіршілік етуімен таныстыра отырып, баланы еңбекті сүюге тәрбиелейді. «Жұмыссыз, еңбексіз жүрген бір жан не бір жәндік жоқ. Сен де солар секілді еңбек ет, босқа жүрме» - деген ой айтады жазушы.

Осы аталған туындыларды мен өз тәжірибем барысында қолданамын және баланы білімге деген қызығушылығын арттыра отырып, бала бойына адамгершілік, еңбексүйгіштік, ұқыптылық, мейірімділік, әділдік, әдептілікті сіңіруге талпындырамын. 1 қыркүйек - «Білім күні» мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршінге Ыбырай атамның «Кел, балалар оқылық!» атты өлеңін оқи отырып, тәрбие сағатынан бастау алады. Мұндағы мақсат – халықты және олардың жас өрендерін оқуға, өнер-білімге шақырған Ыбырайдың ұран салып, ту етіп көтергені өлеңдерімен таныстырып, тек білім алып қана қоймай саналы азамат, тәртіпті, үлгілі болуға шақыру көзделеді, сонымен қатар өлең жолдары әрбір қара таныған қазақтың көкірегінде сақталып, жүрегінде жатталып қалуға себеп болу.

*Сурет-1. Ыбырай Алтынсарин өлеңдерін мәнерлеп оқу және ертегілер желісін сомдау.*

<https://bit.ly/3nM5v8a>



<https://bit.ly/3CtLs2p>

Ыбырайдың өлең, әңгімелері түгел дерлік балаға түсінікті, тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор, оқып отырған оқырманына үлкен ой салатындай тақырыбы әсерлі, көркем бейнеленген және

ойын жеткізуде тілдік стиль ерекшелігі зор. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасына Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының балаға жеңіл, түсінікті және баланың жас ерекшелігін ескере отырып, кейбір әңгіме, өлеңдері берілген. Көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің іс-әрекеті, бейнелері, оқиғалары баланы санқилы сезімге түсіріп ойландырады, қуантады, кейбіреуінен аулақ болуға жетелейді. Ыбырай шығармаларын мектепалды даярлық сыныптан бастап оқыту арқылы тәрбиеленушілерді еңбексүйшілікке, оқу, өнерге ұмтылушылыққа, Отанын, елін сүйшілік, талаптылық, жігерлілік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақылық т.б. жақсы мінез-құлықтарға тәрбиелеуді алдыма міндет етіп қойдым. Осы міндетті жүзеге асыру үшін:

- ✓ мектепалды даярлық сыныптан бастап ақын-жазушылардың өмір жолымен таныстыру;
- ✓ көркем шығармаларды оқып, мазмұнын ұғындыру;
- ✓ көркем шығармалардың жазылу ерекшеліктерін, кейіпкерлер бейнесін талдатып, сомдата білу;
- ✓ даярлық сыныптың қатынас, шығармашылық білім беру салаларында әр тақырып бойынша көркем шығармаға, ондағы бейнелерге баға беріп, пікір айтуға үйрету;



*Сурет-2. «Оқырман отбасы»*

Мектебімізде ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай облыстық «Бір отбасы-бір кітап» акциясы аясындағы «Оқырман отбасы» облыстық байқауының мектепшілік кезеңі өткізіліп, отбасымен бірігіп кітап оқу жұмыстары да жандандырылуда. Осы іс-шараның негізгі мақсаты – оқыrmанды жастайынан әдеби кітапқа құштарлығын арттыру, дүниетанымын кеңейтуге, рухани-тәлім беру, кітап оқуға баулу. Отбасылық кітап оқу арқылы баланың ой-өрісін, ойлау қабілетін арттыру, отбасымен бірге ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізудің пайдасының зор екендігін білуі. Осыған орай ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің де шығармаларын жас оқыrmандар отбасымен бірге оқып, өлеңдерін жатқа айтты. Жалпы автордың қазақ балаларының табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан дүниесіне әсер ету арқылы еңбексүйгіш, адамгершілігі мол, зейінді де зерделі, адал да әдепті, білімді азамат болып жетілуін көздегені жөнінде әдеби іс-шаралары жалғасын тапты. Осы биік талаптарға сәйкес жас буынның қабылдау және жас ерекшеліктерін ескере келіп, әрі қысқа, әрі нұсқа көркем әңгімелерді мазмұндау жұмыстары да жүргізілді. Атап айтатын болсақ: «Бір уыс макта», «Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Таза бұлақ», «Әділдік», «Жан-жануарлар айтысы», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Мұңсыз адам», «Лұқпан әкім», «Зеректік», «Силинші ханым», «Білгеннің пайдасы», «Талаптың пайдасы», «Атымтай жомарт». Сонымен қатар, шығармаларына байланысты суреттер салынып, сурет көрмесі ұйымдастырылды. Ыбырай оқулары бойынша мәнерлеп оқу сайыстарынан шәкірттерім қалалық, республикалық байқауларынан бірнеше жүлдеге ие

болды. Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы ертегілер желісі бойынша балалардың сөздік қорын, тіл байлықтарын дамыту жұмыстары да жүргізілді. Қашықтықтан оқыту кезеңінде де бұл шаралар жалғасын тауып жатты.



Сурет-3. Ыбырай Алтынсарин шығармалары бойынша суреттер көрмесі.

Осы аталған жұмыстардың бәрін болашақта да одан әрі жандандырамын деген ойдамын. Қорытындылай келе, Ыбырай Алтынсариннің қай шығармасы болса да, баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол. Оны балалар сүйіп, ынтыға оқиды. Біздің мақсатымыз – Ыбырай атамның өшпес мұрасын жадымызда сақтап және оның керемет құндылықтарын дәріптеуді ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Ы. Алтынсарин тағлымы». Алматы, Жазушы, 1991ж.
2. Ы. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
3. Ә.Табылдиев «Ы.Алтынсариннің этнопедагогикалы еңбектері», «Қазақ тарихы» журналы, №1 616.

*Ж.Н. Мукушева бастауыш сынып мұғалімі  
«М.Жұмабаев атындағы гимназия» КММ, Қарағанды қ.*

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ РӨЛІ

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық - деп барлығымызды оқу мен білімге шақырған біздің тарихымызға XIX ғасырдағы қазақтардың мәдени өмірінің жарқын көрінісі ретінде енген ұлы ұстаз, педагог - энтузиаст, ойшыл, ағартушы, ғалым, жазушы Ыбырай Алтынсариннің есімі әрбір қазақстандыққа, өз Отанының патриотына белгілі. Небәрі қырық жеті жыл өмір сүріп, артына мол мұрасын қалдырған, өте күрделі де қиын жолды таңдаған Ұлы ағартушы бір хатында: «...Мен өзіме деген сенімділігімнің арқасында туған еліме пайдамды тигіземін деген ниетімнен бас тартпаймын, бұл үшін менің күшім жеткілікті», - деп жазды. Бұл сөздер ұстаздың өмірінің соңына дейінгі кредосына айналды. Оның сенімділігі мен жанқиярлығы 20 ғасырдың басында үлкен жемісін берді [3.65].

Қазақстандағы білім беруді дамытуда Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық идеяларымен үндес келетін сабақтастық дәстүрлері бар. Оның педагогикалық мұрасы – тұтас бір педагогикалық жүйе. Осылайша, білім беру жүйесінің жаңғырту процестері педагог-ағартушы ұсынған бірқатар қағидаттарға негізделеді:

- білім беруді дамытудағы мемлекеттің шешуші рөлі;



- барлық адамдар үшін білімге қол жетімділік;
- тұлғаның жан-жақты дамуы;
- белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу;
- демократиялылық және жаңа технологияларға бағдарлану;
- білім беру жүйесінің икемділігі мен динамикасы.

Ыбырай Алтынсарин адамдық тәрбиенің гуманистік принциптері мен мұраттарын қорғады. Оның ағартушылық идеялары туған халқының экономикалық және мәдени жағын көтеруге бағытталды. Ол өз халқын өркениетті мемлекеттер қатарынан көргісі келгендіктен қолынан келгеннің барлығын жасады. Алтынсарин білім беруді мақсат ретінде емес, әлеуметтік ортаны өзгертудің негізгі құралы ретінде қарастырды. «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңінде:

***Өнер - білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды,  
Айшылық алыс жерлерден,  
Көзіңді ашып - жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді...,-***

деп тебіреніп, жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарау, оны «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзіңді ашып - жұмғанша, жылдам хабар алғызатын» елдердің хатарына жеткізу деп білді. Болашақтың иесі – жастар деп, келешекке сеніммен қарады.

Ыбырай Алтынсарин бүкіл өмірін туған өлкесіндегі ағартушылыққа, қарапайым қазақ баларын оқытуға арнады. Ол: «Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырша кірістім» деп жазды. Халқының білімді болғанын қалады, сана мен менталитеттің басты құралы-білім екенін түсінді:

***Мал-дәулеттің байлығы,  
Бір жұтасаң, жоқ болар.  
Оқымыстың байлығы  
Күннен-күнге көп болар  
Еш жұтамақ жоқ болар...***

Ұлы ағартушы, адам - елдің басты байлығы екенін түсінді, өйткені білімі мен дағдысы бар адамдар дамудың негізгі стратегиялық ресурсын құрайды, ал білім прогрестің қозғаушы күшіне, жаңа өмірлік пайда көзіне айналады.

***Сиса көйлек үстінде  
Тоқуменен табылған.  
Сауысқанның тамағы  
Шоқуменен табылған.  
Өнер-білім – бәрі де  
Оқуменен табылған.***

Ы.Алтынсарин халықтың қажеттілігіне қарай ұлттық мектептің тәрбиелік міндеттерін анықтады. Оның пікірінше, мектеп қоғам өмірінде лайықты орын алатын, мәдениеттің жоғары деңгейін, жеке тұлғаның өз халқының өкілі ретіндегі адамгершілік қасиеттерін қамтамасыз ететін нақты білім беруі тиіс. «Мектеп - қазақтың білім алуының негізгі қайнар бұлағы, қазақ халқының болашағы», - деп атап өтті Ы.Алтынсарин.

Ыбырай – қазақ жазба әдебиетінің тарихында балаларға арнап тұңғыш әңгіме жазған қазақ балалар әдебиетінің атасы. Өзінің көркем туындылары арқылы балаларды жақсы мінезге, адамгершілікке, имандылыққа, жақсы ниетке баулыды. Ағартушының қазақ балаларына арнап жазған «Қазақ хрестоматиясының» орны ерекше. Өйткені «Қазақ хрестоматиясын» оқыған балаға беретін тәлімі мен тәрбиесі мол. Ыбырайдың осы оқулығындағы әңгімелері арқылы жас балалар ақ пен қараны ажыратады, оны мен солын таниды, арамдық пен адалдықтың арасын айыра біледі, ілім алады. Сондай-ақ хрестоматияда

қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктеріне, практикалық тәжірибесіне байланысты туындаған мақал-мәтелдерге ерекше назар аударылған [4.135]. Онда Алтынсарин балалар мен өскелең ұрпақты адамгершілік-патриоттық тәрбиелеуде ұтымды пайдаланған оның ізгі ниеті, армандары, тілектері, ақыл-ойы, ұмтылыстары, практикалық тәжірибесі мен күнделікті даналығы көрсетілген. Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерінде, аңыздарында, сондай-ақ орыс достарына жазған хаттарында халық мақал-мәтелдерін шебер қолданған. Ол мақал – мәтелдер адамның ақылдылығын, білімділігін көрсететін қысқа сөйлеу нұсқасы деп мәлімдеді. Ыбырай өз әңгімелерінде шешендік, нақыл, аталы сөздерді жиі қолданып отырады. Айталық, ол "Өке мен бала" әңгімесінде ақыл-насихатқа толы: "Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың. Азға қанағат ете білмесең, көптен де құр қаларсың" секілді жолдарды ұсынса, "Қыпшақ Сейіткүлда": "Сейіткүл жұрт ағасы болды, енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай термен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды", - деп шешендік үлгіде сөйлейді [7].

Ыбырайдың хрестоматиясына енген ертегілер көркемдігімен және тартымдылығымен баурап алады, тапқырлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейді, қиындықтарды жеңе білу, дұрыс шешім қабылдау, қиындықтар туындаған кезде ұтымды әрекет жасау, оларды өздерінің армандарын орындауға, қоршаған ортадағы өзгерістерге қарап, оларды адамгершілік тұрғысынан қабылдауға үйретеді. Мысалы, «Қара батыр» ертегісінде түркімендерге тұтқынға түскен Қара батыр есімді кішкентай баланың төзімділігі, батылдығы, ақыл -ойы, үлкендерден алынған өмірлік тәжірибені нақты жағдайда қолдану мүмкіндігі суреттеледі. Мұны автор: адам еңбек арқылы даңққа ие болды, еңбек арқылы жеңе алмайтын кедергі жоқ,- деп түсіндіреді [5. 67].

Балаларға арналған әңгімелерді жазу барысында, Ыбырай Алтынсарин орыстың жазушылары Крылов, Толстой, орыстың ұлы педагогтері Ушинскийдің, Паульсонның шығармаларын үлгі етті, кейбір шығармаларын қазақ тіліне аударды. Шығармаларды аудару кезінде оны қазақ балаларының мінезіне, қазақтың ұлттық тәрбиесіне сәйкестіре, сөздің құрылысына мән бере отырып аударды.

Бастауыш сыныптардағы «Әдебиеттік оқу» кітабында жазушының шығармалары жиі кездеседі. Бастауыш буын оқушылары ақынның «Кел, балалар, оқылық», «Өзен, «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңдерімен, «Малды пайдаға жарату», «Таза бұлақ», «Баланың айласы», «Дүниеде жамандық неден?» атты әңгімелерін оқып танысады. Ағартушының әрбір шығармасының беретін тәлім-тәрбиелік мәні бар. Мәселен, «Өзен» өлеңінде табиғаттың сұлулығы шебер суреттеледі, «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңінде білімнің адамзат өміріндегі алатын орны ерекше екендігін тағы бір мәрте анықтай түседі. «Салақтық» әңгімесінде балалар, тазалық – денсаулықтың кепілі екендігіне көздері жетеді. Қанағаттың қарынды тоқ қылатындығына, еңбексүйгіштікке тәрбиелейтін шығармасының бірі – «Малды пайдаға жарату» әңгімесі, «Баланың айласы» әңгімесі арқылы балалар тапқыр болуды үйренеді, сонымен қатар қазақ балаларын тұрмыс тіршілікке бейімделуге шақырған нақты мысалын көре аламыз. «Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол» деп басталатын «Таза бұлақ» атты әңгімесінде «Бойынды осы бұлақтай таза сақта, бұлаққа қарасақ, күн түссе күннің, шөп түссе, шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын» деп аяқтауының өзінде үлкен мағына жатыр. Ол өзінің балаларға арнаған әңгімелерінде қазақ балаларының халқының ұлттық мүддесін көздейтін елжанды патриот жастарды тәрбиелеуді көздеді.

Сонымен, ғалым қазақ халқының өмірі мен тарихындағы ең күрделі мәселелерге назар аударды, өз елінің өміріндегі өткенді түсінуге ұмтылды, тарихи тұрғыдан өткен дәуірдегі құбылыстар мен оқиғаларды қарастырды, халықты елін, жерін, туған жерін қорғауға, мәдениетті, адамгершілікті құрметтеуге шақырды. Оның мұрасы тарихқа да әдебиетке де тән, ұстаздық тәрбиелік ой-пікірілері қазақтың таусылмас қазынасы.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы:1955. – 413 б.
2. Ильминский Н. Алтынсарин туралы естеліктер.- Қазан,1891
3. Измаилов В. Халық педагогикасы: Орта Азия және Қазақстан халықтарының педагогикалық көзқарастары – М., 1991.
4. Бимаханов Т.Д. Қазақ халық педагогикасы дәстүрлерінің тәрбиелік әлеуеті // қазан ғылымы.– 2015. – №3. – С. 135-137.
5. «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қостанай, 2011. – 227б.
6. <https://stan.kz/ybyray-altynsarinnin-olenderi-men-an/>
7. [https://massaget.kz/okushyilarga/uy\\_tapsyirmasyi/22481/](https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/22481/)

*Муллина А.А. учитель английского языка  
ОШ № 11, г. Шахтинск*

## **ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ.**

Современные тенденции в образовании и стремительное развитие общества побуждают учителя к поиску и применению в своей деятельности новых эффективных технологий обучения, которые позволяют достичь значимых результатов, повысить мотивацию у ученика к изучаемому предмету.

Обучение ,согласно государственному образовательному стандарту, возлагает на учителей новые требования для достижения целей образовательного процесса, отвечающих нуждам современного общества. Поэтому инновационные технологии обучения необходимо рассматривать как инструмент, который позволит претворить в жизнь новую образовательную парадигму. И только при изменении подходов к организации образовательного процесса возможно обеспечить качество образования в современных условиях и внедрение инновационных технологий служит инструментом повышения мотивации, результативности, развития индивидуальности и творческого потенциала обучающихся.

«Инновационное образование» - что это? Это процесс, способствующий к саморазвитию и создающий условия для эффективного развития как учителя, так и ученика. Поэтому можно утверждать, что инновационное образование — это образование, которое развивает и которое развивается, которое позволяет эффективно использовать учебное время, снизить нагрузку обучающихся.

Из чего состоит технология инноваций? Содержание урока подразумевает не только передачу знаний, а развитие компетенций и навыков функциональной грамотности учащихся. Формирование компетенций осуществляется в применении активных методов обучения, которые позволяют вовлечь ученика в учебный процесс и стать активным его участником. Ну и, конечно, оснащённость школы. Использование современных средств коммуникации даёт возможность индивидуализировать и дифференцировать учебную деятельность, облегчить доступ к информации и повысить темп урока, одновременно безболезненно увеличив объём работы.

Инновационные технологии являются ключевым инструментом для повышения качества образования, снижения нагрузки учащихся, эффективного использования учебного времени. Сегодня в школе педагогами применяются самые различные педагогические инновации. Однако в данной статье хочу остановиться на некоторых из них.

Технология проектного обучения. Метод проектов является одним из основных и эффективных в формировании речевых компетенций, умении использовать иностранный язык как инструмент межкультурного общения и взаимодействия.

Цель обучения иностранному языку – это коммуникативная деятельность учащихся, т.е. практическое владение иностранным языком. Задача учителя активизировать деятельность каждого ученика, вовлечь в процесс обучения и создать условия для его творчества. Использование метода проектов помогает разнообразить учебный процесс, предоставляет возможность для расширения образовательных рамок, повышает интерес к языку. Выступая в роли авторов проектов, обучающиеся повышают свой творческий потенциал, несомненно расширяют кругозор, при этом формируются навыки самостоятельной работы, проявляется инициативность, ученик самоутверждается.

Метод проектов неплохо вписывается в учебный процесс, не затрагивает содержание обучения, в то же время позволяет развивать одновременно все четыре вида деятельности: слушание, говорение, чтение и письмо.

Проектная работа является одной из форм организации познавательной деятельности учащихся, в которой они занимают активную позицию. При подборе темы проекта учитель и ученик ориентируются на интересы и потребности учащихся, их возможности, личную заинтересованность или социальную значимость выбранной темы. Работа может быть представлена в разных формах: статья, брошюра, альбом, рекомендации, страница в социальных сетях и многие другие. Формы презентации проекта также разнообразны: доклад, конференция, конкурс и т.д. Главным результатом работы над проектом будут обобщение и актуализация имеющихся и приобретенных знаний, навыков и умений, их творческое применение в новых условиях.

Проект осуществляется по определенной схеме:

1. Подготовка к проекту.
2. Организация участников проекта.
3. Выполнение проекта.
4. Презентация проекта.
5. Оценка проекта.

Применение проектной методики на уроках английского языка даже в рамках школьной программы показывает: обучающиеся

- достигают хороших результатов в формировании языковых компетенций,
- применяют навыки, полученные на уроках ИКТ,
- понимают необходимость межпредметных связей.

Основными преимуществами являются:

- повышение мотивации учащихся при изучении английского языка;
- простор для творчества и созидательства;
- формирование чувства ответственности;
- сотрудничество между учителем и обучающимся.

Технология перспективно-опережающего обучения. Технология перспективно-опережающего обучения связана с именем учителя начальных классов С.Н. Лысенковой, которая открыла замечательный феномен: чтобы уменьшить объективную трудность некоторых вопросов программы, надо опережать их введение в учебный процесс. По мнению С.Н. Лысенковой, трудную тему надо начинать не в заданные часы, а намного раньше. “Усвоение материала происходит в три этапа:

- предварительное введение первых (малых) порций будущих знаний,
- уточнение новых понятий, их обобщение, применение и
- развитие беглости мыслительных приемов и учебных действий”.[1]

Опережающее введение учебного материала обеспечивает перевод знаний в долговременную память, что позволяет экономить время на объяснении нового материала и уделить больше внимания практическому закреплению. В обучении английскому языку это особенно актуально. Чем быстрее ученик освоит всю систему языка и практически закрепит эти знания, тем быстрее и эффективнее овладеет навыками чтения, письма и говорения. Такая



работа на перспективу позволит избежать ошибок, поскольку сложно подобрать материал, где все присутствующие орфограммы известны ученику. На уроках используется метод подачи теории в виде опорных схем (таблица, карточка, семантическая карта, рисунок), что даёт возможность ученикам увидеть новые лексические единицы или грамматические явления в полном объёме. Важно отметить, что данные схемы должны быть постоянно подключены к работе. В таком случае ученик быстрее осваивает тему, а учитель эффективно обучает. Трудную тему можно затрагивать заранее в какой-то связи с изучаемым в данный момент материалом. Последующая тема даётся на каждом уроке малыми дозами 5-7 минут. Тема раскрывается медленно, последовательно, происходит знакомство с новыми понятиями. В обсуждение нового материала вовлекаются сначала сильные, затем средние, и потом слабые ученики. Происходит уточнение понятий, грамматических основ, ученики ориентируются в схемах, выполняют самостоятельно задания. Каждый ученик получает посильный вопрос, дифференцированное задание согласно целям учебной программы. Именно благодаря личностно-ориентированному подходу, который является неотъемлемой составляющей данной методики обучение осуществляется эффективно. Учащиеся с развитым логическим мышлением успешно работают на основе алгоритма-формулы, схемы. А дети с наглядно-образным типом мышления опираются на иллюстрации, рисунки.

Мотивировать действия, способствовать формированию нешаблонного мышления, раскрывать способности ученика, используя достижения науки и техники, - основные задачи применения инновационных технологий в учебной деятельности, где ученик не теряет веру в свои возможности, справляется с поставленной задачей, работает с увлечением и помогает другу.

## ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Картавцева Елена Олеговна. Технология С.Н.Лысенковой: перспективно-опережающее обучение с использованием опорных схем. <http://aneks.spb.ru/obrazovatelnye-tehnologii/tehnologiya-s-n-lysenkovoi-perspektivno-operezhaiushchee-obucheniye-s-ispolzovaniem-opornykh-skhem.html>

*А.С. Мустафина*

*Қарағанды облысы, Осакаров ауданы  
«№ 2 жалпы білім беру мектебі» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
педагогика ғылымдарының магистрі*

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕНУДІҢ БАСТЫ УӘЖДЕМЕСІ

Мақалада өзге ұлттар өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренудегі уәждемесі тілді үйренудегі басты аспекті ретінде қарастырылады.

В статье рассматривается мотивация представителей других национальностей в изучении государственного языка как ключевой аспект в изучении языка.

The article considers the motivation of representatives of other nationalities in the study of the state language as a key aspect in the study of the language.

Қазақ тілі – елдігімізді айқындайтын және сақтайтын қатынас құралы. Мемлекеттік тіл-халқымыздың идеологиясын рухани және мәдени бірлігін сақтайтын негіздердің бірі. Сарапшылар қалай бағаласа да кейінгі он жыл ішінде мемлекет және қоғам болып қазақ тілін түлетуде талай істер атқарылды. Алайда өміріміздің барлық саласындағы мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылмауы алаңдатпай қоймайды. Себебі мемлекеттік тілді меңгеру

Қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылады. Уақыт өте келе қазақ тілі Қазақстанда ұлтаралық қатынас тіліне айналуға тиіс. Қазақ тілі қазіргі уақытта дәстүрлі қазақ тілді оңтүстік және батыс облыстарда, ал орыс тілі бұрынғыдай солтүстік және орталық аймақтарда үстемдік етуде. Сонымен қатар соңғы кездерде заң шағару, мемлекеттік басқару, білім беру, ғылым, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінің белсенді қолданысын көруге болады. Қазақ тілін меңгермей азаматтар Қазақстандық қоғамның мүшесі ретінде сезіну қиын екенін түсінді. Мектептерде қазақ тілінен сабақ беретін мұғалім болып, өзге ұлттардың өкілдері жұмыс істей бастады. Психология ғылымының заңдылықтарына сүйену тілдерді оқытуды жетілдіру үшін маңызы зор, ол пәнді оқытудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін айқындап береді. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде оқытылатындықтан, оның ана тіл ретінде оқыту ерекшеліктерінен ажырата білудің маңызы зор. Екінші тіл мен ана тілін оқыту – бір мазмұндағы үдеріс емес, олардың арасында айырмашылық бар. Осымен байланысты көрнекті психолог Л.Г.Выготский пайымдамасын келтірген орынды: «Ребенок усваивает родной язык неосознано, ненамеренно, а иностранный начинает с осознания и намеренности. Поэтому можно сказать, что развитие родного языка идет снизу вверх, а в то время как развитие иностранного языка сверху вниз»[2]. Бұдан екінші тілде сөйлеу тетігінің негізі психологиялық заңдылықтарды ескеруге баса мән беру керектігінің маңыздылығына көз жеткізуге болады.

Қазақ тілі пәнін оқытуда жағымды уәж тудыратын факторлардың бастысы – оқыту үдерісін қатысымға, екі жақты сөйлеуге (диалог) құру, яғни оқытуы интеракция жүйесіне құру, сондықтан оқу құралдарының мазмұны оқушының шығармашылық, коммуникативтік қабілетін, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің жоғарғы сынып оқушыларына қазақ тілі пәнін меңгертуде оқу танымдық жағымды уәжді қалыптастырудың алғышарты тілді қатынас құралы ретінде қолдана білуге үйренуге сенімділігін, ынта жігерін, қызығушылығын тудыру. Бұл өз кезегінде оқу мазмұнының оқушының танымдық – шығармашылық белсенділігін арттыруға, оқытуда технологияландыруға нәтижелендіруге, өзін-өзі дамытуға бағытталуы тиіс.[5]

Екінші тілді үйренуде сөйлеу әрекетін орындау үшін оған итермелейтін түрткі уәж қажет. Психологияда мектептің жоғары сатысында оқитын 15-18 жасар оқушылар балаң жас дәуірін бастан кешеді. Бұл жаста олардың қоғамдағы белсенділігі артып, сана-сезімі өседі, ақыл-ойлары толысады, жедел даму үстінде болады, дүниетаным, көзқарастарының мазмұны жаңарып, терендейді, талғампаздық, көп білуге ұмтылушылық, өмірден өз орнын табуға қызығушылық басым болады. Осы кезеңде қазақ тілін үйренудің маңызды психологиялық элементі – білім алу уәжін түсінудің маңызы зор. Осы тұрғыдан келгенде, уәж субъективті (баға үшін оқу) және объективтілік сипат алады (өмірде қолдану, адамдармен қарым-қатынас жасау, таным көкжиегін кеңейту, халықтың мәдениетін, әдебиетін, салтын білуге ынталылық, т.б.) [5]

Уәждеме - ( мотивация ) латынша «modeo-двигаю», яғни оқушыларды әрекетке итермелейтін күш. «Адамды әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талаптандыратын бір түрткі болады. Бұл түрткіні психологияда мотив (себеп) деп атайды»[3]. И.П.Подласый уәждерді «сыртқы» және «ішкі» деп бөле отырып, оқыту үдерісінде ішкі жағымды уәждің маңыздылығына баса мән береді [4]. Ішкі уәж- оқушының пәнге қызығушылығы, оны игеруге ықыласының артуы, білуге ұмтылуы. Жағымды уәж тудыру- оқу әрекетінің маңызды құрылымдық бөлігі, сондықтан оны тұрақты ету маңызды нәрсе. Уәж қызығушылықпен байланысты. «Қызығу – шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып-білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшелігінің бір көрінісі»[3].

Оқу әрекетінде қызығушылықтың маңызы зор, себебі ол оқушының пән мазмұнын тиімді игеруіне көмектеседі, яғни оқу уәждемелерінің бірте-бірте өрістеп дамуына сәйкес

қызығу да тұрақты бола бастайды. Л.С.Высотский осы турасында қызығушылықтың мәнін былай пайымдайды: «Педагогический закон гласит: прежде чем ты хочешь призвать ребенка к какой-либо деятельности, заинтересуй его ею, позаботься о том, чтобы обнаружить, что он готов к этой деятельности» [2].

Оқу танымдық уәждеме оқу әрекетінің құрамдас бөлігі, сондықтан білім беруде жағымды уәждеме қалыптастыру, пәнге қызығушылық тудыру мұғалімнің әдіскерлік шеберлігіне де байланысты.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептегі Қазақ тілі пәнінің мақсаты –оқушылардың күнделікті қарым-қатынаста тілдік құралдарды дұрыс қолдануға, соның негізінде қазақша сөйлеуге, тындап-түсінуге, сауатты жазуға үйрету. Аталған пән бойынша оқу әрекетін қалыптастыруға итермелейтін уәждеме, ең алдымен танымдық қажеттілік, қызығушылықтың туындауы. Тілді өмір шындығына сәйкес әртүрлі жағдаяттарда қатысымдық ( коммуникативтік ) тұрғыда қолдана білу дағдыларын қалыптастыру – уәждің танымдық қажеттілікті қанағаттандыруы болып табылады, яғни «қажеттілік мотив тудырудың ең басты алғышарты болып саналады» [3].

Танымдық қажеттілік неден туындайды? Ол қазақ тілін жалаң теориялық басымдықпен оқыту емес, қатысымдық ұқұралы ретінде, ұлттық мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін, тарихын т.б. игілік, құндылықтарын оқу арқылы меңгереді. Сонда ғана «білім оқушының танымдық қажетіне айналғанда ғана мотив бола бастайды» [3]."

Тілдің шындық өмірдегі табиғи қызметін түсінуге мүмкіндік беретін білім мазмұнын іріктеу де оқу уәждемесінің қалыптасуына негіз болады. Тілді меңгертудің уәждемелік негізін қалыптастыруда шынайы өмірдегі тілдің табиғи қызметін игертудің, ауызекі тілде сөйлеу этикетінің түрлерін, қолданылуы жиі сөздер мен сөз тіркестерін, тұрақты тіркестерді меңгертудің маңызы зор.

Қазіргі уақытта мемлекеттік тілді оқыту адамдарда «жаңа тілдік жағдайда» бейімдеу ретінде болып отыр. Көп жағдайда мемлекеттік тілдің қызметі орыс тілінен аудармаға келтірілген. Бұл кезең өтіп, түпнұсқалар қазақ тілінде дайындалуы қажет. Осы күнге дейін оқытудың уәждемесін жетілдіру әдістемесі қолданылмаған еді. Егер адам өзінің қызметі бойынша жоғарлауын мемлекеттік тілді меңгеруімен байланыстырса тілді үйренуде нәтижеге жетер едік. Бұл әдіс кеңес дәуірінде орыс тілін үйренудің басты уәждемесі болған. Мемлекеттік тілдің дәрежесін тілді меңгеруді Қазақстандық патриотизмнің өмірлік қажеттілігіне айналдыру деңгейіне көтеруіміз керек.

Кеңес дәуірінің тәжірибесінен білетініміздей орыс тілін үйренудегі «мәжбүрлеуші уәждемеден басқа, осы кезеңдегі өзге ұлттардың ешбір оқулықтардың, оқытушылардың көмегісіз қазақ тілін еркін меңгеру деректері көптеп кездескен. Қазақ тілінде еркін сөйлей алатындар негізінен қазақтармен қоян-қолтық араласып келген ұлттардың өкілдері арасынан кездеседі. Бұл жағдай қазақ халқына, оның рухани байлығына және мәдениетіне «тәнті болу» уәждемесі бар екенін дәлелдейтіндей. Ұлтаралық келісімді және толеранттылықты сақтауға ұмтылған еліміздің мемлекеттік тілді үйретудегі басты уәждеме осы болмақ. Осындағы уәждемеге негізделген үйренудің нәтижесі ғана баянды болады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1.« Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». жайындағы Елбасы Жарлығы.

2.Выготский Л.С. Мышление и речь. Сборн.соч. в 6 томах. 2-том, М., 1982. И.А. Зимняя, Б.А. Артемов, Б.Б. Беляева, А.А. Леонтьев, К. Оразбекова, Е. Суфиева т.б.

3.Байтұрсынов А., Тіл тағылымы. Ана тілі, 1992

4.Шәкілікова С., Қазақбаева Д., т.б. Білім берудегі компетенттік тәсілі. //Қазақстан мектебі// 2004.№5

5.Абуханова Р.Н «Өзге тілді меңгеруде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздері» Алматы 2009.

*Р.С. Мустафина қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
№101 мектеп-лицейі КММ Қарағанды қ.*

## **«ЫБЫРАЙ ТАҒЫЛЫМЫНДАҒЫ МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ БЕЙНЕСІ»**

Бүгінгі жаһандану заманында қазақ қоғамының даму үрдісі ұлттық код пен мәдени, рухани құндылықтардың негізінде жүзеге асатыны белгілі. Тілі мен ділінен, салт-дәстүрінен тамыры ажырамаған қоғам ғана ақпараттар заманындағы кері кетушіліктен (деградациядан) сақтанып, ілгерілеуге (градацияға) ұмтылып, дұрыс талғам мен таным қалыптастырып ұрпақтар сабақтастығын жалғай алады. Ұлттың сапасы - ұлттың психологиялық ерекшеліктері, ділі, салт-дәстүрі ескере отырып өсуінде ғана көрінетіні сөзсіз. Бүгінде халықтық педагогиканың білім беру жүйесіндегі сан-түрлі әдіс-амалдары – өскелең ұрпақтың білім нәрімен сусындауына арқау болатын құнды шикізат. Ы.Алтынсариннің фольклорды негіз деп таныған ағартушылық идеялары бүгінгі таңда бұрынғыдан да өзектірек. Неге десеңіз, бүгінгі оқушының санасына жан-жақтан келетін ақпарат ағынын тұтас қадағалау мүмкін емес. Сондықтан мектеп өзінің сапалы білім мен тәрбие беру тұрғысындағы міндеттерін уысынан шығарып алмауы үшін Ы.Алтынсариннің гуманистік идеялары негіз болған әдістемелерге жүгінері хақ.

К.Жұмағұлов "Ыбырай Алтынсарин" атты монографиясында педагог-ағартушының келесі дидактикалық проблемалары сипатталған: балаларға пайдалы білім беру, қазақ балаларын өз халқына пайдалы болатындай және егіншілік, өнеркәсіп жетістіктеріне баулу үшін оқытуға деген ұмтылысы; патшалықта зайырлы білім берудің мәні, мақсаты мен пайдасы; бірінші әйелдер Мектебінің ашылуы. Қазақ халқының өзі білім алу үшін құнарлы негіз болып табылады", – деп есептеді Ы.Алтынсарин [1, 14 б].

Оқу - білім алудың негізгі құралы болғандықтан, баланың оқуға деген қызығушылығын арттыру мектеп пен ата-ананың тікелей міндеті. Мәнді, мағыналы көркем әдебиет, ізденіс, дауыстап оқу осының бәрі- эмоционалдық интеллектінің дамуына, ойды жүйелі, тиянақты жеткізе алу қасиеттерінің қалптасуына тікелей әсер етеді. Сондай-ақ кітап оқу - кез-келген жағдаятқа жеке көзқарас білдіре алуға көмектеседі. Ы.Алтынсарин балалардың оқып-үйренуіне көңіл күй әсерінің де маңызы зор екенін айта келе, оқытушы оқушының ізденісіне қолайлы жағдай жасау керек екендігі ескертілген. Ы.Алтынсариннің практикасындағы осы қағидалар оның адамгершілігі зор ұстаз екенін дәлелдей түседі. Мектеп табалдырығын аттаған бала өзін шектеулі, тығырықта сезінбеуі керек. Сонда ғана оның жаңа нәрсені үйренуге деген ынтасы оянып, мұғалімге деген құрметі оянады. [2, 511 б].

Ы.Алтынсарин әр мектеп жанында кітапхананың болуына аса мән берген.[3, 200 б]. 1879 жылы Қазақстанның мектеп кітапханаларының қорына Ыбырай Алтынсариннің қазақ тіліндегі алғашқы кітабы "Қазақ хрестоматиясы" келгенде ол оқу құралы ғана емес, жаппай оқуға арналған кітап та болды. Ол екі мың данадан басылған қазақ тіліндегі алғашқы әдеби хрестоматиясы болды. Ағартушы, біріншіден, кітапты мектеп жасындағы балаларға ғана емес, ересек оқырмандарға да қолайлы ету қажеттілігін ескерді; екіншіден,

үлкен қалалардың өмірімен де, орыс және Батыс Еуропа өмірінің бірқатар ерекшеліктерімен де таныс емес қазақ оқырмандарына түсінікті және қолжетімді болатын осындай материалдарды кітап үшін таңдап алу. Фольклорлық туындылардың аз ғана бөлігін қоспағанда, мұндай дайын материалдар Қазақстанда ол кезде болған емес. Ы.Алтынсариннің кітапханалар ашу мен жабдықтау жөнінде көптеген рапорттары сақталған. Мәселен, Орынбор қазақ мұғалімдер мектебінің кітапханасында мұғалімдер мен студенттерге арналған бөлек кітап қорында 770 оқулық пен 2189 көркем әдебиет, жалпы саны 4461 кітап болған. Педагог өзінің оқытушылық қызметінде педагогикалық журналдар мен ғылыми мақалаларды үзбей оқып отырған. Оның жеке кітапханасында орыс классиктерінің том-том шығармалары, педагогикалық еңбектер, шетелдік авторлар туындыларының аудармасы сақталған. К.Д. Ушинскийдің "Детский мир" кітабының бір данасын алып, мазмұнына тәнті болған ол қазақ балаларына да ана тілінде кітап беру туралы ойын жүзеге асырған.

Прогресшіл сипаттағы Ы.Алтынсариннің педагогикалық системасы халық ағарту саласында аса зор, пайдалы рөл атқарды, оның көптеген қағидалары осы күнге дейін өзінің мән-жайын жоғалтқан жоқ. Оның ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық система болып табылады. Онда адал көңілден шыққан сын да, жаңашыл бастаманы қолдау да, өзіндік ой – пікірді айта білу де бар. [4,102 б].

Алтынсарин негізін салған ағартушылық тағылымды XX ғасырдың басында ұлт тағдыры үшін аянбай қызмет еткен Алаш зиялылары жаңа заман талабына орай жүзеге асыруға ұмтылды. [5,102 б]. Бүгінгі таңда да, Ыбырай тағылымын заманға сай насихаттап, әдістемелерде қолдану - біздің де педагог ретіндегі борышымыздың бірі. Осыған орай, оқушылардың электронды гаджеттер арқылы алатын еркін және бейберекет ақпарат мәселесін атап өтпеске болмас. Көркем әдебиет пен кітаптың орнын толтырмақ түгілі теңесе де алмайтын ақпараттар легі ата-ананың, мұғалімдердің жауапкершілігі мен мұқияттылығына бұрыннан бетер жүк болып отыр. Кітаптағы салмақты, терең, сауатты материалды іздеп түсіну, зерделеу, оны қорыту, нәтижесін шығару ғана білімнің сипаты бола алады. «Сөз түзелмей, ел түзелмейді» дейміз. Бүгінде қазақ тілді оқушылардың сөйлеу мәнерінде орфоэпиялық, стильдік қателерінің көп көздесуі, тұрақты сөз тіркестерінің қолданыс аясының тарылып бара жатқандығы алаңдарлық жағдай. Ы.Алтынсариннің ұстаз ретінде ұстанған мұқияттылық, сабырлылық, оқушыға қамқорлық, мейірімділік пен сыйластық сынды қағидаларының қалпын бұзбай, мектеп жанындағы кітапханалардың қызмет көрсету үлгісін берерсіз, еркін қарым-қатынас түріне өзгертуді ұсынамын. Бірқатар жетекші елдерде сәтті жүзеге асқан бұл форматты біздің №101 мектеп-лицейінің кітапханасында да жүзеге асырып, оқырман оқушылардың ізденісіне қолайлы жағдай жасай алған.

№101 мектеп-лицейінің кітапханасы Ыбырай Алтынсариннің атындағы медиа орталығының кітапханасы ретінде қабылданып, жабдықталды. Медиа орталықта шығармалар оқушыларға қолжетімді болу үшін Ы.Алтынсарин туындылары бар кітаптар кітап дүкендерінен сатып алынып, «Даланың алып қонырауы» атты көрме ұйымдастырылды.



(1 сурет)



(2 сурет)

Осы сәттен бастап мектеп ішінде осы бағытта белсенді жұмыс жүргізілді. Бастауыш сынып оқушылары қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушысы Ыбырай Алтынсарин шығармасы бойынша иллюстрациялық кітаптар мен кітап трейлерлерін жасады. Сынып жетекшілері, гуманитарлық пән мұғалімдері бірқатар тәрбиелік шаралар өткізді. Мектеп кітапханашысы оның әңгімелерінің буккроссинг иллюстрациялық нұсқасын дайындап, бұрышқа орналастырды. Мектеп сайтында, әлеуметтік желілерде, инстаграмда, фейсбукте жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат уақытылы жарияланады. Мектеп сайтына «Ыбырай Алтынсарин» деп аталатын жаңа ақпарат таратушы сілтеме қосылды.



(3 сурет)

Бұл оқушылардың еркін ізденуіне, бір-бірімен, ұстаздармен пікір алмасуына, топтық жұмыстар жасауына аса қолайлы. Қазақ тілі мен тарихын, тәрбие негізін насихаттайтын бұрыштар ұйымдастырылып, республикалық мерзімді басылымдар қолжетімді бола түседі. Ы.Алтынсарин халықтың салт – санасымен, әдеп-ғұрпымен біте қайнасып өмір сүрді. Халықтар арасындағы достықтың жаршысы болып, ұлттық құндылықтарды төл туындыларында да насихаттады. Ұлт мұрасына айналған туындылар оқушыға қолжетімді болса, үнемі көз алдында тұрып, тақырыптық, мерекелік күндерге сай науқандар мен іс-шаралар ұйымдастырылса, кітапхананың функцияналдық қызметтерінің өнімділігі білім сапасына айрықша әсер етер еді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Джумагулов, К.Т. Ибрай Алтынсарин и развитие культуры казахского народа [Текст]/К.Т. Джумагулов. - Алма-Ата. - 1984. - 204 с.
2. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). — В пяти томах. — Том 3. — Алматы: Атамұра, 2000. — 768 с.
3. Казахстан. Национальная энциклопедия в 5 томах Т.1.  
Ы. Алтынсарин [Текст]/Алматы, 2004. - 560с.

4.Ә.Сыдықов Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі // – Алматы. Мектеп, 1969. –102 б

5.А.Әбсадық Ы.Алтынсариннің ағартушылық өнегесі және

*Л.К.Мухаметжанова*  
*информатика мұғалімі*  
*«Зияткер»ММИ»КММ, Балқаш қ.*

## **ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АКТ-НЫҢ РӨЛІ**

Білім беру жүйесінде жаһандану дәуірінің басталуымен көптеген мемлекеттер үздіксіз жандану және қайта қалыптасу жолында дамып келе жатыр. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде әртүрлі өзгерістер енгізілуде, олардың түпкі мақсаты еліміздегі білім саласының алдыңғы қатарлы мемлекеттердің деңгейінде болуы саналады.

Еліміздің Президенті Қазақстанды бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосуда алдыға мақсаттар мен міндеттер қойды. Бұл міндеттердің тікелей орындалуы ол білім беру жүйесінің жаңашалануы және жетілдірілуі болып табылады. Білім беру жүйесін жетілдіру бұл мақсатқа жетуде маңызды рөл атқарады. [1]

Соңғы жылдары Республиканың білім және ғылым саласында Қазақстанда да елеулі өзгерістер болды. 2011-2020 жж. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың жаңа ұзақмерзімді Мемлекеттік бағдарламасы, «Білім беру туралы» ҚР Заңының жаңа баспасы қабылданды, отандық ғылымды дамытуға кең мүмкіндіктер беретін және оның нәтижелерінің орындалысын бақылайтын «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы бекітілді. [2]

Жаңашыл технологиялар дегеніміз не?

Жаңалықтар немесе инновациялар кез келген кәсіби іс -әрекетке тән, сондықтан табиғи түрде зерттеу, талдау және іске асыру объектісіне айналады. Жаңашылдықтар өздігінен пайда болмайды, олар жеке мұғалімдер мен тұтас ұжымдардың ғылыми ізденістерінің, озық педагогикалық тәжірибелерінің нәтижесі. Бұл процесс өздігінен жүруі мүмкін емес, оны басқару қажет.

«**Инновация**» термині латын тілінен аударғанда «жаңарту, жаңарту немесе өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл ұғым алғаш рет XIX ғасырда зерттеулерде пайда болған және ол бір мәдениеттің кейбір элементтерінің екінші мәдениетке енгізуді білдірді. XX ғасырдың басында жаңа білім саласы пайда болды, жаңашыл - инновациялар туралы ғылым, оның шеңберінде материалдық өндіріс саласындағы техникалық жаңалықтардың заңдылықтары зерттеле бастады. Батыста педагогикалық инновациялық процестер 50 -ші жылдардан бастап, біздің елде шамамен (XX ғасырдың 80 -ші жылдарынан бастап) және соңғы жиырма жылда арнайы зерттеу нысанына айналды.

Мен информатика пәнінің мұғалімі болғандықтан төменде көрсетілген технологиялардың ішіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жиі қолданамын. Инновациялық білім беруде АКТ-ның кең ауқымды қолданылуы ол мұғалімінің жан-жақты үздіксіз дамуына, оқушының сапалы білім алуына пайдасын келтіреді. [3]

**АКТ дегеніміз** - бұл ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату оны пайдаланушылардың мүддесі үшін пайдалану мақсатында біріктірілген әдістердің, өндірістік процестердің, бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы.


АКТ-ның ресурстарына мыналар жатады:

- Компьютер және құрылғылары
- Мультимедиялық құрылғылар (интерактивті тақта, проектор, микрофон және т.б.)



- Интернет желісі
- Бағдарламалар (ОЖ, мәтіндік және графикалық, 3Д модельдеу, бейне бағдарламалар)
- Сервистік бағдарламалар және платформалар

Педагогикалық үдеріске қатысты жаңашылдық дегеніміз - оқыту мен тәрбиенің мақсаттарына, мазмұнына, әдістері мен формаларына жаңа ұғымды енгізу, мұғалім мен оқушының бірлескен іс -әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Келесі кестеде жаңашыл педагогикалық технологиялардың түрлері көрсетілген:





Қазіргі таңда білім беру жүйесіне жаңашыл технологиялардың көптеп енгізілуі 2020 жылдағы Әлем бойынша пандемия жарияланғаннан басталды. Барлық мемлекеттер қашықтықтан оқыту, жұмыс істеу жүйесіне ауыстырылды. Осының салдарынан біздің мемлекетте де көп өзгерістер болды. Әсіресе, білім саласындағы өзгерістер көп қиындықтар туғызды. Білім жүйесі қашықтықтан оқытуға кетті. Көпшілікте компьютерлік техниканың тапшылығы, мобильді құрылығылардың, ауылдық жерлерде интернет желісінің жоқтығы біраз қиындықтарға әкелді. Біртіндеп бұл қиындықтардың шешілу жолдары табылды.

Еліміздің бірқатар ғылыми-оқу орталықтарымен қысқа уақыт ішінде бірнеше интернет-платформалар, цифрлық ресурстар дайындалды. ZOOM платформасында қашықтықтан сабақтар жүргізілді, оқушыларға үй жұмыстарын беру және тапсыру үшін Google Classroom сервисі қолданылды.

Ұстаздар пәндер бойынша виртуалды бейнесабақтар дайындады. Бейнесабақтарды дайындауда ұстаздармен көптеген бағдарламалар, мысалы Bandicam, Screencast, Camtasia, Movavi video editor, Inshot, MS Power Point 2016 ж. бастапқы версиясы меңгерілді. Ел-арна, Балапан каналдарынан онлайн 10-15 минуттық сабақтар жүргізілді. [4]







Қорытындылап айтатын болсақ, қазіргі қоғам өте қарқынды, жылдам дамып келе жатыр. Сондықтан ұстаздар қауымы білім алып жатқан жас ұрпаққа, сапалы да саналы түрде жаңа форматта білім беріп, заман талабына сай ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жақсы меңгеруіміз қажет.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы 2011-2020 жж. Астана, 2008.
2. Білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2019
3. Инновации в образовании: сб. науч. тр. - М. : АПК и ПРО, 2001.

*М.К.Муханова*  
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,*  
*№8 гимназиясы»КММ, Жезқазған қ.*

### БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Білім үдерісінің нәтижелі болуы мұғалімдердің оқушы өздігінен меңгеріп, таныта білген білім дағдылары мен амал, көзқарастарын зейін қойып, зерделей білген білім модельдері аясында ғана жүзеге асырылады.[1,б.33].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Барлық жаңғырту үрдісіндегі табыстың негізгі факторларының бірі – ұлттық білім беру жүйесін жаңарту болып табылады», - деп атап көрсеткеніндей, қазіргі кезеңде білім беру үдерісі жаңару үстінде. Сондықтан заманауи озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңаша оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Бүгінгі таңда нәтижеге бағдарланған білім берудің негізі оқушының жеке-дара тұлғалық, дарындылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Білім беру саласына жаңа көзқарас, жаңаша талап цифрлық сауаттылықтан да айналып өтпей отыр.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесінде-уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды тиімді қолдану маңызды болып саналады. [1,б.61]

АКТ әдістерінің бірі-жобалау әдісі. Бұл әдістің негізі оқушылардың ақпараттық кеңістікте шатаспай, танымдық дағдысын дамыту арқылы өзіндік білім алудың жолдарын қарастыру, сыни ойлауды дамыту. Бұл әдіс оқушыларға жеке тапсырма беруде ғана өз тиімділігін көрсетеді.

Негізгі сипаттамалық белгілері:

- Тақырыптың зертеушілік, шығармашылық негізіндегі шешім қабылдауға бағытталуы;
- Нәтиженің тәжірибелік, теориялық, танымдық маңыздылығының жоғарылығы;
- Оқушылардың жеке қызметі;

- Жобамен жұмыс жасау барысындағы базалық және ғылым салаларының басқа түрлерімен сабақтастығы. [2].

Ұстаз қызметі өте күрделі және көп салалы. Қазіргі таңда оқыту мен тәрбиелеу үрдісін заман талабына сай ұйымдастыру ең келелі мәселе болып отыр. Ендеше жаңа формация мұғалімі алдына біліктілікті арттырудың жаңа мазмұнын, білімдегі жаңа мақсаттар мен құндылығына сәйкес келетін жаңы педагогикалық технологиясын жасап, тәжірибеден өткізу міндеттерін тездетуді алға қояды.

Осы тұрғыда оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері және сын тұрғысынан ойлау стратегиялары пайдаланылып, бөлімнің соңғы сабақтарында, жинақтау сатысында алған білімдері бойынша оқушының өзіндік зерттеушілік-жобалау жұмыстарын қорғау тапсырылады. Ол АКТ-ны пайдалана отырып, бағдарлап-жобалап оқыту бойынша жүзеге асады. Бұл жоба халықаралық Майкрософт жаңашыл мектебінің (VST проект)-сынып бөлмесіне виртуальды саяхат деп аталады. Жобаны іске асыру алгоритмі:

1.Оқушыларды топқа бөлу, зерттеу тақырыбын беру;

2.Берілген тапсырмалар бойынша қысқаша мәлімет;

3.Тақырыпты ашу үшін креативтік жұмыстарды таңдауға бағыт-бағдар беру. Жобалай-бағыттай оқыту оқушының оқуға деген ішкі қызығушылығын арттыра отыра, олардың өз жұмыстарын бағалай алу үшін берілген тапсырмаларды орындай алу қажеттіліктері мен қажеттіліктерінің зор рөл атқара алуымен маңызды. Оқушылардың жобалау жұмыстары бір пән көлемінде ғана емес, басқа пәндермен байланыста қарастырылады. Жобаны іске асырудағы оқушы іс-әрекеті:1.Мұғалім дәрісін тыңдайды, тірек сөздерді жазып алады, таратпа материалдармен танысады;

2.Ақпарат іздеу, оны талдау, экспозиция жасау үшін материалды жіктейді, іріктейді;

3.Экспозицияны Power Point бағдарламасы арқылы безендіріледі. Экспозиция бойынша экскурсия жасау (әр түрлі қызық фактілер мен суреттер арқылы).[3.6.13,14]


Оқушылар жоба жұмыстарын VST шаблондардағы талаптарға сәйкес орындайды.




1-шаблон-жобаға қысқаша шолу мен топ туралы жалпы мәліметтен тұрады.



2-шаблон- жоспарлау мен басқару. Берілген тапсырмалар мен жұмыстардың жоспары көрсетілген.



3-шаблонда жыраулар поэзиясы бойынша «Жыраулар сөзі-тарих



*шежіресі» тақырыбында тезис-конспекті берілген, «Жыраулар үні» атты газет шығарылған.*

*4-шаблонда тақырып бойынша сөзжұмбақ құрастырылып, тест жұмысының үлгісі берілген, бағалау критерийлері қарастырылған.*

Жобаны іске асыруда оқушылар топқа бөлініп, бірлесе жұмыс істейді, топтың атын, соған сәйкес логотиптерін таңдап, оған түсініктеме жазады. Мысалы, «5жұлдыз» тобы логотиптерін «Топ мүшелері бейнеленген жұлдызшалардың қызыл түсті болуы-табысқа жету мен биіктен көрінуге деген ұмтылыс. Суреттердің жұлдыз түрінде бейнеленуі тобымыздың мақсатына сай келеді» деп түсіндіреді. Оларға берілген тапсырма-ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жыраулар поэзиясы бойынша компьютерлік модель құрастыру. Компьютерлік бағдарламаларды қолданып сынып бөлмесіне виртуальды саяхаттың үлгісін жасап, басқа пәндермен байланыстыра отырып, жыраулар поэзиясы бойынша MS Word бағдарламасында тезис-жоспар құрастырды. Жыраулар поэзиясына тарих тұрғысынан шолуды MS Power Point бағдарламасымен тұсаукесер арқылы көрсетті, жыраулар поэзиясы тақырыбында сөзжұмбақты құрастыруда MS Excel бағдарламасының мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, тест үлгісін жасауда да автоматтандырылған жүйе ескерілген.

*5-шаблонда мектептің жалпы суреті*




*мен әрекет үстіндегі оқушылардың топпен жұмыс істеу сәті көрсетілген.*

MS Publisher форматында орындалған толғаныстарын «Бөлісіп жазу» стратегиясы арқылы жүзеге асырды. Олардың шығармашылық «өнім» ойлап табуы, яғни «Таза мінсіз асыл сөз» тақырыбында газет шығаруы жаңа тақырыпты зерттеуі, талдауы негізінде жүзеге асты. Өздерінің жоба барысындағы іс-әрекеттерін фильм арқылы бейнелеуде Movie Maker бағдарламасын пайдаланған.

*Топтардың бірін-бірі бағалау (1-5 ұпай) критерийлері*

Критерийлер Топтар	Тақырыптың өзектілігі н негіздеуі	Ғылыми лығы	АКТ-ны қолдануы	Сауаттылығы	Өмірі мен байланысы
«5 жұлдыз »	4	3	5	5	4



Қорыта келгенде, оқыту процесінде оқушы белсенділігін арттыратын мүмкіндіктер жасалса, білім сапасының артатыны даусыз. Оқушының сенімділігін, шығармашылығын арттыру, шығармашылығын дамыту мақсатында мұғалімнің әр сабағы әр түрлі, жан-жақты болуы қажет.

Бәсекеге қабілетті тұлға құзырылығын қалыптастыруда түйінді құзыреттіліктерді жүзуге асыруды оқушының жеке даралық ерекшеліктеріне айрықша мән бере отырып, білімді баланың еркін игеруін жүзеге асыру мұғалімдерден тиімді әдіс-тәсілдері жетілдіре отырып, тың әдістемелік негіздерді қалыптастыруды қажет етеді. Бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлға тәрбиелеу ізденіске толы шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде ғана мүмкін екендігі белгілі

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. III деңгей. [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz). Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы.
2. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. // Қазақстан мектебі, №4, 2006.
3. Планирование и управление проектами с использованием ИКТ. Методическое пособие, Алматы, 2007.

*Г.Т.Назарымбетова информатика  
және математика пәнінің мұғалімі  
К.Ж.Жандаулетова бастауыш сынып мұғалімі  
№1 ЖББМ, Жезқазған қ.*

### ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ПЛАТФОРМАЛАР

Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесі қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалануда.

«Қашықтан білім алу» жүйесі әр оқушының өзіндік қажеттілігін ұғынуына, өзіне қажетті білімді іздене отырып үйренуіне мүмкіндік береді, оқушылардың заманауи білім негізі қаланады. Олардың жан-жақты білімділігі, әлемде болып жатқан өзгерістерден сырт қалмауы, ауқымды желіге қосылу, қажетті ақпараттарды іздеп табуға дағдылануы, ақпараттарды қажеттілігіне қарай қолдана алуы қалыптасады.

Қашықтықтан (онлайн) оқыту жағдайында оқушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, пәнге қалай тартуға болады? Пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін тиімді онлайн платформасын таңдау керек. Біз сабақта жиі қолданылатын платформаларға тоқталсақ:

1. Оқушылардан үй тапсырмасын тексеру үшін **OnlineTestPad** платформасын қолдану өте ыңғайлы. Online test Pad платформасының мүмкіндіктері: сауалнама, тесттер,



сөзжұмбақтар, диалогтар, комплексті тапсырмалар. Тест конструкторында – мұнда мұғалім оқушылармен кері байланыс жасау үшін тест тапсырмаларын жасауға және БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Online test Pad платформасында бір жауапты, көп жауапты, сәйкестендіру, қалып қойған сөзді

не әріпті таңдау, сөз жасау, әріптен сөз құрау сияқты тесттерді құрастыруға






қа тіркелу 2-сурет. Сұрақтарды е

болады. Оқушыға сілтеме жіберемін, оны оқушы орындап болғаннан кейін өз қателерін көруге болады, Оқушылардың жауабы мұғалімнің жеке кабинетіне келеді. Сайтта жұмыс жасау үшін, 1-ші тіркелеміз, сосын тест сұрақтарын құрастырамыз, Бұл платформаның оқушыларға қызығы - тесттің әртүрлі түрде құрастыруға болатындығы.

2. **Triventy** платформасы- мобильді құрылғыларда дұрыс жауабы бар онлайн тесттер құруға мүмкіндік беретін сервис. Сервис арқылы құрылған бір тестке бірнеше оқушы қатыса



алады. Веб сервис оқушының әр тақырып бойынша білімін бекітуге, тексеруге мүмкіндік береді. Тесттерді жүргізу барысында оқушылар арасында байқау ұйымдастыруға болады. Қорытындысында оқушылардың жинаған ұпайын берген жауабының дұрыс, бұрыстығын көрсетеді. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электронды пошта арқылы сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады. Бұл платформа Kahoot-қа өте ұқсас, айырмашылығы - Triventy платформасында сұрақтар оқушылардың мобильді құрылғыларында жеке көрсетіледі. Оқушылар осы веб сервиспен тест алғанда, өте қызығушылықпен, жылдамдықпен орындайды. Қай платформамен жұмыс жасасақ та, 1-ші сол сайтқа тіркелеміз, тіркелу өте оңай жүргізіледі.

3. Сабақта тапсырмаларды орындауды **Classroom Screen** – тақтасын пайдаланамын. тиімді түрде алмастыратын платформа.




Қосымшада тақтаның өңін және тақтаның функциялары на қол қойылатын тілді өзгертуге болады. Кәдімгі тақтадағыдай мұғалім мен оқушылар сурет сала алады, жаза алады. Classroom Screen кәдімгі тақтадан ерекшелігі, ол дыбысты реттеу функциясын қамтамасыз етеді: мұғалім өз оқушыларының көлемін көбейтіп, көлемін төмендете алады. Мұнда сіз

тапсырманы орындауға арналған таймер орнатып, жауап беретін оқушыны кездейсоқ түрде анықтап, жұмыс басталған кезде бағдаршаммен «белгі» бере аласыз. Арнайы функциялардың

қатарына Интернеттегі кез-келген парақтың QR кодтарын тез генерациялау қажет, ол оқытуға қажет. Экранның төменгі жағында сыныпта кез-келген уақытта қолдануға болатын құралдары бар белгішелер орналасқан. Мысалы, QR код, сурет, мәтін, бағдаршам, таймер, тақта және т.б. Негізі Classroom Screenshotтасын 3-7 сыныптарда қолданған өте тиімді.

4. **Padlet** – онлайн тақтасын құруға арналған тегін платформа. Padlet — бұл әр тыңдаушыға өз жұмысын тақтаға шығаруға, түсініктеме беруге және бағалауға мүмкіндік беретін қызмет. Белгілі бір тақырып бойынша материалдарды ортақ жинау үшін тақтаны



пайдалануға болады. Ол үшін осы тақтаға қолданылатын әр түрлі платформаның сілтемесін қойып, қолданғанда сілтемені бассаңыз, қажет платформаңыз ашылады. Padlet – онлайн тақтасында кері байланыс беру өте




ыңғайлы, әрі тиімді. Padlet – онлайн тақтасында оқушы жұмыс істеу үшін, оқушыға сілтеме бересіз. Оқушы сол сілтеме арқылы кіріп, тапсырманы орындап, кері байланыс жасай алады. Сілтемені басқанда онлайн тақта ашылады,

тақтаданың оң жағының төменгі жағындағы батырмасын басу арқылы, оқушы тапсырманы не кері байланыс бере алады.

Padlet – онлайн тақтасында кері байланыс беру өте ыңғайлы, әрі тиімді. Padlet – онлайн тақтасында оқушы жұмыс істеу үшін, оқушыға сілтеме бересіз. Оқушы сол сілтеме арқылы кіріп, тапсырманы орындап, кері байланыс жасай алады.

Мысалы, 6-сыныптың «Есептеу техникасының даму тарихы» тақырыбындағы сабақта «Padlet», «OnlineTestPad», «Classroom Screen» платформаларын қолдандық. Сабақта үй тапсырмасын сұрау үшін, оқушыларға <https://onlinetestpad.com/ho2mwxi5bugq6> сілтемесін беремін. Оқушы сілтеме арқылы сұрақтарға жауап беріп, өз қатесін де көре алады. Жауаптың нәтижесі мұғалімнің жеке парағына келеді, мұғалім сол арқылы оқушының тақырыпты қалай меңгергенін көре алады.

Практикалық тапсырманы <https://app.classroomscreen.com/wv1/8c1effa5-b139-4147-a9ea-a104cb13950c> сілтемесінде орындайды.



Ашылған сілтемеде тапсырманы (2-белгісі) кездейсоқ ат (1-белгі) құрылғысында сабаққа жауап беретін оқушының есімін таңдап, сол оқушы жауап береді. Оқушылар (3-белгі) таймер құрылғысы арқылы жылдам жауап берулері тиіс. Егерде басқа оқушылар кедергі келтіріп, дауыстары шықса, (4-белгі) дауыс деңгей құрылғысы дыбыс

береді. Жауап берген оқушыны (6-белгі) бағдаршам құрылғысы арқылы бағалаймыз. Жұмыс таңталары құрылғысы (5-белгі) арқылы оқушы орындаған тапсырманың жеке, топтық, жұптық екенін біле алады. Негізі сабақты бастарда <https://padlet.com/gulbagila/Bookmarks> - сілтемесінде бастаймыз, басқа платформаға осы тақтадан сілтеме арқылы қосылады. <https://padlet.com/gulbagila/Bookmarks>—сілтемесінде сәйкестендіру тапсырмасын орындап, сабаққа кері байланыс береді.



Өртүрлі платформаларды сабақта қолдану барысында күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, оқушының өздігінен оқып түйінді мәселелерді іріктеп алуы, өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы, еркін, өзіндік дәлел-уәждерін жеткізе білуі, оқуға деген қызығушылығының артуы, ынталы, сұрақ қойып, сұрақтарға жауап бере алуы, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын, ақпаратты қабылдап қолдануға, саралап, даралауға, жүйелеуге дағдылануы қамтамасыз ету.

Қашықтан оқыту – заман талабы. Оқытудың бұл жүйесі сын сағатта халқымыздың ертеңгі сенімін арттырып, дүрбелең кезеңдегі қабылданған дұрыс шешім деп білеміз. Оқушыларымыз бен ата-аналарымызға дұрыс насихатталуына, заманауи білім алуға жауапкершілікпен, бастысы біртұтастыққа, түсіністікпен қабылдауына күш салудамыз. Ұрпағымыз үшін жасалып жатқан жұмыс өз жемісін береді деп сенеміз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы
3. «Информатика негіздері» журналы
4. <https://padlet.com>
5. <https://www.triventy.com>
6. <https://onlinetestpad.com>
7. <http://classroomscreen.com>

*А.М.Наурызбаева*  
математика пәнінің мұғалімі  
№1 ЖББМ, Жезқазған қ.

## МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Функционалдық сауаттылық – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласа отырып, жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесуі. Жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Бір сөзбен айтар болсақ, алған білімдерін өмір жолында тиімді қолдана алатын жан-жақты тұлға тәрбиелеу. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық жоспардың қабылдануы – оқыту әдіс-тәсілдері мен мазмұнын түбегейлі жаңарту деген ұғымға саяды. Сондықтан да функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы – сындарлы оқыту теориясына негізделген [1].

Функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылықты дамыту білім түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты критерийлер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Мұндай жүйе әлемдік

тәжірибені жан-жақты зерттеу арқылы енгізіледі. Олар ұлттық және халықаралық бағалау жүйелері арқылы жүргізіледі. Ұлттық жүйе арқылы бағалау – жыл сайын өтетін оқу жетістіктерін ішкі бағалау мен Ұлттық бірыңғай тестілеу.

Зерттеу оқушылардың оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілеттерін бағалауға бағытталған. Яғни бұл зерттеудің мақсаты – математика мен жаратылыстануды оқыту үрдістерін дамыту үшін зерттеуге қатысушы елдерді оқушылардың функционалдық білім жетістіктері туралы салыстырмалы ақпаратпен қамтамасыз ету. Зерттеудің негізгі әдіс-тәсілі – сауалнамалар жүргізу және тестілер алу.

Білім деңгейі – оқушылардың терминдерді, сандардың қасиеттерін еске түсіру арқылы суреттеу; есептеу; график пен кестеден мәліметті алу; математикалық объектілерді тану қабілеттері бағаланды. Қолдану деңгейі – нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты көрсету; модельдеу; тізбек тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу қабілеттері бағаланды.

Тұжырымдау деңгейі – қорытындылау, әр түрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу қабілеттері бағаланды. “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, «Джигсо» әдістерінен пайдаланып бардым. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, математика пәнін терең білудің маңызы зор.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналууда. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Сондықтан білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Осы орайда ұстаз ретінде осындай іс-әрекеттерді қолдану менің басты міндетім деп ойлаймын.

Оқу бағдарламасында жекелеген тақырыптар ретінде логикалық сұрақтар қарастырылмайды, дегенмен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда логикалық есеп-жаттығулардың алатын орны ерекше. Мектеп асханасында шаршы пішіндес үстелге айнала әр жақтан бір-бірден 4 оқушы отыра алады. Мектеп кешені дәл осындай 4 үстелді бір қатарға қойып, ұзын үстел құрады.()

Ескерту: 1 үстелге 4 оқушы отырады

Сұрақ 1: Мектеп асханасы

Осы ұзын үстелді айнала қанша оқушы отыра алады?

Жауабы: ----- оқушы

Сұрақ 2: Мектеп асханасы

Мектеп асханасының еденіне өлшемі 20x20 см болатын 1500 дана плитка төселген. Асхана еденінің ауданы қанша?

Жауабы:

Сұрақ 3: Мектеп асханасы

Бір мезгілде 50 оқушы тамақтану үшін асханаға осындай ұзын үстелден неше қатар үстел қою қажет ?

Жауабы: Қатарлар саны:

т.б сияқты логикалық сұрақтар қоя отырып оқушыларға да өздері осындай сұрақтар дайындап келуге тапсырма беремін тапсырма орындалады бірақ оның қаншалықты дұрыс бұрыстығын сабақ үстінде оқушы өзі анықтайды. Осылай оқушылардың өздерінің ізденістерін ұйымдастырамын.

Осындай бағыттағы есептерді сабақ барысында қолдану арқылы ғана біз – алған математикалық білімдерін тиімді пайдалана алатын, өмірдегі кез келген жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдайтын, өзінің математикалық сауатты екенін дәлелдей алатын функционалдық сауатты тұлға тәрбиелеп шығамыз.



Өзім сабақ беретін 5-сыныптарда менің жұмыс тәжірибемнің мақсаты: математика сабағында бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сын тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және топтық жұмыс түрлерін, деңгейлік тапсырмалар, тірек сызбаларды, ойын түрлерін қолданып, логикалық және эксперименттік мазмұнды, мәтін есептер шығарта отырып, тұжырымдарын жасауға үйрету.

«Математикалық-лото» ойынында түрлі кеспе қағаздарға мәтін есептерін әзірлеймін. Таратпа қағаздардың артына сурет бейнеленеді. Жауаптарын дұрыс орналасқан жағдайда, таратпа қағаздағы сурет дұрыс шығады. Ал, суреттің дұрыс құрастырылуы балалар қызығушылығын арттыра түсері анық.

Әрбір оқушының және бүкіл сыныптың оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау үшін білімін жазбаша тексеру тәсілдерінің бірі семантикалық картамен жұмыс жасау. Семантикалық картамен жұмысты жаңа сабақты бекіту мақсатында ұйымдастырылған тиімді. Семантикалық карта көмегімен анықтамаларды, ережелерді, қасиеттерді тұжырымдау, сондай-ақ есеп шығару барысында қолдану әрекеттерін қалыптастырады [3].

Қорытындылай келе оқушыны жан-жақты, зерделі білім беру оқытушының шығармашылық белсенділігі мен шеберлігіне байланысты. Сондықтан оқу үрдісінде жаңа талапқа сай, жаңартылған білім мазмұнында көзделген іс-әрекеттерді ескере отырып, білім беру стандартын ұстану. Яғни табысты оқытуға қол жеткізу - жанжақтылық пен жаһандық өзгеріске сай біліммен сусындату болып табылады. Сондықтан заман талабына сай, бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау әр пән мұғалімінің міндеті.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. «Математика» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы: «Мұғалімге арналған нұсқаулық»<sup>7</sup>
2. Сулейменова С. А. Математиканы оқытудағы инновациялық әдіс-тәсілдер // Молодой ученый. — 2016.
3. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы/ А.Қ.Әлімов.-Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы,2014.

*Г. Б. Нуржаубаева ағылшын тілі  
пәнінің мұғалімі  
«№23 ЖББМ», Қарағанды қ.*

### **АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Біздің елімізде болып жатқан өзгерістер біздің өміріміздің барлық саласына, соның ішінде білімге де әсер етеді. Білім беру мазмұнын жаңартудың маңызды факторы - бұл білім беру жүйесіндегі инновациялық қызмет. «Шет тілі басқа гуманитарлық пәндермен қатар бірқатар үлкен өзгерістерге ұшырады. Мазмұнды жаңарту тұрғысынан оқытудың мақсаттары мен міндеттерін қайта қарау, жаңа бағдарламаларды енгізу, оқыту курстары, жаңа технологияларды игеру, оқу процесін ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізу бар. Шет тілін оқытудың жаңа жүйелерін әзірлеу тұрғысынан олар ерте оқыту жүйесі туралы айтады" [1.36]. Шет тіліндегі сабақтар балалардың дамуына, олардың танымдық және тілдік қабілеттеріне жағымды әсер ететіндігін және білім беру мәселелерін шешуге ықпал ететіндігін көрсетеді. Оқушының жеке басын дамытуда стратегиялық бағытын жүзеге асыруда оқу пәні ретінде шет тілінің мүмкіндіктері шынымен ерекше. Оқушылардың жаңа қарым-қатынас құралын игеру барысында олар тілді әлеуметтік құбылыс ретінде дұрыс түсінуді қалыптастырады, олардың зияткерлік, сөйлеу және эмоционалды қабілеттерін, сондай-ақ жеке

қасиеттерін, жалпыадамзаттық құндылық бағдарлары, қызығушылықтары, ерік-жігерін дамытады. Сонымен қатар, оқушыларды шет тілінің көмегімен басқа мәдениетке енгізу оған бір жағынан адамдардың белгілі бір әлеуметтік-мәдени қауымдастығына жататын адам ретінде өзін танытуға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, басқа елдің өмір салтына құрмет пен толеранттылықты тәрбиелейді. Шет тілін ерте жастан оқыту қазіргі уақытта өзекті, бірақ оның нәтижелі болуы үшін мұғалімнің "педагогикалық қоржынында" әртүрлі әдіс-тәсілдер болуы керек, сондықтан да сабақ эмоционалды, қызықты, білім алуға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілі сабақтарында қолданатын өзімнің тәжірибемнен алынған педагогикалық технологиялар:

*Өзара бақылау.* Мұғалім оқушыларға белгілі бір мәселелер бойынша өзара тексеру болатындығы туралы хабарлайды. Сынып оқытушылар мен оқушыларға бөлінеді. Оқушылар оқытушыларға жауап береді. Оқушылардың жауаптарынан кейін баға беріледі, белгі ретінде қойылуы мүмкін. Оқушылар рөлдерді өзгерте алады. Әр сабақта жұптардың құрамын өзгерту ұсынылады.

*Өзара диктант.* Диктанттардың әртүрлі мәтіндері дайындалады. Әр оқушы мәтіні бар карточка алады және мәтінді өздері ішінен оқиды. Барлық оқушылар жұпқа бөлінеді. Біреуі оқиды, екіншісі диктант мәтінін жазады. Содан кейін жұптар өзгереді. Диктант аяқталғаннан кейін оқушылар дәптерлермен алмасып, жазылғандарын өзара тексереді.

*Есте сақтай отырып жаттау.* Оқушыларға «өлеңді жаттаңдар» деген тапсырма беріледі. Барлық оқушылар жұптасады. Бірінші оқушы өлеңнің бірінші жолын дауыстап оқиды. Екіншісі оны тыңдайды. Түсініксіз сөздерді анықтап отырады. Сөздерді мұғалімнің көмегімен табады. Бірінші оқушы өлеңнің бірінші жолын екінші рет қайтадан дауыстап оқиды. Екіншісі қайтадан тыңдайды. Бірінші оқушы кітапты жауып тастайды, екіншісі өлеңнің есте қалған жолдарын айтуға тырысады. Екі оқушы да өлең жолдарын үйренгенге дейін дайындалады. *Кім туралы айтып жатқанын табыңдар?* Оқушылардың біреуі сыныптан шығарылады. Қалғандары кім туралы сөйлесетінін таңдайды. Бір оқушы таңдалады. Шыққан оқушы сыныпқа кіреді. Мұғалім оқушыны сипаттауды бастауды ұсынады. Балалар бір сөйлеммен ойларын жеткізеді. Бұл жұмыс түрі болжалдап айтылған оқушының атын дұрыс атаумен аяқталады.

Ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын ақпараттық технологиялар - бұл қазіргі заманғы технологияны қолдану жағдайында оқытуды ұйымдастырудың әдістері мен құралдары. Оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану мыналарға мүмкіндік береді: оқу процесін жекелеңдіру және теориялық білімді қалыптастыру, бақылау мен өзін-өзі бақылауды, оқушылардың білім мен дағдыларды игеруіне талдау мен өзіндік талдауды тиімді ұйымдастыру, кәсіптерді дәл және уақытында түзету, зерттелетін объектілердің процестерін, құбылыстарын, модельдерін көрнекі түрде көрсету, түсініктерді, оқиғаларды суреттеу, шығармашылық ойлауды белсенді түрде дамыту, мұғалімнің жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді.

Оқушылар тақырып бойынша лексиканы жақсы меңгеруі үшін сыныпта ән айтуды үйренеді. Бұл балаларға шет тіліндегі сөздердің қажетті көлемін игеруге көмектеседі, лексиканы дұрыс қолдануға үйретеді. Ағылшын тілін оқытуда әнді қолдану сабақтың тиімділігін, көрнекілігін арттырады. Ән балаларда қуаныш сезімін тудырады, оқушылардың сабаққа деген оң көзқарасына ықпал етеді. Оқу үрдісінде ән айтуды қосқанда, біз жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарымен анықталған бірқатар мәселелерді шешеміз:

- қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын тілі туралы түсінік қалыптастыру;

- оқушының жеке қасиеттерін, оның зейінін, ойлауын, есте сақтау қабілеті мен қиялын дамыту;

- балалардың танымдық қабілетінің және эмоционалдық дамуы.

*Ойын әрекеті* - оқушының жеке басын дамытудың маңызды факторы. Ойын оқушылардың ойлау әрекетін белсендіретін, оқу процесін тартымды және қызықты етуге мүмкіндік беретін, оқытудың ең белсенді құралы. Бұл тілді меңгеруге үшін де өте қолайлы. Оқу ойындары келесі дидактикалық міндеттерді орындауға ықпал етеді:

- балалардың сөйлеу қарым-қатынасына психологиялық дайындығын құру;
  - олардың тілдік материалды бірнеше рет қайталауының табиғи қажеттілігін қамтамасыз ету және оқушыларды дұрыс сөйлеу нұсқасын таңдауға үйрету.
- Оқу ойындарын екі топқа бөліп қарастырады:  
дайындық ойындары және шығармашылық ойындар.

Дайындық ойындары				Шығармашылық ойындар	
Фонетикалық	Грамматикалық	Лексикалық	Орфографиялық	Рөлдік ойындар	Сюжеттік-рөлдік ойындар
Фонетикалық ойындар сөйлеу дағдыларын дамытуға және жетілдіруге және қажет болған жағдай оларды түзету арналған.	Грамматикалық ойындар грамматикалық құрылымдарда игеруге және оларды қарым қатынас жағдайында қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.	Лексикалық ойындар лексикалық материалды берік меңгеруге және оны сөйлеу жағдайында қолдануға ықпал етеді.	Орфографиялық ойындар тапсырмалары алдым әріптер емлесін, содан кейін лексикалық материалдың емлесін дамытуды мақсат етеді. Сонымен қатар орфографиялық ойындар сөйлеу, лексикалық және грамматикалық сөйлеу дағдыларын одан әрі дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді.	Бұл топтың ойындары белгілі бір жағдайларда ойын шарттарымен белгіленген коммуникативтік дағдыларды шығармашылықпен пайдалануға бағытталған. Сондықтан оларды орта және орта мектепте, дайындық сөйлеу кезеңі өтіп, оқушылар қажетті сөйлеу дағдыларына ие болған кезде қолданған жөн.	

1-сурет. Оқу ойындарының түрлері

Ақпараттық жүйе ретінде интернет өз пайдаланушыларына көптеген ақпарат пен ресурстарды ұсынады. Қызметтердің негізгі жиынтығы мыналарды қамтуы мүмкін: электрондық пошта (e-mail); телеконференциялар (usenet); видеоконференциялар; жеке ақпаратты Web-серверге орналастыру мүмкіндігі; қолжетімді ақпараттық ресурстар: анықтама каталогтары (Yahoo!, Yandex, Google); желіде сөйлесу (Chat). Бұл ресурстарды сабақта белсенді пайдалануға болады. Алайда, интернет оқытудың көмекші техникалық құралы екенін ұмытпауымыз керек және оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін оны қолдануды сабақ процесіне дұрыс кіріктіру қажет [3.56].

Кіріктірілген сабақтар да оқу үдерісінде үлкен маңызға ие болуда. Кіріктірілген сабақтардың мақсаты - оқушылардың зейінін арттыру, танымдық әрекеттерді түрлендіру, сабақта шығармашылық жағдай жасау. Сабаққа дайындық сабақтың тақырыбын таңдаудан, оқытудың әдістері мен формалары, сабақтың мазмұны, оны өткізуге әр мұғалімнің нақты қатысуы тұрғысынан бірлескен жоспарлаудан тұрады.

Мен өз жұмысымда орта буын мен және жоғары сыныптарда интеграцияланған оқыту технологиясын қолданамын. Ағылшын тілін әртүрлі пәндермен әдебиетпен (ақын-жазушылардың, әншілердің шығармашылығын зерттеу), тарихпен (елтану материалы), географиямен (елдердің географиялық жағдайын зерттеу) интеграциялау элементтерін енгізу және жандандыру сабақты қызықты, кең ауқымды қылады, оқушылардың дүниетанымын дамытады және олардың ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын күшейтеді. Қазіргі ағылшын тілі сабағын интеграциясыз және ақпаратсыз елестету мүмкін емес (жобаларды дайындау және өткізу, тестілеу және т.б.). Интеграция элементтері бар сабақтарды өткізу кезінде оқушылар өздерін сабақтың тең авторлары сияқты сезініп, терең дайындықтарын көрсетеді.

Ағылшын тілі сабағында қолданылатын инновациялық технологиялар оқу сапасы мен үлгерімінің өсуіне, лексикалық материалды жоғары деңгейде меңгеруге және оны тәжірибеде шебер қолдануға ықпал етеді.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

- - Преобразовывает файлы, созданные с помощью Microsoft Power Point (.ppt) в видео всех популярных форматов (например: Видео MPEG-4, Windows Media Video (WMV)), а также в слайд-шоу (сохранить презентацию в файле демонстрации (PPSX) отображается во весь экран в режиме слайд-шоу и готова к немедленному просмотру)

- - Сохраняет элементы в оригинальном Microsoft Power Point (например: переходы, анимацию, звуки, клипы, внутренние ссылки);

- - Позволяет просматривать презентации без программы Microsoft Power Point установленной на компьютере, или других персональных устройствах;

- - Уменьшает размер файла презентации на 90%;

Интерфейс приложения очень простой, поэтому начинающие пользователи, которые недавно сели за компьютер, сходу смогут разобраться, как преобразовать презентацию в видеофайл. Преобразование выполняется довольно просто, на что нужно всего три этапа.

Первый этап: необходимо указать презентацию, которая будет преобразовываться;

Второй этап: на данном этапе в настройках выбираем: формат преобразования;

Третий этап: нажмите кнопку «Сохранить как...Видео MPEG-4», чтобы начать преобразования, где будет храниться готовый видеоролик.

### **Проведение исследования по применению программы Microsoft Power Point как в урочной, так и во внеурочной деятельности**

Исследовательская база: учителя опорной школы К.Байсеитовой (ресурсного центра) КГУ, учителя магнитных школ прикрепленные к ней.

#### **Цель исследования:**

Проверить гипотезу о том, знания и умения в использовании программой Microsoft Power Point, повышение мотивации применения ИКТ как в урочной, так и во внеурочной деятельности.

Возможность применения полученных знаний будут более эффективны, если педагогами будут освоены и использованы программы создания и редактирования презентаций и видео Microsoft Power Point,

#### **Методика проведения исследования:**

- ✓ Разработать вопросы анкеты и провести первичное анкетирование, выявляющее знание данных программ.

- ✓ Продемонстрировать созданные видеоролики, провести мастер-класс по работе с данной программой.

#### **Результаты исследования:**

Результаты опроса о программе Microsoft Power Point.

По результатам диаграммы:

- ✓ учителя знают, что такая программа Microsoft Power Point существует - 100%.

- ✓ Из опрошенных коллег 89 % умеют создавать презентацию, около 30% пробовали создавать свои видеоролики.

- ✓ Результаты опроса – возможно ли, что с помощью программы Microsoft Power Point, преобразовать презентации в видео - 69 % ответили: не знали и не умеют преобразовывать презентацию в видео.

- ✓ Большинство коллег хотят освоить программу, научиться создавать видеоролики, но не умеют как его применять.

И я, дистанционно на платформе ZOOM, провела воркшоп на тему «Использование цифровых образовательных ресурсов в учебном процессе в дистанционном обучении», ознакомила с материалом о развитии познавательной активности в области информационных технологий, ознакомила с прикладным программным обеспечением Microsoft Power Point, которая преобразовывает презентации в видео. А также продемонстрировала применение данной программы для подготовки уроков, примером которого послужила урок по физической культуре в 4-х классах «Весёлый старт», презентация Литературная викторина «По страницам сказок» из своего урока (русский язык и литература), презентация проекта «Наш спортивный учитель»

В конце воркшопа коллегам было предложено самим попробовать свои силы и провела мастер-класс по усвоению данной программы.

Вывод: применение программы Microsoft Power Point повышает заинтересованность коллег в применении ИКТ как в урочной, так и во внеурочной деятельности, данная программа может сделать наши уроки ещё интереснее и красочнее, а следовательно, поможет в освоении нового материала по школьным предметам.

### **Заключение**

В заключение хотелось бы сказать, что в ходе выполнения данной работы мной были получены следующие результаты:

- ✓ изучены теоретические основы компьютерной графики и проанализированы возможности программы Microsoft Power Point в целом, а также их преобразование в видео.
- ✓ Средствами данной программы созданы открытые уроки, особенно очень помогла на Неделе читательской грамотности.
- ✓ Разработаны практические рекомендации по использованию Microsoft Power Point для создания видеофайлов и преобразование в видеоформат.

### **Выводы**

На основании полученных результатов можно сделать **выводы**:

1. Создание презентации и их преобразование в видео с помощью программы Microsoft Power Point не вызывает особых затруднений.
2. Поставленные в начале работы цели и задачи полностью достигнуты.
3. Качество конечной продукции будет во многом зависеть от возможностей компьютера.

Работа над исследованием научила меня более детальному анализу при сравнении различных объектов, выявлению противоречий, проблем. Научилась точнее формулировать и ставить перед собой цели и задачи, придумывать пути их достижения.

Данные умения, несомненно, пригодятся в дальнейшем при получении дальнейшего образования, а возможно, и в последующей профессиональной педагогической деятельности.

Исследовательская деятельность вызвала у меня интерес, и я хотела бы продолжить работу в данном направлении. Проведённое мной исследование убедила меня в том, что это чрезвычайно интересно и полезно.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДБИЕТТЕР:**

1. <https://fb.ru/article/211387/powerpoint---chto-takoe-prezentatsiya-i-elementarnyie-sekretyi-o-kotoryih-mnogie-ne-zadumyivayutsya>
2. [https://znanio.ru/media/tema\\_kak\\_vstavit\\_video\\_v\\_slajd\\_prezentatsii\\_v\\_programme\\_microsoft\\_office\\_power\\_point\\_2007\\_v\\_operatsionnoj\\_sisteme\\_windows\\_7\\_i\\_windows\\_8-189557](https://znanio.ru/media/tema_kak_vstavit_video_v_slajd_prezentatsii_v_programme_microsoft_office_power_point_2007_v_operatsionnoj_sisteme_windows_7_i_windows_8-189557)
3. <https://nsportal.ru/ap/library/nauchno-tekhnicheskoe-tvorchestvo/2017/04/03/sredstva-sozdaniya-multimediynyh-proektov-i>

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.**

Әдебиет – сөз өнері. Адам жүрегін тербетіп, ақылын таразылап, тілін кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады. Сол өнерді қалай оқытып жүрміз? Жалпы «Қазақ әдебиеті» пәні жалпы білім беретін мектептерде «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» сай бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары (Ы.Алтынсарин атындағы институт ұсынған) негізінде тақырыптық күнтізбелік жоспар бойынша оқытылады.

Оқыту процесінде мынадай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші – мұғалімнің оқытуы, екінші – оқушының оқуы. Әдебиетті оқытуда әдіс-тәсілдер мол-ақ, бұрыннан келе жатқан дәстүрлі зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше. Жаңартылған білім мазмұнына сай сабақтарда жүзден астам тәсіл қолданылады. «Қазақ әдебиеті» пәні көркем әдебиетті, әдебиет тарихын, теориясын, сынын қамтиды. Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы да осыған негізделген.

Жоғарыда айтылған «Стандарт» пен «Бағдарламаға» сәйкес оқулықтар жасалған. Сөзім нақты болу үшін 5-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығынан мысал келтірейін, 5-сыныпта аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат оқытылады.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша мынандай оқу мақсаттарынан тұрады:

1) **Түсіну және жауап беру:** әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну, әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру;

2) **Анализ және интерпретация:** әдеби шығарманың әртүрлі композициялық ерекшеліктерін талдау, автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісі, шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін ашу, көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс жазу, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау;

3) **Бағалау және салыстыру:** шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру, шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап әдеби эссе жазу, ғылыми еңбектерді негізге ала отырып әдеби сын жазу.

Бұл сыныпта оқуға қамтылған шығармалар «Таза, мінсіз асыл сөз» бөлімінде «Керкұла атты Кендебай», «Қобыланды батыр», «Асан Қайғының жерге айтқан сынын» оқиды. «Тәрбиенің қайнар бұлағы» бөлімінде Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі, Ы.Алтынсариннен «Қыпшақ Сейітқұл» шығармалары оқытылады. Оқу мақсаттары:

Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау.

Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.

Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.

Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу.

Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.  
Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.  
Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.

Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау.

Бұл жерде біз алдымен көркем шығармамен танысамыз, берілген үзіндіні оқимыз да әрі қарай талдауға көшеміз. Аптасына 2 сағат берілген соң, оқушы оқулықтағы әр жерден алынып, берілген үзіндіден ұққанына қарай талдайды, әрине, мұғалімнің көмегімен. Мақсат орындалғандай болады. «Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» деген болатын әдебиет зерттеушісі, белгілі жазушы Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл оңай үрдіс емес. Қабылдау деген бере салғанды ала қоятын зат емес. Ол оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болса да оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жан күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса – бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс-тәсілдерді орнымен қолданады. Бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыруға тырысады. Бұл:

- көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын, ынтазарлығын ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;

- сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем-дағдыларын қалыптастыру;

- ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта, жаза білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой-пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу. Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынғанын білеміз:

- Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру.

- Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту.

- Ой, ойлану, ойлату.

Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе өзіндік пікірде жатыр. Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушының пікіріне, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында.

Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу баланың өз еңбегімен, талдау мұғалімнің көмегімен, оның ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады. Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен еңбегінің жемісі болмақ.

Қазіргі әдістемеде талдау жасаудың 4 түрі бар: образ бойынша, тақырыптық, тұтас, автор ізімен. Қандай талдау түрі болса да, не мақсат көзделеді? Бұл сұраққа әдіскер Қ.Бітібаеваның сөзін негізгі ала жауап берсек :

- Оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану;

- Эстетикалық талғамын қалыптастыруға сеп болу;;

- Таным қабілеті, ойлау белсенділігі мен дербестігін ұштау;

- Ең бастысы – көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту жолдарын меңгерту /тақырыбы, авторлық идея, образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, көркемдік-эстетикалық жағын т.б. кешенді түрде қарастыру/.

Көркем туындыны оқытып, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың мақсат-мұратын, ойын білдіретін әрбір деталь, көркемдік тәсілді дәл танып, жазушы шеберлігін



оқушыға дұрыс таныта білу керек. Енді 6-сыныптың қазақ әдебиеті пәніне тоқталайық: Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба», «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз» шығармаларын оқытуға төмендегідей оқу мақсаттары қойылған:

1. Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау.
2. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау.
3. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
4. Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік ролі туралы сыни хабарлама жасау.
5. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;
6. Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;
7. Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу;
8. Эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау.

Міне, өздеріңіз көріп отырғандай бағдарлама мақсаты, көркем әдебиеттің мазмұнын меңгеруден гөрі теориялық талдау жасау жағын басым қамтыған. Бұл мақсаттар көркем мәтінді толық оқытудан гөрі, оқушыға өзге пікірді қабылдатуды көздейді. Әрине, ғалымның пікірі құнды. Бірақ оқырманның көркем туындыдан алатын әсері қашан қалыптасады? 6-сыныпта оқитын оқушының ұғымы сыншы ғалымға аян теорияны қабылдауға әзір ме?!

10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша (Жылына 102 сағат, аптасына 3 сағат) дәл осы бағдарламадағы тақырыптар мен мақсаттар қайталанады, одан әрі дамытылады. Бұл сыныпта Абайдан «Сегіз аяқ» өлеңі, «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Он жетінші қарасөзі», «Отыз екінші қарасөзі», «Отыз үшінші қарасөзі», «Ескендір» поэмасы, «Әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтар» деген тақырыптар берілген.

Оқу мақсаттары:

әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну;

шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау; әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру; шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдау; көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру;

әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу;

шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу;

шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

Оқу материалы мен оқу мақсаттарына қарап отырып, игерілетін материалдың оқушы ұғымына қаншалықты сай екендігіне ойланып қаласың. Мазмұн мен идеяны меңгеретін шығар, ал қалған талдаулар болашақ журналист, әдебиет пен тіл маманы болатын оқушыға ғана қажет екені анық, ал алдына ондай мақсат қоймаған оқушыға артық жүк, артық салмақ емес пе?! Материалдың мұндай күрделі болуы көпшілік оқушыны құр жаттауға итермелейді. Мұның аты – білім негізін түсінбеу деген сөз. Ал тым жеңіл материалдың тез ұмытылуы да мүмкін. Бұл сияқты көріністермен күресуде көптеген әдіс-тәсілдер қолданылып келеді.

Оқушы білімінің тиянақты болуы, түсінігінің дұрыс қалыптасуы үшін жаңа сабақты түсіндіру процесінде оларды үнемі тартып, әрекетке араластырып отыру қажет.

9, 10, 11-сыныпта «Қазақ әдебиеті» деген оқулық әңгіме, хикаяттан бастап, атышулы романдар, дилогия, трилогияларды, драмалық жанрларды, поэма, дастандарды, жырлар мен айтыстарды түгел қамтиды. Былай қарағанда бәрі дұрыс сияқты, бірақ осы пәнді оқыту үрдісі мектептегі оқушының сөздік қорын дамытуға қаншалықты үлес қосады?! Төрт жыл колледжде оқысамда, өзегімді өртейтін бір өкініш бар. Мен мектепте сабақ берген оқушыларым сол көркем шығарманың өзін, түп негізін оқымайды. «Төрт жыл колледжде оқып, енді неге оқыта алмай отырсың?» деген сұрақ көкейлеріңізде тұрғанын білемін. Бір сөзбен айтқанда, бағдарлама да, оқулық та тек теорияға негізделген. Оны игеру үшін көркем шығарманың өзін оқып, негізінен нәр алу керек. Әр сабақта көркем шығарманы ғалымдардан кем талдамайтын оқушылардың ойында бірде бір жазушының, не ақынның бейнесі қалмайтыны қалай? Бұл аз ғана уақытта көп нәрсені оқытудан шығып отырған жоқ па?! Ары бармай-ақ, мынаған көз жүгіртейік. 1980 жылдары 5-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнін аптасына 8 сағат берілді: қазақ тілі 5 сағат, қазақ әдебиеті 3 сағат оқытылды. Оқыту әдебиеттік оқуға негізделді, бала ұғымына сай ғана талдаулар жасалды. Ал қазір 5-сыныпта 5 сағат оқытылады, оның 3 сағаты қазақ тілі, 2 сағаты әдебиет. Сол 2 сағатта көркем әдебиетті емес, әдебиеттің тарихы мен теориясын және әдебиет сынын оқытып кеттік, стандарт та, бағдарлама да, оқулық та соған негізделіп жасалып отыр. «Әдебиет» дейтін ғылымның көркем әдебиет, әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны деген салаларын түгел осы 2 сағатта қамтитын болдық та, көркем әдебиет ысырылып шетте қалды. Әр аптадағы қазіргі 80 минут оқушыға не береді?!

Қазіргі баланың өздігінен көркем шығарма оқымайтыны бәрімізге белгілі.

Әр жыл сайын қазақ балаларының туған әдебиеттің нәріне қанатын уақытын неге қысқартып жатырмыз? Балаға таза көркем туынды оқытатын уақытты мектеп бағдарламасына енгізетін күн туа ма? Бұрынғы 8 сағаттың 2 сағатын орыс тілі мен ағылшын тіліне үлестірдік. Сабақтан кейін түрлі спорттық үйірмеден (баскетбол, волейбол, күрес, т.б.) шықпайтын балаларға дене қимылы қажет деп тағы осы пәндердің есебінен 1 сағат үлестірдік. Себебі ағылшын тілі, орыс тілі, дене шынықтыру пәндерінің сағаты көбейтілгенімен, оқу жоспарына артық сағат қосылған жоқ. Қосылған сағаттар қазақ тілі мен әдебиетінің бұрынғы 8 сағаттық апталық сағаттарын қысқарту есебінен жүрді. Ал, бүгінгі бала рухани жүдеулікке ұшырады десем артық айтпаймын. Енді біраздан соң бар ақыл-ойынан тоналғандарды отызында бесікке таңып отырмасақ жарады.

Осы келеңсіздікті жою үшін мектептің оқу жоспарын қайта қарап, оқу жоспарына «Көркем әдебиет» пәнін енгізіп, бағдарлама жасау керек-ақ. Біз мектепте көркем әдебиетті емес, әдебиет тарихын, әдебиет теориясын, әдебиет сынын оқытып жүрміз. Өйткені «Көркем әдебиет» пәні оқу жоспарында жоқ, бағдарламада да жоқ, оқулықтар тек теорияға негізделіп жасалған. Бұл бағдарламаның оқу мақсаттары тек арнаулы мектеп оқушыларына лайықты. 2, 3, 4-сыныптарда да бұл бағдарламаны меңгеретіндей негіз жасалмаған. Қала оқушыларының ойы орысша, тілі қазақша екенін ескерсек, 5-сыныпқа келген оқушы кең көлемді шығармаларды 40 минутта ежіктеп оқып үлгермейді. Сөздік қоры аз болғандықтан, көркем туындының мазмұнын да меңгере алмайды. Олай болса, біздің алдымызда бірнеше міндет тұр:

Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай мектептің оқу жоспарына «Көркем әдебиет» пәні енгізіліп, бағдарламасы жасалуы керек.

«Қазақ әдебиеті» пәні 2, 3, 4-сыныптардан оқытылып, ертегі, аңыз, мақал – мәтел, шағын көлемді әңгіме (Ы.Алтынсарин әңгімелері) жанрын қамтыған, тек мазмұнға құрылған, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларымен жасалуы керек (теориясыз, тек мазмұн, сөздік қор, кейіпкер).

5-6 сыныптың жас ерекшелігіне қарай ертегінің түрлері, аңыз, шағын көлемді хикаяттар, өлеңдер көркем мәтін мазмұны, оқиға желісі, жоспар құру.

7-8 сыныптарда көлемді әңгіме, хикаят, тарихи жырлар мен эпостық жырлар.

9,10,11 сыныптарда қазақ әдебиеті туындыларын кезең-кезеңімен көркем мәтін және теория (тереңдетілмеген), әдеби сынның жеңілдетілген түрін алуға болады. Оқу мақсаттары да соған негізделуі керек.

Білімді жаңғыртудың басты мақсаты білім беру жүйесінің тұрақты дамуынан және оны ХХІ ғасыр қажеттілігіне сай қамтамасыз етуден тұрады. Қазіргі таңдағы білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізу әрі оны тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру. «Білім – дүниенің ең үлкен қазынасы» екенін ескерсек, баланың көркем әдебиетті оқып, өзі талдап, өзі ойлауына, өзі шешім шығаруына жағдай жасайық.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Педагогика және психология» атты ғылыми-әдістемелік журнал. №1, Алматы, 2009 ж.
2. <http://josparlar.kz/?p=1996>
3. <http://orleu.kz/?p=161044>
4. [https://mtdi.kz/main/oku\\_adisteme/id/633/q/1](https://mtdi.kz/main/oku_adisteme/id/633/q/1)
5. <https://multiurok.ru/files/sabak-ta-k-oldanatyn-dis-t-sildier.html>
6. [ustaz.kz](http://ustaz.kz)
7. [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz) Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.
8. [www.infourok.ru](http://www.infourok.ru)
9. [www.stud.kz](http://www.stud.kz)
10. [www.talimger7kz/kriterialdi-bagalau-okuzhetistigin-bagalau.html](http://www.talimger7kz/kriterialdi-bagalau-okuzhetistigin-bagalau.html)
11. [www.zkoipk.kz](http://www.zkoipk.kz)

*Т.Г.Сейтжанова*  
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*  
*«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназия» КММ, Қарағанды қ.*  
*М.Е.Нәжмәдин директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары,*  
*математика пәні мұғалімі*  
*«№101 мектеп-лицей» КММ, Қарағанды қ.*

## МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА БІЛІМДІ ЖҮЙЕСІНІҢ ТІІМДІЛІГІ

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт - 2020» идеясын ұсына отырып, «... Заманауи прогрестің мәнін білуіміз керек. Қазіргі шындық мынандай: бүгінгі мемлекет өзінің интеллектуалды ресурстарымен бәсекеге түседі. «Интеллектуалды ұлт - 2020» идеясының мақсаты – жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу. Елді адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету. Бәсекенің бастысы – білімнің бәсекесі. Бұл үшін біріншіден білім жүйесінің инновациялық дамуына жол ашу керек, екіншіден электронды қызмет көрсетуді жаңа заманға сәйкестендіру керек», - деп атап көрсетеді.[1]

Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізуге білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарды, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

Қазіргі таңда білім беруді компьютерлік және ақпараттық технологияларды енгізусіз мүмкін болмай отыр. Сандық білім беру ресурстары заманауи білім берудің ажырамас бөлігіне айналды. Компьютерлік телекоммуникациялар негізінде инновациялық технологияларды пайдалану маңызды бағыт болып табылады.

Білім беру саласында басты міндет қазіргі заманғы білім беру технологияларын оқу үрдісіне енгізу, Интернет желісінің мүмкіндіктері негізінде сандық білім беру ресурстарын (ЦБР) пайдалану болып табылады. Іске асыру көбінесе ЦБР-дың ақпараттандыру тәуелді принциптері мен сапасына байланысты. Сондықтан, басты міндеттерінің бірі жаңа өнімнің жоғары тиімділігі болып табылады.

Бәрімізге белгілі, компьютер бес жаңа педагогикалық құралдармен қамтамасыз етеді: интерактив, мультимедиа, моделинг, коммуникативтік, өнімділік. Оларды пайдалану сандық білім беру ресурстарының тиімділігі мен сапасына тікелей байланысты. Осы уақытқа дейін алғашқы үш құрал қолданылды, негізінен, электронды басылымдарда жергілікті тасығыштарда, ал соңғы екеуі – интернет-ресурстарында орналастырылған. СБР-дың жаңа буынында барлық аталған педагогикалық құралдар бір мезгілде қолданады, олар жоғары интерактивті болып саналады.

*Электрондық оқулықтарды* пайдаланудың негізгі мақсаты - білім беру, білімді пысықтау, бекіту, бақылау, ақпараттық ізденіс жұмыстарын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту, таным көкжиегін кеңейту болып табылады. Электрондық оқулықтардың бірден бір тиімділігі:

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің ролін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осы негізде мен Bilim Media Group –электрондық оқыту порталының қызметін кеңінен пайдаланамын. Бұл порталда мұғалім, оқушы және ата-аналар үшін білім алып, оны жетілдіруге кеңінен мүмкіндіктер жасалып отыр.

Bilim Media Group дербес оқыту компьютер-планшеті болып саналатын Bilimland.kz ресурстарын ұсынады. Аталған ресурстардың тиімділігі – жалпы оқу процесіне оң әсерін тигізеді, оқушыларға сабаққа дайындалуға көмектеседі, оқушылардың пәнге деген қызығушыларын арттырады, қиын тақырыпты оңай түсінуге, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін дамытады. Сонымен қатар, аталған жүйе *BilimBook* құрылғысын ұсынады. Бұл компьютер-планшеттің мазмұны (контенті) 40 000-нан астам интерактивті сабақтан, миллионнан аса видеоанимациядан, 30 000-нан аса тест сұрағынан тұрады.

*BilimBook* – сыныпта да, үйде де пайдалануға ыңғайлы, оқушының танымдық деңгейін арттырып, зейіні мен бейімін шыңдайтын бірден-бір оқыту құрылғысы. Басты мақсат – қала мен ауыл баласы арасындағы цифрлық білім алуды теңестіру. Бұл құрылғы Қазақстан мектептеріне интерактивті оқытудың жаңа сатысына көтерілуге мүмкіндік береді.

Bilimland.kz жүйесіне *iMektep*, *iTest*, *Twig* ресурстары кіреді.

*iTest* – оқушыларға ҰБТ – ге дайындалуға бірден-бір таптырмас электрондық құрал болып табылады. Әр оқушы өзіне жеке парақша ашып, күнделікті тек мектепте ғана емес үйде де дайындалуына мүмкіндік туғыза алады. Бұл тест жүйесінде 13 пәннен ҰБТ-ге дайындық бойынша тест тапсырмалары мен конспектілерді таба алады. Оқушы конспектілермен танысқаннан кейін тест орындау арқылы білімін тексеріп, қатемен жұмыс та жүргізе алады.

Bilim Media Group дербес оқыту орталығы оқушылар үшін өте тиімді әрі қолжетімді жүйені ұсынып отыр. Мектеп оқушылары ғана емес кез-келген адам ұялы телефондағы **Play market** бағдарламасынан **Audiokitap**. **Kitap** бағдарламаларын көшіріп алу мүмкіндігі ашылды. **Audiokitap** бағдарламасында қазақ әдебиеті, әлем әдебиеті, балалар әдебиеті, «Балалар сөзі» сериясы, 100 кітап бөлімдерінен тұрады. Бұл жерде оқушылар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, қазақ әдебиеті шет тілдердегі әдеби туындыларды тыңдай алуға мүмкіндіктері бар. Бұл бағдарламаның тиімділігі оқушылардың уақытты үнемдеуі, қолжетімділігі, қызығушылықтарының үстемдігі.[2]

**Kitap** бағдарламасы екі бөлімнен тұрады. Ғылыми әдебиет және көркем әдебиет бөлімдерінен тұрады. Бұл бағдарламалар интернет желісінде қазақтілді мазмұнды арттырып, тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуге күш салу болып табылады.

Bilimland.kz платформасы – барлық жастағы балаларды оқытуға арналған курстардың жиынтығы ғана емес, жаңа заман мұғалімі мен оқушыға арналған көмекші болып табылады.

Оқушы үшін кез келген сабақта қабылдайтын ақпараттың көлемі өте ауқымды. Сондықтан да сынып оқушыларымен жұмыс жасауда мультимедиялық кешендер, ғаламтор ресурстарын қолдану кеңінен қарастырылады. Жаңа бетбұрысқа аяқ басқанда мұғалімнің айтқаны, ізденісі аздық етеді, заман ағымына сай электрондық оқулықтарды пайдалану өте тиімді. Ол ақпараттық белсенділікті арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен ізденуге, алынған ақпарат көздерін сұрыптауға зор ықпал етеді.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт - 2020» идеясы;
2. Bilim Media Group –электронды оқыту порталы.

*Г.О.Сейтмаганбетова  
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі,  
«Өркен» ММИ КММ, Жезқазған қаласы*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ**

*«Қазақта үш мұнара бар, олар: Абай, Шоқан, Ыбырай»  
Мұхтар Әуезов*

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге, қоғамның саяси және рухани өмірі саласындағы міндеттерді қайта жаңғыртуға бағытталған идеялық-тәрбие жұмыстары мемлекеттің стратегиялық бағдарымен анықталады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, «Ұлы даланың жеті қыры» және т.б. жобалардың шеңберінде – тәрбие жұмыстары жүргізіліп, өз елінің азаматы, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес қазақстандық патриотизм - жастардың тәрбиелік деңгейін бағалаудағы көрсеткіш екіндігі ескертіледі [1].

Қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде болып жатқан жағдайлар өз кезегінде білім саласына тікелей әсер етеді, ал білім саласы болса, жаңа тарихи кезең міндеттерін шешуге белсенді қатыса алады. Осыған орай болашақ ұрпақты даму сұраныстарына сәйкестендіруде тарихи тұлғалардың өмірімен, шығармашылығымен ұштастыру қажеттігі арта түседі. Мемлекетіміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойында біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек екенін атап көрсеткен болатын. Әрбір ұлы дәуірде тарих пен мәдениеттің, білім мен ғылымның қоғам дамуына өзгерістер әкеліп ықпал еткен тарихи тұлғалар аз болмаған. Осындай тарихи тұлғалардың бірі – қазақ даласында білімнің әртүрлі бағыттары бойынша білім беретін алғашқы зайырлы мектептердің негізін қалаған ағартушы ғалым, ұстаз Ы.Алтынсарин. Қазақ даласындағы алғашқы ағартушы педагог – Ыбырай Алтынсариннің 180жылдық мерейтойы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл – біз үшін үлкен мереке. Ыбырай Алтынсариннің шығармалары әр баланың жүрегінен кеңінен жол тапты. Ал оның еңбегі қазақ халқының білім көкжиегінің кеңеюіне, рухани-мәдени жағынан гүлденуіне, экономикалық дамуына игі ықпал етті. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығы мұраларын болашақ ұрпақтың жадында болатындай, өміріне азық, бағдар беретін жолы тәрбие құралы болуы тиіс [2].

Ыбырай Алтынсариннің прогрессивті педагогикалық идеялары ХІХ ғасырдың екінші жартысында демократиялық орыстың қоғамдық ой-пікірлерінің ықпалымен қалыптасты. Ыбырай өз замандас отандастарының ағартушылық ой-пікірлерін қуаттап, қазақ жерінде оқу-білімнің шамшырағын жақты, педагогтік-демократиялық көзқарастың негізін салды.

Педагог қазақ халқының өзіне тән ұлттық-тәрбие үрдістерін ағарту ісімен ұштастыра отырып, бүгінгі педагогика саласындағы бірнеше бағыттардың негізін салды. Халықтың ұлттық тәлім-тәрбиесі негізінде ол Қазақстандағы ұлттық мектептердегі оқыту ісінің әдістемесінің іргетасын қалады. Ол Қазақстандағы мектептердегі оқыту, білім беру ісін бір жүйеге келтіруді талап етіп, соны белгілі жолға қойды. Оның жаңашыл әдістерінің бірі – оқытудағы оқу үрдісін ана тіліне негіздей отырып, орыс тілін меңгеру болса, оқу үрдісіндегі жаңашыл идеясының бірі – оқулықтар мен оқу құралдарын орыс графикасына сүйене отырып, жаңа алфавит негізінде жасау болды [3].

Ы. Алтынсарин өз шығармаларында адамның бойындағы ұлы қасиет – адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп санады. Ыбырай әңгімелерінің құрылымы, мән-мағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңінен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастырады. Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани қазынасының бірі. Ибалы ұл, инабатты қыз-өмір көркі, Әдептілік белгісі иіліп сәлем бергені деп келер ұрпаққа тәрбие беріп, адал ниет, ақ тілек білдіріп отырған [4].

Ақын, жазушы Ыбырай Алтынсарин еңбектерінде рухани адамгершілікке тәрбиелеу проблемасындағы атап көрсеткен құндылықты, иман, әділдік, адалдық, ақкөңілділік, сыпайылық, шын берілгендік, адал-ниет, өсиет, жомарттық, кеңпейілділік, үнемді орынды жұмсау. Ол өзінің шығармаларында өзінің көзқарасын айтып, құнды талдаулар беріп отырған [5].

Қазіргі заман талабы бойынша оқытудың басты мақсаты өздігінен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, мен өз пәнім, өзін-өзі тану сабағында Ыбырайдың рухани-адамгершілік тәрбиеге бағытталған педагогикалық мұраларын кеңінен қолданамын.

Ы.Алтынсариннің ұлағатты сөздері «Өзін-өзі тану» пәнінің практикалық семинар сабақтарында, сыныптан тыс іс-шараларда дәйексөз ретінде алынып, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне қажетті даналық кілті бола алады. Ыбырай адамды адамгершілік қағидаттарына, жақсы қасиеттерге, ізгі істерге жетелейтін тәрбиелік мәні бар, оқушыларды адами қарым-қатынаста айналасындағыларға сүйіспеншілікпен қарап, ешкімге қиянат жасамай әрдайым дұрыс әрекет етуге шақыратын нақыл сөздерін, өлеңдерін сабақта «Ой тұжырымдау», «Ой қорыту», «Сөзгізбек» немесе «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы оқыту оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар олардың бойында адамгершілік қасиеттерді жетілдіруге де септігін тигізеді. Оқушылар қанатты сөздердегі негізгі ойды анықтағаннан кейін өз ойларын түйіндейді. Мұндай тапсырмалар өзін-өзі дамытуға, өзінің рухани-адамгершілік сапаларын бағалай алуға жетелейді.

Бұл әдістер бойынша мынадай тапсырмалар беріледі:


**Тапсырма.** Ы.Алтынсариннің өсиет сөздерімен танысып, өз ойларыңыз бен түсініктемелеріңізді «Қос жазба» күнделігіне толтырыңыз.

<b>Өсиет сөз</b>	<b>Өз ойыңыз, түсініктемеңіз</b>
<i>Адамгершілікке тәрбиелеу құралы — еңбек пен ата-ана үлгісі.</i>	
<i>Балаға берілген бірінші тәрбие ата-анасын, туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады.</i>	
<i>Тұмсықтыңың тамағы, Шоқу менен табылар, Өнер-білім дегенің, Оқуменен табылар.</i>	
<i>Еңбекпен табылған тамақ тәтті әрі сіңімді болады.</i>	

**Тапсырма.** Сөзтізбекті дұрыс шешсеңіздер, Ыбырай Алтынсариннің қанатты сөзін оқи аласыздар.

Ж		К	Ы	Й		Е
Ж			Ы	Ө		-
Ж	А	С	І	Т		Г
	Е	Е	Л	Й	І	.

**Тапсырма.** Дәйексөздің мағынансынан қандай ой түйдіңіздер? (Пікірлесу)


	<p><i>«Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-тұсын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады.»</i></p>	<p>Ы.Алтынсарин.</p>
<p><b>Сұрақтар:</b></p>	<p><b>Ой түйіндеу:</b></p>	
<p>1. Отбасында қандай құндылықтар бала тәрбиесіне маңызды деп ойлайсыздар?</p> <p>2. Отбасындағы және қоғамдағы мінез-құлық нормаларының байланысы қандай?</p> <p>3. Дәйексөздан қандай ой түйдіңіздер?</p>		


Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына шолу, шығармаларын талдау, әңгімелерінен драмалық үзінді көрсету, оның Н.И.Ильминскийге жазған хаттарынан оқып, оның білім саласына сіңірген еңбегін үлгі-өнеге ретінде насихаттау жұмыстарын жүргізуде өзін-өзі тану тұрғысынан талдағанда «Дұрыс әрекет», «Ішкі тыныштық», «Сүйіспеншілік» құндылықтарымен сабақтастықта қарастырамын.

Өзін-өзі тану сабақтарында Ы.Алтынсариннің ұлағатты ой-пікірлерін оқу мәтіндері ретінде талдап қарастыру, біріншіден, жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашуға, екіншіден, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, үшіншіден, адам бойындағы, мінез-құлқындағы әртүрлі жақсы және жаман қасиеттерді ажырата білуге үйретеді және өзін-өзі тануына игі әсер етері сөзсіз.

Мысалы, сабақта мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға Ы.Алтынсариннің қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық», «Лұқпан хакім» т.б. шығармаларынан үзінді ұсынылады. Бұл әңгімелерді оқыған оқушы еңбек етудің қажеттілігін сезінеді, өмірдің сырын ұғынады, жақсы қасиеттерді бойына жинайды, дұрыс әрекет жасауға талпыныс алады.

**Тапсырма.** Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай талдап беріңіздер. Және бай баласы Асан мен жарлы баласы Үсеннің мінездеріне, адамгершілік қасиеттеріне постер жасаңыздар.





Сөйтіп, Ыбырайдың әңгімелерін қызыға оқыған бала адамдарға жанашырлық танытуға, өзгелердің қайғы-қасіретіне, мұң-мұқтажына ортақтаса білуге, оларға көмек көрсетуге, кешірімді болуға, ренішке, өшпенділікке жол бермеуге, ол үшін жамандық ойлап, кек алудан аулақ болуға, рақымды, мейірімді болуға, адамның көңіл-күйін алдын-ала сезе білуге, көмек күткен адамға көмек беруге әзір тұруға, қадір-қасиетін сақтау, яғни өзінің кісілігін сақтап,

өзіне-өзі сенімді болуға, адал болуға, жауапкершілік танытуға, ақиқатты көздеуге, жалғандық пен алдап-арбаудан аулақ болуға сабақ алады.

Әңгімелерді талдау барысында оқушылар «Өзін-өзі тану» пәнінің білім мазмұнын меңгеріп қана қоймайды, олар сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеуге де үйренеді. Ендеше, Ыбырай Алтынсариннің адам өмірін жақсарту, жақсылық жасау, қамқорлық таныту сияқты ізгілікті ойларының тәрбиелік мәні әрқашан өз биігінде рухани азық болып қала береді деп айта аламыз.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз [7].

Қорыта айтқанда, ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің еңбектерінде айтылған кеменгерлік ой-пікірлердің өнегелік сипаты, рухани-адамгершілік тереңдігі қазіргі замандағы білім беру ұйымдарында білім алушылардың тәрбиесіне негіз болатын құндылықтар екендігі сөзсіз. Оқушылардың рухани мәдениеттің жаңғыруын ұлттық әдеби мұраларға деген қызығушылық пен құрмет тұрғысында түсінуі олардың бойында өз халқына деген мақтаныш сезімдерін ұялатады. Олардың өмірге бейімделуінде, өзінің болашағын болжай алуында, тұлғалық қалыптасуында өзінің құндылығын жоймай келе жатқан Ұлы дала ойшылының тағылымы терең тәрбиелік мәнді туындыларының орны ерекше болуы да осыдан.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Тоқаев Қ.К. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» 5 қаңтар 2021 ж.
2. «Ы. Алтынсарин тағлымы». Алматы, Жазушы, 1991ж.
3. А. Асқаров «Ұлы Тұранның ұлдары», Алматы, 1998 ж. 5158 б.
4. Ы. Алтынсарин «Таза бұлақ» жин. Алматы, Жазушы, 1988ж.
5. Өзін-өзі тану. Жалпы білім беретін мектептің оқулығы. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2018.
6. Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
7. М.Әуезов «Уақыт және әдебиет» – Алматы, 1962.
8. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. / Құраст.: Жармұхамедов М. – Алматы, 1991.

*Г.С. Сейтбекова бастауыш сынып мұғалімі  
«№12 ЖББМ», Шахтинск қ.*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

Оқушыларға сапалы білім мен тәрбие беруде, жеке тұлғаны жан-жақты етіп қалыптастыруда оқытудың жаңа талаптары туындап, оның тәсілдерін үнемі жетілдіріп, дамытып отыру керек. Осы тұрғыда, бірінші кезекте, әр мұғалімге тынымсыз еңбектенуді, оқытудың жаңа технологияларын, әдістерін тиімді пайдалануды талап етіледі.

Бүгінгі таңда ұстаздар алдына қойылатын міндет – сапалы білім беру, өзіндік ой-пікірі бар, өмірге белсене араласа алатын тұлға қалыптастыру. Ақпараттың қарыштап дамыған заманында және жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес, бүгінгі оқушыларды оқытуда, өмірге бейімделіп, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына функционалдық сауаттылықтың қажет екендігі дәлелденіп отыр.

«Функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Сонда,



функционалдық сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б., яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады» [1].

Түйіндей келгенде, функционалдық сауаттылық – оқушылардың мектепте алған білімдерін, іскерлік дағдыларын өмірде қолдана алу қабілеті. Олай болса, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бастауыш сыныптан бастау алғаны маңызды болмақ. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бірнеше бағытта жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде қарастырмағымыз – оқу сауаттылығы.

«Әлемдік контекстте оқу сауаттылығы заманауи қоғамдағы өмірге деген дайындықтың маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Бастауыш мектептен бастап балаларды оқытудағы негізгі жетістіктердің бірі – оқушылардың ақпараттық біліктілігін қалыптастыру. Өйткені бастауыш мектепте алған сапалы білім ары қарай оқудың іргетасы болып табылады. Оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасуына барынша мүмкіндік туғызу үшін заманауи мұғалімнен оқу қызметінің формасын, әдіс-тәсілдерін тауып қолдану талап етіледі» [2].

Бастауыш сынып оқушыларының мәтінмен жұмыс істей алу, соның негізінде сұрақтар құрастыра алу, оған жауаптар іздеу алу қабілеттерін дамыту, ақпараттық біліктілігін қалыптастыру үшін мұғалімге түрлі әдіс-тәсілдерді қарастырған жөн. Әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу негізінде оқушыларда ақпаратты дұрыс түсіну, сапасын бағалау, астыртын мағыналарды түсінуіне мүмкіндік туғызады.

Мәтінмен жұмысты жоспарлауда тиімді әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолдану мұғалімнің біліктілігі мен әдістемелік шеберлігінде. Сабақтарды жоспарлауда тиімді әдіс-тәсілдерді кіріктіріп, оқушылардың бойына сыни тұрғыдан ойлаудың бақылау, талдау, қорытынды және интерпретация дағдыларын қалыптастыруды әр мұғалім өзіне мақсат еткенде ғана қазіргі таңдағы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеуде «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулінің идеясын жүзеге асыру құралдары және дамыту жұмыстары көмегін көптеп тигізері анық. Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны да жаңа бір әлемнің жаңалығына ашқандай қалыпқа жеткізеді.

Мәтінмен жұмыс тек сабақ барысында ғана емес, сыныптан тыс, сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылу керек. Оқу сауаттылығын қалыптастырудың тағы да бір жолы – оқушыларды кітап оқуға дағдыландыру. «Кітап ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына» деген екен түркі жұртының ұлы ақыны, ойшыл Әлішер Науаи. Расында, қай ғасырда да кітаптың алатын орны бөлек. Massaget.kz сайтында кітап оқудың мынадай керемет 7 пайдасы көрсетілген екен:

«1. Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі.

2. Кітап оқу – жадыны және ойлауды дамытады. Яғни, көп оқыған адам жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады.

3. Кітап оқу – талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді.

4. Кітап оқу – көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі.

5. Кітап оқу – адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

6. Кітап оқу – сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады.

7. Кітап оқу – адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады» [3].

Кез келген адам визуалды ақпараттарды жақсы қабылдайды. Сондықтан оқушыларымыздың кітап оқудың маңызын әрқашан естерінен шығармауы үшін аталған 7 кеңесті сынып бөлмесіне іліп қою да бір әдіс деп ойлаймыз.

Кітап оқығысы келмей жүрген оқушыларға кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру үшін мынадай кеңестер ұсынуға болады:

1. Өзің қызығатын тақырыпты анықта. Мысалы жануарлар туралы теледидардан бағдарлама көретін шығарсың, соны кітап форматына ауыстырып көр.

2. Балалар қызыға көретін мультфильмдер кітап түрінде шығарылады екен. Соны оқуға болады. Мысалы: «Саяхатшы Дара», «Алдар Көсе», «Теңіз қарақшылары», т.б.

3. Өзіңнің досың немесе сыныптасыңмен кітап оқудан жарысып көр. Оқыған кітаптарыңның атауын дәптерге жазып отыр.

Оқу сауаттылығын арттыруда оқушылардың оқыған шығармаларына анализ жасауда да маңызды. Жоғарыда біз кітап оқу үшін қарапайым кеңестерді ұсындық. Енді оқыған шығарманы есте сақтау үшін оқырман күнделігін ұсынбақпыз. Ол үшін арнайы дәптер арнаған жөн.

**1-үлгі.** Көркем шығарманың атауын, авторын есте сақтауға, шығарманың кейіпкерлерін, мазмұнын талдауға арналады.

2-кесте

№	Шығарманың немесе кітаптың атауы	Авторы	Кейіпкерлері	Қарапайым жоспар	Қорытынды, менің пікірім
1					
2					

**2-үлгі.** Еркін форматта жүргізіледі. Бұл толық бір кітапты оқығанда жазуға болады. Күнделікті өзіңізге ұнайтындай етіп әдемілеуге болады. Ішінде кәдімгі күнделік сияқты жазба жүргізесіз. Мысалы:

**18.04.2020ж**

*Мен бүгін «Абылай хан» туралы кітапты оқуды бастадым. Ол кісі кішкентай кезінде түйе баққан екен. Оның шын аты – Әбілмансұр. Сабалақ деген есімі де болған екен. (3-8беттер).*

**19.04.2020ж** .....

Мұндай оқырман күнделігін бір оқу жылында сабақтан тыс уақытта оқылатын шығармаларға анализ жасау үшін ұсынуға болады. Оқу жылының ішінде бір кітапты толық оқып шығып, соған оқырман күнделігін толтыру керек.

Мәтінмен жұмыс істеу сапасын арттыру үшін түрлі әдістерді қарастыру мұғалім шеберлігіне байланысты. Әлемдік деңгейде бастауыш сыныптардың оқу сауаттылығын тексеру PIRLS Халықаралық зерттеуі арқылы жүзеге асырылады. Оның мақсаты әр түрлі елдердегі бастауыш сыныптардың мәтінді түсіну деңгейін, білім жүйесінің оқу сауаттылығын қалыптастырудағы ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Зерттеуге бастауыш сынып бітірушілері, яғни, 4-сынып оқушылары қатысады. Себебі оқытудың бастапқы 4 жылы – баланың білімді қалыптастыруының, іскерлік дағдыларын шыңдауының негізі. Олай болса, тек оқушының сауатты, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуы ғана емес, бүкіл ұлттың сауаттылығының көрсеткішін даярлау – мына біздер, мұғалімдер қауымының, басты міндеті. Сауатты, білімді, жан жақты қалыптасқан ұрпақ ертеңгі күннің ел тізгінін ұстар азаматтарға айналмақ.

Заман талабына, уақыт сұранысына орай ұлттық құндылықтарымызға терең үңіліп, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру бүгінде көкейкесті мәселелеріміздің бірі болып отыр. Қазіргі білім беру саласының алдында тұрған басты бағыт – жан-жақты дамыған, білімді жеке тұлға қалыптастыру. Мұғалім оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын іздестірумен ғана шектелмей, сол білімді оқушыға меңгертуде педагогикалық және психологиялық жағдайларына да көңіл бөлу қажет.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Р.С.Қуанаева «Оқу сауаттылығы: мәтінмен жұмыс». <http://zkoipk.kz/ru/2015c1/1106-conf.html>

2. «Қазақстандық оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру». <http://iac.kz/kk/publishing/kazakstandyk-okushylardyn-okuy-sauattylygyn-kalyptastyru>.

3. Ж.Жұмағұлов «Кітап оқудың 7 пайдасы». <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/47588>

*У.К.Сембаева шетел тілі мұғалімі  
№54 ЖББОМ.Қарағанды қ.*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ**

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзеттік махаббаттын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген.

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі - Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сүйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат- мүдделерінің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға.

Ал оның заманы тарихтың бір аумалы – төкпелі кезеңі болған еді. Өйткені ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан кейін- ақ енді қазақ жеріне Ресей патшалығының сұғы қадалып, жаулауы басталған-ды. Қазақ халқы небір зорлық- зомбылық, зобалаңды басынан өткізіп жатты.

Намысқа шапқан қазақ батырлары бастаған азаттық жолындағы күрестер біріне- бірі жалғасқан еді.[1]

Исатай- Махамбет, Кенесары- Наурызбай, Сырым батыр, Едіге, Есет пен Бекет, Жанғожа, Сұраншы- Саурық тәрізді батырлардың есімі қазақ тарихында алтын әріппен жазулы...

Ауыр заманда білім алып, ат жалын тартып мінгесін- ақ Ыбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді. Бұл ретте ол жалғыз болған жоқ. Байтақ Қазақстанның әр өңірінен ұлт басына төнген қауіпті терең сезініп, ұлттық құлдыраудан құтылудың жолдарын көрсеткендер болды.

Солардың ішінде ұлы Абайдың орны ерекше.

Абай мен Ыбырайдың ақындық, ағартушылық еңбектері бірін –бірі толықтырып, үндесіп жатты. Олардың бұл үндестігін терең зерттеп дәлелдеген ғұлама жазушы Мұқтар Әуезов болды.

Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселерін көтеруге бет бұрды. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар негізді. Шиеленіскен тартыстар, соны бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты.

Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады.[2]

Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы "Қазақ христоматиясы" (1879) ағартушылық мақсатта жазған әйгілі екі өлеңмен ашылды. Ақын бұл өлеңдерді өз кезінде "Сөз басы" деген атпен алған. Қазір бұл өлеңдер "Кел, балалар, оқылық", "Өнер-білім бар жұрттар" деген атаулармен мәлім. Ол халық ағарту ісіне арнаған әдеби туындыларын да оқу- білімді насихаттаудың ұтымды әдісінің қажеттігін көрсетті. Оқу білімнен кенже тұрған халық үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемдегі поэтикалық шығармалардың айрықша ұтымды екенін, әсерін терең сезінді, сенді. Қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерінигеруге, бойға сіңіруге шақырды.

"Кел, балалар, оқылық" өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер пайдаланып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды.

- 1) Істің болар қайыры  
Бастасаңыз алдалап.  
Оқымаған жүреді  
Қараңғыны қармалап.
- 2) Надандықтың белгісі-  
Еш ақылға жарымас...  
Жөн білмеген адамға  
Қыдыр ата дарымас...

Бұл "өлеңнің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі- оның халық дәстүрі, халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығында",- деп атап көрсетеді. Ғалым Ә: дербісалин "Ы. Алтынсариннің әдеби мұралары" деген еңбегінде. Мысалы мал байлығын салыстыру, білмсіз, еңбексіз байлықтың баянсыздығы т.б.

Ал "өнер- білім бар жұрттар" өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада көрсетеді. ("Сарай салғызды", "Айшылық алыс жер", "Көзінді ашып жұмғанша", "Құстай ұшу", "Балықтай жүзу", "Өнер- жігіт көркі", "Сіздерге бердім батамды" т.б.

Ыбырай Алтынсариннің бір алуан өлеңдері әлеуметтік мәселелерге арналған. Бұған "Өсиет өлеңдер", "Әй жігіттер" тәрізді т.б. өлеңдерін атауға болады. Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық- қарлықты, астамсу, әділетсіздікті сынап, еңбексіздікті, естілікті салттардың зияндығын көрсетіп, адал- еңбектің адамгершілік мінез- құлықтың артықшылықтарын бейнелейді. Мысалы:

- Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен,  
Кете бар, кессе басың, шындықпенен.  
Қорек тал бейнеттен де, тәңірім жәрдем,  
Телмірме бір адамға мұндықпенен.  
Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз  
Азған елдің ішінен  
Алыс- алыс қашыңыздар  
Зияндасты кісіден.  
Жақсыны көзден салмаңыздар,  
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар...

Ыбырайдың мұндай өлеңдері бүгін де ескерді, мән –мағынасы көнерді деп айта алмаймыз.[3]

Ақынның бірлі – жарым өлеңдері табиғаттың сұлу көрністерін суреттеуге арналған. Мұндай лирикалық өлеңдер Ыбырайға дейін қазақ әдебиетінде кездеспейтін. Өйткені пейзаждық лирика, көбінесе, жазба әдебиетке тән. Табиғат сұлулығын жырлау – орыс әдебиетінде, т.б. елдердің әдебиетінде ХҮІІІ ғасырдан келе жатқан белгілі дәстүрлердің бірі.

Ыбырайдың "Жаз", "Өзен" өлеңдері көркемдік келісім жағынан (халық өмірімен байланыс, өлкетану т.б.) оқушының жан дүниесінде жайдары сезім туғызып, көңілді әсер

қалдырады. Табиғат көріністерін суреттеуі жағынан да Ыбырай мен Абайдың арасында үндестік бар. Олардың орыс әдебиетімен жақсы таныстығы көрінеді.

Ыбырайдың табиғат тақырыбындағы өлеңдерінен ақындық шеберлігі де көрініп тұр. Зерттеушілер бұл өлеңдердің халық арасына кеңінен таралғандығын атап көрсетеді.

Сондай-ақ ағартушы ғалым бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән беріп, ана махаббатын терең сезіммен жырлап, сол арқылы баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызын есіне салып, ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтқан. Бұл өлеңдерді біз бастауыш сыныптардан-ақ жатқа айтып жүрміз. ("Бұл кім?", "Ананың сүюі", "Балғожаның хаты"...)

Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі- проза жанры болды. Оның "Бай баласы мен жарлы баласы", "Қыпшақ Сейіткүл", "Киіз үй мен ағаш үй", "Надандық", "Лұқпан хакім", т.б. бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді.[4]

"Бай баласы мен жарлы баласы" - Ыбырай шығармаларының биік шыңы. Ол, біріншіден, озық ойларының жемісі әңгіме оқушысын еңбек етуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Үсеннің іс-әрекетін жазушы сүйсіне жазады. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай бағалайды. Бұл әңгімеден сол дәуірден өмір көріністерін, көшпелі тұрмыстың беймаза тірлігін көреміз. Қазақ энциклопедиясы жазушының бұл әңгімесіне орыстың сол кездегі озық ойлы адамдарының көңіл аударғанын Н.Иванов деген журналистің орыс тіліне аударып, "Родник" журналының 1890 жылғы 6-санында жарияланғанын атап көрсетеді.

Ыбырай Алтынсаринның айтулы шығармасының бірі- "Қыпшақ Сейіткүл". Сейіткүлдың іс-әрекетінен оның өмірге жаңаша талаппен қарайтындығы байқалады. Жер шаруашылығымен айналысуы, бұл кәсіптің тиімді тәсілдерін қолдануы (шығыр салу, арық қазу, т.б.), сүйтіп, оның айналасындағылардың орташа тіршілік етуге жетуінің өзі бірліктің, еңбектің нәтижесі екендігін сипаттайды. Әңгіменің тәрбиелік жағы-осындай жаңашылдық бағытында. Сол арқылы қоғамдық құбылыстармен жұртшылықты кеңінен таныстыру мақсаты көзделген. Әрі бұл әңгіме тарихи болған оқиғаның негізінде жазылса керек. Оны автордың өзі атап көрсетеді.

Көркем әдебиеттің күрделі жанры - әңгіме екені белгілі. Өйткені үлкен жанрдағы шығармаларға қойылатын талаптар әңгіме, новелла тәрізді (1-2 эпизодтан тұратын көркем қысқа әңгіме) шағын шығармаларға да қойылады. Бұл тұрғыдан алғанда Ыбырайдың әңгімелері түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізеді. Өзінің озық идеяларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді.[5]

Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: "Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысынын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар,"-деп жазды.

Бұл аталған ерекшеліктер жазушының барлық әңгімелеріне ортақ...

Мектеп оқулығы үшін жазылғандықтан, Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына енгізілген.

Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез-құлыққа бағыттау, халқын сүю махаббат-мейірім (ана-бала) перзенттің парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығанын көреміз.

Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен-бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, сүйсінеміз.

Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан- жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны расан зор.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы,
2. Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. – Алматы: "Санат" 1995 ж.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: "Білім" 2004 ж.
4. Қалиев С. ХҮ-ХҮІІІ ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ойлар. – Алматы: "Рауан" 1990 ж.
5. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: "Санат" 2001 ж.

*А.А. Смагулова қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
«С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ, Балқаш қ.*

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АТА ТӘРБИЕСІ МЕН ҒИБРАТЫ**

Елбасымыз Н.Ә Назарбаев өзінің «Қазақстан 2030» жолдауында: «Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет... ұлттық мінез – құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек дегені мәлім. Міне, осы орайда жоғарыда айтылған мәселелерге отбасылық тәрбие оның ішінде ата тағылымының алатын орны зор. «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» деп заңғар жазушы М.Әуезовтің айтып кеткендей замана көшіне ілесу үшін болашақ жастарымыздың тәрбиелі де білімді болып озық ойлы маман болып қалыптасуына айрықша көңіл бөлуіміз қажет. Қай заманда болмасын келешек алдында ұлы мұраттың ең бастысы – өз ісін, өмірін жалғастыратын сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Қоғамдағы саналы ұрпақ өзінің адамгершілігімен, саналы тәрбиесімен, функционалдық сауаттылығымен ерекшеленетіні белгілі. Қай заманда болсын, қазақ халқында бала тәрбиесі қалыс қалған емес. Қазақ зиялылары мен педагогтерінің маңдайалды шығармалары бала тәрбиесіне арналғаны мәлім. Жас жеткіншектерге тәрбие негізінде тұңғыш қалам тербеген ағартушы – педагог Ыбырай Алтынсариннің шығармаларында адамгершілік асыл қасиеттер мен еңбекқорлық тәрбиесі біртұтас өріліп отырылады. Ыбырайдың ғибратқа толы әңгімелерінде мейірімділік, қанағат, әділеттілік қасиеттерді күнделікті өмірде болып жатқандай етіп қысқа да нұсқа мазмұнды етіп шебер әңгімелейді. Ыбырай әңгімелернің негізгі идеясы – ата тағылымы. Адамды тіршілікпен үйлесімді, еңбексүйгіштікке, ғибратты өкінішсіз өмір сүруге дағдыландыру, баулу. Прозалық шығармаларының басты ерекшеліктері – ұлттың мәдени –әлеуметтік өмірін арқау ете отырып, саналы ұрпақ тәрбиелеуде ата тағылымы баса көрніс табады.

Халықта «Жаста берген тәрбие жас шыбықты игендей» деп бекер айтылмаған. Жас жеткіншек бойына құндылықтар мен дағдыларды, ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде ұлттық құндылықтар мен рухани мұраның орны ерекше. Жаһандану кезеңінде Ыбырай әңгімелеріндегі ата тағылымының орны ерекше. Дүниедегі кереғар екі нәрсені салыстыруда жақсылық пен жамандық, еңбекқорлық пен жалқаулықты ажыратуды әңгімелері арқылы айтты. Мысалы: «Дүние қалай етсең табылады», «Атымтай Жомарт», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімелерінде тек адал еңбектің арқасында мұратқа жететіндігі нақты дәлелдермен көрсетілген. «Дүние қалай етсең табылады» әңгімесінде автор қайыр сұраған Антонның әрекетіне кездескен жолаушының берген ақыл-тыңдаған Антонның да үлкен дүкен иесі болып, ақылдылығы

мен еңбегінің арқасында байығанын жастарға үлгі етіп ұсынады. Сол сияқты «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде де Сейітқұлдай азаматтың Қабырға бойына елді көшіріп, қолдарына кетпен беріп егін еккізеді. Артық егінді малға айырбастап аз жылда малды ауыл болумен қатар, елдің қауіпсіздігін де ойлап қорған тұрғызып, киім – кешек, азық – түлікпен қамтамасыз етіп мамыражай өмір сүреді. Осы әңгіме арқылы жастарға ұрлық түбі – қорлық, еңбек түбі – береке екенін ұғындырып, ой салады. Ақыл мен еңбек тек жақсылыққа апаратынын адал еңбектің маңызын түсіндіреді.

Ыбырай әңгімелеріндегі келтірілген мысалдар бүгінгі қоғамнан қалыс қалмайды. Соның ішінде бүгінгі қоғамға аса керек тәрбие – ата ғибраты. Мысалы, оған дәлел «Әке мен бала» әңгімесі мазмұнының қарапайымдылығы мен тәлім – тәрбиелік мәнінің жоғарлылығымен ерекшеленеді. Осы әңгімені оқыған талай оқырманның жүрегіне ой салып, зердесіне жатталып қалады. Баланың қалыптасуына әкенің әсерлі ықпалын ашып көрсету арқылы мағынасында үлкен қорытынды жасайды. Аз жұмысқа ерінген баланың сұраныс қажеттілігі арқылы көп жұмысты еселеп орындағаны арқылы өмірлік тұжырым жасауға икемдейді. Сол сияқты «Бақша ағаштары» әңгімесіндегі бағып – қағуда көп мағына барына шек келтірмейтін дәлелдер арқылы бала жүрегіне ой салады. Бала тәрбиесіне жастайынан көңіл бөлу керектігін, жіберіп алған қателіктер түзеуге келмейтінін аз мазмұнға сыйдырған – мысал-әңгіме.

Қазақ даласына «Дала қоңырауы» болып дабыл қаққан ағартушы оқу – ағарту жұмыстарымен қатар, сол кездегі қоғамдық – саяси өміріне де араласты. Қазақ даласына білімнің көзін ашып, өнегелі, тәрбиелік мәні, өмірлік ауқымды мазмұндағы шығармалары аталық ғибратқа толы. «Бай ұлы» әңгімесі – батаның қазақ ұғымындағы маңызы «Баталы ұл арымас» - деген халық тұжырымының өміршеңдігі әңгімеге арқау етіп, жастарды ізгілікке, қайырымдылыққа, жетім – жесірге қамқор болуға үндейді. «Батасыз құл жарымас» деп, оқырманын қайырымдылық пен мейірімділікке, жүректің жылылығына бағыттайды. Осындай аталық ғибратқа толы әңгімелерінің мазмұндық құндылықтарымен таныса отырып, шығарма мазмұнындағы ой – тұжырымына назар аудара отырып, түрлі тақырыптарға бөліп қарастыруға болатынына ой түйдім. Ыбырай шығармаларындағы шағын көлемді әңгімеде қаншама ғибратты өсиет жатқанын оқырманы өнегеге толы салмақты ой тастайтыны сөзсіз. Қарапайым шығармаларында халқымыздың қанына сіңген үлкенді сыйлау, өнеге тұту қасиеттерін дәріптей келе, отбасылық татулық пен жарасымдылықты жоғары қойғанын аңғарамыз. Шағын көлемді әңгімелерімен тәрбиелей баяндауы ұтымды берілген. Әңгімелері ауызекі сөйлеу стиліне құрылып, диалог түрінде құрылып, бір сюжетке негізделінгендіктен оңай оқылып, кітап оқуға да қызығушылықтарын арттырады.

Бүгінгі қоғамдағы аса алаңдататын интернет желісіндегі, теледидар арналарынан, ақпараттық құралдар арналарынан көрінетін қатыгездік пен зұлымдыққа толы көріністерді көргенде, қарапайым тілмен жазылған ата тағылымына толы тәрбиелік мәні зор адамгершілік қасиеттердің жетіспейтінін түсінуге болады. Отбасылық тәрбие ата – ана тағылымы тәрбиеден тыс қалуы, жеткіншектердің бойындағы асыл қасиеттердің бірі қайырымдылықтың жұтандауына әкеледі. Қоғамда бой алған ата – анасын қарттар үйіне өткізетін мейірімсіздіктен сақтандырудың бірден бірі – ата тағылымы. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы...» - деп, Әл – Фараби ғұламаның айтқанындай білімді игертпес бұрын балаға алдымен саналы тәрбие берілуі керек. Саналы тәрбие өзегі отбасынан көрініс табады. Бәсекеге қабілетті, жан – жақты дамыған білімді ұрпақ бойында адами қасиеттері болмаса, алған білімі ел ертеңіне қауіп төндірмесіне кім кепіл? Жаһандану заманында ақпаратты құралдарды жетік меңгерген, интернеттен тәрбиеленген бала ел тірегі, рухани толық адам бола ала ма? – деген сұрақ бәрімізді алаңдатады. Техника ғасыры сан түрлі өнер үйретсе де, ұлттық құндылық болмыстарымызды, рухани байлықты, адами қасиеттерді дарыта алмайды. Терең мағыналы, оқырманына ой салатын тағылымы мықты шығармаларды оқыту арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеуге болады. Адами қасиеттерге тұнып тұрған аталық тағылымы мол Ыбырай әңгімелерінің құндылығы басым. Тәрбиенің қайнар көзі халық тұрмысынан еш алшақтамаған

әңгімелеріндегі түпкі мақсаты «Адам» болуды өзек етіп алған шығармалары құндылығымен аса маңызды. Бүгінгі проблемалардың бірі бала тәрбиесіндегі ата – аналардың қалыс қалуы – өзекті мәселе. Жас ұрпақ бойына ата тағылымын сіңіруде Ыбырай әңгімелерін оқыту арқылы ғана саналы да, мейірімді, ел ертеңін ойлайтын, тәрбиелі, жанашыр ұрпақ тәрбиелей аламыз.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ахметова Ә. «Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы» Алматы. 1992.
2. Алтынсарин Ыбырай «Қазақ хрестоматиясы» әңгімелері.
3. Ана тілі газеті, №15, 2011 жыл.
4. Қазақ балалар әдебиетінің қазынасы. Алматы. 2003.
5. Қазақ хрестоматиясы, I том.
6. «Ыбырай Алтынсарин тағылымы» жинақ.

*А.И. Смагулова*  
*өзін-өзі тану мұғалімі*  
*«№ 27 ЖББМ» КММ Қарағанды қ.*

#### **МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ**

«Кітап оқу-рухани жетілудің көзі»  
Қасым-Жомарт Тоқаев, ҚР президенті

Бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір – кітапхана. Көне жазбалар мен сирек кітаптар секілді кітапхананың да тарихы өте ескі дәуірлерден бастау алады. Кітапхана – мәртебесі биік киелі шаңырақ.

«Қазіргі әлемде кітапсыз және кітапханасыз адамның дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар - бұл білім мен мәдениеттің орталығы, жаңа және тың идеялардың отаны, мемлекет басшысы электронды форматтың қарқынды дамуына қарамастан, дәстүрлі кітапхананың тәрбиелік рөлі ешқашан маңыздылығын жоғалтпайтынын айтты. Осыған байланысты «Президент ұсынған 30 кітап» ақпараттық -кітапханалық кешені әлемдік және қазақ әдебиеті, публицистика, ғылыми және рухани жаңғыру кітаптарын оқуды ұсынады.

[1]

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы: «Беделді халықаралық зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, біздің мектеп оқушыларының оқу сауаттылығы тиісті деңгейде қалыптаспаған. Сондықтан жоғары оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту қазақстандық мектептердегі оқу процесінің басым бағыттарының біріне айналуы тиіс», - деді. [2]

Тұмсықтыңың тамағы,  
Шоқу менен табылар,  
Өнер-білім дегенің,

Оқуменен табылар, -деп Ыбырай атамыз айтып кеткендей, балалар мен жастар тәрбиесінің болашағы – оларды адамгершілік – рухани жағынан нағыз адам етіп қалыптастыру керек, оқу мен білімге баулу, туған жеріне деген патриоттық сезімді тудыру болып табылады.

Бүгінгі жастардың кітап оқуға құмарлығы төмен екендігі күмән тудырмайды. Жаһандану заманында бұқаралық ақпараттар ағымы толассыз ағылуда. Бұл мәселені бір жақты қарауға болмайды. Бүгінгі жастардың психологиясы бұрынғыдан мүлдем өзгеше. Қазір ақпаратты тек кітаптан ғана емес, ғаламтор көздерінен, бұқаралық ақпарат құралдарының-ақ алуға болады. Бүгінгі баланың қолында электрондық құралдарды, яғни



ұялы телефон мен планшетты қолдануын жиі көреміз. Мұның өзі кітап оқу үрдісін алмастыра алады, бірақ бұл баланың қоғамда әлеуметтенуіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан қазір ұжымдастырудан гөрі индивидуализация (жекешелену) психологиясы басым. Бұл заман ағымы және өмірлік талап, адам санасы қоғамдағы болып жатқан өзгерістермен тығыз байланысты.

Толассыз келіп жатқан ақпараттардың сана өрісінен өтуі екіталай. Бірақ XX ға-сырда жастар кітапты қолдан-қолға тигізбей оқыған болса, XXI ғасыр жастарының классик жазушылардың кітаптарынан тәрбиелік және рухани байлықты алу жағы жеткіліксіздеу. Дегенмен, қазіргі жастарды кітап оқуға баулу керек. Ол отбасында мектепте, жоғары оқу орындарында үрдіске айналуы керек. Мәдениетті адам болуы үшін бірнеше тілді игеру әрі рухани байлық кітапты дәстүрлі оқи алатындай болуы керек. [3]

Бүгінгі нарық билеген заманда адамзат рухани қажеттіліктен гөрі, тән қажеттілігін өтеу үшін материалдық дүниеге көбірек көңіл бөліп жүр. Осы тұста адамдар бұрынғыдай кітап оқу дағдысынан айырылып бара жатқанын байқаймыз. Соның салдарынан жастар еркін ойлауға, ауызекі тілде көркем сөйлеуге қабілетсіздік таныта бастағандай. Қазіргі ақпараттар сананы еріксіз жаулап алып, жастарды рухани жұтаңдыққа ұшыратып отырған жоқ па? [4]

Сондықтан да, бүгінде білім және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру барысында, оқушылардың шығармашылығын, оқуға деген ынтасын нығайту үшін барлық кітапханаларда цифрландырылған ақпараттық орталықтарын ашу және мектепте жаңа форматтағы оқу залдары, мұражай мен электронды оқу бөлмелері жұмыс жасап, оқушыларға экскурсия ұйымдастырылып отырған жөн.

Мектеп кітапханасының қызмет аясын кеңейту, қорын пайдалану, соның ішінде мектеп кітапханасы – оқушыға әдебиет таңдау, оқырмандық қызығушылығын кеңейту, мұғалімге кәсіби өсуге көмектесуші, оқуға, дүниені тануға қозғау салушы болып табылады.

Жастарымыздың мобильды болуы үшін оқу клубтарын ашу, ақын-жазушылармен интернет-диалог өткізу, кітаптармен және электронды ақпараттармен ыңғайлы жұмыс істеуге, бейресми қарым-қатынас пен бос уақытқа жиналатын тартымды орынға айналдыруымыз қажет. Мұндай білімдік орта құру арқылы ақпараттар көзінің мүмкіндіктерін аша отырып, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. [5]

Мектеп кітапханасы бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының ресурстық орталығы. Өскелең ұрпақтың талаптарын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту тұрғысында мектеп кітапханасының қосар үлесі бар екенін естен шығармауымыз керек.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. [<https://agakaz.kz/news/c/30-knig-rekomendovannyh--prezidentom> 283]
2. [<https://www.inform.kz/ru/kasym-zhomart-tokaev-prizval-povyshat-interes-k-chteniyu-u-shkol-nikov> a3709467]
3. [<https://www.inform.kz/kz/galamtor-zhane-kitap-gumyr> a2727948]
4. [<https://www.inform.kz/kz/galamtor-zhane-kitap-gumyr> a2727948]
5. Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп кітапханалары ресурстарындамыту бойынша. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы. Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

*А.С. Смаилова  
ағылшын тілі пәні мұғалімі  
№ 101 мектеп лицей, Қарағанды қ.*

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ы. Алтынсарин білім берудің даму тарихында оң рөл атқарды, көп жағдайда олар өз маңызын жоғалтпайды. Ы.Алтынсарин ілімдері көптеген педагогикалық проблемаларда көрініс тапқан, оқытуда, тәжірибе мен байқауда жалпы педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік көріністердің маңызды ұғымдары енгізілген тұтас және ерекше педагогикалық жүйені білдіреді. Өзінің ағартушылық-педагогикалық қызметінде тұлғаның адамгершілік негіздерін тәрбиелеуге көп көңіл бөледі. Ол исламнан бас тартпайды, исламды оқытуға қарсы емес, бірақ дін ғылым мен техникамен келісіліп, жастардың адамгершілік тәрбиесіне ықпал етуі керек деген. «... Мен олардың (оқушылардың) моральына әсер ету үшін барлық күш-жігерімді саламын, сондықтан олар кейінірек парақор болмауы керек. Маған күлу керек, мен кейде сабақтан бос уақытта ресми түрде молдамын және рухани тарихтан білетінімді, оған басқа да пайдалы, түсінікті әңгімелер қосатынымды айтамын..." педагог-ағартушы ретінде. Ы. Алтынсарин мектептің маңыздылығы мен рөліне, сондай-ақ оқу және тәрбие үдерістерінің мақсаттарын іске асырудағы мұғалімнің әлеуметтік және адамгершілік миссиясына үлкен көңіл бөлді. Ол сенді "...мектептер - бұл білім берудің негізгі серіппелері [1].

Ы. Алтынсарин оқу-ағарту қоғамдық өмірдің барлық аспектілерінің ілгерілеуінің негізінде жатыр деп нақты сенді. Бұл білімді халықтарға өмірлік игіліктер жасауға, гүлденген қоғам құруға мүмкіндік беретін білім, ал надандық пен білімнің болмауы адамды тағдыр алдында дәрменсіз етеді. Тек ғылым мен білімді игеруге ұмтылған адам ғана өз өмірі үшін тыныш бола алады. Адамдар үшін қарапайым және түсінікті сөздер. Ы. Алтынсарин білім алу, шынайы білім алу қажеттілігі туралы идеяны олардың санасына жеткізуге тырысты, зайырлы мектептерде оқу арқылы, өмірге пайдалы сабақтар беріп, оқушылардың басын бітеп тастаудың қажеті жоқ. Надандық пен діни білім деп аталатын болсақ, олар тоқыраудан, ортағасырлық артта қалудан және тіпті діни қозғалыстан басқа ештеңе бере алмайды.

Ы. Алтынсариннің идеялары бүгінде жақсы таныс. Осыдан бір жарым ғасыр бұрын ол мектептегі білім беру жүйесінде жаратылыстану ғылымына, орыс және қазақ тілін оқытуға басты орын берген болатын. Дәл осы мәселе біздің елімізде өмір сүру нормасы ретінде екі тілділікті бекіту туралы айтылған кезде өзекті болып табылады.

Ы.Алтынсарин мектептегі тәртіп-тәрбие мәселесіне көп көңіл бөлген. «Тәртіптің шындыққа айналуы тәртіптілік сезімін тудырады» деген екен ұстаз. Тәртіп ұғымына үлкен талдау жасай отырып, ұстаз тәртіпті тәрбие құралы деп, тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деп анықтама берген. Бұл жерде ұлы ұстаздың айтпағы оқушылардың мектептің тәртібіне көндігуі, оны сақтауы олардың болашақтары үшін де маңызы зор.

Еңбекке баулу - Ы.Алтынсариннің шығармаларының басты идеясы. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбиенің маңыздылығын атай отыра, «бағып-қағуда көп мән бар» деп баланы тәрбиелеу жеміс ағашын өсірген бағбанның еңбегімен бірдей дейді.

Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологиялар бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп - саралап оқыту, проблемалық оқу, интерактивті, белсенді оқыту т.б. - қайсысын алсақ та негізінде Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деуге болады. Ы.Алтынсариннің педагогикалық үрдістерін қолға ала отырып, ағылшын тілі сабағында кіріспе бөлімінде оқушылардың назарын сабаққа аудару үшін, яғни байланыс орнатуға және сыныптың не білетінін анықтау үшін: Бүгін қандай күн? Бүгін ауа райы қандай? Су санала ма? Алма санала ма? т.б. Бұл жаңа тақырыпты ашуға түрткі болуға арналған сұрақтар толығырақ жауап беруге итермелейді. Осы сұрақтарды қоя тұра мұғалім, яғни, мен және оқушылар арасында талқылау, диалог әдісі іс жүзіне асады. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, білімді бірлесіп құру, талқылау, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әр сабағымда оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын ашық, еркін айтуға мүмкіндік беремін. Өзара талқылау арқылы түрлі ойлардың болатындығын, бір-бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетсе, сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Бұл оқушылардың қандай деңгейде

екенін түсінуге көмектеседі. Біз көбінесе диалогтық оқытуды сұрақ-жауап ретінде қолданамыз. Яғни, бала теорияны меңгерумен қатар тәжірибе жүзінде де қалай жасау қажеттігін ұғынуы керек. Тәжірибелік жұмыс жасау барысында көптеген сұрақтар туындайды. Оқушылар өзара пікірлер мен болжамдар айта отырып, бірлесе жұмыс жасайды. Жұмыс жасау барысында оқушыларға көптеген сұрақтарды қоюға болады. Мысалы, кез келген сабақтың басталуы сұрақ-жауаптан тұрады. Сұрақтардың берілуіне байланысты оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Оқушы мен мұғалім арасында жақсы қарым-қатынас орнайды.

Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі «Бай баласы мен жарлы баласы». Бұл шығарманың да бала тәрбиесінде алатын рөлі ерекше. Аталған еңбек арқылы қазақ қоғамында болған ауыр шындықты, тағдырдың ащы уын татқан кедейдің баласының еңбекқорлығын баяндайды. Мұғалім өзінің сабағында осы мәселеге тоқтала отырып, Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедейдің баласының шыдамдылығы мен ақылдылығы, өмірге икемділігін, еңбекқорлығын, ал екінші байдың баласының шыдамсыздығын өзара салыстыра отырып талдап, осының барлығын оқушыларға үлгі ету [2].

«Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ы.Алтынсарин оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеуге, еңбектеніп, талаптансаң, талпынсаң өзіңнің мақсатына жетесің деген идеяны ашады.

Ә. Сыздықов «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары және ағартушылық қызметі» атты еңбегінде Ыбырай ашқан мектептердің жүйесін, оқу-тәрбие ісінің мазмұнын талдай отырып, Ы.Алтынсарин ұсынған оқытудың дидактикалық принциптеріне тоқталып, олардың халық ағарту саласында маңыздылығы жоғары екендігін, әрі әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтпағанын айтады.

Ы.Алтынсарин дүние жүзі педагогикасының классиктері Я.А.Каменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский т.б. гуманистік идеяларын басшылыққа алып, өз білімін дамытып отырған. Ол өз тәжірибесінде халықтық педагогиканы басты орынға қояды. Барлық еңбектерінде халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпты, ізгілік қасиеттерді арқау етеді [3].

Мектептегі оқуды қазақ тілінде жүргізген ұстаз, сол уақыттағы жаттанды білім беретіндерге қарсылық білдіреді. Ол өзінің зерттеу еңбектерінде ең алдымен тіл дамыту, одан кейін әліппе бойынша оқыту, жазу және оқу кітабы оқу, жазу, салыстырып отырып оқыту, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың аз уақыт ішінде сауаттанып, білімді тез меңгеретіндігін айтқан. Сонымен қатар, орыс тілін меңгертуде аударма әдісін қолдана отырып, тілді меңгеруін, ойлауын, жазуын қалыптастырған. Мұндағы басты мақсаты, тілді үйренуді ережеден емес, сөзді үйренуден бастаған дұрыс дейді [4]. Осы орайда мен өз оқушыларымның тілдік қорын дамыту үшін жұмыс жасап жатырмын, сабақтарымда аударма әдісін қолданамын. Әр түрлі тақырыпта қысқа әңгіме, мәтіндерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аударып отырып оқушылар сөздік қорларын кеңейтіп қана қоймай, әр елдің мәдениеті, тарихымен танысады.

Ыбырай Алтынсарин - өз халқының талантты ұлы, ұлт мақтанышы. Ол қазақ халқының мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосты, оның еңбектері мен барлық шығармашылығы тарихымыздың алтын қорына еніп, кейінгі ұрпаққа сарқылмас бай мұра қалдырды. Ол қазақ халқының жадында осындай ұлы тұлға болып қалды. Мен оның шығармалары, аудармалары әр оқырманға қолжетімді болғанын, сирек мұрағаттық материалдар жарияланғанын қалаймын, ал жас ұрпақ талантты ақын мен аудармашының жұмысын ризашылықпен зерттеді. Алтынсариннің Қазақстандағы халыққа білім беру тарихындағы маңызы өте зор. Алтынсариннің қызметі біз үшін қоғамдық ойдың дамуы және оның халыққа білім беру мен Қазақ әдебиеті тарихындағы орны тұрғысынан үлкен қызығушылық тудырады. Біз Ы.Алтынсаринге оның алғашқы Халық мұғалімі, Қазақстандағы халық мектептерінің алғашқы ұйымдастырушысы және қазақ халқының ортасынан шыққан алғашқы теоретик-педагог ретіндегі қызметі үшін құрмет көрсетеміз.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Сүлейменов Б. С. Ибрагим Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы (1841 - 1889);
2. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1957, 5-40;
3. Б. Ы.Алтынсарин. Үш томдық шығарма, Алматы, 1978, Т.2, С. 141.;
4. М.Әуезов, «Жиырма томдық шығармалар жинағы». "Жазушы", 1985, т.20 - б. 26.

*К.Сманов  
тарих пәнінің мұғалімі  
№134 негізгі орта мектебі, Қарағанды қ.*

## **БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.**

Тәуелсіз мемлекетіміздің 30 жасқа толу мерей тойында азаттық үшін педагогикалық, ағартушылық ісімен тәуелсіздікке үлкен үлес қосқан халық қалаулысы, ақын, дарынды жазушы, әдебиет танушы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин туралы айтпай кету мүмкін емес. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығы, Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа – тұс келді. Ыбырай Алтынсарин қазақтың маңдайына біткен ұлы перзенті, қазақ зиялыларының арасынан шыққан халық ағартушысы тұңғыш қазақ жерінде оқу – ағарту ісін жүзеге асырып, қоғамның даму жолында талмай еңбек еткен ақын, талантты педагог. Ол болашақ ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісіне ерекше көңіл бөлген. Қазақ елінің жас ұрпағының болашағына, тағдырына терең үңілген. Қазақ халқының мәдениеті, әдет – ғұрпы, экономикасы жағынан ақсап, отарлау саясаты басым кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнерінің жаңғыруына, өсіп өркендеуіне айқын жол ашып, негізін қалаған.

Ыбырай Алтынсариннің еңбектері Қазақстандағы әлеуметтік – педагогикалық мәселелерді шешудің жолдары мен негізгі ұстанымдарын жазған. Іресі жаңа қаланбақшы болған алғашқы мектеп құрылысын, мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіндерге берілетін білімнің бағыт – бағдарын айқындап, бұқара халыққа мазмұны мен маңызын түсіндірді және бастауыш мектептерге оқу – құралдарын әзірледі. Сонымен қатар Ыбырай Алтынсарин бар ғұмырын туған халқының өнер – білімді, жаңа заманның ағымына сай, өркенниетті, мәдениетті елдердің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Қазақ халқының болашағына алаңдап, ұлт тәрбиесіне терең үңілген Ы.Алтынсарин жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз заманының озық ғылым – білімімен қаруландыруға, сапалы білімді, саналы тәрбиелі ұрпақты кәсіп түрлеріне үйретуге талмай еңбек еткен. Ы. Алтынсарин өз ісінің нағыз шебері бұл жолда еш тайсалмастан, алуан кедергілер мен қиыншылықтарға мойымай, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Өшпес ізі туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды. Сол кездегі тәрбие мен біліммен сусындаған ата – бабаларымыздың өшпес мәдениеті, ұлт тәрбиесінің құндылықтарымен әлі де біз сусындап келеміз. Ы.Алтынсарин мектеп ашып, бала оқытып қана қоймай әсіресе өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, алғашқы тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазған. Сол әдеби шығармалары арқылы қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке де қосқан үлесі өте зор, тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Әдеби тілмен әсерлі жазылған мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, әңгімелері, мысалдары қазақ әдебиетінің тарихында мәңгі өшпес орын алады. Осы тұрғыдан қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, педагог ағартушы Ыбырай Алтынсариннің тіл тазалығы үшін күрескерлігі, педагогикалық ілімнің тұңғыш кемеңгері деп білеміз. [1]

Білім беру сапасын жақсартудың бірден – бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Егер мұғалім оқушының табиғи дарынын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдаланып, тек қана бір

сабақтың барысында бірнеше жаңа технологияны кезекпен, тиімді, оқушыларды жалықтырмай жүргізе алса нағыз білімді, тұлға дайындап шығарады. Сабақ – мұғалімнің көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Ы. Алтынсаринде мұғалімдердің беделін көтере отырып, осындай талап қойған.

Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологияларда бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп – саралап оқыту, проблемалық оқу, интерактивті, белсенді оқыту т.б. қайсысын алсақ та негізінде Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деуге болады. [2]

XIX – XX ғасырларда Қазақ елі Ресей империясының құрамына толық енгеннен кейін қазақ даласын басқаруға тәжірибелі қазақ шенеуніктері қажет болды. Сондықтан қазақтарға арнап орыс – қазақ бастауыш мектептері ашыла бастады. Осындай мектептердің бірінде Ыбырай Алтынсарин де білім алды. Ерте жетім қалған Ыбырай атасы Балғожаның тәрбиесінде болады. Балғожа Жаңбыршин ел басқару ісінің шебері, би, аса бай адам болған. Немересін жасынан адалдыққа, тура сөйлеуге, шешендікке баулиды. Ыбырай өзі де табиғатынан алғыр, зерек, еңбекқор болды. [3]

Ұлттық ғылыми білім беру, мектеп философиясы, әдебиеттану, дипломатия, лингвистика, әліппеттану, мектептану, жаңа алфавитке көшу, рухани-адамгершілік жаңғыру, балалық шақ философиясы мен тәрбие идеалы, отбасы мен қыз тәрбиесі, балада тілдік, тарихи, географиялық сананы қалыптастыру, діни құндылықтарды, халықтық поэзияны тиімді пайдалану, хрестоматия, оқулық жазу, орыс тілін оқыту әдістемесі, кәсіптік – техникалық білім беру, кәсіпкерлік пен аударма салалары мамандарын және мұғалімдерді жаңаша дайындау заманауи педагогика мен психологияның зерттеу пәніне айналмақ. Ыбырай Алтынсариннің ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық жүйе болып табылатындығы ақиқат.

Сонымен Ы. Алтынсарин дәуіріндегі үздіксіз білім берудің маңыздылығы мәселелері қазіргі уақытта да кәсіби сабақтастықты нақтылай түседі.

Үздіксіз білім берудің маңызды мәселелерінің заманауи сабақтастығы «Егер білім алушы бірдеңені түсінбейтін болса, онда педагог оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс», – деп Ы. Алтынсарин өз заманында тұжырымдаған нақыл сөзі «маман», «білім алушы», «педагог» ұғымдарының өзара тығыз байланысын көрсетеді. Білім алушының маман болуына тікелей педагогтің құзыреттілігіне қоятын талаптарды нақты болжай білді. [4]

Сөз соңында келгенде қазіргі біздің рухани-адамгершілік білім беру бағдарламысының мақсатын сол он тоғызыншы ғасырда өмір сүріп, қазақ балаларының ізгі білім алуына жан беріп жүрген Ыбырай атамyzдың қосқан үлесі зор екеніне көзім жетті. Ғұламаның ойы, сөзі, ісімен бірлікте өмір сүргеніне дәлелім осы деп білемін.

Демек, Ыбырай – ақын, тұңғыш педагог, ұстаз-ғалым. Оның мұрасы тарихқа да, әдебиетке де тән, ұстаздық тәрбиелік ой-пікірлері қазақтың таусылмас қазынасы.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. Ана тілі. 1991.
2. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969.
3. Қазақ хрестоматиясы, 2007 ж., «Білім» баспасы
4. Алтынсарин Ы. «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» – Алматы: Білім. 2002 – 105 б.

*Скорикова М.П., Аққазыева Е.М.  
учитель ИЗО, учитель ИЗО и черчения  
ШЛ №101, г. Караганды.*

## **ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА ИЗ ТВОРЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА.**

Воспитание и обучение учащихся, знающих и любящих свою Родину, – одна из главных задач учителя. На сегодня формирование гражданственности и патриотизма успешно решается через углубленное познание духовного богатства и освоение народной культуры своего народа и других народов, которые проживают в Республике Казахстан.

При проведении стандартных уроков по предмету «Художественный труд», наряду с основной учебной программой, желательно использовать воплощение мировоззренческого, этического образования, а также наследие выдающихся учителей новаторов, в частности Ыбырая Алтынсарина.

В казахском школьном просвещении особое место занимает Ыбырай Алтынсарин (1841-1889 г.). Он как настоящий учитель, педагог, ученый первым не только высказывал свои идеи просветительства, но и открыл школы, осуществил их на практике. Алтынсарин – творческий человек, он выражал свои идеи в поэзии, в литературе, а также в переводах известных литераторов. Ыбырай Алтынсарин был убежден, что казахская молодежь – будущее народа, она всерьез возьмется за овладение наукой, вполне сможет многого достичь. В стихотворении «Народы со знаниями и науками» Алтынсарин обращался к юношеству с призывом:

Молодежь! Мои друзья!  
Зелень свежая полей!  
Сверстников своих догнать  
Постарайтесь поскорей...[1]

И на сегодня этот призыв остается актуальным и востребованным. А также, имея богатый жизненный опыт, поэт просветитель призывал к единству, к братству во имя достижения прогресса, он всегда думал и мечтал о благополучии своего народа. Знал, ценил, воспевал красоту природы Казахстана.

Его литературные описания природы выразительны, реалистичны, эмоциональны – пронизаны чувством патриотической гордости. Например: стихотворение «Весна» и «Осень» очень живо и реалистично передают красоту живой природы, быт казахского народа.

(отрывок «Когда наступит весна»)  
Вот и лето пришло, нет чудеснее этой поры.  
И деревья, и травы могучей становятся, краше.  
Землянику, смородину с песней на склонах горы.  
Собирают аульные девушки наши...[2]

Как нельзя лучше, для реализации и выполнения программного материала эти стихи подходят по разделу «Жанры живописи» по предмету «Художественный труд» в 5 классе. Учащиеся, прослушав эти стихи, могут ярко представить эту картину сельского пейзажа на природе и по воображению выполняют живописные рисунки.

Творчество Ыбырая Алтынсарина проникнуто уважением к другим народам. Например, его стихотворение «Өсиет өлендер», «Наставление»:

(отрывок «Наставление».)  
Живущее всюду народы для радости сотворены,  
Всех лаского греет солнце, всем светят лучи луны.  
Особо рожденных не было и нет на этой земле,  
Мы друг перед другом с детства во всем должны быть равны. [3]

В своей литературно-педагогической работе он основывался на опыт передовой русской литературы в педагогике, идеи Белинского и других русских демократов.

Предмет «Художественный труд», как никакой другой, формирует причастность учащихся к историческим и культурным традициям разных народов – непосредственно к народному искусству, к произведениям народных мастеров. А народное искусство, как и искусство вообще, многофункционально и одна из функций - воспитательная. [4]

Кроме просветительской и научной деятельности, Ыбырай Алтынсарин занимался общественной деятельностью. Он приложил все усилия для того, чтобы в Казахстане образование смогли получить как можно больше людей. Он способствовал открытию первого училища для девочек-казашек. Это училище давало образование, где главным предметом образования было: шитье на машинке, ручное шитье, шитье золотом, вышивка, вязание и другое. Большое впечатление оказало на казахов открытие этого женского училища. Ыбырай Алтынсарин в нескольких своих произведениях поспевает идею - величие труда. Человек обязан быть полезным народу.

Благоприятные условия созданы на сегодняшний день в школе, благодаря 12-летнему образованию по предмету «Художественный труд» девочки и мальчики делятся на две группы, изучают, знакомятся и выполняют практические работы соответственно гендерному направлению. Учитель на уроках знакомит, сравнивает и анализирует различные стили, использует различные материалы и технологии в произведениях искусства, ремесла и дизайна различного исторического и культурного происхождения, с традиционными искусствами и ремеслами Казахстана и других народов, способствует развитию потенциала личности учащихся, воплощению творческих замыслов и реализации творческих и технологических проектов. Учитель должен стремиться оказывать индивидуальную помощь учащимся, а также социализировать процесс обучения, что позволяет им иметь свой школьный опыт жизни в обществе и в целом. Учителя и учащиеся в процессе обучения могут проигрывать жизненные ситуации, расширяющие рамки урока, целью которых должны быть сформированы качества высококультурного, патриотически воспитанного творческого человека. Можно отметить, что в программе художественно-технологического образования содержание школьного предмета «Художественный труд» недостаточно освещаются проблемы воспитания патриотизма, упрощён уровень знаний учащихся о патриотизме, слабо реализуется потенциал ДПИ и ремесел Казахстана и других народов, не всегда прослеживается их взаимосвязь. Мы забываем, что всё наше общее, интернациональное обретает реальную жизнь через бытовую сферу, житейскую психологию людей.

Наш опыт исследовательской работы показывает, что для учащихся уроки художественного труда соединяют в себе потенциалы нескольких компонентов процесса образования, патриотического воспитания, социализации учащихся.

На наш взгляд, одним из способов решения данной проблемы является проведение интегрированных, нестандартных уроков по предмету «Художественный труд», объединение учащихся с государственным языком обучения и учащихся русской школы, что будет результатом обоюдного обогащения национальной культуры и традиций.

Нами было проведено несколько уроков и открытых мероприятий по разделу художественные виды росписи с использованием элементов казахского национального орнамента и русской гжели и хохломы. Воспитательным результатом урока было проявление толерантности, уважение культур разных народов Казахстана, творческое обогащение, повышенный интерес к процессу выполнения задания урока. Источником творчества является родная природа, окружающий быт, а его произведения становятся частью окружающей жизни, повседневного быта. О чем говорил и писал, наставлял Ыбырай Алтынсарин.

Наш опыт исследовательской работы показывает, что для учащихся важен и интересен нестандартный подход к изучению тем по предмету и использование различных внеурочных открытых мероприятий, дополнительного литературного и наглядного материала известных педагогов, учителей. Из нашего опыта можно сделать вывод, что, вовлекая учащихся в активную внеурочную деятельность, мы повышаем интерес к литературе, искусству своего народа, к предмету и к качеству знаний. По воспитанию патриотических качеств подрастающего поколения мы используем различные методы: встречи учащихся со старшим поколением, старожилками национальных традиций и ремесел, интегрированные уроки с казахской и русской литературой. В частности, были проведены такие встречи к празднику «Наурыз», а также творческая выставка рисунков иллюстрации, на основе знакомства и изучении произведений Ыбырая Алтынсарина на казахском и русском языках: «Бай баласы

мен жарлы баласы», «Бакша ағаштары», «Әке мен бала» и другие. Живое общение с литературой, произведениями дало очень хороший яркий результат. Учащиеся с интересом знакомились с простыми, живыми, занимательными народными сказками, баснями и стихотворениями на двух языках. Итогом стала яркая, красочная выставка иллюстрации по произведениям просветителя, в которой приняли участие учащиеся начального, среднего и старшего звеньев.

Активный метод обучающего процесса- это элемент воспитания любви к родному краю, уважение исторического наследия, педагогического опыта просветителей и учителей, преобразование и применение в современном мире взаимообогащения разных культур и традиций. Закомство с анализом научной литературы, опытом работы учителей общеобразовательных школ по нашему предмету, наработки нашей собственной практики дали нам возможность сделать следующие выводы:

- существует возможность воспитания патриотизма через наследие Ыбырай Алтынсарина;
- возрастает потребность общества во взаимосвязи и преобразовании традиционного народного искусства и современной жизни;
- возможность организации эффективного патриотического воспитания средствами взаимосвязи литературного наследия и искусства, между учащимися и мастерами традиционных искусств и ремесел старшего поколения в современных условиях, а также их реализации на практике.

Осознание процесса патриотического воспитания учащихся, формирование основ патриотизма как важнейшей духовно-нравственной ценности, является готовностью к действующему проявлению профессионально значимых качеств и умений не только на уроках по предмету «Художественный труд», но и в различных сферах жизни, а также выбору будущей специальности или профессии.

Мы как учителя художественного труда с гордостью принимаем богатое наследие нашего просветителя. Для наглядности учителями «ИЗО» и «Художественного труда» выполнен стенд иллюстрации Ыбырай Алтынсарина в разных техниках: живопись, аппликация, рельефная лепка, витражная роспись, графика и объемная аппликация из ткани.



Наглядный стенд-иллюстрации по произведениям Ыбырай Алтынсарина в разных техниках, выполнены учителями предмета «Художественный труд» Скорикова М.П., Акқазыева Е.М., Пономарева Л.В.





Едукова Милана, ученица 7 «Г» класса,  
«Весна», акварель.



Тусупбекова Адиля, ученица 9 «Е» класса,  
«Мечта о школе Ы. Алтынсарина», акварель.

#### ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:

1. Алтынсарин И. Собрание сочинений. Алма-Ата, «Наука» КазССР, 1975 г
2. Канышева Н.М. Методика трудового обучения. М.: Академия. 1999
3. Узбекали Джанибеков. «Эхо...». Алма-ата «Онер». 1999
4. Калиев С., Аюбай К. Антология педагогической мысли Казахстана. Алматы, 2012

*Соколова Р.Р. учитель начальных классов  
КГУ «КШЯС «Таңшолпан» г. Абай*

#### НЕ ГАСИТЬ ЛЮБОПЫТСТВО И СТРЕМЛЕНИЕ К ЗНАНИЯМ

Образование во всём мире рассматривается в качестве важнейшего фактора становления и развития личности. Оно является неотъемлемой частью сложной социокультурной среды, в которой живёт каждый человек. Находясь в этой среде, он, с одной стороны, усваивает её ценности, требования, адаптируется к ним, а с другой - активно создаёт для себя необходимые условия для вхождения в культуру общества сообразно своим индивидуальным особенностям, мировоззренческим ценностям и личностным установкам.

В системе школьного образования, разработанной Ыбыраем Алтынсариным, главное место отводилось личности и моральному облику учителя. Он писал об учителе, что «Высокую душу для этого следует иметь, способную отдать свою пламень другим людям, ничего не требуя взамен». Он призывал учителей не держаться слишком теоретического обучения, а преподавать согласно склонностям и успехам ученика. Ыбырай Алтынсарин считал, что главное для родителей и учителей – любить детей и не гасить их любопытство и стремление к знаниям. [1]

Современная школа нацелена на развитие у детей функциональной грамотности, в обеспечении развития у учащихся способностей к познанию, творческому использованию полученных знаний в любой учебной и жизненной ситуации, готовности к саморазвитию и

самоуправлению посредством развития ключевых и предметных компетенций. Более существенным становится вопрос: «каким быть», а не «кем быть».

В настоящее время учителю необходимо видеть свою основную цель в изучении ученика как неповторимой индивидуальности; в создании оптимальных условий для его становления, личностного развития; в поддержке на пути самоопределения и самореализации через образование.

Как же можно реализовать развитие ключевых компетенций в начальной школе? (основная ценность – личность, ее самобытность, индивидуальность, неповторимость)

✓ В создание ситуаций для развития у учащихся коммуникативной, информационной компетентности, а также компетентности разрешения проблем;

✓ В предоставление ученику своего пути развития.

С учетом всех этих обстоятельств мне, как учителю, неоценимую помощь оказывают нетрадиционные формы обучения с применением элементов активных технологий. Прежде всего, это возможно в рамках проведения урока, при использовании активных технологий обучения, отборе и использовании дидактического материала и т.д., учитывая субъектный опыт ученика при освоении программного материала, в результате чего повышается уровень обучения и воспитания.

Сочетание в работе различных инновационных подходов к организации учебного процесса, выявляет и развивает способности ученика, которые вселяют в него уверенность, улучшают комфортность обучения. Моя задача – организовать совместную деятельность учеников. Я не «даю» знания и умения, а потом проверяю их и оцениваю – я участвую в обсуждении решаемых на уроке проблем и учу содержательному общению школьников со мной и друг с другом.

Используемая мной групповая работа на уроках открывает большие возможности, где мнение каждого ребенка ценно и заслуживает уважения; эти уроки позволяют ребенку учиться жить в обществе людей с разной точкой зрения и научиться мирному сосуществованию с учетом индивидуальной целостности одноклассников, сверстников и т.д. Для повышения эффективности урока применяю нестандартные формы обучения. Учащимся предлагается отстаивать свои позиции на уроках – диспутах, уроках-открытиях, уроках-взаимообучения, уроках-играх, а заочные путешествия, диалоги, инсценировки, работа с творческими заданиями делает урок запоминающимся. Стараюсь, чтобы мои ученики не боялись трудностей в учёбе и повседневной жизни. Создаю проблемные, поисковые, исследовательские ситуации на уроках, чтобы моделировать ситуации успеха с учётом индивидуальных способностей учащихся с целью включения их в творческий поиск решения учебных задач.

«Қыпшақ Сейітқұл», «Малды пайдаға жарату» «Дүние қалай етсең табылады», «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімелерінде жазушы қазақ жастарын жер кәсібімен айналысуға, қолда бар дүниесін пайдалы іске жұмсауға, ақша табудың жолдарын білуге және қаражатты үнемді жұмсаудың әдіс-тәсілдеріне үйретеді. Мысалы, «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде қарапайым қазақ жігіті Сейітқұл өз ауылының адамдарын жарлы-жақыбайлық тұрмыстан, жер жетпей, ырзық-несібе таппай сенделген ауыр тұрмыстан құтқару жолдарын іздеп, тығырықтан шығудың бірден-бір жолы қоныс аудару деп біледі. Сол үшін ол өз ауылдастарын халқы тығыз орналасқан оңтүстік өңірден еліміздің орталығына көшіріп әкеліп, жер жыртып, егін сала бастайды. Бұл жақтың мал бағудан басқаны білмейтін халқына егін салуды үйретсе, оңтүстіктен көшіп келген адамдарға қазақтың кең жазира даласында маңдай тердің арқасында мол өнім алуға болатынын көрсетеді. Әңгімеде жерді өңдеу мен егін егудің, оны күтіп-баптаудың, астық жинау мен оны қорудың әрбір қадамы тәпшіштеп айтылады. Сонымен бірге алған өнімін сақтауды, пайдаланғаннан артығын сатып, табысын қалай молайтуға болатынын түсіндіреді. Ыбырай Алтынсарин осы әңгімесі арқылы қазақ жастарын кәсіпкерлікке үйретеді. Қолында бар астықты шағын жәрмеңкеде сатуды, жергілікті халықпен сауда-саттық байланыс жасауда мәдениеттілікті сақтау жолдарын көрсетіп береді. «Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, тауарын айырбас етіп, осы қалыпта бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты»[1].

Жазушының бұл әңгімесі бүгінгі күні өте өзекті. Тәуелсіз Қазақстанның солтүстік өңірлеріне оңтүстіктен қазақ ауылдарын көшіріп, оңтүстіктегі халық тығыздығын азайту және солтүстік өңірлерге жұмыс күшін апару саясатын ұстанып отырған қазіргі кезде «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінің берері бірталай екені даусыз. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша осы әңгімені өткен кезде Сейітқұлдың ауылдастарын оңтүстіктен Торғай жеріне қоныс ауыстырғызып, халықты дәулетті елге айналдыруын қазіргі күнмен байланыстыруға болады.

Жазушының «Дүние қалай етсең табылады» әңгімесінде бір француз ғалымының көшеде қайыр сұрап жүрген Антон деген жігітке қалай қайыршылықтан құтылуға болатынын егжей-тегжейлі түсіндіріп беруі осыны оқыған жас жеткіншекке үлкен ой салары сөзсіз. «Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшік қылғаным жоқ елден. Қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым бар. Фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі, баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон», - дейді білімді адам. Осылай, ерінбеген, жоқтан бар жасап, қолда барын ысырап етпей, үнемдей білген, алға қойған мақсатына жету жолында тынымсыз еңбек еткен адамның үлгісі қайыршы Антонға да ой салып, ол да кейін өзіне жетерлік дәулет жинап, мақсатына жетеді екен. Бұл әңгіменің бүгінгі қазақ жастарына да берері көп. Жастардың ерінбей еңбектеніп, өз кәсібін ашып, кәсібінен нәсіп тауып, өміріне қажетті жолды табуына көмектесетін бұл әңгіме де өте өзекті деп санаймыз.

Ал «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімесінде көшіп-қонуға ыңғайлы киіз үй мен қыста суықтан қорғайтын ағаш үйдің артықшылықтары мен кемшіліктері айтылып қана қоймай, ұсталардың өз ақшасын үнемді жұмсауына, кәсіп жасаудағы серіктестік және жұмыс күшін тең бөлу сияқты экономикалық мәселелерге мән берілген. Әңгімені оқыған адам өзіне қажетті кәсіпкерлік тәлімді үйренері белгілі. Жазушының «Білгеннің пайдасы» әңгімесі де жастарды өнер үйренуге, білгенін өмірде қолдана білуге шақырады. Ойнап жүріп, қарт ұстаның жасаған шегелеріне қызығып, қалай жасауын үйреніп алған бай баласы кейін отбасы кедейленіп, бастарына күн туғанда, сол ойнап жүріп үйренген бір өнерінің арқасында отбасын құтқарып қалады. «Өнерді үйрен де, жирен» дейтін қазақ халқының жас өркені қандай да болмасын



өнерді, білімді үйреніп, оны келешекте қажетіне жарата білуі үшін бұл әңгіменің маңызы жоғары.

Ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсариннің аталған шығармаларын оқи отырып, тәлімгер өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Оның әңгімелерінің негізгі қайнары халық өмірін қамтиды. Жазушы өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алыстамаған. Ол кейіпкерлерді шынайы өмірге тән іс-қимылдары арқылы бейнелеуді мақсат еткен. Оның әңгімелерін оқыған әрбір жас жеткіншек болашағына қажетті жол тауып, еңбек етуді, кәсіппен айналысып, одан пайда тауып, дәулетті адам болуды да үйренері даусыз. Ұлт ұстазының кәсіпкерлік тәлім үйретер әңгімелерінің маңыздылығы бұдан кейінгі жылдарда де өзекті бола бермек.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Алтынсарин Ы. Шығармалары, Алматы: Ғылым, 1979.
2. Оспанұлы С. «Ы.Алтынсарин – ұлт қайраткері», Көкшетау: «Келешек», 2011.
3. Ы.Алтынсарин. Елтұтқа. – Астана: «Күлтегін», 2001.
4. [www.kazahdebieti.kz](http://www.kazahdebieti.kz)

*Д.Б.Тукенова, Ж.А. Даукишева  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері  
«№101 мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ**

«Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» - деген Ыбырай Алтынсариннің өсиетін елімізде ұстаздар жүзеге асырып отыр.

Ұлы ағартушы 1886 жылы «Қазақтың болыстық мектептері туралы записка» еңбегінде Торғай облысындағы мектептердің жағдайын сараптай отырып: «...отырықшы халықтармен сыбайлас болып отырған қазақ халқының арасында көрші тілін білуге, олардың жазуын үйренуге ұмтылушылық күшейіп келеді, өйткені халық өзінің табиғи жаратылысында әр нәрсені білуге құмар және ұғымпаз халық», - деп жаза отырып, осы табиғи мүмкіндіктерді дамытып, оны халықтың игілігін арттыруға тиімді пайдалануға жағдай жасау қажеттілігін ескертеді.

Ыбырай Алтынсарин 19-ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, олар уақыт өткен сайын жаңа серпінге ие болып, дами түсуде. Бұл ғылым мен білім дамуындағы сабақтастықты және дәстүр тұрақтылығын тағы да дәлелдей түседі.

Ұлы ұстаз оқушылардың теориялық білімін арттыру жолдарын машықтанумен ұштастыра жүргізуге үлкен мән берген. Сондықтан біз, мектеп мұғалімдері білім беруде педагогикалық машықтануларға көп көңіл бөліп, заман талабына сай инновациялық технологияларды қолдана отырып, ағартушының идеяларын жүзеге асыруымыз қажет. Ыбырай атамыз армандаған ұстаз қоғам талабына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті болуы тиіс. «Біз болмасақ, сіз барсыз, үміт еткен достарым!» деп ол өз халқының келешек ұрпақтарына сенім артқан.

Ерекше назар аударатын жағдай Ы. Алтынсарин сабақ кезінде білім алу мен сабақтан тыс уақытта білім алуды ұштастыруды ұсынды. [1-107б.] Сабақтан тыс уақытта табиғат

туралы және химиялық әңгімелерді, сонымен қатар аса маңызды жаңалықтар туралы материалдарды беруге кеңес берген. Бұл жерде педагог-ғалым баланы біржақты ақпаратпен жалықтырмай, оның қызығушылығын оятып, арттырып отыру керектігін атап көрсетті. Өйткені қызығушылығын танытпаған ақпарат тез ұмтылады, ал аса үлкен қызығушылықпен келген білім баянды болады, зердеде жақсы сақталып қалады. Осы тәжірибесін іске асыра отырып, біздің мектепте Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына орай сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды. Соның бірі- ұлы ағартушы -педагогтің тағылымға толы әдеби мұрасын насихаттау арқылы оқушылардың ақын-жазушының шығармашылығына деген ықыласы мен құрметін арттыру, көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын ояту, балалардың оқырмандық көз қарасын кеңейту, мектеп оқушылары арасынан талапты оқушыларды анықтау мақсатында «Кел, балалар, оқылық!» атты мектепшілік Ыбырай оқулары өткізілді. Байқауға қатысушылардың өнерін мектеп ұстаздарынан құралған әділқазылар алқасы бағалады. Сонымен қатар, Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұраларын насихаттау, мектеп педагогтарының озық педагогикалық тәжірибелерімен алмасу мақсатында және № 101 мектеп-лицейі білім беру ұйымына қазақ ағартушысы, этнограф-ғалымның есімін беруге арналған педагогикалық оқулар өткізілді.

Ы. Алтынсарин өзінің педагогикалық – ұйымдастырушылық әрекетінде бірнеше маңызды принциптерге және әдістерге сүйенгені бізге мәлім. Біріншіден, білім беруді әліппеден бастауды ұсынды. Әліппе деген- білімнің ең қарапайым сатысы, оны аттап кетуге болмайды. Бұл заңдылық жалпы адам танымының қисынынан туындайды. Өйткені ешкім қиындықты дайындықсыз бірден түсіне алмас еді. Әр уақытта қарапайымдылықтан күрделілікке, жақыннан алысқа, төменнен биікке ұмтылыс болу керек. Бұл да маңызды дидактикалық принцип. Заманның ағымына байланысты жоғалып кеткен әліппе биылғы оқу жылында қайтып оралды. [2]

Екіншіден, білім беруде жүйелілік әр кез сақталуы керек. Ғалым-ағартушының система жоқ жерде нәтижелі іс те болмайтынына көзі жеткен, педагог-ағартушы ретінде Ыбырай Алтынсарин мектептің рөлі мен маңыздылығына және оқу-тәрбие мақсатын жүзеге асыру үдерісінде мұғалімнің әлеуметтік, адамгершілік міндетіне көп көңіл аударған. Оның айтуынша, мектеп-білімнің қозғаушы күші.

Бүгінгі таңда педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі - тәрбие мақсатының дұрыс қойылмауы. Ыбырай Алтынсариннің ойынша, ағартушылық қоғамдық өмірдің барлық жақтарының алға жылжуы негізінде жатыр. Білім халыққа өмірін жақсартып, гүлденген қоғам құруға мүмкіндік береді, ал надандық пен білімсіздік адамды тағдыр алдында шарасыз етеді.

Ғылым мен білімді тынымсыз меңгерген адам ғана өз келешегіне нық сенімді. [2, 345б]

Ұстаз мамандығы – өте ғажап болғанымен, ең қиын мамандық. Бойында ұстаздық пен тәрбиешілік қасиеттері жинақталған адам ғана -нағыз ұстаз. Ыбырай мектеп ісінде мұғалімге жетекші рөл берген. Педагогикалық үдеріске серпінділік, секіrmелілік, қарама-қайшылық тән, сондықтан толық мағынада педагог болу әркімнің қолынан келе бермейді.

Педагог- бұл сенің ішкі дүниеңмен сезініп таңдаған кәсібің. Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты - бәсекеге қабілетті, кәсіби құзіреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандарды даярлау болып табылады. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айырықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы мәселелер ауқымындағы ой пікірлерін зерделеу, сипаттау, таразылау, жинақтау, оларды қоғамдық іс-тәжірибе шеңберіне енгізу.

Сондықтан, әр болашақ маман:

- Өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланған, әр түрлі проблемаларды өздігінен шеше алатын алған білімін пайдалана білетін;
- Шығармашылық пен жаңа жағдайда әрекет ете білетін, жаңа технологияны игеруге қабілетті;
- Адамдардың әр түрлі топтарымен тиімді қарым - қатынас орната білетін, ұжымда жұмыс істеуге дағдыланған болуы керек.

Осы міндеттерге сүйене отырып, біз өз сабақтарымызда (қазақ тілі мен әдебиеті) пәні бойынша:

- Қазақ халқының өнерінің тарихын;
- Халқымыздың еңбекке баулу тәсілдеріне назар аударамыз;
- Оқудың ұлттық сапасын оятумен бірге ата-бабаларымыздың қонақжайлық, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлық жасау, мейірімділік, еңбекке үйрететін әдіс - тәсілдерді қолданамыз.

Оқыту әдістемемізде Ж. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясын қолданудамыз, өйткені оның негізінде Ыбырай атамның педагогикалық идеялары жатыр деуге болады. Модульдік оқыту технологиясын қолдану барысында біз ойын түрлері арқылы білім алушының қиялын дамытуға, зейінін тәрбиелеуге, халықтық педагогикамен қаруландырып, терең білім беруге ұмтыламыз. Қашықтықтан оқыту арқылы ақпараттық коммуникативтік технологиялар бойынша платформа, бағдарламалар және мобильді қосымшалар арқылы ақпараттық сауаттылығын дағдыландырамыз. Тест арқылы OnlineTestPad бағдарламасында өткен сабақты қайталау және пысықтау кезеңдерінде қолданамыз, білім алушы тестті орындап болған соң өздерінің қаншалықты тақырыпты меңгергендігін пысықтап, нәтижесінде бағалау шкаласы бойынша бағаланады.

Learningapps.org бағдарламасында термин сөздерге сипаттама беру арқылы шығармашылық жұмыстар атқарады, жаттығуды орындау барысында білім алушының бойында сыни ойлау дағдысы қалыптасады.

Осыған орай, өзіміздің сабағымыздың барысында бірнеше пәнмен байланыстыра өтуге тырыстық. Мысалы, «Өнер-білім бар жұрттар.., Тастан сарай салғызды.., Айшылық алыс жерлерден.., Көзінді ашып-жұмғанша.., Жылдам хабар алғызды» деп басталатын «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінің алғашқы жолдарының өзі «Қандай зат бейнеленген?», «Нені айтқысы келіп тұр?» деген оқушы қызығушылығын арттыратын сұрақтарға жұмбақты оймен бастап, еріксіз таңқалуы мен «көрсем, білсем» деген талпыныстарын ояттық. "Суретпен жұмыс" әдісі арқылы суреттерге керекті сипаттамасын қойып, сәйкестендіреді. Тапсырманы орындау барысында білім алушының бойында ажырату қабілеті қалыптасады. "Кроссвордты шеш" әдісін сабақты бекіту кезеңінде қолданамыз, осы тапсырма арқылы білім алушының «Сөз жұмбақ» шешу барысында сыни ойлау дағдысы қалыптасады. [4] [Хэтти (Hattie, 2011) айтқандай: "Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды]. Яғни, әр сабағымызда тапсырмаларды беру барысында әр түрлі оқыту тәсілдерін пайдалансақ, білім алушының бойында пәнге деген қызығушылық артады деген үміттеміз.

Қазіргі таңда, оқушылардың өз бетімен білім алу барысында, олардың белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Білім мен тәрбие берудегі Ыбырай атамның алға қойған мақсаттарына тоқталатын болсақ:

- Оқушыларға жан-жақты және кең көлемде білім беру;
- Мұғалімнің рөлін жоғары көтеру, оқулықтарудың сапасына көңіл аудару;
- Оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру;

Сонымен, білім алушының сөйлесім әрекетін арттыруда Шульманның "үш көмекші" деп аталатын қасиеттері болған жағдайда ғана оқыту табысты болмақ. Шульман ілімі бойынша бұл көмекшілер "Бас, қол, жүрек" болып табылады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша алған білімдерін баспен ойлап, қолмен жасап және оқып түйгенін жүрекке жеткізсе, білім алушының тақырыпты меңгергендігін, түсінгендігін көруге болады. [4-138б] Қазіргі жас буын жан-жақты терең білімді, саяси - экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол. Біз үйлестіруші ретінде білім алушының бойында патриоттық, ұлттық сана - сезімі, ұлттық рухы, әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелейміз деген ойдамыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы, 1991.
2. Ы.Алтынсарин Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1994.
3. Қазақ хрестоматиясы. 2007 ж., "Білім" баспасы.
4. Әлемдік педагогикалық ой-сана, 10 том, "Таймас" баспа үйі, 2010.

*С.Н. Туребаева*  
*бастауыш сынып мұғалімі*  
*№13 ЖББОМ, Жезқазған қаласы*

## **ТҮЛҒАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

Маңызды болып табылатын адамның рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесі тарихтың бетбұрыс сәттерінде ерекше өзектілікке ие болды. Бүгінгі таңда Қазақстанда бұл педагогикалық проблема талқыланып қана қоймай, қоғамдық және мемлекеттік саясаттың тақырыбына айналды. Еліміздің қазіргі даму кезеңі сананы жаңғыртумен тығыз байланысты экономиканы жаңғыртумен сипатталады. Қазақстандық қоғамның алға қойған мақсаттарын табысты іске асыру үшін рухани және идеялық түпқазығы болуы керек.

Құндылықтар, әдетте, мәдени, этникалық, өркениеттік ерекшеліктерге, әлеуметтік ортаның қажеттіліктеріне байланысты бағдарламаланған нәтиже болып табылады. Қазақстан Республикасының қазіргі жастарының басты құндылық бағдарлары Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында берілген. Елбасы өз мақаласында: «Рухани жаңғыру - бүгінгі күннің ең өзекті міндеті» [1] деп атап өтеді.

Осыған байланысты қоғамдық сананың өзгеруі әрдайым мұғалімнің басты рөлін атқаратын білімнен басталатынын атап өткен жөн. Халық даналығы: «Мұғалім - ұлт пен қоғамды жасайды» дейді. Бүгінгі таңда осы бір дана сөзде педагогикалық мамандықтың әлеуметтік және гуманистік маңызы көрініс тапқан. Осылайша, мұғалімдердің қоғам өміріне белсенді қатысуы қоғамдық сананың рухани жандануына үлкен ықпал етеді.

Қазіргі заманғы қоғамның рухани жаңғыру жолдарын іздеу, Қазақстанның рухани мұрасына, классикалық отандық философтардың, зерттеушілердің, педагогтардың тәжірибесіне жүгіну әсіресе өзекті екені анық.

Қазақ халқының және қазіргі Қазақстанның тарихы мен мәдениетінде қазақ халқының қазіргі рухани өмірінің негізін қалаған үш көрнекті қайраткер - көрнекті ғалым және саяхатшы Шоқан Уәлиханов, ақын - ойшыл Абай Құнанбаев және педагог-ағартушы, жазушы Ыбырай Алтынсарин ерекше орын алады. Ыбырай Алтынсарин - заңды түрде балаларды оқыту және тәрбиелеу теориясының бастаушысы, революцияға дейінгі Қазақстандағы прогрессивті педагогикалық ойдың негізін қалаушы болып саналады.

Педагог-ағартушы ретінде Ы. Алтынсарин мектептің маңызы мен рөліне, сондай-ақ оқу және тәрбие үдерістерінің мақсаттарын іске асырудағы мұғалімнің әлеуметтік және адамгершілік миссиясына зор көңіл бөлді. «*Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы, - деп жазды Ыбырай Алтынсарин, - барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі – осы, тек осы мектептерде*» [2, с. 326]. Сондықтан Ы. Алтынсариннің «*Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады*» [3]. деген сөздері бүгінгі күнге дейін өзекті.

Ы Алтынсариннің рухани-адамгершілік ілімі адамға деген сүйіспеншілік пен құрметтің асыл сезімімен, гуманизм сезімімен ұштасқан. Оның айтуынша, тәрбие сананы жақсылық айқын көрінетіндей етіп ағартуы керек, өйткені жақсылықта адам мен құрмет ерекше орын

алады. Осы негізде Ы Алтынсарин балаларда жетілуге деген ұмтылысты тәрбиелеу және дамыту қажет деп санады.

Ы.Алтынсарин балаларда халық алдындағы, мемлекет, қоғам, отбасы, ұжым алдындағы, өзінің алдындағы борыш пен жауапкершілік сезімі сияқты қасиеттерді қалыптастыруды рухани-адамгершілік тәрбиенің міндеті деп санайды.

Өзінің ілімінде ол ұлы орыс педагогы К. Д. Ушинский айтқан жеке тұлғаның адамгершілік тәрбиесі туралы негізгі ережелерге сүйенді, яғни мұғалімнің жеке үлгісінің тәрбиелік мәні туралы; қажетті мәжбүрлеумен бірге негізгі тәрбие құралы ретінде сендіру туралы; педагогикалық әдептіліктің тәрбиелік мәні туралы; білім берудегі жетістікке жетудің қажетті құралы ретінде алдын-алу шаралары туралы; көтермелеу және жазалау туралы ережелер. Ол рухани-адамгершілік тәрбие әдістемесі тәрбиенің мақсаттары мен мазмұнынан бөлек мүмкін емес екенін атап өтті, өйткені моральдық тәрбиенің мақсаты мен мазмұны оның әдістемесін анықтайды [4].

Ы. Алтынсариннің пікірінше, рухани-адамгершілік тәрбиенің маңызды құралы-мұғалімнің сөзі. Мұғалім педагогикалық сөзінде өзінің мәдениетін, адамгершілігін, оқушыға деген көзқарасын білдіреді. Оқушылар шыншыл, адал сөзді өте нәзік сезінеді, оған сезімтал жауап береді. Мұғалімнің сөзінде оның жай-күйі ғана емес, сонымен бірге эмоционалды мәдениеті де көрінеді. Ақылды және мейірімді сөз қуаныш әкеледі; дөрекі және зұлымдыққа толы, ойланбаған сөздер қиындық тудырады.

Ы. Алтынсарин әдебиетті адамгершілік тәрбиенің маңызды құралдарына жатқызды. Ол әдебиет өмірмен тығыз байланысты болуы керек, оның жақсы және жаман жақтарын көрсетуі керек, адамдардың санасын оятып, адамгершілік өзін-өзі жетілдірудің жолдары мен формаларын көрсетуі керек деп есептеді. Әдебиетке деген бұл тамаша талап автордың өзінің «Қырғыз хрестоматиясында» толық сақталған. Оның «Хрестоматиясы» «нақты білім мен пайдалы ақпарат беретін ғылыми және маңызды нұсқаулықтарға» жол сілтеуші рөлін атқарды [5].

Ы. Алтынсарин ауызша халық шығармашылығына ерекше мән бере отырып, өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде сан ғасырлық даналықты қамтитын қазақтың әдет-ғұрыптарын, мақал-мәтелдерін пайдаланды. Көріп отырғанымыздай, Ы.Алтынсариннің тұлғаның рухани-адамгершілік дамуындағы мұғалімнің рөлі туралы көзқарасы оның заманында ең озық болды.

Осылайша, Ы Алтынсарин тұлғаның рухани адамгершілік қалыптасуының маңызды жағдайларына мұғалімнің оқушыларды адамгершілік тәрбиесіне дайындығын; педагогикалық әдептілікті, коммуникативтік қабілеттерді, сөзді меңгеруін; пәнді білуін; адамгершілік тазалығын; тұрмыстағы мінсіз мінез-құлқын жатқызады.





**Өз тәжірибемнен ұлы ағартушының идеялары мен көзқарастарының сабақтасытығын** байқауға болады. Жоғары сапа көрсеткішіне (*диаграмма қар.*) қол жеткізу үшін оқулықтағы материалмен шектелмей, қосымша, дамытатын білімдер беріп, оқушыларды ізденуге үйретемін. Жаңартылған білім беру мазмұнын өз тәжірибеме енгізу барысында - өзіндік ерекшеліктері бар бағалау жүйелерімен жұмыс істеймін.

Ең бастысы баланың оқуға деген



ынтасын арттыру. Соңғы жылдары оқу бағдарламалары, құралдары, әдіс-тәсілдер көптеген өзгеріске ұшырады. Бастауыш сыныптағы сабақтарда **АКТ қолдану арқылы сабақты біржақты түсіндіруден екі жақты байланыс арқылы түсінуге қол жеткізуге болады.** Бұнда оқушы оқу үрдісіне белсенді қатысу арқылы берілген материалдарды оңай меңгеруге мүмкіндік алады. Балалар «сабақты түсіну қиын» деген ойларынан арылады. Бастауыш сыныпта АКТ қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, әр оқушыға түрлі деңгейдегі тапсырмалар беріп әрайсысымен жекелей жұмыс жасауға, өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді.

Қ.Жарықбаевтың айтуынша, қазақ психологиялық-педагогикалық ойының тарихында Ы. Алтынсариннен басқа, педагог-тәрбиешінің рөлі туралы көптеген құнды пікірлер айтып кеткен тұлғаны табу қиын шығар. Сондықтан Ы. Алтынсаринді Қазақстандағы **педагогикалық ойдың пионері** деп атап өткен, профессор Т. Тәжібаев өте дұрыс айтқан.

Қазақ ойшылының ойлары, идеялары, тұжырымдары, XIX ғасыр ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасы білім берудің алдында жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған тұлғаны қалыптастыруды талап ететін міндеттер тұрған уақытта да өзекті.

Осылайша, өткен ғасырдың ұлы қазақ педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің бүгінгі таңдағы ойлары өзінің маңызын жоғалтқан жоқ, яғни:

- ✓ мұғалімнің моральдық тәрбиеге деген тұрақты қамқорлығы балада ең жақсы адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады, ал жақсы тәрбиеленген бала кейіннен парасатты адам болып қала береді;
- ✓ адамгершілік тәрбиенің негізгі құралдары-ересектердің еңбегі мен үлгісі;
- ✓ тәрбие балаға деген сүйіспеншілікке және оның тұлғасын құрметтеуге негізделуі керек;
- ✓ адамгершілік тәрбиенің мазмұны-патриотизм, гуманизм, адалдық, қарапайымдылық, әділеттілік, жауапкершілік.

Қазақстанның рухани мұрасы бізді жалпыадамзаттық құндылықтарға бағыттайды, оның өмірдегі маңызын түсіну әрбір болашақ педагог үшін, біз үшін студенттер үшін негізгі борыш болып табылады. Еліміздің кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтің тұлға ретінде рухани және адамгершілік дамуына бағдарлана отырып, жоғары білікті кадрларды даярлауға ерекше көңіл бөлінеді.

Ұлы ағартушы қазақ даласында ағартушылық қызметінде этнотәрбиеге де ерекше назар аударды. Ал, қазіргі кезеңде ұстаздар қауымының алдына қойылатын міндет-**болашақ ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру және осы мақсатта ұлтымыздың ұлы**



**мұраларын жаңғырту, яғни, ұлттық құндылықты бойына сіңіру.** Бірнеше жыл қатарынан менің оқушыларым қазақтың қара домбырасын үйреніп, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде үлкен жетістіктерге жетуде. Қазақ халқының музыкалық мәдениетінің басты символы әрі ұлы аспабы домбыра екендігі сөзсіз. Онсыз біздің сыныпта бірде-бір шара өтпейді.

Рухани - адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет - дарынының ашыла түсуіне, ақыл - парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

Өйткені, балаға рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру үшін мұғалімнің өзі жоғары рухани құндылықтардың тасымалдаушысы болуы керек. Сондықтан, мұғалімдік мамандықтың қазіргі қоғамдағы мәртебесі туралы айту үшін оның басқа мамандықтарға қарағандағы әлеуметтік құндылығын, оның қоғамдағы орны мен рөлін, педагогтің білімі мен біліктілігі мәселелерін тереңірек қарастырған жөн. Сонымен қатар, мұғалім мәртебесін көтеретін – мұғалімнің өзі ғана. Кәсіби жақтан жоғары білікті, өзінің шығармашылығы мен біліктілігін үнемі көтеріп отыратын жаңашыл, жаңалыққа жақын мұғалім ғана қоғамда жоғары мәртебе иесі болып, беделі артатындығы рас.

Сондай ақ, еліміздегі «Педагог мәртебесі туралы» Заң — бұл мұғалімдердің құқықтарын қорғауға бағытталған, олардың негізгі міндеттері мен әлеуметтік кепілдіктерін айқындайтын теңдессіз заңнамалық акт. «Педагог мәртебесі туралы» Заң Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасы бойынша әзірленді [6].



Бұдан басқа, осы заңды әзірлеу және қабылдау Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың бағдарламалық платформасында көзделген болатын. Педагог қызметкерлерге жүктемені төмендету, оларды өзіне тән емес функциялардан қорғау және шамадан тыс есептілік бөлігінде тікелей тапсырмалар болды. Осы тапсырмалардың барлығы осы Заңда көрініс тапты.

Даңқты жазушы М.Әуезов Ыбырай туралы: «Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, аса бағалы болды. Олар

кейде баяғыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып аққан қос өрімдей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп айқасып ағып келе жатқан қос өзендей танылды» деп жазған. XIX ғасырда Торғай топырағында дүниеге келіп, қазақ халқының тарихына жарқ етіп енген ағартушы-ұстаз, педагог-энтузиаст, ойшыл, жазушы-ғалым Ыбырай Алтынсариннің есімі әліппе ұстаған, оқу-ілім іздеген әрбір қазақ баласына таныс. Өз заманының озық ойлы, прогресшіл, интернационалдық көзқарастағы азаматы болды [7].

Осылайша, педагогтың 180 жылдығы аясында Ыбырай Алтынсариннің тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі мұғалімнің рөлі туралы көзқарастарының өзектілігін зерттеу Алтынсариннің шығармашылық әлеуетін қайта және жаңа ауқымда бағалауға, оның білімі мен педагогикалық тұтас және бірегей жүйесін қазіргі кезеңде және болашақта пайдалануға мүмкіндік береді.

Ғұмырын халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған ұлт педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толады[8]. Талантты ақын, терең ойшыл, қайраткер Ыбырай Алтынсаринді қазақ ұлттық педагогикасының іргесін қалаушы деп айтуға толық негіз бар.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи // Назарбаев Н.А. Семь граней Великой

- стеги, 2018. URL: <https://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi->
2. Алтынсарин И. Избранные произведения. - Алма-Ата.: АПН, 1957.
  3. [https://alashainasy.kz/okushy\\_portfolio/ustazdar-turalyi-kanattyi-sozder-60211/](https://alashainasy.kz/okushy_portfolio/ustazdar-turalyi-kanattyi-sozder-60211/)
  4. Ситдыков А.С. Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина. - Алма-Ата.: МЕКТЕП, 1968. - 148 с.
  5. Алтынсарин И. Избранные произведения. - Алма-Ата.: АПН, 1943. - 357 с.
  6. <https://primeminister.kz/ru/news/interviews/realizaciya-zakona-o-statuse-pedagoga-i-povyshenie-prestizha-kazahstanskih-uchiteley-intervyu-s-b-asylovoy>
  7. <https://strategy2050.kz/news/lt-stazy-ybyray-altynsarin/>
  8. <https://strategy2050.kz/news/lt-stazy-ybyray-altynsarin/>

*Турсунова Г.М.  
учитель русского языка и литературы  
КГУОШ №10, г.Караганды*

## **ВНЕДРЕНИЕ В ПРАКТИКУ НОВЫХ ПОДХОДОВ В ПРЕПОДАВАНИИ И ОБУЧЕНИИ.**

Одной из наиболее эффективных форм повышения квалификации педагога является изучение, обобщение передового опыта, что требует специальных знаний, высокого уровня педагогической квалификации.

Организация учебного процесса акцентируется на важных навыках таких ,как способность критического мышления, умение работать в команде, творческий подход к решению проблем и умение приспосабливаться к быстро меняющимся технологиям.

Обязательным условием успешного выпускника средней школы является наличие таких качеств, как овладение компьютерными знаниями, языками, умение работать с информационными источниками с целью получения нужной информации. Учащиеся должны уметь находить рациональные решения и вычленять главное из проблемы, мыслить глобально, уметь выступать публично, презентовать себя и обладать умением убеждать других, способностями решать конфликтные ситуации и находить индивидуальный подход к каждому.

Внедрение модуля «Новые подходы в преподавании и обучении» предусматривает доверительное отношение к ученикам, чтобы они чувствовали себя комфортно. Опрос домашнего задания стараюсь проводить в игровой форме,а для этого на уроках применяю стратегии «Лошадь и жокей», «Сократов круг», «Ручеек». Применение новых технологий показали положительные результаты, хотя вначале учащиеся чувствовали себя скованно, неуверенно, но постепенно ситуация изменилась в лучшую сторону.

Используя модуль «Оценивание для обучения и оценивание обучения» вовлекла учащихся в процесс оценивания, а для этого совместно с детьми разработали критерии оценивания, дескрипторы.

Наблюдая за учащимися при выполнении индивидуальных заданий, за работой в группе, в парах, старалась подойти к каждому, прислушивалась к обсуждению, направляла в нужное русло. Применив формативное оценивание в виде словесных поощрений: «молодец», «умница», «замечательно», «отлично»консатировала,что ученики чувствовали себя более уверенно.При наблюдении за работой в группе выяснила, что в каждой группе определился лидер, который брал на себя ответственность при защите постеров.

В современное время трудно представить урок без использования модуля «Использование информационно-коммуникативных технологий в преподавании и обучении». Применив на уроках опорные схемы,кластеры, прививаем интерес к предмету.



Работая в начальном и среднем звене, обратила внимание на то, что учащимся нравится работа с презентацией. Дети задания выполняют с большей заинтересованностью, им нравится красочное оформление, они лучше усваивают материал, именно такая работа развивает коммуникативные навыки.

При краткосрочном планировании урока, думаю, всем нам необходимо пересмотреть свою методику преподавания. При традиционной форме преподавания мы не даем ученикам право высказывать свои мнения, анализировать ситуацию. Ученики чувствуют себя на уроке скованно, некомфортно.

Хочу остановиться на краткосрочном планировании своего урока «Жемчужины русского языка» в шестом классе. Чтобы уйти от традиционного преподавания, я применила на уроке групповую форму работы. Позитивное начало урока создало хорошее настроение. Именно такое начало урока позволило мне создать коллаборативную среду, а поддерживать ее на протяжении урока помогло использование интерактивной доски.

Размышляя над данной практикой, на стадии вызова применила стратегию «Лошадь и жокей». Эту стратегию использовала для развития диалогового обучения, а именно диалог ученик-ученик дает возможность в непринужденной обстановке провести взаимопроверку и повторить пройденный материал. На данном уроке с учениками повторяли синонимы, антонимы, заимствованные слова, паронимы.

На стадии осмысления после презентации, чтобы активизировать деятельность учащихся провела работу с небольшим текстом. Ученикам была предоставлена возможность задать друг другу «Тонкие и толстые вопросы. Ученики сами пытаются составить вопросы высокого порядка.

Во-первых, это работа с текстом, а во-вторых, активизируется деятельность учащихся. А самое главное, что дети с интересом составляют вопросы. А чтение по ролям на уроке нужно использовать для развития коммуникативных навыков. Это особенно важно для учащихся с нерусским языком обучения.

Самооценивание на этапе рефлексии провела при помощи диагностической карты. Заполняя карту, учащиеся оценивают результаты обучения. Каждый ученик старается оценивать на уроке свою деятельность, работает творчески, учатся формулировать ключевую фразу.

Для достижения максимального успеха в обучении необходима благоприятная среда и, конечно же, мотивация. Учащиеся с удовольствием работают в команде, ищут и предлагают идеи, неординарные решения в составлении проекта. Применяя на уроках этот вид работы, мы не должны беспокоиться о том, что работа в группе будет нарушать дисциплину, что будет мешать усвоению знаний. На данном этапе урока каждый ученик раскрылся для меня с другой стороны. Все активно обсуждали идеи друг друга, выражали свое мнение. Считаю, что главное условие здесь- это научиться правильно задавать вопросы и научить умению «слушать» и «слышать». Не должны забывать о том, что в классе должна быть благоприятная обстановка. Очень важен на уроке психологический настрой. Ведь коллаборативная среда способствует налаживанию доброжелательных взаимоотношений. Используя на уроках семь модулей, мы даем возможность ученикам свободно высказывать свои мысли.

Проанализировав уроки, пришла к выводу, что мы не всегда даем возможность выговориться учащимся. Еще ошибки в том, что дается недостаточное время на обдумывание ответов или задается много вопросов за один раз. Вопросы не должны быть однотипными, а ответы на них должны быть продуманными, качественными. Мы, учителя, порой можем так увлечься, что задаем вопрос и сами на него отвечаем.

При краткосрочном планировании своего урока необходимо обратить особое внимание на деятельность ученика, на потенциал каждого учащегося индивидуально. А это работа даст определенные результаты при дифференциации, которая поможет учащимся определить не только их способности, но и развить их в процессе длительного обучения. Только тогда можно кардинально изменить традиционный урок.

Все модули Программы взаимосвязаны друг с другом и в синтезе дают на каждом уроке хороший результат. Для себя поставила задачу научить ребят грамотно формулировать цели урока, а в конце занятий научить объективно оценивать полученные знания и определять, над какими проблемами необходимо поработать, в каком направлении надо двигаться.

Хотелось бы отметить, что при такой форме работы на уроке в значительной степени возрастает индивидуальная помощь каждому нуждающемуся в ней ученику как со стороны учителя, так и своих одноклассников. Причем помогающий сам получает при этом не меньшую помощь, чем ученик слабый, поскольку его знания актуализируются, закрепляются именно при объяснении своему однокласснику. Очень важно на данном этапе, чтобы школьники поняли, что мышление – процесс познания нового. Как и другие качества ума, мышление можно и нужно развивать.

Психологи говорят, что мышление начинается с удивления, недоумения или с противоречия. Вот тут-то и необходим наставник, учитель, который поймет, направит, поддержит. Думаю, что успешное преподавание и компетентный учитель, работающий по-новому, изменят всю систему нашего образования в лучшую сторону.

Уроки нового формата помогают раскрыть потенциал ученика, способствует развитию речи. Рабочая обстановка показывает, что прежде чем приступать к преобразованиям в любом деле, необходимо познакомиться с текущим состоянием процесса, оценить эффективность той или иной деятельности, а затем на основе собранных данных составлять план преобразований.

#### **ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:**

1. Руководство для учителя. Издание 4 2016
2. Программа повышения квалификации педагогических работников РК «Лидерство учителя в педагогическом сообществе».
5. Халыкова К. З., Абдулкәрімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. -Алматы, 2007.
- 6 Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.

*М.М.Турсунова  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
№10 ЖББМ, Қарағанды қ*

### **БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Қазіргі уақытта біздің елімізде ұлттық білім беру саясатында айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Бұл тұлғаға бағытталған педагогика ұстанымдарына көшумен байланысты. Қазіргі мектептің міндеттерінің бірі - педагогикалық процестің барлық қатысушыларының әлеуетін ашу, оларға шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беру. Бұл мәселелерді білім беру процестерінің өзгергіштігін жүзеге асырмай шешу мүмкін емес, сондықтан терең ғылыми және практикалық түсінуді қажет ететін білім беру мекемелерінің әртүрлі инновациялық түрлері пайда болады.

Инновациялар адамның кез-келген кәсіби қызметіне тән, сондықтан, әрине, зерттеу, талдау және іске асыру тақырыбына айналады. Инновациялар өздігінен пайда болмайды, олар ғылыми ізденістердің, жеке мұғалімдер мен бүкіл топтардың озық педагогикалық тәжірибесінің нәтижесі. Бұл процесс өздігінен жүре алмайды, оны басқару қажет.

Педагогикалық процеске қатысты инновация оқыту мен тәрбиенің мақсаттарына, мазмұнына, әдістері мен нысандарына жаңасын енгізуді, мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруды білдіреді.

Педагогикалық инновация - педагогикалық қызметтегі жаңалық, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен технологиясындағы өзгерістер, олардың тиімділігін арттыру мақсатында.

Осылайша, инновациялық процесс жаңа мазмұнды қалыптастыру мен дамыту және ұйымдастыру болып табылады. Жалпы, инновациялық процесс дегеніміз - инновацияларды құру, дамыту, пайдалану және тарату бойынша кешенді қызмет. Ғылыми әдебиеттерде "новация" және "инновация" ұғымдары ерекшеленеді.

Қазіргі білім беру кеңістігінде болып жатқан инновациялық процестердің ерекшеліктерін толық және дәл көрсету үшін білім беру жүйесінде оқу орындарының екі түрін бөлуге болады: дәстүрлі және дамушы. Дәстүрлі жүйелер бір реттік тәртіпті сақтауға бағытталған тұрақты жұмыс істеуімен сипатталады. Дамушы жүйелер іздеу режимімен сипатталады.

Қазіргі уақытта мектептегі білім беруде әртүрлі педагогикалық инновациялар қолданылады. Бұл, ең алдымен, мекеменің дәстүрі мен мәртебесіне байланысты. Дегенмен, келесі ең тән инновациялық технологияларды бөліп көрсетуге болады.

#### 1. Пәндік оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ).

Білім беру процесінің мазмұнына АКТ енгізу әр түрлі пәндік салаларды информатикамен біріктіруді білдіреді, бұл оқушылардың санасын ақпараттандыруға және олардың қазіргі қоғамдағы ақпараттандыру процестерін түсінуіне әкеледі (оның кәсіби аспектісінде). Мектепті ақпараттандыру процесінің дамып келе жатқан тенденциясын түсіну маңызды: мектеп оқушыларының информатика туралы алғашқы ақпаратты игеруден бастап, жалпы білім беру пәндерін зерттеуде Компьютерлік бағдарламалық құралдарды қолдануға, содан кейін информатика элементтерімен білімнің құрылымы мен мазмұнын қанықтыруға, ақпараттық технологияларды қолдану негізінде бүкіл оқу процесін түбегейлі қайта құруды жүзеге асыруға дейін. Нәтижесінде мектептің әдістемелік жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар пайда болады, ал мектеп түлектері болашақ жұмысында жаңа ақпараттық технологияларды игеруге дайындыққа ие. Бұл бағыт информатика мен АКТ-ны зерттеуге бағытталған жаңа пәндерді оқу жоспарына енгізу арқылы жүзеге асырылады. Мектептерде АКТ қолдану тәжірибесі мынаны көрсетті:

а) қашықтықтан білім берудің әртүрлі нысандарын қамтитын ашық типтегі мектептің ақпараттық ортасы оқушылардың пәндік пәндерді, әсіресе жоба әдісін қолдана отырып оқуға деген ынтасын едәуір арттырады;

б) оқытуды ақпараттандыру оқушы үшін тартымды, өйткені "мұғалім-оқушы" субъективті қатынастарынан "оқушы-компьютер-мұғалім" объективті қатынастарына көшу арқылы мектептегі қарым-қатынастың психологиялық шиеленісі жойылады, оқушы жұмысының тиімділігі артады, шығармашылық жұмыстардың үлесі артады, мектеп қабырғасында пән бойынша қосымша білім алу мүмкіндігі кеңейеді, ал болашақта университеттің мақсатты таңдауы, беделді жұмыс жүзеге асырылады;

в) оқытуды ақпараттандыру мұғалім үшін тартымды, себебі оның еңбек өнімділігін арттыруға, мұғалімнің жалпы ақпараттық мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді.

#### 2. Пәнді оқытудағы тұлғаға бағытталған технологиялар

Тұлғаға бағытталған технологиялар баланың жеке басын бүкіл мектептің білім беру жүйесінің орталығына қояды, оның дамуына, табиғи әлеуетін іске асыруға ыңғайлы, бос және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етеді. Бұл технологиядағы баланың жеке басы тек тақырып қана емес, сонымен қатар тақырып басым; бұл кез-келген дерексіз мақсатқа жетудің құралы емес, білім беру жүйесінің мақсаты. Бұл оқушылардың жеке білім беру бағдарламаларын олардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес игеруінде көрінеді.

3. Оқу процесін ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету және оқушылардың білім сапасын басқару.

Оқыту сапасын басқарудың ақпараттық-аналитикалық әдістемесі сияқты инновациялық технологияны қолдану әр баланың жеке, сынып, параллель, жалпы мектептің дамуын объективті, бейтарап бақылауға мүмкіндік береді. Кейбір модификациялармен ол сыныпты жалпылама бақылауды дайындауда, оқу жоспарының кез – келген пәнін оқытудың жай-күйін зерттеуде, жеке мұғалімнің жұмыс жүйесін зерттеуде таптырмас құрал бола алады.

#### 4. Зияткерлік даму мониторингі.

Тестілеу және үлгерім динамикасының кестесін құру арқылы әр оқушының оқу сапасын талдау және диагностикалау.

5. Білім беру технологиялары қазіргі заманғы оқушыны қалыптастырудың жетекші тетігі ретінде.

Қазіргі білім беру жағдайында ажырамас фактор болып табылады. Ол оқушыларды жеке тұлғаны дамытудың қосымша формаларына тарту түрінде жүзеге асырылады: ұлттық дәстүрлер бойынша Мәдени іс-шараларға, театрға, балалар шығармашылық орталықтарына және т. б. қатысу.

6. Дидактикалық технологиялар ОУ оқу процесін дамытудың шарты ретінде. Мұнда іске асырылуы мүмкін ретінде белгілі және өзін жағымды жағынан көрсеткен тәсілдері, сондай-ақ жаңа. Бұл оқу кітабы, ойын, дизайн және жобаларды қорғау, аудиовизуалды техникалық құралдарды қолдану арқылы оқыту, кеңесші жүйесі, топтық, сараланған оқыту әдістері - "шағын топтар" жүйесі және т.б. әдетте практикада осы әдістердің әртүрлі комбинациясы қолданылады.

7. Мектептің оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық технологияларды енгізуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу

Белгілі бір инновацияларды қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздемесі болжанады. Оларды әдістемелік кеңестерде, семинарларда талдау, осы саладағы жетекші мамандармен кеңес.

Осылайша, қазіргі мектептің тәжірибесі оқу процесінде педагогикалық инновацияларды қолданудың кең арсеналына ие. Оларды қолданудың тиімділігі жалпы білім беру мекемесіндегі қалыптасқан дәстүрлерге, мұғалімдердің осы инновацияларды қабылдау қабілетіне, мекеменің материалдық-техникалық базасына байланысты.

Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орыны ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы болатын ұстаз кодында. Н. Ә. Назарбаев «Болашақта еңбек етін, өмір сүретіндер бүгінгі оқушыларды, оқытушылар оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» - деген. Ендеше білім беруде оқытушы білігі мен білімі өте жоғары ұлағатты тұлға болу міндетті. Басқа ешбір мамандық адамға дәл оқытушыға қойылғандай жоғары талаптар қоймайды.

Бүгінгі қоғамда білім қабырғасында және жоғарғы оқу орнында білім туып жатқан жас ұрпақ алдында «Қазақстан - 2050» бағдарламасында көрсетілген «Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» сияқты ұзақ мерзімдік асыру стратегиясын үшінші онжылдықта жүзеге асыру міндеті тұр [6].

Қоғамдық саладағы өзгерістерге сай жоғарғы талаптар қоя отырып. экономикалық бәсекелестік жағдайында сапалы мамандар даярлау қажеттігін алға тартады.

Білім берудің мақсаты, оның ұйымдастырушылық құрылымы, технологиялық жағынан жабдықталылуын, оқыту әдістемесі қоғамның әлеуметтік сұранысынан туындайды. Осыған дейін білім беру үрдісінің негізгі бөліктері:

Қорытынды. Сондықтан, технологиялар мен оқыту өзгерістері оқу парадигмаларының мазмұны мен талаптарына сәйкес келуге тиіс. Кез-келген жерде түрлі ақпаратты жеткізу үшін мүмкін алып, World Wide Web қолданып, дамыту, кез-келген мөлшерде материалды қысқа мерзімде қатаң жоспарлау арқылы, кез-келген қашықтықта әлемдік білім мен мәдениеттің дамуына БАҚ елеулі әсерін тигізеді.

Бұл жағдайда жаңа оқу материалын өзін-өзі меңгеру негізінде білім берудің жаңа философиясы енгізіліп, мүмкіндік тудырады. Алайда, біз ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуында жас ұрпақтың рухани талаптарына сай келмейтін әлемдік экран

мәдениетін құлыптай аламыз, дегенмен бұл шын мәнінде ықпал етеді деп ескермеу мүмкін емес. Жоғарыда айтылған поэзия, көркем сөз, дәстүрлі рухани құндылықтар мен компьютер арасындағы байланыс, әлем бойынша таралып, кез-келгеннің қол жетімді құралына айналды [5].

Белгілі оқу үрдісін ыңғайлы құру, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі іске асыру үшін жасалған жағдайларды қамтамасыз ету, компьютерлік оқыту құрылымы, мазмұны мен технологиясын анықтау, әдістемелік, әдістемелік, технологиялық тәсілдерді тұтас қарастыру - білім беру саласындағы компьютерлерді пайдаланудың басты тәжірибесі болып саналады. Сіз жеке дидактикалық компьютерлік ортаны бағдарламалап, жасасаңыз ақпараттық технологиялардың ғана тиімді екенін көрсететін білім беру процесінің жеке ерекшеліктерін көреміз.

Бүгінгі таңда көптеген мұғалімдер оқытудың тиімділігіне қол жеткізу үшін мектепте оқытудың заманауи технологиялары мен инновациялық әдістерін қолданады. Бұл әдістерге оқытуда қолданылатын белсенді және интерактивті формалар кіреді. Белсенділер оқушының мұғалімге және онымен бірге білім алатындарға қатысты белсенді ұстанымын қамтамасыз етеді. Сабақ барысында оқулықтар, дәптерлер, компьютер, яғни оқыту үшін қолданылатын жеке құралдар қолданылады.

Интерактивті әдістердің арқасында басқа оқушылармен ынтымақтастықта білімді тиімді игеру жүзеге асырылады. Бұл әдістер оқытудың ұжымдық формаларына жатады, оның барысында оқушылар тобы зерттелетін материалмен жұмыс істейді, олардың әрқайсысы орындалған жұмыс үшін жауап береді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж.
- 2 Еркебаева Г.Ғ. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің міндеттерту, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2011. - Б.6-9.
3. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. - М., 2006.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М., 1989.
5. Халыкова К. З., Абдулкерімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. -Алматы, 2007.
- 6 Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.

*Туспекова Е.  
учитель русского языка и литературы  
КГУ «ОШ им. А.Маргулана» Бухаржырауского района*

### **РОЛЬ УЧИТЕЛЯ И САМОРЕГУЛЯЦИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА.**

*Приблизиться к цели - еще не значит достигнуть ее: не дойдя одного шага, можно  
встретить пропасть, которую не перейдешь.*

*Луи Огюст Планк, французский политический деятель.*

В условиях обучения по обновленным программам каждый педагог при разработке любого урока превращается в стратега, тактика, артиста, организатора, координатора, консультанта, гаранта. Этот набор различных ролей учителя обусловлен его главной, как мне кажется, функцией – научить ребенка учиться, потому что от этих знаний зависит его будущее, будущее страны.

Общество ставит перед нами, педагогами, новые задачи, которые мы должны выполнить. Но настоящий учитель никогда не забывает, что наряду с процессом обучения идет

непрерывный процесс воспитания, который, пожалуй, важнее полученных теоретических знаний, так как формирует душу ребенка, учит его бороться с препятствиями и барьерами, осознавать свои ошибки и исправлять их, при этом не терять своей мечты, веры в успех.

При планировании урока во главу угла необходимо ставить интересы и потребности учеников, так как главная цель школы – подготовить учеников к жизни в социуме, а это возможно лишь тогда, когда мы знаем, чего хочет ученик, его цели, круг его интересов, его возможности и способности к обучению.

Н. Назарбаевтың «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» – атты тақырыпта оқыған лекциясында: «Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін формацияның педагогы қажет,» – деген . [1]

Елбасымыздың осы сөздерінен кейін оқушыларға қаншалықты сапалы және табысты білім беретінім және оларға қаншалықты ықпал етіп, бағдар бере алатыным туралы сұрақтар ойымда орын алды. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Білім беру үрдісіндегі басты әрекет етуші – мұғалім. Мұғалім қазіргі заман талабына сай білім берудің жаңа технологияларын үйреніп, соның сабақ барысында жүйелі қолданыс табуын қадағалай білуі маңызды. Оқытуда сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың стратегиялары өте тиімді.

Сыни тұрғыдан ойлау – белгілі бір мәселелер туралы бір идеяларды жинақтап, оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі үдеріс. Сын тұрғысынан ойлау пайымдау – бақылау, пайымдау нәтижесінде ақпаратты ұғынуда, талдауда, бғалауда қолданатын әдіс болып табылады. [2]

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту – STEM- ді оқытудың тағы бір үлгісі болып табылады.

Жоғарыда аталған технологияның диалогтік оқыту тәсілінің маңызы зор, себебі ол әлеуметтік сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. Сондай-ақ, Выготский оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдаса, Мерсер құрдастар

тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Барнсыныпта тіл қаншалықты қолданса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететіндігін айтқан. Александердің пайымдауынша, диалог арқылы мұғалімдер күнделікті ойталқыларда «салауатты» келешек мүмкіндіктерін анықтап, оқушылардың дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс жасауларына және түсінбеушілікті жеңе білулеріне көмектеседі. [3].

Диалогтік әдіс сабақтың бір кезеңінде ғана емес, әр кезеңінде жүзеге асады. Мысал ретінде бір сабағымды талдап өтсем: 7-сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен «Қыз Жібек» шығармасын өткен кезде ең алдымен психологиялық ахуалды жақсарту үшін, атмосфералық ортаны қалыптастыру үшін сабағымды сергіту сәтінен бастадым. Осы кезде ең алдымен Александер анықтаған диалогтың нұсқаулық үлгісі жүзеге асты. Себебі, оқушыларға не істеу керек екендері түсіндірілді, ақпарат жеткізілді. Осының нәтижесінде оқушылар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсті. Мысалы, «Ыстық алақан», «Жүректен жүрекке» т.б. сергіту сәттерінде оқушылар бір-біріне: *«Бүгінгі күн саған тек қана қуаныш әкелсін..Бүгінгі сабақта қойылатын сұрақтарға мүдермей жауап бер, бүгінгі сабаққа жақсы ат салысып отыр»* деген сияқты тілектерін білдіріп, қарым-қатынасқа еркін түсті.

Сабақтардың келесі кезеңінде оқушылардың қызығушылығын тудыру үшін және сабақтың тақырыбын ашу үшін экранда өте жақын визуалды образдарды (Фоер) құру үшін, тақырып бойынша сурттерді, видеожазбаларды, аудиожазбаларды көрсеттім. Диалогтың жүзеге асуы сұрақтың дұрыс қойылуына байланысты екенін ескере отырып, «Миға шабуыл» әдісі арқылы, оқушыларға түрткі, сынақтан өткізу, қайта бағыттау сияқты сұрақтың техникаларын пайдаландым. Нәтижесінде оқушылар бірлескен сұхбатқа түсті. Мысалы: *«Сюжет таныс па? Үзіндіде не көрсетілген? Қандай сезім бейнеленген? Неліктен олай ойлайсың?; Экранда көрген суреттеріңіздің біздің бүгінгі сабағымызға қатысы барын қалай дәлелдейсіздер?; Бұл суреттердің сабағымызға қатысы қандай?; Бұл цитатаның сабағымызға қатысы барын қалай дәлелдейсіздер? Мысал келтіре аласызба? Тағы өз ойларын қосатындарыңыз бар ма?»* деген сұрақтарыма оқушылар: *«Сюжет таныс, Қыз Жібек жырынан алынған үзінді; Суреттердің сабаққа қатысы бар, себебі жырда көптеген салт-дәстүрлер сипатталады; бұл суретте жырдың кейіпкерлерінің есімі жазылған, яғни бүгін кейіпкерлерге талдау жасаймыз т.б.»* деген сияқты жауаптарын ұсынды. Осы кезде байқағаным оқушылар бірінші сабақтарда сұрақтарға қысқаша жауап берсе, кейінгі сабақтарда жауаптарын нақты және толық айта бастады.

Сабақ барысында қолданылған «Сиқырлы орындық» әдісінің негізінде берілген тапсырмаларды орындаған кезде оқушылардың ой пікірлерінде үлкен алшақтық басым болды және әр қайсысы өз шешімдерінде қалды, яғни әңгіменің пікірталастық (дебат) түрі жүзеге асты. Мысалы: сиқырлы орындыққа отырған оқушы кейіпкер рөліне енген кезде басқа оқушылармен диалогқа түсті. Мысалы, оқушылар кейіпкер рөліндегі оқушыға: бірінші топ «Төлеген, сен дұрыс істемедің ата-ананды тыңдап, сол ауылдың қызын алу керек еді; алысқа кетпегеніңде осындай қайғылы оқиғаға ұшырамас едің» - десе - екінші топ керісінше «Жоқ, Төлеген сен дұрыс істедің. Себебі, сен берген уәденді, айтқан сөзіңді орындадың, махаббатқа адал екеніңді көрсеттің» деді. Бұл диалогтың өзі оқушылардың сын тұрғысынан ойланғандарының дәлелі болып табылады.

Сюжеттік тақтада «Егер сен автор болсаң жырды қалай атар едің? Неліктен? Мыса келтіре аласың ба?»; «Сөздер сөйлейді» стратегиясы негізінде берілген тапсырмада «Жібекке мінездеме бер. Оның сол мінездерін көрсететін дәлел келтіре аласызба? Егер сіз автор болсаңыз шығарманы қалай аяқтар едіңіз? Неліктен? Дәлелдеңіз!» деген сұрақтар қойылды. Сондағы оқушылардың жауабы: «Егер мен автор болсам шығарманы «Жібектің қайғысы» деп атар едім, себебі онда Жібектің қайғысы, жесір қалуы, махаббатынан айырылуы бейнеленген; Жібек махаббатына адал, оның бұл мінезін, Төлегенді күтуі және Төлегеннің өлімінен кейін әмеңгерлікке келісу іс-

әрекеттері дәлелдейді; Егер мен автор болсам шығарманы сәтті аяқтар едім, Төлеген мен Жібекті қосар едім)». Осы жауаптарының негізінде оқушылар сабақ бойынша тақырыпты меңгерді, сын тұрғысынан ойлана алды деген қорытындыға келуге болады.

Көп жағдайда сыныптағы диалог мұғалімнің басқаруымен тақырып төңірегінде, оқушының дұрыстап және орнымен нені, қашан және қалай айту қажеттігі сипатында, яғни диалогтың нұсқаулық үлгісі жүзеге асады. Диалогтік әдіс тапсырмаларды орындау барысында ғана емес, формативті бағалау кезінде де жүзеге асады. Оқушылардың сабақ бойы белсенділік танытқандарына қарай, өз пікірлерін еркін және ашық жеткізгендеріне қарай және ішкі уәждерін ояту үшін, сабаққа ынталандыру үшін сабақ бойы берілген жауаптарына сөздік мадақтау айтып отырдым, яғни оқушылармен диалогқа түстім. Тек өзім емес әр орындалған тапсырмалардан кейін оқушылар арғы іс-әрекетті анықтау үшін бір-біріне бағалай отырып диалогқа түсті.

Диалогтік оқыту сабақтарда оқушыларға тақырып бойынша өз ойларын білдіруге мүмкіндік берді; тек өз идеялары емес, басқа да сыныптастарының түрлі идеялары болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектесті; оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектесті.

Осы сабақ нәтижесінде мен неге қол жеткіздім?

Нәтижесінде оқушылар: оқу үдерісіне белсенді қатысты, оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқан кезде ғана материалды терең меңгерді; тақырып бойынша өз ойларын еркін білдіруге дағдыланды; тақырып бойынша сындарлы сөйлеуге ынталанды; білімге деген құштарлығы дамыды, оқушылар бір-бірінен үйренді, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуге және бағалауға дағдыланды; оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтай алды.

Сабақтарда диалог әдісін қолдана отырып қандай нәтижеге жеттім?

Нәтижесінде оқушылардың барлығы: нашар оқитындар да, «үнсіз» оқушылар да сұхбаттасты, сөйледі, талқылады, дебатқа түсу арқылы түсінік пен дағдыларды қалыптастырды, белсенділіктері артты, өз идеяларын дәлелдей алды, тақырып бойынша сындарлы сөйлеуге ынталанды.

Қорыта айтқанда, оқушылар қысқа ғана жауап беретін мұғалімнің сұрағымен салыстырғанда диалогтік сұхбаттасу мұғалімдер де, оқушылар да білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс-қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі болып табылады. Диалогтік оқыту ұжымдық және өзара білім алмасуға жағдай туғызатын қолдаушы болып табылады.

Ойымды жинақтай келе, М.М.Бахтиннің мына тамаша сөздерімен аяқтағым келеді: «Өмір өз табиғаты бойынша диалогтық құбылыс. Өмір сүру дегеніміз диалогқа қатысу: сұрау, тыңдау, жауап беру, келісу және т.с.с... Болу дегеніміз диалог арқылы қарым-қатынас құру... Барлығы да құрал, ал диалог - мақсат».

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Назарбаев Н. Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. /Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінде оқыған лекция. – Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр
2. Әлімов А. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014 жыл.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық

## **БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

Ыбырай Алтынсарин — көрнекті ақын, дарынды жазушы. Оның қаламынан бойындағы тамаша талабын танытқандай маңызы зор көркем шығармалар туды. Ол өзінің бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітіретін зор нысанасы — қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу. Сондықтан Ыбырайдың қоғамдық-педагогикалық, жазушылық қызметі өзектес, оның ізгі, көкейтесті ойларының туындысы.

Ы. Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған. Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қатар, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...» деп тұжырымдаған. Өйткені хрестоматияға Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай – ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. [1]

Ыбырай Алтынсариннің қазақ тілін дамытудағы рөлі оның ағартушылық қызметімен тікелей байланысты. Ыбырайдың әдеби шығармалары, әсіресе прозалық туындылары оқу кітабы ретінде арнайы жазылған. Бұл тұста Ыбырайға екі түрлі жүкті тұңғыш рет арқалауға тура келді: бірі – қазақ әдебиетінде бұрын жоқ проза жанрын бастау, яғни қазақ әдеби тілінде бұрын болмаған шағын әңгімелер (новеллалар) стилін жасады, екіншісі – өз өлеңдері мен қазақтың ауызша тараған мол көркем әдеби үлгілерін оқушы жастарға ұсыну. Адамгершілік – қоғамдық сананың ең басты белгілері болғандықтан Ыбырай Алтынсарин адамдардың мінез-құлық, іс-әрекетті, қарым-қатынастарды бейнеледі. Шындығында, білім берудің мақсаты баланы жан-жақты тұтас дамыту. Білім беру үдерісінде бала тұлғасының физикалық және интеллектуалдық аспектілерін ғана дамыта қоймай, ең алдымен баланың жоғарғы рухани-адамгершілік табиғатын ашу керек. Себебі бала шынайы адамдықты, танып білуді педагогикалық үдеріс кезінде үйренеді. Бұл жағдайда ізгілік педагогикасының классигі Ыбырай Алтынсариннің өзінің заманында жазған : «...жастардың ой- пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек...» деген өсиетін есте сақтау абзал. Себебі қазіргі таңда рухани-адамгершілік білім өте қажет. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Ой, сөз және істің бірлігін тең ұстай алды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. «Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім, – деп жазды ол. Мұғалім баланы сүйіп, оны түсіне білуі және шабыттандыра алуы керек деп есептеген. Ізгілік педагогикасын баса назарда ұстаған Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап көптеген қысқаша әңгімелер жазды. Сонымен қатар оқу – әдістемелік шығармалар және халық ағарту мәселелері жөнінде ескертпелер, этнографикалық очерктер де жазған. Ұлы ағартушы рухани- адамгершілік білімнің маңыздылығы жайында айтып кеткен. Арманы жүзеге асты деуге болады, себебі, Қазақстанның түпкір түпкірінде білім беретін мектептер



ашылды. Ыбырай Алтынсаринның әр әңгімесінде рухани- адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ақиқат, жиянат жасамау және ішкі тыныштық құндылықтарды дарытады. Баланың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытудың маңызды шарттарының бірі- балаға қоршаған ортада шынайы көзқарас, көңілді жағдай туғызу болып табылады. Ұлы ағартушы аңыз әңгімелерінің қай-қайсысын алсақ та, ондағы айтылатын негізгі идея – жалпыадамзаттық құндылықтар мәселесін көтере отырып, аз сөзбен көп мағына беретін қысқаша әңгімелерді жас ұрпаққа тілімдік- тәрбие. Ыбрай Алтынсарин адамгершілік қасиеттерді дәріптеуін басты назарда ұстаған. Яғни, жеке тұлғаға рухани-адамгершілік білім беру мәселелерін басты мақсат етіп жүзеге асырған. Өйткені, ол жас жеткіншіктерге ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіре отырып үйреткен. Адамның қоғамда өз орнын табуына, ақыл- парасатының дамуына, яғни, кемелденуге деген тілегін ашып, мәнді өмір сүруіне үйретеді. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. [2]

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіләлемдік тәлім – тәрбиенің алтын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің екі кластық мектептердің меңгерушілеріне жазған нұсқау хатында ол: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...

Ыбырай Алтынсарин мұғалімдердің бала оқытудағы орнын жоғары бағалап: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, ол - мектептің жүрегі» - деген сөзі осы күнге дейін құнын жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсариннің төл туындыларымен қатар көптеген аудармалары да бар.

Халықты сауаттандыру, сана – сезімін ояту, рухани өмірін дамыта түсу мақсаттарында жазған хрестоматиясында Ыбырай Алтынсарин орыс тіліндегі әртүрлі оқулықтардан сырттай үлгі алумен тынған жоқ. Осы іздену үстінде ол орыс мәдениетінің қазақ арасына енуіне жол ашты: орыстың алдыңғы қатардағы жазушылары мен үлкен ойшылдарының, ағартушылары мен педагогтерінің еңбектерін қазақ даласына алып келді; оларды қазақ тіліне аударып, дала өміріне сіңістірді. [3]

Ыбырай Алтынсарин әр шығарманы аударарда, ең алдымен, оның тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлді. Аудармашының бұл талабын кез – келген әңгіменің көтеретін мәселесінен – ақ байқауға болады, Л.Н.Толстой мен И.И.Паульсонның әлсіз шығармаларын аударуда да Ыбырай Алтынсарин осы біржақты талаппен келіп, ол шығармалардың жалпы мәнін байқай алмады, өйткені олар тәрбие мәселесін көтеруі жағынан бағалы да болатын: оқушыны әділдікке, қарапайымдыққа, тапқырлыққа баулуды көздейтін. Ыбырай Алтынсарин бұл әңгімелердің осы қасиеттерін жоғары бағалап, оларды қазақ тіліне аударды.

Ыбырай Алтынсарин Л.Н.Толстойдың шығыс аңыздары мен ертегілері негізінде жазған әңгімелерін аударды. Ол бұл шығармалардың қазақ оқушылары үшін қай жағынан да айрықша қиындық туғызбайтындығын ескерген тәрізді.

«Қазақ хрестоматиясына» енгізілген әңгімелер: еңбек сүйшілік, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын – елін сүйшілік, талаптылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез – құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әдеттерден аулақ болуына жол көрсетті. Мысалы:

Хрестоматияға енгізілген өлең, әңгімелердің балалардың жасына, сана – сезімдеріне лайықтыланып, педагогика ғылымының міндетті түрде тәрбиешілерден талап ететін әдіс мәселесінің берік сақталуы өз алдына, сонымен қатар, жоғарыда аталып өткен: оқу, еңбек, талап, мейірімділік тағы басқа тақырыптарға арнаулы, қолға таяқ ұстатқандай әңгімелерді

әдейі, саналы түрде тандап алғандығын да көрмей кетуге болмайды. Кітаптың беташары оқуға шақырудан басталып, оның әлеуметтік мәнін түсіндіру болса, сонымен қатар негізгі тақырыбының бірі – еңбек. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. [4]

Ыбырай Алтынсариннің қазақ жұртшылығын қараңғы түнектен алып шығып, тұңғыш рет ана тілімізде сауаттылық жолына бастауда сан түрлі ұлттық мектептер мен гимназиялар ұйымдастырып, мектеп және мұғалімдер үшін оқулық пен әдістемелік еңбектер жазудағы ұлан – ғайыр еңбектері жоғалмақ емес. Сондықтан да бүгінгі педагог қауымы ағартушы шығармаларын өз жұмыстарында үнемі басшылыққа алып келеді. Ыбырайдың өлең, әңгімелері түгел дерлік оқушысына түсінікті, тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор, оқып отырған оқырманына үлкен ой салатындай тақырыбы әсерлі, көркем бейнеленген және ойын жеткізуде тілдік стиль ерекшелігі зор.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. — Алматы: Атамұра, 2006. — 168 б.
2. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы». Алматы, 2003 ж. 18 –21б.
3. Мәдібай Қ. Үміт еткен көзімнің нұры балам... // Қазақ әдебиеті. — 2009. — 31 шілде. — № 3 (3144). — 6-б.
4. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.

*Г.А. Шоланова қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Жамбыл атындағы мамандандырылған  
мектеп-интернаты*

## **Ы. АЛТЫНСАРИННІҢ БІЛІМ БЕРУДІҢГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

«Ата-анаң қартайса,  
Тіреу болар бұл оқу.  
Қартайғанда мал тайса,  
Сүйеу болар бұл оқу...»  
Ы.Алтынсарин.

Әр елдің, ұлттың, мемлекеттің келешегі мектептен шындалады. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар мен азаматшалар екенін ескерсек, оларға берілетін білім сапасының да этникалық, тарихи, педагогикалық тұрғыдан талапқа сай болғаны маңызды. Себебі, ұлт болашағының іргетасы мықты боп қалануы тиіс.

Білім саласы «уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білумен» (Қ.К.Тоқаев. Жолдаудан) ерекшеленуі тиіс. Ол үшін жаңашыл оқыту үрдісінде заманға сай болумен қатар, ұлттық педагогика мен психологияны қатар игертуге тиіспіз. Өйткені, әр ұлт өз қағынан ажырап өмір сүре алмайды. «Өткеніңе көз жүгіртсем ірімін» (А.Әлтай) дейтін түркінің ұрпағы, біздер, тарихымыз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді жаңаша оқыту идеяларына ұштастыра отырып, оқытуға тиіспіз. «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген қағиданы да санамызға сіңдіріп өскен педагогтармыз.

Ыбырай мектебі

**Мектептегі тәрбие**

Заманауи мектеп

Осы тарапта, ақын-жазушыларымыз, ағартушы-ғалымдарымыздың еңбектерінен айналып өте алмаймыз. Қазақтың «алғашқы қазақ даласының қоңырауын соққан» бірегейлерінің бірі, ағартушы Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұралары - ұлт үшін таусылмас азық. Көлемі шағын болғанмен, мән-мағынасы, берері мол, жан аямай кәсіп қылып, адал жолмен ас табуды үйрететін, жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың аражігін ажыратып, «нағыз адам» болуға насихаттайтын педагогикалық еңбектері – адам тәрбиелеудің айнымас қағидаларындай болған алтын қазық деуге болады.

«Оқыту процесінде қалай болса солай оқытпай, ғылым, білім беру жүйесі сақталу керек» деген екен Ыбырай Алтынсарин. Ағартушы еңбектеріндегі мораль, тәрбие мәселесін балаға дұрыс жеткізу үшін, мұғалім алдымен өзі мәніне жетіп, түйін жасап алуы қажет деп ойлаймыз. «Өнер-білім бар жұрттар, тастай сарай салғызып» жатқанда, қазақтың қамсыз жатқанына бейжай қарай алмаған Ыбырай, өз елінің де өзге жұрт секілді елден ерек болғанын қалады.

Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен басталған ұшан-теңіз педагогикалық мұрасын білмейтін қазақ кемде-кем. «Бай баласы мен жарлы баласы», «Бір уыс мақта», «Білгеннің пайдасы» т.б. шағын әңгімелері алдыңғы «шепте» классикалық туындылар.

Сол кезеңде «Қазақтардың білімге қолын жеткізетін ең басты құралы- мектеп.....Қазақ халқының болашағы да мектептермен байланысты» деп жазды өз еңбектерінде Ы.Алтынсарин.

Қазіргі уақытта заманауи жаңаша оқыту технологияларында қолданылатын ізгілендіру, рухани-адамгершілікті ояту идеялары- Алтынсарин тұжырымдамаларымен ұштасып жатқанын көруге болады.

«Халық мектептері үшін мұғалім – бәрі де болып табылады деп жазды ол; олармен ешбір керемет педагогикалық басшылық та, мұқият инспекторлық бақылау да теңесе алмайды» [6.76б.]. Мұғалімдер өз шәкірттерін сүйе білуі және олардың, ата-аналарына сүйікті бола білулері керек деп есептейді ол. Тек сонда ғана тәрбие мен білім беру ісінде алға қойған мақсаттарға жетуге болады.

Қазіргі уақытта заманауи жаңаша оқыту технологияларында қолданылатын ізгілендіру, рухани-адамгершілікті ояту идеялары- Алтынсарин тұжырымдамаларымен ұштасып жатқанын көруге болады. Халық педагогикасындағы «тәртіпке бағынған құл болмайды» деген пәлсапалық қағидасын қазіргі кезде орнымен қолданып жүрміз бе? Осы сұраққа жауапты да Ыбырайдың мектепке және ондағы ішкі тәртіп мәселесіне көп көңіл бөлгенінен ала аламыз. «Тәртіп-тәрбиенің құлы» деген түсінікті негізге ала отырып, сол кездің өзінде-ақ, қазіргі кезде біздер жаңалық қылып жүрген педагогикалық ішкі тәртіп ережесін қалыптастырған.

Мінекей, ағартушының өткен ғасырлардың еншісінде айтылған педагогикалық, пәлсапалық ойлары, қазірдің өзінде ұстаздарымыздың қажетіне жарап, жаңғыртылып, жаңартылып кәдемізге жарап жатыр.

Қазіргі кезде ұстаздың сабағында жаңа технология әдіс-тәсілдері оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын жеткізе білуге, әдеп-әдемілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Осы тұрғыда «Асыл шөп», «Айуанның естісі көп, бірақ адамдай естісі жоқ», «Үнді», «Баланың айланы» т.б. шығармаларын атап өтуге болады.

«Бізді өзгелер табиғатынан ақылды, іскер халық деп ойлайды. Осының шындығын іс жүзінде көрсетуіміз керек. Қазақ табиғатынан ақынжанды, дарынды халық. Осы халыққа тек бір ғана жағы жетіспей тұр. Ол әзірше олардың білімнен кенжелігі». Осылайша халқымыздың жарқын болашағын көрегендікпен болжай білген Ыбырай: «Қазақ халқы азбаған халық, оның ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» [1, 319 б.] – деп көрсетті.

Алтынсариннің пәлсапасы бойынша, мектепке арналып жазылатын оқулықтар өзінің мазмұны мен қамтылған материалдары тарапынан өз ана тілі мен сол халықтың этникалық, яғни, қазақи бай қазынасына негізделіп жасалуы керек. Сонда ғана, патриот,

жанымен де, қанымен де халыққа жақын ,ұлт болашағы үшін алаңдар ұрпақтарымыз өсіп шығатыны хақ.

1884 жылы «Оренбургский листок» газетінде Ыбырайдың шәкірттері мен ізбасарлары жазған мақалада былай делінген: «Біздерге, көшпенділер үшін, Ы. Алтынсарин қандай қымбат болса, оның шығармалары да сондай қымбат, мұны Ресейде зиялы әдебиеттің қандай рөл атқарғанын білетін адам ғана түсіне алады. Біз Алтынсаринмен бүтіндей бір халықтың, оның бүкіл өмірінің ақыл-ойын, рухын, мінез-құлқының бейнесін көреміз. . Алтынсариннің қазақтарға сіңірген еңбегінің ұлылығы сонша, оны М.В. Ломоносов еңбегімен ғана салыстыруға болады» [2].

Жалпы, рухани-адамгершілік тұрғысынан мықты маман дайындауда Ы.Алтынсариннің реформасы арқылы жүзеге асып жатқанына қазіргі уақытта көзіміз жетіп келеді. Себебі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы т.б. секілді жобалардан Ыбырайдың ағартушылық идеяларын байқаймыз.

#### Кесте №1

<b>Ыбырай көтерген реформалар</b>	<b>Қазіргі мектептердегі реформалар</b>
Жаңа үлгідегі мектептер ашуды армандаған	Инновациялық мектептер ашылуда
Жеке тұлға қалыптастыру идеясы	Өзін-өзі тану,күзіреттілік
Өртүрлі кәсіп түрлерін меңгерту жолындағы еңбектері	Кәсіптік бағдарлау ,кәсіби білім алу
Білім мен тәрбие,мораль,рухани-адамгершілікке үндейтін шағын әңгімелері	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Оқуға құштар мектеп» жобасы

Ы. Алтынсариннің:«Халық мектептері үшін ең керектісі- оқытушы.

Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» деп айтқан сөзін қазір ұстаздарымыз іске асыруда.( 3.294б)

Ы.Алтынсариннің оқытудағы педагогикалық әдісі-халықтық болды, шәкірттерін халықты,Отанын сүйіп қастерлеу,еңбек пен адал тер төге қызмет етуге,қиыншылық пен сынақтарға қарсы төтеп бере алуға баулыған ерен еңбекті педагог.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ философиясы тарихы. /Қазақтың ағартушылық философиясы/3 том.
2. Нысанбаев Н. Философия взаимопонимания. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001.
3. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. А, 1965.
4. Керімбаев Н. Жасымда ғылым бар деп ескермедім. А ,Рауан. 1995.
5. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. Алматы: Ана тілі. 1991.
6. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969.

*Ш. А. Усатаева*

*№ 25 ЖББМ, математика мұғалімі*

#### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ШЕШІМДЕР

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Осы тұрғыда елбасымыз Н.Ә.Назарбаев

еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Ал, дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.[1]

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану құзіреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;
2. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;
3. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;
4. Мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.[2]

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Оқудан күтілетін нәтижелер:

- Мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;
- Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;
- Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

- Мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсынан алған әсерлем өте көп. Ондағы жүргізілген тиімді әдіс-тәсілдер - педагогтардың оқытудың әмбебап үлгісін және тиімді әдістер жүйесін қолданып, оқушыларға тәуелсіз болуға, сыни тұрғыдан ойлауға, оқуға жауапкершілікпен жәнешығармашылықпен қарауына көмектесетін сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.[3]

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс— үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты— тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.[4]

Қазақтың біртуар ақыны Міржақып Дулатов: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі — тұман» деген екен. Зер салып тыңдап, ойға түйсек қазіргі заман білім мен ғылымның заманы. Еуропалық стандартқа сай жаңа білім беру — жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол деп ойлаймын!

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017ж
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
3. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана 2016
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015

*Яушева Р.К. учитель начальных классов  
Петрова И.С. учитель начальных классов  
КГУ «Гимназия имени К. Сатпаева», г.  
Караганда*

### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА ПРОЕКТОВ В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ КАК СРЕДСТВА РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

В соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании» и Государственным общеобязательным стандартом начального образования, целью начального образования является создание образовательного пространства, благоприятного для гармоничного становления и развития личности обучающегося, обладающим критическим мышлением, умеющим функционально и творчески применять полученные знания [1;2].

Содержание начального математического образования связано, с одной стороны, с расширением и изменением учебного материала в начальной школе, а с другой, с изменением приоритетов содержания начального обучения математики. Учащиеся, с одной стороны, должны усваивать математические понятия и операционные навыки, а с другой, младшие школьники должны быть введены в систему целостной математической деятельности.

Современная реальность практики обучения младших школьников математике требует от учителя умения ориентироваться среди многообразия методических технологий.

Обучение учащихся в школе должно формировать и развивать навыки и способность к самостоятельному приобретению знаний и применению их в жизни. В связи с этим основной задачей учителя является раскрепощение мышления учеников и использование их познавательных возможностей, познавательный интерес является стимулом для учебной и творческой деятельности учащихся.

Учебная деятельность без развития познавательного интереса практически невозможна, поэтому в процессе обучения необходимо систематически возбуждать, развивать и укреплять познавательный интерес учащихся. Познавательный интерес развивает такие волевые качества, как умение преодолевать трудности, стремление к достижению цели, доведение дела до конца. Познавательный интерес побуждает ученика к постоянному поиску, усложнению поставленных целей, ученик учится выделять главное в изучаемом материале,

анализирует его, ищет новые способы решения. Однако познавательный интерес редко бывает устойчивым, и если его не поддерживать, то быстро затухает. Одним из способов решения этой проблемы может стать использование метода проектов, который в наше время является востребованным.

Метод проектов всегда предполагает решение учащимися какой-либо проблемы. Решение проблемы предусматривает и использование множества различных методов и средств обучения, и определяет необходимость интегрирования знаний и умений из различных предметных областей.

Результатами выполненных проектов с позиции учащихся является конкретное решение проблемы, выраженное в информационном или практическом продукте. Результатами проектов с позиции педагога является уровень формирования ключевых компетенций, которые демонстрирует учащийся в ходе проектной деятельности.

Метод проектов является замечательным дидактическим средством для обучения проектированию, позволяет воспитывать самостоятельную и ответственную личность, развивает творческие начала и умственные способности – необходимые качества развития интеллекта. Работа над проектом вырабатывает устойчивые интересы, постоянную потребность в творческих поисках. Организация проектной деятельности позволяет создать ситуацию, в которой дети учатся делать выбор и нести ответственность, а также осмыслить этапы своей деятельности.

Для изучения потенциальных возможностей метода проектов в развитии познавательных интересов учащихся начальных классов и практикой обучения их математики авторами было проведено исследование на базе КГУ «Гимназия имени К. Сатпаева» г. Караганды. В эксперименте приняли участие 45 учащихся 3-4 классов и 7 учителей. Использование метода проектов на уроках математики проводилось на протяжении двух лет.

На первом этапе исследования было проведено анкетирование учащихся третьих классов. Вопросы были разбиты на три группы: 1) вопросы, направленные на выявление отношения учащихся к учебным предметам; 2) вопросы, направленные на выяснение отношения учащихся к математике; 3) вопросы, направленные на получение сведений об увлечениях учащихся. Кроме заполненных анкет, учащиеся писали сочинения на темы «Мой любимый предмет», «Что мне нравится на уроках?» Также были проведены беседы с учениками, родителями. Все это позволило сделать выводы об уровне познавательных интересов учащихся. Анализ полученных данных показал, что одной из причин возникновения интереса у учащихся является личность педагога и те методы, которые он использует в работе. Анализ сочинений показал, что школьники запоминают уроки, связанные с совместным творчеством. В качестве основных причин отсутствия интереса к математике была отмечена трудность учебного предмета. Анализ школьной практики показал, что основными средствами развития познавательного интереса являются: элементы проблемного обучения, занимательный материал, самостоятельная работа.

На втором этапе исследования был разработан и внедрен комплекс проектов по математике. При разработке проектов авторы отталкивались от целей обучения математики, которые определены общими целями образования и Типовыми учебными программами по общеобразовательным предметам начального образования [3].

Процесс создания комплекса проектов для учащихся начальных классов в процессе обучения математики состоит из трех основных блоков: 1) планирование проекта (определение целей проекта, постановка проблемы, определение планирующего результата и типа проекта); 2) работа над проектом (учитель планирует свою деятельность и деятельность учащихся); 3) анализ реализации проекта (учитель, опираясь на результаты проекта, выявляет ошибки). Модель разработки проекта можно представить следующим образом (рис.1):





Рисунок 1 Модель разработки проекта

В качестве примера работы по проектам на уроках математики приведем проект «Ремонт», который был реализован при изучении подраздела «Геометрические фигуры». Для реализации проекта ребятам были необходимы знания о нахождении площади прямоугольника. В этом проекте ребята увидели практическое применение своих знаний. Они узнали, как, умея находить площадь прямоугольника, можно определить, сколько нужно купить краски, обоев и т.д. То есть при реализации этого проекта учащиеся не только отработывали вычислительные навыки, но и могли применить полученные теоретические знания для решения жизненных проблем.

При изучении подраздела «Взаимное расположение геометрических фигур» учащиеся работали над проектом «Дачный участок», где они решали, что и где высаживать, как разбить грядки и т.д. Ребятам было предложено разбить дачный участок, который был представлен на листе ватмана, но было ограничение, что все грядки, теплица, постройки можно изображать, используя только одну фигуру – треугольник.

В четвертом классе с учениками были реализованы пять проектов: «Газета», «Новогодний подарок», «Задачник», «Масса и объем», «Поход». Эти проекты были различны по продолжительности их выполнения. Так, проект «Газета» был реализован в течение всего учебного года и представлял собой выпуск математических газет, связанных с разными темами и рубриками.

Большой интерес у учащихся вызвала рубрика, связанная с историей математики, школьники с интересом подбирали факты об известных математиках, живших в разные эпохи. Также интересен школьникам был раздел с математическими ребусами, шарадами, фокусами, часть из которых была придумана самими учениками.

На заключительном этапе исследования были сделаны соответствующие выводы о результатах использования метода проектов на уроках математики. Оценивались такие показатели, как обучаемость, использование дополнительной литературы, познавательная мотивация.

В ходе наблюдения за учениками во время уроков отмечались эмоциональные проявления детей, проявление заинтересованности, любопытства к математической

деятельности. Была замечена такая тенденция, что наибольшей динамикой развития интереса отличались учащиеся с низким и высоким уровнем познавательной активности, ученики со средним уровнем интереса с меньшим энтузиазмом включались в работу.

Несмотря на то, что значительную часть работы по проектам школьники выполняли дома, их активность и увлеченность на уроках математики стала проявляться сильнее, повысился эмоциональный настрой. У ряда учеников изменилась направленность на виды деятельности, предпочтение отдавалось занятиям продуктивного и исследовательского характера. Анализ данных на начало и конец исследования показал, что у 92% учащихся были заметны сдвиги в развитии познавательного интереса в процессе обучения математики. В целом следует отметить повышение уровня формирования познавательных умений и качества знаний учащихся.

Все это позволяет рассматривать метод проекта как эффективное средство развития познавательного интереса у учащихся младших классов в процессе обучения математики.

### **ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА:**

1. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_\(по состоянию на 28.08.2021 г.\)](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_(по%20состоянию%20на%2028.08.2021%20г.))
2. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604. «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования всех уровней образования» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669/history> (по состоянию на 23.07.2021)
3. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 3 апреля 2013 года № 115. «Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008424/history> (по состоянию на 01.-9.2021 г.)